

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ



«Мұстафа Шоқай - түркі халықтарының азаттығы мен бірлігі жолындағы қозғалыстың көшбасшысы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының МАТЕРИАЛДАРЫ

27 қараша 2020 ж., Қызылорда

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции «Мустафа Шокай – лидер движения за свободу и единство тюркских народов»

27 ноября 2020 г., Кызылорда

MATERIALS
international scientific- practical conference "Mustafa Shokai - a leader of the freedom movement and unity of the Turkic people"

November 27, 2020, Kyzylorda



ӘОЖ 94 (574) (069)
ҚБЖ 63.3 (5Каз)
М85

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Ғылыми Кеңесі
баспаға ұсынған

ISBN 978-601-285-106-9

Редакция алқасы:

Кәрімова Б.С. (бас редактор), Бәкір Ә.Қ., Прмантаева Б.А., Омаров Қ.Ә. (жауапты редактор), Тайман С.Т., Оразбақов А.Ж., Омаров Д.К., Тұяқбаев Ғ.Ә.

«Мұстафа Шоқай - түркі халықтарының азаттығы мен бірлігі жолындағы қозғалыстың көшбасшысы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ғылыми еңбектер жинағы. 27 қараша 2020 ж., Қызылорда - 407 б.

ISBN 978-601-285-106-9

Жинаққа Мұстафа Шоқай мұраларын зерттеудің нәтижелері бойынша және тың материалдар негізінде дайындалған шетелдік, отандық жетекші ғалымдардың, жоғары оқу орындарының профессор-оқытушыларының, жас ізденушілердің мақалалары топтастырылған.

Мақалаларда қайраткері ұлы күрескердің мұраларын зерттеудің нәтижелері мен жаңа бағыттары туралы ой-тұжырымдар ортаға салынған.

Жинақ саясаттанушылар, тарихшылар, жас ғалымдар мен білім алушыларға және көпшілік оқырман қауымға арналған.

АЛҒЫ СӨЗ

Әр заманның ұрпаққа қояр өз талабы, өз міндеті бар. Қай уақытта да өткеннен сабақ алып, оның сындарлы тұстарын үнемі ел жадында ұстау қажеттігі, ұлтымыздың біртуар тарихи тұлғаларын тану және олардың рухани мұраларын қастерлеу ісі тәуелсіз мемлекетіміз үшін өзінің маңызын жоғалтпайды.

Сан тараулы ұлттық тарихымызда өзінің саналы ғұмырын туған халқының азаттығы мен тәуелсіздігі жолына арнап, оның бақытты өмір сүруін аңсап өткен ұлт перзенттерінің бірі – Мұстафа Шоқай болатын.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы»-деп бекер айтқан жоқ. Ұлттық сана - ұлт руханиятының негізі. Ұрпақтан ұрпаққа тарихтың білімі, тұлғалар тағылымы, ұлттық тәрбие арқылы беріліп отырады.

М. Шоқай өз заманында халқымыздың сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін революциялық әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды эволюциялық жолмен, өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі жетілдіре түсуді көздейді. Ол ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялыларымен бірлесе отырып, қазақ елінің жарқын болашағы үшін күресті. Сол кездердегі саяси жүйенің қыспағынан шетелдерге амалсыз кетсе де, туған топырағынан тыс жерде жүріп, өзінің күрескерлік жолын жалғастырды.

Кезінде кеңестік идеологияның қасаң саясатынан М. Шоқайдың ұлт қамы үшін жасаған игі қадамдарын, саяси ұстанымдарын толыққанды сезіне алмағанымыз, оның терең ойларын түйсіне қоймағанымыз белгілі. Еліміз тәуелсіздік алып, төл тарихымыздың ақтаңдақ беттері ашылған соң ғана Мұстафа Шоқай жайында ақиқат айтылып, шындық жазыла бастады.

2016 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде ашылған «Мұстафа Шоқай» ғылыми орталығы ұлтымыздың қайраткер перзентінің рухани және шығармашылық мұрасын ғылыми айналымға ендіру мақсатында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізуде. Университет ғалымдары «Мұстафа Шоқай» энциклопедиясының жобасын дайындауда. Бүгінгі Алаштың алып тұлғасы Мұстафа Шоқайдың туғанына 130 жыл толуына арналған **«Мұстафа Шоқай - түркі халықтарының азаттығы мен бірлігі жолындағы қозғалыстың көшбасшысы»** атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда ұлы күрескердің мұраларын зерттеудің нәтижелері ортаға салынып, жаңа зерттеу бағыттары ұсынылатынына сенімдіміз.

Конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

Кәрімова Бейбіткүл Сәрсемханқызы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Басқарма төрағасы – ректоры м.а.

СОВЕТТІК БИЛІКТІҢ М.ШОҚАЙ ӘУЛЕТІНЕ ЖАСАҒАН ҚИЯНАТЫ ТУРАЛЫ

Қойгелдиев М.Қ.

ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы

Мұстафа Шоқай Түркістан елдерінің азаттығы үшін күреске өмірін арнаған ұлы тұлға. Өкінішке орай, қайраткердің ауыр тағдырын оның жақын туыстары мен жерлестеріне де бөлісуге тура келді. Бұрынғы Оңтүстік Қазақстан, бүгінгі Түркістан облысы Ішкі Істер Департаментінің архивында Шоқаев Мұртазаның, Қалмұхамедов Мырзакенің, Беласаров Досқұлдың, Дүйсембинов Сыздықтың, Әлімбаев Кәрімнің және Құлтасов Фазылдың №794 тергеу ісі сақталған. Бұл іс 1937 жылы 17 тамызда басталып, сол жылы 1 қарашада аяқталған.

Бұл арада байқалатыны алты адамнан тұратын топтың ішінде алдымен қамауға Мұстафа Шоқайдың туыстары, яғни туған інісі Мұртаза 1937 жылдың 9 тамызында, ал немере бауыры Қалмұхамедов Мырзаке 17 тамызда алынған еді. Сондай ақ, бұл екі кісінің тұтқынға алынуы бірінші рет емес-тін.

Мұртаза 1930 жылы ОГПУ тарапынан бай ретінде ұсталып, 16 күн абақтыда отырып шығады. Келесі 1931 жылы Қызылорда 3-ші учаскелік халық сотының астық салығын өтемеді деген шешімімен бір жылға абақтыға жабылып, және төрт жылға жер аударылады. Сол сияқты Мырзаке де 1931 жылы салық төлемеді деген шешіммен бес жылға кесіліп, артынша төлегені анықталған соң босатылады.

1937 жылы 15 қазанда толтырылған анкетада Шоқаев Мұртазаның өзі және отбасы жөнінде мынадай мәліметтер берілген: Қызылорда ауданындағы №14 ауылдан, жеке шаруашылық иесі, дихан, ал шыққан әлеуметтік тегіне байланысты «бай» ұлы екендігі, ал араб тілінен сауаты барлығы көрсетілген. Зайыбы және төрт баласы бар. Өзінен үлкен бауыры 52 жастағы Мұстафаның Францияда тұратындығы, онымен байланысының жоқ екендігі айтылған.

Қалмұхамедов Мырзакенің 1886 жылы туылғандығы, Сұлутөбедегі №14 ауылдан, «Бірінші май»колхозында тұратындығы, жұмыссыз, әлеуметтік тегі жағынан бай баласы екендігі, бастауыш білімді, партия қатарында болып, бауыры Мұстафа Шоқаймен байланысып тұрғандығы үшін одан шығарылғандығы жөнінде мәлімет берілген. Мырзакенің анкета толтырылған сәтте қолында 67 жастағы анасы, зайыбы және үш балалары болғандығы айтылады.

Шоқаев Мұртазаның мал-мүлкі туралы мынадай мәлімет беріледі: Революцияға дейін екі бөлмелі үйі, мал қорасы, 12 жылқысы, 10 түйесі және

10 сиыры болған. Революциядан соң бұл мал-мүліктен қалғаны: бір жер төле, бір киіз үй, 1 сиыр және екі бұзау. Басқаша айтқанда, Мұртазаның да, Мырзакенің де асыптасыған мал-мүліктерінің болмағандығы, ел ішіндегі орта дәулетті отбасылар болғандығы байқалады. Ал олардың саяси қудалауға түсіп жүргендіктерінің негізгі себебі, әрине Мұстафа Шоқаймен туыстық қатынастарының болғандығы еді.

Енді «контрреволюциялық» топ мүшелері ретінде аталған басқа кісілер кімдер еді? Бұл ретте алдымен, әрине, Дүйсембин (анкетада Дүйсембинов-авт) Сыздыққа тоқталған жөн. Анкетада оның 1877 жылы Шығыс Қазақстан облысы бұрынғы Бокқарын ауданындағы №11 ауылда туылғандығы, ендігі уақытта Оңтүстік Қазақстан облысында облыстық жер басқармасында заңгер-кеңесші қызметінде екендігі туралы мәлімет берілген. Біліміне байланысты 1891 жылы Қарқаралыда ауыл шаруашылығы мектебін, 1898 жылы Омбыда төрт жылдық училищені бітіргендігін, соңғы уақытта ешқандай партияда жоқтығын, 1917-1918 жылдары Алашорда партиясына тілектес болғандығын көрсетеді. Мал-мүлікке байланысты ол революцияға дейін он жылқысы, 50-60 қойы, 4-5 сиыры болғандығын жасырмайды. Содай-ақ ол анкетада 52 жастағы зайыбы, кәмелетке тола қоймаған төрт ұлы, асырап алған бір баласы барлығын айтады.

С.Дүйсенбиннің көрсетуінде көзге ұрып тұрған нәрсе, әрине, оның «Алашорда партиясына тілектес болғандығы» туралы мәлімет еді. Бұл арада ешқандай да жалғандық жоқ-тын. «Қазақ» газеті 1917 жылғы 253 санында, «Сарыарқа» газеті осы жылғы 19 санында Семей қаласында «Алаш» партиясының 15 кісіден тұрған уақытша облыстық комитетінің құрылғандығын, оның төрағасы болып Халел Ғаббасовтың, хатшысына Сыздық Дүйсенбиннің сайланғандығы туралы мәлімет жариялаған еді. Міне осы оқиғадан жиырма жыл өткен соң да НКВД органдарына оны тұтқынға алуға негіз болған, әрине, осы факті еді.

С.Дүйсенбин тергеу материалында Семейден соң 1932 жылы Қырғызстанға Фрунзе қаласына, содан соң Ош қаласына, 4 ал 1933 жылы Оштан Шымкент қаласына қоныс аударғандығы жөнінде мәлімет береді. Осының бәрі, әрине, саяси қудалаудан ығысып, із жасырудың әрекеті еді.

«Контрреволюциялық» топтың мүшесі ретінде қамауға алынған Әлімбаев Кәрім кім еді? К.Әлімбаевқа қатысты дерек көздері оның 1892 жылы Алматы облысы Қордай ауданында №5 ауылда өмірге келгені, бастауыш білім алып, телеграфист мамандығын игергендігі, әлеуметтік тегі жағынан орташа дәулетті отбасынан екендігі, отбасында 41 жастағы зайыбынан басқа алты баласы болғандығы туралы мәлімет береді. Тергеу материалдарында К.Әлімбаевтың ұзақ жылдар бойы жер басқармаларында, Егіншілік Халық Комиссариатында жауапты қызметтер атқарғандығы, 1929 жылы «Алашордалықтарға жақын» деген күдікпен қамауға алынып, бірақ дәлелденбегендіктен босатылғандығы туралы мәлімет бар.

К.Әлімбаевқа байланысты НКВД тергеушілерінің мынадай ұстанымда болғандығы байқалады. К.Әлімбаевтың денсаулығы әлсіздеу, мүгедектігі бар болған. Оның жағдайын байқаған тергеушілер алғашқы қамауға алғанда Кәрім арқылы қазақ ұлтшылдарының жер мәселесіне байланысты ішкі ұстанымын білуге күш салады. Кәрім болса тергеушілердің бұл үмітін «ақтап» біраз нәрсе айтып та берген еді. Мәселен ол жер комиссариатының басында отырған қазақ қызметкерлерінің жерге орналастыру ісінде басымдылықты қазақ шаруаларына бергендігі жөнінде мәлімет береді. НКВД органдары К.Әлімбаевты «өз адамына» айналдырғысы келген сияқты, бірақ ол әрекеттерінен ештеңе шықпаған. Беласаров Досқұл туралы. Жеке тұлға қамауға алынған соң оған толықтырылатын анкетада Досқұлдың Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан ауданы Күркіреуік колхозының (Аша ауылынан)

қатардағы диқаны екендігі айтылған. Сол кезде жүк таситын түйешілер артелі құрылып, Досқұл соның құрамындағы бригадалардың бірінің бригадирі болған. 1930 жылға дейін керуенде мақта және басқа жүк тасуды кәсіпке айналдырып, 1930 жылдан бастап ел қатарлы артель, колхозға кіріп, диханшылыққа ден қойса керек. Басқанша айтқанда, қатардағы қара шаруа тірлігін кешкен. Ешқандай партия жоқ. Қолына қараған әйелі, үш жас балалары, кәрі әке-шешесі, екі бауыры бар екендігі көрсетілген. №794 іс бойынша қамауға алынғандардың қатарында 1890 жылы өмірге келген, Қызылорда ауданы Сулутөбе ауылында туып өсен М.Шоқайдың жерлесі, кедей шаруа отбасынан шыққан Құлтасов Фазылбек те бар еді. Оған тиесілі анкетада мұғалімдер семинариясын бітіріп, революциялық өзгерістерге дейін халық мұғалімі, ал өзгерістерден соң түрлі мекемелерде қызмет жасағандығы, 1924 жылдан бастап тұрғындардан шикізат жинайтын қызметте, ал отбасында зайыбынан басқа бес баласы, сексендегі әпкесі бар екендігі көрсетіледі.

Бұл арада Фазылбектің белгілі себептерге байланысты анкетада Ташкент қаласында мұғалімдер даярлайтын қазақ курстарында, Қазақ ағарту институтында оқытушылық қызмет атқарғандығы туралы мәлімет беруден тартынғандығы байқалады.

Оны көрсеткен күнде белгілі тұлғалармен қызметтес болғандығы туралы мәселе туындайтындығын ескерген болса керек. Осы арада №794 іс бойынша қамауға алынған кісілерді тергеуге тартуға негіз болған себептерге тоқталайық. Мәселен, Ішкі Істер Халық Комиссариатының Қызылорда аудандық бөлімінің бастығы Свиноаренконың Қалмұхамедов Мырзакені қамауға алуға рұқсат сұраған анықтамасында «біздегі бар мәлімет бойынша Қызылорда ауданының №14 ауылының тұрғыны Қалмұхамедов Мырзаке ССРО-ғы советтік билікті құлатып, оның орнына капиталистік құрылымды қалпына келтіруді көздеген контрреволюциялық ұлтшылдар ұйымының мүшесі ретінде соңғы жылдары қазақ тұрғындарының арасында контрреволюциялық кадрлар даярлау ісін жүргізуде» деген негіздеме береді.

Яғни, елдің алыс бір түкпіріндегі қолында не билігі, не байлығы жоқ, шала сауатты, жұмысы жоқ адамның осындай жалпы мемлекеттік мәні бар күрделі саяси жұмыспен айналысқандығы туралы тұжырым жасалынады. Тура осы мазмұндағы анықтама Шоқаев Мұртазаға да байланысты беріледі. Анықтамада берілген осы мазмұндағы тұжырымды түпкірдегі аудандағы НКВД-ның шала сауатты кіші офицерінің жазған сандырағына жатқызуға бола ма? Әрине болмайды. Мұндай «сандырақтың» астарында « бұл елдің тереңінде советтік билікке деген сенім әлі жоқ, өйткені советтік билікті орыс билігі деп түсінеді, таптық санасы қалыптаспаған, сондықтан да советтік ұстанымды күштеу арқылы енгізуге тура келеді, ал Мұстафа Шоқаевтың контра тұқымдары, үрім-бұтағымен баяндалған идеяны қазақ бұқарасы арасында орнықтыруға қарсы тұрған кедергі, әр уақытта кек алуға даяр тұрады, яғни олардың қарсылығын күшпен сындырып, өздерін жоюдан басқа амал жоқ» деген тұжырым жатты. Биліктің аудандағы жалғыз сенімді тірегіне айналған НКВД офицерінің басқаша ойлауы да мүмкін емес-тін. Тура осы мазмұндағы тұжырымды Сыздық Дүйсенбинге байланысты облыстық НКВД басшылары

даярлаған қаулыдан да кездестіреміз. Сондай-ақ бұл қатардағы жай, қарапайым факті емес. Қаулы НКВД органдарының сол мезгілдегі қазақ қоғамындағы аяқ алысын түпкілікті стратегиялық мақсат-мұратын дәл де тура түсінуге мүмкіндік беретін құжат. Одан мәтін тіліндегі нұсқадан үзінді келтірейік: « ... Дюйсенбин Сыздық будучи враждебно – настроенным против Советской власти, как активный деятель и член Восточного правительств алаш-орды систематический высказывает антигосударственную агитацию против советской власти, так же состоит членом контрреволюционный националистической организации существующей в г. Чимкенте». НКВД офицерлері С.Дүйсенбиннің саяси келбетін осылайша анықтап, бұған қосымша мынадай мәліметтер береді: «Дюйсенбин Сыздық 1877 г.р. казах, семейный, безпартийный, служащий, интеллигент, происходит из аула №12 б. Кентской волости, Каркалинского уезда, из рода «Жағалбайлы» быв. член Восточного правительства алаш-орды, ныне работающего в Ю/К ОБЛЗУ».

Осы арада қаулының кейбір тұстарына тоқталуға тура келеді. Қаулы авторлары Шоқаев Мұртаза мен Қалмұхамедов Мырзаке сияқты Дүйсенбин Сыздықты да контрреволюциялық ұлтшылдар ұйымының мүшесіне жатқызады. Ал осы бүкіл қазақ қоғамын «темірдей құрсауына алған» ұлтшылдар ұйымының бар екендігіне дәлел бола алатын бірде-бір құжат, факт келтірілмейді. Өйткені ондай құжат жоқ-тын. Соған қарамастан репрессия жылдары қазақ қоғамынан саяси «қызметі» үшін қамауға алынған барлық кісілерге таңылған ортақ айып осы. Яғни қазақ қоғамындағы советтік билікті жою мақсатында құрылған ұлтшылдар ұйымы бұл аңыз, ОГПУ – НКВД қойнауынан саяси репрессиялық шараларға негіз ретінде қолдан жасалынған идеологиялық миф. Бұл біріншіден.

Екіншіден, НКВД тергеушілері С.Дүйсембинге байланысты оның Шығыс Алашорда үкіметінің мүшесі болғандығын жайдан-жай еске алып отырған жоқ. Олар кеше ғана Алашорда үкіметінің Советтік билікке балама өкімет ретінде өмірге келгендігін, оның ұлттық сипатын, қазақ қоғамында оны жақтайтын күштердің бар екендігін, қазақ санасына соншама жақын тұрған, тіптен сенім отын жағып, оны тербететін жалғыз үміт екендігін жақсы біледі.

Үшіншіден, жалпы советтік кезеңде қазақ қоғамында Алашорда, Алаш идеясы коммунистік идеологияға жалғыз балама идея рөлін атқарды. Советтік идеологияның оған соншама өшігуі, өзі билік тұғырынан кеткенше ұмыта алмауы осы жағдайға байланысты еді.

Міне осы тұрғыдан алғанда Сыздық Дүйсембин сияқты кезінде алаш қозғалысына ат салысып, белсенділік танытқан тұлғалардың үстінен жіті ЧК- ОГПУ-НКВД бақылауының орнатылуына таң қалудың өзі артық болар еді. Советтік құпия полицияның бұл мінезін жақсы білген С.Дүйсембиннің алдымен қырғыз елінің астанасы Фрунзеге, оның артын ала Ош қаласына, Оштан Шымкент келуі із жасырып, өзінің Алаш қозғалысы қатарында болғандығын ұмыттырудың әрекеті еді. Сол жылдары мұндай күйді басынан өткізген ол жалғыз емес-тін. Қазақ қоғамында НКВД-ның құрығынан үрейленіп, ой азабына түскен екі адамның бірі еді. Бұл қоғамның бүкіл болмысын, мінезін түбегейлі өзгертіп жіберген ауыр жағдай еді.

С.Дүйсембинге байланысты қабылдаған қаулыда оның «Жағалбайлы» руынан екендігі айтылады. Қаулыны жазған НКВД офицерлеріне С.Дүйсембиннің руы не үшін қажет болған еді? Бұл, әрине, олардың ұлттық мінездің нәзік тұстарынан хабардар екендігінің, қазақ қоғамын бақылауда ұстау үшін руаралық қатынасты, рулық сезімді пайдаланып отыруға бейім екендігінің көрінісі еді.

Сонымен, № 794 тергеу ісі бойынша тергеушілер үшін негізгі тұлға, әрине, Мұстафа Шоқайдың бауыры Шоқаев Мұртаза еді. Мұртазаны тергеуге алу 1937 жылы 10 тамызда басталып, оған қойылған ең алғашқы сұрау: «Сіздің шетелдегі бауырыңыз Мұстафа Шоқаевпен қандай да бір байланысыңыз бар ма?»

«Жауап: ағатайым Шоқаев Мұстафамен бірге 1934 жылды қоса санағанда соған дейін хат алысып тұрдым.

Сұрау: ағаңыз Мұстафамен қалай және кім арқылы алғаш рет жазба түрде байланыс орнаттыңыз?

Жауап: Мен ағайым Мұстафамен жазба түрде байланысты 1922 жылы Сұлтанбек Қожанов арқылы орнаттым.

Сұрау: Қайда және қандай жағдайда Қожанов сізді шетелде жүрген бауырыңыз Мұстафамен байланыстырғаны жөнінде толығырақ айтыңызшы?

Жауап: 1922 жылы октябрь айында маған, Қызылорда ауданындағы №14 ауылға Ташкенттен Қожанов Сұлтанбектің арнайы жіберген адамы Юсупназаров Абдулла келіп, құпия түрде мені Ташкентке Қожановтың

шақырып жатқандығы, ондағы мақсаты менімен сұхбаттасып және Мұстафа бауырымнан келген хаттарды тапсыру екендігін жеткізді. Мен тез арада Ташкентке жолға шығып, Қожановтың пәтерін тауып алып өзімнің Шоқаев Мұстафаның інісі екендігімді, шақыру бойынша келгенімді айттым. Қожанов сол арада маған Мұстафадан келген хатты тапсырып, бұл хатты Мұстафадан Міржақып Дулатовтың алғандығын, ал оны маған жеткізу үшін Қожановқа бергендігін айтты. Бұл хатта бауырымның мекенжайы қатесіз берілген еді. Сол арқылы тұрақты хат алысып тұрдым».

Тергеушінің Мұртазадан білгісі келген жағдайлары, әрине, аз емес-тін. Мәселен, Мұртаза С. Қожановпен өзара болған сұхбатта бауыры Мұстафа туралы жағымды пікір айтқанын, Мұстафаның шетелге кеткені көрегендік болғандығын, сол жақта жүріп қазақ халқын құтқару үшін көп нәрсе жасай алатындығын, бұл ретте олардың ұстанымы өзара үйлесімді екендігін баяндайды. Одан әрі С. Қожановтың Мұртазадан материалдық жағдайына байланысты мәлімет алып, көмектесуге әрекет жасағандығын айтады.

Тергеушінің бұл арада, әрине, Мұртазаның контрреволюциялық ұлтшылдар ұйымына қашан және қандай жағдайда «кіргендігі» және ол ұйымға кімдер мүше екендігі туралы мәселені елеусіз қалдыруы мүмкін емес-тін. Мұртаза жауап арасында Өзбекстанға Қоқан ауданына қоныс аударғанын, осы әрекетте жүріп түйешілер артелімен жақындасып, Беласаров Досқұл сияқты азаматпен таныс болғанын баяндайды. Бір ғажабы түйешілер артелі барлық «контрреволюциялық» қызметін шетелдегі Мұстафа Шоқайдың нұсқаулары бойынша жүргізіп отырған екен. (14) Бұл күлкі тудыратын

«мәліметтің», тергеушілердің фантазиясынан туындағанын түсіну, әрине қиынға түспейді. Түйешілер артеліне байланысты мұндай мазмұндағы мәлімет тергеушілерге не үшін қажет болған еді? Тергеушілердің бұл сюжетті өрбітіп отырғандағы мақсаты қазақ отбасыларының мындап ашаршылықтан, советтік жүйенің қыспағынан көрші елдерге көшіп кету үрдісіне мүлдем басқа сипат, мазмұн беру әрекетінің көрінісі болатын. Яғни, бұл көш жан сақтаудан туған шара емес, антисоветтік күштердің әдейі ұйымдастырған контрреволюциялық қызметі деген ойға негіздеме берген сымақтарының көрінісі еді.

Мұртаза тергеушінің сұрауына жауап ретінде Мұстафа ағасынан бір рет 1927 жылы 80 сом ақша алғанын, ал Өзбекстанға келген соң көмек ретінде жолдастары екі мың сом жинап бергендерін айтады. Сондай-ақ, ағасы Мұстафадан алған хатын шамамен 40 адамға жуық түйешілердің жиынында дауыстап оқылғаны туралы мәлімет береді (15).

Қалмұхамедов Мырзакеден 1937 ж. 23 қазанда сержант Матиков жауап алады. Жауабында Мырзаке ешқандай да контрреволюциялық ұйымға мүше еместігін, М.Шоқайдан ешқандай тапсырма алмағандығын, ал өзін кінәлі санамайтындығын мәлімдейді (16).

1937 жылы 23 қазанда жүргізілген тергеуде С.Дүйсембин де Шымкент қаласында тұрған кезінде ешқандай да контрреволюциялық қызметпен айналыспағандығын мәлімдейді (17).

1937 жылы 26 қазанда берген көрсетуінде Әлімбаев Кәрім де ешқандай да контрреволюциялықұлтшылдық ұйымға мүше еместігін, антисоветтік жұмыспен айналыспағандығын мәлімдейді [18].

Белгілі дәрежеде, Беласаров Досқұлдан 1937 жылы 25 қазанда алынған тергеу материалытанымдық тұрғыдан қызығушылық туғызады. Досқұл 1934-1935 жылдары Өзбекстанда Наманган қаласында тұрып ашаршылық жылдары сонда көшіп барған қазақ отбасыларын (откочевниктерді) кейін қайтару ісімен белсенді түрде айналысады. Белсенді де байсалды іс адамы Досқұлды қазақ отбасыларын көшіру ісімен айналысатын түйешілер артелі өздеріне бастық етіп сайлайды. Өзбекстанға көшіп барған отбасыларын кейін қайтару ісімен сол жылдардағы Ташкент тұрғыны Сұлтанбек Қожанұлының да айналысқандығы байқалады.

Беласаров Д. басқарған түйешілер артелі 800-ге жуық қазақ қожалықтарының кейін қайтуын ұйымдастырып, ал оның өзі тікелей жүзге жуық шаруашылықтың кейін қайтуына жағдай туғызып, басшылық жасайды. Тергеушіге берген жауабында «Келес ауданына қайтып оралған сон, мен Беласаров, қайтып көшіп келгендерді орналастыру ісімен айналыстым, ал бірақ ешқандай да контрреволюциялық жұмыс жүргізген емеспін» деп көрсетеді [19].

Істе Қалмұхамедов Мырзаке мен Шоқаев Мұртазаның саяси ұстанымы мен көзқарастарына байланысты олардың жерлестерінің куәліктері тіркелген. Жерлестері бұл әулеттің ел арасында беделді болғандығының, сондай -ақ революциялық өзгерістерге дейін мыңғырған малы болмаса да, орта ауқатты шаруашылықтары болғандығын, 30-ншы жылдардың басында ет салығын өтемегендігі үшін, мәселен, Мырзакенің малы тәркіленіп, өзі бес жылға

сотталып соңын ала ақталғандығын, ал Мұртазаның бауыры Мұстафадан хат алып, ол хатты ел болып оқып, көздеріне жас алдырғандықтарын баяндайды [20].

1937 жылы 1 қарашада №794 тергеу ісі бойынша айыптау қорытындысы бекітіледі. Қорытынды осы жылдары жүргізілген барлық тергеу істері бойынша даярланған айыптау қорытындысына ұқсас. «Шоқаев Мұртаза, Қалмұхамедов Мырзаке, Дүйсембинов Сыздық, Әлімбаев Кәрім, Беласаров Досқұл, Құлтасов Фазыл Қазақстанда құрылып, «национал-фашистер» Қожанов, Рысқұлов және Жандосов басқаратын контрреволюциялық ұлтшылдар орталығының басшысы Мұстафа Шоқаевтың тікелей нұсқауымен Совет үкіметін құлатып, буржуазиялық ұлтшылдар мемлекетін құрмақ» екен. Сондай-ақ бұл топтағылардың қылмыстық қызметі дәлелденіп, ал өздері болса оны «толық мойындаған» екен [21].

Бұл тергеу ісі бойынша 1937 жылы 1 қарашада (яғни, айыптау қорытындысы бекітілген күні) Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД-ның басқармасы жанындағы үштік Шоқаев Мұртазаны, Қалмұхамедов Мырзакені, Дүйсембинов Сыздықты, Беласаров Досқұлды және Құлтасов Фазылды ең жоғарғы жаза – ату жазасына бұйырып, мал-мүліктерін тәркілеу туралы шешім қабылдайды [22]. Әлімбаев Кәрімге байланысты он жылға концлагерге жабу туралы қаулы шығарады [23].

Үштіктің шығарған шешіміне байналысты мынадай жағдайға көңіл аударуға тура келеді. Істе ату жазасына бұйырылған кісілерге байланысты шешімнің 1937 жылы 2-3 қараша күндері түнгі сағат 12-де орындалғаны, яғни олардың атылғаны туралы актіден көшірме тіркелген [24]. Сонымен бірге үштік шығарған шешімнің бетіне карандашпен «Отменено. 4/V-41г» деген белгі қойылған.

Бұл қойылған белгі негізсіз. Өйткені сол 1941 жылы 19 мамырда Қазақ ССР прокуроры Барановтың қолымен бекітілген қорытындыда №794 тергеу ісі бойынша үштік қабылдаған шешімді қайта қарауға ешқандай да негіз жоқ деп көрсетілген [25].

Тергеу ісі бойынша тіркелген құжаттардың арасында кейінгі жүрген ақтау тұсында №794 іс бойынша Шоқаев Мұртаза және басқа сотталған кісілердің ісінің қайта қаралғанын куәландыратын құжат жоқ. Яғни, бұл ешқандай да негізсіз репрессия құрбаны болған адамдардың ісіне осы уақытқа дейін әділ баға берілмегендігін айғақтайтын жағдай.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1.Қазақстан Республикасы Іскі Істер Министрлігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің архивы.(бұдан былай ТОПДА-авт.) бк., №794-і Шоқаев Мұртаза ж.б.ісі, 1т.
- 2.Сонда, 16-21п.п.
- 3.Сонда,
- 4.Сонда, 34-35 п.п.
- 5.Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. 1 кітап, Алматы, -
- 6.ТОПДА., №794 іс, 1т., 70-81 п.п.
- 7.Сонда, 98п., Қазақстан Республикасы Президентінің архивы (ҚРПА) №141 к., 1т., 2409 іс, 1-7 п.п.
- 8.Сонда, 38-39 об. п.п.
- 9.Сонда, 40-41 об. п.п.
10. Жизнь и деятельность правителей казахской национальной интеллигенции в Туркестане. Сборник документов и материалов. Часть 2. Шымкент 2004, с.137 (бұл 1918 жылға тиесілі).
11. ҚРПА., 141к, 1т., 43 п.п.
12. Сонда, 4, 9 п.п.
13. Сонда, 46 об.п.
14. Сонда, 47-48 п.п.
15. Сонда, 49 п.

16. Сонда, 67-69 п.п.
17. Сонда, 82-86 п.п.
18. Сонда, 98 п.
19. Сонда, 101-107 п.п.
20. Сонда, 161-164 п.п.
21. Сонда, 188-195 п.п.
22. Сонда, 203-206, 208 п.п.
23. Сонда, 207 п.
24. Сонда, 209, 210, 211 п.п.
25. Сонда, 214-216 п.п. ӘӨЖ 174-23

ӘӨЖ 329.73:950 (574)

МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ СМАҒҰЛ САДУАҚАСҰЛЫ: САБАҚТАСТЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ

Қамзабекұлы Д.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры,
ҚР ҰҒА академигі

Біз үшін қым-қуыт жылдары Кавказ, Түркия арқылы Францияға кетуге мәжбүр болған Мұстафа Шоқай мен большевиктік Орынбор-Қызылордадан Мәскеудің қасапханасына қудаланған Смағұл Садуақасұлының рухани жақындығын білу – маңызды тақырып.

Әсіресе даңқты Мұстафаның парасат-пайымымен кеңес қызметін ұлт пайдасына жарата алған Смағұл жолына үңілу – тағылымды ізденіс.

20-жылдары Мұстафа Еуропада, Смағұл Қазақстанда саяси тіршілік кешіп жатты. Бүгінгі тілмен айтсақ, М.Шоқай – тәуелсіз бақылаушы әрі сарапшы, С.Садуақасұлы – белгілі елде белгілі мемлекет қызметкері.

Ақпарат ағыны қазіргідей болмаса да, Қазақстанның газет-журналдары қиырдағы Мұстафаға жетіп жатты. Осындайда «Баспасөз - өмір айнасы» деген қарапайым шындық қайта-қайта дәлелденді. Қанша жасырсаңыз да қоғамның ахуалы, ақиқаты түрлі формада, қилы бейнеде БАҚ-қа сәулесін түсіреді. Отанға, жалпы Түркістанға деген перзенттік ынта-ықыласы кемерінен асып төгілген сұңғыла Мұстафа газет-журналдың материалына қарап, көрініп тұрғанды да, көрінбей тұрғанды да тереңінен аңғарды. Бұған мұндағы ОГПУ-НКВД ертоқымын бауырына алып тулады. «Мүмкін емес! Бұл қалай болды? Кім жеткізді? Қайдан алды?». Олар осылай дағдарды.

М.Шоқай парасат пен елдік үшін күрескен Түркістан мен Қазақстан қайраткерлерін бөліп қарамады. Мысалы, ол 1930 жылы «Жас Түркістанда» жарияланған «Мақта төңірегіндегі күрес» атты мақаласында былай дейді: «Мәскеу большевиктері Түркістандағы жергілікті коммунистерді өздерінің дүниежүзілік әлеуметтік революция идеяларына шын берілген «мүриттер»,

кеңестік Ресейге барынша адал адамдар етіп көрсетуге қанша тыраштанғанымен, Рахым Анғам, Қадырғали Ядыкар, Садық, Смағұл Сәдуақасұлы қатарлы көптеген жігіттердің намысы оянғандарын естен шығармағандары жөн. Бұлардың бәрі де - жүректерінің терең түпкірлерінен орғып шыққан жан даусына ерік бергендер, сондай-ақ Түркістан мен Ресей арасындағы бұрынғы отаршылдық қатынастың енді бүгін Кеңес пердесі астында жүріп жатқанын көрген соң, төзіп отыра алмаған намысты адамдар» (Шоқай М. Таңдамалы. 1-том. А., 1999, 70-б.).

Тағдыр мен тарих екі түрлі қоғамға салып қойып, ел мен ұлт мәселесін тәуелді және тәуелсіз ойлауға мүмкіндік бергенде, Франциядағы Мұстафа «Рахым Анғам тәубасына келді» атты мақаласында төмендегідей ой айтады: «Рахым Анғамның тәубанамасы, әрине, «Правда востока» газеті редакциясы мен Орта Азия Бюросын риза етіп сүйсіндіргені сөзсіз.

Газет былай деп жазады:

«Рахым Анғам, Сәдуақас пен Садықтардың шығуы – Шоқайға үміт тудырғаны және ол бұларды үлкен проблемалар жасау үшін пайдаланбақ болғаны ешкімге құпия емес. Коммунистік партияның жетекшілігіндегі күшті пролетарлық қозғалыс қана социалистік құрылыс жолындағы барлық кедергілерді жеңіп, Шоқайлардың ой-армандарын жүзеге асырмай тастауда».

Иә, мен Анғамды пайдаландым. Бірақ мен оны ұлтымыздың тағдырына қатысты ірі проблемалармен байланыстырған емеспін және ондай ойда болған жоқпын. Біздің арман-мақсаттарымыз (большевиктер бос қиял деп атайды) жеке коммунистердің, тіпті олар қаншама маңызды тұлғалар болғанымен де, бой көрсетуіне тәуелді емес. Ондай бой көрсетулер Мәскеу саясатының Түркістандағы табиғи нәтижесі. Мұны большевиктердің өзі де жоққа шығармайды» (Бұл да сонда, 86-б.).

Бұл жерде қайраткер, әрине, С.Садуақасұлын Р.Анғам қатарына қосып отырған жоқ. Ол бір жағы большевизм өз сарбазын өзі болдырды десе, екінші жағы қиындық пен дағдырыстың бәрін қияндағы Шоқайға жапсыра беру – кеңес өкіметінің тығырыққа тірелгенін көрсетеді дегенді меңзейді.

Голощекиндік ресми Қазақстанның ұртоқпағы, Мәскеудің ұлттық қайраткерлерден барынша сақтануы С.Садуақасұлының «Ұлттар мен ұлт өкілдері туралы» атты мақаласының өмірге келуін тездетті. Осыны шетелден байқақтаған М.Шоқай төмендегідей талдау жасайды: «Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің 1924 жылғы 17 қазандағы қаулысындағы «Кеңес үкіметінің мұғажыр (көші-қон - Д.Қ.) саясаты төңкеріске дейінгі орыс мұғажыр саясатынан бүтіндей өзгеше. Жергілікті халық жермен қамтамасыз етіліп болғанға дейін мұғажырларды жерге орналастыруға рұқсат етілмейді» делінген. Осы заңға негізделіп Қазақстан Атқару Комитеті 1925 жылы бір қаулы қабылдады. Бұл қаулы бойынша Қазақстанға өз бетімен көшіп келген мұғажырларға жер алу құқығы берілмейтін болды. Алайда бұл қаулының күшін Мәскеудің сенімді өкілі Голощекин жойды. Оған наразылық білдірген

қазақ коммунистеріне Мәскеу қызыл армиясының күшімен құқай көрсетті. Сонымен орыс жұмықтарының Қазақстанға келіп, жерге ие болуы жалғаса берді... Қазақ коммунистерінің наразылықтары күшейді. Атақты коммунистердің көбі оппозицияға қосылып кетті. *Смағұл Сәдуақасұлы* Мәскеуде шығатын «Большевик» атты журналда көлемді бір мақала жариялады (1928 жыл, қаңтар). Смағұл Сәдуақасұлы бұл мақаласында Рыков, Калинин, Зеленский, Голощекин және басқа да бірқатар мәскеулік коммунистерді отаршылдық империашылдық айыптармен айыптады» (Бұл да сонда, 117-б.).

М.Шоқайдың тұлғатануының өзінді жосығы бар. Мысалы, ол Т.Рысқұловты сынап келеді де, бір жерінде «большевиктік пердесінің арғы жағынан түркістандық рухы көрініп тұрады» дейтіні бар.

Үстірт саясаттың өзі қазақ коммунистерінің ортасына оттың шаласын тастағанын Мұстафа бұй деп бағамдайды: «Қазақстанда малдың үштен бірі ғана қалған. Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстанда да мал басы көп кеміген. Бұл туралы Алматыдан Исаұлы Ораз, Самарқанның өзбек коммунистері ашық айтуға батылдары жетті. Шаруашылықты ұжымдастару жолымен дамытуға ешқандай бір шүбә келтірмейтін осы Ораз Исаұлы лениндік теориялардың іс жүзіндік нәтижелерін көргеннен кейін ғана бір оңды пікірге келіпті. Оның бұл пікірін біз елеусіз қалды деп айта алмаймыз.

Исаұлы «Ұжымдастыруға қажетті жалпы шарт-жағдайлар біздің шаруа ожалықтарымызда жоқ», - дейді.

Көрдіңіз бе, Қызыл Мәскеу диктатурасына ең адал агенттердің бірі саналатын Исаұлы Ораз енді келіп *Смағұл Сәдуақасовпен* бір жерден шығып отыр. Смағұл Сәдуақас та лениндік бағытты қабылдаған. Оның пайымдауынша, ленинизмді жүзеге асыратын шарт-жағдайлар Қазақстанда әзірленбеген. Осыны айтқаны үшін Смағұл «буржуазия агенті» деп қараланды» (Бұл да сонда, 128-129-б.).

20-жылдардың ортасынан Мұстафа да, Смағұл да - әсіресаясатшылдық пен ұрынарға қара таппаған пысықтардың өткір тақырыбына айналды. Мұндай схемашылдық кешегі 90-жылдарға дейін жетті. Біраз зерттеуші «қазақ буржуазиясы, ұлтшылдары» десе, екеуін де орынсыз жерден алып-жерге салатын. Осы жадағай үрдісті алдын-ала болжаған М.Шоқай «Түрі – коммунистік, мағынасы – ұлтшылдық» атты мақаласында төмендегіше әуезелейді: «Түркістан ұлттық коммунистері арасындағы «ұлттық кері төңкеріс» әрекеті «бесжылдық жоспар» жүзеге асырыла бастаған кездің өзінде-ақ өткір сипат алған болатын. *Смағұл Сәдуақасовтың* Мәскеуде шығатын «Большевик» журналында ауылшаруашылық комиссары Смирнов пен Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Рыковты «отаршылдықпен» айыптауы, әліге дейін Кеңес үкіметінің көңілін тыншытпаған Сағидолла оқиғасы, Мәнен Рамыз, Бату және Ташкент университетінің ректоры Хансуарлар тәрізді ең таза иделог саналып келген коммунистердің «керітөңкерістік» әрекеттері және Балахыр Юныс, Мыңбай тәрізді қызыл профессорлардың

«буржуазия идеясының тұтқынында» екенінің білініп қалуы – міне, бұлар бәрі тек заманауи «бесжылдық жоспарға» байланысты құбылыстар болып қалмастан, сол жоспардың туындысы және соның көріністері болып табылады. Бесжылдық жоспар жасалысымен-ақ оған алғаш рет қарсы шыққан адам большевиктер партиясына ұлттық төңкерісшілдер сапынан келген *Смағұл Сәдуақасов* болса, бұл жоспардың «соңғы жылында» оған қарсы шығып көзге түскендер «буржуазия идеялогиясының тұтқынына» түскен, бірақ ешқашан ұлтшылдық иісі мұрындарына бармаған, Ленин мектебінде тәрбиеленіп ержеткен, коммунистік университеттің қызыл профессорлары Юныс пен Мыңбайлар болды...» (Бұл да сонда, 256-257-б.).

Әрине, тұтастай қарағанда, кеңес өкіметі де – біздің тарихымыз бен тағдырымыз. Өздеріңіз ойлаңыздаршы, мысалы, бүкіл Алаш зиялысы эмиграцияға кетіп қалса не болар еді? Елге кімді арқа тұтар еді?.. Ал, Мұстафа Шоқайдың жолы – принципті жол. Бәлкім, ол жол – басты бір мүмкіндіктің жолы шығар. Біз бүгін танысып отырған Шоқай сараптамалары дер кезінде жазылуымен бағалы. Айталық, «кеңес өкіметі ішінде коммунистік партияға оппозиция», «биліктегі басмашылдық» деген ұғымдар осындағы қазақ қоғамына осыдан 70-80 жыл бұрын, қазір де түсініксіздеу. Себебі, өз буымыз санамызды тұмандатты. Ал, осыны Мұстафа С.Садуақасұлы тәрізді қайраткерледің ұстанымы арқылы жақсы түсіндіреді.

«Кеңес үкіметінің жаңа экономикалық саясаты түркістандық отаршылдық езгіні бұрынғыдан бері ауырлата түсті,- деп жазады ол.- Түркістанды орыс астығына тәуелді етіп қойған мақта саясаты, Түркістан шарушылығын Мәскеу үкіметі мүдделеріне құрбан етіп жіберген колхоздар, орыс шаруалары мен Түркістан шаруалары арасындағы экономикалық, мәдени қайшылықтарды тым асқындырып, Түркістанда орыстарды патша заманындағыдан әлденеше есе көбейтіп жіберген мұғажыр саясаты, Түркістандағы мемлекет аппараттарының «ұлттандырылмауы», Түркістанның ұлттық мүдделерін орыс пролетариаты диктатурасының талаптарына сәйкестендіретін большевиктік саясаттың «ұлы орыс державалық» рухы – міне, осылардың бәрі Түркістандағы «ұлттық большевиктердің» көзін ашты. Ленинизмнің кешегі мұриттері бүгін партияның «сара жолынан» тайып, оппозиция түрінде көріне бастады... Сұлтанбек Қожаұлы, Рахым Аңғамұлы, Қадырғалиұлы, Қасымұлы, Мәнен Рамыз, Бату, *Смағұл Сәдуақасұлы* және басқа да ондаған, жүздеген «көне коммунистер» Мәскеу саясатының Түркістандағы өткір қарсылығына айналып отыр. Шын мәнінде бұл да - «басмашылықтың» басқа бір түрдегі көрінісі. Алайда бұл ұлттық дәстүрге адалдықтан, соны жақтағандықтан емес, коммунистік үкіметтің «төңкерістік ақиқаттарына» сенімін жоғалту нәтижесінде пайда болған «идеологиялық басмашылық» болып табылады» (Бұл да сонда, 247-248-б.).

Бұл үзінді М.Шоқайдың 1932 жылы жариялаған «Түркістанның бақытсыздығы және одан құтылудың жолы» атты мақаласынан алынып отыр.

20-жылдары Қазақстанға жіберілген Кремль функционерлерінің негізгі міндеті – республикадағы мемлекеттік қызметкерлер мен зиялыларды жуасытатын тетіктер іздеу еді. Орталық осы арқылы «сара саясатты» қалытқысыз сіңіретін көпшілік тәрбиелегісі келді. Әлбетте, бұл зомбилік саясатқа ұлттың иммунитеті сынды қайраткерлер, зиялылар бірден қарсы тұрды. Міне, осы кезде саясаттағы түрлі келіспеушілік пен плюрализм негіздерін (қарсы тұрушылық пен көзқарас алуандығы) халыққа жек көрінішті ету орайынды белгілі саясаткерлердің фамилияларына «шыл», «шылық» («щина») жұрнақтарын қосып айту дәстүрге айналды.

М.Шоқай осы үрдістің де тек-тамырын төмендегіше байыптапты: «Біраз уақыттан бері Түркістан кеңес баспасөзі «ұлттық керітөңкерісшіл агенттер» деген сөзді ұмытқандай болып келеді. Бұл большевиктердің кезекті бір арамза қулығы ғана. Олар бізді Түркістанда «ұлттық керітөңкерісшілдер» із-түссіз жойылды деген ойға жетелегісі келген еді. Бірақ партия қатарын тазалау, партиялық құжаттарды тексеру және ауыстыру науқаны Түркістанда «ұлттық төңкерісшілдердің агенттері» жойылып кетпегенін және жойылып кетуі мүмкін емес екенін көрсетіп отыр. «Казахстанская правданың» 16,21 шілде және 2 тамызда шыққан сандарында Қазақстан Орталық партия комитеті насихат бөлімінің бастығы Ілияс Қабылұлының «сәдуақасовшылдар», «қожановшылдар», «мендешевшілдерді» сынға алған көлемді үш бірдей мақаласы жарық көрді. Бұл материалдарда «ғылыми, рухани салаларда кең орын алған осы ұлтшылдық ағымдарға қарсы рақымсыз күрес ашуға» шақырылған. Мақала авторы аталған «ұлтшылдық ағымдардың» нақтылы қай түрде бой көрсетіп отырғанын анық жазбаса да, олардың «сәдуақасовшылдық», «қожанұлышылдық», «мендешұлышылдық» болып келуінің өзі-ақ осы науқанды ұйымдастырып отырғандар нені көздейтінін көрсетіп тұрса керек.

Смағұл Сәдуақас, Қожанұлы Сұлтанбек және Мендешұлы Кеңес дәуірі орнаған кезде Кеңес үкіметін бірден жақтап шыққан адамдар болатын. *Бірақ олар өткен уақыт тәжірибелері көрсетіп отырғанындай, Кеңес үкіметіне тек қара басының қамы үшін ғана қызмет етпегенін біз жақсы білетінбіз.* Сұлтанбек Қожанұлы қара басының қамын ойламайтын, халқы үшін қам жеп, ел үшін еңіреп туған азамат еді. Ол бұдан былай да осы қасиеттерінен айырылмайды деп сенеміз. *Смағұл Сәдуақас* та - дәл сондай тұлға. Ал Мендешұлын өз басым білмейді екенмін. Бірақ оның да Сұлтанбек пен Смағұл тәрізді қайраткер екеніне шүбә келтірмеймін» (Шоқай М. Таңдамалы. 2-том. А., 1999, 59-60-б.).

Мұстафа Шоқайдай шетелге кетпеген, тіпті кетуге мүмкіндігі болса да белгілі себептермен елде қалуды ойлаған тұлғалар большевиктердің «әлеуметтік теңдік» ұранымен қазақты ұшпаққа шығаруды қалады. Рас,

бүгінгі Қазақ шекарасының айқындалуы, қазақтың санасына да, көзіне де сүйелдей болған казачестводан құтылу большевиктік билік тұсында Алаш зиялыларының ұсынысымен жүрді. Қазақ оқығандары төңкеріске дейін де, одан кейін де патша өкіметінің отаршылдық, әсіресе переселен саясатын жүйелі сынады. «Переселен» - Түркістан лексиконында «мұғажыр». С.Садуақасұлына қатысты айтқан біраз ойларында М.Шоқай қарашекпенділер мәселесіне қайта-қайта оралып тұрады.

Мәселен, оның 1939 жылы жазған «Орыс империализмі хараб болсын!» атты мақаласынды мынандай ойлар бар: «Большевиктер заманында мұғажыр мәселесі қайта көтерілді. Большевиктердің өздерінің мойындауларына қарағанда, 1922 жылы «Түркістан буржуазияшыл ұлтшылдарын» өкімет істеріне тартуға мәжбүр болған кездерінде іс басына келген әлгі жергілікті кадрлардың алдымен қойған талабы да осы мұғажыр келтіру процесін тоқтату болған және Кеңес өкіметі ол кезде олардың талабын қабыл алған. Осыдан біраз өткен соң 1925-1926 жылдардағы Түркістан партия құрылтайында бұл мәселе заң жобасы түріне келтірілді. Осындай шешім Қазақстан, Қырғызстанды өз ішіне алған Ресей Федерациясы Орталық өкіметі мен атқару үкіметінің қарарларынан да орын алды. Бірақ көп өтпестен осы Орталық өкімет пен атқару үкіметі орыс мұғажырларына қайта жол ашты. Мұның өзі Түркістандағы барлық «ұлттық коммунистерді» Кеңес өкіметінің партия ішіндегі жаулары деп жаппай айыптауға және 1937-1938 жылдардағы жаппай қудалау мен жазалауларға алып келді. Кеңестер қатарына алғаш рет қосылған түркістандықтардың бірі Қадырғалиұлы дағдарысқа тап болды. Ол Мәскеуде өзін-өзі өлтірді. Қадырғалиұлы өлім алдында жазып қалдырған ақырғы сөзінде Түркістанға ағылып келіп жатқан орыс тасқыны жөнінде айтқан және Кеңес өкіметіне наразылық білдірген. «Яш Түркістан» беттерінде сынға алынып келген түркістандық коммунистердің бәрі, Смағұл Сәдуақас және Сұлтанбек Қожан тәрізді Кеңес өкіметінің отаршылдық саясатын ашық айыптап шығушылардан басқа Файзолла, Камал Акрам, Ғабдолла Рақымбай, Тұрар Рысқұл, Мұрат Айтақұлы, тіпті Исаұлы Ораз және сол тектестерге дейінгілердің бәрі де Түркістанға орыс мұғажырларын әкелу саясатын ашық қолдаудан бас тартты (Бұл да сонда, 232-233-б.).

Мұстафа Шоқайдың 20-жылдары шетелде жүріп жазған ірі еңбегі – «Туркестан под властью советов (к характеристике диктатуры пролетариата)». Ол 1928 жылы – француз тілінде, 1935 жылы орыс тілінде жарық көрді. Бұл еңбегінде Мұстафа сансыз дәлелдермен кеңес өкіметінің сөзі мен ісі әр жерден шығатынын және бұл жүйе отаршылдықты одан әрі тереңдеткенін зерделеп шықты.

Зерттеудің Голощекин басқарған Қазақстан билігіне қатысты тұсында автор большевиктер мен пролетариаттар домбаздап жатқан социализм жобасының қисынсыздығын және сол жүйесіздікті дер кезінде байқағандардың (мысалы, С.Садуақасұлы т.б.) қандай атқа ие болып, нендей

жазалау алып жатқанын барынша шынайы жазады. Мәтіннен алған үзіндіні түпнұсқада ұсынамыз:

«Чтобы быть в меру возможности объективным, я скажу несколько слов о «национализме» среди коммунистов-казахов.

Все тот же Голощекин, имя которого мною упоминается здесь весьма часто, на VI партийной конференции рассказывал следующее:

—В одном беллетристическом рассказе на казахском языке я прочитал (Голошекин казахского языка не знает) следующее: «бытие определяет сознание». Раз это так, то при нашем, казахском отсталом бытие не может быть места разговорам о социалистическом строе и пролетарской идеологии... («Энбекши казах», 21.XI.27).

Там же мы находим, в передаче Голощекина, такое рассуждение видного казахского коммуниста Исмаила Садвакасова о социализме среди казахов:

—О социализме в применении к русской деревне еще, пожалуй, можно спорить. Но что касается социализма в условиях Казахстана, то об этом и не стоит говорить...

Чтобы доказать что Исмаил Садвакасов не исключение, я приведу свидетельство о нем Голощекина же:

—Корни «садвакасовщины» прочны. Садвакасов — это не отдельные лица, от которых можно было бы избавиться путем их изгнания (из партии). Садвакасовы имеются среди нас самих. Советские органы полным полно Садвакасовых. Садвакасов — это выражение темной националистической идеологии широких народных масс. И с этим надо считаться...

Приведу еще одно свидетельство более общего характера. Оно касается «восприятия» казахами Октябрьской революции. Вот книжка на казахском языке — «Психология выбора профессии». Отпечатана она в Москве в типографии Совета Национальностей. Автор книги Юсуфбек Аймаутов о достижениях казахского народа говорит следующее:

—Война, революция, грабежи, голод, национальная свобода, автономия... все это вещи, не снившиеся казах-киргизскому на роду даже во сне, бросили (казах-киргизский народ) в объятия нищеты и бесконечных нужд...

И об этом толковании и о таком восприятии социалистической революции говорилось с трибуны съезда работников политического просвещения в Кзыл-Орде (см. «Энбекши казах» от 10.I.28).

О чем говорят эти три последних примера? Они говорят обо всем, что угодно, но только не о торжестве революционных начал, но только не о «социализме в Казахстане» (Бұл да сонда, 378-380-б.).

Көріп отырғандарыңыздай, дәйексөзде С.Садуақасұлы есімі жиі аталады. Бұл – сырттағы қайраткердің елдегі қайраткерге іш тартуы һәм симпатиясы ғана емес, бұл – Смағұл тұлғасы арқылы елшілдікке, парасатқа, намысқа берілген баға-тын.

XX ғасырдың 20-30 жылдары кеңестік биліктің миллиондаған адамдарды сыңаржақ саясаттың құрбаны қылып, қоғамдық дамуды жалаң түсіндіріп, талғамсыз насихаттауы жырақта жүрген Мұстафаны аса ойлантып-қамықтырды. Әсіресе, ол кеше ғана елін патшалық отаршылдықтан құтқаруды армандаған жас қайраткерлердің оп-оңай большевизм арбауына түсіп, большевиктік отаршылдықтың тетігіне айналғанына қатты қынжылады. Сөйте тұра, шыншыл қайраткер тарих тағлымын, елшіл қайраткерлердің қадір-қасиетін, ұстанымын, тәжірибесін еске алып жігерленеді.

Ұлт мүддесімен, халық арманымен біртұтасқан саясат – Мұстафа жолы, Мұстафа таңдауы. Сол себепті ол бұй дейді: *«Большевиктер атамекеніміз Түркістанда ұлтымыздың өзіне тән рухани әлемін суалтып, оның орнына орыс пролетариатының рухын орнатпақ болды. Ұлттық, рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де».*

Түркістан тұлғасының мына ойына назар аударайық: *«Халқымыздың мәдени және рухани жақтан қол жеткізген жетістіктерінің бәрі тек ұлтшылдық қозғалысына тән»* (Шоқай М. Таңдамалы. 1-том. А., 1999, 62-б.). Міне, осы пайымның астарында Әлихан да, Ахмет те, Смағұл да тұр. Осы сөздерді оқығанда, арғы дәуірді айтпағанда, Асан қайғыдан Мағжанға дейінгі аралықтың елшілдік сарыны еске түседі. Бұл қозғалыс пен сарынның меже-мезгілі бар ма? Жоқ, ол тұрлаусыз уақытқа байлаулы ма? Мұстафа осы туралы былайша ой сабақтайды: «Егер кімде-кім бұл өлмес идеяны Мәскеудің күнде өзгеріп тұратын түсі сияқты деп білсе, сөзсіз қателеседі. Ол – халқымыздың қаны мен жүрегі. Ұлтымыз өмір сүрсе, ол да бірге өмір сүреді» (Бұл да сонда). Біз саяси репрессиялардың аса ауыр зардаптарынан кейін кісі ғұмырындай уақытты құр мақтанмен, жалаң сөзбен өткіздік. Саясат та, қоғам да елдік құбыладан жаңылдық. Бұйырса, 30 жылға жуықтаған Тәуелсіздігіміз бұған не дейді? *«Отанды сүю – оның тұтас мүддесіне қызмет ету, осы жолда жан пида етуге даяр тұру»* дегенге қалай қараймыз? Бұл ретте Мұстафа Шоқай сөзі, елшілдігі, принципшілдігі, Смағұл Садуақасұлына берген бағасы бізге не айтады?..

Президент Қ.К.Тоқаевтың бастамасымен саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөнінде мемлекеттік комиссия құру мәселесі көтеріліп, күрделі кезеңге айқын қағидатпен қарау қолға алынған тұста М.Шоқай мен С.Садуақасұлы жолы тағылымын жан-жақты зерделеу маңызды деп есептейміз.

МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ЕУРОПА ЕЛДЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІНІҢ НЕГІЗДЕРІ МЕН БАҒЫТТАРЫ

Әбдіуақап Қ.

PhD докторы, Түркия Республикасы, Мимар Синан
университетінің профессоры

Мұстафа Шоқайдың 1921-1941 жылдары арасында 20 жыл жалғасқан шетелдердегі тәуелсіздік күресіне көзжүгірткенімізде, оның екі ұйымға сүйенгенін көреміз. Оның бірі Түркістан ұлттық одағы, екінші Прометей одағы. Сонымен қатар баспасөзге ерекше мән бергені байқалады. Осы орайда ол журнал шығарды, кітап жариялады және Еуропалық көптеген газет-журналдарда мақалалары жарық көрді.

Шоқайдың саяси күресінің ең маңызды құралдарының бірі – баспасөз болып табылады. Ол саяси идеяларын тарату құралы ретінде көрген газет-журналдарға әрдайым үлкен мән берді. Күресінің әрбір сатысында оның мақала жазғандығына куә боламыз. Шоқай мақала жазумен ғана шектелмеді. Ол сонымен қатар Түркістанға қатысты жеке газет немесе журнал шығаруға да әрқашан күш жұмсады. Шоқайдың баспасөз саласынан тыс қалған кезеңі жоқ десе де болғандай. Оның осы орайдағы ең маңызды туындысы 1929-1939 жылдары арасында Берлин де 117 саны жарық көрген Яш Түркістан журналы болып табылады. Украина бұрынғы сыртқы істер министрі Александр Чульгин “Яш Түркістан” журналын Шоқай мен жолдастарының таңқалдырарлық деректі еңбегі ретінде жоғары бағалайды.

Шоқай Түркістанның тәуелсіздігі жолындағы күресінде екі ұйыммен, атап айтқанда Түркістан ұлттық одағы және Прометей одағымен жұмыс істеді. Түркістан ұлттық одағын Түркістан халықтарының өкілдерімен күш біріктіріп Кеңес Одағына қарсы тізе қосып отырып жұмыс істеуді көздесе, Прометей одағымен Кеңестік басқарудан зардап шеккен түркі емес ұлттардың өкілдерімен күш біріктіруді мақсат етті. Еуропа елдеріндегі саяси іс-шараларында түркі халықтарының зиялылары мен бірге істеген жұмыстарын реттеген Түркістан ұлттық одағы ірге тасы негізінде 1920 жылдың маусым айында Бұхара қаласында қаланған іргелі бір ұйым еді. Бұхарада большевиктермен Бұқара әміріне қарсы бір одақ құру үшін ұйымдастырылған жиналысқа Башқұртстан, Қазақстан және Құлжадан зиялылар мен Ферғана Басмашы қозғалысының өкілдері шақырылды. Жиналысқа қатысқандар арасында башқұрттардан Зәки Уәлиди, Сейіткерей Магазов, Ферғана басмашыларынан Шірмехмет Бек, Ылдырхан Мутин, Харис Игликов, Рахманкул Корбашы, Мұстафа Шахкул, түрікмендерден адвокат Какажан Бердиев, қазақтардан Алашорда өкілі Хайреддин

Балғынбаев, Мұхтар Әуезов және Дінше бар еді. Сондай-ақ Бұхара мен Ташкент зиялылары атынан Мүневвер Кари, Абдулкадир Мухиддинов, Фейзуллах Хожаев және Садреддин Айни секілді тұлғалар да жиналысқа қатысты.

Бұл платформаға “Орта Азия Мұсылман Ұлттық Бұқарасының Төңкеріс Қоғамдарының Одағы” деген ат берілді. Оның күресінің бағдарламасы белгіленіп төмендегі жеті бап енгізілді:

1. Азаттық,
2. Демократиялық республика,
3. Ұлттық армия,
4. Экономикалық басқарудың, темір жол құрылысы мен каналдар құрылысының Түркістанның тәуелсіздігіне сәйкес жүргізілуі.
5. Ағарту ісін жаңашылдандыру және батыс өркениетімен тікелей байланысып арадағы орыс дәнекерлігін жою,
6. Ұлт мәселесінің, халық ағарту мен табиғи байлықтарды пайдалану секілді мәселелердің, этникалық топтардың халық санына қарай шешілуі.
7. Дінге толықтай бостандық берілуі және дін мен мемлекеттік істерді бір-бірінен ажырату.

Кейін аты қысқартылып “Түркістан ұлттық одағы” деп өзгертілген ұйым Большевиктер үстемдік орнатуынан кейін Еуропа елдерінде іс-қимылдарын жүргізу туралы шешім қабылдады. Сөйтіп оның Европадағы алғашқы конгресі болса, 1924 жылы 23-24 қараша күндері Берлинде өтті. Конгреске Парижден келген Шоқай да қатысты. Осы конгресте Шоқай ант беріп, ұйымға мүше болып кірді.

Конгресте кеңестік биліктің Түркістанды Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан ретінде бес республикаға бөлу саясаты да талқыланды. Конгреске қатысушылар мұны, Түркістан халқын бес бөлек ұлтқа бөлу амалы деп бағалады. Осы мақсатқа сай, Кеңестердің әрбір республика халқы үшін бөлек-бөлек грамматика мен сөздіктер дайындап, диалектілерді жеке тілдерге айналдыратындығы айтылды. Мұнымен кеңестердің діттеген түпкі мақсатының Түркістан халықтарының диалектілерін алдымен түркі тілдері тобынан бөлу және өміршеңдігін жою, кейін олардың орнына орыс тілін өткізу болып табылатыны жөнінде қорытынды жасалды. Түркістан ұлттық одағы дүниежүзілік екінші соғыс басталған 1939 жылға дейін жұмыс жүргізді.

Шоқайдың Кеңестік билікке қарсы жүргізген пікір күресінде ең маңызды қолдауды Польша үкіметінің қамқоршылығында құрылған Прометей одағынан тапқанын айта аламыз.

“Прометей Одағы” 1926 жылдың қарашасында Украина мен Кавказ халықтарының одағы ретінде өз жұмысын бастады. Шоқай Түркістан Ұлттық Одағы атынан “Прометей Одағына” мүше болып 1927 жылдың көктемінде кірді. 1927 жылы Стамбулда өткен конгресте Түркістан Ұлттық

Одағының “Прометей Одағына” кіруіне шешім қабылданды. Конгресс Шоқай мен бұхарлық Ахмет Наимге Парижде украиндықтармен, кавказдықтармен ынтымақтастық жасау және Біріккен Ұлттар Ұйымы мен әлем мемлекеттері алдында жұмыстар атқару міндетін жүктеді.

“Прометей Одағы” шынтуайтында, саяси іс-әрекеттер орталығынан гөрі, баспасөз жұмыстарын, атап айтқанда газет-журнал шығару іс-қимылдарын үйлестіру орталығы еді. Одақ “Прометей” атты бір ортақ журнал мен одаққа кіретін ұйымдардың баспасөз органдарының жұмыстарын реттеу қызметін атқарды. Прометей журналының тысында, одаққа мүше ұйымдардың бір қатар жеке тәуелсіз баспасөз органдары бар еді. Парижде грузиндердің “Шахартхвело”, Костенже қаласында (Румыния) қырым татарларының “Эмель”, Варшавада солтүстік кавказдықтардың орыс тіліндегі “Северный Кавказ” және түрік тіліндегі “Шимали Кафкасы”, азербайжандықтардың “Куртулуш”, Берлинде еділ-жайық татарларының “Йанга милли йол”, түркістандықтардың алдымен Стамбулда шыққан “Йени Түркістан” және кейіннен Берлинде басылып тұрған “Яш Түркістан” журналдары жарияланды. “Прометей Одағының” ресми мүшесі болмағанмен, Варшавадағы Ориент институтының поляк және ағылшын тілдерінде жарияланатын “Ориент-Вход (Wschod-Orient)” журналын да бұлардың қатарына қосуға болады. Өйткені журналдың баспасөз саясаты “Прометей Одағының” журналдарының бағытымен үндесіп жатты. Міне, “Прометей Одағы” осы журналдардың барлығының үйлесімді түрде жұмыс атқаруын қамтамасыз ететін еді. Бұл жағынан алғанда “Прометей Одағын” КСРО-ға қарсы идеялар клубы деуге болады.

“Прометей Одағына” қауіп-қатер күтілгеніндей коммунизмнен емес, фашизмнен төнді. 1933 жылы Германияда билік басына өткен нацисттердің 1936 жылдың наурыз айынан бастап Европаға қыр көрсете бастауы және коммунизм мен кеңестерге қарсы жаппай күшті науқандар жүргізуі “Прометей Одағының” жұмыстарына кері әсерін тигізбей қоймады. Бұл жағдай “Прометей” үшін әрі ішкі және әрі сыртқы нәтижелер туғызды. Германиядағы фашистік биліктің күн өткен сайын Европада кең қанат жая бастауы Европа жұртшылығының назарын коммунизмнен фашизмге аударды. Сондай-ақ, Коминтерн де бір шешім қабылдап фашизм қаупіне қарсы, оған дейін бас дұшпан деп есептеп келген социалистік партиялармен ынтымақтасуға шақырды.

Осы жаңа саясат, мүшелерінің көпшілігі социалистік көзқарастағы прометейшілердің Европаның социалистік бағыттағы партияларына деген әсерін нашарлатты. Социалистік орталарда қару ретінде жиі қолданылатын коммунизм қарсыластығы, енді, әсіре оңшылдарға ғана тән болды. Европалық социалистер үшін негізгі қауіп енді коммунизм емес, нацизм мен фашизм еді. Сөйтіп, прометейшілер Европалық социалист одақтастарының күшті қолдауларынан көз жазып қалды. Бұл жағдайдың прометейшілер тұрғысынан қарағанда, бір парадокс екені күмәнсіз. Өйткені, КСРО-дағы

коммунистік билікке қарсы күресті басты принципі етіп алған “Прометей Одағы” коммунизмнен гөрі, коммунизмді қас жауы етіп жариялаған нацизмнен зиян шегуде еді.

Сөйтіп соғыстың басталуымен Прометей одағы және Шоқайдың бүкіл саяси жұмыстары тоқтап қалды. Енді соғыс кезінде Кеңес Одағына қарсы екінші жоба басталды. Ол Нацисттердің “Түркістан легионы” жобасы. Саясжетекшіретінде Мұстафа Шоқай Нацисттердің бұл жобасына ешқашан сенбеді және оған қатысудан да бастартты. Кейін неміс архив деректері оның бұл күдігін растады. Өйткені Түркістан легионы жобасы ешқашан Түркістанға тәуелсіздік әкелмек еместі.

Өкінішкеорай, Кеңестік үгіт-насихат бұл турасында жалған ақпарат таратып халықтың санасына бұл жобаның басшысы ретінде Мұстафа Шоқайды көрсетуге күш жұмсады. Бірақ, Шоқай нацисттердің Кеңес Одағына қарсы жеңіске жеткен жағдайда Түркістанға тәуелсіздік бермейтіндіктерін, тіпті оны Большевиктерден де жабайы және қарқынды түрде қанайтынын жақсы білетін еді. Сондықтан оған осы жобаға басшы болу жөнінде Шығыс министрі (Остминистер) Альфред Розенберг жасаған ұсынысты кідірместен кері қақты. Осыдан кейін Ченстохов тұтқын лагерінен Париждегі үйіне қайту жолында Берлинде 1941 жылы, 27 желтоқсан күні беймәлім жағдайда дүниеден озды. Легион болса ол дүние салғаннан бес айдан соң атап айтқанда 1942 жылы сәуір айында құрылды. Шоқайдың Гестапо тарапынан у беріліп өлтірілгені жайында болжамдар баршылық. Өкінішке орай легион жобасына қатысудан бас тартқаны үшін құрбан болған Шоқайға ең үлкен қиянат оған фашисттермен бірге істескенін алға тарту болады.

Мұстафа Шоқайдың тәуелсіздік күресінде баспасөзге ерекше мән бергенінде жоғары айтқан едік. Ол Парижге барған алғашқы күндерінен бастап орыс саяси эмигранттарының газеттеріне мақала жазды. Бұған Париждегі Шығыс Тілдері мен Мәдениеттері институтындағы Шоқай архивіндегі деректер дәлел бола алады. Архивте жасаған зерттеулерімізде, Шоқайдың “Последние новости”, “Дни”, “Слово” және “Возрождение” секілді орыс босқындарының баспасөзінде 130-ға жуық мақаласының жарияланғандығын анықтадық. Олардың санын жылдарға қарай көрсетер болсақ: 1922 жылы 4 мақала, 1923 жылы 24 мақала, 1924 жылы 29 мақала, 1925 жылы 32 мақала, 1926 жылы 41 мақала және 1927 жылы 1 мақала жариялаған.

Шоқайдың “Последние новости” және “Дни” секілді большевиктерге қарсы орыс босқындарының баспасөз органдарында жазған мақалалары Кеңес жұртшылығына да әсерлі болды. Сол себепті кеңес баспасөзінің шабуылдарына тап болды. 1925 жылы “Правда Востока” газетінде шыққан бір мақалада Шоқай қатаң сынға алынды. Оның Орта Азияның ұлтшыл-шовинист, буржуазияшыл либерал зиялыларының жетекшілерінен бірі

екендігі айтылды. Оның Парижде ақтар арасында өмір сүріп жатқаны аталып өтіліп, “Дни” газетінде шыққан мақалалары сыналды.

Шоқайдың Кеңес жүйесін сынаған мақалаларының ықпалды бола бастағанын Сталин де байқап 1925 жылы 29 мамыр күні бұл жөнінде БКП (б) Қазақ Өлкелік Комитетінің бюро мүшелеріне бір хат жолдады. Хатында ол Шоқайдың идеяларының Қазақстанда таралуына шек қойылмаған жағдайда, оның Қазақстанда коммунизмнің саяси құлдырауына әкеп соқтыруы мүмкін екендігі туралы алаңдаушылығын тілге тиек етіп ескерту жасады.

Сталиннің Қазақстан Коммунистік Партиясының басшыларына ескерту жасаған осы хатынан кейін кеңес баспасөз органдарында Шоқайға қарсы шабуылдар басталды. Сондай-ақ, Шоқай кеңестік жүйенің жауларын бейнелейтін бір символға да айналдырылды. Кеңестік жүйені сынаған немесе қандай да бір себеппен саяси-әлеуметтік өзгерістерге бейімділік таныта алмаған жергілікті зиялыларға “шоқайшыл” деген айып тағылды. Түркістанның тәуелсіздігін жақтағандар болса, “шоқайшылдар” деп аталды. Сонымен қатар, Сталиннің үгіт-насихат орталықтары Шоқайдың мақалаларын жіті бақылауға алды.

Шоқайдың Француз тіліндегі мақалаларының басым көпшілігі “Прометей” журналында, содан кейін “Orient et Occident” журналында жарық көріп тұрды. Ағылшын тіліндегі мақалалары болса, “Asiatic Review” және басқа беделді журналдарда орын алды. Сондай-ақ, өзі екі журналдың баспа өміріне қадам басуына да жетекшілік етті. Стамбулда “Йени Түркістан” атты бір журналды З.У.Тоғанмен бірге жариялады. Кейіннен Түркістан мәселесі тақырыбында өте маңызды орынға ие болған “Яш Түркістан” журналын жарыққа шығарды.

“Яш Түркістан” шетелдердегі Ресейлік түркі халықтарының өкілдерінің II-дүниежүзілік соғыстан бұрын ұзақ уақыт шығып тұрған және ең ықпалды баспасөз органдарының бірі ретінде тарихта із қалтырды. 1929 жылы желтоқсан айында шыға бастаған журналдың 1939 жылға дейін 117 саны жарық көрді. Журнал арап әріптерімен шағатай тілінде жарияланып тұрды.

Саясат пен баспасөзді Шоқайдың ең маңызды екі жұмысы ретінде көретін болсақ, Қоқан автономиясын Шоқайдың саясат саласындағы, ал “Яш Түркістан” журналын болса, баспасөз саласындағы ең маңызды еңбегі ретінде айтуға болады. Шоқайдың өзі де “Яш Түркістан” журналына үлкен мән берді. Оның ойынша, журнал Түркістанның тәуелсіздігі жолындағы күрестің туы болып табылады. Журналдың мақсатын алғашқы санында атап көрсеткен Шоқай мұның Түркістанның тәуелсіздігі мен халқының өзін-өзі басқару құқығына қол жеткізуі жолындағы күрес екендігін айтады.

Ал бұл күрестің негізін болса саясат, мәдениет және тіл салаларындағы жұмыстар құрайды. Шоқайдың пікірі бойынша ең алдымен түркі әлемінде мәдениет пен тіл бірлігін қамтамасыз ету қажет. Түркі мәдениетін барлық

түркі халықтарының ортақ мәдениеті деп ұғынған жөн. Түркі халықтары бір-бірінің сөйлегенін және жазғанын ешқандай аудармашысыз түсінуі керек. Стамбулда шыққан бір газет Самарқанда да оқылуға тиіс. Осылайша, түркі халықтары арасындағы бірлік пен туыстық сезімдері күшейтіле біледі. Бірақ, Шоқайдың ойынша түркі халықтарының өзара мәдениет және тіл бірлігі идеясы, олардың өзге халықтардан бөлектенуін қажет етпейді. Керісінше, осы бірлікпен қатар, өздері секілді тәуелсіздік күресіп жүргізіп жатқан басқа халықтармен ынтымақтасуға ойысулары керек. Ол түркі халықтарының мәдени бірлігін бір отбасындағы бірлік-берекені қамтамасыз етумен теңестіреді. Осындай бірлік-береке қамтамасыз етілгеннен кейін басқа халықтармен тәуелсіздік мәселесінде одақтасуды жақтайды. Шоқай мұны Түркістанның тәуелсіздігі үшін қажет деп санайды.

Сонымен қорытып айтар болсақ, Мұстафа Шоқай Кеңестік билік пен оның идеологиясына қарсы 1921-1941 жылдары арасында Еуропа елдерінде әсерлі күрес жүргізгенін айта аламыз. Осы орайда Шоқай Түркістан ұлттық одағы мен Прометей одағымен тізе қоса отырып жұмыс жүргізді. Оның саяси басылымдары арасында Яш Түркістан журналының орны ерекше, 117 саны жарық көрген журнал Шоқайдың пікірлерінің топтамасы болып табылады. Ол бұл күресі барысында Алаш қайраткерлерінің автономия талаптарын тәуелсіздік сатысына көтерді. Міне бұл, Мұстафа Шоқайдың Қазақстан тәуелсіздік тарихының мәні көтеріп мазмұның тереңдететін ең маңызды қызметі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Чульгин А. Памяты Друга, “Türkeli”. 1951, желтоқсан, No 4, 28-бет.
2. Тоған З. У. “Hatıralar Türkistan ve Diğer Müslüman Doğu Türklerinin Milli Varlık ve Kültür Mücadeleleri”. İstanbul, 1969, 365-366-бет.
3. Тоған З. У. “Hatıralar Türkistan ve Diğer Müslüman Doğu Türklerinin Milli Varlık ve Kültür Mücadeleleri”. İstanbul, 1969, 366-бет; Тоған З. У. “Türkili ve Türkistan’ın Yakın Tarihi”. İstanbul, 1975, 408-бет. Тахир Чағатай ТҰО-ның құрылуында белгіленген бұл жеті мақсатты үш ұғыммен қорытындылайды: ұлттық бірлік, ұлттық бостандық және заманға сәйкес ұлттық мәдениет. Ү.Т. “Türkistan’da Türkçülük ve Halkçılık”. II. Bölüm, İstanbul, 1954, 31-бет.
4. Тоған З. У. “Hatıralar Türkistan ve Diğer Müslüman Doğu Türklerinin Milli Varlık ve Kültür Mücadeleleri”. İstanbul, 1969, 423-425-бет; Тоған З. У. “Türkili ve Türkistan’ın Yakın Tarihi”. İstanbul, 1975, 484-бет.
5. Тоған З. У. “Hatıralar Türkistan ve Diğer Müslüman Doğu Türklerinin Milli Varlık ve Kültür Mücadeleleri”. İstanbul, 1969, 561-бет.
6. Тоған З. У. “Türkili ve Türkistan’ın Yakın Tarihi”. İstanbul, 1975, 484-бет.
7. Mühlen P. “Gamalıhaç ile Kızıl Yıldız Arasında İkinci Dünya Savaşında Sovyet Doğu Halkları’nın Milletçiliği” Ankara, 1984, 21-бет.
8. Сореаих Е. Prometeci Hareket. “Unutkan Tarih Sovyet Sonrası Türkdilli Alan”. Haz. Semih Vaner, İstanbul, 1997, 30-31-бет.

9.Бұл туралы көбірек мәлімет үшін қараңыз: Kara A. *Türkistan Ateşi Mustafa Çokay'ın Hayatı ve Mücadelesi*, İstanbul, 2002, s. 248-275.
ӘОЖ 940.53 (47+57):950 (574)=943

ОСВЕЩЕНИЕ ВОПРОСА ВОРУЖЕННОЙ БОРЬБЫ ПРОТИВ СОВЕТСКОГО РЕЖИМА (1918-1935 ГГ.) В ТУРКЕСТАНЕ В ТРУДАХ МУСТАФЫ ШОКАЯ

Кахрамон К. Р.

доктор исторических наук,
профессор, руководитель гранта и ведущего научного сотрудника
Института истории АН Узбекистана; Ташкент, Узбекистан
e-mail:kahramon-62@mail.ru tel: +998901329036

В декабре 2020 г. Мустафа Шокаю (1890-1941), выдающемуся политическому деятелю, идеологу национально-освободительного движения туркестанцев, под которыми он подразумеваю казахов, узбеков, киргизов, туркмен и таджиков, ученому-публицисту исполняется 130 лет. М.Шокай считан национальную независимость высшей человеческой ценностью, которой нет никакой альтернативы. Поэтому и писал, что национальные интересы будут только тогда удовлетворены вполне, когда вся полнота государственной власти будет осуществлена им самим. «Только фактически господствуя в своей стране, можно иметь гарантию осуществления идеала национальной государственности»[1, 73 с.]. Только подлинно национальной государственности дано верно и безошибочно определить пути своего благоуспехания [2, 256 с.].

IV Чрезвычайный краевой мусульманский съезд начал работу 26 ноября 1917 года в Коканде. Член Организационного бюро съезда Мустафа Чокай объявил о его открытии.

В состав Временного правительства Туркистон Мухторияти вошли активные участники автономистского движения. В персональном плане он выглядел следующим образом:

- 1.Мухаммаджон Тынышпаев – премьер-министр, министр внутренних дел;
- 2.Ислом Шоахмедов – заместитель премьер-министра;
- 3.Мустафа Чокай – министр иностранных дел;
- 4.Убайдулла Ходжаев – военный министр;
- 5.Юрали Агаев – министр земледелия и водных ресурсов;
- 6.Обиджон Махмудов – министр продовольствия;
- 7.Абдурахмон Уразаев – заместитель министра внутренних дел;
- 8.Соломон Абрамович Герцфельд – министр финансов.

В то же время в особом комментарии нуждается то обстоятельство, что в состав Временного правительства вошло 8 человек вместо 12.

Обвиняется это тем, что еще 4 человека должны были привлекаться по мере выявления кандидатур от европейской части населения Туркестана.

28 ноября было определено название формирующегося государственного образования Туркистон Мухторияти [3, 32 с.].

Резко обострились разногласия среди членов Временного правительства и деловых кругов, поддержавших его, что привело к смещению М.Тынышпаева с поста премьера и назначению на этот пост Мустафы Шокая, обещавшего реализовать программу более решительных мер в деле защиты мусульманских интересов. В результате кадровых перемещений М.Тынышпаев стал министром внутренних дел, И.Шоахмедов – министром финансов, С.А.Герцфельд вообще оставил свою должность. Казначеем правительства был назначен Саидносир Мирджалилов. И действительно, новое руководство начала действовать более активно. В частности, известно, что Мустафа Чокай, заняв пост главы Временного правительства, попытался консолидировать узбеков, казахов и киргизов. Однако лидеры Алаш-Ординской автономии прохладно отнеслись к этим попыткам.

Правительство Туркистон Мухторияти пало 6 (19) февраля 1918 г., но грабеж города продолжался. Из отрывочных данных, которыми мы располагаем, выясняется, что Мустафа Шокаю удалось вырваться из огненного кольца. Он попал к повстанцам Ферганской, а затем в одиночку через горные киргизские и узбекские районы добрался г.Ташкент. Позже он уехал сначала в Грузию, а потом за рубеж.

В эмиграции Мустафа Чокай не раз будет возвращаться к событиям 1917-1918 годов, анализируя действия свои и своих сподвижников, рассказывал европейской общественности о Туркестане и Туркистон Мухторияти. Он с любовью и болью говорил о том, что Туркестан, колыбель тюрков [16], исторически ценен не только как очаг самой древней тюркской и арабско-персидской культуры, но и родила великих полководцев Амира Тимура, Султана Бабура, Шейбанихана и др.

«Вошедшая в историю под именем «Кокандской автономии» и ставшая отправным пунктом для всего дальнейшего хода борьбы нашей страны за национальное освобождение Автономия Туркестана [Туркистон Мухторияти] является, действительно, событием громадной важности. Об этом свидетельствуют непрекращающиеся нападки на нее советской прессы. О том же говорит большой интерес, проявляемый к «автономии Туркестана» со стороны европейских и американских исследователей истории нашего национального движения...

1917 год был годом нашего «политического рождения», и «автономия» была нашим первым неуверенным шагом. Больше всего за «автономию» ругают большевики меня...» [4, 10 с.], - так подвел итог событий того времени Мустафа Чокай.

Факт, что истиклолчилик харакати (движение за независимость) «началось с разгрома правительства Туркестанской автономии» [5, 329 с.], признавался почти всеми советскими историками [6, 17 с.; 35 с.].

Мустафа Чокай относился с очень большой надеждой к начавшемуся впервые в Ферганской долине движению за независимость (в советский период оно называлось «басмачеством»). В начале он даже пытался управлять деятельностью курбаши как Кичик Эргаша и Катта Эргаша. Мустафа Чокай является первым туркестанским исследователем, издавшим в Париже и Лондоне свои 2 специальные статьи о движении «басмачества» в 1923 и 1929 году.

Кроме того, Мустафо Чокай много раз останавливался на этом во многих своих статьях, книгах и воспоминаниях.

По свидетельству Мустафы Шокая «Басмачество возникло как всеобщее национальное движение за национальную свободу и против колониализма советского правительства» [7, 5 с.; 30 с.].

Об этом также пишет Мустафа Чокай в своих воспоминаниях: «После падения автономного правительства в Туркестане началось всенародное движение – «басмаческое движение», занявшее в истории антисоветского движения вообще исключительно важное место. В эмиграции очень много активных участников «басмачества», и многим известны отдельные эпизоды борьбы...

Период «басмачества» - далекое уже прошлое. Будучи легальной «исторической необходимостью», «басмаческое движение» обнаружило в еще большей степени, чем наша организационная попытка периода март-ноябрь 1917 г., нашу слабость и в особенности нашу слабость и «бедность» в умении разобраться в наших собственных слабостях. И об этом надо говорить правду и всю правду, как бы горька и обидна ни была эта правда для нас. Ибо наша основная цель, идти вперед, избегая совершенные ошибки, вода борьбу против их повторения. Этого требует уважение к памяти погибших на поле брони за священное дело – освобождение страны от угнетателей, ибо, указывая на ошибки прошлого, мы поможем уменьшению члена жертв в будущей борьбе» [7а, 52-53 с.].

Итак, Мустафа Чокай в начале XX века, в особенности в 1917-1918 годах проявил мужество в борьбе за независимость Туркестана. Он осуществил большие действия в регионе в качестве Премьера-министра правительства Туркистон Мухторияти. Он относился с большой надеждой и поддержкой на вооруженное движение против советского режима и красной армии сначала в Ферганской долине, а потом на всей территории Туркестана после революции большевиками. Мустафа Чокай осознал движение за независимость («басмачество») в качестве некоего национального движения и оценил его высоко.

Мустафа Чокай в зарубежной эмиграции опубликовал серию статей посвященных к истории движения «басмачества». В статье «О басмачестве» написанной в феврале 1930 года он отметил:

«Туркестан – единственная часть Советского Союза, где повстанчество не прекращается до сих пор.

Этому есть две причины. Первое: острое национальное сознание, толкающее страну к борьбе за высвобождение из-под московского ига. Это, так сказать, причина общего порядка.

Есть вторая причина более местного характера. Это исключительная особенность советской национальной политики именно у нас в Туркестане...

Басмачество – это тень советского господства в Туркестане.

Тол, что басмачество появилось именно в Фергане, показывает совершенно ясно, что ближайшей причиной повстанчества является хлопковая политика московского правительства» [8, 224, 226 с.].

В статье Мустафы Чокай “О басмаческом движении в Туркестане”, написанной 19 ноября 1928 года, изучаются причины возникновения движения за независимость в Туркестане, его сущность и этапы развития, деятельность курбаши, а также причины поражения движения за независимость. Статья состоит из 4 частей “О причинах “басмачества” в Туркестане”, “На какие слои населения опирались повстанцы?”, “Роль Энвер-паши и Джемал-паши”, “Повстанчество в Хиве”, автор называет в своей статье “басмачи” повстанцами. Свою статью Мустафа Чокай начинает следующим определением понятия “басмачество”:

«Басмачество», как повстанческое движение в Туркестане (Средней Азии), ныне уже прекратилось. В тех изредка попадающихся в ташкентских газетах сообщениях о «басмачах», о суде над ними, речь идет не о повстанцах, а о разбоях и грабежах. Надо знать, что слово «басмачи» на узбекском наречии означает «разбойник», «грабитель», «бандит». Эта кличка дана была туркестанским повстанцам по тем же самым основаниям, по которым вообще враждующие стороны называют части противников просто «бандой». Так, во время последней великой войны мы часто слышали: «немецкие банды», «русские банды» и т.д.» [9, 539-540 с.].

Мустафа Чокай в своей статье уделяет огромное внимание изображению востания в Хорезме, поднятого Джунаидханом:

«Повстанческого движения, сказал я выше, ныне в Туркестане нет. Последняя вспышка повстанчества имела место больше года тому назад. Это было выступление главаря хивинских туркмен Джунаидхана и его ближайших сподвижников Шалтай-Батыра и Анна-Бала.

Два года перед тем Джунаид-хан оставался спокойно. Одно время он даже признал было советскую власть, послал на советский съезд в Асхабад (столица Туркменстана) своих представителей с изъявлением покорности. С своей стороны и советское правительство, учтя популярность

Джунаид-хана и не рискуя вести с ним борьбу, в которой быстрый успех советского оружия казался под большим сомнением, охотно примирилось с своим самым опасным и упорным врагом в Средней Азии и даже согласилось оставить при Джунаидхане его многочисленную личную охрану («джигитов»). Но и после этого официального примирения Джунаид-хан оставался в песках, в Ташаузском районе (Кзыл-Кумские пески) и не показывался в городах. Обе стороны – и большевики и Джунаид-хан – таили глубокое недоверие друг к другу и ждали удобного случая – большевики, для того, чтобы покончить навсегда с Джунаид-ханом, а этот последний, чтобы снова сесть на коня и взяться за ружье. Джунаид-хан не мог не знать, что в единоборстве туркменских повстанцев с красной армией все шансы успеха на стороне последней. Джунаид-хан должен был в этом убедиться после гибели одного из самых отважных главарей туркменских повстанцев Якши-Гельды в сентябре 1925 года» [9, 540-541 с.].

В этот том также входит знаменитое произведение Мустафы Чокая “Туркестан под Советской властью”, написанное на русском языке. Это произведение было издано сначала в Париже в 1928 году. Данное произведение, вошедшее в книгу, состоит из предисловия, 9 частей, таких как “Теория обмана”, «Первые Советы раб[очих], солд[атских] и крестьянских депутатов в Туркестане», «Первые шаги большевиков в Туркестане», «Провозглашение Автономии Туркестана (Кокандское правительство)», «Советская власть в Туркестане», «Предпосылки и причины голода в Туркестане», «Дальнейшая политика Советской власти в Туркестане», «Советизация Бухары и Хивы. Раздробление Туркестана», «В «национальных» республиках Туркестана», и заключения.

В части данного произведения о советизации Бухары и Хивы, а также о распаде Туркестана следующим образом показан процесс принудительной ликвидации Бухарского эмирата и Хивинского ханства советским режимом:

«Свергнуть эмира Бухарского и хана Хивинского было поэтому делом весьма нетрудным, ибо держались у власти они не в силу народного признания, а, как сказал выше, силою русских штыков, оберегавших их от их же собственных «верноподданных». Но зверства советской власти в Туркестане способны были удержать хивинцев и бухарцев от каких бы то ни было шагов, могущих привести на место власти Сеид-Асфендиара и Сеид-Мир-Алима власть русских большевиков. Больше того, когда весной 1918 года, после разгрома Коканда и свержения Кокандского Правительства, советские войска двинулись на завоевание Бухары, то последняя оказала жесточайшее сопротивление и власть эмира как будто даже укрепилась в стране. Соблюдал эмир Бухарский свое слово об обещанных в первые дни Февральской революции скромных реформах в области управления страной, быть может, он мог бы удержаться на своем месте значительно дольше. Ибо опыт туркестанских большевиков был слишком страшен. Однако, эмир

Бухарский, как и его «коллега» хан Хивинский были от природы неспособны на отмену царства бесправия. Невероятные жестокости в отношении самых мирных сторонников введения новых, более человеческих начал в систему управления страной, порки и казни, совершавшиеся бухарским властелином в особенности, сделали свое дело. Младобухарцы, удовлетворявшиеся скромной «конституцией по шариату», не выдержали и пошли на соглашение с большевиками. Последние обещали младобухарцам независимость и отказ от какого бы то ни было вмешательства во внутренние дела Бухары. Помощь деньгами и техническими советниками для приведения в должный порядок дело организации управления страной были обещаны в самых широких размерах...

Была советизирована и Хива. Оба эти ханства были провозглашены «Народными республиками», независимыми от советской России. Договором от 13 сентября 1920 г. с Бухарой и от 4 марта 1921 года с Хорезмом (так была переименована Хива) советское правительство признало полную самостоятельность и независимость этих стран от России. Но договоры эти оставались «клочками бумаги» и советское правительство распоряжалось в Бухаре и Хорезме так же свободно, как и в остальном Туркестане. Бухарские и Хорезмские «назиры» (так назывались комиссары этих «народных республик»), пытавшиеся, ссылкой на договоры, отстаивать хотя бы видимость внутренней независимости своей страны, подвергались арестам и увозились в Москву. Так продолжалось до осени 1924 года, когда, по приказу из Москвы, в Туркестане, Бухаре и Хорезме съезды партии и советов стали выносить постановления о так называемом *«межнациональном государственном разграничении Туркестана»*.

Ни в одной «колонии» нет такого национального единства, как именно в Туркестане. Здесь единственная нетурецкого происхождения национальность – это таджики, общей численностью немного превышающие полумиллиона душ. Все остальное коренное население Туркестана – турки по крови и по языку. Межнациональное разграничение, в строгом смысле этого слова, могло быть только в отношении вот этих групп: с одной стороны – таджики и с другой – около 12 миллионов турков. Но советская власть думала о другом» [8, 427-429 с.].

В статье Мустафы Чокай под названием «О бывшем эмире Бухарском Сеид-Мир-Алим-Хане» речь идет о последнем эмире династии мангытов в Бухаре, Саиде Алимхане, жившем в 1931 году, когда была написана эта статья, уже десять лет в Кабуле в бегах, и в данной статье автор резко относится к бывшему эмиру и к его бездействию в борьбе против большевиков. Отношения между Амиром Саидом Алимханом, Энвер Пашой и Ибрагимбеком курбаши изображены в статье данным образом:

«1921-й год. В Восточной Бухаре появляется Энвер-паша. Сеид-Мир-Алим-Хан начинает исподволь интриговать против него из опасения, что, в случае успеха, Энвер-паша может или сам стать во главе Бухары (а

может быть, всего Туркестана) или же даст выход к власти «младобухарцам», сам будучи младотурком, т.е. в глазах Сеид-Мир-Алима почти что «поганим революционером». Об этом ныне пишут даже большевистские источники. Но и Энвер не знает настоящего положения Бухары и настроения страны. Он становится «главнокомандующим войсками повелителя священной Бухары», и это в крайней степени отрицательно отражается на ход событий. Большинство повстанческих сил отказывается следовать Энверу, в виду его нового положения, - как бы сторонника эмира. Не обошлось и не без интриг со стороны некоторых честолюбивых дураков, которые восхотели «делить с Энвером власть», считая бесконтрольное пребывание во главе вооруженных сил турецкого «генерала» опасным экспериментом. Эмир пользуется подчиненным положением Энвера и назначает к нему, в качестве секретного наблюдателя за ним, недавно пойманного большевиками главаря бухарских повстанцев Ибрагим-бека. Этот последний старается из всех сил «отбить» у Энвера славу. В результате – неудача энверовской кампании...

Сеид-Мир-Алим-хан продолжал оставаться в Афганистане и при Надир-шахе. Ближайший сотрудник б[ывшего] бухарского эмира Ибрагим-бек на стороне Бача-и-Сака вел борьбу и против Надир-шаха. В 1930 году Ибрагим-бек был захвачен афганскими войсками и доставлен в Кабул, где содержался под охранной. Затем через некоторое время он оказался вновь на свободе, произвел набег на Таджикистан, попался в руки большевиков» [10, 34-36 с.].

В статье Мустафы Чокай «К десятилетию смерти Энвера», написанной в 1932 году, почитается память о турецком военном полковнике Энвере Паше, павшем 4 августа 1922 года в Восточной Бухаре в одной из битв против красноармейцев при борьбе за национальную независимость Туркестана, а также описывается его политическая и военная деятельность в Туркестане. Автор следующим образом описывает деятельность Энвера Паши в Бухаре:

«И вот поздней осенью 1921 г. Энвер внезапно появляется в Бухаре...

Правительство Бухарской Народной Республики, с Осман-беем во главе, решило воспользоваться авторитетом Энвера и его связями в Москве, чтобы положить конец большевистскому безобразию в Бухаре и добиться, наконец, соблюдения Москвою договора о независимости Бухарской Республики. Энвер соглашается быть посредником между Бухарой и Москвою, и вот его первое обращение к московскому правительству (приводится полностью):

«Через независимую Бухару, под революционным водительством дружественной Сов[етской] России, мы успешно выполним нашу миссию об освобождении мусульманской Азии от британского империализма. Прошу Московский совет народных комиссаров отозвать из пределов Бухары красные войска, которые ведут себя здесь, как вражеская армия в

оккупированной стране. Их содержание отнимает кусок хлеба из рук голодающего мусульманского населения, среди которого день ото дня растет недовольствие Сов[етской] Россией. Необходимо немедленно прекратить реквизицию и вывоз из страны продуктов питания и ценных товаров. В Восточной Бухаре происходит восстание. Оно может перекинуться и в другие части республики. Стоящие во главе управления бухарцы-комиссары терроризированы отрядами чекистов и русскими войсками и лишены возможности действовать самостоятельно. Брожение растет и среди революционеров-младобухарцев. Предупреждаю советскую власть об опасности на самом важном для нее Восточном фронте. Необходимо предоставить бухарскому народу полную возможность самому устраивать свою жизнь. По поручению бухарского народа, я беру на себя представительство его интересов при предстоящих переговорах с делегатами Советской России. Прошу ускорить ответ на мое обращение, назначить своих уполномоченных и указать время и место встречи. С своей стороны предлагаю конец декабря (1921 г.) и город Бухару».

Советское правительство ответило на это обвинением Энвера... «агентом британского империализма»...

На стороне Советской России все преимущества военной силы. Она держит в своих руках все жизненные центры страны, все пути сообщения. Продовольствие в ее руках. Энвер мог сообщаться с отдельными частями обширного Туркестана только через посредство конных гонцов. Нет вооружений, нет продовольствия. Прибавьте к этому подлые интрижки мелких личностей, заводящих в среде национальной организации споры о социализме, как будто в Туркестане шла в то время борьба за какие-то социалистические реформы...

И Энвер гибнет смертью героя за освобождение Туркестана.

И через десять лет после его смерти московские «красные войска ведут себя в Туркестане, как вражеская армия в оккупированной стране»...

Наступит ли день освобождения нашей страны от этой поистине вражеской армии!

Мы верим, что этот день наступит. И тогда прах Энвера из отдаленного уголка Туркестана будет перенесен в центр, в столицу свободного независимого Туркестана. И память о нем будет жить вечно в сердцах туркестанцев» [10, 302-303 с.].

На самом деле, яркая память об Энвере Паше навеки сохранилась в сердцах туркестанцев. Как и предсказывал Мустафа Чокай, после распада СССР и образования независимых государств Центральной Азии, 4 августа 1996 года прах Энвера Паши был привезен из деревни Балджуван Таджикистана в Турцию и был торжественно похоронен в знаменитой площади в Стамбуле.

Статья Мустафы Чокай “Басмачество”, написанная в 1933 году, посвящена сущности и причинам упадка движения за независимость в Туркестане. Статья заканчивается следующими мнениями:

«Басмачество родилось, как движение общенациональное, как борьба за национальное самоопределение, как борьба против колонизаторских безобразий советской власти в Туркестане.

Если бы народ наш не восстал единым фронтом против московских колонизаторов, если бы он, хотя и безоружный и голодный, не поднял борьбу за свои права, он заслужил бы презрение потомства.

Да, в басмаческом движении были ошибки, недостатки. И крупные ошибки и недостатки. Но это – следствие колонизаторской политики России, лишившей нас света просвещения. В революцию мы проснулись точно после длительной тяжелой болезни с расслабленным организмом. Мы еще нетвердо стояли на ногах. Руки сжимались слабо. Мы не имели еще навыка пользоваться оружием. Да его у нас в то время и не было...

Басмачество в борьбе против советской власти потерпело неудачу. Тому были причины технического и организационно-политического характера.

Но ни ошибки и ни неудачи басмачества не должны скрыть от нашего мысленного взора того, что оно возникло как всенародное движение Туркестана в борьбе против колонизаторских безобразий и за национальное самоопределение.

Слава борцам, павшим под этим знаменем!

Слава оставшимся верным этому знамени!» [11, 30 с.].

Литература:

1. *Мустафа Шокай: политик и ученый.* Материалы международной научной конференции «Мустафа Шокай: политик и ученый». 15 октября 2015 г. г. Алматы. – Алматы: Арыс, 2015. – 288 стр.

2. *Мустафа Шоқай.* Шығырмаларынын толық жинағы. Он екі томдық [Том I–XII]. Қурастырған, алғы соз бен тусіндіртелерді жазған Кошім Есмағамбетов. Том III. 1925 – 1929. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2012. – 668 + IV бет.

3. *Туркестан в начале XX века: к истории истоков национальной независимости.* Научный редактор Р.Я.Раджапова. – Ташкент: Шарк, 2000. – 688 стр.

4. *Мустафа Чокаев.* Отрывки из воспоминаний о 1917 г. – Токио-Москва, 2001.

5. ЦГА Узбекистана, ф.17, оп.1, д.90, л.329.

6. *Раджабов К.К.* Истиклолчилик ҳаракати в Ферганской долине: сущность и основные этапы развития (1918-1924 гг.). Автореферат дисс... канд.ист.наук. – Ташкент, 1995. – 32 стр.; *Раджабов К.К.* Вооруженное движение в Туркестанском крае против советского режима (1918-1924 гг.). Автореферат дисс... докт.ист.наук. – Ташкент, 2005. – 64 стр.

7. *Мустафа Чұқай ұғли*. Босмачилик (на тюркском языке арабской графики) // "Yach Turkistan". 1933. № 39. –Б.4-8.

8. *Раджабов К.К.* Мустафа Чокай рассказывает в XXI веке (Пролистывая 12-томный сборник полных произведений великого политического и государственного деятеля...) // Туркестанский сборник. №5. –Тараз, 2017. –С.47-79.

9. *Мустафа Шоқай*. Шығырмаларынын толық жинағы. Он екі томдық [Том I-XII]. Курастырған, алғы соз бен тусіндіртелерді жазған Кошім Есмағамбетов. Том IV. 1929 – 1930. –Алматы: «Дайк-Пресс», 2012. – 532 + II бет.

10. *Мустафа Шоқай*. О басмаческом движении в Туркестане // Мустафа Шоқай. Шығырмаларынын толық жинағы. Он екі томдық [Том I-XII]. Курастырған, алғы соз бен тусіндіртелерді жазған Кошім Есмағамбетов. Том III. 1925 – 1929. –Б. 539 – 540.

11. *Мустафа Шоқай*. О бывшем эмире Бухарском Сеид-Мир-Алим-Хане // Мустафа Шоқай. Шығырмаларынын толық жинағы. Он екі томдық [Том I-XII]. Курастырған, алғы соз бен тусіндіртелерді жазған Кошім Есмағамбетов. Том VI. 1931 – 1933. –Алматы: «Дайк-Пресс», 2013. – 523 + IV бет.

12. *Мустафа Шоқай*. Басмачество // Мустафа Шоқай. Шығырмаларынын толық жинағы. Он екі томдық [Том I-XII]. Курастырған, алғы соз бен тусіндіртелерді жазған Кошім Есмағамбетов. Том VII. 1933 – 1934. –Алматы: «Дайк-Пресс», 2013. – 571 II бет.

УДК 950 (574): 950 (479.22)

MUSTAFA SHOKAY AND THE DEMOCRATIC REPUBLIC OF GEORGIA (1919-1921)

Saralidze L.

Research Institute of Regionalism, Tbilisi (Georgia)

Key words: Georgia, Turkestan, M. Shokay, I. Odishelidze, N. Ramishvili, N. Chkheidze, A. Chkhenkeli, P. Renaudel.

Mustafa Shokay (1890-1941) was Kazakh political activist, publicist, scholar, statesman and public figure, ideologist of the struggle for freedom and independence of the Common Turkestan. He was one of the most eminent workers for an independent Turkistan.

Mustafa Shokay was born on December 25, 1890 in the city of Akmechit (now Kyzyl-Orda, Kazakhstan). The Turkestan side was administratively part of the Russian Empire. The Russians launched an offensive into the Kazakh steppe in the 18th century, and by the mid-19th century they nominally ruled all of

Kazakhstan as part of the Russian Empire. After the Russian Revolution of 1917, the territory of Kazakhstan was reorganized several times.

In 1910–1917 M. Shokay studied at the Faculty of law of the University of St. Petersburg. During study in St. Petersburg, he was trying to protect not only the interest of his countryman, but the whole Kazakh nation. On October 27, 1917, a message was received in Tashkent about a coup d'etat in Petrograd and the overthrow of the power of the Provisional Government [8, 64 p.].

Until 1917, before the October Revolution in Russia, Mustafa was a member of the State Duma and took an active part in the political life of the Turko-Tatar peoples [6, 222-223 p.p.]. Working in the Duma of Russia, M. Shokai met with prominent Muslim political leaders of Russia and became friends with Ahmad Zaki Validi, the future chairman of the Bashkir autonomy. While working in the Russian Duma, he also met with Georgian politicians, who later became members of the government of the Democratic Republic of Georgia. Mustafa Shokay was especially familiar with Nikolay (Karlo) Chkheidze (1864-1926), who in 1907-1917 was a deputy of the State Duma of the Russian Empire of the 3rd and 4th convocations from the Tbilisi province, where he also headed the Social Democratic faction since 1912. Later he became speaker of the parliament and the Constituent Assembly of the Democratic Republic of Georgia (1918-1921).

Since 1917, close political and personal ties have been established between Azerbaijanis, Georgians, Ukrainians, North Caucasians and Turkmens. Many politicians have known each other since 1905.

Since November 1917, Mustafa Shokay was the Minister of Foreign Affairs of the Turkestan Autonomous Republic (Republic of Kokond), and then the Prime Minister. He was a member of Turkestan committee of Interim Government and after he was elected as a chairman of Turkestan's national committee. On 10 December 1917 the project of creating autonomy was submitted. On the 4th Congress in Turkestan, Turkestan autonomy, known as the Kokand Autonomy. After overthrowing the Russian Provisional Government was declared in Petrograd during the armed uprising on October 25, the Bolsheviks carried out popular measures for the people in the election-Russian Constituent Assembly of Russia. But in election November 12, 1917 the Bolsheviks received only 23.9% of the vote against 40.4% for the Right Socialist-Revolutionaries. In such circumstances, the Kokand government announced its intention to create on March 20, 1918, its parliament by universal direct, equal and secret ballot. Two thirds of the seats in parliament were for Muslim MPs and one third – representatives of non-Muslims. The existence of such a parliament was to be the first step towards the democratization of Turkestan. On April 30, 1918, the Kokand autonomy was proclaimed.

On February 11, 1918, the Bolsheviks sent troops to Kokand. Mustafa Chokay's government was overthrown on February 18, 1918. Armed with machine guns and cannons, Kokand was completely destroyed. M. Shokay moved to Tashkent via Fergana. At that time Mustafa Shokay was at the time the youngest politician,

who supported Turkestan Autonomy, but opposed separatism. When he was in hiding, Mustafa met his old friend Maria Gorina, whom he married in April, 1918. M. Shokay considered the Soviet Government of Russia as an enemy of the Turkestan people.

In April 1918 M. Shokay was invited to Samara to a meeting of the participants of the Constituent Assembly. On May 1, 1918, M. Shokay, under a false name, accompanied by his wife, leaves Tashkent, visits Chelyabinsk, Ufa, Uralsk, Samara, and then leaves for the Caucasus. In 1919 Mustafa Shokay decided to emigrate through Baku and Tiflis [1, 169 p.]. Traveling through the Kazakh steppe and the Caspian Sea, Mustafa Shokay manage to safely arrived in Baku, Azerbaijan, then moved to Tbilisi, Georgia, where he lived with his wife of two years, from May 1919 to February 1921.

From Georgia Mustafa Shokay actively continued the anti-Bolshevik and anti-Russian struggle. At the same time, he was a pragmatic politician and well aware, that the leading Western powers would not really accept neither the countries of the Caucasus or Turkestan under their protection. During his stay in Tbilisi, Mustafa Shokay actively cooperated with members of the Ukrainian mission in the Democratic Republic of Georgia (independent Ukraine did not exist since February 1918). In November 1919, a common organ in Russian was published in Tbilisi „На рубеже“ („At the Border“). This newspaper was supported by the National Center of Turkestan. Since 1919, Mustafa Shokay actively worked for the unification of Turko-Tatar, Slavs and Georgians peoples. His activities were supported by the government of the Democratic Republic of Georgia.

Mustafa Shokay knew the Georgian general, Commander-in-Chief of the Armed Forces of the Democratic Republic of Georgia, Iliia Odishelidze (1865-1925). Iliia Odishelidze served, from 9 November 1911 to 9 January 1914, a governor general of Samarkand and was moved afterwards as a chief of staff of the Turkestan Military District. For the first time, in 1913, 23-year-old Mustafa Shokay met a Georgian general in Turkestan. The Georgian general told the young politician about the housing policy of the government of the Russian Empire. The authorities of Tsarist Russia did not take into consideration the interests of the local, indigenous Muslim population, because they only cared about the welfare of the Russian population in Turkestan. Mustafa Shokay met the Georgian general for the second time in 1919, during his stay in Tbilisi.

In Baku and Tbilisi, Mustafa Shokay held active meetings with diplomatic and military representatives of leading Western countries, where he sought to clarify the issue of Turkestan with the leaders of Western States. The French government is, also, paying attention to the political situation in Turkestan. At the end of 1919, the representative of the French mission in the Caucasus, Major De Nonancour, in his report to the Minister of War of France, said that the chairman of the Committee for Convening the Turkestan's Constituent Assembly - Mustafa Shokay, was well aware of the current political situation... M. Shokay understands the independence of Turkestan and the Caucasian republics as an

interconnected, single problem. Therefore, he does not separate the position of the Western powers regarding Azerbaijan or Georgia from Turkestan [1, 170 p.].

In Tbilisi, Mustafa Shokay met with a member of the French parliament, one of the leaders of the Second Socialist International, Pierre Renaudel (1871-1935), who, in September 1920, as a member of the Second Socialist International, was also in the Democratic Republic of Georgia. Later, in 1928, Pierre Renaudel wrote a preface for the work of Mustafa Shokay: „Among the Soviets in Central Asia, Response to the French Communists“ [4, 457 p.].

Mustafa Shokay respected Georgian politicians very much, maintained close relations with them both during his stay in Georgia and in exile [7, 4-5 p.p.]. They had one common idea - the freedom of their countries and the struggle for independence.

Mustafa Shokay attached great importance to the views of the first chairman of the government of the Democratic Republic of Georgia and then the Minister of Internal Affairs, Noe Ramishvili (1881-1930). According to Noe Ramishvili, the struggle for national freedom should be based not on hatred of other nations, but on one's own national identity and a full understanding of the national rights of each country. Mustafa Shokay considered Noe Ramishvili as a great friend of the Caucasian and Turkestan peoples [3, 102-105 p.p.].

Mustafa Shokay objectively assessed the role and importance of an independent Georgia for freedom-loving peoples. On March 3, 1921, in the days of the Russian-Georgian war, he published an article in the local newspaper „The struggle for the independence of Georgia and Muslims“, in which he wrote: „The Russian Bolsheviks considered the practical implementation of their long-term plan in the Caucasus and throughout the Middle East. The only country that could and does pose a serious obstacle (both ideologically and physically) to the advancement of the Moscow Communists is Georgia, which is experiencing the days of the greatest tragedy. As a sovereign state recognized by the whole world, Georgia has always been „if you can say so“ the „state“, that the Bolsheviks opposed and regarded as „so-called“. Thus, the invasion of Soviet troops in Georgia can be considered only a national policy of the Soviet Government, as a logical conclusion... The tragedy of Georgia is the tragedy of all the peoples of Asia Minor, also, for the hungry people, who have partially embarked on their path of national liberation ... Without a free, independent Georgia, a free and independent Caucasus cannot exist. Helping Georgian Muslims in the Caucasus means helping themselves. For the peoples of the Caucasus, removing Georgia from the agenda is the same as denying the issue of self-determination of Azerbaijan and the North Caucasus... Under the flag of Georgia's independence, one must fight for an independent Azerbaijan, for an independent North Caucasus“ [5, 268-270 p.p.].

Mustafa Chokay had close relations with the Minister of Foreign Affairs of the Democratic Republic of Georgia, Akaki Chkhenkel (1874-1959). They had a close relationship in emigration to France. After the occupation of Georgia by

Bolshevik Russia, Akaki Chkhenkeli was the ambassador of the Democratic Republic of Georgia to France, where the Georgian mission officially existed until July 1933. Akaki Chkhenkeli wrote an extensive letter for the memory of Mustafa Chokay, about his death in which he recalls: „I knew Mustafa a little, from the words of our Karl (N. Chkheidze), who spoke in the State Duma on the domestic policy. Mustafa was still a very young student, but it was obvious that without him as secretary, the Muslim faction of the State Duma could not have gone far. Years passed, St. Petersburg became Petrograd, Petrograd Lenin-grad, and we found ourselves outside the borders of Russia! Even before that, Mustafa ended up in Tbilisi (Tiflis), but we hardly met there, because I was busy with conferences, now in Trebizond, now in Batum, at the head of the delegation, first of the Transcaucasian, then Caucasian federation. Mustafa was busy with the press and noted in his newspaper, by the way, how our republics, one after another, ran aground“ [2, 324-326 p.p.].

The disappearance of the Independent Republic of Ukraine (February 5, 1918) and the overthrow of the Independent Republic of Georgia (February 25, 1921) dealt a serious blow to the national movement of the peoples of the Caucasus and Turkestan.

After the Russian-Georgian war, in February-March 1921, which led to the violent annexation-occupation of the Democratic Republic of Georgia, Mustafa Shokay together with members of the government of the Republic of Georgia, emigrated to the Ottoman Empire, and from there to France.

References

1. АЙГУЛЬ КИСТАУБАЕВА, *POLITICAL ACTIVITIES OF MUSTAFA CHOKAI DURING THE PERIOD OF EMIGRATION TO FRANCE*, journal *HISTORY, ARCHAEOLOGY, ETHNOLOGY*, P.P.167-186, #3, Publisher: Gori State University, (Georgia), 2020.
2. А. Чхенкели, бывший член Государственной Думы и министр иностранных дел Грузии, *Памяти моего друга Мустафы Чокаева*, Яш Туркестан, Париж, 1949–1950, МҰСТАФА ШОҚАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Он екі томдық, Он бірінші том (11), p.p. 324-326, Алматы, 2014.
3. Mustafa Shokay, *Les obsèques de Ramichvili, Discours de M. MOUSTARNA TCHOKAIEV, Représentant de l'Union Nationale Turkestanienne*, journal *Prométhée*, Paris, Janvier 1931. №50. pp. 11-12; МҰСТАФА ШОҚАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ, Он екі томдық, Бесінші том (V), p.p. 102-105, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, 2013.

4. MOUSTAPHA TCHOCAIEFF, Chez les Soviets en Asie Central, Réponse aux communistes français, Avec préface de PIERRE RENAUEDEL, МҰСТАФА ШОҚАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ, Он екі томдық, Үшінші том (3), Алматы, 2012.
5. Mustafa Shokay, БОРЬБА ЗА НЕЗАВИСИМОСТЬ ГРУЗИИ И МУСУЛЬМАНЕ, Батумская жизнь. Батуми. 1921. 3 марта. № 198; МҰСТАФА ШОҚАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ, Он екі томдық, Екінші том (II), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, р.р. 268-270, 2012.
6. Мусульманские депутаты Государственной думы России 1906–1917 гг. Сб. док. и материалов, с.с. 222–223, Уфа, 1998.
7. Лела Саралидзе, Мустафа Шокай и Грузинская политическая эмиграция, «Кызылординские вести», #183 (18.470), стр. 4-5, 5 декабря, 2017.
8. Туркестан в начале XX века: к истории истоков национальной независимости Ташкент, Академия наук Республики Узбекистан, Институт истории, Научный редактор доктор исторических наук Р. Я. Раджапова, 2000.

УДК 950 (574): 950 (479.24)

MUSTAFA ÇOKAY VE AZERBAIJAN SIYASI MUHACERETI

Dilgam A.

İstanbul Üniversitesi Doktora Öğrencisi

“Çapar” Tarih Dergisi Editörü

Türkistan siyasi liderlerinden Mustafa Çokay'ın muhaceret hayatının ilk yılları Kafkasya'da geçmiştir. 1919 yılının evvelinde o, Krasnovodski'den gemi ile Bakü'ye geçmiş, Türkistan'a coğrafi bakımdan yakın olması dolayısıyla çalışmalarını Azerbaycan'da devam ettirmeyi uygun görmüştür. O, Azerbaycan'a ulaştığı sırada bu ülkede bağımsız bir cumhuriyet kurulmuş, Osmanlı'yla yapılan Batum Antlaşması sonucunda Bakü şehri işgalden kurtarılmıştır. Bakü'de kısa süre yaşadıktan sonra Çokay 18 Mart 1919'da Gürcistan Hükümetinin Bakü'deki temsilcisi Y.Kartsevadze'den bir belge alarak Azerbaycan'dan ayrılıp Gürcistan'a gitmiştir.

Mustafa Çokay'ın Azerbaycanlı siyasi liderlerle ilk temaslarının bu dönemde kurulduğunu varsaymak mümkündür.

1920'de Rusya'nın Azerbaycan Cumhuriyeti'ni işgalinden sonra Azerbaycan siyasi liderleri önce Gürcistan'da sonra da Türkiye'de bağımsızlık mücadelesini başlatmıştır.

Azerbaycan Milli Şura Reisi, Müsavat Partisi lideri Mehmet Emin Resulzade'nin İstanbul'a gelişinin ardından 1922 yılının sonunda siyasi muhaceretin tek bir örgüt etrafında birleştirilmesi süreci başlamıştır. Resulzade, partinin dış bürosunu kurmanın yanı sıra, ilk muhacir dergisi *Yeni Kafkasya*'yı da kurmuştur. 15 günde bir yayınlanan, edebi, sosyal ve politik yazıları içeren *Yeni Kafkasya*'nın 1923-1927 yılları arasında 95 sayısı yayınlanmıştır. Dergiye 139 imzalı makale gönderilmiş, 374 imzasız makale yayınlanmıştır. Dergide, Resulzade'nin yanı sıra Zeki Velidi Togan, Ayaz İshaki, Sadri Maksudi Arsal, Yusuf Akçura, Abdullah Battal Taymas, Cafer Seydahmed Kırimer, Mustafa Çokay ve diğerlerinin yazıları da yer almıştır.

Çokay'ın Azerbaycan siyasi muhaceretiyle önemli temaslarının *Promete Cemiyeti* ve *Yeni Kafkasya* dergisi aracılığıyla kurulduğunu varsaymak mümkündür. Bu dergide Çokay'ın iki makalesi yayınlanmıştır:

1. Ermeni Meselesinde Rus Siyaseti (Yeni Kafkasya, Yıl; 4, sayı 11-12, 18 Mart 1927)
2. Rusya Devleti'nin İran Siyaseti (Yeni Kafkasya, Yıl; 4, sayı 13, 1 Nisan 1927)

Çokay'ın Azerbaycan muhacir yayınları olan *Azeri Türk, İstiklal, Kurtuluş, Azerbaycan Yurt Bilgisi; Odlu Yurt* gibi dergilerde de makaleleri yayınlanmıştır.

M.Çokay bu ilişkileri çerçevesinde başyazarlığı ile yayımlanan *Yaş Türkistan* dergisinde Azerbaycan'ın önemli günleri ile ilgili yazılar yayımlatmıştır. Derginin Mayıs 1931 tarihli sayısında Azerbaycan Cumhuriyeti'nin ilan edilmesinin 13. yıldönümü anısına “*Azeri kardeşlerimize*” ve “*28 Mayıs Azerbaycan Millî İstiklal Günüdür*” başlıklı makale yayınlanmıştır. Makalede kullanılan kelimeler Çokay'la Azerbaycan liderleri ile olan ilişkilerini yansıtmaktadır.

“Ey Azeri kardeşimiz! Unutmayın ki, biz Türkistanlılar her zaman ve her yerde, tarihin her döneminde sizinle beraberiz, sizin istiklâl bayrağınız sizin için mukaddes olduğu gibi bizim için de mukaddesi. Her zaman her yerde sizinle beraber istiklâl bayrağınızı elimizden geldiği kadarıyla müdafaa edeceğiz. Yaşasın hür ve müstakil Azerbaycan! Yaşasın hepimiz için kıymetli olan millî azatlık ve istiklâl mefkuresi uğrunda millî mücadele cebhesinde kardeş birliğimiz”.

Promete Dönemi

Mustafa Çokay ile Azerbaycan siyasi muhacereti arasındaki ilişkiler, Promete Cemiyeti'nin kurulmasıyla ilerlemiştir. Promete Hareketi'nde Ermeniler ve Beyaz Ruslar dışında Sovyetler Birliği'nden olan bütün devletlerin siyasi muhacir teşkilatları; Gürcü Sosyalistler, Azerbaycan'dan Müsavat Partisi, Kırım Türkleri'nin Milli Partisi, Türküstan'ın Milli Türkistan Birliği ve Kuzey Kafkasya Tatar grupları iştirak etmekte idi. Ukrayna'yı Roman Smal Stotski, Şulgin, Azerbaycan'ı Mehmet Emin Resulzade, Mir Yakup Mehdi, Türkistan'ı Mustafa Çokay, Gürcistan'ı Jordaniya, Kvazava, Kuzey Kafkasya'yı Sait Şamil, Hurşilov, Tausultan Şakmanov, Kırım'ı Cafer Seydahmed Kırimer, İdil-Ural'ı Ayaz İshaki temsil etmekte idi.

Hareketin kuruluş fikri M.E.Resulzade ve Z.V.Togan'a aittir. Cemiyetin aynı isimle yayın hayatına başlayan dergisinde Mehmet Emin Resulzade 37 makale, Mustafa Çokay 31 makale yazmıştır. M.Çokay Azerbaycanlı Mustafa Vekilli ile beraber Promete'nin İstanbul şubesinde temsil olunmuştur.

Promete Cemiyeti'ndeki faaliyeti sırasında Mehmet Emin Resulzade ile Çokay arasında ilişkiler ilerlemiştir. Bu dönemde ermeni yazar Zarevand'ın Rusça yayınladığı *Türkiye ve Panturanizm* adlı eseri, Promete dergisinin yönetiminde Türk ve Gürcü gruplar arasında yanlış anlaşılmalara neden olmuştur. Kitapta Türkiye'nin asıl maksadının dünyaya tehlike yayacak olan Panturanizm düşüncesini yaygınlaştırarak Kafkasya'dan başlayarak Hazar Denizi ötesindeki Türkistan da dahil olmakla, bütün Türk bölgelerini işgal ederek sınırlarını Moğolistan'a kadar uzatmaktır. Bu siyasetin ilk kurbanları Kafkasya ülkeleridir.

Bu iddialara cevap olarak Mehmet Emin Resulzade ve Mustafa Çokay makaleler yayınlamıştır. Çokay, Promete dergisinde bu maksatla yazdığı makalesinde Mustafa Kemal Türkiye'sinin Panturanizmle hiç bir ilişkisinin olmadığını, Türk toprakları'nın Türkiye tarafından işgal edilme gibi düşüncelerinin olmaması ve bu gibi terimlerin Panturanizm ve Pantürkizm kavramlarının Sovyetler tarafından gündeme getirilerek iç ve dış siyasetlerinde Türk kadroların tafsiyesi için araç olarak kullandıklarını anlatarak asıl Mustafa Kemal Türkiye'sinin temel siyasetinin Panturanizm ve Pantürkizm olmadığını bildirmiştir. Derginin editörü Gvazawa bu gibi yazıların gelecekte kurulması düşünülen Kafkasya Konfederasyonu için zararlı olacağı bildirilmiş ve hatta katıldığı toplantılarda Ermeniler aleyhinde yazılacak yazılara izin vermeyeceğini belirtmiştir. Bu yaklaşım da Resulzade ve Çokay tarafından protesto edilmiştir. Sovyetler Birliği'nin Milletler Cemiyeti'ne kabul edilmesinden sonra Promete Hareketi'ndeki Dış Türk liderler Türk gruplarının bir araya gelerek cephe oluşturmuştur. 1936 Nisan tarihinde Paris'te yapılan toplantıda İdil-Ural adına

Ayaz İshaki, Türkistan adına Mustafa Çokay, Kuzey Kafkasya adına Mehmet Girey, Azerbaycan adına Mehmet Emin Resulzade ve Mustafa Vekilli, Kırım adına Cafer Seyidahmet Kırimer iştirak etmiştir. 17-26 Nisan tarihleri arasında oturumlar şeklinde devam eden toplantı sonucunda Rusya Esiri Türk İlleri Cephe Birliği adı altında ortak bir yapılanma oluşturulmasına karar verilmiştir. Cephenin başkanı Cafer Seyidahmet Kırimer, genel sekreteri ise Mustafa Çokay seçilmiştir.

SSCB'nin Milletler Cemiyeti'ne alınması ile ilgili verilen notada Azerbaycan adına Mir Yakup, Kuzey Kafkasya adına Tausultan Şakman, Gürcistan adına eski Fransa konsolu Çhenkeli, Türkistan adına Mustafa Çokay, Ukrayna adına Demokratik Ukrayna Cumhuriyeti'nin MC'nde eski temsilci Şulgin imzalamıştır.

Bu gibi olaylar bazı anlaşmazlıklara rağmen önemli konularda Azerbaycan ve Türkistan siyasi liderlerinin ortak karar aldıklarını göstermektedir.

Mustafa Çokay ile Azerbaycanlı siyasi liderler arasındaki yazışmalar çoğunlukla iç meselelerle ilgiliydi. Çokay'ın Azerbaycanlı Alimerdan Topçubaşı, Mustafa Vekilli, Mehmet Emin Resulzade, Abbas Atamalibeyov, Ali Azertekin ile yazışmaları mevcuttur. Promete dahilindeki ve Azerbaycanlı liderler arasındaki çatışmalar bu mektupların metinlerinde açıkça görülmektedir.

Çokay'ın vefatından sonra M.E.Resulzade “Çokay oğlu merhum için” isimli makale yazmıştır. Resulzade makalesinde 1921 senesinde onun Paris'te sıkıntılı bir hayat yaşadığını anlatmıştır.

Kaynakça:

- 1.Köşim Yesmagambetov, Mustafa Çokay Türkistan Bağımsızlık Mücadelesine Adanmış Bir Ömür. İstanbul, 2015.
- 2.Darhan Hıdıraliyev. Mustafa Çokay Hayatı, Faaliyetleri ve Fikirleri. Ankara, 2007.
- 3.Resulzade M.E. “Yeni Kafkasya Yazıları (1923 - 1927)”. Ankara, 2017
- 4.Andican A. Cedidizm'den Bağımsızlığa Hariçte Türkistan Mücadelesi. İstanbul, 2020.
- 5.Giorgi Mamulia - Ramiz Abutalibov. Ateş Ülkesi. Özgürlük ve Bağımsızlık Savaşında Azerbaycan Siyasi Muhacereti Tarihi 1920/1945. İstanbul, 2017.
- 6.Aynur Huseynova, Muhaceretteki Azerbaycan Türklerinin Faaliyetleri ve Promete Hareketi (1920-1941). Yayınlanmamış doktora tezi, Ankara, 2018.
- 7.Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: Дайк-Пресс, 2014.

8.Çokayoğlu. (1930). “La question d’un etat toranien”. Promethee, 38, 9-14.

Ekler:

М.Э. РАСУЛЗАДЕ^[1] – М. ЧОКАЮ

18. 03. 1938.

Варшава

MILLÎ AZERBAJCAN «MÜSAVAT»

HALK FIRKASI DİVANI Varşova. 18 Mart 1938

**Türküstan Millî Birliđi mümessili ve «Yaş Türkestan»
mecmuası başmuharriri Mustafa Çokay Ođlu Beye**

Efendim,

Berlinde Millî Azerbaycan teşkilâtını temsil eden, Azer. Millî kurtuluş hareketinin naşiri efkârı «Kurtuluş» mecmuasının mes’ul müdürü ve teknik redaktoru, «Müsavat» Fırkası Divan âzasından Hilal Münşi Bey için, dostlar yanında, Gestapo ajanıdır, diye isnadda bulunmuş ve bu suretle millî iş adamının namusuna leke sürmüşsünüzdür.

Bu hususun bitaraf bir hakem huzurunda isbatına hazır olduğunuzun beyanını M. A. «Müsavat» H. Fırkası Divanı namına rica ederiz.

Hürmetlerle

Fırka Divanı Reisi: *Подпись*

Fırka Divanı kâtibi: *Подпись*

Түпнүсқа. Қолжазба. Қолы.

INALCO. L’Archives de Moustafa Chokay Bey.

Carton 6. Dossier 3 d. P. 30.

Mehmet Emin Resulzade’nin Müsavatçı Hilal Münşi’le ilgili sorunla bađlı Çokay’a mektubu.



Türk ve Kafkas halkları liderleri. Oturanlar (soldan) : Mehmet Giray Sunş (Kuzey Kafkasya), Cafer Seydahmed Kırimer (Kırım), Ayaz İshaki (İdil-Ural), Mehmet Emin Resulzade (Azerbaycan). Ayakta: Mustafa Çokay (Türkistan), Mustafa Vekilli (Azerbaycan), Tausultan Şakman (Kuzey Kafkasya)

مۇستافا چوكاي-اوغلى

Мустафа Чокай-оглы

ТУРКЕСТАН

ПОД

ВЛАСТЬЮ СОВЕТОВ

(К характеристике диктатуры пролетариата)

ИЗДАНИЕ

«ЯШ ТУРКЕСТАН»

ПАРИЖ — 1935

مۇستافا چوكاي-اوغلى
مۇلق
عاشق بىلەن سەھنى

Мустафа Чокай-оглы

13/IV-96

ТУРКЕСТАН

ПОД

ВЛАСТЬЮ СОВЕТОВ

(К характеристике диктатуры пролетариата)

ИЗДАНИЕ

«ЯШ ТУРКЕСТАН»

ПАРИЖ — 1935

Mustafa Çokay'ın Ayaz İshaki'ye imzaladığı kitap nushası. Dilgam Ahmad koleksiyonu

МҰСТАФА ШОҚАЙ - ТҮРКІСТАН АЗАТТЫҒЫ МЕН БІРЛІГІНІҢ ҚАЙСАР КҮРЕСКЕРІ

Бәкір Ә.Қ.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
Мұстафа Шоқай ғылыми орталығының ғылыми жетекшісі,
саяси ғылымдарының докторы, профессор.

Құрметті конференцияға қатысушылар! ХХ ғасырдың басы ұлтымыздың рухани әлеміне, төл тарихымызға есімдері алтын әріспен мәңгілік жазылған Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы және Мұстафа Шоқай бастаған Алаш ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілерін сыйға тартқан еді. Осы жұлдыздар ішінде Мұстафа Шоқайдың тағдыры бөлек, өзгеден ерекше. Ол ғұмырының 20 жылдан астамын жат жерде, шет елде өткізді, алайда ол жастайынан мұрат еткен Түркістан аймағының азаттығы мен тәуелсіздігі, ынтымағы мен бірлігі жолындағы күресін бір сәт тоқтатқан жоқ, қайта үлкен ақпарат алаңында күшейте түсті. 1936 жылы Берлин радиосынан Түркістан жастарына арнаған сөзінде: «Біздің құбыламыз – өзіміздің атажұртымыз., өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат, бір мұхаббат уәзифа болмақ. Мұны ұмытпау керек! Түрік халқы – батыр халық, түрік халқы – арыстан, ер халық» деген еді. Бүләсиеті мен түсінігі өзінің де мәңгілік ұстанымы мен танымы болып қалды [1, 48б.].

Өзіндік салт-дәстүрі жеткілікті Торғай датқа, би, болыс Шоқай шаңырағы ұрпақ тәрбиесінің темір қазығы санайтынотбасында дүниеге келген Мұстафа қазақтың шынайы ұлттық үлгі, өнегесін жеткілікті көріп өсті. Төрт жылдық медресені екі жылда бітіріп, сауатын ерте ашты. Оны Сұлутөбедегі орыс-қазақ мектебінде жалғастырды. Өз кезіндегі атадан балаға мирас болып келе жатқан, талай ұрпақты рухани сусындатқан сан тақырыптағы аңыз-дастандарды оқып өсті. Ауқатты датқа, болыс ауылында ақын-жыраулар да жиі болып тұрды. Олардың ел билеген хандар мен өз жерін қорғаған батырлар туралы толып жатқан жырларын, көрші елдердің, Шығыстың, түркі тектес туыстардың әртүрлі қиссаларын бала Мұстафа естіп, жадында сақтап, оларды өмір бойы рухани азық етті. Сонымен қатар жас баланың түсінігіне алғаш әсер еткен жайлар да аз болмады. Озбыр әрекеттерімен халықты басынған патшаның жергілікті шенеуніктері аймаққа аты мәлім Шоқай әулетінің екі рет кірпіштен салынған үйін ақысыз-пұлсыз иеленіп, ал орыс қоныс аударушылары егістігін тартып алып, оны өзара бөліске салғанеді.

1902 жылғы 4 тамызда Ташкенттің ерлер гимназиясына түскен Мұстафа осында орысша жап-жақсы сауатын жетілдіре түсіп, бұрын болмаған қалада бойын үйретіп алғаннан соң, қоғамдық жұмыстарға

белсене араласады. Сол кездегі Түркістан аймағының бас қаласы қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, қарақалпақ, орыс және басқа ұлт өкілдері тұратын Орта Азия кіндігі Ташкентке елден келген кісілердің өтініш-арыздарын шешуге қатыса отырып, Мұстафа жергілікті халықтың арасындағы әлеуметтік теңсіздікті көзімен көріп, жүрегімен сезе алды. Басқаны былай қойғанда гимназияны өте жақсы бітірген өзіне тиісті алтын медальды өлкенің генерал-губернаторы А.Самсоновтың орыс баласына жаздыруы да ұлы державалық шовинизмінің айқын көрінісі еді. Мұның барлығы туасы зерек гимназистің бойындағы ұлтшылдық қасиетті күшейтіп, осы озбырлықты басынан өткізіп отырған жергілікті түркі тектес ұлт өкілдеріне деген ерекше сезімін ерте оятады.

1910 жылы гимназияны ойдағыдай аяқтаған Мұстафа Петербург университетінің заң факультетіне түседі. Арасында үзілістері бар бас-аяғы 6-7 жылға созылған орталықтағы кезеңде Мұстафа ең алдымен Еуропаның білімі мен ғылымының тәтті дәмін татты, сонан соң сол кездегі орыс қоғамының демократиялық үрдістерін бойына сіңірді. Ресейдің орталық аудандарында бірінші орыс революциясынан кейін құрылған саяси партиялар мен қозғалыстардың бағдарламаларымен жете танысты. Студент кезінде-ақ қоғамның саяси өмірінің ортасында болды. Бұл туралы 1933 жылғы “Есімдегілерден... (Ресейдегі түрік студенттер өмірінен) атты мақаласында былай жазған еді: “Мен Ресейді реакция жайлаған, жоғары оқу орындары, әсіресе университеттер тікелей полицияның бақылауына алынған 1910-1914 жылдары Петербург университетінде оқып жүрген болатынмын. Жағдайдың сондайлығына қарамастан, біз, студенттер, саяси бой көрсетулерге шығатынбыз. Үкіметке қарсы шешімдер қабылдап, көшелерде демонстрациялар жасайтынбыз”[2, 336б.]. Сондай-ақ Мұстафаның Санкт-Петербургте оқып жүрген бір топ студентермен бірге 1913 жылдан шыға бастаған «Қазақ» газетіне жолдаған құттықтау хаты пен мұсылман түрік жастарымен «Сиратель-мустахим» және Петроградтың оқушы жастары («Сиратель-мустахим» и учаящаяся молодежь Петрограда) атты Үндеуі оның, бір жағынан, ұлттық тіл мен діннің тазалығы үшін ерте күрескенін, екінші жағынан, Петербургтегі түркі тілдес жастармен жиі араласқанын, пікірлес болғанын байқатады.

Мұстафа Шоқайдың саяси-әлеуметтік көзқарастарының қалыптасуында Ресей мұсылмандары қоғамдық ұйымдарының, әсіресе осында жолығып тұрған Алаш ардақтыларының рөлі зор болды. 1905 жылдардан қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын басқарған, Мемлекеттік Думаның мүшесі, қазақ ұлттық «Алаш» партиясының негізін қалаған, оның бағдарламасының авторларының бірі, Алашорда үкіметінің басшысы Әлихан Бөкейханның ықпалы сонау Ташкентте басталған сияқты. Сол кезде айтылған ұстазының ғибратты сөзін 1939 жылы Мұстафа Шоқай: «Әлихан бізге ылғи да: «Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп үйренуге

тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді» - деуші еді» деп жазған болатын [3, 369-370 бб.]. Осы кеңестен кейін орыс және аздаған жадит мектептерінде оқып жүрген түркістандық жастар бар ынта-ықыластарымен «мұғажыр мәселесін» үйренуге кірісіп, қазақ мемлекеті үшін ең үрейлі қатердің қайдан келе жатқанын түсінген көрінеді. Олар, шынында да, қателескен жоқ еді. Тәуелсіз ел болғанымызға ширек ғасырдан асса да, патшалық Ресейдің отарлық саясатының, соның саяси жалғасындай болған кеңестік жүйенің зардаптарынан әлі толық құтыла алмай келеміз.

Мұстафа Шоқайдың саяси өмірінде 1916 жылғы 10 тамызда Әлихан Бөкейханның ұсынысымен Мемлекеттік Думаның жанындағы Мұсылман фракциясының төрағасы Қ.-М. Тевкелев жетекшілік еткен құрамда фракция мүшесі Шәкір Мұхамедияров және кейін қосылған депутат А.Ф. Керенский бар делегация құрамында аудармашы, хатшы және маман-зерттеуші ретінде іс-сапармен Түркістанда болғаны ерекше мәнді болды. Делегация өлкеде болып, Самарқанд, Әндіжан, Қоқан, Ташкент уездерін және кейбір ауылдық жерлерді аралап, жергілікті жағдаймен танысады. Бұл кейін Мұстафаның осы фракциясының бюросына қызметке келуіне игі әсер етеді. «Қазақ» газетінің 1916 жылғы қазан айының 31-күнгі №203 санында жарияланған IV Думаның мұсылман фракциясындағы қазақ өкілеттігі турасында жазылған «Бюроға екінші адам қою» мақаласында Әлихан Бөкейхан өзінен басқаға да қаржы табылуына байланысты мұсылман комитеті ашылғаннан бері сонда қызмет етуші Мұстафа Шоқайдың кандидатурасын Бюродағы қызметке кәміл жарайтындығын жазған еді. Осы қызметіндегі оның қажырлы еңбегін, терең білімін, саяси сауаттылығы мен ерекше іскерлігін байқаған мұсылман депутаттар оған өздеріне әріптес ретінде қарайды. Егер 1917 жылғы Ақпан төңкерісі болмағанда ол Мемлекеттік Думаға мүшелікке сайлануы да мүмкін болатын. Патша жарлығына сәйкес Түркістанның Думаға өкіл жіберуге рұқсаты жоқтығынан Мұстафаны Уфа уәлаятының помещигі, қазақ сұлтандарының бірі С. Жантөрин (Мемлекеттік Думаның мүшесі болған, белгілі саяси қайраткер – Ә.Б.) оған өз иелігіндегі жерін сыйлап, Дума мүшелігіне кандидатурасын осы өлкеден ұсынуға келісім берген болатын. Бірақ Мұстафаны басқа тағдыр күтіп тұрған еді.

1917 жылғы наурыздың соңғы күндері Мұстафа Шоқай өзін Ташкентке шақыртқан жеделхат алып, сәуірдің басында Петербургтен Ташкентке бет алады. Жолда Орынборда өткен Торғай қазақтарының құрылтайына қатысып, өзін Түркістан өлкелік атқару комитетінің бірінші құрылтайына өкіл етіп сайлаған Ақмешітте бір-екі күн аялдайды. Сәуірдің 10 күні Ташкент қаласына жетіп, 16-22 сәуір күндері Ташкентте өткен Түркістан мұсылмандарының бірінші құрылтайына қатысады. Өлке халқының саяси белсенділігі жағдайында Түркістан мұсылмандарының орталық кеңесі құрылып, оның төрағалығына Мұстафа Шоқай сайланады. «1917 жыл естеліктерінен үзінділерде» автор осы туралы былай деді: «Өз басым

Түркістан ұлттық қозғалысының құрылысына ең соңғы қарапайым қара жұмысшы-мердігер болып қатыссам да, өзімді асқан бақыттымын деп есептер едім! Бірақ тағдыр мені ұлттық қозғалысымыздың, ұлттық құрылысымыздың аса күрделі де жауапты кезеңінде өлкелік ұлттық ұйымның басына әкеліп қойды»[4, 296.].

Ұлы тұлғаның азаттық үшін күресінің алғашқы жеңісі – Түркістан Мұқтарияты болды. Бас-аяғы 64 өмір сүрген өлкедегі бұл ұлттық мемлекеттік құрылым жергілікті халықтың саяси, экономикалық және рухани дербестікке ұмтылысының нақты көрінісі болатын. Мұны Мұстафа Шоқай өзінің «1917 жыл естеліктерінен үзінділерінде» де арнайы атап: «Бұл құрылтай шын мағынасында Түркістанның ұлттық бірлігін айқын көрсетті. Большевиктердің түркістандықтарды бөлшектеп, құрылтай жиынына қарсы қойған әрекетінен түк шықпады» деп жазған еді [4, 506.]. Бірақ Мұстафа Шоқай съезде сөйлеген сөзінде автономияны жүзеге асырудың аса қиын екендігін, кадрдың жоқтығын, жалпы мүмкіндіктің жетімсіздігін, әскердің құрылмағанын және тағы басқа толып жатқан жетіспеушіліктерді жан-жақты көтереді. Содан Түркістан Уақытша үкіметі ең алдымен қарулы күштерді құру, қаржы және салық жүйелерін тәртіпке келтіру, мемлекеттік мекемелерді қалыптастыру сияқты жаңа мемлекеттің өткір мәселелерін жүзеге асыруды айқындайтын бағдарлама жасаумен шектелмей, нақты істерге де кірісті. Мысалы, қаржы саласын бір жүйеге келтіру үшін, жаңа салық заңдарын айқындау үшін салық инспекторлар жиналысы өтеді. Жер мәселесіне байланысты заңдар дайындалады.

“Қоқан автономиясы” жарияланғаннан соң, Мұстафа Шоқай Орынбор қаласында өтетін Екінші бүкілқазақ съезіне қатысуға аттанады. Ол Түркістан өңіріндегі жаңалықты съезд делегаттарына жеткізіп, Қоқан автономиясының, жаңадан құрылған Алашорда өкіметінің мақсат-мүддесі ұлттық бірлік екенін айта отырып, Екінші жалпықазақ құрылтайы делегаттарын Түркістанмен бірге болуды алға тартады. Осы арада бір мәселеге арнайы назар аудару қажет 1935 жылғы «Түркістан» атты мақаласында Мұстафа Шоқай сол кездегі Түркістанның төрт бөліктен тұратыны туралы түсінігін былайша жазған еді: «1. Қазақ өлкесі (Семей, Ақмола, Торғай және Орал облыстары), 2. Түркістан өлкесі (Жетісу, Сырдария, Ферғана, Самарқанд және Закаспий облыстары); 3) Бұхара хандығы және 4) Хиуа хандығы» [5, 846.].

Тағы бір мәселеге назар аударайық. Кейбір зерттеушілер Алашорда және Түркістан автономияларының қосылу мәселесі туралы Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқай көзқарастарынан алшақтық іздейді, тіпті Алаш қозғалысы екіге бөлінді дейтін де жоқ емес. Менімше, бұл мәселеде стратегиялық мақсат бір еді, ал тактикалық жақтан пікір алуандығы болды. Алайда өзі барынша сыйлайтын Әлихан Бөкейханның жан-жақты түсіндіріп, мәселені Сырдария қазақтарының өздері шешкенін байыптап айтқаннан соң, Мұстафа Шоқай ұстазының аталы сөзіне тоқтайды. Осы идеяны жеткізу

үшін тез арада Сырдария қазақтарының съезін шақыру туралы жеделхат жолдайды. Мұстафа Шоқай «Қазақ» газетінде Сырдария қазақтарына үндеуінде мынандай сөздер жазды: «Сырдария халқына өз тарапымнан айтарым, тегінде Алаш баласының басы қосылатын кезі осы бүгін. Бүгін айырылсақ мұнан соң жұрттың басын қосуымыз қиын. Алаш ұранына шаппайтын қазақ баласы болмас. Сырдария қазағы кешіктірмей Алаш туының астында жиналар деген үміттеміз»[6]. Бұл қазақ халқының біртұтастығын сақтау жөніндегі Алаш зиялыларының ұстанымы болатын. Ондай съезд шақырылып, делегаттарға Сырдария қазақтарының Алаш автономиясына міндетті түрде қосылуы қажеттігін, қалыптасқан жағдай осыны талап ететіндігі түсіндірілді. Алайда сол кезде Азамат соғысының басталуына байланысты Орта Азия мен Қазақстанда қалыптасқан жағдай мен Сырдария облысының Түркістан автономиясы құрамынан бөлініп кетуі Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына соққы болып тиеді деген пікір негізге алынып, екі автономияның қосылу мәселесі өз шешімін таппай қалды. Мәселенің соңғы шешімі Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы өткенше қазақ даласы да, Түркістан да өз алдарына автономия болып қала беруге келісіледі.

1918 жылғы 19 қаңтарда Ташкентте өткен Түркістан Кеңестерінің IV съезі «Қоқан автономиясы үкіметін заңнан тыс деп жариялап, оның басшыларын тұтқындау және автономияны тарату» жөнінде қаулы қабылдады. Мұның аяғын большевиктер Қоқан автономиясын қанды қырғынға ұластырды. Қала үйіндіге айналды.

Автономияның құлауының себептері көп болды. Кеңес үкіметі оны алғашқы күндерден бастап-ақ мойындамады. Большевиктер жергілікті халық арасында кең көлемде қарсы үгіт жүргізді. Соның салдарынан автономияның негізгі мақсаты мен мұратын жете түсінбеген бұқара халық тарапынан да оған тиісті қолдау көрсетілмеді. Ең бастысы Петербургтен бастау алып, Ташкентте өрістеген жұмысшы-солдат депутаттарының үкіметі оны Түркістан өңірінде қауіпті құрылым деп санады. Сонымен 1917 жылғы сәуірден кейінгі большевиктер Ресей мен Шығыстың мұсылман еңбекшілеріне жолдаған Үндеуінде айтылған: «Уақытты өткізіп алмаңдар, ғасырлар бойы жерлеріңізді жаулап алып келгендерді серпіп тастаңыздар! Ендігі жерде күлге айналған жерлеріңізді олардың тонауына жол бермеңдер! Тұрмыс-тіршіліктеріңізді Сіздер өздеріңіздің салт-дәстүрлеріңізге сай, өз қалауларыңызға орай құруға тиіссіздер!...» деген сөздер жокқа шығарылды[7,266.].

Тағдыр Мұстафа Шоқайға жарты ғасырдан сәл астам өмір сыйлады, одан артықты қимады. Оның «отызға да толмаған» жасын Түркістан аймағындағы ұлт-азаттық күрес мұратына арнаса, өмірінің соңғы 20-жылдан астамын шетелде өткізді. Жат жердегі тірліктің тауқыметін тартуға мәжбүр болды. Сондықтан Мұстафа Шоқайдың ғасырларға қызмет ететін

болмысын, артында қалдырған шығармашылық мол мұрасын эмиграциядан тыс түсіне де, толыққанды аша да алмаймыз.

Эмиграцияда Мұстафа Шоқай Түркістан халықтарының тұтастығын сақтаумен, бір орталыққа бағынған ынтымақтастығын нығайтумен, егеменді ел ретінде өмір сүруі үшін күрес мақсатының сипатын өзгертті. 1923 жылы Париждегі «OrientetOccident» журналында жарияланған тұңғыш француз тіліндегі «Ресей саясаты және Түркістан ұлттық қозғалыс» атты мақаласында автономиялық идеядан ұлттық тәуелсіздік бағдарламасына ауысты. Ал 1929 жылғы «Яш Түркістан» журналының алғашқы санында жарияланған «Біздің жол» деген мақаласында Түркістанның тәуелсіздігі жолындағы саяси күресті былайша нақты алға қойды: «Біз, Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түркістандықтарға бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдан соң да болмайды» [2, 21б.]. Мұнымен шектелмей, саяси күрестің алдағы асулары мен мақсатын былай айқындады: «Біздің мұратымыз - Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға қол жеткізу болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады» [2, 21-22бб.].

Еуропада "мұсылман эмигранттарының сөзсіз көшбасшысы" бола отырып, Мұстафа Шоқай «Түркістан Ұлттық Бірлігі» ұйымның Орталық комитетінің алдымен мүшесі, кейін жетекшісі ретінде ұйымының бір міндеті осы өңірдің жергілікті тұрғындарының іс-қимылының, ой-пікірінің бірлігімен байланыстырды. 1930 жылы «Көтерілістен – ұйымшылдыққа» (*Көтерілістен - ұйымға*) атты мақаласында былай деп жазды: «1) Түркістанды орыс пролетариаты үстемдігінен құтқару; 2) Түркістанда орыстың кез келген үстемдігінің орнауына жол бермеу; 3) Бәрінен бұрын ұлттық, тәуелсіз Түркістан мемлекетін құру болып табылады» [2, 86б.]. Бұл әр тарапта бытырап жүрген жас түркістандықтарды тәуелсіздік мұраттар жолындағы қасиетті күрес майданына топтастырудың бірден-бір тиімді жолы болатын.

Мұстафа Шоқай ұлттық жаудың тым күшті екенін, сондықтан Түркістан ұлттық ұйымының екінші міндеті басқа халықтардың ұлттық орталықтарымен тығыз байланыс жасау мәселелерін қарастырады. 1931 жылы жазылған «Алған бағытымыз айқын болсын» атты мақаласында: «...біз миллиондаған тұрғындары бар Ресеймен күресте жеңіске жететін ең тура, ең сенімді жолдар мен тәсілдерді таңдап ала білуіміз керек. Тек өз күшіміздің аздық ететіні көзге көрініп тұрған ақиқат. Сондықтан біз өзімізбен тағдырлас және өзіміз сияқты ұлттық тәуелсіздікке ұмтылып отырған халықтармен тізе қосып, күш біріктірудің жолдарын іздестіруіміз лазым» деп жазды [2, 146б.]. Ресей империализміне қарсы барлық күшті біріктірмей, жеке-жеке әрекеттен пәлендей бір нәтиже шықпайтынын жақсы білген, бірлескен шеп және бірлескен бір тәуелсіз орталық құрудың

қажеттігі туралы ойды дамыта түсіп, Мұстафа Шоқай өзінің «Шептерімізді біріктірейік» деген еңбегінде: «Ұйымдарымыз бытыраңқы. Араларында жүйелі байланыс жоқ. Іс-қимылымызды біріктіру жөнінде мықтап ойланатын уақыт келді. Біздер – Кавказ, Украина, Түркістан, Еділ-Орал, Қырым және егеменшіл казактар – күштерімізді біріктіріп, бір мықты орталық құруымыз тиіс. Бұл орталыққа біріккен әрбір ұлттық ұйым өз дербестігін сақтай отырып, сонымен қатар орыстың большевиктік немесе большевиктік емес империалистерге қарсы күресте біздің ұлттық бірлігімізді қамтамасыз ететін болады» деп жазды [2,240б.]. Осы мақсаттағы ізденіс Мұстафа Шоқайды Әзірбайжан, Дон, Карелия, Грузия, Волга бойы, Қырым, Кубань, Солтүстік Кавказ, Түркістан, Украинаның және басқалардың өкілдерікірген "Прометей" (Ресейдіңезгісіндегі халықтар лигасы) халықаралық ұйымында қызмет етуге әкеледі. Ол «Кавказия федерациялық келісімі» атты мақаласында «Біздерге, Ресейден бөлініп өзіміздің тәуелсіз мемлекетімізді құру мақсатында күресіп келе жатқан халықтарға, Ресейге қарсы бағытталған ұлттық күресіміздің мүддесі тұрғысынан қарағанда Кавказ мәселесі айрықша маңызды. ...Біз бұл келісімді таяу болашақта өз рөлін толық атқарып, атамекенімізді орыс империализмінің бұғауынан құтқаруға көмектеседі деген үміттеміз» деген сенім көрсетілді [3, 34б.]. Бұл - сұңғылы стратег, тамаша тактик тұлғаның ұлттық тәуелсіздікке ұмтылған барлық халықтардың тізе қосып, күш біріктірулерінің жолдарын жан-жақты іздестіріп, олардың ұлтын, дінін, нәсілін, партиясын тергеп-тектемейік, алаламайық, тек осындай жол ғана бізді ұлттық азаттыққа жеткізе алады деген ойлардан туған идеясы болатын.

Кеңестік жүйемен әсте келісе алмаған Мұстафа Шоқай Еуропаның қақ ортасында тұрып, сонау Түркістан аймағында болып жатқан саяси-әлеуметтік оқиғаларды жіті бақылап, большевиктік саяси биліктің бет-бейнесін, олардың отаршыл саясатының басқа елдің ешбіріне ұқсамайтынын, кеңестік саясаттың патшалық Ресейдің отаршылдық саясатымен сабақтас сипатын ашып және оның жергілікті халықтың ұлттық болмысына төндіріп отырған қауіп-қатерін жан-жақты көрсетті. Сондықтан кешегі патшалық Ресейді бүгін кеңестік Ресей немесе пролетарлық Ресей деп атағанмен, біздің ұлттық мәдениетіміз тұрғысынан қарағанда, ештеңе өзгермегенін, большевиктер атамекеніміз Түркістанда ұлтымыздың өзіне тән рухани әлемін суалтып, оның орнына орыс пролетариатының рухын орнатпақ болып отыр деп ашына айтты. «Орыс тепкісіндегі Түркістанның ұлттық қозғалыстарынан. Жеңілмес ұлтшылдық» атты мақалада ол былай деп жазды: «Дүние жүзінде Түркістаннан басқа да көптеген елдер бар. Ол жерлерде де үстем ұлттың озбырлығынан жәбір шеккендер аз емес. Алайда дәл орыстың отаршылдық саясатындай сұмдықтарды тарих әлі көрген жоқ» [2,45б.]. Бұл пікірін жалғастыра келіп, «Түркістанның бақытсыздығы және одан құтылудың жолы» мақаласында: «Орыстың патшалық мекемелері біздің ұлттық дамуымызды тежеп келген болса, большевиктер басқаруы

халқымызды ұлттық сезімнен жұрдай етуге, мұндай сезімді көкірегінен бір жола сылып тастауға тырысып отыр. Олар халқымызды орыс пролетариатының тепкісіне салды» деді [2, 226б.]. Осылай кеңес шындығын әшкерелеудегі сан салалы қызметін, шығармаларындағы терең философиялық пайымдауларын ескере отырып, Мұстафа Шоқайды кеңестанудың негізін қалаушылардың бірі деген пікірді толық қолдауға болады [8, с.607].

Түркістандағы ұлт-азаттық күресінің түпкі мақсаты – ұлттық еркіндік пен ұлттық дамудың алғышарты болуға тиісті дербес ұлттық мемлекет құру қажеттігіне Мұстафа Шоқай «Біздің жол» атты мақаласында алғаш көтерсе, 1930-жылдары жазылған «Түркістан ақындарынан» атты мақаласында «Біз құл болып тұра алмаймыз. Біз ұлт азаттығымызды аламыз» деп кесіп айтты [2, 60б.]. Осындай ұлы тұлғаның асқақ арманы өзін сағыныштан сарғайтқан атамекенінде алпыс жылдан кейін жүзеге асты.

Отанымыз 1991 жылы тәуелсіздікке қол жеткізді. Содан бері де отыз жылдай уақыт өтіпті. Тәуелсіздік жылдарғы табыстарымыз аз емес. Ол туралы аз айтылып, кем жазылып жүрген жоқ. Әлемдік адамзат қауымдастығынан өз орнымызды ойып алдық. Ең үлкен жетістігіміз - ел ішіндегі бірлік пен ынтымақ нағыз тәуелсіздік пен азаттыққа апаратын және оны қорғай алатын төте жол деген түсінік күнделікті шындығымызға айналып отыр. Дегенмен қазіргі қоғам дамуының үдерісі көрсетіп отырғанындай, алдымен сан жылдар патшалық Ресейдің отарында және соның саяси жалғасындай болған кеңестік тоталитарлық жүйеде өмір сүрген алып аймақта түбегейлі конституциялық, саяси, демократиялық реформалар оп-оңай жүзеге асып жатқан жоқ. Жаңа қоғамдық институттар пайда болып, нарықтық қатынастар өмірге етене ене бастағанымен, тоталитарлық жүйеден демократиялық тәртіпке өту аса күрделі құбылыс екенін күнделікті өмір көрсетіп отыр.

Тәуелсіздік жылдары ұлттық еркіндік пен дамудың алғышарты ретіндегі ұлттық мемлекеттің өзіндік сипаты айқындалмай, алдымен мемлекет құрушы ұлттың мүддесі шешілмей, армандары ақталмай, тәуелсіздік үшін күрестің мұраттары жүзеге аса қоймайды. Қазіргі рухани дүниеміздегі қайшылықты мәселелердің дені мемлекетіміздің ұлттық сипатының әлі толыса алмағанынан туындап отыр. Сол сияқты елдегі басқа халықтың мәселелері де ойдағыдай нәтиже бере қоймайды. Сондықтан 1990 ж. 25 қазанда Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендегі туралы Декларацияда алғаш рет ҚазКСР-і ұлттық мемлекеттілікті сақтау, қорғау және нығайту жөнінде шаралар қолданады деп жазылған аса мәнді қағиданы еске түсіріп, осы бағытта батыл қадамдар жасасақ артық болмас еді. Сондай-ақ Мұстафа Шоқайдың өз ұлтының тәуелсіздігі үшін күрес жолын таңдағанда демократияны тұғыр еткені белгілі. Ал демократиялық идеяның ең өзекті жақтарының бірі – халық билігі, ұлттардың тәуелсіздігі, дербестігі екені аян. Мұның келешек

демократиялық федеративтік Ресейдің мемлекеттік басқару формасы парламенттік республика болу керектігі туралы өзі қабылдануына белсенді қатысқан Алаш партиясының бағдарламасында анық көрсетілуі жайдан-жай емес еді.

Қоғамдағы барлық этнос өкілдерінің рухани үлестерімен байыған және әлемдік мәдени мұрамен құнарланған ұлттық құндылықтардың үстемдігі орнаған ұлттық мемлекетті құру -Мұстафа Шоқайдай асқақ та қайсар тұлғаның артында қалған телегей-теңіз мол мұрасының саяси һәм әлеуметтік, ғылыми һәм тәжірибелік мәніде, терең мазмұны да. Мұны алда даәлі зерттей, игере түсуаса қажет. Сонда саяси сипаты жағынан да, әлеуметтік әлеуеті жағынан да, экономикалық тұрпаты жағынан да жаңадан құрылып жатқан тәуелсіз Қазақстанымызкемелдене түсері сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Шоқай М. Шығ.толық жинағы. Он екі томдық. 1Х том. - Алматы: Дайк-Пресс, 2014. – 568 б.
- 2.Шоқай М. Таң. шығ.: Үш томдық. 1-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. – 352 бет.
- 3.Шоқай М. Таң. шығ.: Үш томдық. 2-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. – 392 б.
4. Шоқай М. Таң. шығ.: Үш томдық. 3-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. – 384 б.
- 5.Шоқай М.Шығ.толық жинағы: Он екі томдық. VIII том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2013.– 560 б.
- 6 «Қазақ» газеті, 1917. №256.
- 7.Төңкеріс және ұлттық мәселе. Комакадемия баспасы. Мәскеу, 1930. 3т.
- 8.Общественная мысль Русского зарубежья: Энциклопедия /Отв. ред. В.В. Журавлев; отв. секр. А.В.Репников. – М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2009. -704с.

ӘОЖ 001: 950 (574)

МҰСТАФАТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тұрсүн Х.М.

тарих ғылымдарының докторы, профессор.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.

Түркістан қаласы.

Отандық тарих ғылымында тәуелсіздік жылдары жедел қарқынмен дамыған ғылыми бағыттардың бірі – тарихи тұлғатану болып саналады. Бұл бағыт кеңестік тарихнамада идеологиялық ұстанымдарға сай біршама зерттелді. Ал тәуелсіздік кезеңнің тарихнамасында тұлғатану кең қарқынмен

қолға алынды. Бұл – отандық тарих ғылымының ерекшеліктерінің бірі деп бағаланады. Қазақ тарихи жадында тарихи оқиғалар мен құбылыстарды жеке тұлғалардың қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметімен тығыз байланыста қарастыру дәстүрлі тарихи танымнан бастау алатындығы белгілі. Тарихи жырлар, эпостар мен шежірелік деректерде тұлғаның бейнесі қалай сомдалатындығы белгілі.

Қазіргі заманғы отан тарихында барынша ауқымды қарастырылған тарихи тұлғалардың бірі – ХХ ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүріп, соңына жарқын із қалдырған Мұстафа Шоқай болатын. Мұстафатану ғылыми бағыты тарих, саясаттану, философия, әлеуметтану, филология және т.б. ғылым салаларын қамтитын біріктірілген (интеграцияланған), пәнаралық байланыстар тоғысында ғылыми бағыт.

Мұстафатану ғылыми бағытының кеңестік негізі кезеңде қаланды. Оның егжей-тегжейіне тоқталып жатпаймыз.

Біздің мақсатымыз – қазіргі кездегі мұстафатанудың жай-күйі мен өзекті мәселелерін айқындау болмақ.

Тарихи тұлғатану – аса күрделі сала болып саналатындықтан да оның қалыптасқан немесе алдағы уақытта қалыптасатын өз қағидалары мен ұстанымдары болады. Интеллектуалдық тарих тұлғатану бағытындағы зерттеулерде осы қағидалар мен ұстанымдардың қалыптасуы мен сақталуына мүдделі.

Тарихи тұлғатанудағы ең басты мәселелердің бірі – оның деректік базасының қалыптасуы. Егер де деректік негіз болмаса кез келген қайраткерді тарихи оқиғалар мен құбылыстардың әрекеттесуінде тұлғаландыру мүмкін болмайды. Ал тарихтың дерексіз жазылмайтындығы сияқты тұлға да тарихи деректерсіз тарих мазмұнынан өз орнын таба алмайды.

Мұстафатанудың деректік базасының қалыптастыруда осы кезге дейін қыруар жұмыстар атқарылды. Мәселеге тіпті Елбасының өзінің назар аударғандығын атап айтуымызға болады.

Қазақстан Республикасының 10 жылдығы атап өтілетін кезде Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның Ұлттық Архив қорына «Новая Сарбонна – Париж III» (Франция) Шығыс тілдері университетінің Университет орталық кітапханасында сақталған Мұстафа Шоқайдың құжаттарының микрофильмдерін тапсыруы елдің рухани өмірінде үлкен оқиға болды.

М.Шоқай архивтік мұрасы көшірмелерінің Қазақстанға оралуы ХV–ХХ ғғ. Қазақстан Республикасы үшін тарихи және мәдени құндылығы бар архив құжаттарын іздестіру және елге қайтару бойынша үлкен жұмыстың бастауы болды (В.Баймағамбетова// Қазақстан мұрағаттары. 2007. №2. Б. 88–91 Центральный государственный архив Республики Казахстан. История создания (С. 90).

Аталған ғылыми бағыттың деректік негізін қалыптастыруда К.Есмағамбетов, М.Қойгелдиев, Ә.Бәкіров және т.б. ғалымдардың өнімді

еңбек еткендігі белгілі. Дегенмен, мұстафатанудың деректік негізі толық қалыптасты деп айта алмаймыз. Оның бірқатар шығармалары мен архивтік құжаттары әзірге табылмағандығы осы бағыттағы іздестіру жұмыстарын жалғастыруды қажет етеді.

Ендігі бір мәселе – тұлғаның Отан тарихында ғылыми негізде тұлғалануы. Тәуелсіздік жылдары тарихи тұлғатануда елеулі зерттеу жұмыстары атқарылып, нәтижесінде Алаш қозғалысы қайраткерлері портреттерінің тұтастай ғылыми галереясы жасалды. Осының барлығы да ол қайраткерлердің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін айғақтайтын деректік базаның қалыптасып, ғылыми айналымға ұсынылуының нәтижесінде мүмкін болды.

Мұстафа Шоқайдың тұлғалануына байланысты да көптеген зерттеу жұмыстары атқарылғанына қарамастан, соңғы кезде бұл бағытта іргелі зерттеу жұмыстары бәсеңсіп қалғандығы аңғарылады. Ғылымға араласқан жас толқын әзірге аға буын тарихшылардың тұжырымдарын қайталаумен келеді, олар мұстафатанудың тереу иірімдеріне бара алмауда. Шоқайдың шығармалары мен архивтік құжаттарының, тіпті кейбірі жабық архивтерде сақталғандарының өзі қолжетімді болғандығына қарамастан осы құжаттармен археографиялық жұмыстар жүргізетін мамандардың тапшылығы сезіледі.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында белгіленген мақсаттардан туындайтын Мұстафатанудың алдында тұрған келелі міндеттердің бірі – монументальды тұлғаландыру, есімін ұлықтау, ғылыми, шығармашылық, қайраткерлік өнегесін музейлендіру дейтін болсақ, бұл бағыттарда да атқарылатын жұмыстар жеткілікті. Осы бағытта атқарылған жұмыстардың қатарында, Үкіметтің қаулысымен осы жылдың қазан айында Мұстафа Шоқайдың есімі түркі халықтарының ата жұрты деп өзі ұлықтаған киелі Түркістан шаһарында жаңадан бой көтерген орта мектепке берілгендігін айтуыма болады.

ӘОЖ 325.2: 07:950 (574)

МҰСТАФА ШОҚАЙ – ҚАЗАҚ ЭМИГРАНТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Тұяқбаев Ғ.Ә.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының кандидаты

Зерттеушілердің пікірінше қазіргі кезде әлемнің 40-тан астам мемлекетінде үш жарым миллиондай қазақ өмір сүруде. Олардың тарихи Отанынан қоныс аударуының әр түрлі жолы, себептері бар. Саяси ғылым

шетелдердегі қазақтарды қоныстану, тарихи отанынан көшу себептеріне байланысты диаспора, ирридент және эмигрант деп қарастырады. Диаспора – белгілі бір халық бөлігінің экономикалық, географиялық және саяси факторларға байланысты басқа елге күшпен көшірілуі [1.239]. Ал эмигрант - өз Отанынан саяси, экономикалық, діни т.б. мәселелерге байланысты еріксіз қоныс аударушы болса [2.162], ирридент – өзінің тарихи Отанында, яғни атамекенінде өмір сүріп жатқан, бірақ белгілі бір саяси жағдайларға байланысты өзге мемлекет құрамында қалып қойған халық бөлшегі. Осы анықтамаларды қазақ халқына байланысты айтар болсақ, Ресейдің Астрахань, Орынбор, Қорған, Омбы, Таулы Алтай автономиялық облысы, Қытайдың Алтай, Тарбағатай, Іле, Құлжа, Монғолияның Баян Өлгий аймағындағы, Өзбекстанның Сырдария, Шыршық, Қызылқұм, Мырзашөл аудандарында өмір сүріп жатқан қазақтарды ирриденттер деуімізге болады. Ал басқа шетелдердегі қазақтарды, сонымен бірге Қытайдан, Монғолиядан, Орта Азия мемлекеттерінен Еуропа елдеріне саяси, тарихи немесе басқа да жағдайларға байланысты қоныс аударуға мәжбүр болған қазақтарды эмигранттар деп атағанымыз дұрыс болар еді.

Ресей ғалымдары диаспора мен миграция мәртебесін де бөле қарастырып жүр. Тишков: «Диаспора – саяси ықпалдың әсерінен қоныс аударушылар болса, миграцияда – әлеуметтік жағдай басым», - дейді [3.42-63]. Ал А.Зеленин: «Ресейден 1917 жылға дейінгі қоныс аударғандар мигранттар болса, 1917 жылдан кейін қоныс аударғандар эмигранттар. Бұлар XX ғасыр басындағы орыс диаспорасын қалыптастырды», - деген пікір білдіреді [4.30].

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі 20 жылдам астам уақытта тарих, мәдениеттану, этнография, философия, әдебиеттану, лингвистика ғылымдарында шетелдердегі отандастарымыздың өмір сүру салты, этнографиясы, тілі, әдебиеті т.б. зерттеле бастады. Ұлттық ғылымдағы мұндай өзекті мәселеден журналистика тарихын зерттеушілер де шет қалған жоқ. Р.Ш.Нуриденнің (Халықаралық радиожурналистика. Алматы. 2012.), Р.Шәріпқызының (Қазақша хабар тарататын шетел радиолары. Алматы. 1997.), Д.Баймолданың («Азаттық» радиосы. Тарихы мен тәжірибелері. Алматы. 2009.), Н.Омашев пен Ш.Бегімтаеваның (Қазіргі шетел журналистикасы. Алматы. 2000.) еңбектерінде шетелдерде шығатын және жарық көрген қазақ басылымдары туралы еңбектерін жаңалығы мол зерттеулер деп атар едік. Сондай-ақ, бірнеше кандидаттық диссертациялар да қорғалды. Дей тұрғанмен, бұл шетелдерде жарық көретін қазақ басылымдары толыққанды зерттеліп болды дегенді білдірмесе керек. Журналистика тарихында әлі де жете зерттеу мен зерделеуді қажет ететін мәселелер жоқ емес. Соның бірі - қазақ эмигранттық журналистикасы. Бұл бағыттағы алғашқы және тұшымды іргелі зерттеу тарих ғылымдарының докторы, профессор К.Есмағамбетовтің «Әлем таныған тұлға» атты монографиясы (Алматы, 2008).

Саяси ғылымдар шетелдерде өмір сүріп жатқан отандастарымызды диаспора, эмигрант, ирридент мәртебесі тұрғысынан қарастырып отырған кезде, шетелдерде шыққан, шығатын қазақ тілді басылымдардың шығу тарихын, ұстаным-бағыттарын зерделей отырып, эмигранттық басылымдар және шетелдердегі қазақ тілді басылымдар тұрғысынан қарастырып, мәртебелерін анықтау бүгінгі ғылым, соның ішінде журналистика тарихы үшін қажеттіліктің бірі. Өйткені шетелдерде шығатын, бұрын жарық көрген барлық басылымдарды бірдей эмигранттық басылымдарға жатқыза алмаймыз.

Қазақ эмигранттық баспасөзінің тарихы Мұстафа Шоқайдың есімімен тікелей байланысты. Ол эмиграцияға дейін-ақ саяси-күрескерлік жолда газет-журналдардың маңызын түсінді. Сондықтан ол «Бірлік туы» газетін шығаруға және оның бағытын айқындауға ат салысты. Өкінішке орай, 1917 жылы Ташкентте шыққан газет бір жылдан соң 1918 жылдың сәуір айының ортасында жабылып қалады [5.75]. Сонымен бірге М.Шоқай Түркістан өлкесі мұсылмандары Ұлттық орталығының бастамасымен 1917 жылдың сәуір айынан бастап шыққан «Улуғ Түркістан» газетінің редакция алқасында болып, газеттің жұмысына белсене араласады. Газет бетінде түркі халықтарының бірлігі, жаңадан орнаған Кеңес үкіметінің отаршылдық саясаты, жер, ұлттың азаттығы мен бостандығы мәселелеріне байланысты бірнеше мақалалары жарық көреді. Газеттің редакторы - Қазан татары Фатих Керими болғанмен, басылымның негізгі ұстанымын айқындауда М.Шоқай пікірінің басым болғанына көз жеткіземіз. Осы екі басылымның өзінен-ақ М.Шоқайдың журналистік, публицистік шеберлігін, редакторлық-ұйымдастырушылық қабілетін танимыз.

Алғаш орнаған күннен бастап Кеңес өкіметінің ешқандай демократиялық қозғалыстарға жол бермейтіндігін, жаңа мемлекеттің патшалық Ресейдің заңды жалғасы екендігін түсінген Мұстафа Шоқай амалсыз елден кетуге мәжбүр болады. Ол шетте эмиграцияда жүріп саяси күрес жолы мен публицистік-редакторлық қызметті қатар алып жүреді. Ұлт азаттығы жолындағы күресте ақпарат құралын ең басты қару ретінде пайдаланады.

1919 жылдың сәуір айында Тбилисиге келген М.Шоқай, орыс тіліндегі «На рубеже», түрік тіліндегі «Шафак» атты газеттердің шығуына ат салысады. Бірақ бұл екі басылым да кавказда Кеңес үкіметі орнағаннан кейін жабылып қалады. Бұдан әрі кавказда қалудың қауіпті екендігін сезгендіктен М.Шоқай 1921 жылдың мамыр айында Парижге қоныс аударады. Бірақ Батыс Еуропаның қай елінде тұрақтауы не болмаса Америка Құрама штаттарына қоныс аударуы жөнінде екіойлы болып жүрген тәрізді. 1922 жылы ол Италияға да барып қайтады. 1923 жылдың алты айын Германияда өткізеді. Ақырында Мұстафа саяси эмиграцияның астанасы саналатын Парижде қалуға шешім қабылдайды [6.225].

Ол кезде Түркия мен Париж эмигранттар көп шоғырланған мемлекеттер болатын. Және Орта Азиядан келген эмигранттар мен

татар, башқұрт эмигранттарының Түркиямен байланысы жақсы жолға қойылған еді. «XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында, 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін мыңдаған татарлар Түркияға қоныстанған болатын. Татар зиялылары – Ю.Акчуры, Г.Исхаки, С.Максуди, Г.Баттала, А.-З.Валиди, Р.Рахмати, Х.Зубайра т.б амалсыздан өзге елдерге қоныс аударды. Түркия олардың екінші отанына айналды», - дейді татар эмигранттық журналистикасын зерттеушілердің бірі А.И.Галямутдинов [7.]. Шоқайдың Парижді таңдаудағы басты мақсаты өзімен ниеттес, бағыттас саяси эмигранттармен тізе қосып күрес жолын жалғастыру және Түркиямен тығыз байланыс жасау болғаны анық.

М. Шоқай Парижге келген өзінің осы саяси мақсатына қол жеткізді деуімізге болады. Жогарыда айтқан татар зиялыларымен, басқа да түркі халықтары эмигранттарымен байланыс орнатты. «1923 жылдың күзінде Г.Исхакидың бастамасымен С.Максуди, Г.Баттала, Г.Терегулов, Ф.Тоқтаров, И.Акчурин, А.Шафеев, З.Валиди, М.Бөкейханов тағы да басқа татар, башқұрт және қазақ эмигранттары Берлинде жиын өткізіп, жиында татар тілінде «Милли юл» журналын шығаруға шешім қабылдануы», - осы сөзімізді дәлелдей түседі [8]. Бір айта кетерлік мәселе, мақала авторының «М. Бөкейханов» деп отырғаны М.Шоқай болуы керек. Өйткені татар, башқұрт, қазақ зиялыларының арасында М.Бөкейханов есімді саяси қайраткердің болмағаны тарихтан белгілі. Ал оның айтып отырғаны Әлихан Бөкейханов болса, оның эмиграцияда Түркияда, Берлинде, Парижде болғандығы туралы деректер жоқ. Керісінше М.Шоқайдың татар, башқұрт эмигранттарымен, оның ішінде Г.Исхаки, С.Максуди, И.Акчуриндермен пікірлес болғанына мұрағат құжаттары мен тарихи естеліктер арқылы көз жеткіземіз.

Париждегі орыс эмигранттары да Мұстафаның жан-жақты білімдарлығын, қаламгерлігі мен саяси көрегендігін мойындайды. Сондықтан да газет редакциялары оған есіктерін ашық ұстайды. 1922 жылы Мұстафа Шоқайды Берлиндегі 2-3 баспа жұмысқа шақырады. Оған М.Шоқайдың 1922 жылдың 12 мамырында Н.П.Архангельскийге жолдаған хатындағы: «орыс тілінде өзім редакциялап, өзім журнал шығарумен айналыстым, түрік тілінде екі газет шығардым, орыс тілінде шығатын тағы бір газетте редакция меңгерушісі қызметін атқардым», - деген сөздері дәлел [б. 281].

Шоқай қай жерде жүрмесін, баспасөзден қол үзген жоқ. Өзінің ұлтшылдық, түркішілдік идеяларын мерзімді басылымдар арқылы жүзеге асыруға күш салды. Француз тіліндегі мақалаларын «Прометей», «Ориен е Оксидан» журналында жарияласа, ағылшын тіліндегі мақалалары «Азиятик Ревью» журналында жарыққа шығып жатты. Ал орыс тіліндегі мақалаларын, орыс эмигранты, өзімен бірге оқыған Керенскийдің «Дни», Миллюковтың «Последние новости» газеттерінде жариялады. Алайда аз уақыттан соң-ақ М.Шоқай орыс демократиясының да Түркістан ұлттық қозғалысына сенімді одақтас бола алмайтынына көзі жетеді

[6.229]. сондықтан түркі халықтарының мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын, тұтас Түркістан идеясының шын жанашыры бола алатын дербес басылымның қажеттілігін айқын сезген Мұстафа татар зиялысы, өзінің идеялас серігі А.-З.Валидимен бірге Түркістан Ұлттық Одағы ұйымының басылымын ашу мәселесін көтереді. 1925 жылғы 12 мамырда Түркістан Ұлттық Бірлігі ұйымының жиналысында газет шығару, оның тілі, бағдарламасы туралы шешім қабылданады [6.281]. Ал сол жылдың қазанында бұл мәселе түпкілікті талқыланып, басылымды ұйымдастыру, оған қаржы табу мәселесін Түркістан Ұлттық Бірлігі ұйымы А.З.Валидиге тапсырады [9]. Осы шешімге сәйкес 1927 жылдың маусым айында Стамбулда «Йени Түркістан» журналының алғашқы саны жарыққа шығады. Журналды шығарудағы М.Шоқайдың еңбегі туралы А.-З. Валиди: «Йени Түркістан» журналын ұйымдастырудағы М. Шоқайдың рөлі ерекше болғандығын мойындап, Шоқаев бірінші болып қаржы тапты, журнал шығару жөніндегі пікір де бәрімізден бұрын Шоқаевтың басына келді» – дейді [10].

Журнал Түркістан халықтары мен Түркия халқы арасында тіл және діл бірлігін нығайтуды көздеді. Ең бастысы шетте жүрген түркістандықтардың өмірімен, олардың алға қойған арман-мүддесімен, эмигранттардың өздерін Түркістан ұлт-азаттық қозғалысымен, әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайымен, түрік мәдениетімен таныстыруды мақсат тұтты [6.282].

«Йени Түркістан» ұлт азаттық идеясы мен түрікшілдік ой-пікірлерді таратуда, түркі халықтарының рухани бірлігін насихаттауда маңызды рөл атқарады. М.Шоқай журналға «Большевиктердің Түркістандағы ұлттық саясатының идеялық және практикалық қырлары», «Кеңестердің Түркістандағы аштық саясаты», «Түркістанға аштық төніп келеді», «Ұлттық мәселе жөнінде», «Тұран мемлекеті жайында» және басқа да тақырыптарға арналған мақалалар жариялады. Бұл мақалалар сол кезде кеңестік идеологияның шынайы келбетін ашуымен құнды болды.

Түркістандықтардың саяси белсенділігінің артуы, ұлттық басылымдарға сұраныстың күшеюі Түркістан Ұлттық Бірлігі ұйымына «Йени Түркістан» журналымен бірге, қатарлас қызмет ететін жаңа басылымды қажет етеді. Оны ұйымдастыруға М.Шоқай үлкен дайындық жүргізеді, өз қаражатына Түркістанға бір өкілін жіберіп, Ауғанстан мен Ирандағы адамдармен байланыс орнатады. Қаражат жинау үшін өзі екі жұмадан астам Франциядан тыс жерлерде болып қайтады [11]. 1926 жылы 2 желтоқсанда М.Шоқай Варшавадағы пікірлестеріне жаңа басылым ашу туралы жазған хатында: «Жүзеге асырыла қалған жағдайда журналдың жарық көруі менің қолымның бос болуын талап етеді. Бұл іске мен үлкен мән беремін... Біз енді ғана ұлттық күрестің практикалық жолын іздеуге шықтық. Біз бірден нәтиже күтпейміз және ондай уәде бермейміз де... Бірақ ұзақ мерзімге арналған мемлекеттік мүдде тұрғысынан алғанда, біздің бұл жұмысымыз қазірдің өзінде пайдалы» [12] дейді. Осындай қажырлы еңбектің нәтижесінде 1929 жылдың желтоқсан айында Берлинде «Яш Түркістан» («Yas Türkistan») журналының алғашқы саны жарық көреді. Түрік-шағатай тілінде араб қарпімен шыққан журналды «Прометей» қоры қаржыландырады.

Көлемі 40 бет шамасында шыққан журналдың алғашқыда екі-үш айдары ғана болды. Бірақ әр айдар басылымның мазмұнының ашып, мәнін арттыруға қызмет еткендігі байқалады. Мысалы журналдың алғашқы санындағы «Саясат» айдарында

«Біздің жол», «Яш Түркістанның» редакциялық алқасынан» тақырыбындағы редактор М. Шоқайдың бас мақалалары, «Әдебиет» айдарында Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері, «Жаңалықтар» айдарында Түркістаннан алынған хабарлар жарияланады. М. Шоқай «Біздің жол» атты бас мақалада журналдың басты ұстанымы туралы айта келіп, большевиктердің Орта Азия мен Қазақстанда «түрі – ұлттық, мазмұны – социалистік» республикалар құруды мақсат ететіндігін, ал оның түрлі ұрандармен бүркемеленіп отырғанымен, бұрынғы патшалық отарлық жүйенің, орыстық шовинизмнің жалғасы екендігін ашық айтады. Бұл шын мәніндегі М.Шоқайдың саяси көрегендігі болатын.

«Яш Түркістанның» бес жылдығына (1934 ж.) орай жазған мақаласында М. Шоқай: «Қазір «Яш Түркістанды» оқымайтын Түркістан эмиграциясының бірде-бір ошағы жоқ. Араб елдерінен, Түркиядан, Персиядан, Үндістаннан, Ауғанстаннан, Қытайдан, Қиыр Шығыстан және басқа да елдерден түсіп жатқан хаттар «Яш Түркістанның» таралым ауқымына, оған үлкен құрметпен қарайтынына толық дәлел бола алады», - дейді [13]. Ал мұрағат деректері Франциядағы Түркия елшісінің М. Шоқайға «Яш Түркістан» журналының Түркия астанасында зор қызығушылық туғызып отырғаны туралы пікірін, журналды елшілікке үнемі жіберіп тұруын сұрағандығын көрсетеді [14]. Біз келтіріп отырған осы екі мұрағат деректерінің өзі-ақ журналдың бірнеше мемлекеттерге тарағандығын, сан мыңдаған оқырманы болғандығын дәлелдейді.

Жалпы «Яш Түркістан» журналы М. Шоқайдың публицистік-редакторлық, ұйымдастырушылық қабілетін танытқан ең көрнекті туындысы болды.

Шоқайтанушы-ғалым К.Есмағамбетов М.Шоқайдың жоғарыда аталған журналдардан басқа «Түркістан» журналын шығарғандығын мұрағат деректерімен негіздейді. Журналистика тарихында бұрын белгілі бола қоймаған журнал Германияда жарық көрген. Журналда шетелдерде жүрген түркі халықтары эмигранттарының өмірі, Орта Азия республикаларының әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайы, түркі халықтарының бірлігі, Кеңес билігінің отар ұлттарға деген көзқарасы мен ұстанымы туралы мақалалар жарияланды. Журналдың басты жаңалықтарының бірі Түркістан тарихы мен мәдениетінің француз, неміс әдебиетіндегі көрінісі туралы тың материалдарды жариялауы еді. «Кеңес отарлары», «Берлинде өткен Түркістан хақындағы бір конференция» сынды саяси шолулар да өзінің мән-мазмұнымен ерекшеленді.

Өкінішке орай, бұл журналдың да ғұмыры ұзаққа созылмады. 1934 жылдың қазан айынан 1935 жылдың ақпан айына дейін небары 5 нөмірін жарыққа шығарған журнал жабылып қалады. Біздің қолымызда деректер болмағандықтан аталған басылымның қандай жағдайларға байланысты жабылғандығы туралы айта алмаймыз. Бір белгілісі, Түркия мемлекеті бұл басылымды өз территориясында таратуға құлықты болмаған. Оған: «Түркістан» журналын еліміз туралы зиянды жазбаларға орын беруіне байланысты «Баспахана туралы» Заңның 51 бабына сәйкес Түркияға кіргізуге тыйым салу жөніндегі Сыртқы істер өкілдігінің 11.12.1934 ж. № 805 хатындағы ұсынысы Атқарушы өкілдер делегациясы тарапынан 20/12/1934 ж. бекітілді», - деп Президент қол қойған құжат куә болады [15]. Бұл Түркияның КСРО-мен арадағы байланысын жолға қойып, байланысты

нығайтқан кезі болатын. Сондықтан да Түркия мемлекеті эмигранттық баспасөздегі Кеңес үкіметіне қарсы айтылған пікірлерді таратудан қаймыққаны белгілі.

Өзінің журналистік-публицистік жолын «Бірлік туы», «Улуғ Түркістан» басылымдарынан бастаған М.Шоқай «Иени Түркістан», «Яш Түркістан», «Түркістан» журналдарының негізін қалап, олардың қалыптасып, дамуына барынша еңбек сіңірді. Журнал бірнеше түркі тілдес және мұсылман мемлекеттеріне тарады. Бір көңіл аударарлық мәселе, М.Шоқай негізін қалаған журналдардың барлығы Түркістан атауымен байланысып жатқандығы. Бұл шын мәнінде, оның түркішілдік арман-мұратының публицистік-редакторлық қызметіндегі көрінісі деуімізге болады. Ең бастысы Шоқай түркі халықтарына ортақ мемлекет құру, түркі халықтарының бірлігі мен одақтастығы, ұлттық күрескерлік сананы ояту туралы мақалалары арқылы саяси публицистиканың, мұғажырлық өмірді бастан кеше жүріп қазақ эмигранттық журналистикасының негізін қалады.

М.Шоқай шығарған басылымдардың шығу тарихы мен ұстанған бағыт-бағдарлары зерделей отырып, эмигранттық журналистикаға тән төмендегідей қасиет-ерекшеліктерге көз жеткізуімізге болады: біріншіден, жоғарыда атап көрсетілген ақпарат құралдарының (М.Шоқай ашқан журналдардан бастап бюллетендерге дейін) барлығы эмигранттардың бастамасымен, тіптен олардың өздерінің қаржыландыруымен жарыққа шықты; екіншіден, эмигранттық басылымдар қай мемлекетте шықса да ол сол мемлекеттің идеологиясын насихаттаған емес, керісінше тек қазақ ұлттық идеологиясын немесе түркішілдік идеологияны насихаттауды басты бағыт етті; үшіншіден, эмигранттық басылымдар тек қазақ тілінде шыққан жоқ, қай тілде шыққанына қарамастан ақпарат құралдарында негізінен ұлттық мәселелер: тіл, дін, әдет-ғұрып, салт-дәстүр басқа да ұлттық құндылықтар дәріптелді, ең бастысы Кеңес үкіметінің орыстан басқа ұлттарға жасап отырған отаршылдық, шовинистік ұстанымы ашық көрсетілді; төртіншіден, мұндай басылымдар ұлттық сананы оятуды, отар ұлттарды азаттық жолындағы күрескерлікке үндеуді басты мақсат тұтты.

Ендеше, шетелдерде қазақ тілінде шыққан ақпарат құралдарының барлығы бірдей кеңестік билікке, ұлттық саяси мәселелерге араласа қойған жоқ. Сондықтан эмигранттық журналистика тәуелсіз, азат мемлекет құруға, ұлттық сананы рухтандыруға қызмет етті деп бағалауымызға болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Советская энциклопедия. 8-том. Москва. Издательство. БСЭ. 1972.
2. Советская энциклопедия. 30-том. Москва. Издательство. БСЭ. 1972.
3. В.А.Тишков. Исторический феномен диаспоры//ЭО. №2.С42-63. 2000.
4. А.Зеленин. Язык Русской эмигрантской прессы. (1919-1939). 2007.
5. Қ.Алдабергенұлы. Ж.Нұсқабай. Ф.Оразай. Қазақ журналистикасының тарихы. Алматы. Рауан. 1996.

6. Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы. 12 томдық. 1 том. «Дайк-Пресс» ЖШС. Алматы-2012.
7. Журнал «Милли Юл» (1928-1939гг.) в системе татарской эмигрантской прессы». Автореферат диссертаций на соискание степени кандидата филологических наук. Казань, 2012 г.
8. Т.Насыров. Татарская эмигрантская пресса.
9. ЦГА Республики Башкортстан. Ф.4917. Описание 1-А.44.Л.8.
10. БРОММ 4917- қор. 1- тізбе. 44- іс. 8-парақ
11. РГВА. ф. 1358 к. оп.3.д,45 б. л.44
12. РГВА. ф. 1358 к. оп.3.д,45 б. л. 45
13. РГВА.ф.461к.оп.1.д.431.л.174
14. М. Шоқайдың Франциядағы жеке мұрағаттық қоры. Carton 5. Dossier 2. P. 36
15. Türkiye Cumhuriyet Basbakanlik Cumhuriyet Arsivi. Arsiv 080. Dolap 18. Goz 01. Klasor 1197. Dosya 50. Fihrist 57. S.6.

ӘОЖ 323.25 (574):950 (574)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ МҰСТАФА ШОҚАЙ

Ахмет А.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

т.ғ. д., қауым. профессор

Әміршілдік-әкімшілік жүйенің дәуірлеген жылдары кеңестік кеңістікте миллиондаған жан жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырады. Ал, сол жүйедегі қазақ елі бұл сұмдық ашаршылықпен үш дүркін бетпе-бет келді, яғни 1917-19, 1921-23, 1931-33 жылдары. Осы жылдары көшпенді халқымыздың 4 миллионнан астамы осы ашаршылықтың тікелей құрбанына айналды, ықтимал табиғи өсімді есепке алғанда, еліміз айырылған боздақтар саны 10 млн. адамнан асты.

Ел тарихындағы ең қаралы кезеңдердің бірі, ұлы жұт аталған 1931-1932 жылдардағы аштық туралы мәліметтер 80-ші жылдардың ортасында бүкілодақтық, республикалық мерзімді баспасөз беттерінде жарық көре бастады. Тарихшы ғалымдар мұрағат қорларындағы құпия құжаттарды іздеп, зерттеп, саралап көпшілік қауымға кеңестік әміршілдік-әкімшілдік жүйе кезіндегі ашаршылық туралы деректерді жариялай бастады.

Бұл зұлмат жылдарды батыс зерттеушісі Дж. Беккер: «Қазақтардың бірнеше ұрпақтарының есінде жазылмайтын жара болып ұжымдастыру және оның салдарынан болған 1931-1932 жылдардағы ашаршылық туралы естелік қалды», -деп жазды.

Қазақстандағы ауыл шаруашылығы саласының дамуы тарихына қатысты құжаттарды жинақтау және дайындау барысында ауыл шаруашылығын ұйымдастыру тарихына қатысты 5 мың құжат анықталды, соның ішінде 310 құжат жинаққа енгізілді. Жинаққа енгізілген құжаттар қатарында қарарлар, бұйрықтар, шешімдер болатын. Қазақстандағы ауыл шаруашылығындағы өзгерістер туралы, жер-су реформаларының жүргізулері туралы құжаттар жинағы да баспадан шығарылды [1].

Шығарылған құжаттық жинақтарға өкінішке орай 1930-1933 жылғы күшпен ұжымдастыру кезеңіндегі көптеген мұрағаттық құжаттар енгізілмей қалды.

Кенес қоғамындағы өзгерістер өткен ғасырдың 20-30-шы жылдары қалыптасқан әкімшілік-әміршілдік жүйенің қыспағымен, халықтың белгілі бір бөлігін құрбан ету арқылы іске асырылды. Бұл әсіресе жер мәселесінде, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру негізінде қайта құру саясатында айқын көрінді. XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы тарихи оқиғаларды мұрағат құжаттары арқылы зерделеу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Мұрағаттардағы құнды тарихи құжаттарды саралап және зерделеп, зерттеу арқылы тарихи үдерісті түсіну бүгінгі таңдағы басты мәселе. Аштық туралы есептер мен статистикалық деректер, қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларының еңбектері, корреспонденциялары кімдермен қарым-қатынаста болғандығы туралы материалдар бұрынғы Қауіпсіздік Комитетіне түскен, одан кейін қайтарылмаған. Ашаршылық, қуғын-сүргін тарихына қатысты көптеген құжаттар мен материалдар түрлі ведомстволардың қоймаларында қалдырылды. Ал, олардың көпшілігі Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті, Бас Прокуратура, Ішкі істер министрлігі архивтерінде сақталуда.

Украин тарихшысы Л.Протасова Украинадағы 30-шы жылдардағы ашаршылыққа кінәлілердің аты аталып, жария болғандығын, Голодомордың халықаралық дәрежеде мойындалғанын мәлімдеген болатын. Ал біз де бұл мәселе күн тәртібінде өткір күйінде қалып отыр деген пікірдеміз. Ашаршылық ақиқатына жаңаша көзқарас ел тарихы үшін, болашақ ұрпақ үшін де керек екендігі көзі ашық, көкірегі ояу көпшілік қауымға белгілі.

Қазақстандағы ашаршылық жылдары өлгендердің саны туралы әртүрлі деректер бар, мысалы «Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында» аштық құрбандары туралы 1926, 1937 жылдардағы халық санағында олқылықтар жіберілгендігі, соның салдарынан ашаршылықтағы адам шығыны дәл анықтауға кедергі келтіріп, әртүрлі пікірлердің өрістеуіне себеп болғандығы әділ атап өтіледі және 1931-1933 жылдардағы аштық құрбандары 2 млн 200 мың адамнан асып түсті делінді. Баспасөз беттерінде 2,5 млн («Алтын Орда» газеті 9 ақпан, 2012), 3 млн («Алтын Орда» газеті, 2012), 3 млн 250 мың («Айқын» газеті), 7 сәуір, 2012), 2 млн 300 мың («Егемен Қазақстан», 25 сәуір), 2012, 2,7 млн («Айқын» газеті, 4 мамыр, 2012) адам деген мәліметтер көрсетіледі. Аштық нәубеті құрбандарының саны бұл мәселе терең зерттеліп, сараланған сайын көбеймесе, азаймайды.

Кеңес үкіметінің жүргізген саясатының нәтижесінде ата-баба тарихында мыңдаған жылдары бойы көшіп-қонып жүрген, жеке мал шаруашылығымен айналысқан халқымыздың тұрмысына күрделі бетбұрыс жасалды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында қолға алған саясатының бірі көшпелі халықтарды отырықшылыққа айналдыру, ол үшін әлділерді тәркілеу ісі қолға алынды.

Әлді шаруашылықтарды тәркілеу халықты жаппай ашаршылыққа алып келген жағдайдың алғы шарттарының бірі деп қарастыруға болады. 1928 жылдың 27 тамызында Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің «Ірі байлар шаруашылығы мен жартылай феодалдарды шаруашылығын конфискациялау мен жер аудару» декреті қабылданды. Бұл декрет бойынша байлар мен жартылай феодалдардың мал-мүлкі, байлығы тәркіленіп, өздері отбасымен бірге жер аударуға жатты. Конфескелеу туралы заң бойынша малы, дүние мүлкі тәркіленіп, өзі жер аударылуға тиісті ірі байлар мен жартылай феодалдардың қатарына көшпелі аудандарда малы 400-ден асатын (ірі қараға шаққанда), жартылай көшпелі аудандарда 300-ден асатын, отырықшы жерлерде 150, кейде 100 малы бар сұлтандар мен хандардың ұрпақтары, ел билеген болыстар, атқамінерлер жатқызылды. Осы декрет негізінде сол жылдың күзінде қазақ өлкесінде 696 ірі бай, жартылай феодалдардың мал-мүлкі тәркіленіп, зорлықпен тартып алынды. Байларды тәркілеу үлкен зұлымдықпен аяусыз жүргізілді. Бір өкініштісі байлардың қатарында солақай саясаттың нәтижесінде көптеген орта шаруалар да қосылып кетіп, тәркілеуге ұшырады. Алайда байлардың алдымен жерін, одан соңы малы мен ауыл шаруашылық құрал-жабдықтарын тартып алу тиісті нәтиже бермеді, керісінше кедей шаруашылықтарын нығайту ісі ұзаққа созылып кетті. Байлардың дүние-мүлкін тәркілеу барысында көптеген жағдайларда адам құқы мен заңдылықтың өрескел бұзылуына жол берілді.

Қазақ өлкесіндегі ашаршылық туралы көрнекті қоғам, мемлекет қайраткерлері Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов, Н.Нұрмақов, С.Қожанов, Қ.Мырзағалиев, О.Исаев Мәскеуге ресми хаттар дайындап жіберді. БК(б)П Орталық Комитетінің Бас хатшысы И.В.Сталинге РКФСР үкіметі төрағасының орынбасары қызметіндегі Т.Рысқұловтың және Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф.И.Голощекинге М.Ғатаулин, М.Дәулетқалиев (жерлесіміз), Е.Алтынбеков, Қ.Қуанышов, Ғ.Мүсірепов хаттарында («Бесеудің хаты») қазақтардың аштан қырылуы мен атакүлдіктен үдере шетел асуының басты себептері, әлеуметтік-экономикалық, демографиялық шығынды айғақтайтын нақты мәліметтер берілді. Қазақ өлкесін басқарған Ф.И.Голощекиннің 1925-1933 жылдардағы саясатын Л.Д.Троцкий: «Голощекин орыс деревняларында әлеуметтік келісімді уағыздап, ал қазақ ауылдарында азаматтық соғысты қоздыруда», - деп сипаттады. 1932 жылы жазушы М.Шолоховтың «хуторларда әйдік соғыс жүріп өтті» деп жазуында ащы да болса шындық жатыр.

Ф.И.Голощекиннің Орталық Комитетке жазған мәлімдемесінде «қазақтардың коллективті шаруашылыққа өтудің ерекше қиын және күрделі жағдайында тіршілік етуге қабілетсіздігінде... Бұл қожалықтар өздерінің мал басын жойып, бір бөлігін мемлекеттік дайындауларға өткізіп, бір бөлігін жыртқыштықпен жоюда», -деп жазды. Ол коллективтендіру кезіндегі асыра сілтеуді, шолақ белсенділердің солақай саясатын, мал дайындау мүмкіндігі ескерілмей жоспарсыз жасалғанын мүлдем қаперіне де алмайды.

Ал шет елдерге ашаршылық туралы алғашқы дабыл қаққандардың бірі – Мұстафа Шоқай болатын. М.Шоқайдың қазақтардың 1917 жылдан бастап перманентті түрде ашаршылыққа ұшыратылуына арналған еңбектерінің орны ерекше. Оның 1921 жылдың 26 қарашасында «Последние новости» газетінде «Қазақ жеріндегі ашаршылық» деген мақаласы жарық көрді. Қазақстанның көптеген аудандарын қамтыған ашаршылық жөнінде кешеуілдетпей ақпарат жеткізіп отырды. Ол «1918 жылы бүкіл жаз бойы және 1918-1919 жылдың қысында Торғай, Орал және Закаспий облыстарындағы қазақтардың ортасында болып, Кеңес өкіметінің озбырлықтарын өз көзіммен көрдім, ашаршылықтың түпкі себебі – «қоғамдастыру», «тәркілеу» мен қазақ шаруаларының малдарын Қызыл Армияның пайдасына тартып алу» дейді. Және де мұның тағы бір дәлелі ретінде «Қазақтардың Ленинге хаты» деген құжатты келтіреді. Онда «қазақтарды індет кезінде және адам төзгісіз санитарлық жағдайда медициналық көмектен қағу – қисынсыз. Тіпті, бойымызға ілер киіміміз де жоқ, сондықтан әйелдеріміз сыртқа шығудан қалды. Ашаршылықтың жайлағаны сондай, адамдар иттің етін жеуге, балаларын сатуға дейін барды» делінеді. Мұстафа Шоқай қазақтардың қырғынға ұшырауын большевиктер мен орыс қоныстанушыларының іс-әрекеттерінің салдары деп қарастырады.

Қазақтардың Кеңес өкіметі тұсында көріп отырған қорлықтары жөнінде хабарлар түрлі жолдармен М.Шоқайға жетіп тұрған. Мұстафа Шоқай 1922 жылдың 20 мамырындағы большевиктердің басты үнпарағы «Правда» газетінде жарық көрген Г.Сафаровтың мақаласындағы «1917, 1918, 1919 жылдары жерлерін тартып алу үшін орыс қоныстанушылары қазақтарды тірідей өртеді» деген сөздеріне талай рет сілтеме жасауы да біраз нәрсені аңғартса керек. М.Шоқай өз мақалаларында орыс отаршылдығының түпкі мақсаты: бүкіл өлкені орыстандыру, қазақтардың жерін тартып алып, шөл далаға ығыстырып тастау, соның салдары ретінде ашаршылыққа душар ету деп атап көрсетеді.

М.Шоқай Кеңес Одағындағы оқиғаларды жіті қадағалай отырып, ұжымдастыру барысында қазақтардың жаппай қырғынға ұшырауы туралы Лондонда тұратын танысы А.Байкаловқа хат жазады, басқа да орыс эмиграциясының жетекшілеріне, шетел қайраткерлеріне хабарлайды, бірнеше мақала жариялайды. 1934 жылы 15 шілдеде А.Байкалов М.Шоқайға хатын алғаны және онда көтерілген мәселелер бойынша біраз әрекеттер жасағаны туралы былай дейді: «Ашаршылық туралы мәліметіңіз үшін үлкен

рахмет, мен оларды тиісті орындарға тапсырдым. Бұл мағлұматтар «Социальная лестница» журналының соңғы санында басылған хат-хабарларда, сондай-ақ «Обсервер» газетінің бүгінгі санындағы жанама тілшілерінің хатында толығымен расталды» [2, 270 б.]. Мұстафа ашаршылық туралы әлем жұртшылығының білуінің маңыздылығына, большевиктердің оны Еуропа жұртшылығынан жасыруға барлық шараларды қолданып жатқанына тоқталады. Ол бұл нәубет жалғыз қазақтарды ғана емес, бүкіл Ресейді қамтып отыр деген пікірде болды. М.Шоқай 30-жылдардағы ашаршылық нәубетінің ең алдымен қазақтардың басына төнгендігін айтып, оны төңкеріске дейін қазақтардың жан басына шаққанда қанша малы болғаны, енді қанша малының қалғаны туралы статистикалық деректермен дәлелдейді.

Қазақ халқы «Ақтабан шұбырындыдан» кейін мұндай жойқын нәубетке ұшырап көрмеген болатын және 1933-1934 жылдары Қазақстандағы ашаршылық зұлматы жөнінде шет елдердегі «Нью-Йорк Таймс», «Манчестр Гардиан», «Дейли Телеграф», «Нью-Йорк Геральд Трибюн», «Фигаро», «Стампо», «Матэн», «Нойе Цюрихер Цайтунг», «Газетт де Лозанн» сияқты басылымдарда жазылды.

Сол жылдардағы қайғылы тәжірибені қоғамдық санамыз меңгермейінше және қазақстандық қоғамның да уақыт талабына сай жаңаруға, нақты модернизацияға беттеуі қиын болса керек. Ол үшін ұлттық элита, күллі қоғам баршаға ортақ азаматтық сезімді түйсінер болса, сол түйсікпен тарих алдындағы жауапкершілікті бір кісідей сезінсе – дiттеген модернизацияның сәтті жүрері сөзсіз деген тұжырымға келуге болады.

Қазақ ұлтына жасалған осынау нәубетке саяси баға берілуі тарих алдындағы адалдық болмақ.

Әдебиеттер

1. Коллективизация сельского хозяйства Казахстана (1926-1941гг.). - Алма-Ата., 1967.- Т. I-II. – 957с.
2. Мұстафа Шоқай Эпистолярлық мұрасы. 2 томдық. – Алматы: «СаГа» баспасы, 2006. 1-том. 270 бет.

ӘОЖ 950 (574)=943

МҰСТАФА ШОҚАЙ ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ

Белгібаев Д.Т.

Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, Алматы қ.
d-belgibaev@mail.ru

Алаш алыптарының тобында Мұстафа Шоқайдың орны бөлек. Бір қоғамда туғанымен, тұлғалардың тарихи қалыптасу жолдарының әр түрлі және әр деңгейде болатыны белгілі. Әркімнің өз тағдыры, басқаға ұқсай

бермейтін өзіндік сүрлеуі бар. Мұстафа Шоқай өмірінің соңғы 20 жылдан астамын жат жерде өткізді. Бірақ 1941 жылдың аяғында көз жұмғанша жас кезінде тандап алған туған халқының тәуелсіздігі үшін күресі бір сәт толастамады. Өйткені оның бүкіл ұстанымының мәні мен мағынасы, арманы мен мұраты өз ұлтының, Түркістан аймағының саяси егемендігі, рухани бостандығы болды.

Халқының еркіндігін өзінің азаттығы деп білген, өз тағдырын ұлтының бақытынан іздеген, тарихи кезеңдегі көрікте шындалып, теориялық білімі мен кемелділігі жеткілікті сегіз қырлы саясаткер Мұстафа Шоқайдың қалыптасуында айрықша рөл атқарған аса маңызды факторларға соқпай кете алмай отырмыз. Бұл – тұлға табиғатын аша түсудің тиімді жолы.[2. 236]

Мұстафаның әкесі Шоқай он екі жыл болыс болып, ел басқарып, би атанса, атасы Торғай – 30 жылдай билік басында болған датқа. Шоқайдың, оның әкесі Торғайдың суреттерінің патша үкіметінің арнайы тапсырмасымен дайындалған фотоальбомға кіруі бұл әулеттің, Сыр өңірінен тысқары жерлерге де мәлім екенін айғақтайды. Осындай өзіндік мәдениеті, салт-дәстүрі жеткілікті әулеттің шаңырағында дүниеге келген Мұстафа шынайы қазақ тәрбиесін жеткілікті көре алды. Ол кезде бүгінгідей жазба әдебиеттер өте сирек болғанымен, атадан балаға мирас болып келе жатқан ауызша сан тақырыптағы дастандарға қазақ даласы кенде болған жоқ. Ауқатты датқа ауылында ақын-жыраулардың да жиі болып тұруы ғажап еместін. Олардың ел билеген хандар мен халқын қорғаған батырлар туралы толып жатқан жырларын, көрші елдердің, түркі тектес туыстардың әр түрлі қиссаларын бала Мұстафа естіп, халықтық рухты бойына жасынан сіңіріп өсті. Ауылдағы 4 кластық мұсылманша және орыс мектебін бітірген, ата тегімен, ана сүтімен дарыған қабілетті бала Мұстафаны ортасы ерте таныды. «Кеп баланың ішінде Мұстафа аса зеректігімен ерекшеленген. Құранды да ең жақсы оқитын сол еді. Ата-анасы да, өзі де бұны үлкен мақтаныш санайтын. Үйіне келген кісілерге бала Мұстафа білгендерін айтып, сұрамаса да оқып беретін», – деп жазған еді Мария Шоқай «Менің Мұстафа» атты естелігінде.

Мұстафаның қоғамдық жұмысы Петербор университетінде жалғаса түсті. Әсіресе оның студент бола жүріп, Әлихан Бөкейханның көмегімен Мемлекеттік Думаның Мұсылман Фракциясы хатшылығына орналасуы – болашақ ұлтжанды саясаткер үшін ерекше маңызды болды. Енді Мұстафа Шоқай тұңғыш рет Түркістан өңірінен тыс түрік халықтарының – Еділ, Қырым татарларының, Кавказ халықтары, Орал башқұрттарының саяси өміріне араласа бастады. Петербордағы оқу мен қызмет жылдарында өз халқын азат ету басқа езілген халықтарды ұйыстырудың нәтижесінде ғана мүмкін екеніне оның көзі жете бастады. Кейін Мұстафа Шоқайдың шетелде жүрген кезінде де өз халқымен бірге езге аймақтардағы халықтардың отарлық езгіден құтылуын армандауы жайдан-жай емес еді. Осы таным оның өмір бойғы асыл мұраты болып қалды.[3. 296]

Университетті үздік бітіріп, елге оралған Мұстафа Шоқай саяси қозғалыстың қайнаған қазанына түсті де кетті. Оның әсіресе «Алаш» ұлттық демократиялық партиясының жұмысына қатысуы айрықша мәнді болғанын айта кету керек. Алаш партиясы – Ресей қол астындағы түріктер ішінен шыққан саяси партиялардың ең радикалы еді. Оның бағдарламасының халық ағарту және жер мәселесіне қатысты баптары большевиктер үкіметінің түпнегіздеріне турадан-тура қарсы бағытталған болатын.

Мұстафа Шоқайдың саяси ой-пікірлерінің ұштала түсуіне 1905 жылдан бастап қазақ халқының ұлттық төңкерісінің басында болған, қазақ ұлттық партиясы «Алаштың» негізін қалаған, оның бағдарламасының авторы, Алашорда үкіметін басқарған Әлихан Бөкейханның әсерінің ерекше болғанын айта кету керек. «Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын орыс үкіметінің ата-мекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді», – деген ұстаз сөзін 1939 жылдары еске алу жайдан-жай емес. Мұстафа Шоқайдың айтуынша, осы кеңестен кейін ең үрейлі қатердің қайдан келе жатқанын түсінген жастар бар ынтасымен «мұғажыр мәселесін» үйренуге кірісіпті.

Мұстафа Шоқайға өзімен қатар ұлт азаттығы шебінде болған, өзі Түркістан түріктерінің ең көрнекті, ең сыйлы өкілдерінің бірі санаған Міржақып Дулаттың, «қара басының қамын ойламайтын, халқы үшін қам жеп, ел үшін еңіреп туған азамат» Сұлтанбек Қожанұлының және т.б. Алаш ардақтыларының да әсерлері аз болмаған.

Міне, мұның барлығы Мұстафа Шоқайдың саяси қайраткер ретінде қалыптасуындағы ерекше маңызды факторлар еді. Әлі талай зерттеулер жазылар, осы кезге дейін айтылғандар толықтырылар, дегенмен осылардың өзі еліміздің аса бір аласапыран кезеңдерінде Түркістандағы ұлттық қозғалыстың бірден-бір дем берушісі де ұйымдастырушысы болған, кейін жат жерде жүріп те нағыз ұлтжандылық пен қайтпас қайраттың тамаша үлгісін көрсете білген М. Шоқайдың саяси университеттері болғанына күмән жоқ. [5. 546]

Әрине, саяси көзқарастың қалыптасуы күрделі процесс екені бесенеден белгілі. Халқымыздың тарихындағы аумалы-төкпелі кезең М. Шоқайдың ұстанымдарына өзгерістер енгізіп отырған. Сондықтан ол өз ой-пікірлерінің эволюциясы туралы былай дейді: «1917 жылы төңкерістің бас кезінде біз бәріміз федералист, унитарист тәрізді ағымдардың ықпалында болдық. Бәріміз түгел берілген осы көзқарастар біздің орыс демократиясына шамадан тыс сенуімізден туған еді. Ресейдің төңкерісшіл демократиясына деген сенімнен туған федералисттер мен унитаристер арасындағы пікір айырмашылығын оның біреуін империяға дос, ал екіншісін жау етіп көрсету жолымен түсіндіруге болмайды. Мұның екеуі де түрік тектестердің сол тұстағы жағдайына байланысты туылған көзқарастар еді».

Осы кезге дейінгі арнаулы еңбектерде негізінен Мұстафа Шоқайдың саяси қызметі туралы айтылып келеді. Оны түсінуге болады. Себебі бұл әлі толық зерттеле қоймаған тақырып. Біз бұған саналы түрде бармай отырмыз. Біздің мақсатымыз – Мұстафа Шоқайдың эмиграция кездерінде жазылған қолда бар еңбектеріне сүйене отырып, оның қоғамдық-саяси идеялары туралы кейбір ойларымызды қысқаша ортаға салу. Осының негізінде бүкіл түркі әлемінің ұлы перзентінің бейнесін ашуға талпыныс жасау. Алда әлі халқымызға таныс емес талай дүниелер ортамызға оралар. Бірақ соның бәрі Мұстафа Шоқайдың өз ұлтын жанындай сүюімен бірге, түркі тектес туыс қазақ, өзбек, түрік, татар, тағы басқа ұлт өкілдерін бөліп қарамағанына мықты дәлел бола алады.[1. 766]

М. Шоқайдың сан салалы саяси қызметінде оның эмиграциядағы кездері ерекше орын алатыны белгілі. Ресейдің ең маңдай алды университеттерінің бірінде оқып, терең білім алып, бұрыннан жақсы білетін орыс тіліне қоса бірнеше шет тілдерді бірдей меңгеріп шыққан Мұстафа Шоқайға амалсыздан барған шетелдердің қайсысынан болса да жылы орын тауып, өзіне жететіндей тірлік етуге әбден болатын-ды. Бірақ Мұстафа Шоқай табиғатында ондай жан емес-ті. «Мұғажырлық (эмиграциялық) өмірдің машақаты көп-ақ», – деп өзі айтқандай, жат жердегі өмірдің тауқыметін тарту оңай болған жоқ. Тағдырдың тартуы болса, ылаж бар ма? Бірақ соған қарамастан, ұлтының азаттығы үшін күресін бір сәт толастатқан емес. Айырмасы – ендігі күресті негізінен қалам ұшымен жалғастырды.

Мұстафа Шоқай саясат мәселелерін зерттеп, арнайы еңбек жазуды ойлаған емес. Оған мүмкіндігі те бола қойған жоқ. Бірақ «Алла елімнің тәуелсіздікке қол жеткізгенін көруді нәсіп етсе, мен тек саяси үгіт жұмысымен айналысар едім. Жастар үкімет құрса, мен елімнің тарихы және басқа өлке халықтары туралы кітаптар жазумен шұғылданар едім. Адамдар бір-бірімен араласуы керек. Халықтар өзара білім алысып, бірін-бірі терең танып және түсініп, жарасымды қатынас дәрежесіне көтерілсе, сонда ғана халықтар федерациясын құруға жол ашылмақ. Мұндай мақсатқа жету үшін мемлекеттік масштабтағы қызмет қажет болады. Соғыстан бас тарту керек, соғысты болдырмау керек. Жер бетінде барлық адамға орын жетеді», - деп қиялдауы Мұстафа Шоқайдың айтарының да, жазатынының да көп болғанының дәлелі.

«Жас Түркістанның» әрбір саны сайын шығып тұрған, кейде қысқа, кейде көлемді мақалалар мазмұн жағынан аса бай, сол кездегі әлемдік саясаттың сан жетпес сиқырларын шеберлікпен аша білген дүниелер еді. Жағдай мәжбүр еткен Түркістанның тәуелсіздігі жолындағы саяси күрестің жаңа амалының нақты мақсаты журналдың алғашқы санында-ақ алға қойылды: «Біз, Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түркістандықтарға бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдан соң, да болмас. ...Біздің мұратымыз Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны

жағынан да ұлттық мемлекеттік құрылымға қол жеткізу болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады». Журнал бетінде 10 жылдай жарық көрген 200-ден астам әр түрлі тақырыпқа арналған мақалалар осы негізгі мәселеге бағындырылған, соған қызмет етеді.[5.216]

Заманына сай терең білім алған заңгер Мұстафа Шоқайдың кеңестік саясаттың кейбір теориялық мәселелері туралы айтқан ойлары ерекше назар аударарлық. Әрине, бұл мәселелердің арнайы зерттелмегенін ескерте кеткен жөн. Дегенмен осы ойлар сонылығымен және объективтілігімен қызғылықты. Ол кеңестік билік жалпы жұмысшы табының қолында емес, бір ғана большевик партиясының уысында екенін атап көрсетіп, биліктің «жұмысшы демократиясы» деп жалаулатқан үгіт-насихаттың шындыққа жанаспайтын саяси сипатын теріске шығарады. Оның дәлелі ретінде «Жұмысшы демократиясы дегеніміз тарихтың табиғи қажетіне сәйкес бірігіп, саяси демократияның шеңберінде бола отырып, жалпы жұмысшы табының дербес тап ретінде өзін көрсете алуы болып табылады», – деген анықтама ұсынады. Осыған байланысты социалист (түрліше түстегі) жұмысшылар болғаны тәрізді, антисоциалист жұмысшылар да болатынын, Еуропада «католик жұмысшылар ұйымының» да бар екенін, егер жұмысшылар көмектеспесе және қатынаспаса, онда Италиядағы фашистер мен Германиядағы гитлершілдер күш алуы мүмкін екенін айтқан мысалдарды тілге тиек етті. Сондай-ақ таптық күрестің ұлттық өнеркәсіп қалыптасқан саяси, әлеуметтік және экономикалық мүдделері бір-біріне қарама-қарсы тұрған, ұлттық буржуазиясы мен ұлттық пролетариатта бар тәуелсіз елдерде ғана болуы мүмкін деген марксизм қағидасына сүйеніп, ол Түркістанда ондай күрестің жоқтығын, бұл большевиктерге өз үстемдігін бүркемелеу үшін қажет болғандығын атап көрсетеді.[2. 69]

Мұстафа Кеңес үкіметінің 30-жылдардан кейінгі ішкі саясатына да көп көңіл бөлген. Әсіресе мемлекетті басқару бағытындағы өзгерістер назарынан тыс қалмаған. «Табыс мерекелері», «Ресейдегі жағдай және біздің міндеттеріміз», «Кеңес Одағының негізгі заңы төңірегінде» атты мақалаларда Сталиннің жеке басына табынушылықтың болашағын көрегендікпен болжай білген. Сталинді барынша дәріштеп, оны тәңірге айналдыра бастаған бұқаралық ақпарат құралдарында бар нәрсені тек соның атымен байланыстыру науқанының басталғанын жақсы байқаған. Бұл әсіресе Кеңес үкіметінің басы-қасында болған Зиновьев, Каменев, Бухарин және т.б. толып жатқан, кеше ғана Қазан революциясын басқарған, бейбіт кезде алғы шепте жүрген партия мүшелеріне «сатқын», «фашист агенттері» деген ауыр айыптар тағылып, кебісі атылғаннан кейін жаңа белең алған еді. Бұл процесс Кеңес Одағының Негізгі заңының қабылдануымен күшейе түскен болатын. Қарсыластарын жойып, маңайын тазалап алған Сталин өзінің жеке билігін Ұлы Отан соғысындағы жеңістен соң әбден нығайтып алғаны мәлім. Сөйтіп жұмысшы табының диктатурасы дегеніміз Коммунистік партияның, шындығында оның Бас хатшысының жеке

диктатурасына айналды. Кейін Сталиннің жеке басқа табынуымен күрескендер де Коммунистік партияның жеке билігін ауыздықтай алмап еді. Оларды да жоғары билік мансабы құл еткен-ді. Партия жүйесінде реформа болмады. Осының бәрінің ақыры Кеңес Одағын құлатып тынды. Шексіз жеке билік еш уақытта да жақсылыққа апармайтынына кәрі тарих тағы куә болған-ды.

Мұстафа Шоқай кеңестік басқарудың Түркістанға кейбір пайдалы жақтарын білмеді емес, білді. «Кеңес үстемдігінің 16-ыншы жылдығына орай» атты 1933 жылы жазылған мақаласында ол Кеңес үкіметі өмір сүрген 16 жыл ішінде ешқандай бір онды істер болмады десек, ол да дүр болмаған болар еді. Табыстар жоқ емес. Алайда оның бәрін Кеңес үкіметі отар халықты мүсіркегенінен жасамағанын, езіне керек болғаннан кейін жасағанын, мұндай табыстардың көпшілігі большевиктердің халыққа берген уәделеріндей, «төңкеріс жоспарларында» көрсетілгендей емес деп атап көрсетті.[4]

Мұстафа Шоқай – қазақ елінің, барлық түркі тектес халықтардың азаттығы мен бостандығы үшін күресумен қатар, өз дәуіріндегі халықаралық мәселелерді биік деңгейде талдап, оның беталысын көрегендікпен болжай білген терең білімді саяси сарапшы. «Ұлттар Ұйымы және Кеңес үкіметі», «Алманиядағы қаржы дағдарысы», «Қытайда», «Ағылшын дағдарысы», «Манжурия мәселесі және дүние жүзі баспасөзі», «Кавказ мәселесі» т.б. тақырыптарға жазылған мақалаларды былай қойғанда, «Халықаралық жағдай» және «Халықаралық өмірден» деген атаулармен жазған мақалаларында ол Ұлттар Ұйымының мәселелері, Ұлы Отан соғысы алдындағы Англия, АҚШ, Германия, Италия, Жапония, Қытай, Франция т.б. елдерінің сыртқы саясаттарына талдау жасайды. Бұл қазіргі тарихшылар мен саясаткерлерге өткен ғасырдың 20-30-жылдарындағы халықаралық мәселелерден мол материал берері сөзсіз.

Бір ескеретін нәрсе – Мұстафа Шоқай халықаралық тақырыптардың қандайына қалам тартса да, туған елі Түркістан әсте есінен шықпайды. Бар мәселені осының маңына топтастырады, халықаралық ахуалдың ұлттық тәуелсіздігімізге тигізер ықпалын ойлап отырады. Мысалы «Қиыр Шығыста» деген мақаласында ол Ресейдің Қытай, Жапония араларындағы Манжурия төңірегіндегі дау-дамайға байланысты мәселелерді қозғай отырып, Ресейдің Манжуриядан шегінуін маңызды оқиға санайды. Автор орыс империализмінің Манжуриядан шегінуіне қуана қол соғатынын және осы процесс тоқтап қалмай, ең соңында орыс империализмінің Азиядан түгелдей қуылуын тілейтінін де, Азия халықтары сонда ғана кең тыныс алып, ұлт-азаттық күрестің мақсаттарына жететініне де қуанышын жасыра алмаған. Сондай-ақ «Поляк басылымдарының үні» атты патшалық, кейінгі кеңестік Ресейдің Польшамен арақатысына арналған мақаласында Мұстафа Польшаның, Ресей езгісіндегі басқа халықтардың мұң-зарын өте жақсы түсінетіндігін және олардың нағыз жанашырлар екенін айта отырып,

«Поляктар – өзiм құтылдым, өзгелер не болса, ол болсын» деп әсте ойламайтын, адамгершiлiгiне қаһармандығы сай ғажайып халық.», деп тамаша сипаттама бередi. Осы жерде «Жас Түркістан» журналының Польша үкіметi маршал Иозеф Пильсудский тарапынан құрылған «Лихие прометеи» ұйымы арқылы қаржыландырылғанына айта кеткен артық болмас.[4.142б]

Мұстафа Шоқай – өз кезіндегi жалғыз азат Түрiк елi туралы да бiрнеше мақала жазған. «Түркістан Кеңес баспасөзi және Түркия республикасының 10 жылдығы», «Түркия және Ұлттар Ұйымы», «Мәскеу және Түрiк Коммунистік партиясы», «Большевиктердiң Түркиямен «адал достығына» куә боларлық бiр тарихи құжат», «Мен патриотпын» газетi Түркия саясаты хақында» т.б. мақалалардан автордың түрiк халқының азаттығына деген шынайы көзқарасын, Түркияның батыстың мәдениетi мен демократиясы жолына түскенiне қуаныш көңiлiн аңғармау мүмкiн емес. Түркия Республикасының Ұлттар Ұйымына ресми мүше болуы – оның халықаралық жағдайын нығайтатын айрықша оқиға болды. Ал «Большевиктердiң «Түрiк достығы» атты мақалада Кеңестiк Ресейдiң Түркияға байланысты саясаты, большевиктердiң түрiк ұлттық қозғалысын iштен iрiту жолындағы iс-әрекеттерi, Түркияның әлсiз тұстарын қапысыз пайдаланып қалу мақсаттан туындап отырғаны сөз болады. Алайда Түркия халқының, ең алдымен, түрiк қоғамының салауатты ұлттық негiзге құрылуы, түрiк халқының асқан ерлігi, жол бастаушыларының парасаты мен көрегендiгi арқасында алған бағытынан таймай отырғандығы атап көрсетiлдi. Сондай-ақ «Түркия туралы большевиктердiң екi басылымы» деген мақалада Мәскеу большевиктерiнiң Түркияға байланысты ұстанып отырған екi жақты саясатын әшкерелейдi. Оның бiрi – Кеңес үкіметi Түркияны өзiнiң саяси мақсатына пайдаланбақшы деген пікір келтiрсе, екiншiсi – түрiк төңкерiсiн бұрмалап, оның мән-мағынасын жоюға қызмет етедi дейдi.

Саяси күрестiң от-жалынында шыныққан, өмiр жолында сан түрлі, сан мiнездi саяси қайраткерлермен жолығып, кейде олардың кейбiреулерiмен айтысқа да түскен Мұстафа Шоқайдың саяси тұлғалар туралы айтқан ойлары да маңызды. Өзiнiң қайтыс боларынан бес жыл бұрын жазылған «1936 жыл» деген мақаласындағы: «Жалпы ұлттың мүддесiн жеке қожалықтар мен жеке топтардың мүддесiнен жоғары қоя бiлген, өзiнiң белгiлi бiр түзiмге белгiлi бiр себептермен қалыптасқан қатынасын, оған тәуелдiлiгiн жалпы ұлт мүддесi тұрғысына сәйкес, ұлттың жалпы жағдайына үйлесетiн түзiм жолында құрбан ете бiлген адамдар ғана нағыз ұлттық патриот және ұлтқа пайдалы қызметшi бола алады», – деген-дi. Бұл сөздi Мұстафа Шоқайдың өзiне арнауға да әбден болады. Сондай-ақ оның ойынша, саяси тұлғаға аса қажет қасиет – үмiт, сенiм, иман тәрiздi рухани-моральдық, факторлармен бiрге, бiлiмнiң өзара тығыз бiрлiгi. Жеңiске жету үшiн осы аталған қасиеттермен қатар бiлiм қуаты қажет. Осыларды игерiп қана ұлт азаттығы жолында жұдырықтай жұмылуға болады. Сонымен қатар

Мұстафа ұлт азаттығының басы-қасында жүрген саяси жетекшілерді қорғап қана қоймай, олардың беделін арттыруға күш салудың қажеттігін айтатын. Өйткені ұлттың тәуелсіздігі жолындағы күрескерлерге отаршыл мемлекеттердің сан түрлі арандатушылық әрекеттері болуы мүмкін.[3.616]

«Біз саяси қайраткерлерді оның ұрандарына қарап емес, іс-қимылдарына қарап бағалаймыз», - деп өзі айтқандай, ұлы күрескердің сонау лицейдегі оқушы және Петербордағы студенттік кездері, одан кейінгі саналы да сан салалы, қиын да күрделі күрескерлік жолы, кейін жат жерде де қайғы мен қасіретті аз тартпаған, алайда бір сәт толастамаған арпалысқа толы жалынды өмірі бұған бұлтартпас дәлел. Мария Шоқай: «Халқының келешегі мен тыныштығы үшін еш аянбайтын, титтей қоспасы жоқ демократ, – деп келіп, – Саясатта да ол намысқой әрі жанға жақын болуы арқылы адамдардың жүрегіне жол табатын. Пікірталаста қызуқандылау еді. Бірақ өз пікірін дәлелдеуде қарсыласының намысына тиюден аулақ болатын. Көзқарас жиегі кең, өзінің ойын еркін жеткізетін және айтқан пікірінің тыңдаушыға ұнаған-ұнамағанына мән бермейтін. Мұстафа тар ауқымды ұлтшылдықтың дұшпаны еді. Ол бүкіл Түркістан ұлттарының бірігуі жолындағы күрескер еді», – деп жазды.

Мұстафа Шоқай — өз халқына деген шексіз сүйіспеншілігі мен айрықша адалдығын өз өмірінде, күрес үстінде сан рет дәлелдеген аяулы тұлға. Ол тар шеңбердегі ұлтжандылыққа еш уақытта бой алдырмаған, «ру, ұлыстарға бөліп», халықтың ішіне іріткі салатын психологиядан өзін әркез алшақ ұстаған. Ел ішіндегі бірлігіміз бен ынтымағымызды арттыра түсу бүгінгі Қазақстан жағдайында да айрықша мәнді болып отыр. Сондай-ақ, үлкенді-кіші көршілерімізбен тату-тәтті өмір сүріп, екі жаққа тиімді қарым-қатынас жасау да сыртқы саясатымыздағы маңызды сала. Мұны Орталық Азия аймағында тұратын халықтардың барлығы тереңірек түсініп жатса, келешегіміз бұдан да жарқырай түсер еді.[5. 1596]

Алда Мұстафа Шоқайдың мол мұрасын әлі де жинақтап, жүйелі зерттей отырып, оны ұлт игілігіне айналдыру, жаңа қоғам құрып жатқан белсенді іс-әрекетімізде ұтымды пайдалана білу – біздің парызымыз әрі қарызымыз. Өйткені Мұстафа Шоқайдың есімі қоғамымыз демократиялық ұстанымда ілгері жылжыған сайын шамшырақтай жарқырап, халқына қызмет етіп, оның жер бетінде қазақ барда мәңгі өлмейтін саяси идеялары мен ой-пікірлері бүгінімізді байытып, келешегімізді кемелдендіре түсері сөзсіз.

Әдебиеттер

1. "Мұстафа Шоқай. Мария Шоқай. Естеліктер" (құрастырған Ә. Такенов, М. Койгельдиев), Ыстамбұл, 1997.
2. "Мұстафа Шоқай. Тандамалы" (аударып құрастырған Айтан Нүсіпхан), 1-2 том, Алматы, "Кайнар", 1998-1999.
3. Дархан Кыдырәлі. "Мұстафа Шоқай: өмірі, танымы, күресі", Анкара, 2001 (түрік тілінде).

4. Әбдіуақап Қара. "Мұстафа Шоқай", Алматы, "Арыс", 2004.
5. Әким Тарази. "Мұстафа Шоқай". Алматы, "Жазушы", 2008.
6. Кошым Есмағамбетов. "Әлем таныған тұлға". Алматы, "Дайк-пресс", 2008.

ӘОЖ 950 (574):341.231=943

МҰСТАФА ШОҚАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ТАРИХЫ

Вахдет Т.

Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
докторанты. Түркістан қаласы

Көрнекті қоғам қайраткері, күрескер Мұстафа Шоқайдың бүкіл шығармашылық қызметін Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихының дереккөздері ретінде қарастыруымызға методологиялық та, деректік тұрғыда да толық негіз бар. Осы кезге дейін мұстафатанудың деректік негізін қалыптастыруға жасалған зерттеулер мен ізденістердің ең жоғары нәтижесі ретінде К.Есмағамбетовтың құрастыруымен М.Шоқайдың 12 томдық шығармаларының толық жинағының жарыққа шығып, айналымға ұсынылуы деп білеміз. Бұл жинақ оның өмірі мен қызметінің тарихын ғылыми тұрғыда қалпына келтірген іргелі еңбек болды. Ғылыми қалпына келтіру деген ұғымның мәні – ғылыми дәлелденген деректер негізінде өткен тарихтың барынша шынайы бейнесін жасау дегенге саяды. Шоқайдың өз шығармалары оның жеке өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінің ғана емес, сонымен бірге Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы деп аталатын тұтастай тарихи құбылыстың да дәйегі һәм дерегі болғандықтан жинақтың ғылыми маңызы зор.

Көшім Есмағамбетов жинақтың алғашқы томына енген монографиялық еңбегінде Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметіне құжаттық негізде тарихи талдау жасап, ғылыми баға берген. Бұл еңбекті осы кезге дейін мұстафатану бойынша жарық көрген ғылыми еңбектердің ең объективтісі әрі толымдысы деп бағалаймыз. Өйткені, қолында Шоқайдың барлық шығармаларының болуы авторға қайраткердің қызметіне барынша дәлелді және шынайы ғылыми талдаулар жасауға мүмкіндік берген. Деректанудың қағидаларына сай ғылыми этика нормаларын сақтай отырып, шым-шытырық саяси күрес барысында жолдары тоғысқан қайраткерлердің өзара қарым-қатынасы, олардың ұлт-азаттық қозғалысының стратегиясы мен тактикасына қатысты пікір алшақтығынан, көзқарас айырмашылығынан туындаған саяси пікірталастарды шынайылықпен қарастыра алған. Бұл да тарихилық қағидасынан ауытқымаған ғалымның үлкен жетістіктерінің бірі.

М.Шоқай шығармаларының толық жинағының ерекшелігі қандай? деген сауалға жауап беріп көрейік.

Біріншіден, жинақтың М.Шоқай шығармашылығын барынша толық қамтығандығы. Жинақта ағылшын, француз, неміс, поляк тілдерінде және шағатайша жазылған 586, орыс тілінде 488 материал енгізілген, жалпы көлемі 430 баспа табақты құрайды. Мәселе жинақтың көлемінде ғана емес, ондағы мақалалардың басым бөлігінің түпнұсқа мәтінімен және түсіндірмесімен алғаш рет ғылыми айналымға ұсынылғандығында. Осыншама мол деректердің осы кезге дейін ғылыми қауымға қолжетімсіз болып келгендігі олардың жақын және алыс шетелдік архив қорлары мен кітапханаларында жинақталуында еді. Жинаққа енген материалдар отандық архивтер мен кітапханалардан өзге Ресей, Германия, Франция, Польша, Түркия, Өзбекстаннан алынған. Бас аяғы жиырмадан астам архивтер мен кітапханаларды сүзіп шығудың өзі аз шаруа емес. Сонымен бірге алдағы уақытта АҚШ, Ұлыбритания, Швейцария, Румыния мемлекеттеріндегі архивтер мен кітапханалардан да қолға түспеген туындылары мен құжаттары табылуы мүмкін.

Екінші ерекшелігі осы толықтығынан туындайды. Мұстафа Шоқай көп тіл білген, полиглот қайраткер. Ол қазақ тілімен қатар өзбек, түрік, көне шағатай және орыс, француз, ағылшын тілдерінде мақалалар жазған. Содан да ол жазбаларында араб, кириллица және латын әліпбилерін қолданған. Оның мақалаларының аудармалары хинд, урду, араб, грузин және т.б. тілді басылымдарда жарияланған.

Әртүрлі тілдерде жазылған, жарияланған еңбектердің түпнұсқасын, кейбірінің факсимилиясын енгізу де жинақтың деректік құндылығын арттыра түскен. М.Шоқай 1919 жылдан бастап Грузияға қоныс аударып, ондағы «Борьба», «На рубеже», «Шефак», «Вольный горец» - «Независимый горец», «Янги Дунья» газеттерінде халыққа Қазан төңкерісі әкелген қасірет жөніндегі мақалаларын жариялаған [1, Б.6]. Өз басымыз Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихына қатысты ізденістерімізде Ресей мемлекеттік кітапханасының әлемнің көптеген елдерінен жинақталған баспасөз коллекциясымен аты шыққан орасан мол дүниенің арасында М.Шоқай редакторы болған «Бірлік туы» және жоғарыда аталған «На рубеже» газеттерін кездестіре алғанымыз жоқ. «Бірлік туының» алғашқы санынан өзгесі табылды. Ал «На рубеже» газетінен әзірге дерек жоқ. Мұстафаның бұл газетте бірнеше мақаласы жарияланған болатын. Осы екі деректің өзі М.Шоқай мұрасын іздестіруді алдағы уақытта одан әрі жалғастыру қажеттігіне көз жеткізеді. Шоқайдың шығармаларын тақырыптар бойынша былайша жүйеленді (*Кесте 1*).



Кесте - Мұстафа Шоқай шығармашылығының басты тақырыптары

Шоқай шығармаларының тақырыптық жүйеленуінің ерекшеліктерін айқындағанда оны тарихилық қағидасы басшылыққа алынды. Кеңестік кезеңде қазақ тарихының мұғажырлық тарихнамасына назар аударылмады. Партиялық-мемлекеттік идеология мұндай әдебиеттердің таралуына қатаң тиым салды. Дегенмен, отандық тарих ғылымының ХХ ғасыр басындағы кезеңі тың теориялық және методологиялық талдауларға негіз болатын оқиғаларға бай. Оған қатысты кезінде айтылып, жазылған ойлар мен көзқарастарға жасалған тарихнамалық зерттеулер кеңестік тарихи ойдың мәні мен мазмұны қандай болғандығын аңғартады. Мәселен, М.Шоқайдың «Тарих жазудың екі жолы бар. Бірінші жолы: зерттеуші өмірде болып өткен оқиғаларды көңіл қойып жинастырады. Оларды хронологиялық тәртібі бойынша заманның жағдайына, ақуалына қарай зерттейді. Мәліметтер мен ақпараттардың бұлақтарын іздейді. Жиналған мәліметтерді өзінің ғылыми зердесінен өткізеді, орнына салады және ол мәліметтерден өзін бейтарап ұстай отырып талдау жүргізеді. Шын мәніндегі ғылыми тарих, міне, осындай тәсілмен жазылады.

Екінші жол: зерттеуші көздеген мақсаттарын күні бұрын белгілеп алады да, соған жету үшін оқиғалар құрастырады. Тіпті мақсаты қажет етіп жатса, оқиғаларды ойдан шығарады. Мақсатқа қайшы келетін бұлақ көздеріне жуымайды. Мұндай тарихшылар өзін бейтарап ұстаудың орнына оқиғаларға партиялық тұрғыдан талдау жасайды. Кеңес тепкісіндегі халықтардың ұлттық қозғалыстары туралы жазып жүрген большевик тарихшылар осы екінші түрге жатады» [2, Б.202-203] деген тарих әдіснамасына қатысты пікірін бүгінгі күні өткен тарихты ғылыми қалпына келтіруде басшылыққа алатын тұжырымдардың бірі деп есептеуге болады.

Ресей отаршылығының идеологиясын әшкерелеген М.Шоқайдың осы тұжырымын ағылшын езгісінің идеологиясына қатысты үнді елінің ұлы қайраткері Д.Неру «История почти пишется победителями и завоевателями и отражает их точку зрения, и она берет верх» [3, С.3] деп өрбітеді. Демек, отарлық биліктің бодан халыққа жасаған идеологиялық озбырлығының жыртқыштық бейнесі ұлт таңдамайды екен.

Шоқайдың қайсы шығармасын алып қарасаңыз да оның тарихқа тікелей қатыстылығы аңғарылады. Ал, тарихи шығарма қашанда субъективтілігімен ерекшеленеді. Мұстафа Шоқай шығармашылығының субъективизмі – оның ұлтжанды дүниетанымы мен саяси көзқарасынан туған. Ол Орта Азия мен Қазақстанда орын алған кез келген тарихи оқиға мен құбылыстың мазмұны түркілік бірлік және азаттық жолындағы күреспен өлшейді. Саяси элита өкілдерінің қызметіне де олардың ұлттық мүддеге қаншалықты қызмет жасай алуына қарай баға береді.

Төртіншіден, Шоқай кабинеттік ғалым, редакция тапсырмасын ғана орындайтын қатардағы журналист емес, саяси күреске белсене араласқан қайраткер, жалынды публицист болғандықтан қай тақырыпта қалам тартса да біліп жазады, білікті жазады, өз көзқарасына сендіріп жазады. Жинаққа енген Шоқайдың еңбектері осы тұжырымды тағы да айғақтай түседі.

Мұстафа Шоқай ең алдымен күрескер, сосын барып шығармашыл тұлға болып қалыптасқандығын атап айтуға болады. Күрескерлігі шығармашылыққа ұласқан, ал шығармашылығы саяси күреспен астасқан бұндай тұлға ұлттық саяси элита арасында санаулы ғана. Ал әлемдік деңгейде танылғаны Мұстафа Шоқайдың жалғыз өзі. Демек, Шоқай шығармаларының толық жинағы ең алдымен оның түркілік бірлік пен тәуелсіздік идеясын бағдарға алған саясаткер ретіндегі күрескерлігін танытады, сонымен бірге күрес формасы ретінде өмірлік кредосына айналған саяси көсемсөзінің мәні мен мазмұнын толық паш етеді. Жинаққа енген шығармалары мен құжаттары оның шетелдегі тәуелсіз баспасөздің үлкен ұйымдастырушысы екендігін де айғақтайды. Оның энциклопедиялық білімі мен сұңғыла саясаткерлігі түркі халықтарының тәуелсіздігіне қызмет жасауға үлкен мүмкіндік бергендігі жинаққа енген мақалаларымен бірге «Бірлік туы», «Яш Түркістан», «Йени Түркістан», «Түркістан» газет-журналдарын ұйымдастыруы, қаншама газет, журналдарға редколлегия мүшесі, автор болып қатысуынан анық көрінеді.

Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметі туралы деректерді, шығармашылық мұрасын шетелдік архивтер мен кітапханалардан іздеп табу, оларды түсініп-оқып, аудару ғалымнан археографтың, деректанушы мен мәтінтанушының жоғары біліктілігін талап етері сөзсіз. Ғалымнан қанша уақыт пен ерік-жігерді қажет ететін бұндай ерлік екінің бірінің оңтайына келе бермейтін шаруа. Осындай ғылыми ерліктің үлгісіндей болып жарыққа шыққан жинақтың еліміздің мәдени өміріндегі маңызын да жіктеп айтқанымыз дұрыс сияқты.

Еңбекті қазақ тарихында осы кезге дейін жарық көрген жеке тұлғалардың шығармалар жинағының алды деп бағалауға болады. Академиялық талаптарға сай орындалуы, көлемі, қамтыған деректерінің ауқымы бойынша әзірге теңдесі жоқ еңбек болып шыққан.

Осы кезге дейін Айтан Несіпхан, М.Қойгелдиевтің,, Ә.Бәкірдің құрастыруымен екі, үш томдық шығармалар жинағы, Б.С.Қошым-Ноғайдың және т.б. жекелеген еңбектері кітап болып жарық көрген болатын. Аталған жинақтарда М.Шоқайдың «Яш Түркістан» журналында жарияланған 224 мақаласы, басқа да шығармалары араб графикасынан кириллицаға транскрипцияланып берілген мақалаларды қайталамай олардың мәтінін түпнұсқа графикамен беруінің деректік маңыз зор. Бұл жағдай М.Шоқай мұраларына салыстырмалы мәтіндік талдаулар жасауға мүмкіндік береді.

Шоқайдың кеңестік билікті әшкерелеген әрекеттері ізсіз кеткен жоқ, жазған материалдары стол тартпасында жатып қалмады. Бірнеше европалық тілдердегі газет, журналдарда жарияланған өткір саяси мақалаларында көтерілген мәселелер Батыс елдері мемлекет басшылары мен саясаткерлерінің назарын аударды және Кеңес Одағының жүргізіп отырған озбырлық саясатына қарсы ақпараттық күрес науқанына жол салып берді. Солардың бірі жинаққа енген Қазақстандағы 1932-1933 жж ашаршылыққа байланысты Европа жұртшылығының назарын аудартқан Мұстафаның түрлі жиындарда оқыған лекциялары, жасаған баяндамалары мен мақалалары еді.

Жинақ М.Шоқайдың атына кеңестік тоталитарлық жүйе таңған айыптаулардың негізсіздігіне айғақ болды. Әнуар Әлімжановтың өткен ғасырдың 80-жылдарының соңында «Мұстафа Шоқайұлы ешкімнің ақтауына мұқтаж емес. Ол өзін-өзі шығармаларымен, ерлігімен ақтап отыр. Оны тарих пен уақыт ақтады» деген тұжырымы интуициямен жасалған десек, К.Есмағамбетовтың құрастырған М.Шоқайдың шығармаларының толық жинағы оның ғылыми негізде ақталуының деректік айғағы болды.

Шоқайдың эмиграциядағы кеңеске қарсы жүргізген күресінен үлкен идеологиялық қауіп ойлаған И.Сталин Қырғыз Өлкелік партия Комитетінің бюро мүшелеріне 1925 жылдың 29 мамырында «Ақ жол» газеті туралы жазған хатында былай деп мәлімдеген болатын: «Мен осыған байланысты белгісіз емес Шоқаевтың ақгвардияшыл баспасөздегі кейбір мақалаларын еске түсірдім және өзімді шошытқан осы мақалалар мен «Ақ жол» журналының рухани «бірлігі» деуге болатын кейбір жаңалықты аштым. Ақылға сыймаса да бұл факт. «Ақ жол» әрине, өзі де аңғармастан Шоқаевқа көлемді материал берді» [4] Бұл жерде әңгіме «Дни» газетіндегі М.Шоқайдың мақалалары жөнінде болып отыр. Осы жерде Сталиннің өз қарсыласына әділ баға бере алған саяси көрегендігіне тәнті болмасқа әддіміз жоқ.

Большевиктер көсемінің осы хатын партиялық-мемлекеттік номенклатура Шоқайды қаралау науқанына жол ашқан нұсқау ретінде қабылдады. Әрі қарай саясат пен биліктің шотын шапқан саясаткерлер,

ғалымдар мен әдебиетшілер кешегі күні әлем таныған, бүгінгі күні әлем мойындаған Мұстафа Шоқайды «пантүркист», «ұлтшыл-фашист», «алашордашыл», «ұлтшыл», «отанын сатқан», «фашистермен ауыз жаласқан», «Түркістан легионын» құруға қатысқан» және т.б. деген саяси айдарлармен туған халқына құқай етіп көрсету науқаны басталып жүре берді және еліміз тәуелсіздік алғанға дейін жалғасып келді. Үлкен террор кезінде кеңестік құқық құрылымдары танымал саяси қайраткерлермен бірге қатардағы шаруаға дейін Мұстафа Шоқаймен байланысы бар деген айыптар тақты. Ол айыптаулар қаншама жазықсыз жандардың ату жазасына кесіліп, бас бостандығынан айырылып, жер аударылуына ұласты. Жинақта осындай аңыздар бірінен соң бірі әшкереленеді. Мысалы ретінде айтар болсақ, 1948 жылы КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі өзінің Берлиндегі 4-оперативтік секторының 2-бөліміне «М.Шоқайды әшкерелеуші материалдар» табу жөнінде құпия түрде сұрау салады. Осы тапсырма бойынша жаңағы құрылым «Берлиннің СВ оперативтік-анықтамалық картотекасында ондай мағлұмат жоқ» деп жауап береді. К.Есмағамбетовтың өзі Ресей Мемлекеттік әскери мұрағатында кездейсоқ сақталған осы құжатты кеңес өкіметі ұзақ уақыт бойы жасырып келгендігін айтады.

Осындай айыптаулардың бірі М.Шоқайдың Жапон өкіметінің өкілдерімен келіссөздер жүргізуіне байланысты тағылады. 12-томға енген хаттар арасында Шоқайдың осындай әрекеттерге барғандығын айғақтайтын құжаттардың мазмұнына қарап, шын мәнінде С.Сейфулин, Т.Рысқұлов сияқты т.б. қайраткерлерге тағылған «жапон тыңшысы» деген айыптаулардың қаншалықты негізділігі жайлы арнайы зерттеулер жүргізу қажеттілігі туралы ой туындайды.

Осы жинақ арқылы оның тұлғасына қатысты кеңестік тоталитарлық жүйе қалыптастырған стереотип түсінік түпкілікті бұзылды. Ендігі жерде Серік Шәкібаевтар сияқты кеңестік идеологияның ықпалында Шоқайды қаралайтын сандырақ деректерге сүйенген көркем туындылар жазылмайды. Өйткені, толық шығармалар жинағы бүгінгі күні кешегі империялық билікті аңсайтын Сергей Михеев пен Денис Данилевский сияқты тарихшылардың бұра тартуына қарсы ғылыми дәлелді қолға ұстатты. Әрине, ендігі жерде осындай байыпты ғылыми бағаның соңы Мұстафа Шоқайға қатысты өкімет тарапынан берілер саяси бағамен, құқықтық құжаттармен бекемделсе құба-құп болар еді. Тәуелсіздік жолына өмірі мен шығармашылығын арнаған қайраткерді ұлықтау «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын тұғырлаудың маңызды дәлелдерінің бірі болып отырғандықтан да бұл мәселеге мән берілуі керек.

Жинақтың тағы бір маңызы оның қолданбалық сипатынан туындайды. Жинақ мұстафатану ғылыми бағытының дамуында жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Ғылыми зерттеулермен айналысатын докторанттар мен магистранттар тарих, халықаралық қатынастар, әлеуметтану, деректану, мәтінтану, тұлғатану, саяси ғылымдар бойынша жекелеген тақырыптарды тереңдей зерттеулерінде аса құнды дереккөз

ретінде пайдалана алады. Бұндай қолданбалық сипатының Мұстафа Шоқайды әдеби, көркемдік тұрғыда тұлғаландыруға да қатысы бар. Ол зерттеулер болжам мен топшылауларға емес, нақты ғылыми деректерге негізделетін болады ендігі жерде.

Қазақ тарихында өмірі мен шығармашылығы ғылыми тұрғыда қалпына келтіру кезегін күтіп жатқан қайраткерлеріміз аз емес. Осы 12 томдық жинақтың деректанулық қағидаларға сай жоғары деңгейде жарық көруі тәуелсіздік жолында жанпида қызмет жасаған ұлттық саяси элита өкілдерін деректік негізде ғылыми тұлғаландыруға үлгі, өнеге болады деп білеміз. Әрине, бұл мәселеде профессор К.Есмағамбетовтың мұстафатану бағытын негіздеген ғылыми шеберханасының өзі арнайы зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер:

1.Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12 том. 4 том. –Алматы: Дайк-Прес, 2012. -640 б.

2.Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: 3 томдық. 1 т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. 2007. – 352 б.

3.Неру Д. Открытие Индии. Т.2. М., 1989. –С. 12-18

4.«Ақ жол» туралы үш құжат / Алғысөзін жазып, баспаға әзірлеген филология ғылымдарының докторы С.Қасқабасов //Ақиқат. 1993. №1.-Б.89-92.

ӘОЖ 329.73 :341.231:950 (574)

АЛАШТЫҢ ЗИЯЛЫСЫ - МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Джумалиева Л.Т.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,
тарих ғылымдарының кандидаты
Астана қаласы

В статье рассматривается жизнь и деятельность видного общественного и политического деятеля, боровшегося за свободу и независимость Единого Туркестана Мустафы Шокай.

Қазақ тарихында Алаш арыстарының орны ерекше. Олар Қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көппен терезе теңестіруін көздеді. Ең алдымен, қазақтың өз атамекеніне ие болуын мақсат етті. Сол жолда күресті. Сонымен қатар елге демократия, білім-білік алып келу үдерісінің

бастауында тұрғандар да - солар болды. Алаш зиялылары - елшілдік пен Отанға адал қызмет етудің рәмізі. Олар - барды көбейтуші, үзілгенді жалғастырушы, жоқты жасаушы.

Соның ішінде - XX ғасырдың басында қазақ және барлық түрік халқының азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен тұлғалардың бірі - Мұстафа Шоқай. Көрнекті ойшыл, ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткерінің бар ғұмыры тек белсенді қоғамдық іс-әрекетпен, шығармашылық қызметпен өтті. Мұстафа Шоқай Кеңес кезеңінде ашық айтылмады. Сондықтан оның азаттық жолындағы еңбектері толық жинақталмады. Өмірінің жартысын шетелде эмиграцияда өткізген оның есімі тәуелсіздік алғаннан кейін елге оралды, шығармалары жинақталды. 2015 жылы Мұстафа Шоқайдың 125 жыл толу қарсаңында оның еңбектері Франция, Туркия, Ресей, Өзбекстан, Польша, Америка Құрама Штаты, Ұлыбритания мен Грузия мұрағаттарынан жинақталып шығармаларының толық жинағы шығарылды.

Мұстафа Шоқай 1890 жылы Сырдария губерниясы Ақмешіт уезіне қарасты (қазіргі Шиелі ауданы) Наршоқы ауылында дәулетті би шаңырағында дүниеге келді. Өз әкесі он екі жыл ел билеген би болса, үлкен атасы Торғай отыз жылдай билік басында болғандатқа. Атасы Торғайдың патша үкіметінің арнайы дайындаған фотоальбомына кіруі бұл әулеттің Сыр өңіріндегі беделін көрсетеді. Мұстафа алғашқы сауатын бес жасында араб тілін білетін анасы Бақтыдан алды.

Ата тегімен, ана сүтімен дарыған қабілетті бала Мұстафа ауыл арасында бала кезінен белгілі болды. «Көп баланың ішінде Мұстафа зеректігімен ерекшелінген. Құранды да жақсы оқитын сол еді. Ата-анасы, өзі бұны мақтаныш санайтын. Үйіне келген кісілерге бала Мұстафа білгендерін айтып, сұрамаса да оқып беретін. Бес жасында домбыра тартуды үйренген» - деп жазған еді Мария Шоқай «Менің Мұстафам» атты естелігінде [1, Б.7-8]. Ресей империясының, кейін көп жағдайда оның мұрагері ретінде танылған Кеңес Одағының құрамындағы қазақ, өзбек және басқа да түркі тектес халықтардың ұлт-азаттық қозғалысы тарихында Мұстафа Шоқайдың алатын орны ерекше. Алайда отандық және шетелдік әдебиетте қазақ қайраткерінің шығармашылық мұрасы мен қоғамдық саяси көзқарастарына көбірек көңіл бөлінеді де, ұйымдастырушылық, дипломатиялық, жай адами қырларын пайымдау қағажу қалып келеді. Сондай мәселелер қатарына жиырма жыл уақыт бойы Еуропаның төрінде тәуелсіздік үшін күрес туын көтерген саяси ұйымды құрудағы Мұстафа Шоқайдың ерен еңбегін жатқызуымызға болады.

Тәуелсіздік үшін күресте Ресейді мекендейтін түркі халықтарының басын біріктіру, олардың бірыңғай саяси ұйымын құру идеясы әлдеқашан пісіп жетілген еді. Бірінші орыс революциясы тұсында «Мұсылман одағы» құрылса, 1905 жылы 19 қарашада одан да кең көлемдегі «Автономияшылар одағы» дүниеге келді. Осы уақыттан бастап, отарлық езгіге қарсылық жадидтік және түрікшілдік қозғалыстың басты сипаты айқындалды [2,46].

Мұстафа Шоқай алғаш рет Лондонда 20-жылдардың орта кезінде болғанға ұқсайды. 1925 жылдың 19 мамырында «Матэн» газетінің басшыларымен жазысқан хатына қарағанда, ол ағылшындардың астанасында болып, беделді басылымдармен, мемлекет қоғам қайраткерлерімен танысады. Дәлірек айтсақ, Мұстафаның Лондонға бірінші сапары сәуір айының аяғы мен мамыр айының бас кезіне тура келеді.

Себебі оның «Дни» (Париж) газетінде жарық көрген бір мақаласының соңында мұның 1925 жылғы 2 мамырда Лондонда жазылғандығы жөнінде белгі соғылыпты. 1929 жылдың жазында Мұстафа Шоқай Лондонға Ұлыбритания парламенті Қауымдар палатасының мүшесі, саяхатшы, кавказтанушы В.Д. Алленнің шақыртуымен барады. Бұл жағдай жай ағылшын депутатының бастамасына орай ғана емес, Мұстафа Шоқайұлының ірі қайраткер халықаралық өмірдің сұңғыл сарапшысы ретінде мойындалуына байланысты еді [3, 3 б].

Мұстафа жалғыз қазақтың ғана емес, күллі түркі халқының бірлестігі үшін еңбек етті. Ол өзінің мақаласында: «Түркістанның ұлт-азаттық туын көтерген адам үшін арғын, қыпшақты былай қойып, тіпті өзбек, қазақ, түрікмен болып бөлінудің өзі Түркістан түріктерін бөлшектеп, өлімге бастайтын жол екенін жақсы білетін едім», - дейді. Большевиктер бүкіл түркі халықтарының бір болуын қаламады. Ал біз үшін әртарапқа бөліну ол кезде оңтайлы болмады. Патшалық Ресей тұсында қазақтың көп жерлерін мұжықтар тартып алған. Большевиктер болса езілген елге патша тартып алған жерлерді қайтарамыз деген. Мұстафа большевиктердің өз уәделерін орындамағанын, тіпті одан сорақысын істегенін жазады.

Кеңестердің Орта Азияда ұлттық аумақтық жіктерге бөліп межелеу жүргізуін ескі «бөлшектеп ал да – билей бер» ұранын жаңғыртқан «сұмпайы саясат» деп бағалайды. Түркістан өлкесінде 1917-1918 жылдары ашаршылық болып, біраз халық қырылды. Ол Еуропадағы социалистердің, демократтардың арасында өте беделді болды. Ол барлық еуропалық басылымдарға шет тілдерінде мақала жариялап отырды. Оған қоса өзі де «Яш Түркістан», «Иени Түркістан» журналдарын шығарып тұрды. Жалпы

Мұстафа Шоқайұлы - азаттық қозғалысының теориясын жасаған, соны таңдай білген адам. Халықты азат ету үшін не істеу керек екендігін барлығын білген [4, Б.44-45].

1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынборда Бүкілқазақтық ІІ съезд шақырылды. Сол съездің мінберінде Мұстафа Шоқайұлы «Қазақ автономиясы құрылсын» деген ұран тастайды. Бұл мақсат орындалып, автономия құрылады. Бірақ Мұстафаның ой-арманы бұдан да үлкен болды. Ол бүкіл түркі халықтарын біріктіріп, Түркістан Республикасын құруды армандады. Сол мақсатпен 1918 жылы қаңтарда Қоқанға барады. Қоқанда съезд өтіп, съезд Түркістан Республикасын жариялап, Мұстафа Шоқайды басшысы етіп сайлады. Бірақ көп ұзамай, 1918 жылы ақпанда қызыл әскерлер Қоқанды алып, басшыларын тұтқындай бастайды. Оның мақсаты туған халқын, сондай-ақ барша түркі халықтарын азат етіп, бір тудың астына топтастыру еді. Ол 10 жыл бойы «Жас Түркістан» журналын шығарып тұрды. Журналда кеңес өкіметінің саясатын әшкерлеп жазды.

1940 жылы немістер Парижді жаулап алды, Мұстафаны түрмеге отырғызады. Кейіннен Мұстафаның кім екенін білгеннен соң Гитлер оны шақыртып алады. Өйткені оған Мұстафа Шоқайдай адам керек болды. 1941 жылы соғыс басталғанда Гитлер тұтқынға түскен мұсылмандардан Түркістан легионын құрып, кеңес өкіметіне қарсы пайдалануды Мұстафаның алдына міндет етіп қояды. Неміс Фон Папен мұсылмандар мәселесімен айналысатын.

Фон Папен мен Мұстафаның байланысы болды ма, болмады ма, бізге ол жағы белгісіз. Ол түпкі мақсатын Фон Папенге айтуы да мүмкін. Гитлердің мақсаты – Орта Азия арқылы Үндістанға жету, сөйтіп, бүкіл әлемге билігін жүргізу еді. Фон Папен - Гитлердің қарамағындағы сенімді адамдарының бірі. Мұстафаның ойын Гитлерге жеткізіп, оның содан кейін керек болмай қалуы да ғажап емес. Мүмкін сондықтан да Мұстафаның көзін құрту керек болды- дейді философ Д.Кішібеков [5,42 б].

Мұстафа Шоқай – шын мәнісінде, эмиграцияға кеткен және шетелге бас сауғалап емес, саяси күресті жаңа жағдайда жалғастыру үшін барған түркістандық тұңғыш тұлға. Қалай дегенмен де, ұлттық тұтастыққа, қазақ елін тәуелсіз іргелі ел етуге деген ұмтылыс өткен ғасырдың басындағы Алаш зиялыларына ортақ мақсат болды. Қалай дегенмен де, ұлттық тұтастыққа қазақ елін тәуелсіз, іргелі ел етуге деген ұмтылыс өткен ғасырдың басындағы Алаш зиялыларына ортақ мақсат болды. Тек оны жүзеге асыру мәселесіне келгенде әрқайсысы әртүрлі жолды таңдады.

Мысалы «1917 жылы қазақ қайраткерлері, интеллигенциясы арасында қазақ облыстарының Түркістанмен бірігу мүмкіндігіне байланысты қарама - қарсы екі пікір болды.

М.Шоқай идеясын қолдаушылар «орыстың отаршылдығынан құтылу үшін Орта Азия елдері болып бірігуіміз керек» - десе, «автономия құру - өз алды мемлекет болу. Ал мемлекет болып, іс атқару оңай емес. Біздің қазақ іс атқаратын азаматқа жұтап отырған болса, Түркістан халықтарының қараңғылығы һәм шебер адамның жоқтығы бізден он есе артық» - деп білген Әлихан Бөкейханов «Орта Азия болып бірігуге болмайды» - деп есептеді. Қалай дегенмен де, күллі қазақ мемлекетінің тағдыры оны барлық қазақ ұлтының қолдауына тәуелді екендігін Алаш басшылары да, Мұстафа Шоқай да түсінді. Мұстафаның өліміне қатысты екі түрлі қауесет бар: бірі тұтқын лагерлерін аралап жүргенде сүзекке шалдыққан десе, екіншісі Каюмхан деген көмекшісі у беріп өлтірді дейді. М.Шоқайдың өмір өнегеге толы болды. Бүкіл түркі әлемнің тарих тұлғасына айналған. М.Шоқай ХХ ғасыр кезеңінде адамзат баласының айтулы бір перзенті болды. Оның бойында біз біліп үлгермеген, тарихымен таныспаған талай рухани қазыналары жатыр.

Мұстафа Шоқай - бүкіл саналы ғұмырын қазақ халқының, жалпы түркі халықтарының бостандығы мен тәуелсіздігіне арнаған тұңғыш эмигрант күрескер, саяси қайраткер. Аса көрнекті саясаткер Мұстафаның ұстанған жолы - халыққа тәуелсіздікті қантөгіс арқылы емес, керісінше, дүниежүзіндегі демократиялық күштерді араластыру арқылы бейбіт жолмен алу болды. Ол үшін халықтың сана-сезімін ояту қажет еді. Жаяудың шаңы, жалғыздың үні шықпайтынын жете түсінген Мұстафа кеңес үкіметінің қол астындағы мұсылмандар қауымының да жеке-дара күресі арқылы тәуелсіздік ала алмайтынын анық болжай білді. Ұлы күрескер бүкіл түркі тектес иесі мұсылман қауымын түгел көтеруді мұрат тұтты.

Аса көрнекті саясаткер Мұстафаның ұстанған жолы – халыққа тәуелсіздікті қантөгіс арқылы емес, керісінше, дүние жүзіндегі демократиялық күштерді араластыру арқылы бейбіт жолмен алу болды. Ол үшін халықтың ұлттық сана – сезімін ояту қажет еді. Жаяудың шаңы, жалғыздың үні шықпайтынын жете түсінген Мұстафа Кеңес үкіметінің қол астындағы мұсылмандар қауымының да жеке-дара күресі арқылы тәуелсіздік алмайтынын анық болжай білді. Ұлы күрескер бүкіл түркі тектес иесі мұсылман қауымын түгел көтеруді мұрат тұтты. Оның өмір жолы ортақ Отан – Түркістан үшін от кешкен айтулы азаматтың жолы болып табылады.

Алдағы уақытта Мұстафа Шоқайдың мол мұрасын әлі де жинақтап, жүйелі зерттей отырып, оны ұлт игілігіне айналдыру, жаңа қоғам құрып жатқан белсенді іс-әрекетімізде ұтымды пайдалану білу - біздің парызымыз. Өйткені Мұстафа Шоқайдың есімі қоғамымыз демократиялық ұстанымда ілгері жылжыған сайын шамшырақтай жарқырап, халқына қызмет етіп, оның жер бетінде қазақ барда мәңгі өлмейтін саяси идеялары мен ой-пікірлері бүгінгімізді байытып, келешегімізді кемелдендіре түсері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұстафа Шоқай шығармалары. «Қайнар» Алматы 2007. 203 б.; 7-8 бб.
2. Есмағамбетов К. Тәуелсіздік таңшолпаны //Егемен Қазақстан. 2007, 9 қаңтар.
3. Есмағамбетов К. Герцогиня Атольскаяның салонындағы қазақтар жайлы әңгіме //Егемен Қазақстан. 2010, 26 мамыр.
4. Қойшыбаев Б. Мұстафа азаттық қозғалысының теориясын жасады //Аңыз адам. 2011, № 7, Б.44-45.
5. Кішібеков Д. Біз бағаламаған Мұстафаны әлем таныды //Аңыз адам. 2011, № 7, 42 б.

ӘОЖ 950 (574)=943

МҰСТАФА ШОҚАЙ - ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ

Жансейтова Ш.И.

№42 Қ.Баймағанбетов атындағы мектеп-лицейдің тарих пәнінің мұғалімі

Елбасы Н.Ә.Назарбаев:«Ұлы тұлғаларын білмейінше бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай да қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірдеде өмір сүрсе де, дәйім жұртының азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген», дейді. Сондай ұлы тұлғалардың бірі, Қызылорда облысының төл перзенті-Мұстафа Шоқай. Ол-Алаш идеялары мен мұраттары аясында қанаттанған, қазақ, өзбек және басқа да түркі халықтарының ұлттық бостандығы үшін күресінің стратегиясы мен тактикасын айқындаған қайраткер. Оның бірлі-жарым

еңбектерімен оқушы қауым тек соңғы жылдары ғана таныса бастады. Дегенмен, бұл белгілі қайраткердің зор шығармашылық таланты мен ұстанған позициясының «Яш Түркістан» (1929-1939) журналы арқылы жарқырап, толық көрінгенін әркімнің біле бермеуі де мүмкін. Қазақстан мен кеңестік Түркістанның басқа да республикаларында 20-30-шы жылдары болып өткен қоғамдық өзгерістер жөнінде біз соңғы жылдарға шейін коммунистік идеология тұрғысынан жазылған еңбектер арқылы біліп келдік. Ал тура осы процестер туралы мүлдем басқа пікірде болған өзіміздің отандастардың жазған еңбектерімен танысу мүмкіндігі бізде болған жоқ. Батыс әлемнің ірі орталықтары Париж бен Берлинде басылған «Яш Түркістан» журналында 20-30 жылдары үзіліссіз жарық көріп тұрған Мұстафа Шоқайұлы мақалаларының құндылығы да автордың Түркістандағы өзгерістерге большевиктік, кеңестік көзқарастан өзге баға беруінде еді.

Өткен тарихты тек қаралау немесе оған тек сұқтана қарау рухани кемелділікке апаратын жол емес. Мақсат-ақиқаттан алыстататын аңыздардан арылу. Міне, осы ізденіс жолында Мұстафа Шоқай сияқты жалынды патриот, үлкен азамат қайраткеріміздің артында қалдырған рухани мұраларының берер пайдасы мол. Мұстафаның биік мақсат үшін айтулы күресін атаудың өзі ғана Шоқайұлының есімін Түркістан халықтар тарихындағы мәңгі есімдер қатарына жатқызуға жеткілікті негіз болар еді. Ол бұрын сонды болмаған құбылыс-демократиялық Еуропаның ортасында түркістандық саяси эмиграциялық қызметтің негізін қалап, оған өзі көз жұмған 1941 жылдың желтоқсанына дейін басшылық жасауында, сондай-ақ осы кезеңде Түркістанда болып жатқан өзгерістерді жан-жақты терең талдауға алуында еді.

Бала Мұстафадан –Түркістан көсемі Мұстафаға дейін

Мұстафа Шоқай - Түркістан халықтарының бірлігі мен тәуелсіздігі идеясын ту етіп ұстанған аса көрнекті саяси қайраткер, жалынды публицист, аудармашы, жазушы, XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясының ең жарқын өкілдерінің бірі. Мұстафа бұрынғы күнтізбе бойынша 1890 жылдың 25 желтоқсанында, ал жаңаша есеппен 1891 жылдың 7 қаңтарында қазіргі Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Сұлутөбе маңындағы Наршоқы қыстауында дүниеге келді. Мұстафа- қазақтың қыпшақ руына жататын текті отбасының ұпағы. Атасы Торғай датқа Қоқан хандығында жоғары шенді әскер болуымен бірге, қыпшақтың шашты руының беделі биі болған. Ол өзінің Шоқай, Қалымбет, Әліш және Осыман атты төрт ұлының ішінен Мұстафаның әкесі Шоқайға ерекше үмітпен қараған. Турашыл да әділ

мінезіне тәнті жұрт әртүрлі дау-дамай туындаған жағдайларда Шоқайға келіп жүгінген. Төрелігіне риза болысып, ресми мансабы болмасада, оны «би» атандырған. Әділетсіздікпен күресу үшін орыс тілін біліп қана қоюдың жеткіліксіз екендігін, заң тұрғысындағы білім қажеттігін көкірек көзі ояу, сұңғыла әке дер кезінде түсінген. Бала Мұстафаның әдебиет пен тарихқа ерекше қабілеттілігіне қарамастан, алдына заңгер болу мақсатын қоюы, осы жолда ерекше табандылық танытуы, бір жағынан қараңғы халқының құқығын қорғау ниетімен астасып жатқаны анық.

Мұстафа Шоқайдың нағашы жұрты да танымал, сыйлы әулет-тұғын. Нағашы атасы- Түркістанды жаулаушы патша әскеріне қарсы жорықтарға қатысып, жауынгерлігімен аты шыққан адам. Ол қызы Бақтыны да өзі секілді жауынгер етіп өсірген. Бастапқыда ауыл молдасынан сауат ашқан зерделі Мұстафа діни біліммен қатар, музыкадан сабақ алған.

Көреген әке өзге туыстарының қарсылығына құлақ түрместен, Мұстафаны ауылдан алысқа, Ақмешітке оқуға аттандырған. Мұстафа азғантай уақыттың ішінде қалалық мәдениетте, адамзаттық ілгері ілім-білімді де терең меңгеріп шықты. Петербург университетін үздік бітірген бозбаланың үлкен саясатқа араласуына ықпал еткен бірден бір адам – Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханов екені анық. Себебі білімділігі, табандылығына ерте бастан аңғарып, Мұстафаны Ресей Мемлекеттік думасы Мұсылман фракциясының хатшылығына ұсынған да Әлихан болатын. Бұл ретте Әлиханның да, ұлының өз халқына адал қызымет ететін зиялы тұлға болып қалыптасуын арман еткен Шоқайдай абзал әкенің де үміті алдаған жоқ. Мұстафа өзінің бүкіл ғұмырын, күллі қажы-қайраты мен ақыл-ойын туған халқының ғана емес, тұтас Түркістан аумағындағы түбі бір түркі жұртының бірлігі мен тәуелсіздігі, өз алдына дербес мемлекет болуы жолындағы күреске арнады, соңғы демі біткенше; ”Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру- бәрімізге бір мақсат, бір мухаббат уәзифа. Мұны ұмытпау керек!..”, -деп өтті.

«Түрік халқы –батыр халық. Түрік халқы –арыстан ер халық» деп есептеген Мұстафаның қалай болғанда да «шовинистерге немесе басқа ұлт өкіліне тигтей дұшпандық ойы болмаушы еді», Мария Шоқайдың жазуынша, ол сондай-ақ «Түркі саяси көзқарастағы адамдарды және олармен пікір таластырғанды ұнататын. Өте сабырлы болып, қарсыласының пікіріне құрмет көрсететін. Ең үлкен кемшілігі-оның сенгіштігі еді, осы тез иланғыштығының кесірінен үлкен қиындықтарға да ұшыраған. Өмірдің қай

саласында да Мұстафамен араласқан әрбір адам оны керемет сыйлаған және оған сүйсінген.

Мемендік атауылдан бойын аулақ ұстаған Мұстафа білгенін жастарға үйретуден еш жалықпаған. Жағымпаздықты адамның өзін –өзі қорлауы деп есептеген. Мұстафаның барлық ниеті – баспасөз арқылы өз елінің бірлігіне қызмет ету болған. Мария Шоқайға өзінің айтқанындай, ол Швейцария мемлекетінің үлгісімен федерация құрғысы келген. Осы арманы шындықа айналдыру жолындағы күресте небір қысылтаяң сәттерді бастан өткерген. Мұстафа Шоқай – шын мәнісінде, эмиграцияға кеткен және шетелге бас сауғалап емес, саяси күресті жаңа жағдайда жалғастыру үшін барған түркістандық тұңғыш тұлға. Ал Мұстафа Шоқай көксеген Түркістан автономиясы, тарихшы ғалым Мәмбет Қойгелдінің пікірінше, «...жай бір қалалық, тұйық саяси құбылыс емес еді. Бірақ кеңестік тарихнамада оның тарихи маңызын төмендетіп көрсету үшін сондай мағына беруге тырысты. Шын мәнінде, Қоқанда жарияланған Түркістан автономиясы мен Түркістан Уақытша өкіметі өлке үшін ең негізгі мәселе – жергілікті халықтың өзін-өзі билеу құқығын мойындауда ескі империялық түсінік шеңберінде қалып қойған Ташкенттегі жаңа билікке балама есебінде өмірге келген жалпы өлкелік саяси құрылымдар еді».

Қалай дегенмен де, ұлттық тұтастыққа, қазақ елін тәуелсіз, іргелі ел етуге деген ұмтылыс өткен ғасырдың басындағы Алаш зиялыларына ортақ мақсат болды. Тек оны жүзеге асыру мәселесіне келгенде әрқайсысы әртүрлі жолды таңдады. Мысалы, «1917 жылы қазақ қайраткерлері, интеллигенциясы арасында қазақ облыстарының Түркістанмен бірігу мүмкіндігіне байланысты қарама-қарсы екі пікір болды. М.Шоқай идеясын қолдаушылар «Орыстың отаршылдығынан құтылу үшін Орта Азия елдері болып бірігуіміз керек» десе, «Автономия құру – өз алды мемлекет болу. Мемлекет болып іс атқару оңай емес.

Біздің қазақ іс атқаратын азаматқа жұтап отырған болса, Түркістан халықтарының қараңғылығы һәм шебер адамның жоқтығы бізден он есе артық» деп білген Әлихан Бөкейханов «Орта Азия болып бірігуге болмайды» деп есептеді.

Қалай дегенмен де, күллі қазақ мемлекетінің тағдыры оны барлық қазақ ұлтының қолдауына тәуелді екендігін Алашорда басшылары да, Мұстафа Шоқай да түсінді. Алашорда өкіметі құрылған бетте Түркістан өлкесі құрамындағы қазақ жұртымен бірігу жолдарын қарастыруға кірісті. Өкінішке қарай, түркі жұртының тұтастыққа, азаттыққа бағытталған

талпынысы тұншықтырылып, Алашорда өкіметі де, Түркістан автономиясы да күшпен талқандалды. Сөйтіп, Мұстафаның «өмірінің соңына дейін ұласқан эмиграциялық қызметі басталды. Оның мұндай қадамға баруы, белгілі дәрежеде, азаматтық ерлікпен бірдей болатын. Өйткені қазақ баласының өз елінен жырақта жүріп, саяси күресті кәсіпке айналдыруы қалыптаспаған құбылыс еді».

Түркістан идеясының рухани көсемі

Мәмбет Қойгелді: «Ешқандай да эмиграциялық жолға бармай, отанында қалған Алаш зиялыларының тағдырында мынадай екі бағыт байқалды. Бірі – кеңестік билікті ішкі дүниесімен қабылдай алмады, бірақ мойындауға мәжбүр болды. Ә.Бөкейханов ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында: «Мен кеңес өкіметін сүймеймін, бірақ мойындаймын», -деп көрсетсе, А.Байтұрсынұлы: «Мен елімнің мәдени өркендеуін қамтамасыз ете алатын билікті ғана қолдаймын», -деп кеңестік биліктің бұл міндетті толық атқара алатындығына күмән келтіреді. Бұл бағыттағылар алдымен қуғын-сүргінге түсіп, артын ала түгелдей дерлік атылды», -деп жазады өзінің «Ұлттық саяси элита» атты монографиясында. Бір анығы, Мұстафа Шоқай эмиграцияда өткен 20 жыл ғұмырында отанынан еш қол үзбеген.

1918 жылы Түрістан автономиясы таратылған соң, М.Шоқай кеңеске қарсы оппозициямен 1918 жылы Ташкентке, 1919 жылы Тбилисиге, 1921 жылы зайыбы Мария Горинамен бірге Стамбулға аттанады. 1921 жылы Парижге келіп орналасады. Орыс эмигранттарының «Дни», «Последние новости» газеттерінде жұмыс жасайды. 1927 жылы Зәки Уәлидимен «Жаңа Түркістан» журналын ұйымдастырады. 1929 жылы «Яш Түркістан» журналына редакторлық жасайды. Берлин қаласында 1939 жылға дейін жарық көрген бұл журналға Польша өкіметі қаржы бөледі. Журналдың алдына қойған міндетін «Біздің жол» атты мақаласында М.Шоқай: «Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздік жолындағы талаптарын күшін әлсіретпей, «Яш Түркістан» беттерінде бере алсақ, онда бәріміз үшін қасиетті, аса ауыр жауапкершілік артқан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік», -деген ой білдірді. Жалпы «Яш Түркістанның» алдына қойған мақсаты түркістандық ұлт-азаттық қозғалыстың үні бола отырып, оның жақын арадағы және стратегиядағы міндеттерін белгілеу еді. Жалпы 1929-1939 жылдардағы Париж бен Берлинде журналдың 117 саны шығады. Журналдың «Яш Түркістан» атануы тектен-тек емес. Басылымның М.Шоқай, оның серіктерінің «Азат» және тұтас Түркістан» позициясында тұрғандығының, осы мұраттар үшін күрес жүргізетіндігін білдіруге тиіс еді. Егер біз 20-

жылдар тұрғысынан көз салсақ, М.Шоқайдың «Тұтас Түркістан» идеясының толық негізді болғандығын аңғарамыз. Бұл ретте журналдың Түркістан республикалары, әсіресе Өзбекстан, Қазақстанның тарихын соңғы методологиялық өзгерістер арнасында зерттеуде аса қызғылықты терең талдауға лайық материалдар беретіні сөзсіз. Журналда М.Шоқайдың Түркістандағы кеңестік билік саясатын, 2-дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы халықаралық қатынасты жан-жақты талдауға арналған мақалалары жарық көреді.

М.Шоқайдың эмиграциядағы қызметі кең ауқымда жүрді. Оның Еуропа тілдерінде жарық көрген «Түркістан», «Кеңестер билігіндегі Түркістан» және басқа еңбектері батыс оқырмандарын Түркістанның терең тамырлы мәдениетімен, Кеңестік биліктің бұл өлкеде жүргізіп жатқан реформалық шараларының шынайы мазмұнымен таныстыруды көздеді.

«Кеңестік Орта Азия федерациясынан» «Түркістан тәуелсіз мемлекетіне» деп аталатын мақаласында М.Шоқайұлы жеке кеңестік республикалардан ортаазиялық республикалардың федерациялық одағын жоғары қоя отырып, соңында мынадай қортынды жасайды: «Біздің мұратымыз «бөлінбейтін біртұтас Түркістан». Біз келешекте Түркістанымызды бөлінбес біртұтас ұлттық мемлекет түрінде көргіміз келеді».

Шоқай білдірген пікірді әлі де (мүмкін ешуақытта) өзектілігін жоғалтпаған тұжырымдардың бар екендігін ешкім жоққа шығара қоймас.

Шоқай армандаған тұтас Түркістан

Мұстафа Шоқай Түркістанды Батыс Түркістан, Шығыс Түркістан және Оңтүстік Түркістан деп үшке бөлді. Мұндағы Шығыс Түркістан-қазіргі Қытай аумағындағы Шыңжаң деп аталатын өлке. Оңтүстік Түркістан- негізінен, қазіргі Ауғанстан территориясы. Ал Батыс Түркістан немесе Ұлы Түркістан –бүгінгі Орта Азия және Қазақстан аумақтарын қамтып жатқан байтақ дала. Бұл аймақты бертінде батыс «Орталық Азия» деп, ал Ресей «Қазақстан және Орта Азия»деп атай бастайды. Біздіңше, отарлау кезеңнен қалған бұл ұғымдар ориенталистік ұстанымды білдіреді. Сондықтан жасанды ұғымдардың орнына тарихи Түркістан атауын қайта жаңғыртып, орнықтыру қажет деп ойлаймыз.

Түркістан халықтарының ХХ ғасырда жүріп өткен жолы мен тарихи тәжірибесін қорыту ісінде Мұстафа Шоқай мұрасының алатын орны ерекше. Сондай-ақ бұл қайраткердің өмірі мен қызметін Түркістандағы жеке бір халықтың мүддесімен ғана байланысты қарау мүмкін емес. Мәселен,

М.Шоқай өзінің туған елі қазақ халқының тәуелсіздігін Түркістанда көне замандардан бері тұрып келе жатқан туыстас өзбек,қырғыз,түркімен және басқа халықтардың тәуелсіздігінен бөліп алып қараған емес. М.Шоқай үшінТүркістан халықтарының тұтастығы мен Түркістан халықтарының еркіндігі – бірінсіз-бірі жоқ егіз ұғымдар.Мұстафа Шоқай Түркістанды тұтас мемлекет емес, федерация түрінде құру қажет деп білген. Ол бойынша әр ұлт жеке мемлекет болу құқығын сақтайды, елдік дәстүрін жалғайды. Мұстафа Шоқай бұл мәселеде Швейцарияны мысал ретінде көрсеткен екен.

Бұл кезде Еуропадағы көптеген елдер бір- бірімен қырғи-қабақ жағдайда болады. Шоқайдың немесе Рысқұловтың бастамасын, бір сөзбен айтқанда, қазіргіОрталық Азиядағы туыс халықтардың терезесі тең жағдайдағы ынтымақтастығы деп қабылдаймыз.

М.Шоқайдың арманы ол ең алдымен, елдің азаттығын аңсады. Біз сол азаттыққа қол жеткіздік, Тәуелсіз ел атандық. Екіншіден, өзгелермен терезесі тең мемлекет құруды армандады. Сол тұста тәуелсіз мемлекет құруға мүмкіндігі де, мүрсаты да жоқ еді. Сондықтан Ресей федерациясының құрамында автономия жариялады. Біздің ұрпақ сол арманға қол жеткізіп, төрт құбыласы түгел толыққанды мемлекет құрды. Үшіншіден, Қазақстанның тұтастығын армандады. М.Шоқайдың сол арманы толық орындалды. Біздің ұрпақ тәуелсіз, біртұтас мемлекет құрып қана қойған жоқ, дүниежүзілік шашырап кеткен бүкіл қазақтарды бір шаңырақтың астына жинап жатыр. Мұстафа елдің көзін ашуды, әсіресе жастардың жетік білім алуын армандады. Ол қала салып, жұрт қатарына қосылуды, өркениет көшіне ілесуді аңсады. Сол арманы да орындалды. Есілдің жағасынан асқақ Астанамыз бой көтерді. Қазақ елордасымен бірге шын мәнінде қалалық ұлтқа айналды. М.Шоқайдың үлкен арманы – Түркістанның тұтастық мәселесі екені белгілі. Бүгін де түркі халықтары арасында алыс-беріс артып, интеграциялық байланыстар дамып келеді. 2010 жылы түркі кеңесі құрылды. Астанада «Түрік академиясы» ашылды. Бұл ретте «Тіліміз жақын, тілегіміз бір. Тағдырымыз ұқсас, тарихымыз ортақ» деген Президент Н.Назарбаевтың Орта Азия Одағын құру туралы бастама көтеруі көп жайтты аңғартады. Сондықтан Шоқайдың арманы азаттықпен бірге, ақиқатқа айналды дей аламыз.

Қазақ халқының, жалпы түркі халықтарының азаттық қозғалысын әлемдік деңгейге шығарған абзал жанның есімі ел есінде мәңгілік қалуға тиісті.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1.Түркістан халықаралық энциклопедия - Алматы 2000жыл
- 2.М.Шоқай. Таңдамалы – 1.2том – Алматы 1998-99жж
- 3.М.Қойгелдиев. «Тұтас Түркістан идеясы және М.Шоқай» - Алматы 1997ж
- 4.Тарихи тұлғалар – Алматы 2012ж
- 5.«Қазақстан тарихы 9 сынып» М.Қозыбаев – 2013ж
- 6.«Аңыз адам» журнал 2011ж №7
- 7.«Мұстафа Шоқай жолымен» Қ.Бегманов – деректі фильм
- 8.Интернет материалдары

ӘОЖ 950 (574): 341.231=943

МҰСТАФА ШОҚАЙ-ҰЛТ ЖАНАШЫРЫ

Қайықбаева Ж.Ж.

М.Шоқай атындағы 187 ақпараттық
технология мектеп-лицейінің
тарих пәнінің мұғалімі

XX ғасырдың басында мемлекеттің саяси тарихында айқын із қалдырған, өз ұлтының мүддесін жан аямай қорғап, адал қызмет еткен нар тұлғалар қазақ халқының жадында жатталып қалды.

Ұлы қайраткерлер біздің тарихымызда өте көп болды, солардың арасында Мұстафа Шоқайдың тұлғасы ерекше көзге түседі. Неге десеңіз? Кез-келген халық үшін ең қымбатты нәрсе-ел тәуелсіздігі, мемлекеттің тәуелсіздігі. Халық үшін тәуелсіздіктен үлкен бақыт жоқ.

М.Шоқай осы мұрат-мақсат жолына өз өмірін, бар қарым-қабілетін арнаған ірі тұлға болып табылады. Бүкіл жарқын ғұмырын қазақ елі мен түркі тектес қандастарымыздың тәуелсіздігі мен теңдігі жолындағы ұлы күреске бағыштаған. Ол –отаршылдықтың ойраны мен қайғы-қасіретін бастарынан өткерген қазақ,өзбек,қырғыз т.б. халықтардың тағдыры өз тағдырымен біте қайнаскан, ұлт мүддесі өз өмірі мен күресінің мақсат-мұратына айналған, жиырма жыл бойы Еуропа төрінде Алаш идеяларын жалғастырып, тәуелсіздік туын көтерген сондай тұлғалардың бірі де, бірегейі. Мұстафа Шоқай өзінің туған елі қазақ халқының тәуелсіздігін Түркістанда көне замандардан бергі тұрып келе жатқан туысқан халықтардың тәуелсіздігінен бөліп алып қараған емес.

М.Шоқай отаршылдықтың өктемдігін, әділетсіздігін жас шағынан бастап-ақ сезіп өсті. Ұлтжанды қайраткер ретінде қалыптасуында патша өкіметінің орыстан өзге халықтар жөнінде жүргізіп отырған отарлық саясаты үлкен рөл

атқарады. Мұстафаның терең білім алып, саяси көзқарасының қалыптасуы қоғамдық қозғалысқа қатысып шындалуы оның Петерборда өткізген жылдарына тұспа-тұс келді. Ақпан төңкерісі берген басты жетістік-патша үкіметінің құлауы. Патша үкіметінің құлауы –түркістандықтар үшін бостандыққа жол ашқан жарық сәуледей болды. Соны пайдаланып жарық күнге жету мақсатында М.Шоқай өз елінің бостандығы жолында аянбай еңбек етіп, саяси қозғалысқа белсене араласып, іс жүзінде ұлттық қозғалыстың басты көсемдерінің біріне айналды.Осындай қиын жағдайда М.Шоқай өз халқына мардымды қызмет жасау жолын іздейді.Ол Ә.Бөкейханов сияқты отандастарымен бірігіп , Керенский басқарған уақытша үкіметтің Түркістанды басқаратын арнайы комитет құруына қол жеткізді. Мақсаты-зор Мұстафаны қатарға тартып, ұлт-азаттық қозғалысына , үлкен саясатқа баулыған Әлихан Бөкейханов еді. Қазақ еліне, Түркістанға, қатысты түрлі жиындарға, құрылтайларға қатысып, оларға жетекшілік жасайды. Автономия құру жоспарын ойластыра бастайды. Елін азаттыққа жеткізу, іргелі мемлекет құруға ұмтылыс күллі қазақ зиялыларының ортақ мақсаты еді. Тек оны жүзеге асыру мәселесіне келгенде олар екі жарылды. М.Шоқай күллі түрік халықтарының басын біріктерген тұтас Түркістан автономиясын құруды ұсынды, оны жақтаушылар орыстың отаршылдығынан құтылу үшін Орта Азия елдері бірыңғай бірігуіміз керек деп түсінді. «Кеңестік Қазақстанның он жылдығына орай» деген мақаласында жалпы алғанда Кеңес өкіметінің «Жеке өлкелер мен халықтар мүдделерінің» Одақ мүддесіне бағындырылуына негізделген саясатының қазақ,өзбек,қырғыз,басқа да халықтарды есепсіз құрбандықтарға әкелетінін, ақыр аяғында олар ұлттық болмысын жоғалтып, тілінен де,дінінен де айырылатындығын болжап көре білген.Мұстафа Шоқай ХХ ғасырдың бас кезінен-ақ білгір халықаралық сарапшы ретінде көрінеді. Ол, әсіресе, Түркістан мен шекаралас аудандарға, тіпті араб елдеріндегі жағдайларға да назар аударады. Мұның өзі Түркістан ұлттық қозғалысына, оның жетекшілеріне үлкен қолдау болады.

1917 жылы сәуірдің 16-21 аралығында Ташкентте өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының I съезіне қатысып,оның төралқасына мүше болып сайланады. «Бірлік туы» газетінің негізін қалап, оның алғашқы редакторы болады. Түркістан өлкесі жергілікті халқының мүддесін қорғауды мақсат еткен қоғамдық-саяси ұйымдардың қызметін үлестіру үшін құрылған «Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесіне» төрағалық етті.

1917 жылы қарашада Түркістан автономиясының Уақытша үкіметін бекітеді. Бас министр болып М.Тынышбаев сайланды. Бірақ, екі аптадан кейін М.Тынышбаев отставкаға кетіп, оның орнына М.Шоқай бекітіледі. Украина халық республикасының бұрынғы сыртқы істер министрі А.Я.Шульгин осы кезеңді еске алып, Мұстафа Шоқайдың «белсенділігі мен ел арасындағы беделі аса зор еді. Жастығына қарамастан ол қайта өрлеген Түркістанның нағыз көсемі бола білді» деп жазды.

Дегенмен, кеңестік тарихнамада М.Шоқай басқарған Түркістан автономиясының мән-мағынасы төмендетіліп, қала деңгейіне түсіріліп, «Қоқан автономиясы» аталып келді. Кеңес үкіметі тұсында Мұстафа Шоқай есімін атау қылмыспен пара пар болды. М.Шоқай бейнесі ұзақ жылдар бойы тарих күлінің астында көміліп келді. Қазір жаһандану дәуірі. Бірақ М.Шоқай сол өткен ғасырдың 17-18 жылдары ақ жаһанданудың келе жатқанын біліп, жасыл тудың астына бүкіл түркі тектес халықтарды жинағысы келген. М.Шоқай Түркістан жамиятының келешек өз тағдырын өзі анықтайтын жеке мемлекет болуын мақсат етіп қойды. Осы мақсатта ештеп уақытша үкіметтің аз айлық билігін пайдаланып қалғысы келді. Өкінішке орай, Уақытша үкімет қауқарсыз орган болғандықтан, М.Шоқай халық мүддесіне орай жоспарланған жұмыстарын жасай алмады. Ақыры, Қоқан автономиясы қанды қырғынға ұшырады. М.Шоқай сол күндер жайлы тарығып жазған бір мақаласында: «Қоқан ұлттық үкіметінің большевиктерге қарсы күресі кезінде, яғни 1918 жылы ақпанда, осыдан бір жыл бұрын Ақмешітте 1917 жылдағы мамыр айында орыс жұмысшы солдаттары қолынан өліп кетсемші деп өкінгенім бар», -деп жазды. Ал 1932 жылы 26 наурызда «Прометей» ұйымының жиналысында оқыған «Түркістандағы революция» атты баяндамасында «Түркістанның ең осал жері бізде келісілген іс-қимылдың жоқтығы болды. Әркім өз алдына, өз аумағы шеңберінде әрекет етті. Егер бұхаралықтар, хиуалықтар, түрікмендер, қазақтар т.б. «облыстық патриотизмнен» арылып, «түркістандық патриотизм» негізінде біріккен кезде біздер өз тәуелсіздігімізді сақтап қалар едік, тағдыр Түркістанды ұлттық қорлау мен қанаушылықтан құтқарар еді» деп жазды.

Мұстафаның ұлы арманы іске аспай шетелге эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. Ақтау-Грузия-Түркия арқылы Еуропаға ұласқан сапарында М.Шоқайдың көрген қиыншылығы өте көп болды. Мұстафа Шоқай қай елге барғанда да бас сауғалап, жан бағып жүрмеді, саяси күрестің мүмкін жолдарын іздестірді. Еуропадағы 20 жылда түрік –мұсылман халықтарының ұлт-азаттығы жолындағы қозғалыстары оның төңірегіне топтасты. М.Шоқай ел ауғанда жүргенде ұлт-азаттық жолындағы күресте ақпарат құралын ең басты қару ретінде пайдаланды. Ол қай жерде жүрмесін, баспасөзден қол үзген жоқ. Өзінің ұлтшылдық, түркішілдік идеяларын мерзімді баспалар арқылы жүзеге асыруға күш салды. 1918 жылы Грузияда «Волный Горец», «Барьба», «На рубеже», Стамбұлда «Жаңа түркістан» кейіннен Германияда «Жас Түркістан» баспалары арқылы күллі өмірін азаттық үшін күреске жұмсады. «Жас Түркістан» журналы М.Шоқайдың публицистік – редакторлық, ұйымдастырушылық қабілетін танытқан ең көрнекті туындысы болды. Бұл журнал 1929-1939 жылдары Германияда үздіксіз шығып тұрды. М.Шоқай «Біздің жол» атты бас мақалада журналдың басты ұстанымы туралы айта келіп, большевиктердің Орта Азия мен Қазақстанда «түрі – ұлттық, мазмұны – социалистік» республикалар

құруды мақсат ететіндігін, ал оның түрлі ұрандармен бүркемеленіп отырғанымен, бұрынғы патшалық отарлық жүйенің, орыстық шовинизмнің жалғасы екендігін ашық айтады. Шоқайдың ұлтжандылық сезімінің оянуына, алдымен, осы орыс шовинизмі ықпал еткен болатын. М.Шоқай көзқарасына орыс эмигранттарының басылымдарында Германияға оқуға келген түркістандық жастарды «Түркістан түйелері мен Бұхара есектері» деп әжуалауы да үлкен әсер етеді. 1931 жылы 13 қаңтарда жарияланған «Жәдидшілдер» атты еңбегінде: «Мемлекеттің ұлттық мүддесі мен болашағы тұрғысынан алғанда, отаршылдықтың ең қорқынышты түрі жергілікті халықтың жерін тартып алу болып табылады. Түркістанның «жанашыр орыстары» дәл осындай тартып алу саясатын жүргізіп отыр. Осы озбырлықтың салдарынан қазақтардың өз жерінде азшылықта қалу мүмкіндігін болжаған да – М.Шоқай болатын. 1930 жылы «Яш Түркістан» журналында «Керенский және Түркістандағы ұлттық қозғалыс» деген мақала жариялап, А.Ф. Керенскийдің түріктердің ұлттық ар – намысына тиіскен шовинистік көзқарасына ашық қарсы шығады. Мақала орыс тіліне аударылып, Керенскийге жіберіледі. М.Шоқай Керенский секілді орыс «демократиясы» өкілдерінің ұлттық өпіремдікке толы басылымдарын үнемі сынға алып отырды. Кеңес өкіметінің ешқандай демократиялық қозғалыстарға жол бермейтіндігін түсінген М. Шоқай «ұлттың өзін-өзі билеу мүмкіндігін береміз» деген бірде-бір орыс демократына сенген жоқ. Орыс демократтарына үміт артуды үзілді – кесілді тоқтатты. Тіпті, сенімді деген Сұлтанбек Қожановтың «Қоқан автономиясының мүшелеріне Кеңес үкіметі кешірім береді» деген хабары жеткенде де, компартия басшыларының екіжүзділік саясатын күнілгері біліп елге оралмады. Бұл шын мәнінде М.Шоқайдың көрегендігі болатын. М.Шоқайдың күдігі расталды. Кеңес Одағында қалған Алаш арыстарының барлығы 1937-1938жж қуғын -сүргіннің құрбаны болды.

Немістер М. Шоқай 1941 жылы Франциядан Берлинге Гитлердің бұйрығымен алып кетіп, өз мақсаттарына пайдалануды ұйғарған. Мұстафаны тұтқын түркістандықтардың тізімін жасауға, білімін, мамандығын анықтауға жұмсаған. М.Шоқай алғашқы 2-3 айдың ішінде қыруар жұмыс атқарды, жүздеген түркістандық тұтқынның жағдайын жақсартуға көмектеседі. Лагерьлерден тұтқындарды босатып, шаруашылық жұмыстарға пайдаланады, мамандықтарға үйретеді. Ақыр аяғында олардан құрған жасақтардан болашақта тәуелсіз Түркістанның қарулы күштерінің негізін құруды ұсынады. Шоқайдың бұл ойы немістерге ұнай қоймады. Себебі немістердің бұл жасақты қызыл армияға қарсы қолданбақ ойлары болған. Шоқайдың жұмбақ өліміне осы жағдайдың әсері болуы мүмкін деген болжам да жоқ емес. Демек, Мұстафа Гитлерге ұнамай, керек болмай қалып, оның көзін жойған шығар. Шындығында, «Түркістан легионына» Мұстафаның қатысы жоқ және легион Мұстафа Шоқай өлгеннен кейін 1942 жылы жазда құрылған.

Мұстафа өз елін қорғады, оны Кеңес отарынан босатпақ болды. Сол үшін өмірін сарп етті. Сондықтан, М.Шоқайдың тұлғасы осы Түркі елі тұтастығы идеясымен шын қымбат. Мәселен, 1932 жылы «Жас Түркістан» журналының 32-санындағы «Түркістан тіршілігі» деген мақаласында ұлы тұлға былай деген: «Біз Түркістанды бөлшектеуді қабылдамайтын, Түркістан және түркістандық сезімін жоғалтпаған жерлестерімізбен бір пікірдеміз. Түркістан біртұтас ұлттық бірлікте және сол көріністе отыр. Түркістанның рухани саяси болашағы-Түркістан түріктерінің бірлігінде жатыр». Ұлт мүддесімен, халық арманымен біртұтас саясат-Мұстафа жолы, Мұстафа таңдауы. Сол себепті ол «Большевизм-түрікшілдіктің қас жауы» атты еңбегінде былай дейді: «Большевиктер атамекеніміз Түркістанда ұлтымыздың өзіне тән рухани әлемін суалтып, оның орнына орыс пролетариатының рухын орнатпақ болды. Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе?. Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де»

Қорыта айтқанда, Мұстафа Шоқай Отанын сүйген, оның тұтас мүддесіне қызмет етіп, сол жолда жанпида болған қайраткер. Бүгінгі таңда ол ғаламдық көлемдегі қайраткер болып табылады. Түркістанның бірлігі мен тәуелсіздігін ту етіп, оны өмірлік мұратына айналдырған, сол жолда құрбан болған М.Шоқайдың тұлғасы күн өткен сайын биіктей бермек. Саналы ғұмырын ұлт мүддесі мен ел мұраты жолына арнаған қайраткер тұлғаның тағылымын арқау еткен еңбектер жаңа, тың деректерге жетелемек.

Әдебиеттер:

- 1.Ибрашұлы С. «Мұстафа Шоқай». Тасбөгет, 1993
- 2.Абдуллин Х. «Мұстафа мен Мағжан-Тұран елінің даналары». Алматы, 1993
- 3.Шоқай М. «Түркістанның қилы тағдыры». Алматы, 1992
- 4.Есмағамбетов К. «Әлем таныған тұлға». Алматы: Дайн-Тресс, 2008
- 5.Атабаев Б. «Халық жадында қайта жаңғырған ұлы есім». Қызылорда, 2015ж.

ӘОЖ 316.42:950 (574)=943

ЖАҢАНДАСУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ М. ШОҚАЙ ИДЕЯЛАРЫ ЖАҢҒЫРУЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

Сәтбай Т.Я.

тарих ғылымдарының докторы, профессор

Қорқыт Ата атындағы ҚУ

М. Ганди XX ғасырды «ұлтшылдық ғасыры» деп атаған екен. Біз тұжырымды мазмұндық жағынан күшейтіп, сондай-ақ «шовинизм ғасыры», тұтастай алғанда өз ұлтын бүкіл әлемге қарсы қойған «агрессивті

ұлтшылдық ғасыры» деп нақтылаған болар едік. Сонда ғана тұжырым аясы кеңіп, ауқымдала, ірілене түспек. Астам державалардың ұлттық эгоизмі мен ұлттық центризмі ғасырдың I жартысында адамзатты екі дүниежүзілік апатқа ұрындырды... Осындай жағдайда Шоқайдың «ұлтшыл» болмауы мүмкін емес еді. Оның «ұлтшылдығы» өз халқын ғана емес, түркі әлемін сақтап қалуға бағытталған «қорғаныстық ұлтшылдық». Ол бір жағынан Ресей шовинизмімен күрессе, екінші жағынан ментальді тұрғыдан алғанда рулық-тайпалық сатыда болған өз халқының қоғамдық санасын ұлттық деңгейге көтеру жолында қызмет етті. Бұл тек М.Шоқайдың емес жаңа тұрпатты қазақ зиялыларының басындағы жағдай-тын және саяси мінезді талап ететін. М. Шоқай оны көрсетті де. 1916 жылғы Торғай қазақтарының патша билігіне қарсы күресі рулық-тайпалық шеңберден шыға алмады. – «Бұл тұста халық арасына «төңкерістен соң, орыс мұғажырлары Ресейіне қайтатын көрінеді» деген қауесет сөз тараған. Осыдан келіп орыстардан қалатын жерді бөлу туралы мәселенің төбесі көріне бастады. Тірі жүрген аюдың терісі үшін арғын-қыпшақ таласқа түсті. Әбдіғаппар хан мен Аманкелді қыпшақтар жағын алып, арғындарға тізесін батырды. Рушылдыққа ешқашан бой ұрмаған Ахмет Байтұрсын мен Мирякуб Дулатқа, қыпшақтар арғындардың басшылары деп қарай бастады... » - дейді М.Шоқай. – «Әбдіғаппар мен Аманкелдінің рушылдық дерті әбден асқынғаны сондай, 1917 жылғы Орынборда болған жалпы қазақ құрылтайынан соң және 1918 жылдың жазында Торғай даласын аралап жүрген кезімде маған да жақын кісілерін жіберіп, менің қыпшық руынан екенімді есіме салып , төреден шыққан Әлихан Бөкейхан мен арғыннан Ахмет, Мирякубтарға қарсы күресте «бізге саяси жетекші болыңыз» деп өтініш жасады. Мен, әрине, олардың ұсынысынан бас тарттым. Өйткені мен Түркістандағы түрік адамы үшін, әсіресе Түркістанның ұлт-азаттық туын көтерген адам үшін арғын, қыпшақты былай қойып , тіпті , өзбек , қазақ , түркімен болып бөлінудің өзі Түркістан түріктерін бөлшектеп, өлімге бастайтын жол екенін жақсы білетін едім...» [1.81-82] . Ізін суытпай ел ағаларына жауап хат-сәлемдемесінде М. Шоқай өз позициясын нақтылай түседі. – «Ағалар, қыпшақ деген ұлт болмайды, қазақ деген ұлт бар. Егер әрқайсымыз бөлініп, қыпшақтың көсемі, арғынның көсемі, үйсіннің көсемі болып жатсақ, біздің халық азады».

М. Шоқайдың «түркі адамы үшін», «түркістан түріктері» деген біріктіруші баса көрсетулерінен, оның геосаяси тұрғыдан алғанда, аймақтың болашағын «Түркістан ұлты» тұрғысынан елестететіндігін аңдау қиын емес. «Для нас

туркестанских турок наше единство, единство турецкой нации это все. Это не только политическая программа ближайших лет, но и та основа, на которой мы - туркестанцы строим все наше будущее, всю национально-государственную жизнь нашего народа. И это будет!»- дей келе М.Шоқай , ойын әрі қарай былай жалғастырады.- «мы называем настоящим врагом национальной идеи Туркестана, кто на заре нашего национального пробуждения производит деления туркестанцев на племенные группы. Вне национального объединения всех казахов , узбеков, киргизов, туркмен нет и не может быть будущего Туркестана » [2.266]. Сондықтан 1917 жылғы қазан төңкерісіне дейінгі «орыс демократтары» мен кеңестік билік оған түркі фундаменталисі деп қарап «жау» көрді , өздеріне қарсы қойып «жау» тауып алды. Большевиктік билік М.Шоқай көзқарастарының гуманистік астарын түсінбеді, ең жаманы түсінгісі де келмеді. М.Шоқай өзінің «түркістандық фундаментализмін» басқа халықтарға қарсы қойған жоқ. Тіпті алғашында, Ресей қарамағындағы ұлттық-территориялық автономия үшін күресті де. «Жалпы адамгершілік және философиялық тұрғыдан алғанда жақсы халық, жаман халық деген ұғым жоқ, болмайды да» дейді ол. Дей тұрсақта, тіпті қазіргі тәуелсіз Қазақстан зерттеушілерінің қайсыбіреулері де, М.Шоқай мұраларын қабылдағанда пантүркішіл ретінде қабылдауға пейілді. Өйткені ұран жақсы. Алайда, М.Шоқай «пантүркішілдігін», «мұсылманшылдығын» абсолюттендіруге болмайды. Оны М. Шоқайдың өзі де 1924 жылы «Вольный Горец» журналында жарияланған « «Пантюркизм» и «панисламизм» в Средней Азии» атты мақаласында атап өтеді – «... автор этих строк... не причисляет себя ни к панисламистам, ни к пантюркистам. И это обстоятельство ни в какой мере не мешает ему констатировать непреложный факт внутреннюю духовную связь мусульманских народов» [3.4146]. Сондай-ақ 1942 жылдың 8 ақпанында М.Шоқай қаза болуының 1-жылдығына орай Парижде ұйымдастырылған естелік іс-шарада сөйлеген сөзінде Украинаның бұрынғы сыртқы істер министрі, профессор А.Я.Шульгин « Мұстафа кім еді?» деген сұраққа – «С одной стороны это был настоящий мусульманин, человек степей Туркестана, умевший воплотить в себе лучшие стороны Востока, а с другой стороны это был человек, который благодаря своей исключительной способности проникся глубоко русской культурой и через нее смог понять и ассимилировать в себе цивилизацию запада» [4.77]

М.Шоқайды әртүрлі тұжырымдамалардағы ағымдар мен «измдердің» - пантүркішілдік, панисламшылдық, «әсіре патриоттар» - өз жағына тартуға

ұмтылушылығы заңды және оған автор да бай мүмкіншіліктер береді. Екінші жағынан олардың барлығы бос әурешілік. Өйткені Мұстафа біздің зерделеуімізше, олардың барлығынан жоғары- жалпыадамзаттық деңгейде тұр. В.И. Лениннің белгілі сөздерінің өңін айналдырсақ, Мұстафа Шоқай ілімі догма емес, іске басшылық. ХХІ ғасыр мен жаһандану жағдаяттарында да, оның ілімдері мен дүниетанымы түркі халықтары үшін өзектілігін жойған жоқ. Біздің ойымызша, Көшім Есмағанбетов пен Әбдіжәлел Бәкір, Әбдіуақап Қара мен Әмірхан Бәкіровтердің іргетасты еңбектерінен кейін Мұстафатанудың жаңа кезеңі басталуы керек.

ХХ ғасырдың басындағы геосаяси жағдай мен Түркі халықтарының жағдайы оны «фундаменталист» еткенін де жасыруға болмайды. Түркі халықтарының бір бөлігі Қытайдың, үлкен бөлігі Ресей қол астында болған жағдайында оның «фундаменталист» болмауы да мүмкін емес еді. Соған қарамастан, ол кез келген фундаментализмді саяси құралдармен жүзеге асырудың күрделілігін сол уақытта сезінді. Уақыт көрсеткендей, оның күмәні негізді болып шықты. Айталық, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін «социалистік жүйе» елдері дейтін құрылып, ол славян елдерін біріктірді. Панславизм салтанат құрғандай еді. Алайда панславизм өміршең бола алмады, керісінше жанжал ошақтары пайда болды. Ол ол ма, этникалық біртұтас араб елдері мен халықтары да біріге алмай отыр. Осындай жағдайда түркі халықтары жақындасуының алғышарты, іргетасы мәдени-рухани жақындасу жолы болуы тиіс, онсыз саяси одақ бекем бола алмайды. Біз саяси одақ қашан құрылады екен деп, қарап отыра бермеуіміз керек. Өткеннің тарихи үлгілері мен дәстүрлері де жоқ емес. Біздің ойымызша, бұрынғы кеңес-түрік республикалары халықтарының ментальді жақындасуын лингвистикалық жаңғыртудан бастау керек.

Тілтану мен әдебиет тарихшыларының айтуынша, Балқы базар, Шораяқтың Омары, тіпті Тұрмағанбет тұсында, яғни бұдан 120-150 жыл бұрын қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақ әдеби тілдерінің жақын болғаны сондай, олар бір-бірінің әдеби жазба мұраларын еркін оқи білген. Түркі фундаментализмінен сескенген кеңес билігі әуелі түркітанушы ғалымдарды қуғын-сүргінге ұшыратып, «жуасытылған» түркітанушыларды түркі тілдерінің ортақ ұқсас үндестігінен гөрі, айырмашылық, ерекшеліктерін бадырайтып, ұлғайтуға пәрмен берілді. Осы мақсатта алфавиттер өзгертілді, өзбек тіліндегі жуан дауысты дыбыстар алынып тасталды, қазақ тілінің дыбыс үндестігі заңдылығы бұзылды, қарақалпақ тілі – өзбек, түрікпен тілдеріне жақындатылды т.б. Сөйтіп бас-аяғы 60-70 жыл ішінде бұл

халықтар бір-бірінің әдеби мұраларын түпнұсқада оқи алмайтын дәрежеге жеткені сондай,қырғыз тіліндегі әдеби туындылар қазақ тіліне орыс тілі арқылы тәржімаланатын болды.Осылайша антисемитизмнен кем түспейтін антитюркизм саясаты мемлекеттік тұрғыда жасырын жүргізілді.М.Шоқай идеяларын қайта жаңғырту,рухани жаңару дегеніміз – ең бірінші кезекте түркі тілдерінің арасындағы үзілген байланыстарды қайта қалпына келтіру, түркі диалектілерінің арасын қайта жақындастыру арқылы толыққанды суперэтнос – түркістан ұлтын қалыптастырудың ірге тасын қалауды, сөйтіп адам баласының адамзатқа айналуынан бұрын түркістан ұлтын құруды білдірсе керек. Бұл орайда, лингвистикалық жаңғыртулар өзара кірігудің өзегі болуға тиіс. Оған түркі республикалары халықтарының биліктері мен қоғамдарының батыл саяси жігері жеткені абзал.

Лингвистикалық жаңару дегеніміз – қазіргі барлық түркі тілдерін қайта жақындастыру, бір-біріне батыл өзара кіріктіру, қажет болған жағдайда саяси құралдардан да аянбау дегенді білдіреді. Қазіргі таңда қазақ тілі мамандары мен тіл саясаты комитеті халықаралық терминдердің қазақша баламасын ойлап табумен әуре. Қалған түркі республикаларында да орнықтылық жоқ. Айталық, тәуелсіздік жылдары өзбек, татар түркілерінде «раис» баламасы бола тұра «төраға» сөзі ойлап табылды. Велосипедті қайта ойлап таппай ақ, сол сөзді қазақ тіліне кіріктіре салуға болатын еді ғой. Қырғыздар қазақ тілінде «аудан», «отан» баламасы болса да «район», «родина» сөздерінен айырылғысы келмейді. Мұндай мысалдарды өзбек, түркімендерден де көптеп кездестіруге болады.

Отбасылық тұрмыстық мәдениет – кез-келген мәдениеттің іргетасты құрамдасы. Отбасылық тұрмыстық мәдениеттің қайнарлары – құда түсу, қыз берісіп-алысу арқылы туыстасу, жақындасу. Ежелгі және орта ғасырларда саяси одақтасу құдандаласумен бекітіліп отырғаны кездейсоқ емес. Қазақтар таң қалмай бөтен жұрт таң қалатын бір жәйт: - Алтай мен Атырау, Сібір мен Жетісу аралығын мекендеген қазақтардың тіліндегі диалектілердің болмауы. Қытай аймақтарының тұрғындары бірін-бірі түсінбейді. Меніңше, қазақ мәдениеті мен тілінің тұтастығында әйелдер шешуші рөл атқарды... Сондықтан түркі халықтарының арасындағы жақындасудың қозғаушы тетіктерінің бірі әйелдер – хатун-кизляр мен қыз-келіншектер болып қала бермек. Бұл жағынан алғанда қазақтар мен қырғыздар, қазақтар мен қарақалпақтар мақтана алады. Сондықтан да олардың тілдері мен дәстүрлері анағұрлым жақын. Алайда түркі халықтарының екі үлкен бөлігі – өзбектер мен қазақтар мақтана алмас еді.

Нақ сондықтан да олардың арасындағы тілдік және тұрмыстық алшақтық кеңес жылдары ұлғайып кетті. Оны жеңу түркістандықтар үшін өзекті болып қала береді. Бұл тұрғыдан алғанда, өзбек-түріктердің оқшаулануға бейімділігі мен консерватизмі таң қалдырады. Олар тіпті, қыздарын өз махалля-қауымынан шығармау үшін өте жақын туыстары бір-бірімен қыз алыса береді. Өзбектер махаллялық оқшаулануды енді жеңе бастағандай. Дегенмен өзбек-қазақ құдандаласуында саусақпен санарлық озық үлгілер жоқ емес. Солардың бірі белгілі қазақ әншісі Ақжол Мейірбековтер әулеті. Оның әйелі Шарипа өзбек қызы болса, жақын әпкесі өзбек жігітіне күйеуге шыққан. Ақжол Мейірбеков жұбайымен 50жыл бірге тұрып, қазақ-өзбек кірігуінің үлгісін көрсетіп отыр. Қазақ-өзбек өзара кірігуі Түркістан ұлтын құрудың ұйытқысы. Өзара кірігуге қызмет ететін игілікті іс-шаралардың бірі ортақ тұлғаларымыз бен өнер ұйымдарының өнегелі қызметі. Осы тұрғыдан алғанда М.Шоқай мұраларын әсіресе өзбек, қырғыз тілдеріне аудару және оларды насихаттау айрықша өзекті. «Ялла» ансамблі осы тұрғыдан репертуарын басқа түрік халықтарының әндерімен жаңартса құба-құп. Мемлекеттік құрылымдар да бұл процестен тысқары қала алмайды. ТМД елдеріне арналған «Мир» телеарнасы сияқты бұрынғы кеңес түрік республикалары халықтарына тарайтын қазақ-өзбек тілдерінде жүретін «Түрік» тележобасын іске қосылса нұр үстіне нұр болған болар еді. Қазақ-өзбек тілдеріне пәрмен беріп отырған себебіміз – қазақ тілі қырғыз, қарақалшақ тілдеріне жақын, ал өзбек тілі – түркімен, әзірбайжан тілдеріне жақын. ҚР сыртқы істер министрлігі М.Шоқай ескерткіштерін Ташкент және

Қоқан қалаларында орнатуға мұрындық болуы тиіс. Жалаңтөс Баһадүр ескерткіштерінің Самарқанда және Қазақстан қалаларында болуы қуантады. Аталған республикалардың орта мектептері оқулықтарында М.Шоқай туралы толық ақпарат берілуі қажет. Жалпы қазақ, өзбек, қырғыз мемлекеттері арасында шекараның болуы бұл халықтар дамуының табиғи заңдылығына жат құбылыс. Символикалық қана шекара болғаны дұрыс. Түркі республикалары мәдениет қайраткерлері мен қызметкерлерінің түркістан халықтарын ментальды жақындастырудағы рөлі ересен. Тіліміз, діліміз, тарихымыз ортақ болса да «Қазақ-фильм» мен «Өзбек-фильм» студияларының бірігіп шығарған туындылары жоқтың қасы. Қазақ-өзбек түсіндірме сөздігі мен көпшілікке арналған тілашарларын шығаратын мезгіл жетті. Сондай-ақ жоғарғы оқу орындарының қазақ филологиясы факультеттерінде көрші түрік диалектілері арнайы курс ретінде өтілсе

филологтарымыздың білімінің кеміп қалмайтыны анық. Елімізде Орта Азия республикаларын зерттеу институттары ашылып, ортақ әдеби, ғылыми журналдар шығарылып жатса құба-құп. «Қазақ әдебиеті» газеті тұрақты түрде өзбек, ұйғыр т.б. түркі тілдерінде қосымшаларын шығарып тұрса – түркістандықтардың өзара кірігуіне қызмет ететіні хақ. Кезінде қазақстандықтарды біріктіруші «Қазақстандық ұлт» идеясын әсіре патриоттар қаламай, ал биліктің батылы бармай әуре сарсаңға түскегі бар. Ендігі жерде М.Шоқайдың «түркістандық ұлт» ұғымын олар жатсынбайтын болар деп ойлаймын. Оның үстіне қазіргі осман-түрік менталитетіне қазақ, өзбек болуы маңызды емес, қазақ-түрік, өзбек-түрік немесе түркістандық түрік болу маңызды. «Тарих рахымсыз - дейді Шоқай. – Ол ғұламаны да білгірді де өнер иесін де, хандар мен патшаларды да аямайды. Ол өз заңына қарсы келгендердің бәрін езіп жаншып жүре береді. Тарих заңдары кері қайтуды білмейді және оны жаратпайды» [5].

Қорытындылай келгенде, М.Шоқай идеяларын жүзеге асырып, ХХІ ғасырдың бірінші жартысын қазақ-өзбек-қырғыз мәдениеттері жақындасуының тамаша онжылдықтарына айналдыра алсақ, бұл «Рухани жаңғыру»–сананы жаңарту бағдарламасына сәйкес келген болар еді. Бұл қазақ халқының ішкі бірлігін нығайту үшін де қажет [6]. Сөйткенде ғана ағартылған өркениетті «пантүркішілдік» адамзат ренесансына, гуманистік мұраттарына қызмет етпек.

Әдебиеттер

- 1.М.Шоқай. Таңдамалы. Алматы:Қайнар. Екі томдық. 2т.-520бет
- 2.М.Шоқай. Шығармаларының толық жинағы. 12-томдық. /Автор-құрастырушы К.Есмағанбетов. 6-том. Алматы: Дайк-Пресс.2013.- 520бет
- 3.Мұстафа Шоқай. Дайк-Пресс, 2012.-639бет.
- 4.Кушим Есмағанбетов. Мустафа Шоқай – идеолог освободительной борьбы народов Туркестана. «Мустафа Шоқай: саясаткер және ғалым» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары: (Алматы қаласы 2015жыл 15-қазан) –Алматы: «Арыс» баспасы 2015- 288б
- 5.Интернет материалдары
- 6.О.Сүлейменов Наступает новый период.//Казахстанская правда. 25 октября 2019г.

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ АЛЫП ТҮЛҒАСЫ

Серікбаев С.К.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
Қызылорда облысы бойынша ПҚБАИ
директорының орынбасары,
Тарих ғылымдарының кандидаты

Тарихтың өзекті арнасы – жеке тұлғалардың, тарихи қайраткерлердің туған еліне, халқына сіңірген еңбегін, олардың қоғамдық – саяси және әлеуметтік процестердегі ролін ашу болып табылады. Халқының жадында, тарихтың сарғайған құжаттарға толы қойнауында аты да, қызметі де сақталған, соңына қалдырған мұралары бүгінгі ұрпақтың рухани қазынасына айналып отырған қазақ елінің қасиетті азаматтары аз емес. Олардың озық шоғырын, алдыңғы тобын толықтырған талай боздақтардың есімі тар өрісті таптық өшпенділікке негізделген кешегі тоталитарлық кеңес заманында әдейі және қасақана ұмыт қалдырылып келді.

Ал қазіргі егеменді ел болып, тарихымызды түгендей бастағанымызда бұл алаш арыстары халқымызға өзінің шынайы болмысымен сол қалпында қайтып оралуда. Еліміз үшін сондай ардақты есімдердің бірі – Мұстафа Шоқайұлы. Жүріп өткен тарихымызды ешқандай бұрмалаусыз, тура қорытудың бірден – бір жолы өз уақытында халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын күресте өткізген зиялылығымыздың артында қалдырған рухани мұрасын қалың оқырманның, әсіресе жас ұрпақтың санасына жеткізіуіміз керек.

Мұстафа Шоқай Түркістан халықтары тарихында бүтін бір кезеңді қамтыған ерекше ұлы құбылыс. Отаршылдықтың өктемдігін, әділетсіздігін Мұстафа жас шағынан бастап – ақ сезіп өсті. Мұстафа сауатын ауылда ашады да, оқуды Сұлутөбе станциясындағы орыс мектебінде оқудан бастайды. 1902 жылы Ташкенттегі гимназияға түсіп, оны үздік бітіріп шығады. Мұстафаның терең білім алып, саяси көзқарасының қалыптасуы және қоғамдық қозғалысқа, халқының азаттығы үшін күреске қатысып, шындалуы оның Петербурда өткізген жылдарына тұспа – тұс келді. Ақпан төңкерісі берген басты жетістік – патша үкіметінің құлауы – түркістандықтар үшін бостандыққа жол ашқан жарық сәуледей болды. Осыны пайдаланған қазақ және өзге халық зиялылары ерен еңбек етіп, өз елінің бостандықтары жолында аянбай, өз бастарында бәйгеге тікті.[1,7-8 бб]

Елдегі саяси қозғалысқа Мұстафа Шоқай белсене араласып, іс жүзінде ұлттық қозғалыстың басты көсемдерінің біріне айналды. Керенский басқарған Уақытша үкіметтің Түркістанды басқаратын арнайы Комитет құруына қол жеткізді. Уақытша үкімет қауқарсыз орган болғандықтан,

Мұстафа Шоқай халық мүддесіне орай өзінің жоспарлаған жұмыстарын жасай алмайтынын түсінді және Уақытша үкіметке сенімсіздік білдірді.

Ол өзінің туған елі қазақ халқының тәуелсіздігін Түркістанда көне замандардан бергі тұрып келе жатқан туысқан өзбек, қырғыз, түркімен және т.б. халықтардың тәуелсіздігінен бөліп алып қараған емес. М. Шоқай үшін Түркістан халықтарының тұтастығымен Түркі халықтарының еркіндігі бірінсіз – бірі жоқ егіз ұғымдар еді.

Түркістан мұсылмандары арасында екі топ құрылды; бірі консервативті бағыттағы (Ғұламалар қоғамы) оны Серәлі Лапин басқарса, екіншісі прогрессшіл бағыттағы (Мұсылман кеңесі) оған Мұстафа Шоқай басшылық жасады. 1917 жылы наурызда Ташкент қаласында Түркістан мұсылмандарының құрылтайы шақырылды. Онда «Ұлттық орталық» құрылыптөрағасына М. Шоқай сайланды. Орталықтың «Ұлы түркістан», «Бірлік туы» атты қазақ және өзбек тілдерінде шығатын газеттері ұйымдастырылды. Аталған газеттерде С.Қожанов бастаған қазақ зиялылары еңбек етіп, түркі және мұсылман халықтарының жолында табысты қызмет атқарды. Қазан төңкерісінен кейін, қараша айында құрылған Түркістан жұмысшы – шаруа кеңестерінің үкіметі жергілікті мұсылман халықтарының өкілдерін саяси билікке араласуларына мүмкіндіктер бермеді. Түркістан Халық Комиссарлары Кеңесінің барлық 15 мүшесі тек орыстар мен орыс тілді европа азаматтарынан құралды. Мұның өзі кеңес саясатының бұрынғы отаршылдық пиғылдан арылмағаны көрініп тұрды. Осындай күрделі жағдайда Кеңес үкіметі жариялаған ұлттардың өзін – өзі билеу туралы декларациясы сөз жүзінде қалып қойды. Соған қарамастан Түркістан Уақытша кеңесі 12 адамнан тұратын Түркістан автономиясының Уақытша үкіметін бекітеді. Бас министр болып Мұхамеджан Тынышбаев, кейін Мұстафа Шоқай тағайындалды. Ұзақ жылдар бойы кеңестік тарихнамада Мұстафа Шоқай басқарған Түркістан автономиясының маңызы төмендетіліп, ол үкімет жергілікті халықтан қолдау таппай ақыры құлап, басшылары қашып кетті жеген жаңсақ пікірлер қалыптасты. Ал тарихи шындыққа келсек, Ташкенттегі жұмысшы – шаруа депутаттарының үкіметі өзін бірден – бір билік иесі деп есептеп, 1918 жылдың басында Қоқандағы Мұсылман автономиясына қарсы қанды қырғын ұйымдастырғаны тарихи шындық. Өйткені бұл үкімет кеңестер үшін өте қауіпті, төңкеріске қарсы тұратын ошақ болып саналды. Мұны Түркістан халықтары Кеңес үкіметінің өздеріне қарсы жасаған шовинистік белгілері деп қабылдады. Бұл шара сол кезде жалпы халықтық наразылық туғызғанымен, кеңестік тарихнамада кеңес үкіметіне қарсы «бандылардың әрекеті» деп бағаланып келді.

Кеңестер билігі біржола салтанат құрғаннан кейінгі уақытта, анығырақ айтсақ 1920 – шы жылдар тұтас түркі елінің азаттығын қамтамасыз ету әрекеті енді кеңестік билік шеңберінде өз жалғасын тапты. Сондай – ақ бұл қуғынның басында тұрған жаңа саяси элита көп ұзамай – ақ, яғни 1920 – 30

жылдары бұл іргелі мақсатқа жаңа кеңестік билік жағдайында қол жеткізу мүмкін еместігіне көз жеткізіп үлгірген болатын.

Бұдан кейінгі М. Шоқайдың көрген қиыншылықтары өте көп болатын. Қоқан қаласына жасаған қызыл әскерлердің ойранынан қашып шыққан оны жергілікті басмашылар қолға түсіріп ұзақ уақыт қамауда ұстайды. Осы оқиғаларды ол өзінің естеліктерінде де жазып кеткен болатын «Жеке жүрген бауырларыңның дос тұтқан халқынан дұшпандық көріп, көңіл қапа болып тұр. Сөйтсе де Күнбастаудан басқа жер көрмеген, сарттан басқа ел көрмеген ғауамдардың маған қылған жаманшылығын бүкіл сарт халқына жапсырғым келмейді» - деп өзінің көрегенділігін көрсетті.[2,117 б]

Мұстафа Шоқайдың шетелге өтіп, эмиграциядағы өмірі де қиыншылықтарға толы болды. Бұл жанкешті оқиғалар оның әйелі Мария Яковлевнаның естелігінде де егжей – тегжейлі баяндалады. М. Шоқай 1918 жылы Ташкент қаласында жүріп Мариямен мұсылман рәсімі бойынша некелескен болатын. Ташкентті тастап қызыл большевиктерден қашып шыққанда да жанында болды.

Жат елде қаржы – қаражатсыз тұрмыс құрып, оның үстіне тынбай түркі елдерінің азаттығы үшін күрес түрін өзгертіп, саяси ғылыми баспагерлік жұмыстармен аянбай айналысты.[3,2 б] Батыс елдерінде бастырып шығарған кітаптары мен журналдарында Кеңес үкіметінің Орта Азия мен Қазақстандағы отаршыл саясатын үздіксіз әшкерелеп, олардың саясатына әділ бағасын беріп отырды.[4,3-4 б]

1920 – 30 жылдар Мұстафа Шоқайдың өз халқының тәуелсіз болашағы үшін барлық қайрат жігерімен білек сыбанып ымырасыз ұлт – азаттық күреске араласқан шағы еді деп айтуға толық негіз бар. [5,4 б]

Мұстафа Шоқай осы тарихи кезеңде өмірге келіп, заманнан – заманға, ұрпақтан – ұрпаққа ұласып отырған «Біртұтас Түркістан» идеясын тағдыр тартқан жаңа күрделі дәуірдегі жалғастырушысы болды. «Түркістан» ұғымын тарихи шындық және өмірлік сұраныстан туған қажеттілік екендігін жалынды насихатаушы ғана емес, сонымен бірге бұл идеяға өмірінің соңына дейін арнаған күрескер дәрежесіне көтерілді. Мұстафа Шоқай осы жиырмасыншы ғасырдың басындағы ұлт – азаттық және әлеуметтік қайта жаңғыру үшін басталған қозғалыстың көшбасшыларының бірі еді. Сондықтан да ол кейін империялық зорлыққа қарсы көтерілгендігі үшін қуғын – сүргінге ұшыраған қайраткерлердің үлесіне тиген тағдыр тақсіретін тартты.

М. Шоқай тәрізді ұлттық қайраткерлердің идеясын, туған ұлтының азаттығы үшін күресу, сол дәуірдегі коммунистік партияның орыстандыру, интернационализм идеологиясына нұқсан келтіретін болғандықтан, кешегі кеңестер елінде қайтаркер болмысын ашатын мұндай мазмұнды зертеулерге іс – жүзінде тиым салынып келді. Керісінше коммунист «тапшыл» тұлғалардың қоғамдық саяси қызметтерін барынша көтермелеп, зерттеуге жол ашып отырғаны тарихи шындық.

Қазіргі таңда төл тарихымызды түгендеуде елеулі еңбектер атқарылып жатқаны рас. Соның бірі Мұстафа Шоқай туралы қаншама жаңа еңбектер жазылып тариха айналымдарға еніп, халықтың игіліктеріне айналууда. Бұл бағытта тарихшы – ғалымдар Көшім Есмағанбетов, Мәмбет Қойгелдиев, Дархан Қыдырәлі, жерлесіміз публицист-жазушы Әмірхан Бәкірұлы және т.б. көп еңбек етіп, белгілі қоғам қайраткері Мұстафа Шоқайдың бет - бейнесін жаңаша толғап, жаңа қырынан көрсете білді.

«Мұстафа Шоқайдың дүниетанымы мен қайраткерлік болмысы» туралы зерттеулерінде Көшім Есмағанбетов: «Мұстафа Шоқайұлы – туған халқына ғана емес, өзбек, қырғыз, тәжік, түркімен, эзирбайжан және т.б. түркі халықтарының бостандығы үшін күрескен тұлға. Осы жолда өмірінің соңғы сәтіне дейін өзінің ой-қабілетін сарқа жұмсаған М. Шоқайдың қайраткерлік, шығармашылық болмысын жан-жақты пайымдаудың еліміздің мұрат – мақсаттарын негіздеуге берері мол» деп әділ бағасын берді.[6]

Мұстафа Шоқайұлы Түркістанда орнаған кеңестік биліктің отаршыл сипатын қатесіз тани білген және онымен күреске ғұмырын арнаған, сондай-ақ бұл күреске бұрын Түркістан халықтары тарихында болмаған жаңа мазмұн, сипат беріп, оны өзінің қажырлы еңбегімен жаңа интеллектуалдық көкжиекке көтерген түркі патриотизмнің негізін қалаушы қоғам қайраткері

Қазіргі таңда Мұстафа Шоқайдың мұраларын зерттейтін орталықтардың ашылуы, оны зертеуші ғалымдардың көбеюі көңіл қуантады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Мұстафа Шоқайдың тың мәліметтер жинақталады деген сенімдеміз. Мұстафа Шоқайдың туған еліне, халқына, қала берді бүкіл Түркі жеріне ортақ азамат ретінде қысқа өмір сүрсе де ұзақ естелік, мол мұра қалдырды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұстафа Шоқай. Таңдамалы. 1-том. Алматы «Қайнар» 1998 ж. 7-8 б.б
2. Мұстафа Шоқай. Таңдамалы. 2-том. Алматы «Қайнар». 1998 ж. 117 б.
3. Әбжәлел Бәкір. «Өскен өңір» газеті №19. 12.03.2015
4. Әмірхан Бәкір. «Франц» операциясы Қызылорда: «Тұмар» 2010ж, 3-4 б.б
5. С. Смағұлова. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының аға ғылыми қызметкері, «Түркістан» газеті, 21 05 2009 жыл.
6. К. Есмағанбетов «Әлем таныған тұлға» Алматы: Даик-пресс 2008 ж 211-213 бб

МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ҰЛТТЫҚ ЗИЯЛЫЛАР ЖАЙЫНДАҒЫ КОНЦЕПЦИЯСЫ.

Абжаппарова Б. Ж.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Халықаралық қатынастар факультеті, т.ғ.д., шығыстану
кафедрасының профессоры, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

XX ғасырдың 20-30-жылдары, қазақ мемлекетілігінің даму мақсатын, тұтас Түркістан идеясын тұжырымдап берген, өз халқының патриоты болу үлгісін көрсеткен тұлғалардың бірі - Мұстафа Шоқай. Қазақ халқын ұлт ретінде сақтап қалу үшін күрескен де Мұстафа Шоқай. Сондықтан оның өмірі, тарихи мұраларын зерттеу, жаңа көзқарас тұрғысында саралау – біздің ең басты парызымыз.

Мұстафа Шоқайды алғаш зерттеуге А. Қараның үлес қосқан еңбегінің ерекше екендігін атап өтуіміз керек [1].

Кеңес өкіметі кезеңінде Мұстафа Шоқай қызметі мен еңбектері саяси және идеологиялық тұрғыдан бұрмаланып, дұрыс баға берілмеді. Тек Қазақстан егемендік алғаннан кейін ғана М. Шоқайға жаңаша көзқараспен қарап, шынайы баға берілген еңбектер жарық көре бастады [2].

М.Шоқай тек қазақ халқы ғана емес, өзбек, қырғыз, тәжік, түркімен, әзірбайжан, грузин және басқа да бодан халықтарда бостандығы үшін күрескен тұлға.

Өткен тарихымызды бұрмалаусыз, тура қорытудың бірден-бір жолы - өз уақытында халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын күресте өткізген зиялыларымыздың артында қалған рухани мұраларын зерттеп, кейінгі ұрпаққа жеткізу керек болса, М. Шоқайдың таңдамалы еңбектерінің алар орны ерекше.

Мұстафа Сыр бойындағы атақты Торғай датқаның немересі. Торғай датқа ел ішіндегі бірлік пен тыныштықты сақтауда, отырықшылық өмір салтын уағыздауда көп еңбек сіңірген. Сыр бойының атақты Тұрсынбай, Досбол сияқты датқаларымен достық қатынаста болып, дау-жанжалдарды бірге ақылдасып шешіп отырған.

Торғайдың бірінші әйелінен Шоқай (Шоқмұхамед), Қалымбет (Қалмұхамед), Әліш (Әлмұхамед), Оспан, ал Шоқайдан Сыздық, Мұстафа, Нұртаза деген үш ұл, Әтіркүл, Фатима (олар кейбір деректерде Сара, Ниса деп аталады) екі қызы тарайды [3]. Шоқай ширек ғасырдай би-болыс атанып, ел-жұртына беделді, өте танымал болады.

Қалымбеттен ұлдары Абтобаш, Мырзағұл (Мырзеке), Аманқұл, Жаманқұл, Псырманқұл, Кенжеғұл тараса, қызы Айшадан менің атам Абжаппар туған. Псырманқұлдың алғашында ұлдары болмағандықтан,

атамды нағашылары бауырына басып, он үш мүшелге жасқа келгенше нағашыларының ортасында Шоқай, Қалымбет аталарынан тәрбие алып, кейін СМАТ інісі туылып, ес білген соң үйіме келдім деп отыратын. менің бала күнімде атам. 1970-1980-ші жылдары қайран Мұстафа көкем-ай ұрпақтары қалды ма екен деп көзіне жас алып отыратынын көрдім. Әжеміз Ұлболған екеуі отау құрғанда да нағашыларыма апарып келін түсіріп, батасын алдым, берекелі әулет еді деп отыратын.

Бұрын бақуатты өмір сүрген ел-жұрттың бірлігіне ұйытқы болған Шоқай әулетінің Мұстафа эмиграцияға кеткен соң берекесі кетеді. Шетелде жүргенде Мұстафа ағасы Әліштің, інісі Нұртазаның қазасын естиді. Мұстафа інісі Мырзекеге де Сұлутөбеге хат жолдайды. Кейін Мұстафаның ағайын-туыстарымен байланысы толық бақылауға алынғанда Қалымбеттің балалары Мырзеке, Псырманқұл да Мұстафаның туысы болғандықтан, тұтқындалады. Менің атам Абжаппар да біреулердің көрсетуімен Мұстафаның туған жиені деп ұсталып, бірнеше күн түрмеде отырғанын айтып, сол кезеңде соттың хатшысы қызметін атқарған Псырманқұлдың үлкен қызы Күлдананың күйеуі Ақпанбет жездем Абжаппардың Мұстафаға еш туыстық қатысы жоқ, таза пролетариат деп теміржол саласында жұмысшы болып еңбек етіп жүргенімде қуғын-сүргіннен аман алып қалды деп отыратын. Мұстафамен байланысы бар деген ұлт зиялылары да, туыстары да түгелге дерлік тұтқындалып, 1930-шы жылдары қудалауға түсіп, зұлмат құрбанына айналды.

Аман қалғандары қудалауға ұшырап Псырманқұлдың ұлы СМАТ ағамыз, Аманқұлдың ұлы биыл қайтыс болған Әбдікәрім ағаларымыз да өмір жолдарында көп қиындық көргенін, халық жауының туыстары деп пионер, комсомол, партия қатарына өту оңай болмады деп айтып отыратын.

Тәуелсіздік жылдары алаш зиялылары, тұтас түркі әлемін құруды аңсаған М. Шоқай ғылыми, деректанулық негізде батыс, түркі әлемі тұлғаларының еңбектерін, деректерін пайдаланып, ғылыми айналымға енгізді. Оның пайдаланған деректерінің ғылыми жағынан өңделуі ХХ ғ. соңы мен ХХІ ғ. басында ұлттық зиялыларға қатысты ой тұжырымдары өте өзекті болып табылады.

Ғылыми, қоғамдық қауымдастықтың М. Шоқайға қызығушылығының артуы, оның еңбектерінің қаншалықты құнды екендігін айқындайды. Автор еңбектеріне компаративтік талдау жасау арқылы ғалым, түркітанушы публицист ретінде отар халықтардың ұлт-азаттық қозғалысы тарихындағы алатын орнын анықтауға болады.

М.Шоқай тұжырымдамаларының құндылығы сонда, қолында мол мәліметтер болмаса да елден келген хаттар, газет, журналдардан алады. Отандық тарихнамада қандай да болмасын өздерінің белгілі-бір қоғамдық-саяси көзқарастарына қарамастан, біздің республикамызға қатысты еңбектер мен мақалалар жазған авторлардың өзіндік орны бар екендігін ерекше атауымыз керек. Міне, сондай өзіндік позитивтік көзқарасы бар либералдық

интеллигенция өкілдерінің бірі - Мұстафа Шоқай біз қарастырып отырған зерттеуге байланысты 1930-шы жылдары жазған еңбектерінде өзіндік бағасын береді. М. Шоқай Түркістан халықтарының тарихы, мәдениеті, саясаты жайлы көптеген мұра қалдырды. Салыстырмалы талдау тәсілін пайдалана отырып, талдау және сұраптау тәсілін қолдана отырып Мұстафа Шоқай еңбектеріндегі ұлттық зиялыларға байланысты пайымдаулары айқындалды. XX ғ. соңы мен XXI ғасырдың басында М. Шоқай еңбектерімен танысу Франциядағы М. Шоқай қорындағы еңбектерінің көшірмесінің Қазақстан ұлттық мұрағатына әкелінуі нәтижесінде 12 томдық шығармалар жинағының К.Л. Есмағанбетовтың басшылығымен жарық көруінің өзі ғалымдарға, зерттеушілерге М. Шоқай еңбектерін әр қырынан зерттеуге мүмкіндік туғызды. Соның ішінде ұлттық зиялылар концепциясына қатысты біраз мәліметтер табылды. М. Шоқай «Ұлттық зиялылар деп кімдерді айтамыз. Бір қарағанда жеңіл көрінгенмен, шын мәніне келгенде бұл сұрауға дұрыс жауап қайыру оңай емес. Оқыған, тәрбие көрген адамның бәрін «зиялы» деп атап, оны сол адам өзі тән болған ұлттың «ұлттық зиялысы» қатарына қоса беруге болады деп ойласақ, сөзсіз қателесеміз. Біздіңше, белгілі бір мұрат-мақсаттардың соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттары төңірегіне жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси- экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар кіре алады», - деп пайымдайды. Біз оның зиялылар өз халқына қызмет етудің, халықпен ортақ тіл табыса білудің неғұрлым тиімді жолдарын таба білулері керек деген ойының қазіргі уақыт талабымен сабақтасып жатқандығын байқаймыз. Зиялылардың міндеті ұлы да қасиетті болуы себепті өте ауыр екендігін негіздей отырып, халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі зиялылардың үстіне жүктелетіндігіне назар аударады [4, 174-176 б.].

Дүние жүзінде зиялыларсыз ұлтқа айналған саяси, әлеуметтік халық бұқарасы бірлігі ешқашан болған емес екендігін айтып, халық бұқарасынан қолдау көрмеген зиялы қауым ештеңе істей алмайды. Халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни оны жат үстемдіктің тепкісінен құтқарып өз мекемелеріне ие, тәуелсіз бір жеке тұлғаға айналдыру сынды негізгі мақсатқа жету үшін ұлттық зиялы қауым мен ол өзі тән болып отырған халық бұқарасы арасында бір ортақ сана болуы тиіс. Міне осы сананы айқындау, яғни халық тілегін дұрыс және анық бір формаға келтіру, аталған мақсатқа жету үшін іс пен әрекет бағдарламасын зиялылардың міндеті деп ашып көрсетеді [4, 176 б.].

Зиялылар қауымының өздерінің тарихи міндетінің мүддесінен шығуы үшін не істеу керектігін көрсетеді.

Батыс тәрбиесін алған зиялыларымыздың аянышты жері рухани жақтан өз халқына өгей болып қалуы еді. Батыс тәрбиесі көптеген туыстарымызды халқымыздың жан-дүниесіне сіңген, ұлттық тарихымыздың өн бойында жатқан «шығыс зердесінен» айырды. Олар, яғни Батыс тәрбиесін алған туыстарымыз басқа жинаған білімдерін өз халқының өмірімен (Шығыс зердесімен) бірлестіре алмағандығына налиды. Бүгінгі бүгінгі күресіміз үшін осы «шығыс рухы» ұлттық рухымыз болуын және біз қызметін атқарып, тілеуін тілеп жүрген халқымыздың тұла бойын осы «шығыс рухы» «ұлттық рухымыз» біз қызметін атқарып, тілеуін тілеп жүрген халқымыздың тұла бойын осы шығыс рухы кернеп тұрғанын білуіміз жеткілікті екендігін ескертеді [4, 178 б.].

Мұстафа Шоқай өзінің «Ұлттық зиялы», «Ұлттық зиялы жөнінде» деп аталатын публицистикалық мақалаларында «...Ұлттық зиялылар қатары барған сайын ұлғайып келеді. Бұл процесс үш ортада жүріп жатыр. Түркістанның болашақ иесі бола аларлық жас күштеріміздің көпшілігі ұлттық бағыттың бастауында бола алмай, мәскеулік диктатураның зұлымдығы астында өсіп жатыр. Атамекеніміздегі осы жастарымыз ұлттық тәрбиеге қас жау болып табылатын «таптық тәрбиемен» қоректенуде. Алайда осыған қарамастан Түркістан жастарының басым көпшілігі ұлттық рухта өсіп жатқанын біз жақсы білеміз. Кеңес жеріндегі кеңес мектептерінде оқып жатқан жастарымыздың ұлттық рухы, ондағы көне «шығыс рухында тәрбие» көрген «шығыс зерделі» зиялыларымызбен тоғысып жатқаны айрықша көңіл аударуға тұрарлық....

Мұстафа Шоқай кеңес үкіметінің ұстанған саясатына қарсы болса да, ұлттық рухты өшіріп алмай, ұрпақтарымызды сол рухта тәрбилей білген қаһарман отандастарына мың да бір рахметін айтып, намысты жерлестеріне өмір бойы қызмет етуден басқа ой жоқ екендігін білдіруі, оның ұлтжандылығын білдіреді.

Жастарымыздың тағы біраз бөлігі туысымыз Түркияда дайындалып жатыр. Біз бүгін «Шығыс рухы басым болуы себепті мешеу қалған» деп саналатын Түркияда батыс білімі жергілікті жағдайларға сәйкес сәтті қолданылып жатқанын көріп отырмыз. «Батыс білімін» «шығыс рухымен» ұштастыру үстіндегі Түркия тәжірибесі біз үшін аса құнды» дей келе, Европа тәрбиесін алған түрік зиялылары мен шығыс зерделі зиялылары түркі менталитетін сәтімен үйлестіре алып жатқандығына баса назар аударады.

Түркияда біліп алып жатқан зиялыларымыздан көп нәрсе күтіп, үмітіміз ақталады деп сенім білдіреді.

Аз да болса біраз жастарымыздың Алманияда білім алып жатқандығына тоқтала отырып, олардың атамекеніндегі ұлттық рухын кеміткен еместігін, Батыста білім алған жастарымыз ұлттық рухпен сусындап қана қоймай, бұл рухты халқымыздың игілігіне жарату жолдарын да білгенін де дәлелдейді [4, 174-179 б.].

Мұстафа Шоқай осы үш ортада оқып жатқан біздің жастарымыздың бәрі де «ұлттық зиялы» санатына лайықты деп ойын қорытындылайды.

Мұстафа Шоқай «Ұлттық зиялы жөнінде» деп аталатын мақаласында «Төңкерістің алғашқы жылдарынды, орыс большевиктері ішкі соғыстардың көмегімен анау-мынау істерге мойын бұра алмай жатқан кезде, бір топ түркістандық жастар Түркия мен Германияға барып оқуға мүкіндік тапқан еді» деп жазады [5, 200-201 б.].

Еуропаға білім қуып келген жастардың Түркия мен Алманияның орта және жоғары оқу орындарында оқып жатқандығын айтады.

М.Шоқайдың елдегі таныстарымен, ұлттық қайраткерлермен байланыстар орнату жұмыстарына Германияға оқуға барған жастар көмек көрсетеді. Бұлардың ішінде Ғазымбек Бірімжанов мен Мұстафа Бөкейхановты ерекше атауға болады. Жоғары білімді оларға Германияға бара жатқан талапкерлер құрамына арнайы енгізіліп, Кеңес өкіметіне қарсы ішкі және сыртқы күштер арасында байланыс орнату жөнінде қауіпті де жауапты міндеттер жүктеледі. Олар М. Шоқайды елдегі жағдаймен, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, Мүнәуар Қари, У. Қожаев, С. Қожановты «Түркістан Ұлттық Бірлігі» ұйымы қызметмен таныстырды.

Ғ. Бірімжанов Германияға барған бойда С. Қожановқа хат жолдап, «Мұстафа өте нашар тұрады, студент-практиканттар оған көмектескісі келеді, бірақ ол одан бас тартты және «бұл ақша өздеріңе керек болады, өткені алда көп істер күтіп тұр» дегенді айтты деп хабарлайды [6]. Ғазымбек атақты Торғайдағы Шақшақ Жәнібектен тараған Шеген әулетінен шыққан Мемлекеттік думаның депутаты Ахмет Бірімжановтың інісі. Алаш партиясы Орталық комитетінің мүшесі болған.

Алайда Түркістан жастарының Еуропаға келіп оқуы ақ орыстарға, қызыл орыстарға, тіптем Еуропадағы мұғажыр (эмиграциядағы) орыстарға ұнамағандығын жаза отырып, қызыл орыстардың олардан да асып түсіп, Түркістан жастарын бұдан былай Еуропаға оқуға жібермеу, оқып жатқандарын қайтару жөнінде өкіметке талап қойғандығын, алайда оларды кері қайтару мүмкін болмайтын шаруа екендігін айтады [5, 201 б.].

Прогресс жолын басқаларға қарағанда көре білген ағартушылардың Батыс Еуропаның жоғары оқу орындарында оқу үшін жастарымыз ең алдымен Түркияда дайындық курстарынан өту қажеттігі жайлы мәселе көтергендігін жазады.

Алайда Түркістан зиялылары Түркістан жастарының орыс оқу орындарында оқуға ешқашан қарсы болмағандығын, ең ұлтшылдарымыздың бірі саналатын Ғабидолла қожа «Көмек» ағарту ұйымының төрағасы, Түркістан Кеңес үкіметінен Алманияға оқуға баруға рұқсат алғанымен, бірақ Мәскеуден ұлықсат ала алмай жатқан жастарды жұбатып, «Паспорт бермейтін болса, әуреге түсіп, уақыттарыңды босқа өткізбеңдер. Алманияда алатын білімді Ресей оқу орындарында да алуға болады. Мәскеу мен

Петербургтың оқу орындарына түсіп алсаңыздар ештеңе жоғалтпайсыздар» деп айтқаны дұрыс екендігін саралайды.

Шындығында қазақ елінің қоғамдық саяси өмірінде елеулі рөл атқарған ұлт зиялылары Ресейде оқып білім алғандар еді. Түркістан ұлтшылдарының көшбасшысы Мұстафа Шоқай, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов тәрізді ұлт зиялылары орыс оқу орындарын бітіргендер.

Қазан төңкерісінің алғашқы кезеңінде Мәскеу мен Петербургте оқыған жастардың көбі қасіретті оқиғалардан кейін көздері ашылып, дұрыс жолға түсе бастады. Мұстафа Шоқай адаспау үшін, адаса қалса да дұрыс жолды табу үшін де білім қажет екендігін алға тартады. М.Шоқай тұжырымдамалары қазіргі кезеңде қаншалықты шынайылығын уақыт дәлелдеп отыр.

Пайдаланған әдебиеттер

1 Қара А. Мұстафа Шоқай: өмірі, күресі, шығармашылығы. – Алматы, 2004.

2 Шарафаддинов А. Мұстафа Чокаев // Шорк юлдузу. Ташкент, 1992. №4. – С. 85-93., Әлімжанов Ә. Мұстафа Шоқай!... Ол кім // Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры / Құрастырған Б. Серікбайұлы Қошым-Ноғай. - 1992. –Б. 3-48., Панфилов А. М.Чокаев // Политические партии России. Конец XIX – первая треть XX века. Энциклопедия. – М.:1996; Нұрпейісов К. Мұстафа Шоқай Қазақстан мен Түркістанның 1917-1927 жылдардағы қоғамдық-саяси өмірі туралы // Қазақ тарихы, 1997. № 2. – Б. 23-25; Қойгелдиев М. Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқайұлы. Алматы, 1997; Бәкірұлы А. Мұстафа Шоқай. - Алматы, 1997.; Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері: саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. Алматы, 1998; Сапанов С. Мұстафа Чокай и большевизм / Сб. Статей. Алматы, 2000.; Маханұлы Т.Х. Түркістан (Қоқан) автономиясы: қалыптасуы және күйреу тарихы. Тарих.ғыл.канд. дис. автореф. - Алматы, 2001; Қыдырәлі Д. Мұстафа Шоқай. - Астана, 2007; Садықова Б. Мұстафа Чокай. Алматы, 2004. т.б.

3 Қалымбет М. Мұстафа Шоқай әулеті // Қазақ елі. 1998. 9-15 қазан.

4 Шоқай М. Таңдамалы. 2 томдық / құрастырған А. Нүсіпхан. – Алматы: Қайнар, 1998. - 512 б.

5 Шоқай М. Таңдамалы. - Алматы: Қайнар, 1999. - 2. т.- 520 б.

6 Есмағанбетов К.Л. Әлем таныған тұлға (М. Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы). – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 504 б.

СОҒЫС ТҰТҚЫНДАРЫ ЖӘНЕ МҰСТАФА ШОҚАЙ

Абишева Ж.Р.

С. Сейфуллин ат. ҚазАТУ-нің қауымдастырылған профессоры м.а., т.ғ.к.
Нұр-Сұлтан қ.

Тарих тұлғалар мен оқиғалар желісінен тұрады. Ұлттың мықты дінгегінің алғышарты тарихи сананы қалыптастыру екендігін тарих тағылымы әлдеқашан дәлелдеп қойды. Тарих тағылымымен тәрбиеленген ұрпақ бойында ұлттық мінез қалыптасып, ұлттық тәлім-тәрбиенің көзіне айналады. Мұның қайнар көзі – тұлғалық келбеті айқындалған зиялылық. Зиялылықтың шынайы үлгісі, өзіндік мәні, талабы, бір сөзбен айтқанда, теориясы болады. Бұл дегеніміз – ұлт өмірінен шығатын феномен. Әлемдік тарихқа көз жүгіртсек, әр ұлттың зиялылары өзіндік дербес сипатымен ерекшеленеді. Бірақ олардың мақсаты бір. Ол – ұлт мүддесі. Адамды зиялылық деңгейіне жеткізу, ұдайы жетілдіру және зиялылықты практикалық өмірде оңды қолдану ісі бүгінгі таңда өзекті болып отыр. Нағыз зиялының сөзі мен ісінің үндесуіне орай, зиялылықтың қуаттылығы да күшті болмақ. Осы мәселені қазақ даналығы ер мен ел жарастығы деп ұғындырады. Ер мен ел – бір-бірімен ажырамайтын ұғымдар. Тұлға мен мемлекет жарастығы нағыз зиялылар ісі арқылы қалыптаспақ. Оқығанмен, алған білімін ел пайдасына жарата алмаған жанды зиялыға жатқызуға болмайды. Ахмет Байтұрсынов айтқандай: «...не пайда өнерің мен біліміңнен, тиісті жерлеріне сарп ұрмаған?».

Тарих тағылымы – азаматтың бойында ұлттық рухты қалыптастырып, азаматты мемлекетшіл рухта тәрбиелейді. Тарих тағылымын бойына сіңірген ұрпақта ұлттық құндылықтар қалыптасып, ұлт азаматының келбеті айқындалады. Ал оның негізінде зиялылықтың белгісі айшықталады. Егер де дүние жүзілік тарихқа көз жүгіртсек, әр ұлттың зиялылары өзіндік кісілік сипатымен ерекшеленеді. Бірақ олардың алдына қойған мақсаты біреу. Ол – ұлтқа қызмет жасау. Зиялы азаматтың ісі мен сөзінен үндестік байқалып, ұлт мүддесі жолындағы қызметінде мемлекетшілдік қасиеті қалыптасады. ХХ ғасырдың бас кезінде Алаш қайраткерлері салған сара жолды әрі қарай жалғастырып, бұқара халықтың санасында сілкініс жасап, ұлттық тарих пен рухани құндылықтарды жаңғыртуда зиялы ұлт тұлғаларының бір шоғыры пайда болды. Олар әміршіл-әкімшіл жүйе жағдайында ұлт мәселесі, ел болашағы төңірегінде жемісті жұмыс жасап, тарихи миссияны абыроймен атқарды. Кісілік келбеті айқындалған сондай зиялылардың бірі ғана емес, бірегейі, тек Отандық тарихта ғана емес, әлемдік тарихта өзіндік орны бар дара тұлға – Мұстафа Шоқай еді. Әлбетте, соңғы он жылдықтарда Шоқай

тұлғасы мен феномені тек тарихшыларды ғана емес, тарихқа қызығушылық танытқан оқырмандар арасында да үлкен сұранысқа ие болды. М.Шоқай қызметінің Түркістандық және Еуропалық кезеңіне бірқатар ғылыми зерттеулер жарыққа шықты. Бірақ та әлі де кешенді зерттеуді қажет ететін мәселенің бірі – М.Шоқай және соғыс тұтқындарының тағдыры.

Ия, екінші дүниежүзілік соғыс және оның құрамдас бөлігі Ұлы Отан соғыс тақырыбы қай кезеңде де өзекті. Себебі бұл соғыстың ақтаңдақтары мен ащы шындығы әлі де ашылмай отыр. Осы кезге дейін көптеген жандар өздерінің бауырлары мен әкелері, жақындары жәйлі белгілі бір хабар ала алмай, беймәлім күй кешуде. Ресми деректер бойынша ҰОС-да 5 млн - 3,5 млн. жуық адам неміс тұтқынына түскен. Концлагерьдегі тұтқындағылардың өмірін көзге елестетудің өзі қорқынышты. Кеңестік биліктің шолақ саясатының салдарынан тұтқындағылар тағдырдың тәлкегіне түсті. Кеңес Одағы Гаага, Женева конвенцияларына қол қоймай, Қызыл крест арқылы келетін көмектен қағылып, әскери тұтқындағыларға сатқындық жасады. Соның салдарынан миллиондаған тұтқындағылар аштықтан, гангренадан қайтыс болды. Ал тірі қалғандары лагерьдегі өмірдің азабын көріп, одан қашып құтылғандары еуропадағы Қарсыласу қозғалысына қатысып, орден-медальдарға ие болып, елім деп аңсап Отанына жеткенде оларды халық жауы, отанын сатқан опасыздар ретінде кеңестік лагерьлерге айдады.

Шындыққа тура қарасақ, соғыстың алғашқы айларында майдан даласында кеңес әскерлері үшін ауыр жағдай қалыптасты. Жау Прибалтика елдерін, Украина, Белоруссия, Молдавияны жаулап алды. 100-ден аса дивизия қоршауда қалды немесе күйреді, кеңес әскерлері бірнеше мың самолеттен, танкіден, қару мен минометтен айырылды. Мұндай үлкен шығындар туралы бұрын-соңды айтылмады. Әскери мамандар шығындардың бірнеше себебін атап өтеді. Біріншіден, бүкіл Еуропаның экономикасы Германияға жұмыс істеді, ол батыстағы жедел жеңістердің барысында қазіргі заманғы соғысты жүргізудің тәжірибесін алды және өзінің жеңілмейтіндігіне сендірді. Екіншіден, 1941 ж. жеңілістің себебі жаудың күші ғана емес, сонымен бірге Кеңес басшылығының есебінен жаңылуында да болды. Соғыс қимылдарының басталуына дейін әскер қатары толықтырылып, қайта құралып және қаруландырылып үлгірмеген болатын. Ал оның жауынгерлік даярлық дәрежесі мен тәртібі 1937-1938 жж. жазалаудан кейін мүлдем төмендеп кетті. НКВД сол жылдары жоғарғы офицер корпусының 80% жойды, оның ішінде 5 маршалдың 3-і, 15 армия командирінің 13-і, 85 корпус командирінің 57-і, 196 дивизия командирінің 110-ы, 406 бригада командирінің 220-ы, бүтін дерлік әскери округ командирлері, барлық эскадра қолбасшылары тұтқындалды, атылды [1, 50 б]. Атылғандардың дені I дүниежүзілік соғыс пен азамат соғысының батырлары немесе соғыс өнерінің ұлы стратегтері еді. 1940 жылғы әскери дайындықты тексерген кезде жиынға қатысқан 225 полк командирлерінің

тек 25-і ғана әскери училищені бітіргендігі анықталды [2, с. 112]. Осы жылдары әскери мамандардың жетіспеушілігі байқала бастады. Ал оны ең кемінде 6-8 жылдан кейін ғана жою мүмкін еді. Армияның 85 пайыз командалық құрамы 35 жастан төменгі жастар болды. Соғыс басталмастан бір жарым ай бұрын Германияның КСРО-ғы әскери аттасасы полковник Кребса Гитлерге жіберген мәлідемесінде «орыс әскери корпусы сан жағынан ғана емес, сапа жағынан да әлсіз. Оны бұрынғы қалпына келтіру үшін Ресейге бірнеше жылдар керек», - деп атап көрсетті. Кеңес Одағының маршалы А.М.Василевский: «Мүмкін мың тоғыз жүз отыз жетінші жыл болмаса, 1941 жылғы соғыс та болмаған болар еді-ау», - деуі әділ. Әлбетте Кеңес Армиясы әскери жүйесінің бүкіл буынын жаңа басшылармен ауыстыру Германия үшін қолайлы факторлардың бірі болды. Себебі, бұл дегеніміз – үлкен шайқастың алдында тұрған кезеңде өзін-өзі әлсірету еді. Демек Гитлер Кеңес Армиясындағы келеңсіз оқиғаны өз мүддесіне шебер пайдаланды. Соғыстың алғашқы айында-ақ әскерде офицерлік кадрлар жетіспеді. Сол себептен де тез арада кіші офицерлер дайындайтын қысқа мерзімді курстар ашылып, мектеп қабырғасын бітірер-бітірмес шыққан бозбала жігіттерді осы курстарға жіберіп, оны аяқтағаннан кейін бірден майданға аттандырды. Майданға аттанған жауынгерлер мен офицерлердің алдыңғы легі майдан даласында мерт болды немесе қоршауды бұзып шыға алмай тұтқынға түсті. Сондықтан да осы кезге дейін ғалымдардың арасында 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Кеңес Одағының шығындары туралы әр түрлі пікірлер айтылып жүр. 1988-1993 жылдары Ресей Федерациясының Әскери Күші әскери-мемориальдық орталығының консультанты генерал-полковник Г.Ф.Кривошеевтың басшылығымен әскери тарихшылар ұжымы мұрағат құжаттары мен басқа да материалдарға кешенді статистикалық зерттеулер жүргізді. Ұлы Отан соғысындағы адамдар шығынының қорытынды саны (27 млн. адам) ең алғаш рет 1990 жылы 8 мамырда жеңістің 45 жылдығына арналған КСРО-ның Жоғарғы Кеңесінің салтанатты мәжілісінде жарияланды [3]. Қазіргі таңда Г.Ф.Кривошеевтың тобы берген нәтижелер ресми және сенімді болып есептелді. Себебі шығындарға қатысты құпияда сақталған құжаттарға рұқсат алған бірден-бір жұмысшы тобы осы топ болып табылды. Демек басқа тарихшылардың тиісті құжаттарға қолы жетпегендіктен, Г.Ф.Кривошеевтың тобы берген қорытындыларды бекіту немесе терістеуге олардың мүмкіндігі жоқ. 2001 жылғы нақтыланған мәліметтер бойынша КСРО-ның майдан даласында қайтыс болған жауынгерлерінің жалпы саны -6,8 миллион болса, тұтқынға түскен мен із-түссіз жоғалған жауынгерлер саны – 4,4 миллион қатарында саналып отыр [4, с. 96]. Бейбіт тұрғындарды қоса есептегенде жалпы демографиялық шығын – 26,6 млн. адамға жеткен.

Тағы бір айта кететін жәйт, Жеңіс күні ресми түрде 1965 жылдан, яғни Жеңістің 20 жылдығын атап өтуден басталды. Ал 10 жылдық мүлде атап өтілмеді. Осы жылдары 9 мамыр күнделікті жұмыс күні болып есептелінді.

Неге 20 жылдықты мерекелеуден басталды? Оның алдындағы он жылдық неге тойланбады? Неліктен басшылар соғыс шығынын жасыруға тырысты? Осы секілді сұрақтар өзінен өзі туындайды. Жауабы айтпаса да түсінікті. Соғыс болған соң «адам шығыны» мен «тұтқынға түсу» заңдылық екендігі белгілі. Демек тұтқындағы жауынгердің өмірін сақтап, еліне аман-есен оралуға жағдай жасау да заңдылыққа айналуы тиісті-міс еді. Бірақ та Сталиннің тұтқынға түскендерге көзқарасы мүлде басқа бағытта болды. Дәл осы алмағайып кезеңде Мұстафа Шоқай тұтқындағылардың тағдырына салқын қарай алмағаны хақ. Негізінен алғанда кез келген тұлғаның азаматтық пен парасаттылық келбеті таңдау жасар сын сағатта байқалып, қиын өткелден шығар тура жолды көрсету сәтінде бірегейлік деңгейге көтеріледі. Мұстафа Шоқай қызметінің Еуропалық кезеңінің бірегейлік, парасаттылық деңгейге көтерілгендігінің бір қыры тұтқындағылардың өміріне бей-жәй қарай алмағандығы. Тұтқындағы жерлестерінің өмірін сақтап қалу оның басты мақсаты болса, Түркістанды большевиктік биліктен құтқарып, тәуелсіз елге айналдыру негізгі саяси бағдарламасы болды. Мұстафа Шоқай - ел басына қара бұлт үйірілген соғыс жағдайында шығатын тура жолды іздеген саясаткер, әлемдік дара тұлға. Мұстафаның шарапатының арқасында бірқатар тұтқындағылар өмір сүруді жалғастыру мүмкіндігін алды. Соғыс аяқталғаннан кейін тұтқындағылардың бір бөлігі елге оралса, ал екінші бір бөлігі Германияда қалуды ұйғарды немесе Түркия және басқа да Еуропа елдеріне қоныс аударды. Неміс тұтқыны болғандардың бәріне әртүрлі жаза жүктелді. Көбі атылды, қалғаны он жылдан жиырма бес жылға дейін түрмеге қамалды. Бұған Сталиннің «Бізде тұтқындар жоқ, тек отанын сатқандар бар» деген бір ауыз сөзі себеп болды. Оның сыртында 1941 жылы 16 тамызда Сталин 270-бұйрыққа қол қойып: «Соғыста жау қолына түскен тұтқындар қасақана әскерден қашқан болып есептелсін...» деген үкімі тағы бар. Біздің баяндайын деп отырған кейіпкеріміздің тағдыры соғыста тұтқынға түскен миллиондаған жауынгердің қасіреті, ортақ тағдыры. Тұтқынға түскен жауынгердің қызы Шәмшия Уәлиханқызының әкесі жайлы айтқан әңгімесі соғыс тақырыбына қызығушылық танытқан оқырманды бей-жай қалдырмайды деген сенімдеміз.

Әубәкіров Уәлихан 1922 жылы Қызылорда облысы, Шиелі ауданында қарапайым шаруаның отбасында дүниеге келді. Уәлихан Айымүл шешейдің жалғыз ұлы болды. 1941 жылы жаз айында соғысқа аттанып, Украина бағытындағы шайқаста ес-түссіз, жараланып, тұтқынға түседі. Польша, Германия жерлеріндегі лагерьлерде болады. Азапқа шыдамай төрт рет қашуға әрекет жасайды. Бірақ та барлығы да сәтсіздікпен аяқталды. 1945 жылдың көктемінде одақтастар әскерінің көмегімен тұтқыннан босатылады. Одақтастардың ұйымдастырған үгіт-насихат жұмыстарына қарамастан, жалғыз шешесін ойлап, 1946 жылы елге оралады. «Тұтқында болған, Түркістан ұлттық комитеті ұйымына қатысқандығы» туралы тергеу ісі пайда

болды. Құжатта Мұстафа Шоқайдың есімі де аталады. РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» тармағымен қылмыстық жаза - 25 жыл бас бостандығынан айыруға сотталды. Жазасын өтеуге Колымаға айдалды. Колымаға барғанда лагерьдің бастығы өзінің бұрынғы командирі болып шығады. Командирі Уәлиханнның басынан кешкен оқиғаны мұқият тындайды. Оның анасына «балаңыз қайтыс болды» деген қара қағазды өз қолымен жібергендігін айтып, бұрынғы командирі, қазіргі лагерьдің басшысы мен бұрынғы жауынгер, қазіргі тұтқын бір-бірін құшақтап, мауқыларын басады. Командир жауынгерінің жазықсыздығы туралы жоғары жаққа хат жазып, Уәлихан 1956 жылы мерзімінен бұрын босап, елге оралады. Үйленіп, 8 баланың әкесі атанады. Елге келгеннен кейін де Мұстафа Шоқайдың құйыршығы, ал балалары «сатқындардың әулеті» деген ауыр сөздерді естіп өсті. Уәлихан ақсақал көзінің тірісінде тұтқында болған уақытта Мұстафа Шоқаймен кездескенін байқамай бір мәрте ғана бір ауыз сөзбен айтып қалады. Бірақ та өмірінің соңына дейін ашылып, кеңірек айтуға жүрексінеді. Не де болса Мұстафамен кездескендегі екеуінің арасында болған әңгімені сыр қылып сақтап, өзімен бірге алып кетті.

Бір ғана Уәлихан ақсақалдың тағдыры арқылы соғыс тұтқындарының көрген азабын сезінуге болады. Бұл жерде әңгіме тек ондаған немесе жүздеген емес, миллиондаған тұтқындар туралы болып отыр. Соғыс тұтқындарын «отаны» бір емес, бірнеше рет сатты. Әуелі неміс тұтқынында жүргенде қорғаудан бас тартты, ал кейін елге қайтқанда ауыр жазаға ұшыратты. Көптеген тұтқындар елге қайтудан қорқып, шетелдерде қалуды ұйғарды. Елге оралған, шетелде қалған тұтқындардың өмір тарихы мен қызметтерін зерттеу өзінен өзі сұранып тұрған тақырыптардың бірі.

Ал енді келесі кейіпкеріміздің тағдыры ғұмырнамалық фильм түсіруге лайықты тақырып. Соғыс құрбаны, топырағы шет жерден бұйырған, өмірінің соңына дейін туған жерінде ақталмаған, қазақтың талантты музыканты - Әлім Алмат. «Әлім Алмат 1917 жылы Ақтөбе облысы, Бірғыз ауданында туған. Ташкендегі, Алматыдағы музыка училищесінде білім алды. 1939 жылы қызыл әскер қатарына шақырылып, екі жыл Польша шекарасында қызмет етті. Елге қайтар кезде, 1941 жылы соғыс басталып кетеді. Маусым айының соңында Ә.Алмат дивизиядағы 560 адаммен бірге, тұтқынға түседі. Тұтқындарды түгел Германияға айдаған. Олар фашистердің концлагеріндегі барлық адам төзгісіз қиындықтарды басынан кешеді. Училищеде скрипка пәнінен білім алған Әлім Алмат соғыста жүргенде де қолынан скрипкасын тастамаған. Тіпті, өзінің өмірін аман сақтап қалған сол скрипкасы көрінеді. Концлагерьдің бастығы болған неміс музыканы жақсы көретін, өзі күйсандықта ойнайтын адам екен. Ол талантты жігітті өзіне шақырып, өнерін құрметтеп, ас-суын беріп, аман қалуына себепкер болады. 1943 жылы Ә.Алмат Германияда тұратын қазақтың біртуар перзенті Мұстафа Шоқайдың жары – Мария Шоқайға бірнеше рет хат жазып, кейінірек сол кісінің көмегімен тұтқыннан босап

шығады. Германияның төлқұжатын алып, музыка училищесіне оқуға қабылданады. Мария Шоқай онымен шектелмей, талантты музыканттың әуелі Париждегі консерваторияға оқуға түсуіне, кейінірек түрік елшілігі арқылы Түркия азаматтығын алуына жәрдемдеседі. Сөйтіп, Ә.Алмат 1950 жылы Парижден Ыстамбұлға көшеді. Ол өмірінің соңына дейін сол қалада тұрып, консерваторияда дәріс беріп, опералық театрда жұмыс істейді. Ыстамбұлда башқұрт қызы Едігеге үйленіп, одан бір ұлы дүниеге келген. Ә.Алмат 1992 жылы еліміз егемендік алғаннан кейінгі алғашқы құрылтайда Қазақстанға келеді. Ырғызға барып, ағайындарымен көрісіп, 53 жылдан кейін туған жерінің топырағын сүйеді. Сол уақыттан бастап өзінің ел алдында ар-намысының таза екенін айтып, ақтауды сұрап, Қазақстан Үкіметіне үш мәрте арыз жазады. Бірақ онысы оң нәтиже бермейді. 2018 жылы Әлім Алмат 101 жасында дүниеден өтті. Оның өзінің, артында қалған ұрпақтарының, ағайын-туыстарының жалғыз арманы – туған жерінде ақталу ғана еді» [5].

Тағы айта кететін бір мәселе, неміс тұтқынынан қашып, Қарсыласу қозғалысына қатысқан қазақ жауынгерлерінің ерліктері мен есімдерін, жерленген жерлерін анықтау - зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі болып отыр. Ең алғаш рет осы мәселені көтерген Ұлы Отан соғысының ардагері, белгілі жазушы Қалмұқан Исабай еді. Ардагердің 2005 жылы Италиядағы Қазақстан елшілігіне Югославия халық-азаттық армиясының «орыс батальонында» соғысқан 10 қазақ жауынгерінің жерленген жерін іздестіру туралы өтініші келіп түсті. Кейін анықталғанындай, 1944 жылдың басында Югославия халық-азаттық армиясының құрамында фашистік концлагерьден қашып шығып, партизандық қозғалысқа қатысқан жауынгерлерден батальон жасақталды. Осы батальонның командирі болып Кызыл Армияның бұрынғы сержанты 23 жастағы қазақ жігіті Бейсен Райсов тағайындалды. Оның басшылығындағы батальон жауынгерлері көптеген шайқастарға қатысып, талай ерлік көрсетті. 1945 жылдың сәуірінде Италияның солтүстігінде болған шайқаста Б.Райсов басқаратын 10 қазақ жауынгері ерлікпен қаза табады. Міне, осы жауынгерлердің және де Еуропаның басқа да мемлекеттеріндегі қарсыласу қозғалысына қатысып, ерлікпен қаза тапқан қазақ жауынгерлерінің есімдерін анықтап, ерліктерін зерттеу олардың рухына көрсетілген құрмет болар еді.

Соғыстың аяқталғанына 75 жыл болса да бұл соғыстың көлеңкелі яғни қайта қарауды қажет ететін жақтары әлі де баршылық. Атап айтар болсақ, олар - қоршауды бұзып шыға алмай Ресей, Украина, Белоруссия ормандарында қалған, неміс тұтқынында қаза болған жауынгерлердің есімдерін анықтау, Түркістан легионының және оның мүшелерінің қызметіне лайықты баға беру, соғыс жылдарында ерлігі белгілі-белгісіз себептерге байланысты бағаланбаған адамдарға тиісті атағын беру және т.б. Себебі бұл өлілер алдындағы парызымыз. Тарих бізден осыны талап етеді.

Әдебиеттер

1. Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. – Алматы, 2001. – 369 б.
2. Вторая мировая война. Актуальные проблемы. - Москва, 1995. – 351 с.
3. Горбачев М.С. Уроки войны и победы // Известия 1990 г. 9 мая
4. Россия и СССР в войнах XX века. Потери вооруженных сил: Статистическое исследование. – Москва, 2001. – 409 с.
5. <https://old.elorda.info/kk/analytics/view/sogys-tytkyndaryn-kashan-aktaymyz>

ӘОЖ 651.7:800.853:800.879:950 (574)

МҰСТАФА ЖӘНЕ МАРИЯ ШОҚАЙ ЕСТЕЛІКТЕРІНІҢ КОГНИТИВТІК ЖӘНЕ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Абасилов А.М.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
Қызылорда қ., Қазақстан

Бүгінгі таңда мемуарды, оның ішінде естеліктерді тек тарихи және әдеби жағынан ғана емес, лингвистикалық қырынан қарастыруға да ерекше мән беріле бастады. Бұл әсіресе лингвистиканың антропоэзектік бағытындағы адамның ойлауы мен болмысы, әлеуметтік ортаны танып білуі мен ақиқат дүние туралы білімінің санада бейнеленуін қарастыратын когнитивті және лингвомәдениеттанымдық зерттеулердің нысанына айналуға. Өйткені кез келген мәтінді ол мейлі көркем туынды болсын, мейлі тарихи оқиғалар мен көрнекті тұлғалар туралы мемуар немесе ресми деректерге құрылған естеліктер болсын онда қолданылған тілдік бірліктерді сипаттап қана талдаумен шектеуге болмайды. Мұндайда авордың сөз қолданысы, оның ақиқат дүние туралы таным-түсінігі, көзқарасы айқын көрінбей қалуы мүмкін. Сондықтан мәтінге концептуалдық талдау жасау және лингвомәдениеттанымдық сипатын көрсету оны толықтай қарастырудың екінші бір қырын ашатын зерттеу болып табылады.

Тілдік танымды, ұлттық тілдік танымды (тіл концептісін) ашуға өзек ұғымды жеткізетін сөзді ғана емес, оның өзгеріске түскен тұлғалық көрсеткіштерін де (лексикалық-грамматикалық, грамматикалық өзгерісін де назарға алу маңызды. Сонымен бірге сөздік қордағы (лексикадағы) барлық сөз, мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаштар, қанатты сөздер, тұрақты тіркестер, т.б. – бәрі танымды шешуге өзек болатын бірлік немесе танымды сипаттайтын көрсеткіш бола алады [1., 107].

Когнитивтік құрылымның негізгі элементтерінің бірі – концепт. Қазіргі лингвистикада «концепт» термині көптеген пікірталастың өзегіне айналғаны, осыған байланысты бірнеше ғылыми бағыттар қалыптасқаны белгілі. Соған орай «концепт» терминіне берілген анықтамалар да алуан түрлі [2.,20]. Айталық, дүниенің тілдік бейнесін ұлттық мәдениет контексінде қарастырған А.Исламның пікірінше: «Концепт дегеніміз – ұлттық дүниетанымның ықшам да, терең мағыналы дүниетаным құндылықтарын айқындайтын тілде көрініс тапқан күрделі бірлік. Әр ұлттың концептілер жүйесін дүниетаным құндылықтары құрайды. Концептілер бір-бірімен тығыз байланыста болып, бір-бірінен туындап отырады.

Әр қоғамның даму кезеңдерге сәйкес тіл мен мәдениет иелерінің абстрактілі концептілерді танып түсінуінде өзгерістер болғанымен, негізгі мәдени, дүниетанымдық мәні өзгеріссіз ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады» [3, 12]. Сонымен концепт дегеніміз - бір сөздің беретін ұғымы, я түсінігі емес, ол күрделі мағыналық тұтастық, жиынтық. Ол - сөз, сөз тіркесі, тұрақты сөз тіркесі, сөйлем, мәтін түрінде өмір сүре алатын, өзіндік өріс түзей алатын мағына. Басқаша айтқанда, бір ұғымның түрлі тілдік құралдар жиынтығы арқылы берілуі, тұжырымдалуы.

Концептің осындай анықтамаларын негізе ала отырып біз қазақтың тұңғыш эмигранты Мұстафа Шоқайдың «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» атты естелігін [4.] қарастыру барысында онда мынадай концептілер бар екенін анықтадық. Олар: **«дұшпан», «дос», «ел», «мемлекет», «оқиға», «сөз», «саясат», «түркістандық», «орталық», «автономия» т.б.** Біз мақала көліміне қарай естелікте сәтті берілген негізгі концептілерге ғана тоқталамыз. Олар: **дұшпан, дос, оқиға, сөз.** Себебі бұл концептілер автор естелігінің өн бойында түрлі баяндау формалары арқылы көрініс тауып отырады.

«Дұшпан» концептісін құрайтын тілдік бірліктер: бітіспес дұшпан, белсенді дұшпан, ашық дұшпан, ұлттық құрылыс дұшпаны, ұлттық қозғалыс дұшпандары, бір-біріне дұшпан екі топ, қаруы мол дұшпан, орыс дұшпаны, мықты қаруланған дұшпан, дұшпандар құрған қанды пенде, діннің дұшпандары, автономия дұшпандары, бір-бірімен қайшы дұшпан, оң қанатындағы дұшпан, дұшпан көз. Сөзіміз дәлелді болуы үшін автор естелігіндегі «дұшпан» тұжырымының бірнеше мысалдарын келтірейік:

*«Біздің революция басталған кезде қандай істерді тындырғанымыз әрі өз еліміз бен халқымызға қандай ықпал жасағанымыз, халық мүддесін қалай қорғағанымыз **дұшпандар** құрған перденің аржағында қалып, ұмытылып барады» (256-бет). «Түркияның тыңшысы, түрікшіл, исламшыл, **орыс дұшпаны** болғанымды айтып, «мұсылмандар Мұстафа Шоқайұлының соңына еретін болса, орыс жұмысшы-солдаттарына тұп-тура қарсы шығатынын ұмытпасын!» - деп зіл тастады (285-бет).*

*Түркістан ұлт-азаттық күресі жолында жасаған игі қызметімнің маңызын **дұшпандардың** ескергенін еңбегіме берілген «сыйлық» деп есептеймін (288-бет).*

*«Бізге бұл бақытсыздықтың саны аз болғанымен, тығыз топтасқан, **қаруы мол дұшпанымыз** алып келді. Автономиямыз екі ай ғана өмір сүрді де, мықты қаруланған дұшпаннан жеңілді...» (291-бет).*

*Мирмуһсимн мақаласы түк ойланбастан, жаңсақ жаылған керексіз бірдеңе екеніне күмән жоқ. Бірақ сол үшін қазілардың оның қолын кесу туралы шығарған үкімі **автономия дұшпандарының** кәдесіне жарады» (297-бет).*

*«Жаңа үкімет комитетіндегі тұңғыш табыстарымыз орыс қауымының **сол және оң қанатындағы дұшпандарымызды** қатты қобалжытты» (313-бет).*

М.Шоқай естелігінде **«дұшпан»** концептісіне қарама-қарсы ұғым ретінде **«дос»** концептісі қатар қолданылады. Бұл концепт алакөңіл *дос, жалған достар, ниетіне титімдей күдіктенбейтін жақын достар, шын достар т.б.* сияқты тіркестермен берілген. Төмендегі мысалдарға назар аударайық:

*«Большевиктердің Түркістан автономиясы үшін ең көп балағаттағаны - мен. Арадағы **алакөңіл, жалған достар** ғана емес, тіпті ниетіне өзім **титтей***

күдіктенбейтін жақын достарым да автономия мәселесі жөнінде мені айыптап сынайтын» (287-бет). «...Алакөңіл, жалған достардың айтқан сөздері арнайы тоталып жатуға тұрмайды. Шын достарым өздерін өздері сынады деп ойлаймын» (288-бет).

«Оқиға» концептісін құрайтын тілдік бірліктер: қайғылы оқиғалар, сорақы оқиға, жаңа оқиға, осы күресіміздің оқиғалары, мәні зор оқиға т.б.. Бір-екі мысалдар келтірейік: *«Осы күресіміздің кейбір оқиғаларын қысқаша еске салып өтейін» (291-бет). «Бірі –Ресей, екіншісі Түркістан ауқымында мәні зор екі оқиға бүкіл Ресейде, әсіресе Түркістанда революцияның өрлеуіне пәрменді ықпал жасады» (309-бет).*

«Сөз» концептісін құрайтын тілдік бірліктер: сөз әсері, сөз саптау, сөз сөйлеу, сөзін аяқтау, ерсі сөз, қызыл сөз, дөрекі сөз, былапыт сөз, ауыр сөз, егжей-тегжейлі сөз т.б.. Мысалы, *«Жер-жерден келген өкілдер сөзге араласып, бәрі де Жұмысшы және солдат депутаттары кеңестеріне шағым айтты. Талай сорақы оқиғаларды айтып берді» (284-бет). «Некораның ерсі сөзі мен Маллицкийдің жобасы жайындағы егес жергілікті ұлттық аймақтарымыздың көкейіндегі ұлттық орталық керек деген ойды жүзеге асыруды тездетті» (270-бет). «Алдымыза күтіп тұрған ауыртпалық пен қатерді жерлестеріміз анық көре алмайтын. Біз, Ұлттық орталықтың мүшелері, арнаулы тартыстарымызда, шаршы жиындарымызда қызыл сөзге беріліп, алдымыздағы қиыншылықтар мен әлсіздігімізді ұмытпауға шақырса, олар бізге дөрекі сөз айтып, азар беретін. Былапыт сөзді көп естіген марқұм Мұнуар Қари мен Убайдулла Қожа еді...» (305-бет). «Ол жиында сөзге шыққан шешен, «Ғұлама қоғамы» басшыларының бірі, Ташкент қалалық «Шорай исламияның» жетекшісі Мұнуар Қарига мешітте ауызға алуға балмайтын былапыт сөздер айтты» (305-бет). «Жанжал көтерілді. Жан-жақтан айқай-шу шығып, бізге де ауыр сөздер айтылды» (305-бет). Егжей-тегжейлі сөзінен Түркістандағы орыс солдаттары татар-башқұрт солдаттарымен ауыстырылса, Түркістанға Ресейден бөлініп кету қаупі төнеді деген қорытынды шықты» (314-бет).*

Жоғарыда айтып өткен өзге концептілердің ішінде төмендегілерді қоса атап өтуге болады. **«Ел» концептісін құрайтын тілдік бірліктер:** байтақ ел, қалың ел, біздің қазақ, біздің түркістандық т.б.. **«Мемлекет» концептісін құрайтын тілдік бірліктер:** құрама мемлекет, ұлттық мемлекет, дербес мемлекет, құрғалы отырған мемлекет т.б..

Автордың дүниетанымындағы ғаламның тілдік бейнесі көбінесе ұлттық тілдің мәйегі болып табылатын **фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер** арқылы анық беріледі. Өйткені бұл тілдік қабатта ұлт өкілінің дүниеге деген көзқарасы, элеуметтік ортаға деген қарым-қатынасы, сондай-ақ жинақталған халық даналығы болады. Демек, дүниені танып білуде тұрақты тіркестердің маңызы ерекше. Естелікте мынадай **тұрақты тіркестер** қолданылған: *опат болу, дүние салу, лап қойды, бейілі кең, шеңгелінен құтқарып қалу, шеңгеліне түсп қалу, шеңгелінен шығу, көзіне шыққан сүйел, тыжырына қарау, қаусет тарату, үдете беру, баланың ойны сияқты, құлақ аспау, жіті аңғару, көзді ашу, тауқымет тартқызу, қасірет қартқызу, ауыр азабын тарту, аспандағы айды алу, көктегі айды алуды армандау, көз салып тұру, мақұрым қалу, әліптің артын бағу, қайта қазбалау, өңменінен итеру, қайыры тиетін адам, өрши түсу, арыз-шағым жауып жату, ынтымақты табу, зіл тастау, таяқ жеу, желтініп қалу, ішкі шерін тарқату,*

түймедей жаңсақтығын түйедей ету, кәдеге (кәдесіне) жарау, дән риза болу, үні өшу, амбеге аян, шеккен зиян (зиян шегу) т.б.

Енді осылардың мәтінде қолданылуын талдау жасап көрейік. Автор естелігінде революциядан кейінгі мемлекеттік құрылысты қалай құрамыз дегенге байланысты әр алуан көзқарастарды сипаттауда өз бағасын тұрақты тіркеспен береді. *«Бұл мұсылмандық көзқарас тұрғысынан алғанда өте жақсы ұсыныс еді. Бірақ ол жас баланың «аспандағы айды алып бер» деген далбасасына ұқсайтын» (273-бет).*

Тұрақты тіркестер кейде сол уақыттағы жағдайды және көңіл-күйді беруде қолданылған. *«Біз Үкімет комитетін жақтырмадық, әрі оған қарсы күрескіміз де келмеді. Өйткені бізге аса қауіпті күш, яғни Жұмысшы-солдат депутаттары кеңесі осы Үкімет комитетінің орнына көз салып тұрған еді. Біздің шаруамыз жағдайды мұқият ескеріп, әліптің аяғын бағу болатын...» (276-бет).* *«Халық қатты күйзелген еді. Тек ашық жиындарда сөз сөйлеп, желпініп қалатын. Қарусыз халық сөз еркіндігін пайдаланып, ішкі шерін тарқататын» (286-бет).*

Автор естелігінде кейбір тұрақты тіркестерді сөз орайында өзінің айтайын деген ойына лайықтап түрлендіреді. *«Екінші топ революция нәтижесінде қарыштап өркендейтін прогестің дамуынан қорқып, прогресті жақтаушылардың түймедей жаңсақтығын түйедей етіп әсерлеп, оларды халыққа діннің дұшпандары деп көрсетуге тырысты» (294-бет).* *«Қалағаныңды, тіпті көктегі айды алуды арманда» (289-бет).* Сол сияқты мына тұрақты тіркесті де бірнеше рет түрледіріп пайдаланған: *шеңгелінен құтқарып қалу, шеңгеліне түсп қалу, шеңгелінен шығу.*

Адам баласы дүниені ой қабілеті арқылы танып біледі десек, сол ойлау қызметін белгілі бір бейнеге, моделге түсіретін түсіретін құрал тіл болып табылады. Мұны қазір ғылымда «ғаламның тілдік бейнесі» деп атайды. Ғаламның тілдік бейнесі дегеніміз – тілдік жүйеде таңбаланған, тіл арқылы көрінетін тіл иесінің ғалам туралы білімдерінің жиынтығы.

Ғаламның тілдік бейнесінде адамның ғалам туралы түсініктері ғана емес, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, наным-сенімі сияқты ұлттық дүнетаным да көрініс тауып отырады. Ұлттық дүнетаным мен естелік авторының қиял дүниесі астасып жатады. Мысалы біз қарастырғалы отырған қазақ эмигранттарның тағы бірі Мария Шоқай естелігіндегі ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісін бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Олар: **ұлттық психология; ұлттық тұрмыс-салт; ұлттық өнер; діни дүнетаным.** Енді осыларға жекелей тоқталып өтейік.

1. Қазақ эмигранттарының естеліктерінде қазақ халқына тән психологиялық ерекшеліктерді ұлттық ерекшеліктердің тілдік көрінісі ретінде қолданған. Айталық, Мария Шоқайдың «Менің Мұстафам» атты естелігіндегі [5.] мындай жолдар ұлттық психологияны танытады: *«Көпшілік алдымен дәрет алып, сонан соң бәрі бірдей намазға тұрды. Намаздан кейін еркектер жағы түйелерге қарай беттесе, әйелдер жағы қойлар мен сиырларды саууға кірісті. Мұстафа мені қасына шақырып алды да екеуміз әрі-бері жүріп сейілдедік, ол маған бұл жердегілердің бәрі менің орамал тағысыма, қимыл-әрекеттеріме ырза болғанын айтты. «Бұл уақытқа дейін олар орыс әйелі туралы басқаша пікірде болатын. Өз ұлтымның өкіліне үйленбеуім оларда реніш сезімін тудырғанымен, аз уақыт ішінде еуропалық әйелге азиялық әдеттерді қабылдата алғаным үшін мені кешіріп, саған құрметпен қарай бастады» (427-бет).* Осы шағын үзіндіден автордың өзге ұлттың өкілі

болуына қарамастан қазақта ірі қара малдың ер адамға, уақ малдың әйелдерге тиесілі екендігін аңғартатын дүнетаным көрінеді. Сондай-ақ қазақ әйелі қандай болуы керек екендігі де, оған деген ұлттық түсіністік те автор сөзі арқылы да кейіпкер сөзі арқылы да шебер үндестіріліп берілген.

2. Мария Шоқай естелігінде ұлттық дүниетанымды көрсететін тілдік құралдар мол қолданылған. Солардың бірі - **ұлттық салт-дәстүрлердің естеліктердегі тілдік көрінісі** болып табылады. Естеліктен бірнеше үзінділер берейік: *Қазақтар түскі тамақтың алдында шай береді. Шай беріп жатқан кезде жайлаудан қой немесе тоқты ұстап әкеліп қонағына көрсетеді, сөйтіп барып оны сояды* (423-бет).

Ал мына сөйлемде автор қазақ халқының өмір сүру салтын бұрынғысынан сол өзі сипаттап отырған кезеңге дейін **көшпелі, отырықшы, егіншілік, би** деген 4 сөзді қатыстыра отырып берген: *«Ата-бабалары көшпелі, ал Мұстафаның өз әкесі Шоқай отырықшы болған. Егіншілікпен айналысқан, жұртшылық оны би деп атаған»* (390-бет).

Мария Шоқай естелігінде **ұлттық тұмыс-тіршілік нышандары** да байқалып отырады. Мысалы: *«Қазақ әйелдері бет-жүзін жауып жүрмейді, үнемі ашық ұстайды. Қазақтар әйелді өте құрмет тұтады. Еркектер өз араларында әйелдер туралы әңгіме айтпайды. Бір-бірімен жолығысқанда атын, тазысын сұрайды, әйелдері туралы айтпайды. Сонымен қатар егер әйелі біреуді қонақ еткісі келсе, күйеуі ештеңе істей алмайды. Үйдегі барлық нәрсеге әйелінің үкімі жүреді. Әйелі шай қайнатпай, тамақ пісірмей немесе есікті ашпай қоюы да мүмкін. Тіпті күйеуін қонақтарымен бірге қуып шығуы да мүмкін. Күйеуі әрдайым әйеліне бағынады* (422-бет). Бұл жерде қазақ «қыз – қонақ» деп оны үнемі төрге шығаратыны, әйелді үйдің от-анасы деп құрмет тұтатыны, сондай-ақ ер адамның «әйелдің ісі – үйде, еркектің ісі - түзде» деген қағидамен үй шаруасына араласпайтыны жақсы айтылған.

Шоқай аулы кедей саналатын. Жалпы қазақтарда байлық малмен өлшенетін. Қой, түйе, жылқы мен сиырдың өрісі үшін кең жайылым қажет. Сондықтан да көшпелілер байлық иесі де, ал отырқшы халық жарлы болып есептелген (390-бет). Автор қазақтардың байлықты малмен өлшейтінін айта келіп, «бай» және «жарлы» ұғымдарын беруде «көшпелі» және «отырқшы» сөздерін антоним ретінде қолданған.

Мұстафаның айтуынша, олардың отбасы көп шашылатын, яғни қолда бар нәрсенің қадірін білмейтін. Кез келген көлденең көк атты олардың үйіне түсетін, өз үйлеріндегідей еркін-ішіп жейтін. Кейбір қызметкерлер кейде бала-шағаларымен бірге апталар бойы қонақ болатын. Әкесі де, шешесі де келген кісіні қабақ шытпастан қарсы алып, шығарып салатын (391-бет). Бұл, әрине, қазақ дәстүрі мен салтын терең білмейтін немесе оны өз халқының, өскен ортасының тұрмыс-тіршілігімен салыстыра қарағанда әбестік санаудың әсерінен түсіне алмаудың салдарынан шыққан пайымдау деп санауға болады.

Біраздан соң ақ қой алып келді, қонақтардың бәрі оны сипап көрді. Мен осы қойдың сойылатынын білген жоқпын, сататын шығар деп ойладым. Адамдар өз араларында көп әңгімелесті, көбінесе Мұстафа сөйлеп отырды, жұрттар оған сауал қойып жатты, күн батар кезде ғана киіз үйден сыртқа шықтық. Көк шалғынға ақ киіз төселінті, киіздің үстіне ақ дастарқан жайылған, әр жерге жап-жаңа майлық та қойылған. Түндегі да ауасының хош иісін тіпті де айтып тауса

алмаймын, оны сірә ештеңемен салыстыруға болмайды. Көкжиекке көз салсаң, дәл мұхит пен аспанның астасқаны сияқты, бұл жерде жер мен көктің тоғысқанына куә боласыз. Құстар сайрап, жәндіктер шұрқырасады. Осы жарасымды әсемдік арқылы тыныштық пен бейбітшіліктің жаратушы иесіне алғыс сезімін білдіріп жатқандай (423-бет). Мұнда автордың лирикалық көңіл-күйі бар, ол кәдімгі көркем шығарма жазып отырғандай әсер қалдырады. Көркемдік бар.

3. Мына төмендегі үзіндіде Мария Шоқай музейде тұрған домбраны көрген Мұстафаның алабұртқан көңіл-күйін сол қалпында көз алдына әкеледі. Бұл ұлттық өнердің ұлттық болмыспен, санамен, оған деген сағынышпен біте қайнасқан тұсын аңғартады. «Мұстафаның айтуынша, ол оқу-жазуды анасынан кішкентай кезінде, жасы беске толмай жатып-ақ үйренген. Бес жасында домбыра тартуды игерген. Мұстафаның есту қбілеті жоғары болған, музыканы өте жақсы көрген. 1922 жылы онымен тірге Трокадеродағы этнография музейін аралағанымыз әлі есімде. Мұстафа сол жерде бір домбыра көріп қалды да, тағатынан айырылды. Сол жердегі қызметкерлерден рұқсат сұрап, аспапты қолына алып құлақ күйін келтірді де, әсем қазақ әуенін орындап шықты. Сөйтті де, аспапты орнына қойды. Жабырқау болатын, жанары жасқа толы еді. Мен алғашқы және соңғы рет Мұстафаның көз жасын сол кезде көріп едім» (391-392-беттер).

4. Мария Шоқай естелігінде діни дүниетанымның тілдік көрінісі төмендегіше беріледі: «31 желтоқсан күні Каюм хан келді. Ол келе салысымен ауруханаға Мұстафаның мәйіті көруге баратынымызды айтты. Такси ұстай салып, «Виктория» ауруханасына бардық. Аурухананың кең ауласына мен жүгіріп кірдім. Каюм хан маған зорға ілесіп отырды. Ауланың бір бұрышында морг бар еді. Морг подвалда орналасқан, іші жап-жарық екен. Шыны қабырғаның ар жағында ағаш табыттың ішінде Мұстафа жатыр, үстінде жібек пижамасы бар екен. Бетін ақ слфеткамен жауып қойыпты, қолдары айқасқан, ұйықтап жатқанға ұқсайды, жүзі жасарып кеткенді көрінді. Өлген емес, қатты ұйықтап кеткен секілді. Қарсы қабырғаға табыттың қақпағын сүйеп қойыпты. Мен Парижден Құран мен сәлде әкелген болатымын. Қолының үстіне Құранды қойдым, тақия мен сәлдені мұсылмандардың әдетіндей басына кигіздім» (389-бет). Міне, мұны Мария Шоқайдың өзінің асыл жарына, оның діни ұстанымына, сол арқылы күллі ұлтқа деген құрметі деп қабылдау қажет.

Сонымен осы айтылғандарды қорытындылай келсек, қазақ эмигранттары (Мұстафа Шоқай және Мария Шоқай) естеліктері тарихи деректілігімен де, әдебиеттанудағы жанрлық әр алуандығымен де, әлеуметтанушылық сипатымен де, дүниетанудың, тұлғатанудың этнопсихологиялық және лингвистикалық аспектілерімен де сипатталатын, зерттелетін кешенді жүйе екен. Біз осының тек кейбір когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық мәселелерін ғана сөз еттік. Жалпы бұл болашақта арнайы қарастыруды қажет етеді. Өйткені естелік авторы өзінің көрген-білгенін, куә болған оқиғаларын өз өмірімен байланыстыра отырып жазады, бағалайды, қорытындылап тұжырымдайды. Осыдан естелік авторының сөз қолданысы, оның ақиқат дүние туралы таным-түсінігі, көзқарасы айқындалады. Сондықтан естелік мәтініне концептуалдық, лингвомәдени талдау жасау мәселесін қолға алып, кешенді зерттеулер жүргізу қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қасым Б.Қ., Шақаман Ы.Б. Когнитивті лингвистика: Оқу құралы. - / Б.Қ. Қасым, Ы.Б. Шақаман. – Павлодар: ПМПУ, 2018. 168 бет. 107-бет.

2. Когнитивтік лингвистика (Филология: қазақ тілі 6M020500 «5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» және «5B012100-Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтарына арналған оқулық) – Электронды құрал. – Семей, 2015.

3. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингво-мәдени сараптама): филол. ғыл. док. дисс. – Алматы, 2004. -228 бет.

4. Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар, 1999. Т.2. -520 бет.

5. Шоқай Мария. Менің Мұстафам // Мұстафа Шоқай. Таңдамалы. Екінші том. - Алматы: Қайнар, 1999.

Аңдатпа

Мақалада мемуардың, оның ішінде естеліктің когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерттеудің өзектілігі айтылады. Естелік мәтініне концептуалдық талдау жасау оны толықтай қарастырудың кешенді жүйсі екендігі дәлелденеді. Осы орайда когнитивтік құрылымның негізгі элементтерінің бірі – концепт ұғымына тоқталады. Оны бір ұғымның түрлі тілдік құралдар жиынтығы арқылы берілуі, тұжырымдалуы деп тани отырып, қазақтың тұңғыш эмигранты Мұстафа Шоқайдың «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» атты естелігінде көздесетін бірнеше концептілер (дұшпан, дос, оқиға, сөз) арқылы талдайды. Ұлттық дүнетаным мен естелік авторының қиял дүниесі астасып жататынын қазақ эмигранттарының тағы бір өкілі Мария Шоқайдың «Менің Мұстафам» атты естелігін талдау арқылы көз жеткізеді. Оны ұлттық психология, ұлттық тұрмыс-салт, ұлттық өнер, діни дүнетаным аясында сипаттайды.

Кілт сөздер: қазақ эмигранттары, естелік, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, концепт, ұлттық дүниетаным.

ӘОЖ 325.8:950 (574)

МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСІ

Аңсатова М.Н.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
профессоры, т.ғ.к.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің шығуының бірнеше себептері бар. Біріншіден, ХХ ғасырдың басында қазақ даласы толықтай Ресей империясының қол астында, яғни, отарлық билік жүйесінің қарамағында болды. 1914 жылы Ресейдің қатысуымен басталған бірінші дүниежүзілік соғыс ішкі Ресей халқының да, шет аймақтардағы «бұратана» халықтың да жағдайына қатты әсер еткені белгілі. Ресейдің отары болғандықтан сол соғыстың ауыртпашылығы қазақ халқының иығына да айтарлықтай салмағын түсірді. Елде шаруашылық күйзеліп, егіс көлемі азайып, оның

өнімі күрт төмендеді, мал саны кеміді. Соғыс қисапсыз көп шикізатты, азық-түлікті, малды, тағы сол сияқты материалдық игілікті қажет етті. Уақыт өткен сайын халықты майданға байланысты тонау, қанау саясаты күшейе түсті. Жалпы, өлкеде жергілікті өнімдер арзан бағаға саудаланып, сырттан тасымалданатын өнім қымбаттап, халықтың шаруашылығы күйзеліп, әлауқаты нашарлады. Бұл қазақ халқын қанап, езіп, тонаудың тағы бір жолы еді. Екіншіден, жер мәселесі шиеленісті. 1891 жылғы Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы Ереженің 119-бабы бойынша, яғни «көшпелілер» қоныстанған жерлер және сол жерлерге тиесілі нәрселер, сондай ақ ормандар да мемлекет меншігі ретінде мойындалады»-деп бекітілді. Осылайша ғасырлар бойғы қазақтардың ата қоныстарын мемлекет меншігі, яғни Ресей империясының меншігі деп жариялады. Бұған қоса, осы кезде ресейліктерді жаппай қазақ даласына қоныстандыру жұмысы басталды. Қазақтың шұрайлы жерлерінің барлығын орыс қоныс аударушыларына беріп, қазақты шөлейтті, таулы аймақтарға ығыстырып шығарды. 1916 жылдың ортасына қарай патша өкіметінің қазақ халқынан тартып алған жерінің жалпы көлемі 45 миллион десятинаға теңелді. [1,636 б] Бұл отарлаудың анық шегіне жеткен түрі еді. Үшіншіден, 1916 жылғы көтерілістің басталуына негізгі себеп болған саяси жағдай Ресей патшасы II Николайдың 1916 жылғы 25 маусымдағы Орта Азия мен Қазақстан және Сібірдегі «бұратана» халықтардың 19 бен 43 жас аралығындағы ер азаматтарын майданның қара жұмысына шақыру туралы жарлығы еді. [2,13] Негізінен бұл жарлық тек себепші болды. Жоғарыда аталған ел арасындағы бұрыннан қордаланған мәселелердің барлығы қазақтың ашу-ызасын тудырып, көтерілістің басталуына алып келді.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі басталған кезде Мұстафа Шоқай Ресей Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракция жанындағы бюроға мүше болып, онда хатшылық қызмет атқарып жүрген еді. Ол үлкен саясатқа Әлихан Бөкейхановтың арқасында келді. 1914 жылы Әлихан Бөкейханов Мемлекеттік Думаның мұсылмандар кеңесіне Мұстафа Шоқайды ұсынады. Мұстафа бұл жерде жүріп, шыңдала түсті. Әсіресе, оның қайраткерлік қыры 1916 жылы ашыла түсті. Ол осы жылы Түркістандағы жағдайды тергеу үшін құралған топтың құрамына аудармашы ретінде шақырылды. Сол күндері Түркістан өлкесінде болып жатқан төтенше оқиғаға байланысты патша жарлығын жүзеге асырудың заңдылығы мен мүмкіндігі және зардаптары туралы мәселе Мемлекеттік Думаның отырысында бірнеше рет қаралып, талқыланды. Ақырында көтерілістің себеп-салдарын тексеруге

депутаттардан құралған арнайы комиссия құрылып, құрамына А.Ф.Керенский, К.М.Тевкелев, аудармашы ретінде Мұстафа Шоқай және басқалары кірді. Олар Ташкентте, Самарқандқа, Андижанға және басқа қалаларға барып, халық көтерілісіне байланысты материалдар жинайды. 1916 жылы 21 тамызда М.Шоқай А.Ф.Керенскиймен бірге көтерілісті басу кезінде тып-типыл болған Жизақ қаласына келеді. Жизақ уезінде ауыл шаруашылық санағын жүргізіп жүрген студенттердің патша жазалаушыларының қолынан қырғынға ұшырағанын анықтайды, жергілікті тұрғындарға көрсетіліп отырған зорлық зомбылықтың кең етек алып отырғанына көздері жетеді. Эмиграцияда жүрген кезде М.Шоқай Жизақтағы қырғынды еске алып, қаладғы емшектегі баладан еңкейген кәріге дейін мындаған адамдардың орыс жендеттерінің қолынан қаза тапқанын, осы ерлігі үшін полковник П.П.Иванов деген қаныпезердің Иванов-Ринов-Джизакский атанғанын «Последние новости» газетінің бетінде жария етеді. М.Шоқай сөзбен жеткізуге болмайтын жауыздықтардың орын алғанын «Түркістанда» деген еңбегінде ашына жазады. Жергілікті тұрғындарды кемсітудің, ар-намысын қорлаушылықтың талай мысалдарын өз көзімен көреді. Кейін А.Ф. Керенский Мемлекеттік Думаның мінберлерінен Түркістан өлкесінде болып жатқан оқиғаларды «орыс тарихының масқара беттері» деп сипаттады. Сөйтіп, патшалық Ресейге қарсы ой-пікірлер мен қозғалыстарды қолдап, бүкіл түркі тілдес халықтарының арасында ерекше құрметке бөленді. 1916 жылы қарашада Петербургке Торғай қазақтарының делегациясы келеді. М.Шоқай оларға А.Ф.Керенскиймен кездесуге көмек береді. Керенскийдің өз үйінде қазақтар үкіметпен арада делдал болуды сұрап, майданға алынуға тиіс жұмысшылар орнына он мың сәйгүлік беруді ұсынады. [3,89] Өкінішке орай, А.Ф.Керенский Уақытша үкімет тұсында және эмиграцияда жүрген кезінде айтқан «Патша үкіметі жүргізіп, отырған саясатта орыс демократиясының кінәсі жоқ, орыс демократиясы мемлекеттік биліктің халықтың өз қолына өтуі және түркістандықтардың құны орыстармен теңелуі үшін күресіп келеді» деген пікірінен бас тартып, патшалық Ресейді мінсіз мемлекет етіп көрсетеді. Осы уақыттан бастап М.Шоқай мен А.Ф.Керенскийдің арақатынастары мүлдем үзіледі. Бұл жағдайларды Мұстафа Шоқай өзінің «Керенский және Түркістандағы ұлттық қозғалыс» атты еңбегінде толық баяндайды. М.Шоқай түрлі мемлекет орындарын 1916 жылғы көтеріліс туралы материалдармен жабдықтап, Түркістан мен Қазақ даласындағы қасіреттің ауқымдылығын жеткізеді. Мұстафа бұл бағытта Әлихан Бөкейхановпен бірігіп

қимылдайды. 1916 жылы 8 желтоқсанда ішкі істер министрі кеңесінің мүшесі В.Г.Кондондің Ақмола, Семей және Орал облыстарындағы көтеріліс туралы баяндамасында ондағы кейбір мағлұматтардың Азов банкі Самар бөлімінің бастығы Ә.Бөкейхановтан және М.Шоқайдан алынғандығы ескертіледі. М.Шоқайға 1916 жылғы көтеріліс туралы кейбір материалдарды Ташкентте эсер В.А.Чайкиннің үйінде К.Қожықов береді.[4,69] Майданның кара жұмысына қазақтарды алуда заңсыздықтардың кең етек алып отырғандығы туралы «Қазақ» газеті бетінде мәселе көтереді. Ә.Бөкейхановпен бірігіп Мұстафа майданға алынған қазақтардың аш-жалаңаш күйі, оларға жәрдем беру жөнінде Петроградтан мақала жазады. 1916 жылы М.Шоқай мен А.З.Валиди, А.Ф.Керенскийдің көмегімен Түркістаннан алынған жұмысшылардың жағдайын білу үшін майданға барып қайтады.

Көтеріліс алғаш басталған кезден Алаш идеясының маңына топтасқан қазақ зиялыларының басым бөлігі ел ішіндегі қарулы қақтығыстарды қолдаған жоқ. Бірақ олар бір сәтте бұл оқиғалардан қалыс қалған жоқ еді, оның жұмыстарына бел шеше кірісті. Олар өте жедел түрде қазақтың оқыған азаматтарының бастарын қосып, майданға алынған қазақ жігіттері аттанған Ресей, Белоруссия жеріне дейін барды. Сол майдан далаларында тіл білмейтін қандастарының қасында болып, олардың тұрмыстық жағдайларын шешуге белсенді түрде атсалысты. Зиялылардың сонау алыс өңірлерге дейін барып, өз отандастарына көмектескен бұл әрекеттері дұрыс бағалауды қажет етеді. Көпшілігі Ресей қалаларында білім алған, Еуропаның өмірімен де жақсы таныс болған Алаш зиялылары орыс империясының күшін жақсы білетін. Олар өркениеттен әлі де шеттеу жатқан қазақ ауылдарының бұл әрекеті бір жақты түрде «сатқындық» ретінде бағаланды. Бұл мәселе қазіргі кезде де белгілі бір пікірталастар тудырып қалады. Біздің ойымызша, Ә.Бөкейханов бастаған зиялыларды «күресте қолдады» деп еш жазғыруға болмайды, олар, алдыңғы қатарлы зиялылар, күрестің басқа тәсілдерін қарастырды. Алаш көсемдері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов бастаған топ 1916 жылы тамыздың 11-інде жарық көрген “Алаштың азаматы” Үндеуінде: “Біздің жұртқа айтарымыз, бұған көнбеске болмайды. Мұны бұрын да сан рет айтқанбыз. «Көнбеймін» деушінің сүйенгені жан тәттілік болса, салыстырып қаралық: көнгенде жұртқа қандай ауырлық бар, көнбегенде қандай ауырлық бар? Көнгенде шаруаға кемшілік те келер, барған жігіт қазаға да, бейнетке де ұшырар, бірақ елдің іргесі бұзылмас. (Қазаға ұшырар деп ауру-сырқаудан болған қазаны айтамыз, әйтпесе солдат қылып алмайды, соғыстан өлмейді). Көнбегенде көретін ауырлық бағынып

тұрған үкіметтің жарлығына бас тартсақ, жау жағадан алғанда бас қорғап үйде қаламыз деп мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесек, үкімет бізге құр өкпелей қоймас, күш жұмсар, ол күшті законға сүйеніп істер?"- дейді.[5,322] Сонымен олардың "Маусым жарлығына" байланысты саяси ұстанымдары мен көзқарастары тоталитарлық саяси қуғын-сүргін тұсында ұлт зиялыларына "патша өкіметін қолдады, халыққа қарсы шықты" деп айып тағудағы басты себептердің бірі болды. Кешегі кеңестік тарихнамада 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тұсындағы қазақ зиялыларының ұстанған саяси бағыты мен көзқарастарын теріс насихаттап, оларға себепсіз "сатқындық" реакциялық бағыт деген баға беріліп келгендігі тарихи шындық. Ал, шындығына келгенде ұлт зиялылары ең алдымен өз халқын отаршыл патша үкіметі тарапынан болатын аяусыз қанаудан, үлкен үркеншілікке әкелер апаттан, қанды қырғаннан сақтаудың жолын қарастырды, соған әрекет еткендіктен халықты майданға баруға үгіттегенін түсінуіміз керек.

Алаш қозғалысы қайраткерлері арасынан 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс туралы өзінің пікірін еркін айтқан Мұстафа Шоқай болды. Ол өзінің 1916 жылдың 15 жылдығына байланысты жазған «1916 жылғы ұлттық қозғалыс туралы большевиктердің өтірігі» деп аталатын еңбегінде осы қозғалысқа үлкен мән беріп былай деген еді: «...1916 жылғы көтерілістер, «Қоқан автономиясы» және «басмашылар әрекеттерімен» қосылып, орыс тепкісіне қарсы бағытталған ұлттық қозғалыс тарихымыздың ең маңызды құбылыстарының бірінен саналады». Яғни М.Шоқай 1916 жылғы қозғалысты Қоқан автономиясымен және Орта Азиядағы басмашылық қозғалыстарымен қатар қойып, олардың ұлттық сипатына баса назар аударды. Ол: «1916 жылғы көтерілістің баса көңіл аударатын ең бір маңызды тұстары қайсылар?» -деп сауал қойып, оған өзі нақты жауап берді: «Бұл сұрауға, - деді ол , - "16 жылғы қозғалыс жалпы алғанда ұлттық қозғалыс еді" - деп жауап беруге болады. Онда таптық күрестің елесіде жоқ еді.[6,192]

Таптық күрес ұлттық өнеркәсібі қалыптасқан саяси- әлеуметтік және экономикалық мүдделері бір-біріне қарама-қарсы тұрған, ұлттық буржуазия мен ұлттық пролетариат топтары бар тәуелсіз елдерде ғана болуы мүмкін. Патшалық Ресей кезіндегі Түркістанда мұндай жағдай жоқ еді. Сондықтан ол жердегі байырғы Түркістандықтар арасында таптық күрестің болуы мүмкін емес деп, Мұстафа Шоқай өзінің ой- пікірлерімен бөліседі. Бұл жерде байқайтынымыз , Мұстафа Шоқай 1916 жылғы көтерілістің ұлт-

азаттық сипатын атап көрсетуден тоқталмай, осы қозғалыстың таптық сипаты туралы әңгімені де мүлде теріске шығарады.

“ Орыс мұжығы мен орыс пролетариатын 1916 жылғы көтеріліс кезінде Түркістандықтарға көмектескен етіп көрсету тарихи шындықты бұрмалағандық қана болып қалмастан, өтірікті ойдан шығарудың теңдессіз үлгісі де бола алады” дейді Мұстафа.

1916 жылғы қозғалыстың түп тамыры Патшалық Ресейдің қоныс аудару саясатынан, орыс мұжықтарынан жергілікті халықтың шұрайлы жерлерін тартып алып беруден, отарлық зорлық зомбылықтардан туындайды. Орыс мұжықтарын, кеңес тарихнамасында көрсетілгендей, отыршылдық саясаттың құрбаны емес, қайта оның ең басты әлеуметтік тірегі болды. Өйткені патша өкіметі мұжыққа сүйенсе, мұжық патшалық өкімет жүргізіп отырған жер саясатының игілігін көріп, өз жерінде түсіне енбеген байлыққа кенеледі. Осылайша М. Шоқай қоғамтанушылардан бірінші болып Ресейдегі жалпы революциялық процестің біртұтастығы туралы лениндік тұжырымдаманың негізсіздігін көрсетті, себебі орыс пролетариатының алдына қойған өз мақсат-мүдделері болды, ал ұлттық қозғалыстар олармен жанаспай, өз арнасында дамиды, өзінің мұң-мұқтажын көздейді. Сондықтан, «1916 жылғы Түркістан көтерілісі – Ресейге және жалпы орыстарға қарсы бағытталған ұлттық бас көтеру. Бұл ақиқатты жасыруға орыс большевиктерінің ешқашан шамасы келмеген және бұдан соң да шамасы келмек емес» – деп аталмыш мақаласын аяқтайды. 1916 жылы Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысты патша өкіметі аяусыз басып жаныштады. Тек, ресми мәліметтер бойынша Түркістан өлкесінде 347 адам өлім жазасына кесілген, 168 адам каторгалық жұмыстарға жегілген, 129 адам қамауға алынған, 300 адам Қытайға қашып кетуге мәжбүр болған. Сонымен қатар, мыңдаған қазақтар сотсыз және тергеусіз жазалау отрядтарының қолынан қаза тапты. Өкінішке орай, олардың нақты саны осы уақытқа дейін анықталмай келеді. 1916 жылғы көтеріліс біздің тарихымыздағы ұлы оқиғалардың бірі, бірақ оның көптеген ақтаңдақтары әлі де ашылған жоқ. Әсіресе, Жетісу жеріндегі қырғынның көптеген тұстары әлі толық зерттелмеген. Мұндай тақырыптар ұзақ жылдарға созылатын байыпты зерттеулерді қажет етеді. Жалпы алғанда, М.Шоқайдың ұлттық қайраткер ретінде сахнаға шығуына 1916 жылғы Түркістан мен Қазақ жеріндегі ұлт-азаттық қозғалысы қуатты серпін берді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 4-ші том. 766 бет
2. Қаһарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы) Алматы: Қазақстан, 1 том - 1998. 423 бет
3. М. Шоқай Керенский және Түркістандағы ұлттық қозғалыс. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық, 1 том - Алматы, «Қайнар» баспасы. 1 том 2007-352 бет
4. Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға. Алматы: Дайк-пресс, 2008. - 504 бет
5. Әлихан, Ахмет, Міржақып. Алаштың азаматы. «Қазақ» газеті, - Алматы: Қазақ энциклопедиясы. Бас редакциясы, 1998. - 560 бет
6. Шоқай М. 1916 жылғы ұлттық қозғалыс туралы большевиктердің өтірігі. – Кітапта: Шоқай М. Таңдамалы – Алматы: Қайнар, 1998. 1 том - 512 бет

ӘОЖ 329.73:950 (574)

МУСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Бәкірұлы Ә.

Алашорда үкіметі мен Түркістан автономиясының құрылғанына 100 жылдан асып барады. Бұл екі мемлекет тарихшылар мен мамандардың пікірі бойынша Алаш қозғалысының басты нәтижесі болып саналады. Әрине, бұл пікірді құптамайтындар да бар. Олар Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқай арасындағы пікір айырмашылықтарын алға тартады. Расында, Бөкейханның әуелде Түркістан автономиясын қаламағаны рас. Десе де, Бөкейхан Түркістан автономиясына үзілді-кесілді қарсы болмаған. Себебі, ұлт-азаттық қозғалысқа Түркістан өлкесінің халқы қосылмай, азаттық жолындағы жеңіске жету қазақтарға да қиын болатынын Алаш қайраткерлері жақсы білді. Белгілі ғалым Сұлтан Хан Аққұлы «Под «единым Туркестаном» Мустафы Шокая подразумевалась «Мусульманская федерация восточной России» атты мақаласында былай дейді: «Фактически решение о создании Туркестанской автономии (мухтариата), более известный как «Кокандская автономия», было принято не в Коканде, и не на IY чрезвычайном Всемусульманском съезде, а в Оренбурге, и в резиденции Алихана Букейхана...». Қазақшалап айтқанда, "Мұстафа Шоқай, Мухаметжан Тынышбаев және басқалары 1917 жылы 26 қарашада Қоқан қаласында Түркістан мұсылмандарының IY төтенше құрылтайы жариялаған Түркістан автономиясы Уақытша үкіметінің комиссары Әлихан Бөкейханның

резиденциясында жоспарланып, жүзеге асырылды" дейді. Алаш қайраткерлері бұл жоспардың негізгі мақсатын жаңадан құрылған Түркістан автономиясы келешекте біртұтас түрік мемлекетінің субъектісі болады деп түсіндірген көрінеді. Айта кету керек, Алашорда үкіметі мен Түркістан автономиясы құрылмай тұрып, Алаш қайраткерлерінің қатысуымен біртұтас Түркістан туралы идея бірнеше жиылыста қаралып, талқыланған болатын. Алайда, бұл мәселе бойынша Бөкейхан, Шоқай және басқалары бірыңғай бір мәмлеге келмеген сияқты. Сол күндері Мұстафа Шоқай қайшылықта қалып жүрді. Түркістан өлкесінде жоспарланып отырған екі мемлекетті орыстар «еркіне қалдырады» деп, ойлаған жоқ. Өзінің ой-пікірлерін Қоқан және Алашорда үкіметтерінің басы-қасында жүрген зиялы азаматтарға жеткізді. Негізінен Мұстафа Шоқай екіге бөлінбей, біртұтас Түркістан мемлекетін құрғанды жөн көрді. Алашорда қайраткері Міржақып Дулатов 1929 жылы 30 қарашада Біріккен саяси Бас басқармасына берген жауабында былай деген: «Біздің съезіміздің аяғына қарай Қоқаннан Мұстафа Шоқаев келді. Ол қазақ автономиясының жеке құрылуына қарсы болып, Түркістанмен бірігуге үгіттеді және Түркістан үкіметінің құрамына өзі және Тынышпаев Мұхамеджан кіргенін айтты...». Мұстафа Шоқай біріккен жағдайда ғана большевиктердің қарулы шабуылына қарсы тойтарыс беруге болатынына сенді. Бірақ ұлт жетекшілері бұл ұсынысты қабыл алмады. Ақырында, Мұстафа Шоқай «бүкіл қазақ жері Түркістан автономиясына біріктірілсін» деген алғашқы ұсынысынан бас тартуға мәжбүр болды. Қоқанға барып құрылтайшылар алдында былай деді: «Қазіргі жағдайда толық жарамды мемлекет құру оңай емес. Оған лайық тәжірибе де, кадр да, келешек автономияны қорғайтын қарулы күш те жоқ. Біз Ресеймен достық қалыпта, бейбіт өмір сүруіміз керек. Осыған географиялық жағдайдың өзі еріксіз көндіреді. Мен Кеңестердің саясатын қабыл алмаймын, бірақ большевиктердің қиратушы күшіне сенемін...». Өкінішке қарай, құрылтайшылардың қалауы болды. Үш күнге созылған құрылтай қаулы қабылдап, Түркістан автономиясын жариялады. Мұстафа Шоқай жауапкершіліктен қашқан жоқ. Құрылтай жиналысына төрағалық етті. Автономия қаулысын өз қолымен жазып, өз аузымен жариялады. Дегенмен әлсіз үкіметтің төрағасы да, мүшесі де болғысы келмеді. Бұл пікірін ашық айтып, үкіметтен тыс қала отырып, қолдау көрсететінін мәлімдеді. Бірақ құрылтайшылар оған көнбей, үкімет құрамына кіргізіп, оған сыртқы істер министрінің міндетін жүктеді. Бірінші министр және ішкі істер министрі болып Мұхамеджан Тынышпаев тағайындалды. Бірақ тартқыншақтық білдіріп, үкіметті дұрыс басқара алмады. Нақтылап айтқанда, Уақытша үкімет қаржы мәселесін шешу мақсатында жергілікті мемлекет банктерін тәркілеу жөнінде қаулы қабылдаған болатын. Алайда «жаңа үкіметтің бұл қадамы большевиктердің наразылығын тудырады» деген желеумен Тынышпаев қаулыны орындаудан бас тартты. Уақытша үкіметтің мүшелері бір келісімге келемін деп жүргенде большевиктер Қоқандағы банктердің бар

ақшасын сыпырып, Ташкентке алып кетеді. Минстрлер кеңесі Тынышпаевтың бұл әрекетін «саботаж» деп бағалап, оны қызметінен босатып, орнына бір ауыздан Мұстафа Шоқайды сайлайды. Мұстафа Шоқай жаңа үкіметтің негізін қалауға белсене кірісті. Уақытша үкіметтің бағдарламасын бекіткен соң, қарулы күштерін, қаржы істерін, салық жүйесін және автономияның мекемелерін ұйымдастыру үшін бірқатар қаулылар қабылданды. Кейбірі жүзеге асырыла бастады, яғни 30 миллион сомның заемы шығарылып, таратылды. Автономияны қорғауға қажет қару-жарақ пен оқ-дәрі сатып алынды. Азық-түлік сатып алуға министрлердің бірі Кавказға жіберілді. Қаладағы шаруа мен жұмысшыларды автономияның туы астына біріктіруге, сол кездегі көне мемлекеттік аппараттарды таптуға күш салынды. Тіпті, сайлау туралы Заң да қабылданды. Сонымен қатар, большевиктермен келісім сөз жүргізілді. Революция көсемі В.И.Лениннің атына жедел хат жіберіліп, заңсыз құрылған Кеңес үкіметінің билігін тоқтатып, Түркістан Уақытша үкіметін тану сұралды. Дегенмен большевиктер Мұстафа Шоқай басқарған Түркістан Уақытша үкіметіне ультиматум жариялап, үзілді-кесілді Кеңес үкіметіне бағынуды талап етті. Мұстафа Шоқай мен кабинет мүшелерін тұтқындап, жазалауға құштар болған жалғыз большевиктер болмай шықты. Түркістан автономиясына қарасты қарулы жасақты басқарған Құрбашы Иргаш (Ибрагим Ходжиев) «елімізді жаулардан («от большевиков и неверных») босатып аламыз» деп, күтпеген жерден төңкеріс жасайды. Қоқан үкіметінің әскери қолбасшысы М.Чанышев және қарамағындағы орыс офицерлерін қамауға алып, үкімет мүшелерін түгелдей жазалауға бұйрық береді. Кешікпей Үкімет мүшелерінің бірқатары қамауға алынып, қалғандары Қоқан қаласының кетіп үлгіреді. Солардың қатарында Мұстафа Шоқай да болды. Автономистерге қарсы төңкерісті ұйымдастырған Улемистер (Шуро-и-Улема) Қоқан хандығының қайта құрылғанын және Ергаштың Хан сайланғанын жария етеді. Осыдан кейін Ергаш және оның шағын әскері Қызыл әскерімен ашық шайқасады. Сол күндері Ресейден тұрақты әскер тиелген 11 эшелон жіберілген болатын. Жолай оларға Қызылорда уезіндегі Ақмешіт пен Қазалы қыстағында шоғырланған қызыл әскердің бөлімшелері қосылады. Ол аз болғандай, Кеңес үкіметі жедел «шаруалар армиясын» құрып, құрамына 17-50 жас аралығындағы ұлты орыс және армян азаматтары кірді. Әсіресе, «шаруалар армиясына» әдейлеп кіргізген «дашнактар» (ұлтшыл армяндар) өздерінің қатыгездіктерімен айрықша көзге түсті. Сонымен қатар, большевиктер қарулы күштерін жасақтап үлгірмеген үкіметке қарсы зеңбіректер мен аэропландар пайдаланды. Нәтижесінде, ондаған қаладағы кеңселер, мектептер, дүкендер және мешіттер қираған. Кейбір деректер бойынша 11 000-ға жуық жеке үйлер күлге айналған, 15 000-ға жуық қаланың бейбіт тұрғындары қаза тапқан, дүние-мүліктері талан-таражға салынған. Қысқасы, Қоқан қаласының басым бөлігі 3-4 күн ішінде жермен бірдей болып тегістелген. Соңы азаматтық соғысқа ұласқаны белгілі. Тек,

отызыншы жылдары ғана Кеңес үкіметі басмасшылардың қарсылығын біржолата жойып, жеңіске жетті. Кеңестік Қазақстан тарихнамасында Мұстафа Шоқай басқарған Түркістан автономиясын большевиктердің тұрақты әскері қанды қырғынмен таратты дейді. Бес томдық Қазақстан тарихының төртінші томында былай делінген: «...1918 жылы ақпанның басында Қызыл гвардияның отрядтары автономияның аздаған күшін тасталқан етті. Автономия басшыларының бір бөлегі атылды, қалғандары қамауға алынды. Мұстафа Шоқай қашып құтылды». Алайда, өзбектің ғалымы, академик Р.Абдуллаев өзінің шығармаларында былай дейді: «Мұстафа Шоқай из-за своей молодости не справился с должностью главы правительства Кокандской автономии. Ибо он не смог предотвратить боевые столкновения между плохо-вооруженными силами этой автономии и красноармейцами советской власти. Более того, правительством Кокандской автономии, главой которого он являлся, 18 февраля 1918 года была свергнута не советской властью большевиков, а религиозной организацией «Шурай-и-Улема», с целью восстановления Кокандского ханства, с провозглашением ханом этого исламского монархического государства, Иргаша». Әрине, тарихтың бұл тұстарын айқындау керек. Мұстафа Шоқай заңды құрылып, бірнеше мемлекет мойындаған Түркістан мемлекетінің басшысы болғаны анық. Бұл халықтың қалауымен құрылған мемлекет 1918 жылы жойылған жоқ, күшпен таркатылды. Мұстафа Шоқай шетелге кетуге мәжбүр болды. Жиырма жылдай эмиграцияда жүріп, Түркістан мемлекетінің "қуғындағы үкіметін" басқарды. Қауіпсіздік органдарының мәліметіне қарағанда, Мұстафа Шоқай ағылшын мемлекетінің басшылары Кеңестік Түркістаннан келген делегацияны қабылдаған кезде: "Олардың сіздермен келісім сөз жүргізуге құқы жоқ. Түркістан атынан мен ғана сөйлей алам" деген екен. Сондықтан да, ол тарихта "Мұстафа Шоқай - Түркістан мемлекетінің басшысы" деген атпен қалып, оған мемлекет басшысына лайық құрмет көрсетілуі керек. Сонымен қатар, Мұстафа Шоқай "Алаш қозғалысының" жетекшілерінің бірі. "Алаш қозғалысының" саяси желеумен жүргізілген жаппай репрессиядан аман қалған соңғы уәкілі. "Алаш қозғалысы" жобасы Мұстафа Шоқайдың өліміне байланысты 1941 жылы біржолата жабылды. Кеңес кезеңіндегі Қазақстан тарихының түрлі себептермен толық зерттелмей немесе бұрмаланған кейбір маңызды тұстарын жаңа көзқарастар тұрғысынан қайта қараған дұрыс шығар. Осы уақытқа дейін қос үкіметке («Алашорда» мен «Түркістан автономиясы») сыртқы істер министрі болған Мұстафа Шоқайдың бір тұтас Түркістан туралы идеясы пікір талас туғызып келеді. Түркиядағы Мимор Синан көркем өнер университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Ә.Қара: «...Мұстафа Шоқайдың Еуропа елдерінде әлемге жар салып айытып жүрген біртұтас Түркістан идеясы өзінің жеке идеясы емес, қайта 1918 жылдың күзінде, ішінде Бөкейхан да бар, Алашорда жетекшілерімен қабылданған ортақ шешімдері» дейді. Бұл пікірді Сұлтан Хан Аққұлы да

қолдайды. Дәлел ретінде Башқұрт жетекшілерінің бірі Заки Валиди Тоған естеліктерінен үзінді келтіреді: «Алихан Букейхан, Мухамеджан Тынышбаев, Мұстафа Чокаев и я говорили с Юсуфом Акчуриным о замысле создания в Самаре «Федерации юго-восточных мусульманских областей». Когда речь зашла о предполагаемом названии будущего государства, Акчурин посоветовал именовать его «Федерацией восточных турков». Алихан в свою очередь внес свои коррективы. Он сказал, что следует избегать названий, которые давали бы русским повод для наклеивания на нас ярлыка пантюркизма. В будущем и такое название вполне может стать приемлемым, а пока надо ограничиться «Мусульманской Федерацией Восточной России». Қалай дегенде де, Мұстафа Шоқай біртұтас Түркістан идеясы жолын ұстаушы екені ақиқат. Осы идея үшін өмірінің соңына дейін күресті. Оның айғағы – Мұстафа Шоқай басқарған «Түркістан автономиясы» және Батыс елдерде бастырып шығарған кітаптары мен журналдары, саяси-қоғамдық пулицистикалық мақалалары. Кеңестік кезеңде билік басындағы идеологтардың деректеме базасын шектеп отырғандары рас. Қазіргі кезде бұрын жабық болып келген мұрағат қорлары толық ашылды. Сондықтан да тарихшылар мен мамандардың Мұстафа Шоқай, Әлихан Бөкейхан және басқа Алаш қайраткерлеріне байланысты тарихи оқиғаларды терең зерттеп, ғылыми тұрғыдан дәлелдеп жазғандары дұрыс. Осы уақытқа дейін Мұстафа Шоқайдың саяси қызметіне мемлекет тарапынан ресми баға беріліп, тарихтағы орны айқындалған жоқ. Себебі, кейбір тарихшылар мен мамандар "Мұстафа Шоқай сұрапыл соғыс жылдары атышулы "Түркістан легионының негізін қалады" деген ескі ұғымды қайталай береді. Бұл шындыққа сыйыспайтын, деректермен бекітілмейтін жалған әңгімелер. Тіпті, Кеңес өкіметі де Мұстафа Шоқайды "фашистермен сыбайлас болды" деп айыптамаған. Ресми құжаттарда Мұстафа Шоқай "матерый панисламист-алашордынец", "организатор буржуазно-националистического "автономного правительства", "находясь в эмиграции с 1919 года, вел активную антисоветскую работу, вплоть до своей смерти, последовавшей в 1941 году" деп қана айтқан. Жазушы-чекист Серік Шәкібаевтің "Үлкен Түркістанның күйреуі" атты кітабын да билік басындағылар қолдамаған. Кітәп баспада қозғалыссыз 2-3 жыл жатқан. Шәкібаев арызданғаннан кейін барып, Қазақстандағы Мемлекет қауіпсіздік комитетінің (КГБ) араласуымен аталмыш кітап жарыққа шыққан. Расын айтқанда, Мұстафа Шоқай фашистік Германияның басшыларымен еш уақытта кездеспеген, келісім сөздер жүргізбеген және "Түркістан легионын" құрып, оған жетекшілік етпеген. Бұл жайында ҚР Бас прокуратурасының, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ресейдің ФСБ-нің (КГБ) берген ресми анықтамасы және ҚР облыстық соттың шешімі бар. Мұндай жалған әңгімелер оқырманды шатастырып, билікті үркітеді. Мұстафа Шоқай мен биліктің арасын жақындаудың орнына, осыдан кейін одан сайын алшақтай береді. Сондықтан да, тарихшылар мен мамандардың арасында,

бірауыздылық болғаны дұрыс. Сонда барып Мұстафа Шоқайды айналасындағы жалған әңгімелерден аршып аламыз. Болмаса көрнекті тұлға жайында мемлекет тарапынан тұжырымды шешім қабылданып, еңбегіне лайықты ресми баға беріліп, тарихтағы орыны айқындалмайды. Мұстафа Шоқайға қатысты тағы бір таласты мәселе, оның сүйегін Қазақстанға әкелу жайлы. Мұстафа Шоқайдың шетелде жатқан сүйегін, өзі аңсаған туған еліне алып келіп, Түркістан қаласындағы белгілі адамдар жатқан Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің жанына, мемлекет басшысына лайықты құрмет көрсетіліп, ресми түрде жерленгені дұрыс болар еді. Рас, "Мұстафа Шоқайдың сүйегі Еуропаның төрінде, жақсы жерде жатыр" деп, бұл ұсынысты қолдамайтындар да бар. Қазірдің өзінде Мұстафа Шоқайдың сүйегі жерленген Берлиндегі мұсылмандар бейіті тарлық етіп жатқан көрінеді. Тіпті, "өлген адамдардың сүйегін бірінің үстіне бірін жерлеп жатыр" дейді. Бұл рас болса, жуық арада Мұстафа Шоқайдың сүйегі түгіл, басына қойылған ескерткішін таба алмай қалуымыз ғажап емес. Сондықтан да, бұл мәселені ойланып, туған-туыстарымен ақылдасып, шешкен дұрыс. Қазір Түркістан қаласы облыс орталығы болды. Елбасының идеясы бойынша Түркістан түркі әлемінің орталығы болмақ. Тіпті, кезінде Нұрсұлтан Назарбаев республика астангасын Түркістанға көшірмек болған екен. "Түркістан" атты қала басқа түркі елдерінде жоқ, жалғыз қала. Мұстафа Шоқай да "Түркістан" деп дүниеден өтті. Сондықтан да, оның осында жерленгені дұрыс. Бұл, әрине бүгін-ертең шешілетін мәселе емес. Дегенмен, осы мәселеге байланысты ғылыми ортада, қоғамда және билік уәкілдері мен ұлы күрескерліңағайын-туыстарында ортақ пікір қалыптасқаны дұрыс. Сонымен қатар, Мұстафа Шоқайдың азаматтығы шешілмей келеді. Қазір Мұстафа Шоқайды шетелдіктер Франция азаматы дейді. Өйткені, Мұстафа Шоқай жиырма жылдай Париж маңындағы Ножан-сюр-Марн қаласында тұрып, өмір сүрген. Дегенмен, Мұстафа Шоқай шетелде эмиграцияда жүріп, жайбарақат өмір сүрген жоқ. Қуғында болып, туған елінің тәуелсіздігі үшін аянбай күресті. Сол жолда құрбан болды. Қазір Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып, өркениетті елдердің қатарына қосылды. Тәуелсіздікке Мұстафа Шоқай мен Алаш арыстарының да үлесі бар. Мұстафа Шоқайдың Қазақстанда, Қызылорда облысы, Сырдария ауданында дүниеге келгені рас. Қазір азаматтығы жоқ адам ретінде шетелде жерленген. Бұл қазақ деген атымызға ұят. Сондықтан да, Мұстафа Шоқайға өлгеннен кейін болса да, Қазақстан Республикасы азаматтығы берілсе орынды болар еді. Қазақстан республикасының тәуелсіз мемлекет болғанына 30 жыл толады. Осы тарихи датаға байланысты облыс орталығында, жаңадан тұрғызылып жатқан шағын аудандардың бірінде "Тәуелсіздік алаңы" ашылып, сол алаңның төрінде Қазақстан жерінде құрылған қос мемлекет басшылары, яғни Түркістан автономиясының басшысы Мұстафа Шоқай мен Алашорда үкіметінің басшысы Әлихан Бөкейхан және басқа да тәуелсіз жолында қаза тапқан тұлғалардың

ескерткіштері, ортасында қазақ жеріндегі ежелден келе жатқан тәуелсіздік күресіне нүкте қойып, егемендік алып, тәуелсіз Қазақстан Республикасы мемлекетін құрған Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ескерткіші орнатылса орынды және елдің жүрегінде қалатын тарихи маңызы зор іс-шаралардың бірі болатыны ешқандай күмән келтірмейді.

ӘОЖ 82-95:327.32:950 (574)

М.ШОҚАЙДЫҢ «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІРДЕН» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ МАҚАЛАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Абдразахова А.Қ.

Қорқыт ата атындағы ҚУ-дің аға оқытушысы

Халықаралық қатынас мәселелерінің әрқашан да өзекті болып, оның адамзатпен біте қайнасып келе жатқандығының өзара себептері бар. Өйткені бар дамушы және дамыған елдер секілді Қазақстан да өзінің алға қарай жылжуы үшін жан жағындағы елдермен аралас-құралас болудың маңыздылығын әлдеқашан түсінген. Бұған осы уақытқа дейінгі түрлі тарихи кезеңдер мен онда орын алған оқиғалар арқылы көз жеткізуге болады. Әсіресе, М.Шоқайдың халықаралық тақырыпқа жазған сараптамаларының ерекшелігі зор. Ал халықаралық мәселе – қай ел болмасын мәселенің бірегейі. Аталмыш мәселені әр мемлекеттің зерттеуші-ғалымдары әл-қадірінше зерделеп, сарапқа салып келеді.

Осы тұрғыдан алғанда ең әуелі назар аударатын нәрсе – осы заманғы әлем өте күрделі, сан алуандылыққа толы, сөйте тұра – біртұтас. Бүгінгі дүние шынында да сан алуан. Әлемде 200-дей мемлекет, 2000 – нан астам этникалық топтар бар. Олардың әрқайсысының тарихта жүріп өткен өзіндік жолы, қалыптасқан дәстүрі, тілі, ділі және діни нанымы, ұлттық сипаты бар. Әр халықтың, мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және рухани даму деңгейі де әр басқа, олар тарихи дамудың әр сатысында тұр. Соған сәкес өмір салты, мақсат-мүдделері де алуан түрлі. Мұның бәрі олардағы саяси жүйенің сипатының, мемлекеттік құрылыстың көптүрлілігін, демократиялық нышандардың деңгейін анықтайтыны сөзсіз. Осыдан келіп саяси құбылыстардың күрделілігі мен қайшылықты түрде өрбуі туындайды. М.Шоқай жазбаларынан сол кезеңдегі саяси түрлі оқиғаларға берген бағасын айқындауға болады.

Мәселен, М.Шоқайдың 2007 жылы Алматы:«Қайнар» баспасынан жарық көрген «Таңдамалы шығармалар:Үш томдық» еңбегінің 2-томындағы «Халықаралық өмірден» тақырыбындағы мақалаларының ерекшелігіне тоқталсақ,

«Яш Түркістан» журналының 1938 жылғы № 106 санында жарық көрген М.Шоқайдың халықаралық тақырыпқа жазған бұл еңбегі өзі өмір сүрген кезеңдегі шетелдік оқиғаларды шынайы да саяси тұрғыда жеткізе

алғандығы мен өз көзқарастарын түрлі шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген материалдарға сілтеме жасау немесе мысалға келтіру, оны жариялау арқылы әлем жұртышылығын ақпараттандырып отырғандығымен құнды.

Ұлттар Лигасының (Ұлттар ұйымы 1945 жылдары құрылды. Оған шейін ол Ұлттар Лигасы деп аталды) жұмысына баға беріп, оған кеңестік Ресей мүше болғаннан кейін оның «базары тарап, қадірі қашып тұрғандығы» атап көрсете отырып, оған мүше елдердің халықаралық аренадағы рөлдері мен жағдайлары туралы хабардар ететін бұл жарияланымда Алманияның Прагаға қарсы батыл іс әрекет көрсетіп отырғанының себебі ашып көрсетіледі. Чехославакия мемлекетінің бүгінгі жағдайына талдау жасай келе, 1919 жылдың мамыр айында жаңа шаңырақ көтерген Чехославакия мемлекетінің шекарасын айқындар кезде бұл елдің ішінде 3,5 миллион немістердің қалуының өзі араздық тудыруы ықтимал екенін сол кездің өзінде Еуропа елдері білген. Бұдан ары мақалада еліндегі неміс және басқа ұлттардың талаптарынан бас тартып, мұнысы Ресейден қолдау тауып, тіпті әскері көмек беруге даяр екендігін білдірумен қатар ол Чехославакияны Алманияға қарсы айдап салып, арандатушылыққа да жол беріп отырғандығын айтылады. Бұған нақты дәлелдер келтіріледі. Сонымен қатар мақалада Чехославакияның Англиямен, Франциямен, Италиямен арақатынасын талданады.

«Яш Түркістан» журналының 1938 жылғы № 106 санында жарық көрген 1939 жылы (№110) жазылған «Халықаралық өмірден» атты жарияланымында әлемдегі алпауыт мемлекеттер Франция мен Италия қатынасы сөз болған. Осы жылы 29 қыркүйекте Мюнхен қаласында жасалған келісімнен кейін Франция-Англия бір жақ, Алмания-Италия бір жақ болып бөлінген. Бұл қатынастар туралы «Яш Түркістан» журналының 107-санында жарияланған мақалада да сөз болады.

М.Шоқайдың «Халықаралық өмірден» атты жарияланымы публицистикалық жанрлардың ішінде корреспонденцияға жатады деп ойлаймыз. Себебі, материалда негізгі тақырып – Франция мен Италия қатынасының сипаттарын баяндай келе, Ресейдің жағдайы, Қытай-Жапон соғысының әсері сияқты оқиғалардың шығу төркіні мен себеп-салдарлары сөз болады.

Бұл мақаланың негізгі идеясы – Кеңестік Ресейдің Еуропадан өзіндік орнын иеленуге деген талпынысын жан-жақты түсіндіру, сол арқылы өзге мемлекеттердегі халықаралық жағдайдың қаншалықты деңгейде екендігінен толыққанды мәлімет беру болып табылады.

1938 жылы 6 желтоқсанда Алмания мен Франция елдері арасында отарланған жерлерге байланысты келісім жасалған. Сол келісімнен кейін Италия мерзімді басылымдары Франция елінен жер талап ететін материалдарды жариялай бастайды. Италия талаптары Францияның Африкадағы Тунис, Сомали, Жибути, Еуропадағы Сауой, Корсика сынды

аралдарға қатысты болған. Италияның бұл талаптарын М.Шоқай аталмыш мақалада «бір түйір нан алу үшін айды талап еткені» деген сипаттау арқылы береді, яғни Италияның бұл талабының орындалуы мүмкін емес, тек арман күйінде қалатындығына сенімділік білдіруі еді.

Сонымен бірге Еуропадағы өзіндік орнын иемденгісі келген Ресейдің жағдайы туралы да біршама мәліметтер береді. Мысалы, бөлшектелген Чехославакиядан өзіндік үлес ала алмаған Ресей Польшаны пайдалану арқылы шетелге шықпақшы болған әрекетінің сәтсіздікке ұшырайтындығын айтады. Себебі Польша Чехославакия емес, өзіндік бай тарихи міндеті бар деп көрсетіп, Ресейді әлсіретіп, тіпті Еуропадан ығыстырылуы қажет деген ойды айтады. Мюнхен келісімінен кейін кеңестік баспасөздер Франция қатысты өте дөрекі, жалған мәліметтер тарата бастағанын, соның әсерінен Кеңес Сыртқы істер министрлігінің органы «Журнал де Мәскеуді» Франция территориясына кіргізуге тыйым салғандығын айтады. Франция мен Иран өкіметі арасындағы қатынаста шиеленісі түскендігін, оған себеп француз басылымында Иран шахтың беделіне нұқсан келетін материал жарық көргені болып отырғандығы да жазылған. Сонымен бірге Ван Чжэнвэйдің мәлімдемесі мен келісімдері туралы да жан-жақты хабардар боламыз.

Жалпы М.Шоқайдың аталмыш мақаласынан сол кездегі халықаралық жағдайға байланысты құнды мәліметтерді көп алуға болады. Әр елдің ұстанып отырған саяси бағдарына да баға беріп, өзіндік көзқарастарын білдіреді. Бұл жарияланым осынысымен де құнды.

«Яш Түркістан» журналының 1938 жылғы № 106 санында жарық көрген мақалада «Чехославакия мәселесі», «Мюнхен келісімінен соң» атты тақырыпшаларға бөліп, Чехославакия мемлекетіне байланысты туындаған мәселелер мен түрлі келісімдердің маңыздылығы туралы, Мюнхен келісімінің ерекшелігі, шешімдерінің қажеттілігі, Польша мемлекетінің ұстанып отырған бағдарлары және ең бастысы Кеңестік Ресейге Еуропа қалай қарайтыны жөнінде мәлімет берілген. Мақала бұдан бұрынғы осы бағыттағы қозғалған тақырыпты тереңдете түседі. М.Шоқайдың «Халықаралық өмірден» деген тақырыпта бірнеше жазбасы жарық көрген.

Англия, Алмания, Франция, Италия мемлекеттерінің басқосуында Чехославакиядағы Содеттік немістер Алманияға қосылатын болып келісілгенін, ал поляктар қоныстанған өлке мен мажарлар тағдыры жөнінде Чехославакия өкіметі сол елдердің басшыларымен келіссөздер жүргізетінін, егер келісімге келмесе тағы да шара қабылданатынын жан-жақты талдайды.

Польша өкіметі екі бағытта қимыл жасап отырғандығы, оның бірі – Мажарстан және Румыниямен бірлесіп кеңестік Ресейді Еуропадан бүтіндей бөліп тұратын қорған жасау, екіншісі – Орта, Оңтүстік және Шығыс Еуропаға ықпалын күшейтіп, Алманиямен бірыңғай майданға біріккенін, алпауыт мемлекеттер біркелісімге келе алатындықтарын көрсеткендігін мәлімдейді.

«Чехославакия мемлекеті жолсыздықпен иемденіп келген Алман, Поляк және Мажар өлкелерінен айырылды. Чехославакия – чех, словак және Карпат украиндарынан құрылған Федеративтік республикаға айналды», - деп елдің іргетасын қалаған Митофи Масарик, Эдуард Бенеш сынды елбасқарушылар туралы да құнды мәлімет береді. Сонымен бірге профессор Масарик ислам мәдениеті христиан мәдениетінен төмен деген пікір білдіргенін және ол туралы 1919 жылы Тбилисиде шыққан «На рубеже» газетінде мақала жазған. Дәл осы жарияланымға 1918 жылы қыркүйекте Уфа қаласында шыққан социалист газетінде қарсы пікір білдірілген.

«Ұлттардың өз тағдырын өзі айқындауын» жақтаушылар мен бейбітшілікті жақтаушылар жеңіп шықты. Ұлттардың құқықтарын мойындағысы келмейтіндер мен соғысты жақтаушылар жеңілді. Жеңіліс тапқандардың басында Кеңес өкіметі тұрды...», - деп Англия, Франция, Чехославакия елдерінің Ресей мемлекетіне көзқарасын былай білдіреді: «Егер біз Мюнхенде алған міндеттемелерін біле тұра кеңестік Ресейден көмек сұрасақ, онда бүкіл Еуропаға большевизмді әкеле жатыр деп бір ауыздан айыптаған болар еді», - Кеңестік Ресейге деген көзқарасты осылай көрсетеді.

«Яш Түркістан» журналының 1938 жылғы № 106 санында жарық көрген 1938 жылы (№108) жарық көрген «Халықаралық өмірден» атты тақырыптағы мақаласында Чехославакия мемлекетінің мәселесіне байланысты қабылданған Мюнхен келісімінен соң қалыптасқан жағдай мен Ұлттар Ұйымының беделі мен қадір-қасиеті, кіші Антанта жағдайы, Версаль шарты туралы толыққанды ақпарат береді.

Жарияланымның негізгі идеясы – халықаралық деңгейде Ресей елінің беделінің жоқтығын дәлелдеу, Кеңес үкіметін шеттетудің негізгі себептерін айқындай беру.

Франция мен Алмания мемлекеттерінің арақатынасы жақсару үшін Кеңес үкіметі шеттетілуі керек және сонда ғана Еуропа елінде бейбітшілік орнайтындығы айтылады. Сонымен бірге Мажарстан мен Чехославакия арасындағы жанжалды Алмания мен Италия үкіметтері араға түсіп мәселені шешкендігін, қазіргі уақытта саясатын Алмания мен Италияға сүйеніп жүргізетіндігінен де хабардар етеді.

Жапония мен Қытай арасындағы соғыстың барысы туралы да тың мәлімет береді. Жапонияның екі ірі жеңісін: Кантон мен Ханхоу жапондардың қарамағына өткендігін, Ханхоуды алу арқылы жапондар Еуропа мен Америкадан Қытайға әкелінетін жүк тасымалының жолын кескендігін атап көрсетеді.

1936 жылы сәуірде басталған Палестина арабтарының көтерілісі соңғы 4-5 ай ішінде мүлде шиеленісіп кеткендігін бірнеше халықаралық басылымдардағы материалдарға сілтеме жасау арқылы баяндайды. Атап айтар болсақ, француз тіліндегі «Таң» газетінің 1938 жылы 2 қарашадағы санында палестиналық басылымнан алынған мәлеметтерді жариялайды. Онда

қақтығыстар кезінде 3 айдың ішінде 1358 адам қаза болғандығы, олардың 219-ы - еврей, 42-і – ағылшын, 1092-сі – арабтар екендігі, 1162 адам жараланғандығын айтады. Тек қазан айында қаза тапқандардың саны – 560. Осы мәліметтерден қаза болғандардың басым көпшілігі арабтар екендігіне куә боламыз. Жалпы бұл көтерілістің себебі арабтар Палестинаның еврей мемлекетіне айналып кетуіне қарсы. Сонымен бірге Англия үкіметінің Палестинаны араб және еврей мемлекеттеріне бөлу туралы бағдарламасының да себеп болғандығынан хабардар боламыз.

«Яш Түркістан» журналының 1938 жылғы № 106 санында жарық көрген 1938 жылы (№109) жарық көрген «Халықаралық өмірден» тақырыптағы жарияланымында Польша мен Кеңес үкіметі арасындағы қарым-қатынас сөз болады. Екі ел арасындағы 1932-45 жылдар аралығында өзара шабуыл жасаспау және бір-біріне дұшпан одақтарға қосылмау туралы шарттың ресми мақұлданғандығын баяндайды.

М.Шоқайдың «Ресейдің Орта Еуропада Алманияға қарсы қойып келген жалғыз досы – Чехославакия дағдарысқа тап болған кезде, Кеңес үкіметі Польша үкіметіне 1932 жылғы шартты «күшінен қалдыратынын» айтып қоқан-лоқы да жасаған. Чехославакияның бөлшектеніп, Алмания жаққа қарай ойысуына Польшаның да қатысы бары Польша мен Кеңестік Ресей қатынасының бұзылғандығынан дерек беретін еді. Міне, сондықтан ұмытылуға шақ қалған 1932 жылғы шарттың мәлідемесінің қайта жаңғыртылуы, тіпті бұрынғыдан да артығырақ қуатталуы жұрт назарын өзіне шұғыл аударған еді», - деуі осы мақаланың негізгі идеясынан хабардар етеді.

Сонымен бірге дәл осы мақалада екінші басты оқиға деп Парижде 12 маусым күні Алманияның Сыртқы істер минситрі фон Рибентроп пен Францияның Сыртқы істер министрі Бонне қолдарын қойған Франция-Алмания мәлідемесі. Бұл мәлідемеді осы екі мемлекет арасында жер дауының болмайтындығы, қарым-қатынастың бейбіт жолмен шешілетіндігін, 80 жылдан бері дау туғызып келе жатқан мәселеге нүкте қойылғандығын әлем жұртшылығы қуанышпен қарсы алғандығын, тек Ресей ғана Франция мен Алмания арасының жақындасуын қаламайтындығы жөнінде айтылады.

Сонымен бірге Кеңес үкіметіндегі басшылар туралы да өзіндік көзқарасын білдіреді, материал сонысымен де құнды деп білеміз.

Халықаралық журналистер әрдайым журналист мамандығының элитасы болып саналды. Олардың қызметі ғаламшардың түрлі бұрыштарында адамдарды байланыстырады. Қандай да бір аймақ немесе мемлекет туралы материал жариялау журналистен тарих, мәдениет, қоғамдық өмірдің көптеген ерекшелігін білуді талап ететіндігін ескерсек, жоғарыда мысалға келтірген мақалалардан көріп тұрғанымыздай М.Шоқайдың әрбір сараптамасы, әрбір мақаласы қаншалықты сауатты жазылғандығының куәсі боламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Шоқай М. Таңдамалы шығармалар:Үш томдық. «Халықаралық өмірден» 2-т. –Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. - 392 (326) бет.
- 2.Шоқай М. Таңдамалы шығармалар:Үш томдық. «Халықаралық өмірден» 2-т. –Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007.- 392 (346) бет.
- 3.Шоқай М. Таңдамалы шығармалар:Үш томдық. «Халықаралық өмірден» 2-т. –Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. - 392 (330) бет.
- 4.Шоқай М. Таңдамалы шығармалар:Үш томдық. «Халықаралық өмірден» 2-т. –Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. - 392 (335) бет.
- 5.Шоқай М. Таңдамалы шығармалар:Үш томдық. «Халықаралық өмірден» 2-т. –Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. - 392 (338)

ӘОЖ 323.329:950 (574)

МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ТҰЛҒАСЫ МЕН ТАҒДЫРЫ

Баймбетов Ұ.М.

№187 Мұстафа Шоқай атындағы ақпараттық технология мектеп-лицейінің тарих пәнінің мұғалімі

Тұлғалар. Алаш арыстары. Мұндай жандар туралы Елбасы Н.Назарбаев: “Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай да қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген”, дейді. Сондай тұлғалардың бірі – Мұстафа Шоқай. Ол – Алаш қозғалысының төл перзенті, Алаш идеялары мен мұраттары аясында қанаттанған, қазақ, өзбек және басқа да түркі халықтарының ұлттық бостандығы үшін күресінің стратегиясы мен тактикасын айқындаған қайраткер. 1910 жылы Санкт-Петербург университетіне оқуға түскен күнінен бастап М.Шоқай дүниетанымының

қалыптасуы, бір жағынан, түркішілдік-мұсылмандық қозғалыстың (С.Жантөрин), екінші жағынан “батысшылдар” демократиялық-либералдық қозғалысының, Ә.Бөкейханов ықпалы мен өтеді.

1914 жылдың көктемінде Мұстафа Петербургте оқып жүрген түркі жастарының патша өкіметінің ислам діні жөніндегі саясатына байланысты баспасөз бетінде жарияланған үндеуіне қатысады. Оған сол кезде империя астанасындағы 31 өзбек, татар, башқұрт, қазақ студенттері қол қояды. Мұның өзі Мұстафаның саяси қозғалысқа біржолата тартылуының, ұлттық мүдде жолындағы күрескерлер қатарынан берік орын алғандығын көрсетеді. Түркі халықтары тарапынан сөйлейтін бүркеншік діни құрылымдар мен басылымдарды ұйымдастыру арқылы патша өкіметінің ұлт-азаттық қозғалысын іштен бүлдіруге бағытталған арандатушылық саясатының қауіптілігін жете түсінуі, ол жөнінде өз пікірін ашық білдіруі, М.Шоқайдың саяси ұйымының қалыптасып, шыңдала түскендігінің куәсі еді.

Әлемге аты мәлім қоғам қайраткері, саясаткер, ақиқат жолына бас тіккен, азаттық үшін тағдырдың азабы мен мазағын қатыспай көтерген, әділеттен басқа досы жоқ, адалдықтан басқа жолы жоқ Мұстафа Шоқайдың біртұтас Түркістан мемлекетін құрудағы қызметі, қайғысы, қасіреті, мақсат – мүддесі кешегі кеңес үкіметі кезінде құлып астындағы құпия болды. Күллі түркі мәдениетінің туыстық бірлігін сақтап, Түркістан автономиясын құру тұрғысындағы М.Шоқайдың жанкешті қызметін кеңес идеологтары жаулық әрекет сипатында көрсетті. Мұстафаның інісі Нұртаза мен туысы Мырзеке Қалымбетұлы «халық жауымен» хандық қатысы болғаны үшін атылды. Қалғандары қуғын-сүргінге түсті.

Ал мемлекеттік тапсырыс бойынша отставкаға ҰҚК қызметкері Ж.Шәкібаев «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты кітап жазып, М.Шоқайдың қоғам алдындағы жұмысын жоққа шығаруға тырысты. Ал Мұстафаның кінәсы - өз ұлтына деген шексіз сүйіспеншілігі еді. Айыбы – атамекенге, ана сүтіне адалдығы. М.Шоқай өле-өлгенше осы бағытынан айныған жоқ. Уақыттан асқан кемеңгер бар ма, қазақ зиялылары жан алып, жан беріскен ел егемендігі тарихи мерзімі жеткен күні өз аяғымен келді.

М. Шоқайдың бүкіл өмірінің мәні мен мағынасы, арманы осы егемендік, өлмес рух елімен қайта табысты. Заман озады, өмірден тозбайтын ештеңе жоқ. Зат та, жер мен көк те, адамның аты да ескіреді. Бірақ, қараңғылық қойнауында жанған шамшырақтай Мұстафа есімі жыл өткен сайын жарқырай түсуде. Мұстафаның 1886 жылы 7 қаңтарда Сыр бойында Сұлутөбе секілді ауылда, кірпіштен салған қазақы үйде дүниеге

келіп, саясаттың биік тұғырына көтерілуі көбіміз үшін таңғаларлық жағдай. Бала күнінен киіз қазақтың тәрбиесін алады. Осылайша он төртке толартолмас жасөспірім бейшараның көзіндегі жасты сүртіп, әділеттің ауылын нұсқауға жарап қалады. Ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздіктерді танып біле бастайды.

Түркістан халқының қамында бір қасиет пен кесепатты өмірге тоқиды. Өмірден осы кезде алған екінші сабағы – орыс өктемдігі. Ташкенттегі орыс ұлты мен жергілікті халық арасындағы әлеуметтік теңсіздікті, келіспеушілікті көзімен көрді. Ұлтжандылық сезімін оянуына алдымен орыс шовинизмі ықпал етті. Алғашында орыс алпауыттары мен патшаның Ресейдің отаршылық саясатына саналы түрде қарсы шыққан, интеллект түрінде қорғанды. Ауыл қазағының арыз-шағымын жазып, дауына араласу гимназиядағы сабағына көп кедергісін келтірді. Ауыл баласы әлеуметтік мәселемен генерал Самсонов алдына бір неше мәрте барды. Ол барған сайын орыс озбырлығын Самсоновтың көзіне шығып көрсеткісі келеді. Алайда Самсоновтың жан дүниесі адалдық ауылынан алыс жатыр еді. Ғалым Ә.Тәкенов пен М.Қойгелдиев жазғандай «Генерал іске тыңғылықты, орысша сауатты қазақ жігітін өз кеңесіне тілмаш етіп алмақшы болады». Бұл мәселенің бір қыры. Екіншісі – тіпті тереңде. Орыс өкілдері отарлау мен саясат ісінде өте тәжірибелі, жергілікті халық өкілдерінен шыққан талантты нокталаудың сырт көз аңдамайтын нәзік жолдарын біледі. Тілмаштық Мұстафаға қимастық берген қызмет емес, дарынды жастың келешегін кесу еді. Себебі, ел арасындағы тілмаштар қоғамдық теңсіздікке араша түспей, ақша-пара жолымен азғындап, адамдық қасиеттерінен айырылып жатқанын сол кезде өмірдің өзі көрсетті. Сондықтан, Самсонов бұрқылдып шыққан қайнардың көзін көміп тастағысы келді. Өзара қырқысып жатқан орыс чиновниктері осы мәселеде бірауызды болатын. Генерал Самсонов сезімтал кісі екен, ол Мұстафаның келешегінен орыс отаршылдарына келер бір залалды сезді.

Мұстафа Шоқайұлы Петербургке барып, оқуын жалғастырғысы келетінін айтып, - Заң факультетін қалаймын, - дегенде ішін тартып қалды. Петербургтегі заң университеті қазақтың баласы түгілі, орыстың қолына түспейтін оқу. Орыс отаршылары сауатсыз халыққа әділетті көрінуге ынталы, саналы, талантты қазақтың адамына ашпаяқ қояды. «Тілмаш боласың ба?» - деп қамқорсыған Самсонов ақыры айтқаны болмағасын М.Шоқайға гимназиядан тиесілі алтын медалды, Зопрометов есімді орыс балаға бергізіп, бұған күміс медаль бермекші болады. Әділет жеңеді, адал

азаматтар қолдауымен алтын медальін алған М.Шоқай орыс генералы қойған тосқауылмен өзі бетпе-бет кездеседі. Демек, Ташкенттің тұтқасын ұстап отырған генерал Самсоновтың Түркістан халықтарына деген пиғылы таза емес. Ал генерал орыс патшалығының өкілі. Бұдан Түркістанға Ресей жүргізіп отырған саясаттың күнгейі мен көлеңкесін бірдей аңғаруға болатын еді.

М.Шоқайдың Петербург университетінің заң факультетіне түсуі сол кез үшін үлкен дәреже. Бұған Орынбор генералы – губернаторы Перовскийдің ұсыныс хаты көмек болады. Бәрі бір реакцияшыл көзқарастағы губернатор ішкі саясаттағы ерекшеліктерді есепке алды. Әділет үшін айту керек орыс мемлекетінің билеуші топтары Түркістан тұрғысындағы отарлық саясат жүргізсе де, Петербургтың ғылым төңірегіндегі зиялы қауымы таланттарды бағалай білді. М.Шоқай университетті 1917 жылы ақпан төңкерісіне бұрын бітірді. Зеректілігі арқылы университет қабырғасынан 7 тілді меңгеріп шықты. Оның ішінде қазақ, орыс, түрік, ағылшын, француз, неміс және поляк тілдері бар еді. Мұндай жетістік М.Шоқайдың мәдени көкжиегін кеңейте түскені мәлім. Ал, өмір тәжірибесінен, ұлтаралық саясаттың аса салмағын 1914 жылы думада Мұсылман фракциясына хатшы бола жүріп үйренді. Фракция Дума депутаты Әлихан Бөкейханның ұсынысымен келіп, А.Байтұрсынұлы, Ш.Кәрі секілді қазақ зиялыларымен жақын танысады. Мұндағы қызметі де өз жерлестерін отаршылардың зорлық-зомбылығынан қорғау болады. Жазықсызды жаладан сақтау, әлсізді қорғау Мұстафаның мақсатына айналады. Ресей патшалығының көзге көрініп тұрған бір зорлығы – қоныс аударған орыстарға көшпелі қазақтың жайылымы мен қыстауларын күшпен тартып алып бергені. Мұстафа мәселені сенатқа дейін апаратын. «Бастықтың пиғылы түзу болмаса, заңнан қайран жоқ» деп Бисмарк айтқандай, орыс мемлекетінің отарлау саясатына қарсы тұратын күш жоқ еді. Халық орыс патшасынан осы кезде күдер үзеді. кейін Марияға жазған хатында бала кезін еске алып: «Теміржол біздің ауылдан біраз қашық болатын. Жол басы телеграф бағаналары мен жарысатынбыз. Үлкендер бізге осы сымдар арқылы орыс патшасы Николай тұратын қаламен сөйлесуге болатынын әңгіме қылып айтатын. Бар қолымыздан келетіні – бағаналарды қамшыларымызбен осып-осып жіберіп, патшаны сөгу ғана еді», - деп бала кездегі түйсігінің кейіннен расқа шыққанына танданады. 1917 жылы университет бітіріп, кейбір тарихшылар «Ақпан төңкерісін қуаттап, ол еліне бостандық алып келеді деп түсінді. Эсерлер партиясына мүше болды» - деп

жазғандай, Мұстафа Шоқай ұлттық саяси өмірдің тоқсан тарау айрығында тұр еді. Эсерлер партиясына мүше болғаны, болмағаны мұрағаттық деректер арқылы әлі ашылады. Бірақ патшалық Ресейдің аз санды ұлттарға қатысты саясатына М.Шоқай үзілді кесілді қарсы болды.

Тарихшы-ғалымдар М. Қойгелдиев пен А. Нүсіпханның «М.Шоқай және Түркістан» мақаласында: «1916 жылы Түркістандағы ұлт азаттық қозғалысты аяусыз басып жаншыған кезде демократиялық топтар үкіметке қарсы оппозиция құрып талқылады. Осы мәселе бойынша ресми баяндама дайындау үшін Түркістанға арнайы сапармен келген депутат эсер А.Ф. Керенский және фракция жетекшісі К.М.Тевкеловпен бірге мұсылман фракциясының хатшысы М.Шоқай да болады» - деп жазады. Бұл М.Шоқайдың өз ұлтына араша түсудің бірден-бір жолы – түрлі партия, уақытша үкімет және эсер жұмысшы солдат кеңесімен түсінісу керек болады. Осының бәрі Орта Азияда өз тағдырын өзі шешетін Түркістан автономиясын құру мақсатында жасалған еді. Құрылтайшылары Түркістан автономиясы деп, оған Сырдария, Ферғана, Самарқан уәлиаты толығымен қатысса да, орыс большевиктер кемсітіп, «Қоқан автономиясы» деп атаған аз күндік жаңа құрылым М. Шоқай идеясының түпкі мақсаты болатын. М.Шоқай Түркістан жамиятының келешек өз тағдырын өзі анықтайтын жеке мемлекет болуын мақсат етіп қойды. Осы мақсатта ептеп уақытша үкіметтің аз айлық билігін пайдаланып қалғысы келді. Бірақ «ұлттың өзін-өзі билеу мүмкіндігін береміз» деген бірде бір орыс демократтарына сенген жоқ. «Олар үкімет басына келген соң сөзсіз айнып» кетеді деген пікірін сөз арасында түсіндірумен болды. Сондықтан Ресейден 260 енші алуды қызбалыққа, үстірттікке, асығыстыққа ұрынбай жан жақты ойластырылған саясат жүргізу керек еді. Ресейдің «демократ» билеушілері іш тартып алмас үшін М. Шоқай «ұлттардың өз өзін билеуін», Ресеймен шекаралық, қаржылық және сыртқы саясатта бірлігін жоққа шығармайтынын дәлелдеп береді.

М. Шоқайға коммунистік қоғам идеологтарының күллі Түркістанға жасап отырған зорлық-зомбылығы, қарапайым алаңда берген ақыреті оның өмірінің қайғысы, мұны болды. Орыс демократтарына үміт артуы да үзілді кесілді тоқтады. Тіпті, сенімді деген Сұлтанбек Қожановтан «Қоқан автономиясының» мүшелеріне Кеңес үкіметі кешірім береді деген хабар тигенде де компартия басшыларына екіжүзділік саясатын күні ілгері біліп, елге оралмады. Грузияда «Вольный Горец», «Борьба», «На рубеже», Стамбулда «Жаңа Түркістан» кейіннен «Жас Түркістан»газет-журналдары

арқылы күллі өмірін азаттық үшін күреске жұмсады. Ал, 1920 жылы Варшавада Сталиндік режимге қарсы Кеңес одағының қудалауына түскен ұлт зиялылары «Прометей» ұйымын құрған болатын. Ал, Варшавадағы шығыстану институты 1929 жылы «Кеңес одағының ішкі және сыртқы саясаты туралы» ғылыми теориялық конференция ұйымдастырды. «Сталин социализмі – тонаушылықты қамтамасыз ететін саяси жүйе» деген 1937 жылы жазған мақаласында Кеңес үкіметінің өз халқына жасаған тонаушылық саясатына экономикалық тұрғыдан талдау жасайды.

Осылайша М. Шоқай Кеңес үкіметінің шетелдегі басты дұшпанына айналады. Білімі – терең, ақылы асқан қазақ перзенті түрік жамиятының бірлігі мен коммунистік қоғамның халыққа тигізер ықпалы жөнінде ондаған мақала жазды. Мақала дерегі талдау мен таразылаудан тұрды. 1936 жылы КСРО конституциясындағы логикалық қайшылықтарды дәлме-дәл түсіндірді. Белсенді, саналы, ынталы азаматары ғана коммунистік ұйымдарға біріге алады» деген конституция бабын сөзбе-сөз жүйелей келе, «Компартияға кірмеген адамдар белсенді, ынталы және саналы болып саналмайды деген сөз. Ал КСРО-да коммунист емес адамдар халықтың 98 %» деп жазады.

Сондай-ақ жеке адамның тарихтағы рөлін жоққа шығаратын марксизм идеяларын, Сталиннің жеке басқа табынушылығын атап көрсетіп береді. М.Шоқайдың өмір жолы өнегеге толы болды. Бүкіл түркі әлемінің тарихи тұлғасына айналған М.Шоқай 20 ғасыр кезеңінде адамзат баласының айтулы перзенті болды. Оның бойында біз біліп үлгірмеген, тарихымен таныспаған талай рухани қазыналар жатыр. Ол Түркістан халқын орыс диктатурасынан қорғауға күш салды, бірақ озық және адал ойлы славян халқының өкілдері Я.Газовский, И.Пильсудский, В.Чайкин, В.Наливкинге деген құрметі ерекше еді. Өмірлік досы Мария Яковқызы да орыс ұлтынан болатын. М.Шоқай осынау таза табиғи қалпымен, көптің көзі жетпейтін шың басындағы шынар секілді еді. Тамырын тасқа жайған шынар жалғыз өседі, жүзін күн сүйіп, жапырағын жел тарайды. Діні қатты болады. Шындағы шынар секілді М.Шоқай да жиырмасыншы ғасырдан өтіп, асыл ой, азаматтық қалпымен жиырма бірінші ғасырға келді.

Мұстафа Шоқайдың афоризмдері:

- Ұлтқа пайдалы адам келсе, бәрінен бұрын орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді.

• Біз, әрине, өзіміздің атамекеніміз Түркістанды кеңестік Ресейден де, басқа Ресейден де біржола бөліп алуды мақсат етеміз. Бұл – біздің ұлттық мұратымыз, ұлттық арман-мүддеміз. Біз тек осы идея үшін қызмет етеміз. Атамекеніміздің ішіндегі және сыртындағы барлық ұлттық күштерімізді осы идея төңірегінде топтастыруға барынша тырысамыз.

• Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп-дамиды, жеміс береді.

• Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл.

• Біз құл болып тұра алмаймыз. Біз ұлт азаттығымызды аламыз.

• Әрбір өсетін адамбасынан өткенін балалық шағын еске алса да, сол балалыққа қайтқысы келмейді.

• Бәрінен бұрын өз қатарымызды, түркістандық бірлігімізді күшейтейік. Түркістанның жұдырықтай жұмылған ұлттық бірлігін Ресейден айрылу үшін күресіп жатқан басқа халықтардың ұлттық майдандармен тығыз үйлестіре отырып, орыс империализміне қарсы қуатты күш ұйымдастырып, бірге қимылдайық. Орыс империализміне қарсы күрес майдандағылардың ұлтын, дінін, нәсілін, партиясын тергеп-тектемейік, алаламайық. Тек осындай жол ғана бізді ұлттық азаттыққа жеткізе алады... Бұдан басқа жолдардың барлығы алдамшы, тұйық... Өзінің ішкі бірлігін нығайта алған халықтар ғана тәуелсіздігіне қолжеткізе алады. Және оны қорғап қалаалады.

• Ағалар, қыпшақ деген ұлт болмайды, қазақ деген ұлт бар. Егер әрқайсымыз бөлініп, қыпшақтыңкөсемі, арғынның көсемі, үйсіннің көсемі болып жатсақ, біздің халық азады.

• Төлқұжат деген нәрсе «ұлт» бермейді, оның «ұлтын» өзгерте алмайды. Төлқұжат деген нәрсе сол төлқұжат иесінің оны беруші үкіметке тәуелді екенін ғана куәландырады.

• Ылғи да Отаныма қайту ойында жүремін және соған жету үшін тырысамын. Демек, ата мекенімді құтқару үшін күресемін.

• Кеңестік ұлт саясаты бізді «балғасымен» жаншып, «орағымен» орыптастады.

• Сіздер, немістер өздеріңізді «Еуропадағы ең мәдениетті халықпыз» деп санайсыздар. Егер сіздердің мәдениеттеріңіз менің көріп жүргендерім болса, онда мен сіздерге тұтқындардың шеккен азабын көрулеріңізді тілеймін. Сіздер XX ғасырда өмір сүре отырып, XIII ғасырда

Шыңғысханның жасаған зұлымдығынан асып түстіңіздер. Мәдениетті халық екендіктеріңізді айтуға хақыларыңыз жоқ. Егер, сіздер, осыған байланысты маған «ату» не «асу» жазасын берсеңіздер, қарсылығым жоқ. Мұндай мәдени қоғамда өмір сүргеннен гөрі өлгенім артық.

- Біз, Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түркістандықтарда бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдан соң да болмайды... Біздің мұратымыз Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға қол жеткізу болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады.

- Қазақпын деп мақтануды ар көретін, қазақтың тілінде сөйлеуді масқаралық көретін салт қайдан шығып отыр? Балалардың көбі не қазақ, не орыс болып тәрбиеленбей, шөре-шөре бір деме болып өсіп жатқанын неге көрмейсіңдер?

- Өзінің ішкі бірлігін нығайта алған халықтар ғана тәуелсіздігіне қол жеткізе алады және оны қорғап қала алады.

- ... ұлттық еркіндік пен азаттыққа талпыну табиғаттың болмай қоймайтын заңы тәрізді нәрсе.

- Біз жеке тұлғалардан жоғары тұрған ұлттық мұраттарға сүйенеміз.

- Жалпы адамгершілік және философиялық тұрғыдан алғанда жақсы халық, жаман халық деген ұғым жоқ, болмайды да.

- Тарих рақымсыз. Ол – ғұламаны да, білгірді де, өнериесін де, хандар мен патшаларды да аямайды. Ол өз заңына қарсы келгендердің бәрін езіпжаншып жүре береді. Тарих заңдары кері қайтуды білмейді және оны жаратпайды.

- Атамекенді сүю – оның тұтас мүддесіне қызмет ету, осы жолда әрқашан қызмететуге, керек болса жанпида қылуғадайын тұру болып табылады.

- ...ұлттық мүдде жеке топтар мүддесінің жиынтығынан тұрмайды.

- Біздің шын жүректен және асыға күтеріміз бір ғана нәрсе, ол атамекеніміздің орыс пролетариаты диктатурасынан құтылуы. Біз барлық жерлестерімізді осы ұлттық мұратымыз жолында бір жан, бір тән болып жұмылуға шақырамыз. Тәуелділігін жалпы ұлт мүддесі тұрғысына сәйкес, ұлттың жалпы жағдайына үйлесетін түзім жолында құрбан ете білген адамдарғана нағыз ұлттық патриот және ұлтқа пайдалы қызметші бола алады.

• Мақтаға қарсы күресте бидай мен қаруланыңыз. Шет ел үстемдігінен құтылудың алғашқы қадамы шетелге астық тәуелділігінен құтылу олмақ. Атамекеніміздің ұлттық құқығы жолында жүргізіп жатқан күресіміз, тіпті, кейде «демократияның шекарасын» аттап кеткен күннің өзінде ешкім бізді шовинизм мен айыптауға қақысы жоқ. Алаш ардақтысы Мұстафа Шоқай мұралары жас ұрпаққа жол көрсетуде, болашаққа бағдар жасауда, «Мәңгілік ел» идеясының құндылықтарын бағалауда маңыздылығын ешқашан жоймайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шоқай М. Таңдамалы. I-II том. Алматы 1998ж
2. Есмаганбетов. К.Л. Әлем таныған тұлға. Алматы 2009ж
3. Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. Алматы 1992ж
4. Шоқай М. Естеліктер. Стамбул 1997ж 5

ӘОЖ 930.221:950 (574)

МҰСТАФА ШОҚАЙ МҰРАЛАРЫ-ОТАН ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ

Байменова Г.Б.

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектеп
тарих пәнінің мұғалімі

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті, ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев: Ғасырлар бойы азаттыққа ұмтылған елдің қай кезде көшін бастаған ұлт тұлғалары болған. Қоғамда жүріп өткен жолымыздың ешқандай да бұрмалаусыз, өз уақытында халқымыздың болашағы үшін, бар ғұмырын күресте өткізген зиялыларымыздың артында қалдырған рухани мұрасын қалың оқырманның, әсіресе жас ұрпақтың қолына жеткізу болса керек.

Мұстафа Шоқай өзінің «1917 ж. естеліктерінен үзінділер» атты еңбегінде: біз бұл тұста 1917 жылғы революция ұлттық мемлекет құруымызға мүмкіндік береді деп үміттеніп, сеніп едік, бұл үмітіміз бен сеніміміз ақталмай, алданып қалдық», - деп жазады. Ол үшін өткенді пайымдау, оқиғалар мен құбылыстардың орын алуы мен дамуының түпкі себептерін ашу, сол арқылы белгілі бір мақсатқа жету жолындағы кедергілерді жеңу, жіберілген кемшіліктерді түзету үшін қажет. Олай болмаған жағдайда өткен-кеткенді саралау ділмарлық пен жай мылжыңға айналды дейді Мұстафа. 1917 жыл туралы естелігінде ол қызыл сөздің құлы болудан, өзін дәріптеуден бойын аулақ ұстап, алғашқы ұлттық құрылым – Түркістан

Мұхтариятының дүниеге келуіндегі объективтік қиындықтармен қатар, ұлттық күрескерлер тарапынан жіберілген қателіктерді пайымдауға күш салады.

Өзін-өзі басқару жолындағы маңызды қадам болып табылатын Мұхтарияттың тарихтан алатын орнын анықтап, ол құлағаннан кейін өріс алған басмашылықты жалғыз Түркістанның ғана емес, «жалпы алғанда кеңестік билікке қарсы қозғалыс тарихында ерекше маңызы бар күллі халықтың көтерілісі» деп бағалайды.

Мұстафа саяси күрестің бағыт-бағдарын дұрыс анықтау үшін тарихи оқиғалардың шынайы зерттелуіне үлкен мән береді. Осыған орай ол 1916 жылғы ұлт-көтерілісінің, Түркістан Мұхтарияты мен басмашылар қозғалысының бір-бірімен өзара тығыз байланыста, бір арнадағы, бір сипаттағы оқиғалар екендігіне назар аударады. «1916 жылғы көтерілістер «Қоқан автономиясы» және «басмашылар әрекеттерімен» қосылып, орыс тепкісіне қарсы бағытталған ұлттық қозғалыс тарихымыздың ең маңызды құбылыстарының бірінен саналады» деп жазады.

1916 жылғы қозғалыс – жалпы алғанда ұлттық қозғалыс, онда таптық күрестің елесі де болған жоқ. Осыған қарамастан кеңес тарихшылары оны Түркістан шаруалары мен ұлттық пролетариаттың орыс мұғажыр мұжығы және орыс пролетариатымен бірлесе отырып, орыс пен Түркістанның буржуазия табына қарсы жүргізген күресі ретінде түсіндіреді.

«Орыс мұжығы мен орыс пролетариатын 1916 жылғы көтеріліс кезінде түркістандықтарға көмектескен етіп көрсету тарихи шындықты бұрмалағандық қана болып қалмастан, өтірікті ойдан шығарудың теңдессіз үлгісі де бола алады», - дейді Мұстафа Шоқай.

1916 жылғы қозғалыстың түптамыры патшалық Ресейдің қоныс аудару саясатынан, орыс мұжықтарына жергілікті халықтың шұрайлы жерлерін тартып алып беруден, отарлық зорлық зомбылықтардан туындайды.

Орыс мұжықтар, кеңес тарихнамасында көрсетілгендей, отаршылдықтың саясаттың құрбаны емес, қайта оның ең басты әлеуметтік тірегі болды. Өйткені патша өкіметі мұжыққа сүйенсе, мұжық патшалық өкімет жүргізіп отырған жер саясатының игілігін көріп, өз жерінде түсіне еңбеген байлыққа кенелді.

Осылайша М. Шоқай қоғамтанушылардан бірінші болып Ресейдегі жалпы революциялық процестің біртұтастығы туралы лениндік тұжырымдаманың негізсіздігін көрсетті, себебі орыс пролетариатының алдына қойған өз мақсат мүдделері болды, ал ұлттық қозғалыстар олармен жанаспай, өз арнасында дамиды, өзінің мұң-мұқтажын көздейді. Сондықтан, «1916 жылғы Түркістан көтерілісі – Ресейге және жалпы орыстыққа қарсы бағытталған ұлттық бас көтеру» деп түйіндейді Мұстафа Шоқай. «Түркістан ұлттық күресінің себептері мен мақсаттары» атты еңбегі Истамбулда шығатын «Ақшам» газетінің 1931 жылдың 19 шілдесіндегі

санында жарық көрген «Агент Лоуренс Түркістан халқын орыстарға айдап салды» деген мақаласында орай жазылады. Онда Мұстафа түрік халықтарының азаттық қозғалысының түпкі себептерін қайдағы бір ағылшын тыңшысының әрекеттерінен іздеушілікті тарихи шындықты көпекөрінеу бұрмалаушылық екендігін, олардың күресінің кеше ғана басталмағандығын, 1916 жылғы патша жарлығына жаппай көтеріліспен жауап бергенін оқырмандар есіне салады. Түрік халықтарының бойкөтерулерінің большевиктік үстемдікке қарсы жалғасып отыруының басты себебі мен мақсаты тәуелсіздікке қол жеткізу деп нақтылайды. Бұл мәселелерді ол 1923 жылы «Orient et Occident» журналындағы «Ресей саясаты және Түркістанның ұлттық саясаты» деген еңбегінде де көтереді.

Қантөгісті жолдармен билік басына келген большевиктер тарихты да бұрмалап көрсетуге мүдделі болады. Сондай әрекеттердің бірі П.Алексеенковтың 1931 жылы Ташкентте жарық көрген «Қоқан автономиясы» (Алексеенков, 1931, 19) атты кітабы болатын. Ондағы әуелі М.Тынышбаев, кейін М.Шоқай басқарған бұл мемлекеттік құрылымның қозғаушы күштерін, үкімет құрамын және большевиктердің оны аяусыз жаныштауын бұрмалап көрсетуге бағытталған айла шарғыларды талдау арқылы М.Шоқай өлкеде орыс пролетариаты диктатурасы үшін ешқандай әлеуметтік негіз болмағанын көрсетеді. П.Алексеенков Түркістан Мұхтариятының халықтық сипатын жоққа шығаруға тырысады (Алексеенков, 1931, 19).

Мұстафа Шоқай мұралары-Отан тарихының дерек көзі Түркістанның бірлігі мен тәуелсіздігін ту етіп, оны өмірлік мұратына айналдырған, сол жолда құрбан болған Мұстафа Шоқайдың тұлғасы күн өткен сайын биіктей бермек. Түбі бір түркі жұртының тағдыры талқыға түскен шақта басын бәйгеге тіккен, саналы ғұмырын ұлт мүддесі мен ел мұраты жолына арнаған сан қырлы қайраткер тұлғаның тағылымын арқау еткен еңбектер жаңа, тың деректерге жетелемек. Мұстафа 1890 жылы 25 желтоқсан күні сол кездегі Сырдария губерниясы, Ақмешіт уезі, Наршоқы ауылында дүниеге келген. Кей зерттеушілердің пікірінше, оның ата-бабасы қыпшақ руының белді әулетінің адамдары болған. Атасы Торғай датқа Сырдария облысындағы бірнеше ауылды басқарған, ал әкесі ауыл-аймаққа белгілі әділ би болған. «Құндақтаулы нәрестені қолына алған имам, оның оң құлағына азан, сол құлағына қамат айтқаннан кейін иіле түсіп: «Сенің атың – Мұстафа» деп үш рет қайталады.

Сол-ақ екен шілдеханаға жиналған қауым бір қауқылдасып қалды: «Мұстафа – әз пайғамбарымыздың аты ғой, шырағым атына заты сай болсын!», «Мұстафа – таңдаулы, қалаулы деген мағынаға келеді екен, ұлыңыз халқына қалаулы азамат болсын!», «Басынан жақсылық кетпесін!», «Әзіреті Мұхаммет – Мұстафа пайғамбарымыздың өзі қолдап, қорғап жүрсін!», «Күнді көрмейсің бе, жарықтық. Алланың рахмет-мейірімі де бүгін ерекше түсіп тұр ғой» деген сияқты тілек-дұғалар тұс-тұстан айтылып

жатты. Көпшілік арасында Шоқай бидің әкесі Торғай датқаның атын ауызға алып, қажылыққа екі рет барған марқұмның жақсылығын айтып, артынан ілтипат білдіріп жатқандар да болды» 1917 жылдың көктемінде Мұстафа Ташкенттегі мұсылмандар конгресі кезінде құрылған Мұсылмандар орталығының басшысы болып тағайындалады. Осы жылдан бастап «Бірлік туы» және «Еркін Түркістан» басылымдарын шығара бастаған. «Жас Түркістан» журналы Мұстафа Шоқайдың бас редакторлығымен 1929-1939 жылдары Берлинде Түркістан халқына ортақ шағатай тілінде жарық көрді. Ол - біртұтас Түркістан тәуелсіздігі идеясын көтеріп, бүкіл түркі жұртының азаттығы үшін күрескен басылым Ал тамыз айында ол Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі атанды. 1917 жылдың 27 қарашасында Қоқанда өткен Бүкіл мұсылмандардың IV съезінде Түркістан автономиясын құру туралы ұсыныс айтылды. Оны алдымен Мұхамеджан Тынышпаев басқарады да, артынан оның тізгіні Мұстафа Шоқайға тиді. Автономия 1918 жылдың ақпанында құлады. Шоқай Ташкентке, одан әрі Ақтөбеге қашуға мәжбүр болды. 1918 жылы Шоқай Бүкілресейлік уақытша үкіметтің (Уфа директориясы) мүшесі болды. 1918 жылдың қыркүйегінде Уақытша үкіметтің басшылығына адмирал Александр Колчак келді. Оның бұйрығымен директорияның барлық мүшесі тұтқынға алынды. Шоқайды Челябинге жіберді, дегенмен ол ретін тауып қашып шықты. Мұстафа Шоқай өмірінің соңғы жылдарын шет мемлекеттерде өткізді. Түркия арқылы Германияға, сосын Францияға қоныс аударады. Эмиграцияда жүріп «Таймс», «Шафак», *Journal of Royal Central Asian Society* сынды белді ақпарат құралдарымен тығыз қарым-қатынаста болды. «Жаңа Түркістан», «Жас Түркістан» атты басылымдарды шығарып тұрды. Большевиктердің жұмысы туралы түрік, ағылшын және француз тілдерінде лекциялар оқыды. Тарихшы Мәмбет Қойгелдиев сол тұстағы саяси ахуалды саралай келіп мынадай тоқтам жасайды. «Оқиғалар ағымы бұл екі автономияның да ғұмырын ұзақ еткен жоқ. Құрамындағы халықтардың өзін-өзі басқару құқығын мансұқ еткен түрлі саяси топтардың өзара арпалысты күресі жағдайында мәселенің басқаша шешілуін күту қисынсыз еді. Бірақ бізге мәлім басы ашық жағдай сол, М. Шоқайұлы өмірінің соңғы сәтіне шейін Түркістан халықтарының тәуелсіздігі олардың мемлекеттік тұтастығына байланысты деген ойда болды. Осы ойдың жалынды насихатшысы болып өмірден өтті. Өз уағында айтылған бұл пікірдің ХХ ғасырдың соңына қарай іске асу мүмкіндігінің қаншалықты қиын екендігін түсіне отырып, сонымен бірге оның стратегиялық тұрғыдан қаншалықты терең және дәл айтылғандығын уақыттың өзі әлі талай рет көрсетіп беретіндігіне біздің ешқандай да күмәніміз жоқ» [2, 223]. Дархан Қыдырәлиевтің Мұстафа Шоқайдың Тәуелсіздік күрес жолын тарихи хронологиялық негізде көркем тілмен баяндап шыққан еңбегінің шоқайтанудағы мәні даусыз. 1941 жылдың 22 маусымында Берлиндегі орыс эмигранттары жаппай тұтқындалды. Олардың арасында Шоқай да бар еді. Гитлер үкіметі оған Түркістан легионын

басқару туралы ұсыныс жасады. Бұл легионның мақсаты Германия протектораты болып табылатын Үлкен Түркістан мемлекетін құру болатын. Мұстафа бұл ұсыныстан бас тартты.

Ол 1941 жылы 27 желтоқсанда Берлин қаласында жұмбақ жағдайда қайтыс болды. Мұстафа бәрінен бас тартып, бұл іске мүлде қатысы болмаса да, Сталин Түркістан легионын құрған Шоқай деген көзқараста болды. «М.Шоқай өзінің туған елі қазақ халқының тәуелсіздігін Түркістанда көне замандардан бері қатар тұрып келе жатқан туыстас өзбек, қырғыз, түркімен және басқа халықтардың тәуелсіздігінен бөліп алып қараған емес. М. Шоқай үшін Түркістан халықтарының тұтастығы мен Түркістан халықтарының еркіндігі – бірінсіз бірі жоқ егіз ұғымдар болған», - дейді тарихшы М. Қойгелді. Ол Түркістандағы бауырлас халықтар бір болғанда ғана ірі боларын, ірі болғанда ғана тірі қаларын ойлаған еді. Түркістан деп шырылдағанда қандай халықтарды, қандай өлкелерді айтқан дейтін болсақ, ол кісі жалпы Түркістанды Батыс Түркістан, Шығыс Түркістан және Оңтүстік Түркістан деп үшке бөлген. Шығыс Түркістан – қазір Қытайға қарайтын Шыңжаң, Оңтүстік Түркістан – қазір Ауғанстанға қарасты аумақ, Батыс Түркістан немесе Ұлы Түркістан – Орта Азия мен Қазақстан. М.Шоқайдың арпалысып жүргені осы – Ұлы Түркістанды құру. 1936 жылы Берлин қаласында Еуропада жүрген Түркістан жастарының алдында сөйлеген сөзінде ол былай дейді: «Бүгін Қазақстан, Қырғызстан, Қарақалпақстан, Түркіменстан һәм Тәжікстан деп, жат үкімет күшін алтыжұмхұриетке бөліп тұрған Түркістан – бөлінбес, айнымас бір өлке. Халқының қаны бір, тілі бір, діні бір. ... Бәріміздің құбыламыз – өзіміздің ата жұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат... Түрік халқы – батыр халық. Түрік халқы – арыстан ер халық. «Кімнен таяқ жегендей біздің түріктің баласы, алдырып жүрген дұшпанға ауызының аласы». Бұл нақыл сөзді ұмытпауымыз керек. Мұстафаның досы, Украинаның бұрынғы сыртқы істер министрі, профессор А. Шульгиннің: «Мұстафа – Бей мемлекеттік ірі қайраткер, аса көрнекті жазушы әрі журналист болды, бірақ, ол бәрінен бұрын өте тартымды адам еді, өзіндігі мол тұлға еді. Мұстафа – Бейді Түркістансыз көз алдына елестету мүмкін емес. Иә, ол өзінің жүрегімен де, өз Отанын, оның өткендегісі мен қазіргі сүрең келбетін бір минут та ұмыта алмайтын. Әйтсе де өзінің дәстүрлеріне адал күйінде қала отырып, ол өз бойына мейлінше әртүрлі адамдарды және бір-бірлеріне түсініксіз дерлік халықтарды өзара байланыстыра алатын әрі байланыстыруға тиісті аса бағалы, адамдық қасиеттердің бәрін дарыта білген еді», — деген сөзі толық дәлел. Шоқайұлының тағы бір досы, бұрынғы Мемлекеттік Думаның мүшесі және Грузия Сыртқы Істер министрі А. Чхенкели былай дейді: «Біз құрған «Кавказ, Түркістан және Украина халықтарының достығы» қоғамында ол, әрине, елінің кеңдігіне қарай тиісті орын алды. Мұстафаның Париждегі, Лондондағы, Женевадағы және Батыстың басқа да орталықтарындағы қайраткерлік қызметі сан түрлі әрі

жемісті болғандығы соншалық, олардың бәрін санап шығу мүлде мүмкін емес. Ол менің күткенімнің бәрінен асып түсті, далалық азиатты нағыз халықтың көсеміне айналды. Ол өте сабырлы әрі бірқалыпты еді, бірақ жүрегі ыстығырақ болатын, қашан да өзінің жеке басының қауіпсіздігін ойламай жақындарына жәрдемдесуге құлшынып тұратын. Совет-Герман соғысы кезінде ол соғыс тұтқындарының бір лагерьде өзінің батылдығымен, немістер еврей деп есептеп, атуға кескен бірнеше ондаған грузин жастарын атудан аман алып қалған. Ол өз өмірін қауіпке тіге отырып, кешірілмес қателікті түсіндіру арқылы үкімнің орындалуын тоқтата алды. Міне, біздің Мұстафа осындай тағылық уақытта өмір сүріп, күресе білді. Енді сен, жоқсың, қымбатты досым, бірақ біз де одан жақсы дәуірде өмір сүріп жатырмыз дей алмаймын. Ал сенің есімің мен идеяң қашан да біздің арамызда халықтарымыздың достығының символы болып қала береді»... Міне, Мұстафа – Бей Шоқайұлының иман, парасат ұялаған көлдария жүрегін, ұлы тұлғасын осы жолдардан-ақ терең сезінуге болады. Бүгін бізге Мұстафа – Бей Шоқайұлының және онымен пікірлес, халықтың бағына туған көксерек топтың тағдырларын ойлап орынғаннан пайда жоқ. Алтын құрсақты айналайын халқымыз ара-кідік болса да алыптарды тумай тұра алмайды. Ендігі үміт соларда... Олар ат жалын тартып мініп, билік тегершігін қолына алып, бізді қыранға шығарып самалдатқанша, бәрібір Мұстафа Шоқайұлын егіле еске алуды қоя алмайтынымыз және ақиқат. Ақиқат жаршшысы, ұлт жанашыры бола білген ерекше тұлға туралы зерттеу жұмыстары алдағы уақытта да жалғаса береді, сөйтіп тың туындылар шоқайтану ілімін толықтыра түседі, оқушыларын қуанта береді деп сенеміз.

Жоғарыда көрсетілген деректер Мұстафа Шоқайдың әлемдік деңгейдегі саяси қайраткер ғана емес, дарынды тарихшы ретінде тарихтың зерттелу деңгейін қаншалықты терең білетіндігін және талдай алатынын көрсететін еді. Қорыта айтқанда, Мұстафа Шоқайұлы өзінің еңбектерінде Кеңес өкіметінің саясатының патшалық Ресейдің отаршылдығынан айырмашылығы жоқ екенін дәлелдеп көрсетті. Міне, осы шындық күрескердің саяси қызметінің нысаны болды. Ол Орта Азия мен Қазақстандағы отаршыл саясат туралы әділ, объективті көзқарас қалыптастыруға барын салды. Мұстафа Шоқайдың тарихи мұралары – ақиқаттың көзі тарихтың бұлтартпас дерегі екені даусыз. Болашақта Мұстафа Шоқайдың еңбектерін, артында қалдырған тарихи мұраларын тереңінен зерттеп, оны зерделеу басты мақсатымыз болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер :

1. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 1- т. – Алматы: Қайнар баспасы, 2007.
2. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 2- т. – Алматы: Қайнар баспасы, 2007.

3.Абдуқап Қара Мұстафа Шоқай өмірі,күресі,шығармашылығы
Арыс баспасы –Алматы 2004

ӘОЖ 801.82:950 (574)

МҰСТАФА ШОҚАЙ ХАТТАРЫ – ТАРИХИ ДЕРЕК РЕТІНДЕ

Бектұрғанов Қ.Б.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті
Қостанай қ., Қазақстан

Түркі халықтарының азаттық үшін арпалысының мән-мағынасын, өткені мен келешегін айқындауда Мұстафа Шоқайдың алатын орны ерекше. Кеңес Одағының құрамындағы тәуелсіздігі жолында өмірін сарп еткен толағай тұлғаның соңында қайраткерлігі мен ғұламалығына, мәмілегерлігі мен шешендігіне, дүнетанымы мен идеялық мақсат-мұраттарына, адамгершілік биік қасиеттеріне тірі куә іспеттес аса құнды шығармашылық мұрасы қалды.

М.Шоқайдың 1922-1941 жылдары аралығында жинақтаған жазбалары мен кітаптарын жұбайы Мария Яковлевна 1953 жылы қазіргі «Жаңа Сорбонна – Париж III» университетінің Шығыс тілдері мен өркениеттері институтының университет аралық кітапханасына тапсырады [1, 177 б.]. Шығыс тілдері мен өркениеттері институтының кітапханасында М.Шоқайдың 250-ге тарта кітаптары мен түрлі жазбалары тапсырылған. Оларды Э.Лаззери 1977 жылы реттестіріп, жіктейді. Мұстафа Шоқай мұрасының құнды бөлігі 10 қорапқа салынып, әрбір қораптағы материалдар тақырыбына орай бірнеше папкаларға бөлінеді. Алайда қораптағы сан реті ондағы материалдардың хронологиясымен сәйкес келе бермейді.

Мұрағаттың маңызды бөлігі корреспонденциялар болып есептеледі. М.Шоқайдың жеке мұрағаттық қорынан алынған хаттар шоқайтануға берері мол дүние екендігін ерекше атаған жөн. М.Шоқайдың хаттары оның жалғыз қазақ халқы емес, бүкіл түрік халықтарының көрнекті қайраткері екендігіне көз жеткізеді, өмірі мен қызметінің бұрын белгісіз жақтарын аша түседі.

Байдаулет Дабылов М.Шоқайдың немере інісі [1, 184 б.]. Ташкентте білім алған. Бұл екі туысқан арасындағы хаттарда ел-амандығы сұралады. Сонымен қатар, Түркістан өлкесіне байланысты шығарылған кітаптарды сұратып отырған. Мұстафа Шоқайдың Ножан сюр Марн қаласынан 1927 жылдың 3 мамырында жолдаған хатында «алдағы күндері Қызылорда қаласында «Тар жол, тайғақ кешу» деп аталатын кітап шығуы тиіс. Осы кітапты және Абайдың кітаптарын таба алсаң, маған жіберші», - деп өтініш білдіреді. Осы деректе Сәкен Сейфуллиннің әлі жарыққа шықпаған кітабын сұратқаны арқылы М.Шоқайдың С.Сейфуллиннің өзімен немесе қазақ қайраткерлерімен байланыстың жақындығын байқауға болады.

Ауылдағы інісі Мұртазадан жарты жылдан бері хат келмегендіктен, осы Байдаулет арқылы байланысқа шығуға тырысады. 1927 жылдың қыркүйек айында М.Шоқайдың жолдаған хатында [2, 77 б.]: «Ленинградтан сенің атына 40 рубль аударылатын болады. Осы қаражатты өз атынан Мұртазаға жіберуің тиіс және маған Т.Рысқұловтың «Революция и коренное население Туркестана» атты кітабын маған салып жіберші», - деп тағы да кітап сұратады. Т.Рысқұловтың «Революция и коренное население Туркестана» атты кітабы 1925 жылы Өзбекстанда өзбек тілінде жарық көрген болатын. Кітапта Түркістан халқы туралы құнды мәліметтер берілген. М.Шоқайдың бұл кітапты сұратуы кездейсоқтық емес.

Байдаулет Дабыловтың ағасы Мұстафаға Ташкенттен 1927 жылдың соңына қарай жіберілген хатында [2, 78 б.]: «Сіз жіберген қаражатты Мұртазаға жібердім. Алдағы уақытта маған ешнарсе жібермеңіз», - деп баяндайды. Деректе немере інісі Байдаулеттің «...Алдағы уақытта маған ешнарсе жібермеңіз» дегені осы уақыттағы «Мұстафамен байланыстылығы үшін» деген науқанның белең алып жатқандығын көрсетеді.

1928 жылдың 2 ақпанында Мұстафа Шоқай Ножан сюр Марн қаласына Б.Дабыловқа келесі хатын жолдайды. Бұл хатта [2, 79 б.] «За партию» журналының қазан айында шыққан №2 санын салып жібер», - деп өтініш білдіреді. М.Шоқай елдегі туысқандары арқылы да осылай байланыс жасап отырған. Осы арқылы Түркістан өлкесіндегі саяси жағдайдан хабардан болып, өз мақалаларында елдегі жағдай туралы жазып отырған. Мұстафа Шоқай мен немере інісі Байдаулетпен жазысқан хаттарын саралай келе, Мұстафаның інісі Мұртазамен байланыстағы негізгі көпір екенін түсінуге болады.

Байдаулет Дабыловпен хат алысуы Кеңес Одағының М.Шоқайдың елдегі байланысын жою мақсатындағы «Франц» операциясы негізінде жойылады.

Мұстафа Шоқай тек түркістандықтармен ғана емес, еуропалық қоғамдық ұйымдар мен ұлт қайраткерлерімен де хат алысып отырған. Сондай хаттардың бірі 1931 жылдың 20 ақпанында Польша экспертiне жазған хаты [3, 211 б.]. Бұл құпия түрде жазылған хат. Хатта тарихи дерек ретінде, әдейі бүркемеленген қала, мекеме, журнал және адам аттары берілген. «Кездесетін жеріміз – М.Т біздің орталықтың соңғы шешімін айтуы тиіс», - деп жазады М.Шоқай. Мұстафа Шоқай польшалық экспертке осы уақытта Германияда шығатын «Яш Түркістан» журналын өзі тұратын Ножан сюр Марн қаласына көшіруді ойлағанын жазады. Ножан сюр Марн қаласына көшірудегі мақсаты журнал беттеріндегі қателіктердегі жою болатын. Берлинде шығатын «Яш Түркістан» журналына түркістандық жастар А.Оқтай мен Т.Шағадай редакторлық жасайтын. Тәжірибенің аздығына байланысты көп жағдайда А.Оқтай мен Т.Шағатайдан М.Шоқайға кейбір басылып шығатын мақалаларды түзету жөніндегі өтініш хаттар көп келетін еді. Алайда бұл ойлағаны қаржылық қиындықтан жүзеге аспайды.

Бұл қалада журналдың бір басылымы 4000 фр. тұрады. «Сіз білсеңіз, біздің жалпы қорымызда 4. 275 фр. бар. Яғни, біз үшін ескі орында жұмысты жалғастыра беру тиімді болмақ», - дейді М.Шоқай. Хатты тарихи дерек ретінде пайдалануда Парижде басылып шығатын журнал құнын және осы уақыттағы қордағы қаражат көлеміне анықталады.

30-жылдардың соңына қарай М.Шоқайға елден газет-журналдар кешіктіріліп, тіпті жарыққа шыққан уақытынан жарты жылдан кейін келе бастайды. Бұл Түркістан көсеміне өз кедергісін тигізбей қоймайды. Осы уақытта М.Шоқайдың елмен байланысын тоқтату мақсатында Сталиннің өзі Қазақстанда шығатын «Ақ жол» газетін жабуға бұйрық береді. Міне, осындай қиыншылықтан елмен байланысы үзілген М.Шоқай 1938 жылы 14 ақпанда Парижден тағы да аты-жөнін жазырып, құпия түрде хат [3, 287 б.] жазады. «Соңғы уақытта Түркістан өлкесінен мерзімді басылымдар өз шыққан уақытынан араға айлар салып келуде, тіпті Түркістан үшін маңызды саналатын «Правда Востока» газеті жарты жылдан бері келген жоқ», - деп жазады М.Шоқай. Хатта аты-жөні жазылмаған кісіден келесі газеттерді жіберуін өтінеді: «Казахстанская правда», «Кзыл Узбекистан», «Советская Киргизия», «Коммунист Таджикистана», «Әдебиет майданы». М.Шоқай жазған хатында ақпан айында келген мерзімді басылымдарды көрсетеді: 1937 жылы 12-24 желтоқсандағы шыққан «Туркменская Искра», 1937 жылы 10-21 желтоқсандағы «Социалистік Қазақстан». Қандай болсын деректің шынайылығын тексеру үшін автордың ақпаратты қайдан алғанды маңызды. Хаттағы көрсетілген Түркістан өлкесіндегі мерзімді басылымдар М.Шоқайдың негізгі дереккөзі болғанын көрсетеді.

Мұстафа Шоқай Кеңес Одағындағы мұсылман халықтары жөнінде жүргізіліп отырған этноцидтік, геноцидтік саясатты әшкерелеп, Батыс елдерінде қоғамдық пікір туғызуға тырысты. Осы көздеген мақсатына да жете білді. Себебі Батыс елдерінің мемлекеттік қоғам қайраткерлерінен, тарихшы-ғалымдарынан, шығыстанушылардан мақала жазу жөніндегі ұсыныстар, қызықтырған тақырыптары бойынша кітаптар жіберуді өтінген көптеген хаттар келіп түскен.

В.Гаврилов Мұстафа Шоқайға 1934 жылы 8 қаңтардағы хатында [4, 120 б.] «Біз Құбылай ханның тікелей ұрпағы полковник Тутоломилин екеуміз Түркістан өмірін жақыннан білгіміз келеді, іс жүзінде білу үшін әдебиеті туралы мәлімет беруді Сізден өтінеміз», - деп жазады. Бұл хат Бельгия мемлекетінен жолданған. Себебі, хаттағы «Біз Бельгияда тұрамыз», - деген жолдар дәлел бола алады. Бұл дерек М.Шоқайдың әлем жұртшылығы алдында Түркістан мәселесі бойынша басты информатор екендігін көрсетеді.

1936 жылы 28 ақпанда Дмитрий Федотов-Уайт М.Шоқайға арнап хат жазады. Дмитрий Федотов-Уайт – ақ эмигрант. М.Шоқайды А.П.Демидов арқылы таниды. Автор М.Шоқайға жазған хатында [4, 128 б.] қазіргі кезде орыс отарлауы дәуіріндегі Түркістан тарихы бойынша кітап жазумен

шұғылданып жүргендігін баяндайды. Осыған орай «Ресейдің Түркістанға басып кіруі, оның әртүрлі кезеңдері жайлы, Түркістан халқының орыс өкіметіне деген көзқарасы туралы мағлұматтар мен үшін – ерекше қызық», - деп жазады Федотов Уайт. Автор өзінің тақырыбы жөнінде қысқаша тоқталып, М.Шоқайдан Тахир Шакирдің «Түркістанның мақта шаруашылығы» атты кітабы тауып беріп, өзіне жіберуін өтінеді. Мұстафа Шоқайға көрсеткен көмегі үшін қаржы беріп отырған. «Егер сомасын көрсетсеңіз, кітаптың құны мен оларды жөнелтудің шығындарын аударуға дайынмын», - деп жазғаны дәлел бола алады.

Мұстафа Шоқай Ф.Уайт өтінішіне жауап ретінде Ножан қаласынан 1936 жылы 19 наурызда хат жазады. Хатта [5, 330 б.] Ф.Уайтты қызықтырған тақырыптар жөнінде жазылған кітаптарға тоқтала кетеді. «Революциядан кейінгі басылған, бертіндегі кітаптар бар. Бірақ оларда жергілікті халықтың орыс өкіметіне деген көзқарасы объективті түрде сипатталмаған», - деп жазады Мұстафа Шоқай. Большевиктік көзқарастағы тарихшылар шындықты бұрмалаған. Олар таптық бөліну бастауларын оның иісі де жоқ жерден көреді. Хат соңында Мұстафа Шоқай Масальскийдің «Түркістан өлкесі» мен Бартольдтың «Түркістандағы мәдени өмір» деген кітаптарды «Түркістан туралы ең қомақты кітаптар», - деп, осы кітаптарды қарауға кеңес береді.

Кеңес үкіметінің Орта Азияға, соның ішінде Түркістан өлкесіне жүргізіп отырған саясатын жария ету үшін М.Шоқай батыс елдерінің қоғам қайраткерлерімен байланыс орната бастайды. Байланыс орнату арқылы Кеңес үкіметіне қарсы күресінде одақтас іздеу болатын. М.Шоқайды батыс жұртшылығы Кеңес үкіметінің саясатын білу үшін баяндама жасауға шақыртулар жібереді. 1933 жылы 13 наурызда «Royal Central Asian» қоғамынан шақырту хаты [5, 188 б.] келеді. «Ең қолайлы күн 29 наурыз, бірақ Сізге қай күн ыңғайлы болады, сол күнге ауыстырамыз. Орталық Азия туралы біздермен әңгіме өткізсеңіз», - деп қоғам хатшысы М.Н.Кеннеди өз өтінішін білдіреді. Осы хат негізінде М. Шоқай 29 наурызда «Корольдік Азия қоғамында «Түркістан большевиктік диктатураның 15 жылғы билігінен кейін» деген баяндама жасауға келіседі. Деректің сюжеті М.Шоқайдың Ұлыбритания еліндегі жеке басының дәрежесін анықтайды.

Мұстафа Шоқайдың Ұлыбританияға баруына түрткі болған батыс жұртшылығының Түркістан өлкесі жөнінде қызығушылықтары болатын. Мұстафа Шоқай Ұлыбритания мемлекетіне 1933 жылы тағы да келетін болды. Бұл екінші келуі болатын, еске салатын болсақ, 1929 жылы В.Д.Алленнің өтініші бойынша келген еді. М.Шоқай Лондонға 1933 жылдың 23 наурызында келеді. Халықаралық қатынастар жөніндегі Король институтында «Кеңес Одағы және Шығыс Түркістан» деген тақырыппен баяндама жасайды. Халықаралық қатынастар жөніндегі Король институты жабық мекеме болатын. Институтқа мүшелікке қабылдаудың өзі ағылшындар үшін де шектеулі болатын. Г.Ровен «институт жарғысы

бойынша шетел азаматтарына мәртебелі жағдайына орай ғана ондағы кездесулерге рұқсат беріледі», - деп 1933 жылдың 17 наурызында М.Шоқайға жолдаған хатында [6, 386 б.] жазған болатын. Бұл М.Шоқайға көрсетілген құрметтің бірі екендігіне көзіміз жетті.

Халықаралық қатынастар жөніндегі Король институтында М.Шоқай Шығыс Түркістандағы ахуал, кеңес-жапон қатынастары жөніндегі сұрақтар қойылады. М.Шоқайдың Халықаралық қатынастар жөніндегі Король институтында жасаған «Кеңес Одағы және Қытай Түркістаны» атты баяндамасы «Шығыс Түркістанды жаулап алу» [7, 18-19 б.] деген атпен Лондонның «The Slavonic and East European Review» деген әлем жұртшылығына белгілі танымал журналында жарияланады. Бұл М.Шоқайдың Түркістан мәселесін халықаралық деңгейге көтеру жолында жеткен жеңістерінің бірі болып саналады.

М.Шоқайдың жазысқан хаттары – шоқайтанушылар үшін құнды дерек. Хаттарды тарихи дерек ретінде пайдалану арқылы көптеген сан алуан мағлұматтар алынды. Осы хаттарды оқи отыра, М.Шоқайдың батыс елінің саясаткерлерімен, көрнекті ұлт қайраткерлерімен, тарихшы-ғалымдарымен байланысқа түсу арқылы Түркістан мәселесін әлемдік деңгейге көтергенін байқаймыз.

Түркістанда орнаған кеңестік биліктің отаршыл сипатын тани білген, ғұмырын олармен ымырасыз күреске арнаған саяси эмигрант, қоғам және мемлекет қайраткері М.Шоқайдың эпистолярлық мұрасы терең талдауды қажет ететін, өзіндік ерекшелігі мол дереккөзі. Хаттардың хронологиялық шегі 1917-1941 жылдар аралығын қамтиды. Хат мәтіндері орыс, ағылшын, француз және шағатай тілдерінде жазылған. Хаттарды оқи отырып, М.Шоқайдың жоғары мәдениет иесі, жан дүниесі таза гуманист екендігін, оған қандай да болсын пендешілік қасиеттердің жаттығын ерекше атау لازым. Ол отаршылдыққа, бір халықтың екінші халыққа үстемдік жүргізуіне бүкіл болмысымен, жан-жүрегімен қарсы күресті. Мұндай адам фашистік идеологияға бүйрегі бұрды деудің ешбір қисын да, негізі де жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Есмағамбетов К. Л. Әлем таныған тұлға. – Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2008. – 504 б.
2. Шоқай М. Эпистолярлық мұрасы. 2 томдық / Құраст. Ғ. Исахан. – Алматы: «СаҒа» баспасы, 2006. 1-том. – 424 б.
3. Шоқай М. Эпистолярлық мұрасы. 2 томдық / Құраст. Ғ. Исахан. – Алматы: «СаҒа» баспасы, 2006. 2-том. – 372 б.
4. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2014. X том – 612 б.
5. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2014. XI том – 544 б.

6. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2014. XII том – 474 б.
7. Есмағамбетов К. Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасы. // Қазақ тарихы. – 2007. - № 5. – 17-23 б.

ӘОЖ 341.231:950 (574)=943

МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ИДЕЯЛЫҚ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Әбікенова С.М.

Қармақшы ауданы №79 негізгі
мектеп директоры

Мұстафа Шоқайдың саяси көзқарастары қалыптасқан кез XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында орыс патшалығының отарлық саясаты барлық тұста нақты сезіліп, отарлық саясаттың күйреуінің факторлары түсінікті бола бастаған уақытпен тұспа – тұс болды.

Мұстафа Шоқайдың саяси көзқарасының қалыптасуына оның патшалық Ресейдің отаршыл саясаты әсерінен өз халқының жойылып бара жатқанын терең түйсінді, 1905 жылғы орыс революциясы, 1908 жылғы Түрік революциясы, «Жаңашыл ағымдар», «Жәдидшілдік», А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов және тағы басқа сияқты саяси қайраткерлермен араласуы зор ықпал етті. Мұстафа Шоқайдың саясаткер ретінде қалыптасуына Ресейдегі социал – демократиялық, революциялық – демократиялық қозғалыс үлкен рөл атқарды, оның басшыларымен М. Шоқай төңкеріске дейін, Петербургте оқыған жылдары танысқан еді.

Бұдан ары М. Шоқай бүкіл Түркістан мұсылман халықтарының ұлттық өзін - өзі анықтауы үшін біріккен күресін басқарады. 1917 жылғы қарашада Түркістан автономиясын жария еткен ІҮ Бүкілтүркістандық төтенше мұсылман съезі М. Шоқайды үкімет мүшесі сайлайды, артынша ол демалысқа кеткен премьер – министр М. Тынышпаевтың орнына келеді. Осының алдында Ташкенттегі Кеңес үкіметі Кеңес құрамында жергілікті халық өкілі болуын жойып тастаған еді. Ол сондай-ақ мұсылман съезінің шешімін де мойындамады, сөйтіп 1918 жылдың басында «Қоқан автономиясына» қарсы шабуыл ұйымдастырады.

Ол кезеңде қазақ автономиясы да мойындалмады. РСФСР үкіметі тек кеңестік негіздегі автономияны мойындады. 1917 жылғы желтоқсанда Орынборда өткен ІІ Бүкілқазақ съезінде Ә.Бөкейханов жетекшілік еткен Алаш Орда ұлттық үкіметі құрылып, оның құрамына Мұстафа Шоқай да кіреді.

М.Шоқай өзінің еңбегінде 1916 жылғы көтерілісті “Түркістан ұлттық төңкерісінің ...жалпы алғанда орыстыққа Ресейге қарсы әлішпесі” ретінде бағалай келіп былай деген еді: “Отарлардағы ұлттық қозғалыстарды пролетариат төңкерісіне әкелу үшін, лениндік қағида бойынша “ұлт ішіндегі таптық құрылыс пен таптық күрес жетілген болуы керек”. Бұл Түркістанда жоқ еді. Екіншіден, “каналашы және қанаушы ұлттар пролетарлар табының арасында достық және туыстық байланыстар орнатылуы тиіс” делінсе Түркістанда мұндай жағдай патшалық дәуірде Лениннің тірі кезінде де болған емес. Бүгінде жоқ. Атамекеніміз Түркістан Мәскеуге күшпен бағындырылғаннан бері Түркістанның ұлттық пролетары мен орыс пролетары арасында ешқандай бір достық, жақындық болған жоқ. Және болуы да мүмкін емес. Большевик суайттары өз көсемдері Лениннің төңкеріс хақындағы теорияларын да көпе-көрнеу бұрмалап отыр”[2].

Қазақ интеллигенциясының 1916 жылғы көтеріліске байланысты тарихи көзқарастарын зерттегенде тағы бір назар аударатын мәселе – осы ірі тарихи оқиғаның ұлт-азаттық қозғалысында алатын орны. Бүгінде еліміз тәрізді тарихымыздың да тәуелсіздік алуына байланысты Мұстафа Шоқайдың осы мәселе жөніндегі көзқарасымен нақты танысуға мүмкіндік алдық.

Ақпан төңкерісіне байланысты Әлихан, Мұстафа, Міржақып атынан “Алаш ұлынан” деген атпен “Қазақ” газетінің 1917 жылғы 225-ші санында жарияланған үндеуде “ескі үкіметті аударып тастаған орыс әскері хәм жұмысшылары” болып табылатыны атап көрсетілді [3]. Арада біраз уақыт өтіп, 1916 жылғы көтерілістің 10 жылдығына байланысты Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатов 1917 жылғы оқиғалармен байланыстырмай, 1916 жылғы көтерілісті дербес оқиға ретінде қарастырады. Осы көзқарасты Тұрар Рысқұлов та ұстанып “Қаруланған орыс шаруаларының қазақтардан өш алуы 1917-1919 жылдары да жалғастырғанын “атап көрсетті.

Бүкіл түркі жұртына қалтқысыз қызмет еткен біртуар тұлға Мұстафа Шоқайдың өмір жолы осындай. Ал оның ұлт жауларымен күрес жолы қалай болған еді? Біздің түсінігімізше, М. Шоқай өнегесінің құндылығы халқымыздың жүріп өткен жолын, әсіресе ХХ ғасырдағы тағдырын жаңа тарихи контексте қорытуға, сол арқылы бүгінгі жағдайымызды, ұлттық мүддемізді тура және жаңа сапада түсінуге түрткі болуында. Ал осы жаңа тарихи контексте дегенде алдымен ойға оралар ғылыми және тарихи ұғым – «Түркістан» немесе «Түркі елі» идеясы. Олай дейтініміз, Мұстафа Шоқайды тек қазақ жұртына ғана теліп, оның қызметін бүгінгі азат Қазақстанның тарихи мүддесімен ғана байланыстырар болсақ, онда Мұстафа Шоқай феноменін, ол көтерген мәселені дәл басып түсіндіре асмас едік. Өйткені М. Шоқай Қазақстан, қазақ елінің тәуелсіздігін, Түркістанды көне заманнан бері атамекен еткен басқа халықтардың тәуелсіздігінен бөліп алып қараған емес. М. Шоқай үшін Түркістан тұтастығы мен Түркістан еркіндігі егіз ұғымдар.

Ал Ресейлік езгіден құтылу Түркістан халықтарына біртұтас тәкелсіз мемлекеттер федерациясын құруға жол ашумен бірдей.

Олай болса, әуелде «Түркістан» деген ұғымның мазмұны және оның қайтадан жаңғыруы жөнінде. Бұл ретте алдымен санаға оралатын ой «Түркістан» деген ұғымның кешегі, яғни 1917 жылғы қазан төңкерісіне дейін ғылыми әдебиетте, мерзімді басылымда, күнделікті әкімшілік құжаттарда нақты әрі ешқандай да күмән тудырмсайтын ғылыми, саяси, теориялық және мәдени ұғым болып келгендігі. Ал Кеңестер Одағы құрамында Түркістан атауы уақытша болса да жойылып, тек КСРО ыдыраған соң Түркістан ұғымының қайта жаңғыруына да М. Шоқай мұрасы түрткі болып отыр.

Көп ғасыр тұтастығы бұзылмай, белгілі кезеңдерде қайта жаңғырып келген Түркістанға ХҮІІІ – ХІХ ғасырларда жеткен орыстық отарлық билік экономикалық және мәдени жаңғыру алып келген жоқ. Өзінің бірнеше мың жылдық тарихында отарлық биліктің талай түрін басынан өткізген Түркістан, ресейлік билік әкелгендей озбырлықты көрген емес. Саяси өмірде бүкіл жергілікті билік отаршыл әкімшіліктің қолына ауысты. Ресей империализмі мұнда біржола орналасу әрекетіне көшті, яғни ішкі ресейлік губерниялардан қоныс аударып келген орыс және басқа еуропалықтар біртіндеп сандық тұрғыдан Түркістан халқының басым бөлігін құрып, орыс билігінің жергілікті тірегіне айналдыруға тиіс болды. Ал түркістандықтар әлемдік өркениеттен тыс қалған «түземдіктер» есебінде өзінің «қарабайыр» өмір салтынан, тіршілігінен бас тартып, орыстану жолына түсуі керек еді [4].

Мұстафа Шоқай өз ретінде қазақ жұртының Түркістан автономиясы құрамында болғанын жақтады. Қорыта айтқанда қазақ саяси россиялық басқа түркі-мұсылман жұрттарының зиялылығымен бірге өз халықтарын болашақ Россия Федерациясының құрамында көрді” [5].

Осылайша Ә.Бөкейханов түпкі мақсат-қазақ жерінің ұлттық-территориялық автономиясына қол жеткізу болып саналатынын нақты атап көрсете отырып алайда оған жететін әртүрлі тактикалық амалдарды қарастырды.

Объективті кедергілер де аз болған жоқ. Олар туралы Мұстафа Шоқайдың өзі былай дейді: Біздің алдымызда екі мықты тосқауыл тұрды. Бұлардың бірі- ұлттық қозғалысымыздың басты дұшпандары болса, екіншісі- өзіміздің қоршауда қалғандығымыз және елді топтастыруға тәжірибесіздігіміз.

Бүкіл ақпараттық құралдарды қолына шоғырландырған метрополия еуропалық қауымдастықтың көз алдында Түркістанның жергілікті жұрты жөнінде жаңа техника мен технологияны, қоғамдық қатынастар мен мәдениетті қабылдауға құлықсыз, оған қарсы «түземдіктердің» бейнесін жасап, ал өзін тіптен мұнда, яғни Түркістанға еуропалық мәдениет пен өмір салтын әкеліп енгізуші етіп көрсетуге тырысты. Ежелгі замандардан әлемдік орталықтармен тікелей байланыста болып келген Түркістан енді басқа батыс және шығыс елдерімен тек Ресей арқылы ғана қатынаса алатын еді. Енді ғана өнеркәсіптік даму жолына түскен Ресей болса Түркістанды тек арзан шикізат

көзі және өзі өндірген тауарларды өткізетін рынок деп білді. Міне, осындай жағдайда Түркістан 1917 жылғы төңкеріске жетті.

XX ғасырдың басы жеке түркі халықтарының өздерінің дербес ұлттық мемлекетін құруға ұмтылушылығымен сипатталады. Мұндай тенденция қазақ, татар, башқұрт және басқа халықтардың зиялыларының саяси қызметінен анық байқалады. «Алашорда» мен «Еркін Башқортстан» соның көрінісі болатын. Жеке түркі халықтарының дербес мемлекеттікке ұмтылуы олардың бірнеше ғасырлық жетілуінің нәтижесі болатын.

Бұқара халық тұрмақ 1917 жылғы революцияны қолдауға жергілікті халық арасынан шыққан көзі ашық, аса білімді Мұстафа Шоқай тәрізді белсенді саяси қайраткерлердің өзі де жеткілікті деңгейде даяр емес еді. Түркістанның азаттығы жолындағы ұлы күрескер Мұстафа Шоқай осы орайда былай деп жазған еді: «революция бізге еркіндік пен ұлттық белсенділікке жол ашқандай көрінді. Бірақ ұзақ жылдар қараңғыда отырған кісінің жарыққа шыққанда көзі қамасатыны сияқты, талай заманнан бері патшаның отарлық саясатының қапасында тұншыққан біз революция алып келген бостандықтың жарығына шыққанда, көзіміз қамасып, бірден тура жол тауып кете алмадық. Санамыздың қараңғылығы да көзімізді одан сайын қарықтырып, көп сандалдық. Дәрменеіздігіміз бір тобымызды орыс революцияшыл демократиясына еруге мәжбүр етті... Екінші тобымыз - көпшілігіміз, саяси табысқа дұғамен жетеміз дегенге сенетін... әрине, мұның екеуі де қате еді».

Тарихи шындық мынаны мойындауды қажет етеді. Большевиктерге Алашорда емес, керісінше большевиктер Алашордаға кедергі жасады. Мысалы, жоғарыдағы мақаласында М.Дулатов былай деп жазды: «Декабрь кезінде автономия ресми жарияланғанша уақытша қазақ-қырғыз істерін билеуге Алаш Орда сайланды. Алаш Орданың уақытша тұратын орны Семей болды.

Қазақ интеллигенциясының Түркістандағы ұлт-азаттық көзғалысын автономия алу көзғалысына айналдыруда М.Шоқайдың ерекше рөл атқарғаны белгілі. Бұл туралы Н.Терекұлов та атап көрсетеді.

М.Шоқай бұл жасаған тұжырымдарын анықтай түсіп, тарихи шындықтың терең қатпарына жетелейтін мынадай қорытындыға келген болатын: «Кейінірек құрылып, аз уақыт өмір сүрген түрлі ұлттық тәуелсіз үкіметтердің тәжірибесі бізге бір жағынан орыстың төңкерісшіл демократиясына деген жалпы сеніміміздің жаңсақтығын дәлелдеді. Ал екінші жақтан, ашығын айту керек, қандай да бір елде аз халықтың өз мемлекетін құрып, оны Ресей империялизмі шеңгелінен өз күшімен қорғай алуы секілді пікірдің де жаңсақ екендігін көрсетті» [5].

Көне Түркістан тарих көшінде әлденеше рет басынан өткерген өзара өзектес сәттердің бірін, яғни белгілі – бір кезеңде пайда болып енді ыдырап, тарих сахнасынан кеткен жат жұрттық империяның құрығынан құтылар жағдайды тағы да басынан кешіріп отыр. Мұндай тарихи жағдайда туатын

тарихи көп сауалдардың бірі «Түркістанның ендігі тағдыры қандай болмақ? Көп бұтақты түркі жұрты қайткенде тәуелсіздігі мен өзге елдермен теңдігін сақтай отырып, әлемдік өркениет жолына түспек?» Мұстафа Шоқай осындай сауалдарға жауап іздеп Түркістан халықтары үшін аса маңызды болуға тиіс тұжырымдар жасады.

Енді Мұстафа Шоқайұлын қоғамдық құбылыс ретінде өмірге әкелген тарихи шындық, тарихи орта жөнінде. Кез – келген этностың жер үстінде орын теуіп, халықаралық қатынастар жүйесінде өзіне тиесілі орнын табуы оның мемлекеттік дербестік қажеттілігін жалпы ұлттық көлемде ұғынып, ол үшін мақсатты әрекетке көше алу деңгейіне көтерілуіне тәуелді. Басқаша айтқанда, мемлекеттік дербестік сол этностың ұрпақтан ұрпаққа ұласқан үзіліссіз рухани ізденісінің, жасампаз игілікті еңбегінің, төккен терінің, тәуелсіздік үшін сан ұрпақ өкілдерінің төгілген қанының логикалық нәтижесі есебінде келмек.

Қаншама ғасырлардан бері мемлекеттік туралы айтылып, ол үшін қаншама қанды арпалыстар болып өткенімен, бұл әрекетке мақсаттылық, теориялық негіз беру Алаш зиялыларының қызметіне тұс келеді. Алаш қозғалысы халқымыздың өз зиялылары арқылы мемлекеттік дербестік, тәуелсіздік туралы тұңғыш рет саналы түрде мәселе қойып, сол үшін мақсатты әрекетке көшуі болатын. Мәселені ғылыми тұрғыдан қарағанда оның мұндай қырын айтпай кетуі мүмкін емес. Бұл ортағасырлық мешеулік пен орталық үстемдіктің құрсауында тұншыққан қазақ сияқты халық үшін жаңа мазмұндағы өркениетке көшу, ХХ ғасырда жаңа сападағы мәдениетке бет түзеген адамзаттың көшіне еруді мақсат етіп қойған табиғи ұмтылыс болатын. Сонымен бірге бұл құлшыныс қазақ жұртының дұрыс табиғи даму жолында тұрғандығының айғағы еді. Өкінішке орай, Алаш зиялылары бастаған қазақ жұртының бұл табиғи қай жаңғыруы, рухани түлеуі өзінің логикалық шегіне жете алмады, империялық, партиялық өктемдіктің жазықсыз құрбаны болып, тарих қойнауына енді.

Мұстафа Шоқайұлы осы ХХ ғасыр басындағы ұлт – азаттық және әлеуметтік қайта жаңғыру үшін басталған қозғалыстың көш басшыларының бірі еді. Сондықтан да ол кейін империялық зорлыққа қарсы көтерілгендігі үшін қуғын – сүргінге ұшыраған қайраткерлердің үлесіне тиген тағдыр тақсиретін бөлісті.

Кез – келген ірі қоғамдық – саяси қозғалыс басшыларының әрқайсысының мүмкіншіліктеріне сай атқарған міндетіне байланысты қозғалыс тарихында алатын орны болмақ. Мәселен, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатұлының ХХ ғасырдың бас кезінде ұлт – азаттық қозғалысты, оның жиынтық көрінісі болған Алаш қозғалысын теориялық және ұйымдық тұрғыдан даярлаудағы рөлі ерекше және оны бұл қозғалысқа ат салысқан басқа қайраткерлердің орнымен шатастыруы қиын. Сол сияқты Түркістан халықтарының, қазақ жұртының ХХ-шы ғасырдағы

ұлт – азаттық қозғалысы тарихында Мұстафа Шоқайұлының да тек өзіне тиесілі орны бар.

Алаш немесе ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі ұлт – азаттық қозғалыстың бірден көзге ілінер екі кезеңі болды. Бірі шамамен 1905 жылдан бастап Алашорда өкіметі құрылған 1917 жылдың желтоқсанына шейінгі аралықты қамтыса, екіншісі азамат және кеңестік билік біржола орнаған уақыттан бастап 20-шы жылдың соңы 30-шы жылдардың бас кезіндегі Алаш зиялыларын жазалау мақсатында ұйымдастырылған сот процестерімен аяқталды. Мұстафа Шоқай ұлт – азаттық қозғалыстың бұл екі кезеңінде де оның жетекшілік басшыларына лайық жұмыстар атқарды.

Бұл тарихи кезеңдердің алғашқысында ол патшалық, соңынан оның орнына келген кеңестік билікке қарсы ұлттық тәуелсіздік туын көтерген Түркістан және Алашорда өкіметтерін құруға тікелей атсалысса, соңғысында Еуропадағы Түркістандық эмиграцияның басшысы ретінде батыстық демократияның назарын өзіне аударып үлгірген сталиндік тоталитарлық жүйенің Түркістандағы саясатының отарлық мазмұнын ашып көрсетіп, өзінің жариялаған еңбектері мен үздіксіз шығарып тұрған басылымдары арқылы біздің тарихымызда бұрын болмаған жаңа мазмұндағы саяси қызметті бастап берді [6].

Алаш қозғалысына қатысушыларды «хандықты аңсаушылар» немесе байшылыдар етіп әлеуметтік тұрғыдан олардың жан дүниесін кедей де жұпыны етіп көрсетуге әдеттенген большевиктік немесе кеңестік авторлардың таптық біржақты көзқарастарының негізсіздігі осы М.Шоқайдың жан сырынан айқын көрініп тұр деуге болады. Өз ұлтына, Түркістан ұлттық қозғалысына жан-тәнімен белсенді қызмет ету - Мұстафаның ғана емес, онымен пікірлес болған сол тұстағы көптеген азаматтардың басты мақсаты болды және олар бұл істе манеапқұмарлықтан бойларын аулақ ұстады деп айта аламыз.

Мұстафа Шоқай Мемлекеттік Дума жанындағы фракция жұмысына 1916 жылығы Түркістандағы қайғылы оқиғаларға байланысты дума және үкіметтің тыңдауына арнайы баяндама даярлау барысында белсенді түрде қатысты. Баяндама даярлау А.Ф.Керенскийге жүктелген болатын. Қажет материалдар жинап қайту мақсатында А.Ф.Керенский 1916 жылдың күзіне қарай Ташкентке келіп қайтады. Онымен бірге келген Дума депутаттарының арасында М.Шоқайұлы да болды. Сол жылдың соңына қарай жағарғы билік орындарының назарына ұсынылған бұл өткір баяндаманы даярлауда М.Шоқайұлының да үлесі бар. Ақпан төңкерісін М.Шоқай Петербургте қарсы алды. 1917 жылы 20 наурызда ол Ә.Бөкейхан және М.Дулатұлымен бірігіп «Алаш ұлына» атты «Қазақ» газетінде жарық көрген қазақ еліне үндеуге қол қойды. Бұл үндеуде авторлар қазақ жұртын Уақытша үкімет шараларын қолдауға шақырды. Осы жылдың жазына қарай қазақ зиялыларының белсенді тобы майдандағы жұмыстан еліне қайтқан

түркістандықтардың мәселелерін шешуге атсалысады. Олардың арасында М.Шоқайұлы да болды.

М.Шоқай басқа түркістандық зиялылар сияқты ақпан төңкерісі нәтижесін үлкен ынтамен қолдап, уақытша үкімет билігі тұсындағы Түркістанда болып жатқан саяси оқиғаларға қызу араласты. 1917 жылдың сәуірінде бір жеті бойы Ташкентте өткен өлкелік мұсылмандар съезі Түркістан Өлкелік Орталық Мұсылман Кеңесін құрып, оның төрағасы етіп Мұстафа Шоқайұлын сайлайды. Бұл факті оған түркістан зиялылар тарапынан көрсетілген ең жоғары сенімнің көрінісі болатын. Осы оқиға жөнінде М.Шоқайұлы өзінің естеліктерінде былай деп жазды: «Аса маңызды Ұлттық Кеңестің төрағасы болу қуанышты жәйт болғанымен, Кеңес мүшелері арасында жас жағынан ең кіші болып саналатын менің бұл лауазымды иеленуім маған ауыр әсер етті. Себебі, бұл жағдай менің жеке қадір – беделімнің нәтижесі емес, біздегі зиялы қауымның аздығы және оған деген зәруліктің белгісі тұғын. Мен Түркістан ұлттық қозғалыс ұйымына ең соңғы әскер, қара жұмысшы ретінде қатыссам да өзімді ең бақытты жандардың санатына жатқызар едім».

Бұл қызметке қоса М.Шоқай осы жылы Ташкентте сырдария губерниялық басқармасының бөлім бастығы, Түркістан Комитеті жанындағы Өлкелік Кеңес мүшесі және басқа қызметтерді атқарады. М.Шоқай Түркістаннан тым жырақта болғанына байланысты кеңестік биліктің сол кездегі кадр саясатындағы көзге көріне бермейтін нәзік қырларын байқай алмай қалуы да ықтимал еді. Мәселен, 20-шы жылдардың ІІ жартысында Қазақстанда Жоғарғы биліктен түрлі айыптаулар тағылып ең қабілетті және беделді басшылар қуылып, олардың орнына Орталық биліктің және оның Голощекин сияқты эмиссарларының айтқанын бұлжытпай орындайтын функционерлер келіп жатты. Ол жөнінде Алаштың зиялыларының өкілі Мырзағазы Есполұлы 1929 жылы ОГПУ-ға берген көрсетуінде: «партиядан «ұлтшыл» немесе тағы бірдеңе деген айыптар тағылып ең қабілетті қазақтар қуылып, ал олардың орнын түкке тұрғысыз біреулер басып, солар арқылы қазақтар өздерін - өзі басқарып отыр деген пікір тарауда», - деп жазды [7; 192]. Бұл өте дәл және терең айтылған пікір болатын.

Бұл арада біз Түркістандағы кеңестік биліктің қызметіне байланысты М.Шоқайұлының назарына іліккен кейбір мәселелерге ғана тоқталдық. Мұстафа Шоқай өз заманында Түркістанда орнаған Кеңестік биліктің отаршыл сипатын қатесіз тани білген және онымен ымырасыз күреске ғұмырын арнаған, бұл күреске бұрын Түркістан халықтары тарихында болмаған жаңа мазмұн беріп, жаңа интеллектуалдық көкжиекке көтерген ұлы қайраткер болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Чокаев М. Туркестан под властью Советов. –Алматы, 1993.
2. М.Шоқай. Таңдамалы. –Алматы: «Қайнар», 1998. 2 томдық

3. Тәкенов Ә.С. Мұстафа Шоқайдың соңғы жазбалары //Түркістан -1996, 18,24 қыркүйек
4. Қойгелдиев М.Қ. Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқайұлы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1997.
5. Садыкова Б.И. Мустафа Чокай и тоталитарный режим большевиков (20-30-ые годы XX века) //Вестник КазГУ. Серия историческая. –Алматы, 2001. №1(20). –с.113-122.
6. Тұмабаев Т.С. Россия артында не қалдырды? //ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы. –Алматы, 2000. №1(16) -21-34-бб.
7. Бөкейханов Ә. Шығармалар. –Алматы, 1994.

ӘОЖ 329.73:37477:321:332.02:950 (574)

ҚОҢЫРҚОЖА ҚОЖЫҚОВТЫҢ АЛАШ ЖОЛЫНДАҒЫ МӘДЕНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Беккулиева Ә. С.

педагогика ғылымдарының магистрі,
Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану
музейінің бөлім меңгерушісі

Қоңырқожа Қожықов 1880 жылы Ақмешіт (Қызылорда) қаласындағы қазіргі Қоғалыкөл ауылында дүниеге келеді. Ол – қоғам қайраткері, ағартушы, ғалым. Қ.Қожықов Қазақ-орыс мектебін аяқтап, Ташкент мұғалімдер семинариясына түскен. Сырдария губерниясында мектеп инспекторы, қазақ-орыс училищесінің меңгерушісі, Түркістан, Перовск, Әндіжан қалаларындағы мектептерде оқытушы болды. Қоңырқожа Қожықовтың Алаш жолындағы мәдени-ағартушылық қызметі орасан еді.

Тарихи деректерде 1917 жылға дейін қазақ даласында 100-ге жуық жәдиттік бағыттағы мектептер болғаны айтылады. Сол мектептердің бірі – Түркістан өңірінде Қарнақ деген жердегі Қоңырқожа ашқан мектеп. Қарнақ мектебінде ұстаздық қызметте жүрген Қоңырқожа Қожықовтың Түркістан өлкесі оқу бөлімінің рұқсатымен 1912 жылы шығарған «Әліппе» кітабы Жәдитшілер қозғалысының өрістеуіне орай, құранды үйретуге негізделген мектеп-медреселерде, ауылдардағы мешіттер мен мектептерде қазақ балаларының іс жүзінде қазақша сауат ашуына жәрдемдесуге таптырмас құрал болғаны анық.

Қ.Қожықовтың оқытушылық қызметі оның ағартушылықпен айналысуына түрткі болды. А.Байтұрсыновтың «Тіл-құралына» дейін 1912 жылы Фатих Каримидің баспасынан «Оқу құралы» деген атпен «қазақша алифба» – қазақ әліппесін үйрететін кітап шығарған еді. Бұл

оқулықтың революцияға дейін де, революциядан кейін де – А.Байтұрсыновтың әуелі республиканың ағарту халық комиссары, сосын Академиялық орталық басшысы, қазақ университетінің филология профессоры болып жүрген кездерінде әлденеше рет қайта басылғаны мәлім. Яғни, XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында қазақ балалары сауатын осы «Оқу құралымен» ашты. Әліппеде Қ.Қожықов бір дыбысты бір әріппен белгілеу әдістерін жүйелеп көрсеткен және «қазақ әліппесінен соң құран әліппесін оқыса», балалардың «осы екі әліппе арқылы басылымдар жазуын тану» мүмкіндігі ұлғаятынына сенім артқан. «Әліппенің» хрестоматиялық бөліміне әркім білуге тиіс түрлі мағлұматтарды, әңгімелерді, өлеңдерді топтап берген [1,1-б.]. А.Байтұрсынов пен Қ.Қожықов өз «әліппелерін» 1912 жылы Орынборда басып шығарған. А.Байтұрсыновқа дейін Қ.Қожықов «Оқу құралын» жазған деседі. Бір жылда, бір қалада басылып шыққан «әліппенің» мазмұнын салыстыру болшақтың еншісінде.

Сонымен қатар, Орынборда Шәді Жәңгірұлы және Қалиасқар Қасымовпен бірігіп шығарған «Русие патшалығында Романов нәсілінен хукиманлик қылған патшалардың тарихлары» («Историческая поэма царствования Дома Романовых на киргизском языке») атты дастаны жарық көрді. Қ.Қожықов өз өмірбаянында былай дейді: «Мен жергілікті әкімшілік орындарының үстінен көптеген арыздар мен петицияларды Петербургке қайта-қайта жолдап отырдым, соған байланысты мені бір уезден екінші уезге ауыстырып отырды. Әкімшілікке қайтсем жағам деген оймен Романовтардың үйі жайында қазақ тілінде еңбек жаздым. Бұл, әрине мен үшін масқаралық жұмыс болды. Бұл еңбекте қазақ халқының патшаға бағынуы насихатталған еді. Бірақ мұнымен мен әкімшілік орнының ықыласын өзіме аудара алмадым...» деп, өкініш білдіреді [2, 3-б.].

Қ.Қожықов қазақ халқының тілі, діні, ділі жолында, қазақ ұлтының ұлы мұраларын жинақтау, сақтау, насихаттау жолында біраз жұмыстар атқарған. Ол С.Асфендияровпен бірге Ұлттық мәдениет ғылыми-зерттеу институтының негізін қалаушылардың бірі болған, ғылыми хатшылық қызмет жасаған. Кеңес Одағы Ғылым академиясының Қазақ филиалында қызмет ете жүріп, Жетісу өңіріне жиі экспедицияға шығып, көне қорғандар мен ескерткіштерді зерттеумен айналысты. Орхон жазуы, Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Келіншектас, Ақтас мазарлары туралы ғылыми еңбектер жариялады. Араб, парсы, шағатай тілдерін жете меңгерген ол осы тілдердегі тарихи және әдеби шығармаларды қазақшаға аударды. 1936 жылы Қазақ КСР-інің мемлекеттік көпшілік кітапханасына (ҚР Ұлттық кітапханасы) Сүлеймен Бақырғанидің «Хикмет Хазірет Сұлтан әл-ғарифин» атты қолжазба кітабын тапсырды. 1935-36 жж. жарық көрген екі томдық «Қазақтың өткендегі тарихы туралы деректер мен материалдар» атты жинақты құрастырушылардың бірі [3, 67-б.].

Қ.Қожықов қолжазбаны 1936 жылы Ұлттық кітапханаға тапсырған, бұл еңбек ЮНЕСКО-ның «Халықаралық жады» бағдарламасы бойынша халықаралық есепке енді [4,6-б.].

Ұлт азаматы Қ.Қожықов қазақ халқының тәуелсіздігі, егемендігі жолында ірілі-ұсақты қоғамдық-саяси қызметтер атқарды. Патша өкіметінің 1907 жылғы 3 маусымдағы жарлығына сәйкес қазақтар мен Түркістан өлкесінің, өзге де жергілікті халықтарының Мемлекеттік Дума жұмысынан шеттетілуін нағыз әділетсіздік деп бағалап, ол жарлықтың күшін жою жолында ұйымдастырылған іс-шараларға қатысты, 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін Ферғана өңіріндегі қазақтардың мүддесін қорғайтын «Көшпенді» атты ұйым құрып, оған жетекшілік етті. 1917 жылы тамызда өткен Түркістан өлкесі қазақтарының съезінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Осы автономияның Уақытша кеңесінің мүшесі болып сайланды. Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі кезеңде М.Шоқай секілді қайраткерлермен астыртын байланыста болды. 1922 жылы Әулиеатада уездік жер басқармасында істеді.

Қазіргі таңдағы еңселі шаһарлардың бірі – Қызылорда қаласының атауына Қоңырқожа Қожықовтың тікелей қатысы бар екендігін біреуі білсе, екіншісі білмес. Қазақ Өлкекомының екінші хатшысы болған съезд делегаты Сұлтанбек Қожановтың бесінші құрылтайдағы тарихи ұсыныстары қалай туғанын кеңестік құпия полиция жүргізген тергеу материалдарынан көруге болады. Тергеу материалдарында Ұлт театрының негізін салып, тұңғыш жетекшісі болған Дінмұхамед Әділовтің ОГПУ тергеушісіне 1928 жылдың соңында берген жауаптарында Үкіметтің Орынбордан Ақмешіт қаласына көшіп келуіне байланысты, оның атын өзгерту мәселесі көтерілгендігі, атау ойластырыла бастағандығы айтылған.

Дінмұхамед Әбілов: «Қызылорда деген атауды әуелі Қожықов (Қоңырқожа Қожықов, 1917 жылғы Түркістан-Қоқан автономиясы қайраткерлерінің бірі, сол шақтағы кеңес қызметкері, байырғы ағартушы, тарихшы-ғалым) ойлап тапты... «қос есім, екі жақты да қанағаттандырады», - деді. «Қызыл» большевиктерге ұнайды, ал «орда» – ұлттық атау. Осылай атағанда екі жақтан да талас тұмауға керек». Бұндай дәйектемеге бәріміз келістік... Содан кейін Қожановпен біз съезге кеттік. Қожанов президиумға шықты да, өзіне кезектен тыс сөз алып, ұсыныстар енгізді: бірінші ұсынысы – «Киргиз (Қырғыз) Республикасына» «Қазақ Республикасы» деп қайта ат қою, екіншісі – Ақмешіт қаласының атын Қызылордаға алмастыру. Съезд екі ұсынысты да бір ауыздан қабылдады», - деп, тергеу материалдарында жауап берген [5, 3-б.]. Сөйтіп, 1925 жылы Ақмешіт (қазіргі Қызылорда қаласы) қаласында өткен съезде Қазақ халқы үшін маңызды 2 тарихи қаулы қабылданды, бірі – Ақмешіт қаласы жаңа «Қызылорда» атауына ие болса, екіншісі – сол уақытқа дейін «Қырғыз»

аталып келген қазақ халқы өзінің «Қазақ» деген төл атауын заң жүзінде қайтарып алды.


1915 жылы Ташкентте зиялылар мен білікті шәкірттердің басын қосқан «Кеңес» атты жасырын ұйым құрылған болатын. «Кеңестің» төрағасы генерал Сейітжаппар Асфендияров, орынбасарлары Мұстафа Шоқай, Садық Өтегенов, алқа мүшелері Санжар Асфендияров, Қоңырқожа Қожықов, Сұлтанбек Қожанов, Алдабек Мангелдин, Серікбай Ақаев, Зұлқарнайын Сейдалин, Әлмұхамбет Көтібаров болды. Осы ұйымның баспасөз органы ретінде «Бірлік туы» газетін шығарды. «Бірлік туы» басылымы бетінде Орта Азия, Қазақстан халықтарының саяси-қоғамдық, экономикалық, мәдени өмірі жайлы көптеген материалдар жарияланды [6, 28-б.]. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивінен табылған 1926 жылдың 10 сәуірінде белгісіз біреудің М.Шоқай туралы жазған «рапортын» Ә. Бәкірұлы жария еткен болатын. Онда: «генерал Сейітжаппар Асфендияровтың баласы Санжардың революция жылдары Түркістан республикасының Денсаулық сақтау халық комиссары болғаны айтылады және ұйымның хатшысы ретінде мұғалім Сұлтанбек Қожанов, мүшелері болып Серәлі Лапин, Серікбай Ақаев, Қоңырқожа Қожықов – барлығы 12-15 адам сайланады» делінген.

Т.Рысқұлов Қ.Қожықовқа «Қоңырқожа Қожықов Қазақтардың «қожа» атты ақсүйектерінен. Бұрынғы Қоқан автономиялық үкіметінің мүшесі. Көрнекті алаш-ордашы, Шоқаевтың көмекшісі. 1913 ж. Романовтар үйінің тойы кезінде қазақ тілінде патшалардың портреттері басылған кітапша жазды. Ферғананың аудандарының бірінде Керенскийдің уақытша үкіметінің комиссары болды. 1921 ж. наркомземде мүше және сосын орынбасар болды, Жетісу облысында жер реформасын басқарды, баршаға орыстарды «табысты түрде соғыудамыз» деп жүрді. 1922 ж. жерге орналастыруды басқарды, қазір Жерге орналастыру басқармасында істейді. Қожықов Қожановпен бір пәтерде тұрады. Бұл Қожықов, Қожанов, Асфендияров, Тоқтыбаев – белгілі Лапиннің қыздарына үйленген, сөйтіп олар ең алдымен осы туысқандық нышан бойынша, қазақ халқын бірлесіп басқаруда. Қожықов Түркатком мүшелігіне талай рет сайланды, содан «Қосшы» ОК-нің басшыларының бірі болып табылады. 1921 ж. Қожанов пен Асфендияровтың кепілдігімен тіпті партияға да кірді, бірақ кейін оны тазарту кезінде шығарды. Қазір Қожановты тура осы Қожықов басқарады. (Ол – өте тәжірибелі адам). Қожановқа қызметкерлер келгенде, мәселелерді келісу үшін, ол ең алдымен оларды Қожықовқа жібереді, оған пікір айтуы үшін әртүрлі үкіметтік және тіпті партиялық хаттамалар беріледі» деген саяси мінездеме береді [7, 4-5-б].

«1938 жылы тұтқындалып ату жазасына кесілді. Ол туралы Сталинге берілген мәліметте М.Шоқайдың көмекшісі, Қожановпен, Асфендияровпен бір үйдің қызын алған адам ретінде Қазақстанды

бірлесіп басқарып отыр деп көрсетілген. Тек 1957 жылы желтоқсанның 23-де ақталды», - дейді тарихшы-ғалым Бейбіт Қойшыбай. Қоңырқожа Қожықовтың жары Ләтипа Қожықова – Қазақстанның сәндік қолданбалы өнерінің көрнекті тұлғаларының бірі. Әуезов театрының алғашқы сахна жасаушысы, киім жасаушысы болған. Ал артында қалған ұлдары Қожахмет, Құлахмет, Нұрахмет, Сұлтанахмет Қожықовтар қазақ өнерінде өзіндік өрнегі қалған тұлғалар болды.

Қоңырқожа Қожықов Алаш жолында жұмыс жасаған қазақ зиялыларының ішіндегі ірі қайраткер болатын. Ол Түркістан автономиясын құруға, оның Орталық атқару комитетінің түрлі комиссияларында қызмет атқарып, Әулиеата, Жетісу уездерінде жер реформасын жүргізуге, ұлтшылдық пен отаршылдықты жоюдың саяси жұмысына, Орта Азиядағы ұлттық межелеуді жасауға, «Қосшы» одақтарын құру науқанына, Қазақстан астанасын Орынбордан Қызылордаға көшіруге және Қазақстанның ішкі жағдайындағы ұлттық сипатты күшейтуге белсенді түрде атсалысты. 1938 жылы халық жауы ретінде тұтқындалып, ату жазасына кесілді. 1957 жылы 23 желтоқсанда ақталды. Қоңырқожа Қожықов – қазақ елінің егемендігі жолында, қазақ жастарының сауат ашу мәселесінде елеулі еңбек еткен азамат, ірі қайраткер.



Сурет-1. Қоңырқожа Қожықов әліппесі. КЗМ КП 6397/24

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бейбіт Қойшыбаев «Ұлы ұстаз және қазақ тіл білімінің мәселелері». Abai.kz
2. Алаш қозғалысы (құжаттар, тергеу жауаптары, ілеспе іс қағаздары, тәркіленген хаттар). Үшінші кітап, Алматы, 2011 жыл
3. Қазақ энциклопедиясы. III том, 12 тарау

4. Тынышбек Дайрабай «Қоңырқожа Қожықовтың қиын тағдыры». «Түркістан» газеті, 2010, 3 маусым, №22
5. Бейбіт Қойшыбаев «Қазақстан» атауы қалай қойылған еді?» «Түркістан» халықаралық саяси апталық газеті, 17 сәуір, 2015 жыл
6. Дандай Ысқақ «Қазақ мемлекетінің іргесін қаласқан қазақ» «Ақиқат» журналы 5 ақпан, 2015 жыл
7. Бейбіт Қойшыбаев «Т.Рысқұловтың Сталинге хаты» Абай-ақпарат порталы

ӘОЖ 323.329:950 (574)

МҰСТАФА ШОҚАЙ (1890-1941)

Еркебаева К. М.

М.Шоқай атындағы 187 ақпараттық
технология мектеп-лицейінің
тарих пәнінің мұғалімі

«Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл. Кешегі Ресей тіліміздің дамуына жол бермеді. Ол кезде біздің ұлттық басылымдар шығару құқығымыз жоқ болатын».

Мұстафа Шоқай 1890 жылы 25 желтоқсанда Сырдың жағасындағы Наршоқы деген жерде дүниеге келген. Отбасында бес ағайынды еді. Бала кезінен оқу-білімге құштар болды. Мұстафаның сауат ашуына үйде сақталған ескі қолжазбалар түрткі болыпты. Атасы Торғай датқа Сырдария болысын басқарған кезде, кітап жинауды әдет еткен. Әкесі Шоқай болса, өз ортасына сыйлы, қара қылды қақ жаратын би болған. Бес баласын бірдей оқытса да, ерекше ұғымтал, зерек Мұстафаның орысша білім алуын қалап, Перовскідегі орыс мектебіне жібереді. Кейін Мұстафа Шоқай Ташкенттегі ерлер гимназиясына оқуға қабылданады. Аз уақыттың ішінде қатарластарынан оқ бойы озып шығады. Кейін Санкт-Петербургтегі императорлық университетке заңгерлерді даярлайтын факультетке түседі. Бұл сол замандағы ең үздік оқу орындарының бірі болатын. Бірнеше тілді жетік меңгереді.

Түрік халқы — батыр халық. Түрік халқы — арыстан ер халық. Кімнен таяқ жегендей біздің түріктің баласы, алдырып жүрген дұшманға ауызының аласы.

Мұстафа Шоқай саясатқа Санкт-Петербург университетінде оқып жүрген кезде араласа бастады. Университет қабырғасында жүріп, Шоқай баспасөз бетінде патша өкіметінің ислам діні жөніндегі саясатына қарсы үндеу жариялайды. Бұл үндеуге қазақ, башқұрт, татар және өзбек студенттері қол қойған. Петербурда Мұстафа Шоқай ұлттық мұсылман

қозғалысының өкілдерімен танысады. Мұстафаның үлкен саясатқа араласуына ықпал еткен бірден бір адам Әлихан Бөкейханов еді. Бөкейхановты Шоқайдың саяси ұстазы деуге де болады. Ол Мұстафаның бойындағы қажыр-қайраты мен ұлтжандылығын байқап, жас Шоқайды сол кезде Петербордағы саясаткерлермен, қоғам қайраткерлерімен, мемлекеттік Дума депутаттарымен, оқымысты ғалымдармен және жазушылармен таныстырды. Мұстафаны Ресей мемлекеттік думасы мұсылман фракциясының хатшылығына ұсынған да Әлихан болатын. 1917 жылғы революция нәтижесінде патша өкіметінің құлауы Мұстафа Шоқай үшін үлкен қуаныш еді. Ол түркі халықтары сол төңкеріс кезінде Ресей бодандығынан құтылып, автономия алады деп үміттенді. Алайда 1917 жылы Қазан төңкерісінен кейін Ташкенттегі жұмысшы және солдат депутаттары кеңесі жергілікті халықтың өзін-өзі басқару құқығын мойындаудан бас тартты. Сөйтіп, өлкедегі барлық билік еуропалық нәсілділерден құралған Түркістан халық комиссарлары кеңесіне көшеді деген қаулы қабылдады. Мұстафа Шоқай мұны барып тұрған әділетсіздік деп бағалады. Мұнан кейін Мұстафа Шоқай бастаған мұсылмандар қозғалысының өкілдері шұғыл жиналып, төтенше съезд өткізді. Съезд шешімімен құрылған Түркістан-Қоқан автономиясының 54 адамнан тұратын уақытша халық кеңесінің құрамына сайланды. Уақытша үкіметтің сыртқы істер министрі болды. Уақытша үкіметтің төрағасы Мұхамеджан Тынышпаев қызметінен кеткеннен кейін, оның орнына Шоқай сайланды. Мұстафа Шоқай автономияны сақтап қалу үшін аянбай еңбек етті. Бірақ, өкінішке қарай автономияның ғұмыры ұзаққа созылмады.

Көне сөздің бәріне күмәнді қарауға болмайды. Тіл – халықтың перзені, ол адамзаттың тарихымен тығыз байланысты. Заманның талаптарына сәйкес әр уақытта жаңа сөздер пайдаланудан шығып қалып отырады. Сонымен қатар өзінің бастапқы мағынасын өзгертіп, жаңа мағынаға ие болатын сөздер де кездеседі. Бұл – барлық тіл атаулыға тән құбылыс.

Мұстафа Шоқайдың сан қырлы таланты өз халқының бай ауыз әдебиеті мен ән-күйінен бастау алады. Жас кезінен оны қоршаған ортада дәстүрлі мәдениет өкілдері молынан ұшырасатын. Халқының әдебиеті мен мәдениетін терең білетіндігіне орыс ғалымдарының (Самойлович, Радлов) Мұстафаның студент кезінде-ақ көздері жеткен. Кейін еуропалық өркениет орталықтарында небір саяси қайраткерлермен айтысқан кезінде де, Лондондағы Корольдік халықаралық қатынастар институтында екі сағат бойы таза француз тілінде дәріс оқыған шағында да ойына ой қосып, бойына қуат беріп тұратын өз халқының рухани қазынасы сыйлаған тылсым құбылыс оны бүгінгі күннің Демосфеніне айналдыратын. Оған – осы дәрістен кейін аузымен құс тістеген ағылшын ақсүйектерінің – саясаткерлері мен ғалымдарының түрегеліп тұрып қол соғуы дәлел. Ол сөйлеп кеткен

кезде Керенский, Милюков секілді кәнігі орыс қайраткерлеріне де дес бермейтін. Замандастарының оны «шешен» деуі де сондықтан еді.

Әдеби шығармашылық – адамзат рухының ең жоғарғы нүктесі. (Мұстафа Шоқай)

Мұстафа ақын жанды болып өсті. Студенттік шағында «Қақажанға» деп, бірге оқыған түрікмен досы Қ.Бердиевке арнап әзіл өлең де жазды. Оның Париждегі мұрағатынан «Секірген лақ көрдім тау басында» деген өлең мәтініне де кезіктік. Бұл өлеңі Грузияда жүрген шағындағы елді сағынған көңіл ауанымен жазылса керек. Бүкіл өмірін халқының бостандығына арнаған Мұстафаға елінен кету қиынға соқты, жаны күйзелді. Әсіресе, оның жан тебіренісі 1922 жылы Берлиндегі Трокадеро этнографиялық мұражайына барғанда көзіне жас алдырды. Осы сәтті зайыбы Мария Шоқай былай деп суреттейді: «Мұражайда тұрған тамаша домбыраны көріп, ол өзін-өзі ұстай алмай, қызметкерден инструментті қолға алуға рұқсат сұрады. Сол бойда оны бабына келтіріп, ғажап қырғыз (қазақ. – К.Е.) сазын ойнап берді. Ол домбырамен өте қамығып қоштасты, көзі жасқа толып кеткен екен». Мұндайда Қадыр ақынның «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген өлең жолдары еріксіз ойға оралады. Домбыраны көргенде Сыр өңірінен бастап бүкіл қазақ даласы, туған-туыстары, сол кезде аштан қырылып жатқан қазақтар Мұстафаның көз алдынан өткен шығар... Мұстафа – орыс, батыс, шығыс әдебиетін жақсы білген адам. Оның бір мысалы ретінде 1922 жылдың 12-мамырында Парижден Ташкентте тұратын «NN» деген аноним адамға жазған хатын айтуға болады («NN» дегеннің Х.Досмұхамедов екендігі туралы уәждерімізді зерттеулерімізде айтқанбыз). Хатта Мұстафа Алексей Толстойдың «Хождение по мукам» деген еңбегін орыс революциясын «романға» айналдырудың сәтсіз әрекеті десе, Григорий Гребенщиковтың «Братья Чураевы» деген повесі туралы жақсы тілмен жазылған деп қана шектеледі. Түркістанда қандай газет-журналдар және қай тілдерде шығады, «қырғыз газетін» кім басқарады деп сұрайды. Мұстафаның «қырғыз газеті» деп отырғаны «Ақ жол» екендігі түсінікті болар. Бір-екі жылдан кейін ол бұл басылымды тұрақты түрде алып тұрады. Оны «Түркістандағы Лениннің мұрасы» (1924), «Түркістандық «тамаша» (1924), «Ұлт мәселесінің зертханасында» (1924), «Қызыл Түркістанда» (1924), «РКП-ның ташкенттік мырзалары» (1925), «Ояну» (1926) деген еңбектерінде «Ақ жол» газетіндегі материалдарға сілтеме жасауынан көреміз. Мұстафа Қазақстанда жарық көрген жаңа туындыларды алдырып, олармен танысып отыруға да көп көңіл бөледі. 1927 жылдың 5-шілдесінде Ташкентте оқып жатқан туыстас інісі Байдәулет Дабыловқа хат жазып, Бейімбет Майлиннің өлеңдері мен «Ер Сайын» деген кітапты алғанын хабарлап, жақында Қызылордада «Тар жол, тайғақ кешу» атты кітаптың жарық көретінін айтып, егер мүмкіндігін болса, осы кітапты салып жіберші деп өтініш білдіреді. Сәкен Сейфуллиннің бұл кітабы сол жылы араб графикасымен Қызылордада басылып шыққан

болатын. Батыс әлемі М.Шоқайды ірі саяси қайраткер ғана емес, түркітанушы ғалым ретінде қабылдайды. Сол себепті онымен жазысқан тұлғалар қатарынан француз ғалымы Поль Пельо (1878-1945), Париж университетінің (Сорбонна) профессоры Жан Дени (1870-1945), араб және парсы тілдерінің маманы Габриэль Ферран, Париж ұлттық кітапханасы Шығыс бөлімінің меңгерушісі Э.Блоше, Орта Азия мен Қазақстанда өткен ғасырдың 20-30 жылдары орын алған, одан бұрынғы дәуірлерге де қатысты оқиғалар туралы еңбектер авторы Ж.Кастанье, ағылшын шығыстанушысы, Кембридж университетінің профессоры Эдвард Браун (1862-1925), Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» еңбегін өз түсіндірмелерімен ағылшын тіліне аударған Эдвард Денисон-Росс (1871-1940), «Коман халқы туралы» атты іргелі еңбектің авторы Йозеф Маркварттың (1864-1930), италиялық ғалым Э.Инсабота есімдерінің ұшырасуы заңды болатын. М.Шоқайдың неміс ғалымдарымен ұзақ жылдар бойғы шығармашылық байланысын ерекше атаған жөн. Олардың ішінен, әсіресе, көрнекті неміс түркітанушысы Аннемари фон Габенмен (1901-1993) тығыз байланыста болып, оның қазақ тілі грамматикасын зерттеуіне көп көмек бергендігі – таңғаларлық жағдай. А. фон Габен көнетүркі ескерткіштерін, көктүріктердің мәдениеті мен дүниетанымын зерттеуге үлкен үлес қосады. Ол – «Түркі тіліндегі турфан мәтіндері» деген бестомдық монографияның, «Көнетүркі тілінің грамматикасы» деген еңбектің авторы. Сонымен бірге А. фон Габен жаңа замандағы қазақ этнографиясы мен лингвистикасына арналған бірнеше ғылыми мақалалар жазды. Неміс ғалымы Мұстафаны өмірден озғаннан кейін де ұстаз ретінде құрмет тұтып, үнемі еске алып отырды. Ал Берлин университетінде қызмет істеген Иоханнес Бенцингті шын мәнінде Мұстафаның шәкірті деуге болады. Ол осы университеттің түркітану факультетін Мұстафаның жан-жақты көмегі арқасында бітіріп шығады. Берлин университетінде қазақ тілінен сабақ беретін дәрежеге жетеді. И.Бенцинг М.Шоқайды ұстазы ретінде және туған ағасындай сыйлайды. 1933 жылы ол «Мұстафа Шоқайұлы туралы жаңа өзбек әдебиетінде не жазылуда» деген мақала жариялайды. Жалпы ол қазақ тарихы мен әдебиетінің білгір маманы болады. Жазушы Х.Абдуллиннің сөзіне қарағанда, ол М.Жұмабаевтың өлеңдерін жарыққа шығарған. А. фон Габен де: «И.Бенцинг Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін алғаш алман тілінде сөйлеткен, 1929 жылы бір томдық шығармаларын тәржімелеген» дейді. Аударма Германия мұрағаттарының бірінде сақталуы мүмкін. Бірақ әзірге біздің ізденістеріміз нәтиже бермеді. Ә.Қашаубаев Мұстафаның үйінде болған кезінде Мағжанның «Алыстағы бауырға» деген өлеңін қазақ, неміс, француз тілінде тыңдаған. Өлеңді Бенцингтен басқа біреудің аударуы мүмкін емес. М.Шоқайдың Орталық Азия халықтарының ауыз және жазба әдебиетін терең білетіндігін оның Париждегі «Мұсылман әлеміне шолу» («Revue de monde musulmane») журналында жарық көрген аудармаларынан да байқаймыз. Бұл пікірімізге тағы бір мысал келтіре кетейік. 1939 жылы

жазылып біткенмен, 1942 жылы Лейпцигте шыққан Р.Ольцша мен Г.Кляйновтың «Түркістан»: Саяси тарихы және әлеуметтік проблемалары» деген 409 беттік кітабының соңғы 60-70 бетін М.Шоқай жазғанға ұқсайды. Ондағы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан» секілді қазақ әдебиетінің үлгілері, «Исатай – Махамбет», «Бекет», «Амангелді», «Жалбыр», «Бекболат» пьесалары, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, А.Тоқмағамбетов, Т.Жароковтың шығармашылығы жөніндегі ой түйіндеулер Мұстафаның ғана қарымды қаламынан туындады деп ойлаймыз. Халықтың рухани дамуында әдебиеттің ерекше рөл атқаратындығын ескерген М.Шоқай «Яш Түркістан» журналында Түркістанның елде қалған ақын, жазушыларының да, шетте жүргендердің де туындыларына үнемі орын беріп отырады. Журналдың бірінші санындағы бағдарламалық мақалалардың бірінде «Біз «Яш Түркістан» беттерінде Түркістан шайырларының шығармаларынан үлгі боларлық кейбір үзінділер басып тұрмақшымыз» дейді және бұл уәдесін М.Шоқай басылымның соңғы сандарына дейін берік ұстайды. Журналдың осы санын Мағжан Жұмабайұлының «Түркістан», Шолпанның (Абдулхамит Сүлеймен) «Жапырақтар» деген өлеңдерімен бастайды. Бұл екеуі Мұстафаның аса қадір тұтатын ақындары болатын. Қазақ ақынының «Түркістан» атты әйгілі шығармасы оның 1923 жылы Ташкентте жарық көрген кітабынан алынған еді. Өлең: Қырағы Тянь-Шань мен Памир, Алтай, Күтеді көптен сені қарай-қарай. Кене мен Абылайдың жолын қумай, Жаһанда жабығудың жөні қалай, –деген жолдармен аяқталатыны белгілі. Мұның өзі өлеңнің Мұстафаға қаратып жазылғанын және оны қазақ қайраткерінің жақсы түсінгенін білдіреді. Ал 1931 жылы «Яш Түркістанның» үшінші-төртінші сандарында жарық көрген Мағжанның «Алыстағы бауырға» өлеңін Мұстафа Анадолы түркілеріне арналған деп түсінеді, оның түрікшілдік идеясына назар аударады. Бұл өлеңді И.Бенцингтің неміс тіліне аударғаны жөнінде жоғарыда айтып өткенбіз. Қазақ ақынының бұл шығармаларының жазылу уақыты Мұстафаның Францияға барып күрес жолын бастау кезеңімен тұстас келеді. Мағжанға Мұстафаның «Кене мен Абылай» жолында жүргендігі, бірақ олардың арманын бейбіт, саяси күрес тәсілдері арқылы жүзеге асыруға бет алғаны белгісіздеу еді... М.Шоқай «Яш Түркістан» журналында түркістандық ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын дәріптеумен қатар, эмиграцияда жүрген талантты жастардың қаламынан туындаған әңгіме, өлең, әдебиеттанушылық талпыныстарына үнемі қолдау көрсетіп отырады. Соның бір мысалы – Есен Тұрсын деген лақап атпен жария болған Тахир Шағатайдың «Түркістанның ұлы ақыны (1845-1904)» деген шағын мақаласы. Тахир Шағатай «Яш Түркістан» журналының жауапты хатшысы болды. Абдуқап Оқтаймен бірге осы басылымның жүгін көтеріп, М.Шоқаймен бірі оң қанаты, бірі сол қанатындай ынтымақта жұмыс істеді. Мақала «Яш Түркістан» журналында (1934. №58, 39-41-б.) жарық көрді, ол шағатай тілінен аударылып, «Түркістан» газетінде (2004, 15-шілде)

қазақ тіліне аударылып басылды. Абай туралы Есен Тұрсынның мақаласын редакциялап, оған толықтырулар енгізумен М.Шоқай шектеліп қалмайды. «Яш Түркістан» журналына (1935, №63) «Шайыр Абайдың өмірден озғанына 30 жыл толуына орай» деген мақала жазып, онда «Абай – ұлтшыл», «Абай – феодалшыл», «Абай – алашордашыл» деп, Абай шығармаларын мектеп кітапханаларына да жіберткізбей өрекіп жүрген большевиктер саясатын сынға алады. Бірақ халық санасынан Абайды сызып тастаудың мүмкін еместігін, «Табиғатты есіктен қуып шығарсаң, ол терезеден қайтып кіреді» деген секілді, Абайдың да халық өмірінен кең орын ала бастағаны туралы баяндайды. Қазіргі кезде Алматыда ақынға ескерткіш орнатылған, ондағы Педагогикалық институтқа Абай аты берілген. Соның өзінде де Абайды шектеушілік, оның шығармаларын марксизм «елегінен» өткізуге тырысушылық тыйылмай келеді, – дейді М.Шоқай. Оған дәлел ретінде «Казахстанская правда» газетінің 1935 жылдың 1-қаңтарында басылған бір мақалада: «Біз Абайдың әдеби мұрасын толық пайдалана алмаймыз, бірақ марксизм елегінен өткізіп алынған Абай өлеңдері біз үшін бағалы» делінген жолдарды келтіреді. Кеңес газетінде Абайды – «қазақ жазба поэзиясының негізін салушы» деген баға берілуіне орай, қазақ халқының Абайға дейін-ақ бірнеше ғасырлар бұрын дүниеге келтірген «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Асан Қайғы» секілді дастандарының авторлары «жазба шайырлар» болды деген пікір білдіреді. Мұнан бұрынғы да шығармалар мен ескертулерінде М.Шоқайдың «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», т.с.с. дастандар жөніндегі пікірі осыған ұқсас келеді. Біз өз тарапымызда олардың «жазба әдебиет үлгілері» болғандығы туралы ақиқатты анықтауды әдебиеттанушылар үлесіне қалдырамыз.

Тіл – тек адамға ғана тән, аса құдіретті құрал. Сондықтан тілді қадірлеудің, әрбір сөздің мағынасын, мәнін ұғып, оны орынды пайдалана білудің мәні зор.

М.Шоқайдың бұл туындысын, шағын болғанымен, Кеңес Одағында қазақ әдебиетінің ірі өкілдерін қудалау, әсіресе, Абай шығармашылығын зерттеуге түрлі тосқауылдар қою жағдайында жазылған, үлкен әлеуметтік жүк көтеріп тұрған шығарма деуге болады. Қазақстанның әдебиеті саласындағы жағдайға тоқталатын болсақ, 1928 жылдың 6-маусымында Мұхтар Әуезов БК(б)П өлкелік комитетінің үгіт-насихат бөліміне өзінің «Қазақ әдебиеті тарихы» деген қолжазба еңбегінің Қазақ мемлекеттік баспасының қоймасында қозғалыссыз жатқандығы жөнінде өкініш білдіреді. Осы бөлімнің атынан Байділдин еңбектің кіріспе сөзіне өзгерту енгізуді және түзетуді қажет деген қорытынды жасайды, сонымен бірге «маркстік алғы сөз қосып беруді» талап етеді (ҚР ПМ. 141-қор. 1-тізбе. 2275-іс. 178-179 парақтар). Қазақ республикасындағы ОГПУ-дың өкілетті өкілдігінің 1933 жылы 11-қыркүйекте «өте құпия» деп белгіленген «Қазақстандағы әдеби шығармашылық және әдеби күштер» деген 17 беттік баяндамасында

«Буржуазиялық ұлтшылдықпен» айыпталмаған қазақ ақын, жазушылары қалмайды. Әсіресе, бұл құбыжық орган Мұхтар Әуезовке шүйлігіп, оған «Алашорда – көсемдерінің бірі... қазақ интеллигенциясының тұтас бір тобының көсемі және идеологы болып отыр» деген баға береді (ҚР ПМ. 141-қор. 1-тізбе. 5817-іс. 1-17 парақтар). Сәбит Мұқанов осы кезеңде қазақ ақын-жазушыларын жаппай «ұлтшылдықпен» айыптаудың белгілі бір критерийі жоқтығына назар аударып, оны «сыпайылап» жеткізуге тырысады. «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932) деген кітабында: «Ұлтшылдық өркендеуін тексеру үшін бізде оның саяси-шаруашылық себептерін іздегенде көп қиындық түсті. Мәселен, ұлттың өзі капитализм туғанда туады. Ұлт болмаса, ұлтшылдық жоқ. Олай болса, қазақ ұлтшылдары қазақтың капиталистерінің тілекшісі болуы керек қой. Расы солай ғой» деген уәж айтады. Алайда қазақ халқының тарихы мен әдебиетін белгілі бір саяси мүдде тұрғысынан көруге ұмтылған кеңестік идеология бүкіл бір халықтың рухани пайғамбарына айналған Абайды да аямайды. М.Шоқайдың мақаласы осындай жағдайда жазылды. Мақала 1935 жылы «Түркістан» (Берлин) журналының соңғы (№5) нөмірінде де жарық көреді. Айта кететін жайт: бұл басылым бізге дейін мүлдем белгісіз болып келді. Тіпті 2010 жылы Түркияға барған сапарымызда Стамбұлда тұратын профессор, ұзақ уақыт бойы «Түркістан Ұлттық Бірлігі» ұйымының тарихымен айналысып келе жатқан Ахат Андижан мұндай журналдың өмірде болмағандығы жөнінде мені сендіруге тырысқан-ды. Алайда біршама ізденістерден кейін бұл журналды табудың сәті түсті. Осылайша «Түркістан Ұлттық Бірлігі» ұйымының, «Иени Түркістан», «Яш Түркістаннан» басқа, үшінші баспасөз органының болғандығы анықталды. Оның өмірі қысқа болды: 1934 жылдың қазан айынан – 1935 жылдың ақпан айына дейінгі уақытта бар болғаны бес нөмірі ғана шықты. Журнал Германияда (Берлин, Шарлоттенбург, 4) басылып шығарылды. Бұл журналдың шығу тарихы «Яш Түркістан» журналының Түркия аумағына таратуға тыйым салынуына байланысты еді. «Яш Түркістан» журналының Түркия аумағына ене алмауы көптеген оқырмандардан айырылып қалу қаупін тудырады. Осы жағдайды ескерген М.Шоқай мазмұны да, тілі де «Яш Түркістанмен» сабақтас, бірақ аты сәл өзгерген «Түркістан» атты журнал шығара бастайды. М.Шоқай туыстас Түркия тарапынан жасалған бұл әрекетке өкінішін білдірсе де, серіктестерін бұл елдің ішкі және сыртқы саясаты жөнінде бірде-бір сыни пікір айтпауға, оған түсіністікпен қарауға шақырады. Осындай қысылтаяң жағдайда Абай туралы мақаланың берілуі де түрік оқырмандарын қазақ халқының абыз ақынымен таныстыру ниетінен туындаған-ды. М.Шоқайдың әдебиет әлеміндегі қызметінің бір арнасы шетел баспасөздерінде Түркістан халықтарының әдебиеті жөнінде жарық көрген басылымдар жөнінде орыс, шағатай тілдерінде шолулар жасап, түсіндірмелермен оқырмандарға жеткізіп отыруға байланысты болды. «Яш Түркістанның» 1930 жылдың қараша айындағы нөмірінде М.Шоқайдың «Алман қаламгерлерінің

түркістандық әсерлері» деген мақаласы жарық көреді, онда В.Штайнның «Vossische Zeitung» газетінде (1930, 14-маусым) басылған көлемді мақаласы жөнінде сөз қозғалады. Осы мақаладан Мұстафа мынадай үзінді келтіреді: «Ұлтшыл шайыр Шолпанның өлеңдері зор көлемде елден-елге тарап, барлық қауым тарапынан оқылады. Шолпан өлеңдерінде орыс отаршылдары – түркістандықтардың басты жауы ретінде көрсетіледі. Шолпан өлеңдері барша түркістандықтарды кеңестік Ресей қамытынан құтылуды үгіттейді. «Қасқырлардан тек ақымақтар ғана ра қым күтеді» деген сөздер сол Шолпан өлеңдерінің бірінде айтылған». Мақала соңында Мұстафа Берлинде шығып тұрған «Остойропа» журналының 1931 жылғы сәуірдегі №7 санында жарық көрген «Түркістан шайырлары мен өлеңдері» атты 19 беттік мақала басылғаны жөнінде де хабарлайды. «Яш Түркістанның» 1931 жылы шілде айындағы санында «Түркістан ұлттық әдебиеті хақында француз журналы не дейді» деген еңбегі Париждің ең беделді басылымдары қатарынан орын алатын «Муа» («Le Mois») журналының маусым айындағы санында «Түркістан әдебиетіндегі өлеңдер» деген мақалаға орай жазылған-ды. Француз авторы Түркістан жазушылары мен әдебиетшілерінің арасынан Шолпанға ерекше тоқталады: «Шолпан – тек түрік әлемінде ғана емес, Еуропада да танымал бір шайыр. Оның өлеңдері мен тілі Түркістан түркілерінің классикалық әдебиетін еске салады. Шолпанның барлық өлең-жырлары өлкеде ел аузынан түскен емес. Оның пьесалары түрік театрына жаңа тыныс, жаңа леп әкелді». Мақала былайша аяқталады (бұл мақала соңында Шоқайұлы деп қол қойыпты. – К.Е.): «Түркістан поэзиясының өркен жаюы ұлттық түйсіктің оянуымен тығыз байланысты. Большевиктер бұл әрекетті тұншықтыруға тырысуда. Алайда халықтық өмір сүруге құлшынысы барған сайын артып келеді. Түркістан өз тәуелсіздігі үшін ғана емес, сонымен бірге өзіне тән рухының жеңіліс таппауы үшін күресуде». М.Шоқай Париждің атақты журналында мұндай мақаланың жарық көруіне ерекше қуанып, «Дұрыс. Түркістан өз саяси тәуелсіздігі ғана емес, сонымен бірге ұлттық түрік рухы үшін де күресуде» дейді. М.Шоқайдың әдебиеттану саласы бойынша қызметінің келесі бағыты әдебиеттің қоғам өміріндегі орнына, ақын, жазушылардың халық санасында ұлттық рухты берік орнатудағы рөліне, Кеңес Одағында ұлттық әдебиет өкілдерін қуғындауға байланысты. Халық жүрегінен берік орын алған, оның мұң-мүддесіне қызмет істеген әдебиет өкілдерін ғайбаттап, олардың орнына «пролетарлық әдебиет» дегенді қалыптастырудың рухани қасіретке ұласатындығын М.Шоқай талай рет ескертеді. Идеологиялық қысым жалғыз қазақ әдебиетін ғана емес, өзбек, түрікмен, қырғыз, тәжік әдебиетін де қамтиды. Осы кездегі саяси науқаншылдық жөнінде ол: «[А.] Науаиды түрік әдебиетінің тарихынан шығарып тастауға ұрыну үшін шынында да шектен асқан ақымақ, қып-қызыл ақымақ болу керек... Бірдеңелерді бұтып-шатуға, Мақтымқұлының жүзіне «түкіруге», «партия бағытын» қабылдауға болатын шығар, бірақ мұндай жолмен Түркістанның рухани сұранысын

қанағаттандыруға бола қоймас» деп жазды. «Қып-қызыл ақымақтар» (1931 ж.) деген еңбегінде «Күнің туды батырақ, Шапқылап қал, шапқылап» деп, «уралап» әдебиет майданына енген, «бірденелерді бұтып-шатып» жазушы атанғандардың Науаи, Абай секілді ұлыларды сынға алуын ерен ессіздік ретінде қабылдады, олар жөнінде жебелі сөзін аямады. Атақты орыс мысалшысы Крылов өзінің «Есек және бұлбұл» деген еңбегінде, – дейді ол, – өз әнімен бұлбұлдың есекке ұнағаны, бірақ есек әтештен біршама үйренсе, бұлбұл мұнан да тәуір ән салар еді деп ұйғарады. Сол сияқты мұндай «қызыл революциялық шөже әтештер» ұлттық түркістан әдебиетінің шын мәніндегі бұлбұлы – Науаиды онша қолдап-қолпаштамайды (Мұстафа Шоқай. Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 2013, 5-том, 298-б.). Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтың шығармаларын аса жоғары бағалап, олар – өз халқының тілі мен әдебиетінің ұлы білгірлері деп көрсетті, неліктен олар Түркістанның бір жерінде өз білімдеріне қолданыс таба алмай отыр деп өкініш білдірді. Әдебиет саласындағы жаңалықтарды М.Шоқай «Еңбекші қазақ», «Казахстанская правда» және басқа да жаздырып алып отырған баспасөзден біліп отырды. «Казахстанская правда» газетінің 1937 жылдың 8-шілдесінде шыққан нөміріндегі «Халық жауларымен ымыраластық – партия жолына сатқындық» деген мақаламен танысып, оны Қазақстанның Жазушылар одағы мен оның бас органы – «Литературный Казахстан» журналына қарсы жасалған жорық деп түйіндеді. Мақалада «сталиндік мектептің әйгілі кеңес жазушылары Сәбит Мұқанов пен Сәкен Сейфуллин ұлтшылдық элементтермен байланысты қолдап келгендігімен де аты шықты, әрине, бұл Одақтың жұмысына және жас жазушы кадрларды өсіруге үлкен зиян келтіріп отыр» делініпті. Мақала авторы, әсіресе, мұндай «зиянкестіктің түп тамыры қазақ халқының қас жауы, жапон тыңшысы Шоқаевқа ықыластық танытқан» Смағұл Сәдуақасовқа барып тіреледі деген секілді «көрегендік» білдіреді. Көп ұзамай осы газеттен М.Шоқай С.Сейфуллиннің де «жапон тыңшысы» ретінде «айыпталғанын» оқып біледі. Ұлттық кадрларды қуғындаудың түп-тамыры Смағұл да, Әлихан да емес, мүлдем басқада болатын. «Түркістандағы әдебиет төңірегінде» деген айдармен «Яш Түркістан» журналында жарық көрген Тахир Шағатайдың мақалаларына жазған кіріспе сөзінде М.Шоқай автор кеңес өкіметінің жаңадан қалыптасып келе жатқан ұлттық әдебиетті Ресей мүдделеріне қызмет істеуге мәжбүрлеуі, сонымен бірге елде жалпы ұлттық мәдениет пен тілдің қалыпты дамуына кедергі жасауы жөнінде баяндайды; бұрынғы орыс классиктерін мадақтап, мәскеулік большевиктер түркістан классикалық әдебиетінің қазынасын пайдалануға, ұлы түркістандық жазушылардың есімдерін құрмет тұтуға тыйым салуда деп қорытады. М.Шоқай өмір бойы елдегі әдеби процестерді қалт жібермей бақылады. Оған Мұстафаның «Әдебиет майданы» журналын алдырып, үнемі оқып тұруының өзі дәлел бола алады. Мұстафа біраз еңбектерінде әдебиеттану теориясына көңіл бөледі. Оның пікірінше,

жазушы өзі көрген және өзінше пайымдаған оқиғаны жазған кезде ғана шынайы туынды бере алады. Белгілі бір схемаға, идеяға алдын-ала бейімдеп жазудан ештеңе шықпайтындығын ескертеді. Осы жағдайдың бір мысалы ретінде Александр Сытин, Николай Тихонов, Борис Пильняк және басқа да кеңес жазушыларының «партияның бас бағыты» бойынша «әлеуметтік тапсырысты» орындау үшін Түркістанға барғанын, бірақ түкке тұрғысыз мақалатурадан басқа ештеңе бере алмағандығын, себебі олардың «партияның бас бағыты» талап еткен ештеңе таба алмай, еліміздің өміріндегі фактілерді соған орай «қиюластырылғанын» айтады.

Блзи да Отаныма қайту ойында жүремін және соған жету үшін тырысамын. Демек, атамекенімді құтқару үшін күресемін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мұстафа Шоқай. Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 2013,
2. Советтер билеген Түркістан: Парижде «Яш Түркістан» баспасынан 1935 жылы шыққан кітапшасы
3. Таңдамалы шығармалар. Алматы: Қайнар, 2007
4. «Мұстафа Шоқай» романы – Ә.Тарази. 2008 жыл
5. Интернет матеиалдар

ӘОЖ 325.8:950 (574)

ҰЛТ МҮДДЕСІН ОЙЛАҒАН – ҰЛЫ ТҰЛҒА

Жанабергенова Ж.С.

Абылайхан атындағы №140 қазақ орта мектебі
Қызылорда қаласы

Мұстафа Шоқай Петерборда оқыған алғашқы қазақ жігіттерінің бірі еді. Оқып жүргенде Мұстафа тілмаштық қызмет те атқарып жүрді. Осылайша Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси көзқарастары қалыптаса бастайды. Оның саяси көзқарастарының кеңеюіне Петербордағы қызмет жасап жүрген отандастарының да ықпалы тиді. Мемлекеттік думаның мүшелері Әлихан Бөкейханов, түркістандық қайраткерлер Сералы Лапин, Махмуд Ходжа Бехбуди, Мунуар Қары, Ахмет Байтұрсыновтар М.Шоқаймен тығыз байланыс жасап, өздерінің отандары Түркістанның болашағы жайлы мәселелерді талқылап жүрді.

М.Шоқайдың ой-санасының өсіп-жетілуіне кітап және басқа басылымдармен қатар, Петербургтың ғылыми, саяси ортасының да зор болғаны даусыз. Онда әсіресе, сол кездің қазақ зиялыларының елеулі рөл атқарғанын айта аламыз. Бұл тұрғыда ХХ ғасырдың басында қазақ зиялыларына көсемдік еткен Әлихан Бөкейханов ерекшеленеді. Ол Шоқайға

Петербургтағы студенттік жылдарында ерекше әсер еткен қайраткер. Қайраттылық, жоғары мораль және асқақ рух сынды қасиеттерімен Бөкейханов тек қазақ емес, Ресейдегі барша мұсылман халықтары мен орыс демократтары арасында ерекше құрмет-беделге ие еді [26.21-2266].

Бөкейхановтың зерек те еңбек сүйгіш Шоқайды бірден байқап, оған студенттік кезеңінен бастап жіті көңіл бөлгені күмәнсіз.

Студенттік жылдарында Шоқай пікірлерінің қалыптасуына түрік тілдес оқушылар мен зиялылардың пікірталастары елеулі рөл атқарды. Мұндай жиындар Сәлімгерей Жантөрин, Серәлі Лапин секілді Ресей мұсылмандарының көрнекті қоғам қайраткерлерінің немесе В. Радлов іспетті атақты орыс шығыстанушыларының үйлерінде, я болмаса, Петербург Мұсылмандары қайырымдылық қоғамында өткізілетін. Бұл жиындарға Шоқайдан басқа башқұрт Зәки Уәлиди, әзірбайжандық Әли Әкбер Топчубашы, түрікмен Какажан Бердиев, қазақ Иса Қашқынбай, татар Ильяс Алкин т.б. жастар қатысатын. Жиналыстарға жастардан басқа Әлихан Бөкейханов, Алимардан Топчубашы, Махмут Хожа Бехбуди, Мюневвер Кари, Ахмет Байтұрсынов және Міржақып Дулат секілді сол дәуірдің әйгілі тұлғалары да келетін еді.

Неміс текті орыс шығыстанушысы Радловтың үйіндегі бас қосулар Шоқайдың әсіресе, тарих пен тіл туралы ой-пікірінің кемелденіп, дамуына үлкен үлес қосты. Сонымен қатар Бартольд, Самойлович секілді кең танымал орыс шығыстанушылары мен Садри Максуди Арсал, Ә. Бөкейханов қатысқан жиындарда түркі халықтарының мәдениеті, тарихы мен тілі туралы мәселелер әңгімеге арқау болатын.

Демек, Шоқайдың университетте оқып жүрген кезіндегі Петербург қоғамының саяси өміріне белсенді түрде енуі, солшыл және центристік ағымдардың әртүрлі бағыттарының өкілдерімен танысуы олардың идеяларының Түркістанның азаттық алуы мәселесіне тиімділік тұрғысынан іске асты. Шоқайдың студенттік жылдарында шет аймақтардағы халықтардың тәуелсіздігі мәселесі патша өкіметіне қарсы күрестің аясында жүргізілді, сондықтан Шоқай патша өкіметіне оппозицияда болған топтармен танысуға тырысты. Ол жұмысшы қозғалысына да, эсерлер мен кадеттерге де мән берді. Осылайша, Шоқайдың жас та болса, саяси қозғалыстың әртүрлі бағыттарымен таныса келе, кадеттер мен эсерлерге ойысуы оның болашақта ойлы саясаткер болатындығын көрсетті [27.1066].

Шоқайдың заңгерлік оқудағы алғашқы жылдары Ресей мұсылмандары арасында арасында түрікшілдік ағымы тарай бастаған кезеңге сәйкес келді. 1912 жылдың күзінде Петербургтағы қазақ, татар, өзбек секілді түркі тектес студенттер Түркияға қолдау білдірген науқандар ұйымдастырды. Мұстафа Шоқай 1914 жылы Әлихан Бөкейхановтың ұсынысымен ІҮ Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясының хатшысы болып тағайындалды. Мұстафаның осы саяси қызметке орналасуы түркі тектес халықтардың,

оның ішінде қазақ халқының, отарлық езгіге қарсы қозғалысының басталуымен тұспа-тұс келеді.

Шоқайдың пікірінше, 1916 жылғы көтеріліс Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының әліппесі болып табылады және жалпы алғанда орыстандыру мен орыс қанаушылығына қарсы бағытталды.

1916 жылғы саяси дүрбелең, Түркістандағы халықтың көтерілісі М.Шоқайдың патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы күресу туралы идеяларын одан әрі жетілдіріп, оның қоғамдық-саяси көзқарасын дамытты. Ол Петербордағы студентік жылдарында бұрқ ете түскен осы 1916 жылғы көтеріліске орай Ресей Мемлекетік Думасының Мұсылман фракциясының жұмыстарында белсенді рөл атқарды. Түркістан және дала өлкелеріндегі көтерілістерді басу кезіндегі орыс әскерлері жасаған заңсыз шаралардың Дума тарапынан тексерілуіне үлес қосты.

Мұстафа Шоқайдың ұлттық қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуына татар және башқұрт халқының азаттығы үшін күрескен саясаткерлердің де ықпалы болды. Татар ұлтының данагөйі, туған халқының азаттығы үшін күреске бүкіл саналы өмірін арнаған Мирсаидұлы Сұлтан Ғалиев 1917 жылы мамырда Петербор қаласына келеді. Сосын Тұрар Рысқұлов және Мұстафа Шоқайлармен бірге Түркістан халықтарының тәуелсіздігі үшін күреседі. Мирсаид Сұлтан Ғалиевтің ашық өткір сынды пікірлері Мұстафаға өзінің саяси көзқарастарын тұжырымдауға ықпал етті [31.С.45].

Міне осындай өткір пікірлі зиялы қауым саясаткерлердің ортасында жүрген Мұстафаның да Түркістан халықтарының тәуелсіздігі туралы өткір ойлары, ұтымды пікірлері қалыптасты.

Мұстафаның саясатқа өте қатты араласуына тағы да әсер еткен нәрсе – орыс ұлтшылдарының Ресей империясының ішінде орыс емес өзге халықтарды мойындамағаны.

Мұстафа Шоқай орыс отаршылдығының негізінде екі үлкен мәселе жатыр: «Патша өкіметінің ұраны Сібірияны нағыз орыс Сібіриясына айналдырғаны сияқты, Түркістанды да нағыз орыс Түркістанына айналдыру» болатын деп Ресейдің залым саясатын әшкерелеп, Түркістанды өзінше дербес тәуелсіз мемлекет етіп құруды мақсат мұрат

Қазақ топырағында қаншама ғасырлардан бері мемлекет туралы айтылып, ол үшін қаншама қанды арпалыстар болып өткенмен, бұл әрекетке мақсаттылық теориялық негіз беру Алаш зиялыларының қызметіне тұс келді.

Мұстафа Шоқайұлы ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың көшбастаушыларының бірі болды. Сондықтан ол кейін империялық зорлыққа қарсы көтерілгендігі үшін қуғын-сүргінге ұшыраған қайраткерлердің үлесіне тиген тағдыр қасіретін бөлісті.

Мұстафа Шоқай 1917 жылғы ақпан айында төңкерістік дағдарыстың пісіп жетіліп келе жатқандығын, оның ұлт аймақтарында да, оның ішінде

Қазақстанда сезіле бастағанын «В Туркестане» (Берлин 1935 ж. 25-29 наурыз) деген мақаласында былай суреттеді: «Ресейдегі 1917 жылғы революция орыс үкіметіне деген өшпенділіктен, жеккөрушіліктен туды».

Ақпан революциясының қалай басталғаны және қалай жеңіске жеткені жөнінде, патшаның тақтан құлатылғаны жөнінде Мұстафа «1917 жылғы естеліктерінен үзінділер» - атты еңбегінде: «Сөйтіп 1917 жылғы ақпанның аяғында Петербургте дүрбелең басталды. Көшелерде жұмысшылар қаптап кетті. Үкімет бұларға қарсы қарулы күш жібереді. Қаланың әр жерінде қақтығыс басталып, қан төгілді. Әскерлер, жұмысшылар топ-тобымен көтерілген халық жағына қарай шығып кетті. Екі-үш күн ішінде Петербург адам танымастай хәлге жетті. Ол шын мағынасында соғыс алаңына айналды» - дейді [34].

М. Шоқай 1936 жылы Ресейдегі 1917 революцияның жеңісін ондағы халықттың қуанышын 19 жылдан кейін былай суреттейді: «1917 жылғы Ресей революциясы болғалы он тоғыз жыл өтті. Бұл революцияны шын көңілден сүйсіне, тебіріне қарсы алғанымыз әлі есімде. Түркістандықтардың көбісі, әсіресе қарттар 1917 жылғы революцияны Ресей мен Түркістанның ара жігін айырған 1916 жылғы Түркістан көтерілісінің заңды жалғасы деп қабылдаған еді. Әттең бұл қуанышымыз ұзаққа бармады. Революция үмітімізді ақтамады, сенімнен айырды, алданып қалғанымызды айқын көрсетті...Байтақ еліміз құрбан болған перзенттерінің қаны мен тәніне толы болды. Түркістанның мыңдаған жігіттердің бетіне жаңа перде бүркенген ескі отаршылдыққа қарсы күресте опат болды. Мыңдаған жас Түркістан қаһармандары Кеңес Ресей зындандарында, айдауда шіріп жатты. Ондаған мың жүздеген мың түркістандықтар адам сияқты өмір сүру мүмкіндігінен айырылып, елінен безіп кетуге мәжбүр болды. Асқан ықылас-ілттипат, зор үмітпен қарсы алынған революция кейін жалпы ұлттық қасіретке айналды» [37.2586]. М. Шоқай 1917 жылы ақпан революциясына осындай баға беріп, сол кездегі шын мәнісіндегі ащы шындықты ашып көрсетеді.

1917 жылдың сәуірінде Ташкентте өткен өлкелік мұсылмандар съезі Түркістан Өлкелік Орталық Мұсылман Кеңесін құрып, оның төрағасы етіп Мұстафа Шоқайұлын сайлады.

Уақытша үкіметтің 1917 жылғы 5 наурыздағы жергілікті жерлерде басқару жұмысымен айналысатын жергілікті органдарды құру туралы қаулысына сәйкес жер-жерде сәуір айынан бастап съездер өткізіледі. М. Шоқай Орынборда өткізілетін бүкіл қазақ құрылтайына қатысады.

М. Шоқай қатысқан бұл съезде қабылданған шешімдердің негізгілері мынадай: «Бүкіл қазақ халқын біріктіру, оның мұқтаждықтарын анықтап, шешу үшін жалпы қазақ съезі шақырылсын. Бұл үшін ерекше ұйымдастыру бюросы құрылсын. Құрылтай жиналысының құрамына қазақ халқынан депутаттар сайлануы қажет. Съезд Ресей мемлекеті демократиялық, парламенттік және орталықтанбаған республика болуын қалайды. Түркістан өлкесінде жерге орналастыру жұмыстары тоқтатылуы тиіс» деп Уақытша

үкіметке М. Шоқай бастаған қазақ зиялылары талаптарын қояды [39.176]. Бірақ, Уақытша үкімет Түркістанға көңіл бөлген жоқ.

Осы жағдайда 17-20 қыркүйекте Ташкент қаласында Түркістан және қазақ мұсылмандар съезі болып өтті. Съездің күн тәртібінде саяси-қоғамдық және экономикалық мәселелер талқыланды. Осы съезде бүкіл Түркістан және Қазақстан мұсылмандарына басшылық жасайтын саяси партия құру туралы шешім қабылдады. Бұл партия «Мұсылмандар одағы» деп аталды. Алайда бұл партия тек қағаз жүзінде қалды.

Петерборда большевиктердің қарулы көтеріліске шыққандығы Түркістанға жеткеннен кейін, «большевиктерге қарсы әрекет жасаған тұрғындарды қол астыңыздағы барлық күшпен басып жаншыңыз, әскер шақырып, қару қолданудан тайынбаңыз» - деген үкіметтің тапсырмасы болды. М.Шоқай мұндай жағдайда Түркістан халықтарына ұлт-азаттық күреске шығу үшін өздерінің күштерін бұрынғыдан да жұмылдыруды жөн деп есептейді.

Осындай аласапыран жағдайда Ұлттық орталық мүшелері Ташкентті тастап, Самарқан мен Қоқан қалаларына тарап кетті.

Шоқай Самарқан қаласына кеткендер арасында еді. Бұл арада большевиктер өкіметінің Ресей халықтарына арнаған үндеуі ұлттық билік құру жөніндегі үміттердің қайта жандануына жол ашты.

Түркістан өлкесіндегі ұлт-азаттық қозғалыстың басшысы М.Шоқайдың екі төңкеріс аралығындағы саяси көзқарасы оның өміріндегі ең бір тегеурінді саяси оқиғаларға толы күрделі сипатымен ерекшеленеді.

М. Шоқай Түркістанда орнаған кеңестік билікке сенбеді. Сондықтан оны: «пролетариатсыз» және «пролетариат» деген тапты ешкім естімеген Түркістанда Мәскеу «пролетариат диктатурасын» жария етті. Ал енді бұл өзі қандай «пролетариат диктатурасы» деген сұрауға, әрине «орыс пролетариатының диктатурасы деген жауап сәйкес келеді» - деп ымырасыз сынға алған [40.19].

Алайда кейбір Алаш зиялылары оның ішінде М. Шоқай қазақ елінің бөлек тәуелсіздік алуына көзі жетпеді. «Мұстафа қазақ автономиясының өз алдына жеке құрылуына қарсы болды, Түркістанмен қосылуды жақтады». Яғни бұл жерде М.Шоқай күшті жауға қарсы күресу үшін қазақтардың жеке әлі келмейтінін, Түркістан халқымен бірігуін қалағаны осыдан болар.

Мұстафа Шоқай өз қызметінің алғашқы кезеңінде автономия құру ісіне белсене араласып, оның алғашқы басшыларының бірі болғанымен, негізінен, ол тәуелсіздік жолында тек автономия алумен шектелмей, күшті, еркін, тәуелсіз ел болу мақсатын өмірлік ұстаным ретінде қойды.

Мұстафа Шоқай Мұсылмандардың ІҮ съезінде Түркістанды Ресей Федеративтік Демократиялық республика құрамындағы территориялық – Түркістан Мухторияты деп жариялады. Кеңестік тарихнамада автономия құрылған қаланың атымен «Қоқан автономиясы» деп аталды. М. Шоқай әуелде бұл үкімет құрамына Сыртқы істер министрі болып сайланды.

Мария Горина Мұстафа Шоқайдың Қоқан автономиясын құру туралы жүргізген іс-шаралары туралы былайша әңгімелейді. Түркістан аймағы үшін осы ерекше жиын - 1917 жылы 26 қараша күні Қоқанға шақырылған өлке мұсылмандарының IV төтенше құрылтайы еді. Аталған құрылтай 26-27 қараша аралығында өтті (жаңаша ресейлік жыл санау бойынша 9-10 желтоқсан). Бұған Сырдария, Закаспий, Самарқан, Ферғана, Жетісу облыстарынан 200-ден аса делегат қатысты. Олардың ұлттық құрамы да айрықша: қазақ, өзбек, түркімен, қырғыз, әзірбайжан, тәжік, орыс, украин, поляк, еврей т.б. Бұл оның халық деген ұғымды Түркістанның тарихи тағдырымен байланыста қарағанын көрсетеді.

Осы жиын делегаттары 27 қараша күні *«Түркістан территориялық автономиясын»* жақтап, дауыс берді. Өз атымен айтсақ - Түркістан мұхтарияты. Аталған IV құрылтай Түркістан автономиясының немесе Түркістан мұхториятының *«Халық кеңесін»* (мұны бүгінгі парламентпен салыстыруға болады) сайлады. Оған 36 түркістандық (Түркістанның жергілікті халқынан шыққандар) және 18 өзге ұлт өкілдері енді. Халық кеңесінің төрағалығына - Серәлі Лапин, кеңес басшылығы құрамына - **Мұстафа Шоқай**, Убайдулла Хожаев, Махмұтқожа Бехбуди сайланады.

Түркістан автономиясының Халық кеңесі үкімет жасақтауды қолға алды. Мұны олар «уақытша үкімет» деп белгіледі. Сонымен Түркістан үкіметінің мүшелері мына тұлғалар: Мұхаметжан Тынышбайұлы - Үкімет төрағасы және ішкі істер министрі; Мұстафа Шоқай - Ұлттық кеңес төрағасы және сыртқы істер министрі; Шаһислам Шахиахметов Үкімет төрағасының орынбасары және қаржы министрі; Әбдірахман Оразайұлы - кейінгі ішкі істер министрі; Убайдулла Хожаев - әскери істер министрі; Насырхан төре - халық ағарту министрі; Мірәділ Мырзахметов - әлеуметтік істер министрі; Хидаятбек Юрғули Ағаев - ауылшаруашылығы министрі; Әбитжан Махмұт - азық-түлік министрі; Саломон Гердфельд - азшылық ұлт өкілдерінің министрі. Осы кезде М.Шоқай бастаған зиялылар азшылық ұлт өкілдері көшбасшыларына ғасырлар бойы азаптанған Түркістан тағдырына және шөре-шөре болып қалған өз тағдырына ақыл көзімен қарауды сұрады. Осыған байланысты кейін бір еңбегінде Мұстафа 1917 жылы Петерборда болған бір пікірталасты есіне алыпты. Мәселе мынада екен, Уақытша үкімет Түркістанға жұмыс күшін апару жайын қарайды. Сонда түркістандықтар жағдайды ушықтырмау үшін алдағы 25 жылда өлкеге жұмысшыларды әкелуді сұраған. М.Шоқай ондай күш қажет болса, *«орыстардың орнына татар мен башқұртты жіберу»* мәселесін күн тәртібіне қояды.

Түркістан автономиясын жариялай отырып, М. Шоқай мен оның серіктері бұл мақсатты іске асырудың қаншалықты азапты, күрделі екендігін жақсы түсінді. Ол съезде сөйлеген сөзінде: «Сіздер бірден толыққанды мемлекет құрғыларыңыз келеді. Ал ол үшін бізде адам жоқ, мүмкіндік жетімсіз, әскер құрылмаған. Россия қаншалықты құлдырау кезеңінде десек те, бізден

әлдеқайда қуатты... Жариялай салу оңай, алайда біздің жағдайымызда оны сақтап қалу өте қиын» - деген ойды айтады [42.2216].

Алайда Мұстафа Шоқай Түркістанда өткізілген мұсылмандар съезінің қорытындысы бойынша құрылған «Қоқан автономиясымен» ғана қанағаттанып қойған жоқ, ол автономия жарияланғаннан соң, Орынбор қаласына екінші жалпы қазақ съезіне қатысуға аттанды. Бұл съезге Сырдария мен Жетісу облыстарынан өкілдер арнайы шақырылған болатын. Олардың қатарында С. Аманжолов, Б. Мәметов, И. Арабаев, Ж. Солтонаев, М. Шоқай бар еді. Бұл съездің негізгі мақсаты Алаш автономиясын жариялап оның үкіметін құру еді. Съезге келген өкілдердің көпшілігі Қоқанда құрылған автономия туралы естімеген де еді. М. Шоқай осы съезде өзінің делегаттарына Түркістан (Қоқан) автономиясының құрылғанын жеткізді.

1918 жылғы 18-23 қаңтарда Ташкентте өткен Түркістан Кеңестерінің ІҮ съезі Түркістан Мухторияты басшылығымен келіссөз жүргізуден бас тартып, «Қоқан автономиясы үкіметін заңнан тыс деп жариялап, оның басшыларын тұтқындау» және автономияны тарату жөнінде қаулы қабылдады.

Ал енді М.Шоқай түркістандықтардан тек жақсылық көрді деу де ақылға сыйымсыз. «Бірлік туы» газетіне 1918 жылы 18 наурызда жарияланған «тау арасынан» жасырын жолданған әйгілі хатында оны Гаухана, Маймүбәрак, Құмбаста сарттары қалай өлтіре жаздағаны жазылған. Түркістан автономиясын қырған большевиктік қара күш пен жергілікті бағдарсыз оспадар күштің айырмасы шамалы еді.

1918 жылы қаңтарда Түркістан автономиясының алғашқы үкімет басшысы М. Тынышбаев өз еркімен жұмыстан босағанда, М. Шоқай осы қызметке сайланады. Большевиктер бұл автономияны ақпанда қанды қырғынмен таратты. 1918 жылы қыркүйекте қайраткер Самарада бас қосқан Ресейдің азаттық жолындағы күрескерлерінің Құрушы мәжілісіне (Комуч) қатысады. 1919 жылы ақпанда Түркістан мемлекеті бағдарын одан әрі қозғау үшін Бұхар әмірлігі мен Закаспийдегі ағылшын корпусы басшылығымен келіссөзге Ашхабадқа келеді. Сол жылы Баку мен Тифлисте сәл аялдап, (гүржі жерінде «Яни дүния», «Шафак» атты газеттер шығарысып, «Вольный горец» басылымына атсалысады) Ыстамбұлға аттанады.

Алайда арада 2 жыл уақыт өткеннен кейін 1918 жылы большевиктер Қоқан автономиясын қарудың күшімен талқандағаннан кейін Шоқайдың енді өз елінде қалуына қауіп төнді. 1918 жылы 31 қаңтар күні Қоқанда күрес басталды.

Мұстафа Шоқай өкіметтің өзге мүшелерімен бірге Қоқан қаласының маңындағы қыстақтарға өтті. Сонда 5-10 күндей жасырынып, Ферғанадағы өзбек ауылдарына барады. Большевиктердің қолына түспеу үшін бір ауылдан екінші ауылға Мұстафа көшіп жүреді. Өзбектер Мұстафаның тіпті мұсылман екендігіне сенбей оны дарға асуға дайындалып жатқанда одан

діни сауалдар арқылы жауап алып жатқанда, оны бір өзбек танып, оның Түркістан үшін аянбай қызмет еткені жайлы айтып арашалап алады.

Белгілі ғалым тарихшы М.Қойгелдиев Қоқан автономиясының мақсаты және күйреуі туралы мынадай тұжырым жасады: «Кеңестік тарихнамада саналы түрде, клерикал-феодалдық мазмұнда көрсетуге тырысқан Түркістан автономиясы жай бір қалалық құбылыс емес, Түркістан халықтарының өзін-өзі билеп алу құқығын мойындамай, ескі империялық түсінік шеңберінде қалып қойған Ташкенттегі кеңестік билікке балама билік есебінде өмірге келген жалпытүркістандық құбылыс болатын. Бұл үкімет алдына ешқандай да сепаратистік мақсат қойған емес. Ал большевиктер билігі болса Қоқан автономистерін күшпен тарата отырып жергілікті халық алдында өздерінің ұлттар теңдігіне қалай қарайтындығын іс жүзінде көрсеткен еді».

Мұстафа Шоқай Түркістан (Қоқан) автономиясы туралы өзінің ойларын қорытындылап: «Автономия біздің басымыздан кешкен бір тарихи құбылыс. Біз бүгін оны еске түсірумен ғана шектелеміз. Қайталамаймыз. Ересек адамдар өздерінің балалық дәуірін еске алатыны табиғи құбылыс. Бірақ сол дәуірге қайта оралам деп ойламайды. Сол сияқты біз де ұлттық саяси өміріміздің балалық дәуірі болған Түркістан автономиясын тек тарихи құбылыс ретінде ғана еске аламыз» - дейді. [44.1136]

Өз отанында қалған Алаш зиялыларына тиесілі басқа үлес жоқ еді. Мұны Мұстафа Шоқай жақсы түсінді. Түсінгендіктен де саналы түрде эмигрант тағдырын таңдап алды. Оның мұндай қадамға баруы, белгілі дәрежеде, азаматтық ерлікпен бірдей болатын. Өйткені қазақ баласының өз елінен жырақта жүріп саяси күресті кәсіпке айналдыруы қалыптаспаған құбылыс еді. Бізге Мұстафа Шоқайұлының шетелдік эмиграцияға кетуінің егжей-тегжейі беймәлім.

Шетелдердегі өмірінің соңғы аялдамасы - Париж қаласында Шоқайдың саяси шығармашылық тәжірибесінің шырқай шегіне жеткені байқалады. Оның мақалалары орыс, француз, түрік, ағылшын тілдерінде шығатын әр түрлі газет - журналдарда басылды. Сондай-ақ екі журналдың жарыққа шығуына жетекшілік еті. Стамбулда «Йени Түркістан» атты журналды З. У. Тоғанмен бірге ТҰО-ның баспасөз органы ретінде жариялады. Кейіннен Түркістан мәселесі тақырыбын терең әрі батыл қамыттаған «Яш Түркістан» журналын жарыққа шығарды.

Журнал шет елдердегі ресейлік түркі халықтары өкілдерінің екінші дүниежүзілік соғыстан бұрын ұзақ уақыт шығып тұрған және ең ықпалды баспасөз органдарының бірі ретінде тарихта із қалдырды. Бұл жетістікке кездейсоқ қол жеткізілген жоқ. Ол М.Шоқайдың студенттік жылдарынан бастап баспасөз саласында жинақтаған тәжірибесінің бір жемісі еді.

М. Шоқай мақала жазу әдетін екінші дүниежүзілік соғыстың ең қызып тұрған күндерінің өзінде де тастамады. М. Шоқай өз өмірінің ең қасіретті, ауыр күндерін бастан өткерген тұтқын лагерлеріндегі жұмыстары кезінде де естеліктері мен алған әсерлерін қағазға түсіре білді.

Қорыта айтқанда Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қоғамдық саяси қызметі туралы барлық деректерді сақтап оны мұрағатқа өткізіп, тарихи мұра ретінде сақталып қалуына Мария Шоқайдың үлкен үлесі болды.

Мария Шоқайдың деректері тарих алдында Мұстафа Шоқайды арашалауға негіз қалады десек артық болмайды.

Мұстафа Шоқай армандаған дербестік, мемлекеттік тәуелсіздік идеялары оның өнегесі араға жылдар салып орындалды.

Мұстафа Шоқайдың өнегесін қадірлеу, қастерлеу оның идеяларын оқып-үйрену баршамыздың парызымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Мұстафа Шоқай еңбектеріндегі тәуелсіздік идеясы». ҚР тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Қызылорда, 2001.-137б.
- 2.Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. –Алматы: Жалын, 1992.-182б.
- 3.Намык Кемал Зейбек. Ол түріктік мүддені түгендеуші. // Түркістан, 2001, 25 тамыз.
- 4.Оралтай Х. Мұстафа Шоқай және оның шетелдегі ізбасарлары. // Қазақ тарихы, 1997 жыл №2. 6б
- 5.Шағатай Т., Оқтай Ә. Мұстафа Шоқай альбомы. Ыстамбұл, 1992.
- 6.Чокай М. Я пишу вам из Ножана... - Составитель, перевод Б. Садыковой. –Алматы: Кайнар, 2001.- 208 с.
- 7.Мария Шоқай. Сен деп соққан жүректен. // Сыр бойы, 1997, ақпан - мамыр.
- 8.Қара А. Мұстафа Шоқай. Өмірі. Күресі. Шығармашылығы. - Алматы: Арыс, 2004.- 320б.
- 9.Такенов А. Баймырза Хайт. // Қазақ тарихы, 1996. №3. 17б.
- 10.Шоқай М. Таңдамалы. I том. Алматы: Қайнар, 1998.- 512б.
- 11.Шоқай М. Таңдамалы. II том. Алматы: Қайнар, 1999. -520б.
- 12.Нұрпейісұлы К. Қазақ үшін XX ғасыр текке өткен жоқ. //Заман Қазақстан. 1998, 30 қаңтар.

ӘОЖ 341.231:950 (574)

ҚОС МҰСТАФАНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ

Жәрімбет Ғ.А.

тарих магистрі, Қызылорда қаласы, Т.Есетов атындағы
№ 264 мектеп-лицейі

Халық даналығында «тарихты жасайтын тұлғалар» - дейді. Шыныменде, тарлан тарихқа көз жіберсек,қай дәуірде болмасын елі мен жері үшін басын бәйгеге тіккен тұлғалар аз болмаған. Тұлғалар жайында

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Ұлы тұлғаларды білмейінше бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адамзат тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Біздің ұлы қандастарымыз өмірлерін қиып, шыбын жандарын шүберекке түйіп, біздің тәуелсіздігімізді жақындата түскен... Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өзжұртының нағыз азаматы болып қала берген. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген» [1, 56.] - деген аталы сөзі еске оралады.

Тарих тұлғаларға кенде емес. Мақаламыздың өзегі арабша «Мұстафа – тегіс, жоғарыда тұрушы, ең жақсы, таңдаулы» [2, 36.] - деген ардақты есімді еншілеген ХХ ғасырдағы түбі бір түркі тарихындағы қос Мұстафаның Әли Ризаұлы Мұстафа Ататүрікпен Мұстафа Шоқай өмірі мен қызметі жайында болмақ. Алдымен, жас шамасына қарай үлкені Мұстафа Ататүрік жайында айтсақ. Мұстафа Кемал 623 жыл өмір сүрген әйгілі Осман империясы бөлшектеніп, ыдыраған шақта, бұрын ірі әріптермен жазылатын «Ұлы түрік сөзі» «сорлы түрікке» айналған тұста тарих сахнасына келгендерінді қолбасшы, данышпан реформатор және білікті дипломат. Мұстафа өз «Ататүрік реформалары елдің сыртын ғана емес, ең бастысы ішін, түрік халқының таным-түсінігін, ойлау жүйесін өзгертті. Билік басына келісімен ол байсалды диктатура орнатты. Түрік мемлекетін батыс үлгісінде модернизациялауды қолға алды. Оның реформалары түрлі пікірлер туғызды. Бірақ, турашыл саясаткер ретінде Ататүрік күллі ислам елдерінен оқ бойы озып шығып, түріктерді әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттері қатарына қосты. Ататүрік Түркия тарихының бағытын өзгертумен қатар оның реформалары Түркия тарихының жаңа бет-бұрысына қызмет етті» - деп жазады Мұстафа Шоқай «Яш Түркістан» журналының 1939 жылғы №110 санындағы мақаласында [3.120]. Ол еуропалық қағидаларға сүйене отырып, Түркияның зайырлы мемлекеттер қатарына жетуіне көп ықпал етті. Ауқымды реформалар Түркияны жаңа жолға түсірді. Ең бірінші өзгеріс латын қаріпін енгізуден басталды. Әйелдерге ерлермен тең құқық берілді. Еуропадағы дамыған ауыл шаруашылық пен өндірісті мысалға ала отырып, Түркияны да сол жолмен алып жүрді. Жаңа экономикалық жүйе құрды. Шағын кәсіпкерлікке зор қолдау көрсетілді. Әсіресе, ауылдық жерлерде ауылшаруашылық кәсіпорындарын ашу қолға алынды. Ірі өндірістер жанданды. Индустриалды дамудың алғышарттары жасалды. Балқан одағы шартымен Түркияны Балқан мемлекеттерінің лидеріне көтерген Ататүрік Сайдабат шарты арқылы жаңа ұлттық өмірге қадам басқан Ислам лидері елдерінің көшбастаушысы етіп қоя білді. Ататүріктің соны реформалары Түркияны халықаралық деңгейге шығарып, әлем мемлекеттері санасатындай дәрежеге жеткізді деп еске алады Мұстафа Шоқай «Яш Түркістан» журналының аталмыш санында. Сонымен бірге Ататүріктің

алаш арысы Міржақып Дулатұлын ұстаз тұтып, 1917–1918 жылдары билікке келген кезде досы профессор Тайыр Шағатайға тапсырма беріп «Оян Қазақ!» кітабын түрік тіліне аудартып, «Оян, Түрік!» кітабын шығартуы Ататүріктің түрік халқының рухын оятудағы маңызды қадамдарының бірі еді [4.66.].

Ататүрік түркі бірлігі идеясының жаршысы болды және түркі тілдес бауырлас елдердің барлығына есігін айқара ашты. XX ғасырдың 20-30 жылдардағы аумалы-төкпелі заманда елінен қуғын көріп, босқан талай түркі халықтарын бауырына басты. Ататүрік билікке келген уақытта Мұстафа Шоқайдың 1920-1921 жылдардағы Түркияға махаббаты оның 20-дан аса мақала жазуына түрткі болды. Мұстафа Ататүріктің 1927 жылы Парламент мінберінде тұрып түрік жастарына: «Біздің көршіміз, Кеңестер одағы күндердің күні құлайды. Бірақ ол жерде біздің қандас бауырларымыз бар. Біз солармен байланысты үзбеуіміз керек. Біз соған дайын болуымыз керек. Тіл деген – бір көпір, тарих – бір көпір, мәдениет деген – бір көпір, осы көпірлерді құлатпауымыз керек. Сол бауырларымызбен біз өте жақын қарым-қатынаста болуымыз керек, біз сол күнді күтпей, соған жету жолында жұмыс жасауымыз керек» деген үндеуі бүгінгі таңда өміршеңдігін дәлелдеп отыр [5.1876.].

Ататүріктің қазасын Парижде жүріп естіген Мұстафа Шоқай: «Түрік тарихындағы ең ұлы тұлғалардың бірі – Мұстафа Кемал Ататүріктің 57 жасында өмірден өтуі қандай қасірет деп еске алады. XX ғасырдың басында Түркия ел ретінде тәуелсіздіктен, түріктер ұлт ретінде еркіндіктен айрылған шақта Түркия мен түріктерді осындай халден Ататүрік құтқарды. Түрік халқының Анадолы далаларында қарусыз бастаған ұлтты құтқару күресінің нәтижесінде Лозанна шартын қабылдады. Түріктер араб өлкелерін еркіне жібере отырып, Анадолыдағы өзінің байырғы мекендерін қайтарып алды. Қарыс, Ардаған, Артойын жерлері мен бірнеше бұғаздарды бауырына қайта басты. Мұстафа Шоқай Ататүрік жайлы мақаланы жаза отырып, оның ғазиз рухының алдында бас иетіндігін «Яш Түркістан» журналының 1938 жылғы №108 санында жариялайды [6.26.].

Ататүрік: «Мен үшін ең ұлы қорғаныс ұясы, ең ұлы көмек көзі – ұлтымның кеудесі. Сондықтан да мен ұлтымның кеудесін ешкімге бастырмау үшін барымды саламын!» деген пікірі шынайылығын көрсетті. Ататүріктің бұл еңбегін түрік жұрты еш ұмытпайды.

Сонымен, тарихты жасайтын тұлға. Өзі өмір сүрген қоғамда дер кезінде баға беріп, сол заманға байланысты жаңаша ойлар тудыратын – тарихи тұлғалар. Сол тұлғалардың қатарында өмірін түркі халықтарының тәуелсіздігіне арнаған тұңғыш эмигрант, күрескертүркі тарихындағы екінші тұлға Мұстафа Шоқай еді.

Өткен ғасырдың 20-30 жылдарында қазақ мемлекеттілігінің даму мақсатын тұжырымдап берген, халыққа қызмет етудің жарқын үлгісін көрсеткен, қазақтың аса күрделі «соқтықпалы да соқпақты» тарихының

басты мазмұнын азаттық үшін, өзін этнос ретінде және өмір сүру кеңістігін сақтап қалу үшін күрес құраса, осы күрестің алдыңғы сапында тұрған да М. Шоқай болатын. Сол себепті оның өмірі мен жанқиярлық қызметін, шығармашылық мұрасын зерттеп, зерделеу – біздің парызымыз. Сонда ғана «бүгінгі бостандықтың, бүгінгі тәуелсіздіктің өзінен-өзі келіп, басымызға қона қоймағанын, азаттық үшін миллиондаған адамдардың жазықсыз жазаланғанын» білеміз [7.1276.].

Мұстафаның Наршоқыдағы балалық кезінен бастап, азамат болып қалыптасқан Ташкент, Петербор кезеңінің өзі бір төбе болса, оның табанды, нәтижелі еңбегінің арқасында 1917 жылдың 27 қарашасында құрған Түркістан автономиясы үлкен жұмыстар атқарғанмен 2 ай ғана өмір сүрді. Мұстафа өзі құрған Түркістан автономиясы туралы: «Ұзақ уақыт қараңғыда қалған адамның бірден жарыққа шыққан кезінде көзі шағылысып, аша алмай қалатындығы секілді, ұзақ уақыт патшалық Ресейдің отарлық саясатының қараңғылығында жер бауырлап, еңбектеген түркістандықтардың төңкеріс әкелген азаттық жарығына шығысымен көздері шағылысып, алдын көре алмай қалған еді. Шағылысқан көздердің адасулары түркістандықтардың өз қараңғылықтарын одан ары арттыра түсті. Осы себептен құрған үкіметіміз 1-2 айдан ұзаққа бара алмады», - деп түсіндірген еді [8.5056.].

Кеңес өкіметінің Мұхтариятты аса қатыгездікпен басып-жаншуы Мұстафаның көзқарасына қатты әсер етті, бірақ орыс халқының бәріне бірдей топырақ шашпай 1918–1919 жылдары «орыс демократиясының» революциялық әлеуетін ақырына дейін анықтауға ұмтылды. Дегенмен сол кездің өзінде-ақ Мұстафа түркістандықтар дербес өмір сүрмей, өздерінің ұлттық мүддесін толық жүзеге асыра алмайтындығы түсініп, алғашқы қадам жасап, 1919 жылы Антанта елдеріне үндеу жасайды. Осы мақсат жолында ол Әзірбайжан мен Грузияда, 1921 жылы Францияға барып орналасқаннан кейін баспа беттерінде большевиктерге қарсы дамылсыз күрес жүргізеді.

Мұстафа үшін «атамекенді сүю – оның тұтас мүддесіне қызмет ету, осы жолда... керек болса жан пида қылуға дайын тұру болып табылады» деуі ұлтқа қызмет етудің шынайы үлгісін көрсетсе керек. Мұстафаға мінез көрсету, астамшылық, билікқұмарлық сияқты екінің бірінде кездесе беретін қасиеттер мүлдем жат болатын. Ол жөнінде өзі де «мен жылы жерге ұмтылмаймын... Атақ та, орын да мен үшін ешқандай рөл атқармайды. Маған нағыз түркістандық болғанымның өзі жетіп жатыр» дейді.

М. Шоқай қызметінің басты бағыттарының бірі Түркістан мәселесіне әлем жұртшылығының назарын аудару болатын. Ол жиырма жыл Еуропа төрінде тәуелсіздік туын көтеріп, Кеңес одағы құрамындағы қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен т.б. халықтардың өз алдына дербес өмір сүруіне құқылы екендіктерін, тәуелсіздікке жету жолдарын айқындаумен болды.

Украина Халық Республикасының 1917-1918 жылдардағы сыртқы істер министрі болған Александр Шульгиннің «Егер Түркістан тәуелсіздік алып, Мұстафа Шоқай тірі болса, ол Джавахарлал Неру, Ататүрік сияқты

қайраткер болар еді» деп пікір білдіруі Мұстафаның жұмысына берген өлшеусіз баға болып есептеледі

Бүгінгі күні Мұстафа халық жадында да, жүрегінде де берік орын алды. Оның маңдайына кез келген тұлға ие бола бермейтін бақыт – өз халқымен үндес, тағдырлас болу жазылды. Туған жерінде де, Парижде де оған ескерткіш орнатылды. Мұстафаның қайраткерлік болмысын, бүгінгі күнмен өзектесіп жатқан ой-тұжырымдарын зерттеу, насихаттау, ұлықтау еліміздің егемендігін баянды етуге, жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге қызмет етеді. Сол себепті М. Шоқайдың ұлан-ғайыр шығармашылық мұрасы уақыт көшінен қалмай, халқымыздың баға жетпес рухани қазынасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жетері хақ.

Екі көшбасшының да өмір жолы өнегелі тағылымға толы. Екі күрескердің тәуелсіздік күресінің нәтижесі бірдей болмады; өйткені, екі мемлекеттің сол кездегі саяси және әскери шарттары бірдей болмады. Қаншама уақыт өтсе бүгінгі ұрпақ олардың еңбектерін бағалауды, ел алдындағы перзенттік парызымызды орындауды, тәуелсіздігіміздің мәңгілік болуына үлес қосужолында жұмыс жасауды ұмытпауы қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1.К.Есмағамбетов Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12-томдық. 1-том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012ж., 5б.
- 2.А.Шаяхметов «Қазақ даласындағы мұсылманша есімдер» // Қостанай таңы, 25.07.2014ж.
- 3.М.Шоқайдың шығармаларының 3 томдығы, Алматы, Қайнар, 2005 ж.
- 4.М.Шоқай Таңдамалы. 2-том. 6-б.
- 5.М.Шоқай Таңдамалы. 1-том. 187-б.
- 6.М.Шоқай. Ататүріктің қазасы //Ақмешіт апталығы.-1999.-10 желтоқсан
- 7.М.Шоқай Таңдамалы 2-томдығы, Алматы, 1999ж., 197 б.
- 8.К.Есмағамбетов Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12-томдық. 1-том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012ж., 505б.

Түйін: Автор мақаласында әлем тарихындағы өмір жолдары ұқсас тарихи тұлғалар Мұстафа Кемал Ататүрік пен түркістан тарихындағы Мұстафа Шоқайұлының қызметіне тоқталады. Жастарды тарихтағы қос тұлғаның орнын саралау арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеуге баулиды.

Резюме: В статье рассматриваются аналогичные жизненные пути двух известных личностей как Мустафа КемальАтатурк и Мустафа Чокай, известный личность в истории Туркестана, и их исторические деятельности в мировой истории. Автор анализируя историческую деятельность двух известных личностей, способствует привить патриотизма подрастающего поколения.

Summary: In the article are considered the analogical ways of life of two well-known personalities as Mustafa Kemal Ataturk and Mustafa Chokay, popular person in history of Turkestan, and their historical activities in the world of

history. Author analyzing the historical activities of two well-known personalities, promotes to instil patriotism of generation.

Түйін сөздер: Мұстафа, реформа, модернизация, Түркістан, Түркия, жастарға үндеу, республика, тәуелсіздік, автономия.

ӘОЖ 940.3:950 (574)

1916 ЖЫЛ: М.ШОҚАЙ КӨЗҚАРАСЫМЕН

Жәрімбет Ғ.А.

тарих магистрі, Қызылорда қаласы, Т.Есетов атындағы
№ 264 мектеп-лицейі

Мақалада М. Шоқайдың "Алаш" партиясының көшбасшысы ретінде, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс кезінде Орталық Азия мен Қазақстанды қамтыған тарихи қызметі қарастырылады. Сондай-ақ, қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси жағдайы және сол кездегі "Алаш" партиясы зиялыларының белсенді әрекеттері айтылады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының отаршыл саясаты қазақ даласын мемлекет меншігі деп жариялап, «пайдаланылмайтын бос жер» деген желеумен озбырлықпен тартып алып, қоныс аударушыларға бөліп беріп қазақ халқының тәуелсіз мемлекет құру идеясын орындалмас қиялға айналды. Озбыр отарлау саясаты өрістеген сайын қазақ халқының наразылығы өршіп, қарсылығы күшейе түсіп, ұлт азаттық күресі пен ұлттық мемлекеттілік құру идеясы өрістей, дами берді. Қазақтың бостандығы жолындағы күресі Сырым Датұлы, Исатай мен Махамбет, Кенесары Қасымұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы, 1916 жылғы Торғай және Жетісу бойы қазақтарының көтерілісіне айналып, жаппай сипат алды. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар дін тазалығын, тіл тазалығын қорғаудан, оқу-ағарту, ұлттық салт-дәстүрлерді қолдаудан басталып, біртіндеп жер дауы, ел дауына ұласты [1, 31-33бб.].

Қазақ халқының ұлт ретінде өмір сүруін сақтап қалу үшін аймақтардағы наразылық бас көтерулерден бастап, Мемлекеттік Думадағы депутаттық орынға дейін саяси күрес ісімен араласып, ұлттық бірлікті нығайту, қазақтың ұлттық азаттық идеясын жасау мақсатында Алаш туының астына бірікті. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді.

Өткен ғасырдың басында ұлтының теңдігі үшін қауымдасумен де, қаламмен де, қарумен де күреске түскен Алаш қозғалысы өзінің алдына қойған мақсаты мен ұйымдастырушы күші жағынан қазақ тарихындағы бұрын-сонды қозғалыстардан пәрменді әрі мазмұнды болды. XX ғасыр басында «Күн сөнгенше сөнбейміз» - деп Алаш туының астына біріккен

қазақ оқығандары: Әлихан Бөкейханұлы, Мұстафа Шоқайұлы, Бақытжан Қаратайұлы, Жанша Сейдалин, Мәмбет Сейдалин, Абдолла Темірұлы, Айдархан Тұрлыбайұлы, Жанша Досмұхамедұлы, Бақыткерей Құлманұлы, Жақып Ақпайұлы, Сейілбек Жанайдарұлы, Халел Досмұхамедұлы, Мұхаметжан Тынышбайұлы Уәлихан Танашұлы, Батырқайыр Ниязұлы, Ахмет Бірімжанұлы, Садық Аманжолұлы, Халел Ғаббасұлы, Әлімхан Ермеков, Сәлімгерей Нұрлыханұлы, Түсіпбек Жақыпбайұлы, Есенғали Қасаболатұлы, Сатылған Сабантайұлы, Молданияз Бегімұлы, Асылбек Сейітұлы, Барлыбек Сыртанов, Дінмұхамед Сұлтанғазин, Нәзір Төрекұлов, Жанақ Сұлтанбай және басқалары – негізінен Петербург, Мәскеу, Варшава, Қазан, Омбы мен Орынбор, Томск, Киев, Саратов жоғары оқу орындарының түлектері еді. Сонымен бірге Ресейден тыс Мысыр (Египет) университетінің заң факультетін 1908 жылы бітіріп, сегіз тілді үйреніп шыққан Ғабдулғазиз Мұсағалиев, Түркияның Стамбул университетінің түлегі, араб, парсы, түрік тілдерінде емін-еркін сөйлеген Мұхаметжан Берішов. Оның дәлелі – тәуелсіз Қазақстанның барлық түкпіріндегі қазақ зиялы қауымының ісіндегі, ойындағы алашшылдық азат сана болатын.

Мысалы, көрнекті мемлекет қайраткері «Алаш» қозғалысына қатысушы Әлімхан Ермековтің деректеріне қарағанда Әлихан Бөкейхан Ленинмен бірге Санкт-Петербург университетінің заң факультетін өз бетінше бітірген, бірнеше шетел тілін білген, 24 жасында жоғары білімділігінен екі дипломға ие болған марксизм теориясын терең білетіндердің бірі ретінде атағы шыққан [2, 125-126 бб.].

Өткенді тану, ұлттық биік мұраттар жолында жүріп өткен жолын, осы жолда жиған мол тәжірибесін, жеткен жетістіктері мен жіберіп алған қателіктерін ой таразысынан өткізу - отандық тарихтану ғылымының негізгі міндеттерінің бірі.

Отан тарихында еш уақытта өзектілігін жоймайтын тақырыптардың бірі – ұлт-азаттық күрестер тарихы. «Бұл оқиға әлі жылдар бойы әңгіме болады» - деген Александр Керенскийдің көреген сөзі 100 жылдан аса уақыт өтсе де әлі жаңаша зерттеуді қажет етіп отыр. Осыдан 100 жыл бұрын қазіргі Қазақстан мен Орталық Азия аумағында Ресей патшасының соғыс мұқтаждығы үшін тыл еңбегіне адам жинау туралы бұйрығына қарсы жаппай бас көтеру басталды. 1916 жылы маусымның 25-індегі патшаның «Реквизициялау туралы» жарлығы бойынша Қазақстан, Орта Азия мен Сібірдегі «бұратана халықтардан» 19 бен 43 жас аралығындағы 400 мың адамды майданның тыл жұмыстарына алу көзделді. Оның 240 мыңы қазақтардан алынатын болды. Осы жарлыққа қазақ даласы мен Орта Азияда жиырмасыншы ғасырдағы ең айтулы, жаппай көтерілістердің бірі басталды. Алаш арысы Міржақып Дулатұлының сөзімен айтсақ: «Жұрт сендей соғылды. Түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айрылды. Әне келеді, міне жетеді деп өлім жазасына бұйырылып, үкімнің орындалуын күткен тұтқындай болып жүрді» [3, 646.]. «Қара жұмысшы болып, майданның

өтінде текке өлгенше, жастығымды ала жығылайын» деп Кенесары хан тұсынан қалған көнерген шоқпарын беліне байлап, «иә, әруақ қолдай көр!» деп алаштың ұлдары атқа қонған дүрбелең осылай басталды [4, 30-31бб].

Ұлы далада дүрбелең басталған күннен бастап Мұстафа «Қазақ» газетінің ұстанымын қолдады. Әлихан Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан ағаларының сөздеріне сенген Мұстафа Шоқай, күштердің тең емес соғысында түркістандықтардың текке қырылып қалуынан қорқатын еді.

Қазақ жеріндегі ұлт-азаттық көтерілістің ең ірі орталықтары — Торғай, Жетісу, Ырғыз өңірлері еді. Торғай облысында Аманкелді Иманов пен Әліби Жангелдин жетекшілік жасаған көтеріліске 15 мың халық қатысып, қала қоршауға алынып, ең қантөгісті және ұзаққа созылған көтеріліске айналды. Көтерілістің ең қасіретті де қайғылысы Орта Азияға жіберілген 500 мың орыс мұжығының 300 мыңы қоныстанған Жетісу өлкесінде орын алды. Алғашқы қарсылық Верныйда, 18 тамыз күні Бішкек, Тоқмақ, Кочкорка, Жаркент, Пржевальскіде жиналған көтерілісшілер орыстарға шабуыл жасап, орыс ауылдарын тонады. Жетісу әскери губернаторы Ташкенттен қосымша қол сұрауға мәжбүр болып, ақыры жазалау шаралары сұмдық жан түршігерлік сипатта болды. Осындай аяусыз қырғыннан аман қалғысы келген көтерілісшілер амалсыз шекара асып кетуге мәжбүр болды. Деректер бойынша Жетісу өңірінен Қытай асып кеткен қазақтар мен қырғыздардың саны үш жүз мыңға жеткен. Олардың жартысы Қытай жолында аштықпен табиғаттың қолайсыз жағдайынан опат болған. Жалпы алғанда түркістандықтардың 1914-1916 жылғы оқиғаларда халықтың 17 пайызын құраған 1 млн. 230 мың адам жоғалып кеткен [5, 26-27 бб.].

Сол кезеңдегі Мемлекеттік Дума жанындағы Мұсылман фракциясы 1916 жылғы көтеріліс мәселесімен тікелей шұғылданды. Осы мақсатта Дума мінбесінен сөйлеу үшін депутат М.Ю. Жафаровқа баяндама дайындау Мұстафаға тапсырылды. Осы жұмысқа байланысты материалдар жинау және Түркістандағы жағдайды біліп қайту мақсатында Мұстафа Шоқай 1916 жылдың 10 тамызында Мұсылман фракциясының төрағасы Құтлық Мұхаммет Тевкелевпен және Шәкір Мұхамедияровпен бірге Ташкентке келеді. Мұнда бұрынырақ (3 тамызда) келген депутат Александр Керенскийді ұшырастырып, олар Самарқанд, Өндижан, Қоқан қалаларын, тамыздың аяқ жағында Ташкент уездерін аралап шығады.

21 тамызда М. Шоқай А.Ф. Керенскиймен бірге көтерілісті басу кезінде тып-типыл болған Жизақ қаласына келеді, Жизақ уезінде ауылшаруашылық санағын жүргізіп жүрген студенттердің патша жазалаушыларының қолынан қырғынға ұшырағанын анықтайды, жергілікті тұрғындарға көрсетіліп отырған зорлық-зомбылықтың кең етек алып отырғанына көздері жетеді.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысушыларды кінәсіз деп таныған, көтеріліске объективті жан-жақты ресми баға берген Керенский болды, ол бұл тұста, көтеріліс мәселесінде өзінің Ресей азаматы, оның нағыз

патриоты екенін іспен де, сөзімен де дәлелдеуге тырысты. Алайда кейін уақытша үкіметті басқарған Керенскийдің де империялық санадан аса алмағанын тарих көрсетті, ол кейін шет елге эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. Мұстафа Шоқай эмиграцияда жүрген кезде Жизақтағы қырғынды еске ала отырып, қаладағы емшектегі баладан еңкейген кәріге дейін мыңдаған адамдардың орыс жендеттерінің қолынан қаза тапқанын, осы «ерлігі» үшін полковник П.П. Иванов деген қаныпезердің Иванов–Ринов–Джизакский атанғанын «Последние новости» газетінің бетінде жариялаған еді [6, 192-196 бб.].

Жалпы алғанда М. Шоқайдың ұлттық қайраткер ретінде саяси сахнаға шығуына 1916 жылғы Түркістан мен қазақ жеріндегі ұлзаттық қозғалысы қуатты серпін береді. 1916 жылы Мұстафа Шоқай Түркістан жәдитшілері жетекшілерінің бірі Убайдолла Қожаевтың басшылығымен құралған түзем комиссиясы құрамына енеді. Бұл жағдай оған Түркістанға генерал-губернатор болып тағайындалып, 1916 жылдың шілде айының аяғында Ташкентке жүрейін деп отырған Куропаткинмен әңгімелесуіне және елдің наразылығын жеткізуге мүмкіндік береді. Куропаткин Мұстафаны: «Көтерілістің бір себебі түркістан әкімшілігінің өз билігін асыра пайдалануында жатыр, барғаннан кейін майданға шақыртылу шарттарын жеңілдетемін және түркістан әкімшілігін толық тазартамын» деп сендірген еді. Алайда, Ташкентке жетпей жатып-ақ, жол бойында Куропаткин уәдесінен тайып, «Түркістанды бүлікшілерден тазарту» туралы жоспар жасайды. Мұстафаның жазуынша, Қазалыға жер аударылып, сонда тұрып жатқан Орал казактарына Жетісуда қазақ және қырғыз көтерілісшілерінен босатылған көлемді жер телімдерін беруге уәде етеді. Ташкентке келген бойында Куропаткин «орыс қаны тамған жердің барлығын тәркілеуге» ұран тастайды. Орыс қауымы генерал-губернатордың сөзін үлкен құлшыныспен қарсы алады. Патша өкіметінің жазалау экспедициялары қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, ұйғырларды жасына да, жынысына да қарамастан қырып-жоюмен шектелмей, олар мекендеген бүкіл ауылдар, қыстақтар мен қалалары қиратылады. 1916 жылғы көтеріліс ашынған елдің айбыны еді [6].

1916 жылы қарашада Петроградқа Торғай қазақтарының делегациясы келіп, Мұстафа Шоқай оларға А.Ф. Керенскиймен кездесуге көмек беретіндігін айтады. Керенскийдің өз үйінде қазақтар үкіметпен арада делдал болуды сұрап, майданға алынуы тиіс жұмысшылар орнына он мың сәйгүлік беруді ұсынады. Майданның кара жұмысына қазақтарды алуда заңсыздықтардың кең етек алып отырғандығы, «он бес жасар, бір үйдегі жалқы, үш-төрт ағайынды жігіттердің түгел алынып кеткендігі» туралы «Қазақ» газеті бетінде мәселе көтеріледі. Ө. Бөкейхановпен бірігіп Мұстафа майданға алынған қазақтардың аш-жалаңаш күйі, оларға жәрдем беру жөнінде 1916 жылы Петроградта мақала жазады. 1916 жылы М. Шоқай мен А.-З. Валиди А.Ф. Керенскийдің көмегімен Түркістаннан алынған жұмысшылардың жағдайын білу үшін майданға барып қайтады [7, 68-69бб.].

Саяси сауатты, заңгер Мұстафа өкімет орындарымен заң арқылы күресу үшін Мемлекеттік думаның мінберін тиімді пайдаланғысы келіп, он алтының ойранын ұйымдастырушылар туралы нақты ақпараттар жинап, Мемлекеттік думаның жабық мәжілісінде сөз сөйлеген Керенскийдің алдына қоя білді. Осы мәселеге байланысты 13 желтоқсан күні Мемлекеттік думаның жабық мәжілісінде сөз сөйлеген А.Керенский «бұл іске жауапты жалғыз патша өкіметі» екенін ашып айтқан болатын [8, 68-69бб.].

Алаш қозғалысы қайраткерлері арасынан Мұстафа Шоқай 1916 жылғы қозғалыс тарихын жаза отырып, мәселеге әлдеқайда терендеп, қазақ көтерілісінің ұлттық сипатын батыл айта білді. Мұстафа өзінің 1916 жылдың 15 жылдығына байланысты жазған **“1916 жылғы ұлттық қозғалыс туралы большевиктердің өтірігі”** деп аталатын еңбегінде осы қозғалысқа үлкен мән бере отырып: “...1916 жылғы көтерілістер, “Қоқан автономиясы” және “басмашылар әркеттерімен” қосылып, орыс тепкісіне қарсы бағытталған ұлттық қозғалыс тарихымыздың ең маңызды құбылыстарының бірінен саналады, Түркістандықтарды, халықтың барлық жіктерін өз қол астына бірлестірген патшалық Ресейдің жалпы саясатын айтпағанда, түркістандықтарды майдандағы қара жұмысқа шақырған бұйрықтың өзі ұлттық табиғатына, рухына жат еді” – деп баға береді [9, 214-215бб.].

1916 жылғы көтерілістің әрі қарай белең алуына Ресейдегі ақпан төңкерісі әсер етпей қоймады. Ақпан төңкерісін үлкен үміт зор қуанышпен қарсы алған Мұстафа үзеңгілес достарымен тізе біріктіріп, Түркістанның тәуелсіздігі жолында елдік пен теңдік үшін тер төкті. Осы мақсатта Мұстафаның қатысуымен 1917 жылдың 21-26 шілдесінде Орынборда Бүкілқазақ құрылтайы өтті. Құрылтай жиналысына Еділ бойы мен Орта Азия, Қазақстанның барлық өлкесінен делегаттар қатысты. Орынборда өткен қазақ құрылтайы түбі бір түркі халықтарының басын қосқан тарихи күн Мұстафаның тұтас Түркістан үшін күресу идеясын қуаттай түсті. Құрылтай жиналысы аяқталар тұста Мұстафаға Торғайдағы көтеріліске жетекшілік жасаған Амангелді Иманов бастаған бір топ келіп, құрылтай жиналысына риза еместігін және Ахмет, Міржақып сынды Алаш қайраткерлерінің құрылтай жиналысында жарқырап көрінуін «арғындардың белең алуы» деп қабылдап, Мұстафаның қыпшақ екенін есіне салып, «төре Әлихан Бөкейханов бастаған арғындар өкіметіне қарсы күресте» өздеріне саяси жетекшілік жасауын өтінеді. Ұсақ және мағынасыз, пендешілік ұсынысқа Мұстафа олардың сөйлеп бітуін күтпестен: «Ағалар, қыпшақ деген ұлт болмайды, қазақ деген ұлт бар. Егер әрқайсымыз бөлініп, қыпшақтың көсемі, арғынның көсемі, үйсіннің көсемі болып жатсақ, біздің халық азады. Түркістанның тағдыры үшін білек сыбана күрескен шақта қыпшақ, арғын деп бөліну былай тұрсын, тіпті қазақ, өзбек, түркімен болып бөлінудің өзі өліммен тең! Сондықтан, мұндай әңгімені қойып, тізе біріктіріп, ел болудың қамын ойластырған жөн» - деп тиып тастайды [9, 192-196 бб.].

Қорыта келгенде, 1916 жылдың жалыны қалың бұқараны толық шарпыды. Қазақта «Ақтар келіп ағымды төкті, қызылдар келіп қанымды төкті» деген сөз тіркестері ашынған халықтың айбыны еді. Қазақстан Тәуелсіздіктің жиырма бес жылын артқа тастады. Елбасы Н.Назарбаевтың: «Қазақстанның батысы мен шығысы, оңтүстігі мен солтүстігінде қарапайым жер жоқ. Себебі, ол жерлер үшін аталарымыздың қаны мен тұлпарларының тері төгілді. Біз үшін мұның бәрі қасиетті» деген сөзі ойға оралады. Олай болса, тәуелсіздіктің баянды болуы, бейбіт күннің қадір-қасиетін түсініп, ұрпақтарға аманаттап кету ұрпақ алдындағы парызымыз. Жалпы алғанда 1916 жылғы Түркістан көтерілісі Ресейге және жалпы орыстыққа қарсы бағытталған Сырым мен Кенесары көтерілісінің жалғасы еді.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Алаш қозғалысы, Алматы, Ел-шежіре 2007ж. 155-156бб.
- 2 Д.Қамзабекұлы, Е.Тілешов «Алаш қозғалысы». Алматы, Сардар, 2014 ж. 125-126 бб.
- 3 Д.Қыдырәлиев «Мұстафа Шоқай». Астана, Фолиант. 2007ж.30-31бб.
- 4 Алаш қозғалысы. Алматы, Ел-шежіре 2007 ж. 155-156 бб.
- 5 А.Қара «Мұстафа Шоқай». Алматы, Арыс. 2004 ж. 26-27 бб.

ӘОЖ 172.327:950 (574)

МҰСТАФА ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Жусупбекова Б.А.

тарих ғылымдарының магистрі,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Мұстафа Шоқай ғылыми орталығының кіші ғылыми қызметкері

(Қызылорда қ-сы)

XX ғасырдың басындағы қазақтың белгілі қоғам қайраткері, «Алаш» партиясының жетекшілерінің бірі-Мұстафа Шоқай сол кездегі халықаралық жағдайды жіті қадағалап, түркі тектес халықтардың тағдырына қатысты оқиғаларға өз бағасын беріп отырғаны белгілі. Ол халықаралық жағдайларға жіті назар аударып, әсіресе, ірі державалардың отаршылдық бұғауына түскен бодан халықтардың ұлттық тәуелсіздік жолындағы күрестеріне ерекше көңіл бөліп, үнемі бақылап отырған. Бұған М.Шоқайдың шетелде саяси эмиграцияда жүріп өзі басшылық жасап шығарған «Яш Түркістан» (1929-1939 жж.) журналының беттерінде жарияланған мақалалары дәлел бола алады. Мысалы, «Яш Түркістан» беттерінде Мұстафа Шоқайдың жалпы қоғам дамуына, дүниежүзінде болып жатқан оқиғаларға және ұлт-

азаттық қозғалысының формалары мен күрес тәсілдеріне, түркі халықтарының мәдениеті мен тарихына қатысты көзқарастары көрініс табады. Мұстафа Шоқайдың халықаралық сарапшы және тарихшы ретінде қарастырылуы қайраткердің тек түркі халықтарының ұлт-азаттық қозғалысын ғана емес, батыс елдердің шығыс халықтары жөніндегі саясатын жетік білетіндігін, халықаралық жағдаймен жете таныс екендігін М.Шоқай Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. еңбегінің II-томында М.Шоқайдың «Яш Түркістан» журналының 1936 жылғы сандарында басылған халықаралық жағдай атты мақалалары халықаралық саяси шолу бағытына жатқызуға болады. Мысалы, «Халықаралық жағдай» атты «Яш Түркістан» журналының №68 санында басылған мына мақаласы сол уақыттағы халықаралық жағдайдың шиеленісіп бара жатқанын баяндайды. Соның ішінде, Италия мен Хабашстанның жанжалы Европа елдері арасындағы кикілжіңдердің бірі болып саналады. Бұл уақытта Англия, Франция, Италия бірыңғай майданы өз ішінен бүлініп ыдырау аясында болды. Сонымен бірге, Жапония, Қытай қатынасы да көңіл көншітерлік емес еді. Италия мен Хабашстан арасындағы жанжал екеуінің де Ұлттар Ұйымына мүше болуына байланысты және бір жағынан Хабашстан мәселесінде Франция, сондай-ақ Англияның да мүдделері болуы себепті күрделенді. 1906 жылы Ұлыбритания, Франция және Италия үкіметтері Хабашстанның (Эфиопия) тәуелсіздігін сақтауға сөз беріскен және 1923 жылы Хабашстан Ұлттар Ұйымына мүше болып кірген. 1928 жылдан бері Италия мен Хабашстан арасындағы достық келісімі және осы келісімге сәйкес әрбір екі жақ шығуы ықтимал барлық келіспеушіліктерді саяси тәсілдермен реттеуге тиіс еді. Алайда, бұл келісімдер ұзаққа созылмады. Мәселен, Англия - Франция және Италия осы елдің шаруашылық салаларына ішкерілей еніп алып, өз ықпалдарын орнықтыруына 1906 жылдағы келісім ешбір кедергі келтірген жоқ. Алайда, Италия Хабашстанмен бұрын соңды жасаған келісімдерін жойып, оны өз қолына алуға әрекет жасайды. Бірақ, Ұлыбритания Хабашстандағы өз мүддесінің бір бөлігін қиып болса да Италияны тоқтатпақ болады. Бұл іс-әрекет өзінің оңды жемісін бермейді. [2.95]

«Яш Түркістан» журналының 1935 жылғы №71 санында жарияланған мақаласында Италияның Муссолини жетекшілік еткен үкіметінің Хабашстан (Эфиопия) еліне жасаған агрессиялық соғысына байланысты саяси сараптама жасалынған. М.Шоқайды соғыс мәселесінен гөрі Ұлттар Лигасының Албания, Австрия және Венгриядан басқа барлық мүшелерінің қатысуымен өткен жиналысында Италияны ұйымның жарғысын бұзушы ел ретінде айыптап, оған жарғыға сәйкес экономикалық және қаржы жағынан шара қолдану жөніндегі қаулы

алғаны қызықтырады. Автор Ұлттар Лигасының тарихында барлық елдердің бір мемлекетті өздері тарапынан бекітілген ережені бұзғаны үшін айыптап оған жаза қолдану туралы шешімге келгенін атап өтеді. Ол мұндай шара халықаралық саясаттың болашағына ықпал етпей қоймайды дейді. М.Шоқайдың ойынша, Италия-Хабашстан соғысы салдарынан кеңестік Ресей Еуропа саясаты майданынан шығып қалған, Ұлттар Лигасына мүше елдердің арасынан тек қана Түркиядан басқа ешбір ел онымен достық қатынас орнатпаған.

Сонымен қатар журналдың осы санында М.Шоқай Қиыр Шығыстан келіп жатқан төтенше оқиғаларға байланысты өз пікірлерін жариялаған. Атап айтқанда, Жапония мен Қытай арасындағы қарым-қатынастар оңала бастаса болды, ол қатынастардың шиеленісуіне өзге бір үшінші жақ мүдделі бола кететінін баяндаған. Сондай-ақ, Кеңес пен Манжурия шекарасында да жиі-жиі қақтығыстар болуда деп хабарлайды. М.Шоқай мұның себебін Кеңес үкіметінің Манжурия мен Моңғолстан арасында қалыпты қатынас орнатылуына мүлдем жол бермеуінен іздейді. М.Шоқай бірнеше бөліктен тұратын бұл мақаласында Ұлттар Лигасының өз жұмысында кейбір елдердің саясатына орай бүйрек бұратынын, ірі державалардың әлі де болса отарлау саясатынан бас тартпай отырғанын және Кеңес елінің Шығыстағы қитұрқы саясатын әшкерлеп берген. [3.119]

«Яш Түркістан» журналының 1935 жылғы №71 санында жарияланған «Халықаралық жағдай» атты мақалада осы журналдың №73 санында басылған халықаралық саяси шолу бағытындағы мақалада Италия елінің агрессиялық саясатымен қатар Англияның Мысыр еліне қатысты саяси әрекеттері мен Қиыр Шығыстағы Ресей-Жапония қарым-қатынастарының ерекшеліктері сөз болады. Сонымен қатар журналдың осы санында М.Шоқай Қиыр Шығыстан келіп жатқан төтенше оқиғаларға байланысты өз пікірлерін жариялаған. Атап айтқанда, Жапония мен Қытай арасындағы қарым-қатынастар оңала бастаса болды, ол қатынастардың шиеленісуіне өзге бір үшінші жақ мүдделі бола кететінін баяндаған. Сондай-ақ, Кеңес пен Манжурия шекарасында да жиі-жиі қақтығыстар болуда деп хабарлайды. М.Шоқай мұның себебін Кеңес үкіметінің Манжурия мен Моңғолстан арасында қалыпты қатынас орнатылуына мүлдем жол бермеуінен іздейді. [4.122]

«Яш Түркістан» журналының 1936 жылғы №78 санында жарияланған. М.Шоқай сол уақыттағы халықаралық жағдайдың мүлдем шиеленісіп кеткенін айтып, жұрттың жиі жүгініп айтатын «достық», «ынтымақ» деген сөздердің тіптен қадірі қашқанына қынжылыс білдіреді. Шындығында, Бірінші дүниежүзілік соғыстан зардап шеккен әлем елдерінің келіссөздер жүргізіп, түрлі дағдарыстардан бейбітшілікке ұмтылуынан 1930 жылдардың ортасынан бастап әр елдердің өз мүдделеріне сай түрлі жақтас топтарға бас қосулары көбейіп кетті. М.Шоқайдың атап көрсетуінше, сол кезеңде тек қана Ресей Түркияның арақатынасы тұрақты, көлеңкесіз күйінде қалған. Өзге мемлекеттердің барлығы бір-бірімен көзбояушылық түрде қатынастар жасап жатты. Шындығында, Бірінші дүниежүзілік соғыстан зардап шеккен әлем елдерінің келіссөздер жүргізіп, түрлі дағдарыстардан

бейбітшілікке ұмтылуынан 1930 жылдардың ортасынан бастап әр елдердің өз мүдделеріне сай түрлі жақтас топтарға бас қосулары көбейіп кетті. М. Шоқайдың атап көрсетуінше, сол кезеңде тек қана Ресей Түркияның арақатынасы тұрақты, көлеңкесіз күйінде қалған. Өзге мемлекеттердің барлығы бір-бірімен көзбояушылық түрде қатынастар жасап жатты.

Құрамында Ұлыбритания, Франция, Италия және Жапония секілді алып державалар кіретін «Ұлы Антанта» одағы өз әлеуетінен айырылды. Жапония Антантамен қатар Ұлттар Лигасынан да шығып кетті. Ал Италия Хашабстанмен (Эфиопия) соғыс жағдайында болғандықтан Ұлттар Лигасымен қырғи-қабақ болып жатты. Ұлыбритания мен Франция болса, Италияға экономикалық қысым жасау әрекетін жүргізді. Осы кезеңде Югославия, Чехословакия мен Румыния «Кіші Антанта» одағын құрғаны белгілі болды. Бұл елдер осының сәл алдында-ақ Франциямен одақтас болып, соның әскери көмегіне сүйеніп жүрген болатын. Австрия елі Италияның қолпаштауына еріп, оның одақтасына айналды. Бұдан «Ұлы Антантаның» екі мүшелері осы ұйымның дағдарысқа тап болуына дейін-ақ, бір-біріне жау тараптардан өздеріне жақтастар іздеп кеткенін байқауға болады. Мұнан кейін, Югославия, Румыния, Түркия және Греция елдерін қамтыған Балқан одағы дүниеге келді. Сөйте тұра бұлар да, өзге елдермен жақтастығын үзген жоқ. Тек Кеңес елімен Югославия ғана дұрдараздығын сақтап отырды. Италия Австрия мен Мажарстанды өз ырықанда ұстауға тырысты.

Ендігі мәселе, Еуропадағы ықпалды елдердің бірі Польшаның қай елмен жақындасатыны өзгелерге маңызды көрінді. Ол Франциямен бұрыннан жақын болған. Ол Ресейге тіпті жоламауға тырысты. Ресми түрде дүниеге келіп, қайтадан ыдырап жатқан осындай одақтар жалпы Еуропаның берекесін кетіруге шақ қалды.

Италияның Хашабстанмен соғысы Еуропалық саяси қатынастарды тіпті шиеленістіріп жіберумен қатар, Еуропада жаңа саяси кезеңнің басталуына түрткі болды. Ал, Франция Германияның болашағынан секем алып, Ресеймен одақтасуға бейілдік танытты.

Шығыстағы Ресей мен Жапонияның арақатынасында жаңа бетбұрыстар пайда бола бастады. Ресейдің қақпанына мықтап түскен Моңғолия, оның Жапонияға қарсы әскери базасына айналды. Бұған Орталық Қытай үкіметі де өз наразылықтарын білдіріп жатты.

Халықаралық саяси жағдайларға осындай талдау жасаған М. Шоқай шиеленіскен қым-қуыт оқиғалардан тиісті қорытынды шығаруды оқырмандардың өздеріне қалдырғанын ескертеді. Сонымен қатар, күштінің озбырлығына тәуелді болған әділеттілік пен тең құқықтылық сынды қасиетті ұғымдарда қандай мән-мағына қалатынын Еуропаның данышпан білгіштері айтар деп өз мақаласын қорытындылайды. [5.122]

Шындығында, Бірінші дүниежүзілік соғыстан зардап шеккен әлем елдерінің келіссөздер жүргізіп, түрлі дағдарыстардан бейбітшілікке ұмтылуынан 1930 жылдардың ортасынан бастап әр елдердің өз мүдделеріне сай түрлі жақтас топтарға

бас қосулары көбейіп кетті. М. Шоқайдың атап көрсетуінше, сол кезеңде тек қана Ресей Түркияның арақатынасы тұрақты, көлеңкесіз күйінде қалған. Өзге мемлекеттердің барлығы бір-бірімен көзбояушылық түрде қатынастар жасап жатты.

Құрамында Ұлыбритания, Франция, Италия және Жапония секілді алып державалар кіретін «Ұлы Антанта» одағы өз әлеуетінен айырылды. Жапония Антантамен қатар Ұлттар Лигасынан да шығып кетті. Ал Италия Хашабстанмен (Эфиопия) соғыс жағдайында болғандықтан Ұлттар Лигасымен қырғи-қабақ болып жатты. Ұлыбритания мен Франция болса, Италияға экономикалық қысым жасау әрекетін жүргізді. Осы кезеңде Югославия, Чехословакия мен Румыния «Кіші Антанта» одағын құрғаны белгілі болды. Бұл елдер осының сәл алдында-ақ Франциямен одақтас болып, соның әскери көмегіне сүйеніп жүрген болатын. Австрия елі Италияның қолпаштауына еріп, оның одақтасына айналды. Бұдан «Ұлы Антантаның» екі мүшелері осы ұйымның дағдарысқа тап болуына дейін-ақ, бір-біріне жау тараптардан өздеріне жақтастар іздеп кеткенін байқауға болады. Мұнан кейін, Югославия, Румыния, Түркия және Греция елдерін қамтыған Балқан одағы дүниеге келді. Сөйте тұра бұлар да, өзге елдермен жақтастығын үзген жоқ. Тек Кеңес елімен Югославия ғана дүрдараздығын сақтап отырды. Италия Австрия мен Мажарстанды өз ырықанда ұстауға тырысты.

Ендігі мәселе, Еуропадағы ықпалды елдердің бірі Польшаның қай елмен жақындасатыны өзгелерге маңызды көрінді. Ол Франциямен бұрыннан жақын болған. Ол Ресейге тіпті жоламауға тырысты. Ресми түрде дүниеге келіп, қайтадан ыдырап жатқан осындай одақтар жалпы Еуропаның берекесін кетіруге шақ қалды.

Италияның Хабашстанмен соғысы Еуропалық саяси қатынастарды тіпті шиеленістіріп жіберумен қатар, Еуропада жаңа саяси кезеңнің басталуына түрткі болды. Ал, Франция Германияның болашағынан секем алып, Ресеймен одақтасуға бейілдік танытты.

Шығыстағы Ресей мен Жапонияның арақатынасында жаңа бетбұрыстар пайда бола бастады. Ресейдің қақпанына мықтап түскен Моңғолия, оның Жапонияға қарсы әскери базасына айналды. Бұған Орталық Қытай үкіметі де өз наразылықтарын білдіріп жатты.

Халықаралық саяси жағдайларға осындай талдау жасаған М. Шоқай шиеленіскен қым-қуыт оқиғалардан тиісті қорытынды шығаруды оқырмандардың өздеріне қалдырғанын ескертеді. Сонымен қатар, күштінің озбырлығына тәуелді болған әділеттілік пен тең құқықтылық сынды қасиетті ұғымдарда қандай мән-мағына қалатынын Еуропаның данышпан білгіштері айтар деп өз мақаласын қорытындылайды.

«Яш Түркістан» журналының 1936 жылғы №79 санында басылған. Мақалада 1935–1936 жылдары Италияны Эфиопия мемлекетін басып алып, өзінің агрессиялық пиғылын ашық көрсете бастағаны жөнінде жазылады.

Осы кездері Рим-Берлин-Токио билеушілері ұйымдастырған «Антикоминтерн пакті» қалыптасқан болатын. Сол уақытта, Италия, Африка шеңберіндегі отарларды өзгерту талаптарын ашық білдіре бастады. Италияның фашисттік диктаторы Муссолини Африка елдерін бағындырып, Жерорта теңізінің, Италияның ішкі теңізіне айналдыруды көздеген. Мақалада Екінші Дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы оқиғалар орын алады. Соның ішіндегі, Хабаһшстанның Италия тарапынан жаулап алынуы және Италия королінің Хабаһшстан императоры деп жариялануы онсыз да күрделі халықаралық жағдайды одан бетер шиеленістіріп жібергендігі баяндалады. [6.161]

«Халықаралық жағдай» атты мақала «Яш Түркістан» журналының 1936 жылғы №80-81 санында басылған. Мұстафа Шоқайдың Кеңес Одағының Түркия және басқа мұсылман елдері жөнінде жүргізіп келген саясатының екіжүзділігін әлем халықтарына жария ету екендігін айқындап, осы жолда оның ағылшын, француз, итальян, неміс басылымдарында сыни мақалалар жариялап, сұхбаттар беруі арқылы білгір саясаткер, терең сарапшы болғандығын дәлелдейді. Қайраткердің ірілі-ұсақ мемлекеттердің тарихын, олардың ішкі және сыртқы саясаттарын зерттеудің арқасында Еуропа соғысының болатындығын алдын-ала болжауын оның көрегендігіне, терең ойшылдығына жатқызады. [7.168]

«Яш Түркістан» журналының 1936 жылғы №82 санында басылған. Мақалада автор, Еуропа елдері мен Кеңестік Рейсей арасындағы түрлі қорқыныш үрейлерді мысалға келтіреді. Мәселен, Алмания үкіметі коммунизм насихатынан сескенсе, Кеңестік Ресей керісінше Алмания жақтан қауіп күтіп отыр, ал Орта Еуропа елдері мен Польша бір жағынан коммунизмнен сескенсе, екінші жағынан Алманияға үрке қарайды. Сонымен қатар, автор қорқудың екі жақты түсінігін ұсынуда. Біріншісі, философтар қорқуды «жақсылықтың нышаны» деп жорыса, ал саяси адамдар оны «жамандықтың басы» деп есептеген. Сол уақыттағы халықаралық саясатта тағы бір елеулі мәселе, ол Польша армиясының қолбасшысының Парижге сапары. Себебі, Франция мен Польша арасында көп жылдар бойы жалғасып келе жатқан бір іштей ынтымақтастық бар. Сонымен қатар, Кеңестік Ресей өміріндегі оқиғаларға да Польшаның ықпалы аз емес. Алмания мен кеңестік Ресей тәрізді екі ірі елдің ортасына орналасқандықтан, Польша саяси жағдайды реттеуде аса қажет тегершікті өз қолында ұстап отырғаны күмәнсіз. Автор өз мақаласында Румыниядағы үкіметтің ауысуын сөз етеді. Ол кезде белгілі, аталмыш елдегі үкіметтің ауысуы шетелдер үшін ғана

емес, Румыния Сыртқы істерінің бұрынғы министрі Николай Титолеско үшін де күтпеген оқиға болды. Титолеско Францияның сенімді достары есептелетін және сыртқы саясаттарын Францияның райына қарай белгілеп отыратын.

Румынияда басқа да күштер бой көрсете бастады. Еуропада большевиктерге қарсы тұруда ең қуатты күш саналатын Алманиямен жақындасуды талап етушілер де бой көрсетті. Үкіметтің саясатын осы бағытта өзгертікісі келетіндердің іс - әрекеттеріне Францияға арқа сүйеген Титолесконың тарапынан тежеу салынып келді. Енді Титолесконың өзі күтпеген жерден үкіметтен кетуіне тура келді. Кейбір ақпарат құралдары Румынияның сыртқы саясатында өзгерістер болады, Алманиямен жақындасу бағытын ұстайды деп пайымдауда.

М.Шоқайдың халықаралық тақырыпқа жазған бұл еңбегі өзі өмір сүрген кезеңдегі шетелдік оқиғаларды шынайы да саяси тұрғыда жеткізе алғандығы мен өз көзқарастарын түрлі шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген материалдарға сілтеме жасау немесе мысалға келтіру, оны жариялау арқылы әлем жұртышылығын ақпараттандырып отырғандығымен құнды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. VII том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2013. – 572 бет+2 бет жапсырма.
2. М.Шоқай. Таңдамалы.Том-1,2,3., Алматы, «Қайнар», 1998ж.
3. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: он екі томдық, 4 том.- Алматы: Дайк-Пресс, 2013.-572 бет.
4. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: он екі томдық, 2 том.- Алматы: Дайк-Пресс, 2013.-640 бет.
5. Қара Ә. Мұстафа Шоқай Өмірі Күресі шығармашылығы. Алматы, 2004ж, 263-273бб.
6. К.Л. Есмағамбетов, “Әлем таныған тұлға” «Дайк-Пресс» 2009 ж.
7. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: он екі томдық, 5 том.- Алматы: Дайк-Пресс, 2013.-540 бет.
- 8.Ә.Бәкір. Мұстафа Шоқай мұрасындағы тәуелсіздік идеясы. Алматы, 2015ж.
- 9.Мұстафа Шоқай: библиографиялық көрсеткіш. Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, 2015.- 414б.

ТҮРКІСТАН МҰХТАРИЯТЫ ҚАЛАЙ ҚҰРЫЛДЫ

Мусаева Н.Ә.

Ә.Тәжібаев атындағы №36 мектеп-лицейінің
тарих пәнінің мұғалімі

XX ғасыр Ресей кеңестігінде үлкен өзгерістің хабаршысындай басталған болатын. 1905 жылғы қаңтардағы жұмысшылардың бейбіт шеруін императордың әскер күшімен атқылауы, соның нәтижесінде жүздеген адамның қаза және жарадар болуы бірінші орыс революциясының тууына түрткі болған – ды. Бұл қарсыласу 1907 жылға жалғасып, саяси ахуал жақсармай, қайта күшейе түсіп, 1917 жылғы ақпан революциясына жалғасты. Санғасырлық тарихы бар патшалық монархия тақтан түсті.

Алаш жетекшілері 1917 жылдың басында Ресейде болған осы өзгерісті «Ұлы төңкеріс» деп атап, енді отарлық жүйенің тас-талқаны шықты, оның тепкісіндегі езілген халықтардың өз тағдырын өзі билеуіне . өзінің ұлттық мемлекеттігін құруына жол ашылды деп санап, бүкіл алаш ұлынан сүйінші сұрады. М.Шоқай, Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен бірге қол қойған хатта : «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік енді бұ күні теңелдік. Қам көңілде қаяу арман қалған жоқ. Неше ғасырлардан бері жұрттың бәрін қорлықта , құлдықта ұстаған жауыз үкімет , өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас сапарға кетті» деп жазды.

Алайда көп ұзамай-ақ Ресей билігіне келген Уақытша үкімет күткен үмітті ақтамады. Сондықтан өткенге баға бере келе Мұстафа Шоқай өзінің «1917 жылғы естеліктерінен үзінділер» деген туындысында : « Біз бұл тұста 1917 жылғы революция ұлттық мемлекет құруымызға мүмкіндік береді деп үміттеніп, сеніп едік. Бұл үмітіміз бен сеніміміз ақталмай, алданып қалдық» деген еді. 1917 жылғы наурыздың соңғы күндерінде Мұстафа Шоқай Тәшкенттен жедел хат алады. Онда шұғыл Түркістанға қайтып, жол-жөнекей Торғай облысы қазақтарының съезіне қатысуы айтылған болатын. Бұл кезде ол универсиетті ойдағыдай бітірген еді. Құрылтайда Түркістан туралы сөз сөйледі де, Тәшкентке тартады.

Мұнда Мұстафа Шоқай саяси қозғалыстың қайнаған қазанына түсіп, мұндағы Уақытша үкіметтің және жұмысшы-солдат депутаттарының т.б әртүрлі құрылымдар арасындағы талас-тартыстың бел ортасында болады. Осындай жағдайлардан Тәшкентте мұсылмандардың құрылтайы шақырылып, онда Орталық Комитет сайланады. Оған Түркістанның барлық

аймақтарынан өкілдер кіреді. Ал Мұстафа Шоқай Түркістан мұсылмандарының сайлаған Ұлттық Орталықтың төрағасы болды. Ол сонымен қатар, Уақытша үкімет тұсында Сырдария губерниялық басқармасының бөлім бастығы, Түркістан Комитеті жанындағы Өлкелік Кеңес мүшесі және тағы басқа да қызметтерді басқарды.

1917 жылғы 25 қазандағы Петроградтың большевиктер ұйымдастырған қарулы көтеріліс Ақпан революциясы нәтижесінде сахнаға келген демократиялық реформаларға артқан Алаш ұлт-азаттық қозғалысының үмітіне ауыр соққы болады. Содан Түркістанның ұлттық күштерінің жайын талқылау мақсатында Мұстафа Шоқай Орынборға іс-сапармен барып, ондағы қазақ зиялылармен кеңеседі. Кездесуде тәуелсіздік үшін күресті жалғастыру, большевиктерді мойындамау туралы шешім қабылданады.

Мұстафа Шоқай Тәшкентке оралғанда мұндағы өкіметтік билік басына 28 қазанда орыс жұмысшылары мен солдаттары келген болатын. Сондықтан ол Ұлттық орталықтың мүшелерімен Самарқандқа, Ферғанаға, Марғұланға келеді. Ол Кеңес өкіметіне қарсы күрес орталығы бола алатын үкімет құру жөніндегі орыс демократтарының ұсынысынан бас тартып, Ұлттық орталықтың таяу уақыттағы мақсаттарын айқындаумен айналысады. 1917 жылдың 15-22 қарашасында Тәшкентте өткен кеңестердің III өлкелік съезінде басқару органның тек орыстар мен еврейлер болды да, жергілікті халықтың бірде бір өкілі болмады. Түркістанның не тұрмысына, не табиғатына тура келмейтін большевиктік саясатты Түркістанда күшпен жүргізбекші болып, жергілікті халықтың алданған бөлігін соңына ерткен орыстың солдаттары мен жұмыскерлері қару-жарақ жұмсап, зорлықпен кеңес өкіметін орната бастағанын айта келіп, аймақтық «Бірлік туы» газеті былай деп жазады. «Түркістан аймағында 100-ге екеуден келетін 5 орыс, оның бәрі емес, оннан бірақ келетін солдат пен жұмыскерлер мұсылманның бір адамын да ішіне алмай, үкіметті өздерінен ғана сайлап, мұсылмандарды адам санына алмай, азар-безер бастағаны өзгеріс, бостандық дегендерді естен шығарып, ескі заманнан таршылық күндер тудырды». Ал халық Комиссарлары Кеңесінің үндеуінде еңбекші бұқараны біріктіруді жеделдету үшін кеңес мұсылман еңбекшілері арасында азаттық, теңдік, туыстық идеяларын тартуға барлық шаралар жасалады деген құрғақ уәде ғана болды.

Бұл Ұлттық қозғалыстың жетекшілеріне революциядан еш жақсылықты күтудің жоқтығын байқатты. Сондықтан олар тап болған дағдарыстан шығудың жолдарын іздестіре бастайды. Алайда, Мұстафа Шоқай Түркістан автономиясы идеясын аса сақтықпен, ұстамдылықпен, өлкедегі саяси

күштердің арасалмағын талдай отырып, тұжырымдауға мәжбүр болды. Мұстафа Шоқай гимназияда оқып жүрген кезде-ақ жақсы таныған жадитшілдіктің прогресшіл мәдени реформасынан гөрі саяси күрес тәсілдеріне басымдық беріп, бірақ азаттыққа жетуді Ресейдің демократиялық ұйымдары мен уақытша үкіметтің саяси қолдауымен байланыстырған болатын. Бұл заңды еді. Біріншіден, Ресей сияқты алып империяның бұғауынан босау оңай емес тұғын. Бүкіл басқару аппараты , қарулы күштер және басқа да құралдар қолында болған. Орыстардың өздері аз болсада, күштері басым болатын. Екіншіден, берісі Түркістан аймағы, арысы Ұлы даланың бұқара халқы еуропа өркениетінен кенже қалған болатын. Үшіншіден, халықты күреске бастайтын тиісті дайындықтары бар жетекші саяси топтар әлі де әлсіз болатын. Міне, омының барлығын автономия мәселесінің объективтік факторларын мұқият зерттеуді қажет етті. Мұнсыз азаттық күресін тиімді жүргізу мүмкін емес еді. Сол себепті ол: «Бүкіл басқару аппаратын қолында ұстаған аз санды орыстардың күші басым болатын. ... Біз , түркістандықтар , өлкелік комитеттерден әрі аса алмадық. Мұның үстіне ұйымдардың біразы бір-бірімен керісуден басқа ештеңенің жөнін білмейтін. » -деп жазды.

Сондықтан Уақытша үкіметпен, оның өлкедегі органдарымен , жұмысшы және солдат кеңестерімен ашық қарсылыққа бармау тактикасы ұсынылды. Ең алдымен , жергілікті тұрғандардың өздерінің ауызбірлігін қамтамасыз етуге , олардың автономия идеясы төңірегінде топтасуын нығайтуға бар күш-жегірлері жұмсалды. Сондай-ақ түрлі саяси партиялар мен ұйымдар арасындағы қарым-қатынастарда туған шиеленістерді келіссөздер арқылы шешуге ұмтылған кездесулер мен жиындар ұйымдастырылды. Мұстафа Шоқай Ұлттық орталықтың барлық облыстық комитеттерімен , Кеңес өкіметі қабылдамаған орыс ұйымдарымен кеңеседі. Автономия мәселесі жөнінде Орталық жағына орыс жұмысшылары мен шаруалардың бір бөлігін қаратады. Ең сбастысы, « Улемамен»- келісімге келеді. Сөйтіп 1917 жылдың аяғына қарай Орталық Кеңес Түркістан Ұлттық қозғалысының жетекші күшіне айналады. Осындай сан-салалы саяси қызмет Түркістан Мұхтариятын тарих сахнасына шығарады. 1917 жылдың 25 қарашада Марғұланда , қазірге Ферғанада облыстық және уездік ұйымдар өкілдерінің қатысуымен өлкелік мұсылман кеңесінің мәжілісі өтеді. Алдағы күрес тәсілдері мен формаларын белгілеу үшін Қоқан қаласында төтенше жалпыөлкелік мұсылман құрылтайын шақыру туралы шешім қабылданады. Содан Құрылтай 26 қарашада ашылады . ертеңіне төтенше Құрылтай

Түркістанды мекендеуші халықтың еркін білдіре отырып, Түркістанды Ресей Федеративтік демократиялық республикасымен біртұтас аумақтық автономия дер жариялайды. Түркістан өлкесі Түркістан Мұхтарияты / автономия/ деп аталатын болады. Бірақ автономия формасын шешуді Түркістан Құрылтай жиналысының қарамағына қалдырады. Бұл М.Шоқайдың аса сақтықпен, алды-артын болжап әрекет еткендігі болатын. 28 қарашада Қоқан қаласында өткен аймақ мұсылмандарының ІУ Төтенше съезінде Түркістан өлкесіндегі жергілікті халықтардың саяси тәуелсіздігін қамтамасыз етуді мұрат тұтқан, жұрт өзін-өзі басқаруға ерікті, Түркістан аймағын Ресей демократиялық республикасымен бірлікте, бөлек жасауға ерікті территориялық автономия етіп жариялайды. Үкімет билігі Түркістан Уақытша Кеңесі мен Түркістан халық басқармасы /үкімет/ Құзырына беріледі. Бұл, шын мәнісінде Түркістан республикасы болатын. Оның басшылығына алғашында Мұхамеджан Тынышбаев сайланып, 2 аптадан соң оны Мұстафа Шоқай ауыстырды.

Жаңа мемлекеттік құрылым Түркістан өлкесі орталық кеңесінің күш жігері, Мұстафа Шоқай және оның жақтастарының, оларды қолдаған өлке тұрғындарының ұлттық азаттыққа, басқа халықтармен тең құқықты өмір сүруге, саяси, экономикалық және рухан дербестікке ұмтылысының көрінісі болды. Бірақ М.Шоқай автономияны жүзеге асырудың аса қиын екендігін, кадрдың жоқтығын, жалпы мүмкіндіктің жетімсіздігін, әскердің құрылмағандығын және басқа да толып жатқан жетіспеушіліктердің барлығын съезде сөйлеген сөзінде жан-жақты айтады. Шынында да, автономия алдында тұрған мәселелер сан алуан болатын. Және олар автономияның әрі қарай өмір сүруіне тікелей байланысты еді. Арнайы әскердің болуы, милицияның құрылуы қажет еді. Қаржы көзін іздестіру мақсатында заем шығару, салық салудың жаңа тәртібі туралы заң жобасын даярлау, т.б жұмыстар қолға алынады. Автономияның мемлекеттік құрылымының құқықтық негізін жасау мақсатында Конституция жобасы. Түркістан Құрылтай жиналысы туралы заң дайындалып, Халық Кеңесінде бекітіледі. Бір ескертетін жәйт, сол кездегі саяси жағдайлармен санаса отырып. М.Шоқай автономияны өзінше түсінген болатын: Түркістанның дербес ел басқарған мекемелері мен атқару органдары, яғни заң шығаратын парламенті мен іс жүргізетін үкіметі болуы тиіс. Оқу-ағарту ісі, жергілікті мекемелер, заң және жер мәселесінің бәрі автономиялы үкіметтің ісі деп есептелді. Бұл Алаш партиясының мемлекеттік құрылыс жөніндегі ұстанымымен үндес еді. Сол кездегі баспасөз материалдарына қарағанда

съездің жұрттың шын көңілін, нақ тілегін тап басқаны анық байқалады. Автономия жариялағаннан кейін іле-шала басылған «Түркістан автономиясы» атты редакциялық мақалада : Автономия иглан болғаны Түркістан барша шаһарларын шаһар халқы һәм дала ұлы болып, қуаныш қылып, манифестация жасап, Түркістан автономиясына һәм сиез сайлаған Уақытша үкіметіне ант ішіп, мойынсұнып жатыр деп жазылды.

«Қоқан автономиясы» жарияланғаннан кейін М.Шоқай Орынбор қаласына шақырылығын екінші бүкіл қазақ съезіне қатысуға аттанады. Ол Түркістан өңіріндегі жаңалықты съезд депутаттарына жеткізіп, Қоқан автономиясының да жаңадан құрылған Алашорда өкіметінің де мақсат-мүддесі ұлттық бірлік, екенін баса айтқан еді. Осы идеяны жеткізу үшін Ә.Бөкейханмен М.Шоқай тез арада Сырдария қазақтарының съезін шақыру туралы жеделхат жолдайды. Осындай съезд шақырылып, делегаттарға Алаш автономиясына міндетті түрде қосылуы қажеттігін, қалыптасқан жағдай осыны талап ететіндігі түсіндірілді.

Алайда, сол кезде Орта Азия мен Қазақстанда Азамат соғысының басталуына байланысты Сырдария облысының Түркістан автономиясы құрамынан бөлініп кетуі Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына соққы болып тиеді деген пікір негізге алынып, екі автономияның қосылу мәселесі өз шешімін таппай қалды. Ал 1918 жылғы 18-23 қаңтарда Тәшкентте өткен Түркістан Кеңестерінің ІУ съезі «Қоқан автономиясы үкіметін заңнан тыс деп жариялап, оның басшыларын тұтқындау және автономияны тарату» жөнінде қаулы қабылдады. Мұның аяғын большевиктер Қоқан автономиясын қанды қырғынға ұластырды. Сөйтіп ол барлығы екі ай ғана өмір сүрді. Оның құлауының себептері жеткілікті болатын кеңес үкіметі қоқан автономиясын алғашқы күндерден бастап ақ мойындамай, жергілікті халық арасында кең көлемде қарсы үгіт жүргізді. Соның салдарынын автономияның негізгі мақматы мен мұратын жете түсінбеген бұхара халық тарапынан да оған тиісті қолдау көрсетілмеді. Ең бастысы Петербургтан бастау алып, Тәшкентте өрістеген жұмысшы-солдат депутаттарының үкіметі Қоқан автономиясын Түркістан өңірінде қауіпті аймақтың бірі деп есептеді.

М.Шоқай 1930 жылы жазылған «Автономиядан-тәуелсіздікке» атты мақаласында Түркістан /Қоқан/ Автономиясы туралы өзінің ойларын былай қорытындылаған : «Автономия-біздің басымыздан кешкен бір тарихи құбылыс. Бүгін біз оны еске түсірумен ғана шектелеміз. Қайталамаймыз!» Ересек адамдар өздерінің балалық дәуірін еске алатыны табиғи. Бірақ ол сол дәуірге қайта ораламын деп ойламайды. Сол сияқты бізде ұлттық саяси

өміріміздің балалық дәуірі болған Түркістан автономиясын тек тарихи құбылыс ретінде ғана еске аламыз.

Міне, мұның бәрі елеміздің аса бір аласапыран кезеңдерінде Түркістандағы ұлттық қозғалыстың бірден-бір дем берушісі әрі ұйымдастырушысы Мұстафа Шоқайдың болғандығын толық дәлелдейді.

Мұстафа Шоқай мәңгі өлмес идеясы «Тәуелсіздік» еді. 1930 жылғы «Түркістан ақындарынан» атты мақаласында ол: «Біз құл болып тұра алмаймыз. Біз ұлт-азаттығымызды аламыз» деген болатын. Араға алпыс жыл салып барып жүзеге асқан аса күрделі де сан салалы мағыналарға ие бұл «тәуелсіздік» ұғымы ел иесі ұлттың мүддесіне тікелей қатысты.

ӘОЖ 342.728:950 (574)=943

МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН ХАҚЫНДАҒЫ ОЙЛАРЫ

Омаров Д. К.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Тарих және Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының аға оқытушысы,

Философия докторы (PhD)

daulet_omarov_2014@mail.ru

XX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлерінің, қазақ ұлттық саяси элитасының өз алдына еркін ел болу жолындағы арман, мақсат-мүддесі туралы ойларымен, еңбектерімен, ұлт үшін жасаған жанқиярлық қызметтері туралы танып- білу тәуелсіз Қазақ елі жастарының негізгі міндеті деп санаймын. Олардың еңбектерінде атамекен, ұлттық сана, ұлтшылдық, ұлттың тәуелсіздігі мен еркіндігі, ұлтық тіл мен діл, дінге байланысты мәселелер қамтылған. Міне осындай терең философиялық мазмұнға бай мұраларымен, шығармалармен таныстыру, оны келешек ұрпаққа насихаттау қазіргі қоғамның басты мүддесіне айналуы тиіс. Соның ішінде бүкіл саналы ғұмырын, қазақ халқының жарқын болашағы жолында қарымды қаламымен, тұжырымды ойларымен бүкіл түркі халықтарының бірлігін, мұң-мұқтажы үшін күрескен, «Біртұтас Түркістан» идеясының авторы Мұстафа Шоқайдың тұлғалық қасиеті ерекше. Мұстафа Шоқай өзінің туған елі қазақ халқының тәуелсіздігін Түркістанда көне замандардан бергі тұрып келе жатқан туысқан халықтардың тәуелсіздігінен бөліп алып қараған емес. М.Шоқай еңбектерінен 20-30 жылдардағы Қазақстан мен Түркістанның тартысқа толы саяси-қоғамдық өзгерістер, рухани-мәдени өмірі туралы шындыққа толы дәйекті деректерді таба аламыз. Міне сондай еңбектерінің

бірінде М. Шоқай Шыңжаңдағы Шығыс Түркістан түркі тілдес халықтардың жағдайы, ондағы қалыптасқан саяси ахуал туралы да сөз қозғайды. Бұл өлкедегі болып жатқан саяси оқиғалар төңірегінде М. Шоқай «Яш Түркістан» журналының 1930 жылдардағы түрлі сандарында мәселен, «Шығыс Түркістан мәселесі төңірегінде», «Қытайлар мен Кеңес үкіметінің шығыс Түркістандағы достығы», «Шығыс Түркістанда» атты тағы басқа бірнеше мақалаларында баян етеді. Жалпы 18 ғ-дың 2-жартысынан бастап Қытай мемлекетінің иелігі саналған бұл өлке Синьхай төңкерісінен кейін (1911) орталықтан бөлініп қалған-ды. Осындай жағдайда Ұлыбритания, АҚШ, Жапония үкіметтері бұл аймақты Орта Азиядағы кеңестік насихатпен күрес жүргізетін плацдармға айналдыруды көздеді. Екінші жағынан, Қызыл Армиядан қашып Шыңжаңға бас сауғалаған ақ гвардияшылар кеңес билігіндегі Қазақстан мен Қырғызстан шекарасына үнемі шабуыл жасап тұрды. Осы жерде саны өсіп біраз әскери арсеналға ие ақ гвардияшылар Шыңжаңның ішкі істеріне араласа бастады. Ақырында Үрімшідегі Қытай әкімшілігі оларға қарсы Кеңес үкіметінен көмек сұрауға мәжбүр болды. Кеңес үкіметі алдымен атаман Дутовтың көзін жою жөнінде шешім қабылдап, ол 1921 ж. ақпанда Сүйдінде атып өлтірілді. 1921 ж. сәуірде Бақтыда екі ел өкілдері келіссөз жүргізіп, ақтар мен азаматтық қашқындарды кері қайтару жөнінде келісімге келді. Қытай үкіметі өз күштерімен ақ гвардияшыларды талқандай алмайтындықтарын мойындап, Кеңес үкіметінен көмек сұрады. Осыған байланысты антисоветтік топтардың, ақгвардияшылардың күш алуынан қорыққан Кеңес Одағы Қытай мемлекеті аумағындағы Шыңжаң өлкесіндегі дипломатиялық саяси және әскери іс-шараларға араласты. 1920 – 30 ж. Шыңжаңдағы мұсылман халықтары жиі-жиі қытай әкімшілігіне қарсы бас көтере бастады. 1931 ж. Құмыл қаласында Чан Кайши өкіметіне қарсы ұйғырлар мен дүнгендер көтерілісі болды. Көтерілісті ұйғыр халқынан шыққан Қожа Нияз басқарды. Жеңіске жеткен көтерілісшілер 1933 ж. 10 шілдеде азат етілген аудандарда Шығыс Түркістан республикасын жариялады. Міне осындай қалыптасқан жағдай туралы туралы М. Шоқай өз еңбектерінде ...«Шығыс Түркістанда қанды соғыстар жүріп жатыр. Бұл оқиғаларға бүкіл дүние жүзі зор маңыз беріп отыр...Шығыс Түркістан соғысы бізге – басқа өлкелердегі түріктерге – қайда болсақ та қолымыздан келген барлық шараларды қолданып, шығыс-түркістандықтардың ұлт-азаттық күресіне көмектесу және кейбір орыс басылымдарында оқиғаның шығу себептері бұрмаланып көрсетілуіне байланысты тойтарыстар беру сияқты ас маңызды міндеттер жүктейді -» деп жаза отырып Кеңес Үкіметінің осындағы жөнсіз араласу саясатын айыптайды. Сонымен қатар бүкіл түркі дүниесінің Шығыс Түркістан мәселесінде бейтарап қалмау керектігін ескертеді. Осы мақаласында М. Шоқай «Біз мынаны естен шығармауымыз керек. Тұрғындарының көпшілігі тарапынан ешқандай құрметке ие бола алмаған және ішкі Қытайдан тым шалғай, оқшау тұрған Шығыс Түркістанның билеушілері тек Кеңес

үкіметінің жартылай ашық, жартылай астыртын көмегінің арқасында ғана өмір сүріп тұра алды. Шығыс Түркістандағы осы үкімет тұсында бұл өлкенің есігін емін-еркін ашып, қазыналарын қалауынша тонауға, экономикасын өз ықпалына біржола енгізуге мүмкіндік тапқан Мәскеу мұндай үкіметтің бұдан соң да өмір сүруіне шын мүдделі болатын. Большевиктер Шығыс Түркістанда тек экономикалық пайданы ғана емес, сонымен қатар саяси мақсаттарды көздейді. Олар ұлттық көтерілістер капиталистік мемлекеттерді әлсірететіні себепті, мұндай көтерілістер тек өздеріне зиян келтірмейтіндей мемлекеттерде болып жатса ғана, ондай мемлекеттердегі ұлттық көтерілістерді ұйымдастыруға және жәрдем етуге қатысып отырады. Мәселен большевиктер Голландия мен Ява аралындағы ұлттық көтерілістерге шынымен-ақ көмек берді. Өйткені ол жерлердегі ұлттық көтерілістердің жеңістері тек Голландия отаршылдық саясатына қарсы соққы беріп, большевиктердің өздеріне ешқандай бір қауіп пен ыңғайсыздық тудырмайтыны себепті, солай болды. Тіпті мұндай көмек Кеңес өкіметінің «шапағатты отаршылдығы» үшін қолайлы алғышарттар жасайтын еді. »- деп жаза отырып большевиктердің түрлі елдердегі жымысқы саясатын сынға алады. Осы мақалаларды оқи отырып М. Шоқайдың жалпы Шығыс Түркістандағы саяси оқиғаларды жақсы бағамдайтынын білуге болады. Сонымен қатар саяси сарапшы ретінде сол кезеңдегі халықаралық жағдайлардан да толық хабардан екендігін көрсетеді. Журналдың келесі бір кезекті санында М.Шоқай .. Шығыс Түркістанда ұлттық қозғалыс басталғанға дейін Үрімшідегі Қытай үкіметі Кеңестің қолындағы ойыншық іспетті бір нәрсе екені баршаға аян еді. Жағдай аздап өзгеріске ұшырады. Мәскеудің қолжаулығы Шың Шұрын мұсылман-түрік көтерілісі басталғанда қашып кетіп, оның орнына жаңа уәли, жаңа үкімет тұрғызылды. Бұл үкімет Мәскеумен байланысын «үзгендігі» туралы мәлімдеп, оған тіпті Қытайдың орталық үкіметін де сендіре алған еді. Шығыс Түркістан хақында жазғанда біз ылғи да Үрімші мен Мәскеудің байланысы сол бұрынғысынша жақсы күйінде қалып келе жатқаны туралы айтатынымыз оқырмандарымыздың есінде болса керек. Біздің осы айтатынымызды теріске шығаруға ұрынушылар аз болған жоқ. Тағы бір жағынан кеңестік Ресейді Шығыс Түркістанның нағыз досы деп көрсетуге тырысушылар да болмай қалған жоқ. Міне, енді «ауа-райы» түзеліп келеді. Өткен қаңтар айында жапон парламентінде сөйлеген бір сөзінде Жапонияның сыртқы істер министрі Хорито Мәскеудің Шығыс Түркістанға қол созып, бұл өлкені «кеңестендіруге» ұмтылып отырғаны туралы шындық айтты. Большевиктер жапон министрінің сөзін дереу теріске шығаруға әрекеттеніп, «Шығыс Түркістандағы қозғалысты ағылшындар мен жапондар тудырып отыр. Олар бұл өлкенің тағына отырғызатын «патшаларын» қазірдің өзінде тағайындап та қойды», – деп жазды. Осы кезеңдегі Шығыс Түркістандағы қытай билігіне қарсылық ретінде ұлт-азаттық көтерілісі және ондағы күштердің саяси ықпалы,

арасалмағына байланысты ол с «Яш Түркістан» журналының 1935 ж., №71 санында өз ойын былайша сраптайды. ...«Шығыс Түркістан түріктерінің қытай билігіне қарсы ұлт-азаттық күресі басталған күннен бастап большевиктердің мазасы кетті. Өйткені Шығыс Түркістанда қытай отаршыл үстемдігін аударып тастап, тәуелсіз түрік мемлекетінің шаңырақ көтеруі қызыл империализмінің Азиядағы мүдделеріне бүкілдей қайшы келетін. Сол себепті кеңестік Ресей әу бастан-ақ Шығыс Түркістандағы ұлттық қозғалысқа қарсы бағыт ұстады. Бұл қозғалысты жаныштау үшін большевиктер жергілікті Қытай үкіметіне алуан түрлі көмегін аямады. Сонымен қатар большевиктер дүниежүзі жұртшылығын адастыру мақсатында, яғни әлем халықтарының назарын өздерінен басқа жаққа аударып жіберу ниетімен Жапония және Англия елдерінің Шығыс Түркістанға араласуы туралы ертегіні ойлап шығарды. Бұл қитұрқы саясаттың арты қалай ашылғанын біз, міне, енді көріп отырмыз. Сонымен Шығыс Түркістан қызыл Ресейдің бұғауына ілікті. ... Шығыс Түркістан Қытайдың тепкісінен құтылам деп жүріп орыстың бұғауына түсіп қалған қасіретті мекен». Мұстафа Шоқайдың саяси қызметінің басты нысаны тәуелсіздік идеясы болатын. Ол Шығыс Түркістанның өз алдына ел болуын қалады. Ұлт мұратын маңызды да басты мәселе етіп ұстаған ұлы тұлға Тұтас Түркістан идеясын мәңгілік мақсат етіп, түркі халықтарының басын біріктіруді ұрпағына аманат етті. М. Шоқай өз мақалаларында Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық көтерілістердің сипатын терең тануымен, ондағы саяси-қоғамдық оқиғалардан беталысын, большевиктерді ұстанған бағытын, қытай билігінің іс-әрекеттері туралы сұңғыла саясаткер ретіндегі ой-тұжырымдар жасайды. Бұл мақалалар қазіргі таңда сол кезеңдегі большевиктік кеңес үкіметінің Шығыс Түркістан мәселесіне байланысты ұстанған саяси ұстанымының шынайы келбетін ашуымен құнды болып отыр. Жалпы М. Шоқайдың Шығыс Түркістан мәселесіне байланысты ой-пікірлері, тұжырымдары әлі де тереңірек зерттеуді қажет етеді. Қорыта айтқанда Мұстафа Шоқай Шығыс Түркістандағы кеңестік биліктің жымысқы саясатын, отаршылдық сипатын танумен қатар онымен күресуге бүкіл түркі халықтарын шақыраған ғаламдық ауқымдағы саяси қайраткер ретінде тарихта қалған әлемдік алып тұлға.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шоқай М. Таңдамалы : Үш томдық. 1- т. – Алматы: Қайнар баспасы, 1998. – 359,489 б.
2. «Мұстафа Шоқай: Саясаткер және ғалым» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары 15 қазан 2015 ж Алматы қ.
3. Рухани жаңғыру: Мұстафа Шоқай мұраларын зерттеудің өзекті мәселелері республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ғылыми еңбектер жинағы 26 қазан 2018 ж., Қызылорда

ЕЛ ЕРКІНДІГІН ІЗДЕГЕН ЕР: МҰСТАФА ШОҚАЙ

Отешова А.О.

№187 Мұстафа Шоқай атындағы
қазақ орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі

Алаш алыптары шоғырлана жататын арыстарымыздың әрқайсысының тарихтағы орны айрықша. Әйтсе де, Мұстафа Шоқайдың өзге қайраткерлерден, замандастарынан ерекшелігі неде дейтін болсақ, ең әуелі, Мұстафа Шоқай- Түркістанның тұтастығына толық сенген, сол жолда басын бәйгеге байлаған қабырғалы да сан қырлы қайраткер. Саяси көзқарас кеңестігі тұрғыластарынан әлдеқайда кең болған ол қазақтың тәуелсіздігін күллі Түркістанның тәуелсіздігінен бөліп қарамаған.

Екіншіден, Алаш арысы көреген көсем. Көптеген қайраткерлер большевиктермен ымыраға келуге болады деп шешкенде, Шоқай жаңа биліктің алдамшы уәделеріне сенбеген. Тіпті Ташкентте билікті қолға алған большевиктер Шоқайдың Түркістан Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы болуын сұраған. Алайда, олардың түкпі пиғылын ерте аңғарған Шоқай бұл ұсыныстан бас тартқан. Кейінірек Тбилисиде, Ыстамбұл мен Еуропада жүргенде де большевиктерден арнайы шақырту алғанына қарамастан, олармен ымыраға келмеген.

Шоқайдың тағы бір қыры, ол- қазақтың, тіпті Түркістанның тарихында саяси эмиграцияны алғаш бастаған тұлға. Оған дейін біздің тарихымызда шет елдерге шыққан адамдар болғанымен, саналы түрде, күрес жүргізу үшін эмиграцияға кеткен тұлғалар болған емес.

Ең күрделі мәселе - «Мұстафа Шоқай гитлершілермен ауыз жаласқан, азиялық тұтқындарды кеңес үкіметіне қарсы соғысуға үгіттеп, олардан «Түркістан легионы» деген жасақ құруға қатысқан, Отанын сатқан опасыз, дұшпан» деп кеңес үкіметі таққан айып. Бұл айып шындықты бұрмалау екендігі қазір дәлелденіп отыр. Жазушы қоғам қайраткері Ә. Әлімжанов «Мұстафа Шоқай. Ол кім?» деген мақаласында «Мұстафа Шоқайұлы ешкімнің ақтауына мұқтаж емес. Ол өзін- өзі шығармаларымен, ерлігімен ақтап отыр. Оны тарих пен уақыт ақтады. Түркі тілінде сөйлейтін халықтар оның өзіне лайық бағасын беруде» деп жазған екен. Иә, көрнекті қайраткердің бұл тұжырымының дұрыстығын өмірдің өзі де көрсетіп отыр.

Мұстафа алғаш сауатын ашқан Әліш медресесі Шиеліде Сұлутөбенің Наршоқы құмында Шоқай қыстауында болған. Қазір құлаған орны жатыр, кірпіштері әлі табылады. Екі бөлмелі медресенің бір бөлмесінде балалар оқыған, екінші бөлме мешіт болыпты. Әліш-Шоқайдың ортаншы інісі, яғни Мұстафаның ағасы. Әліш Ташкенттен алдырған Ерім төре деген мұғалімнің мұсылманшылық та, орысшада сауаты болған.

«Мұстафа Шоқай қоры» Наршоқыға бүкіл Түркістан Тәуелсіздігі жолындағы күрескер көсемінің туған жері екендігін білдіретін белгі орнатты. Үкімет тарапынан Абайдың Жидебайдағы, Шоқанның Сырымбеттегі үйлері қалыпына келтірілгені сияқты, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Наршоқыдағы қыстау мен медресе қалпына келтіріліп, тарих ескерткіші ретінде сақталса, мектеп оқушыларын, студент жастарды, облыс орталығына, ауданға келген қонақтарды таныстыруға алып баратын тарихи орынға айналдырса жөн болмас па?!

Үйден алғаш алысқа ұзап шығып Перовскідегі орыс-қырғыз (қазақ) мектебіне оқуға түскенде Мұстафа жеті жаста болыпты. Наршоқыдан Перовскіге оқуға аттану бала Мұстафаның дана Мұстафаға айналар қадамының бастамасы еді. 1910 жылы Ташкент ерлер гимназиясын, 1914 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетін алтын медальмен бітіріп шығуы оның осы жастайынан мақсаткерлігінің дәлелі.

Мұстафа Петербургте оқыған 1910-1917 жылдар Ресейде революциялық ахуал ширығып, түрлі саяси ағымдар гулеп тұрған кезең еді. Алғыр жас осындай өзгерістердің қайнаған ортасында жүріп, пісіп жетілді. 1914жылдан бастап Мұсылман фракциясының қызметіне тартылып, 1916 жылдан оның хатшысы міндетін атқарды. Ресей мемлекеттік Думасында Мұсылман фракциясының қазанында қайнап шыңдалған Мұстафаның қайраткерлігін 1916 жылғы оқиға аша түсті. Патша өкіметінің азиялық бұратана халықтар ер азаматтарын әскерге алу туралы жарлық шығаруы қазақ даласымен қатар, Түркістан өлкесінде де наразылық толқун тудырған еді. Патша жендеттері наразылық білдірген көтерілісті аяусыз жаншып басты. Мұсылман фракциясы Мемлекеттік Думада мәселе қойып, Түркістандағы жағдайды тексеру үшін комиссия құруға қол жеткізеді. 1916 жылы тамызда депутаттар А.Керенский мен К.Тевкелев бастаған комиссия Түркістанның Смарқан, Ферғана және Сырдария облыстарында болып, тексеру жүргізеді. Бұл жұмысқа Мұсылман фракциясының хатшысы М.Шоқай тілмаш ретінде қатысады. Комиссия мүшелері жермен жексен қиратылған ауылдарды, халыққа жасалған қырғанды көріп, тұла бойы түршігеді. 1914-1916 жылдары Түркістан аймағы халқының 17 пайызы қырылған екен, атап айтқанда 1млн.230мың адам өлген немесе жоғалған. Осы ретте айта кететін бір жәйт, Түркістан құрамындағы Жетісуда 1916 жылы көтерілген албандардың қырғынға ұшыраған қасіретін ашып жазған Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» романы еді. «Халықтар жандармы» деген айдар тағып, патша өкіметін құлатқанымен, ұлттар теңдігін дәріптегенімен, отаршылдық саясатты сұрқиялықпен жалғастырған кеңес өкіметі екіжүзділік көрсеткені белгілі.

Саяси жұмыстарға белсене араласудың арқасында 1917 жылға қарай М.Шоқай танымал саясаткерге айналып үлгереді. Қазақ еліне ,Түркістанға қатысты түрлі жиындарға, құрылтайларға қатысып, оларға басшылық жасайды. Уақытша үкіметтің басшысы А.Керенский министр қызметін

ұсынғанда, одан бас тартады. Түркістан жөніндегі ұлттық комитетінің төрағасы болып сайланады. Автономия құру жоспарын ойластыра бастайды. М.Шоқай күллі түркі халықтарының басын біріктірген, тұтас Түркістан автономиясын құруды ұсынды. Сол кезде өзбектің Махмуд Қожа Бехбуди деген ағартушы қайраткері «Ұлық Түркістан» газетінде қазақ қандастарға арнап: «Бауырларым, қандастарым, біздің тілімізде, дініміз де, тарихымызда бір. Қазір Тәңір жарылқап, бізге үлкен мүмкіншілік беріп отыр. Осы мүмкіншілікті пайдаланып, ел болуымыз керек. Бұдан кейін мұндай мүмкіндік бола ма, жоқ па? Бүгін кеш қалсақ, Түркістан да, Алаш та, өз тәуелсіздігінен айырылып қалуы мүмкін. Кейін өкінгенмен пайдасы жоқ, сондықтан қазір бірігейік» деген ашық хат жариялаған. «М. Шоқай өзінің туған елі қазақ халқының тәуелсіздігін Түркістанда көне замандардан бері қатар тұрып келе жатқан туыстас өзбек, қырғыз, түркімен және басқа халықтардың тәуелсіздігінен бөліп алып қараған емес. М. Шоқай үшін Түркістан халықтарының еркіндігі - бірінсіз бірі жоқ егіз ұғымдар болған», дейді тарихшы М. Қойкелді.

Ол Түркістандағы бауырлас халықтар бір болғанда ғана ірі боларын, ірі болғанда ғана тірі қаларын ойлаған еді. Мүсекең Түркістан деп шырылдағанда қандай халықтарды, қандай өлкелерді айтқан дейтін болсақ, ол кісі жалпы Түркістанды Батыс Түркістан, Шығыс Түркістан және Оңтүстік Түркістан деп үшке бөлген. Шығыс Түркістан- қазір Қытайға қарайтын Шыңжаң, Оңтүстік Түркістан - қазір Ауғанстанға қарасты аумақ, Батыс Түркістан немесе Ұлы Түркістан – Орта Азия мен Қазақстан. 1936жылы Берлин қаласында Еуропада жүрген Түркістан жастарының алдында сөйлеген сөзінде ол былай дейді: «Бүгін Қазақстан, Қырғызстан, Қарақалпақстан, Түркіменстан һәм Тәжікстан деп, жат үкімет күшін алты жұмхұриетке бөліп тұрған Түркістан – бөлінбес, айнымас бір өлке. Халқының қаны бір, тілі бір, діні бір. Бәріміздің құбыламыз – өзіміздің ата жұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат... Түрік халқы – батыр халық. Түрік халқы – арыстан ер халық. «Кімнен таяқ жегендей біздің түріктің баласы, алдырып жүрген дұшпанға ауызының аласы». Бұл нақыл сөзді ұмытпауымыз керек.

Сол кезде тек қазақ даласы, Түркістан ғана емес, Ресей шет аймақтарының барлығы большевиктердің өкімет билігін өздеріне алғанға дейін мәлімдеген: «Ресейдің құрамына кірген барлық ұлттардың емін-еркін бөлінуге және дербес мемлекет құруға деген құқы танылуға тиіс. Мұндай құқты жоққа шығару және оны іс жүзінде жүзеге асыруға кепілдік беретін шаралар қолданбау – басып алу немесе жаулап алу саясатына барабар» деген ұстанымына сеніп, дербес ұлттық мемлекеттер болмаса, Ресей құрамында автономия құруға ұмтылды. Большевиктер Ресей мен Шығыстың мұсылман еңбекшілеріне үндеу жолдап, уәделерін еселей түсті: «Уақытты өткізіп алмаңыздар, ғасырлар бойы жерлеріңізді жаулап алып келгендерді серпіп тастаңыздар! Ендігі жерде күлге айналған жерлеріңізді олардың тонауына

жол берменіздер! Өз елдеріңіздің қожайыны өздеріңіз болуға тиіссіздер! Тұрмыс-тіршіліктеріңізді сіздер өздеріңіздің салт-дәстүрлеріңізге сай, өз қалау-ықтиярларыңызға орай құруға тиіссіздер!». Бостандық арманына қол созым қалды деген осы емес пе.

1919 жылғы ақпанда Мұстафа Шоқай Маңғыстауда Форт-шевченко қаласында кемеге отырып Әзербайжанға өтті. Бұл оның туған жерден біржола кетуі еді. Еуропа халықтарының да тілін білген Мұстафаны шетелге кетіп, күресті идеологиялық тұрғыдан жүргізуіне кеңес берген Әлихан Бөкейханов болыпты. Елде қалғандар кеңес өкіметін мойындағандарымен, оларды кеңес өкіметі тірі қойған жоқ, тірі қалғандарын дәрменсіз етті. Күресті жалғастырған қазақтан жалғыз Мұстафа Шоқай еді.

М. Шоқайдың шетелдегі саяси қызметінің ең таласты кезеңі гитлерлік Германиямен байланысты. Немістер оны 1941 жылдың жазында Франциядан Берлинге алып кетіп, өз мақсаттарына пайдалануды ұйғарған. Мұстафаны тұтқын түркістандықтардың тізімін жасауға, білімін, мамандығын анықтауға жұмсаған. Осы орайда айта кететін бір мәселе- орыс, славян емес тұтқындардың санын анықтау, олардың көңіл ауданын барлау мақсатында немістер 25 комиссия құрған екен, оларға кеңестік шығыс халықтарының 600-ге жуық адамы – саяси елауғандар тартылыпты.

Тұтқындар лагерьлерін аралап, ондағы адам төзгісіз ауыр жағдайды көргеннен кейін және оны титтей де болса жеңілдете алар амалы жоғына күйзелген Мүсекең өзін пайдаланғысы келіп отырған неміс генералы (группенфюрер) С.Иоахим дегенге шарасыздықтан мынадай хат жазады: (Гете, Фейербах, Бах, Бетховен, Шопенгауер сияқты ұлыларды тәрбиелеген ұлттың тұтқындарға жасап отырған зұлымдығын көре отырып, мен Түркістан легионың басқару туралы ұсыныстан және сіздермен әрі қарай жұмыс істеуден бас тартамын». Бұл өзіне үкім шығарумен барабар еді. Көп ұзамай ол 1941 жылғы 27 желтоқсанда Берлиндегі Виктория ауруханасында жұмбақ жағдайда көз жұмады. «Сүзектен қайтыс болды» деген анықтама толтырылады. Қазір зерттеушілер ол кімнің тарапынан болса да – немістердің, әлде серігі өзбек Вели Каюмнің (легион басшысы болғысы келгендіктен не немістердің жұмсауымен), не кеңес жансызының қолынан қастандықтан өлген деген болжамға келіп отыр.

Бүгінде Түркістан халықтары тәуелсіз мемлекеттер. Қазір түркі мемлекеттері басшыларының, парламенттерінің ынтымақтастығы, мәдени байланыстар сияқты жоғары деңгейдегі қарым-қатынастар Мұстафа Шоқай арманының орындалғандығы. Саяси күресте иықтас болып, бір-бірінің қадірін білген замандасы Украина республикасының сыртқы істер министрі, профессор А.Шульгин былай деп жазған екен: «Түркістан бір күндері жаңарып, өз батырларын еске алатынын, Мұстафаға Перовскіде, Ташкентте ескерткіш қоятынын білмеймін. Бірақ халық оған өз жүрегінен ескерткіш орнататынына кәміл сенемін».Иә, солай болды. Мұстафа аңсаған, сол үшін күрескен тәуелсіз заман келді. Қазір еліміздегі және шет елдердегі бұрын

қол жетпеген құжаттарды саралау, мәселенің ақ-қарасын ашу мүмкіндігі туды.

Әдебиеттер:

1. Шоқай М. Таңдамалы. I-II том. Алматы 1998ж
2. Есмағанбетов. К.Л. Әлем таныған тұлға. Алматы 2009ж
3. Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. Алматы 1992ж
4. Шоқай М. Естеліктер. Стамбул 1997ж
5. Қара Ә. Мұстафа Шоқай Алматы 2004ж

ӘОЖ 82-4:950 (574):950 (560)

МҰСТАФА ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТҮРКИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Утегенова К.С.

М.Шоқай атындағы №187 ақпараттық
технология мектеп-лицейінің
тарих пәні мұғалімі

Осы уақытқа дейін ұлтқа қатысты мәдени мұраларымызды әлемнің әр қиырынан жинап жүрген азаматтар мен ғалымдардың арқасында Мұстафа Шоқайдың шығармашылық мұрағаттарының көшірмелері атажұртқа там-тұмдап болса да оралып жатқаны аян. Мәселен, соңғы кезде түркі мәдениетін дамытуға, түркі халықтарының бірлігін нығайтуға қатысты ірі жобаларды жүзеге асырған «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымы жуырда Түркиядан табылған М.Шоқайұлының түпнұсқа қолжазбаларын Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатына табыстады.

Табылған құжаттардың жалпы саны 100, олар 340 бет материалды құрайды. Бұлардың негізгі бөлігі Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы украин, грузин, эзербайжан, осетин, т.б. халықтардың ірі саяси қайраткерлерімен жазысқан хаттарының түпнұсқасы. Хаттардың жалпы саны — 84, бет саны — 188. Сондай-ақ құнды жәдігерлердің қатарында оның алты төл мақаласының түпнұсқасы да табылды. Бұларға қосымша эмиграциядағы бөгде авторлар жазған 3 мақала, бір роман және Мұстафаға Түркістан ұлттық орталығы атынан 1940 жылы Стамбулда берілген өкілеттік куәлік, тағы басқа құжаттар бар. Ең маңыздысы — бұлардың бәрі түпнұсқа құжаттар, көпшілігі бұрын-соңды қазақ ғылымында айналыста болмаған мұралар [1].

Мұстафа Шоқай «Яш Түркістан» журналының 1939 жылғы №110 санындағы мақаласында «Ататүрік реформалары елдің сыртын ғана емес, ең бастысы ішін, түрік халқының таным-түсінігін, ойлау жүйесін өзгертті. Билік басына келісімен ол байсалды диктатура орнатты. Түрік мемлекетін батыс үлгісінде модернизациялауды қолға алды. Оның реформалары түрлі

пікірлер туғызды. Бірақ, турашыл саясаткер ретінде Ататүрік күллі ислам елдерінен оқ бойы озып шығып, түріктерді әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттері қатарына қосты. Ататүрік Түркия тарихының бағытын өзгертумен қатар оның реформалары Түркия тарихының жаңа бет-бұрысына қызмет етті» - деп жазады

Түркиядағы ұлы Кемал Ататүрік есімімен байланысты реформалар неден басталды? Түркия кезінде (16-17 ғасырларда) 6 миллион шаршы шақырымнан аса аумақты иеленген, 40 миллион мұсылман, жалпы 70 миллион тұрғыны бар мемлекет еді. ХІХ ғасырдың екінші жартысында Османлы империясының осындай хәлге түсіп қалғанын көре білген мемлекет қайраткерлері реформа жолын ұсынғанын ол білетін. Бірақ реформалар өз нәтижесін бере қоймады. Өйткені, Мұстафаның ойынша, «бұл реформалар мемлекеттің ішкі өмірін қозғаусыз қалдыра отырып, тек сырттай өзгеріс жасауға бағытталған болатын. Яғни, ол реформалар ескі киімге жамау салған тәрізді ғана болатын. Ал түрік қоғамы түбегейлі өзгерістерге зәру еді. Оның соғыс өнері де тоқырауға ұшырап, қаржы салалары жат қолына өтіп болатын.

Міне, осындай кезде Мұстафа Кемал Ататүрік тарапынан құрылған ұлттық қорғану ұйымы түрік халқының ұлт-азаттық күресі тарихында жаңа 144 бір ерлік дәуірін бастап жіберген еді. Стамбулға келгеннен кейін Түркияның жағдайымен жақыннан таныса бастаған Мұстафа Анатолияның ішкі аудандарында халық жасақтарын ұйымдастырып, ұлт-азаттық күресіне жетекшілік жасаған өзінің аттасы Мұстафа Кемалдың іс-әрекетін қолдап, қуаттады. «Ататүрік өз халқын шексіз сүйетін еді. Өз халқын сүю деген сөз оның бойындағы кемшіліктерін, жаман, жат қылықтарын да сүю дегендікті білдірмейді. Ататүрік Түркия тарихының бағытын өзгертті. Оның реформалары Түркия халқын табыстан табысқа жете беруіне кепілдік беретіні шүбәсіз. Түркияда болып жатқан оңды өзгерістер бұл елдің болашағына енді ешқандай күдік –күмән жоқ екенін сеніммен айтуға болады» дейді Мұстафа Шоқай «Яш Түркістан» журналының аталмыш санында. [2]

ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы аумалы-төкпелі заманда елінен қуғын көріп, босқан талай түркі халықтарын бауырына басты.

Өз еңбектерінде Мұстафа Шоқайұлы Түркияда іске асқан Мұстафа Кемал Ататүрік реформаларына аса мұқияттылықпен зейін аударады. Ондағы мақсаты, жаңа Түркияның озық тәжірибесін болашақта Түркістанның қайта жаңғыру ісіне пайдалану, қажетіне жарату қамы еді. Осы ұстанымда болған Мұстафа Шоқай 1939 жылы «Ататүріктің реформалары» атты мақаласында: «...Ұлтты құтқару күресі сыртқы жауды жеңіп, туған жерін азат етумен ғана шектелмейді. Ұлтты көтеру көбіне-көп ішкі реформаларға байланысты болатын да, реформаның қарқыны ұлттың бойындағы дерт-дербездің қандайлығына тәуелді еді. Мемлекетті қасіретке душар еткен дерт-дербезден құтқаруға бекем бел байлаған адам кез келген

кедергіні жеңуі, алға қойған мақсатқа қарай батыл қадамдар жасауға тиіс. Ұлт үшін азаттық пен тәуелсіздіктен артық тағы қандай қасиетті нәрсе болмақ?» [3], — деп жазды.

«Яш Түркістанның» 108-санында ұлы түрік реформаторы Ататүріктің қазасына байланысты жазған мақалада: «Соңғы 10 жылда Ататүрік жүргізген реформа барысында Түркияда қол жеткен онды өзгерістерді дүние жүзінде ешбір ел, бәлкім, бастарынан кешірмеген шығар. Бұл реформалар Түркия мемлекетінің тек сыртқы көрінісін өзгертіп қана қойған жоқ, ең бастысы түрік халқының таным-түсінігін, ойлау жүйесін өзгертті» деп жазылған.

Мұстафа Шоқай Түркияда саяси оқиғаларға және Жаңа түрік үкіметінің Кеңес Ресеймен қарым-қатынасына қызығушылық танытады. Оны Түрік елі туралы бірнеше мақалалары бар. Мәселен, «Түркістан Кеңес баспасөзі және Түркия республикасының 10 жылдығы», «Түркия және Ұлттар Ұйымы», «Мәскеу және Түрік Коммунистік партиясы», «Большевиктердің Түркиямен «адал достығына» куә боларлық бір тарихи құжат», «Мен патриотпын» газеті Түркия саясаты хақында» т.б. мақалалардан автордың түрік халқының азаттығына деген шынайы көзқарасын, Түркияның батыстың мәдениеті мен демократиясы жолына түскеніне, қуаныш көңілін аңғармау мүмкін емес.

Бүгінгі күні Мұстафа халық жадында да, жүрегінде де берік орын алды. Оның маңдайына кез келген тұлға ие бола бермейтін бақыт – өз халқымен үндес, тағдырлас болу жазылды. Туған жерінде де, Парижде де оған ескерткіш орнатылды. Мұстафаның қайраткерлік болмысын, бүгінгі күнмен өзектесіп жатқан ой-тұжырымдарын зерттеу, насихаттау, ұлықтау еліміздің егемендігін баянды етуге, жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге қызмет етеді. Сол себепті М. Шоқайдың ұлан-ғайыр шығармашылық мұрасы уақыт көшінен қалмай, халқымыздың баға жетпес рухани қазынасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жетері хақ.

Ататүріктің қазасын Парижде жүріп естіген Мұстафа Шоқай: «Түрік тарихындағы ең ұлы тұлғалардың бірі – Мұстафа Кемал Ататүріктің 57 жасында өмірден өтуі қандай қасірет деп еске алады. XX ғасырдың басында Түркия ел ретінде тәуелсіздіктен, түріктер ұлт ретінде еркіндіктен айрылған шақта Түркия мен түріктерді осындай халден Ататүрік құтқарды. Түрік халқының Анадолы далаларында қарусыз бастаған ұлтты құтқару күресінің нәтижесінде Лозанна шартын қабылдады. Түріктер араб өлкелерін еркіне жібере отырып, Анадолыдағы өзінің байырғы мекендерін қайтарып алды. 147 Қарыс, Ардаған, Артойын жерлері мен бірнеше бұғаздарды бауырына қайта басты. Мұстафа Шоқай Ататүрік жайлы мақаланы жаза отырып, оның ғазиз рухының алдында бас иетіндігін «Яш Түркістан» журналының 1938 жылғы №108 санында жариялайды [4].

Бүгінгі күні Ататүріктің жасаған реформалары мен еңбектері бүгінде Түркияны әлемде экономикасы дамыған, мәдениеті жоғары, мұсылман ел

деңгейіне жеткізді. Ұлттық мемлекетті білмейтін, діни феодалдық, таптық негізде қаланған Осман империясының күлінен Түрік ұлтының мәдениеті мен рухани құндылықтарына негізделген біртұтас унитарлық, ұлттық мемлекеттің негізін жасады. Ататүрік өз еліне бейбітшілік әкелген және дүниежүзіне танытқан әскери көшбасшы, орасан зор күш-жігерімен Түркияда әділдік пен тәртіп орнатқан мемлекеттік қайраткер ретінде құрметтейді. Ататүріктің өмірі мен қызметінің тарихы көптеген авторлардың зерттеу тақырыбы болған. «Ататүрік, Ұлттың қайта өркендеуі» екі томдығын жазу үшін Лорд Кинросс бес жыл бойы Түркияда өмір сүріп, репортаж жасап, көптеген құжаттарды зерттеп, әсерлерін жазып отырған. Жазылымға жіберген 600 беттік монографияны орындаған соң, Кинросс мынадай тұжырымға келді: «Ататүрік ешқашан қара басының қамын ойлаған емес. Ол бар өмірін өз еліне, өз халқына және адамзатқа арнаған». Ал, тарихшы Джастин Маккарти табысына былай деп баға береді: «Аяққа қайта тік тұру үшін ұлы қолбасшы және ұлы саяси қайраткер болу керек. Өз халқына деген үлкен махаббат, оны шексіз сүйу, сонымен қатар, көсем күшті, әрі еріктік сапаларға ие болуы қажет. Қанша адам осы қасиеттерге ие? Адамзат тарихында осы сынды қанша адам болды? Ататүрік ұлы адам болған. Егер Ататүрік болмағанда, түрік халқы бүгінде болмас еді»...

Халықаралық жағдайды, әлем елдерінің бір-бірімен байланыстарын зерттеу Мұстафа Шоқай үшін жай қызығушылық емес, Түркістан ұлзаттық қозғалысының стратегиялық мақсат-мүдделерін жүзеге асыру қажеттіліктері деп санады. Осы мақсатта ол «Түркістан Ұлттық Бірлігі» ұйымын бірнеше мемлекеттердің басын қосып отырған Ұлттар Лигасында танытуға күш салады.

М. Шоқайдың саяси қызметінің де, халықаралық оқиғаларды зерделеуі мен ғылыми-публицистикалық ізденістерінің де негізін тарихилық принциптері құрайды. Ол үшін өткенді пайымдау оқиғалар мен құбылыстардың орын алуы мен дамуының түпкі себептерін ашу, сол арқылы белгілі бір саяси мақсатқа жету жолындағы кедергілерді жеңу, жіберілген кемшіліктерді түзету үшін қажет. Олай болмаған жағдайда өткен-кеткенді саралау ділмарлықпен жай мылжыңға айналады дейді Мұстафа.

Ататүрік: «Мен үшін ең ұлы қорғаныс ұясы, ең ұлы көмек көзі – ұлтымның кеудесі. Сондықтан да мен ұлтымның кеудесін ешкімге бастырмау үшін барымды саламын!» деген пікірі шынайылығын көрсетті. Ататүріктің бұл еңбегін түрік жұрты еш ұмытпайды. Ататүрік өз ұлтына қатысты мынадай ойлар айтады: «Мен қажет болса, ұлтым үшін өз өмірімді де қиямын!». «Ұлтқа қожалық жасауға, қоқандауға болмайды! Ұлтқа тек қызмет ету керек! Ұлтқа қызмет еткен адам ғана ұлтқа басие бола алады!». «Түрік ұлты деген сөз — түрік тілі деген сөз. Түрік тілі — түрік ұлтының ең қасиетті, ең киелі, ең иелі қазынасы. Түрік тілі — түрік халқының жүрегі, ақылы һәм ойы!». «Біздің бәріміз парламент депутаты бола аламыз, министр бола аламыз, тіпті республика президенті де бола аламыз. Бірақ, өнер адамы

бола алмаймыз. Сондықтан өнер адамы біздің (биліктегілердің) емес, біз өнер адамының қолынан сүюге тиіспіз!» [5].

Ататүрік осы ойларды тек айтып қана қойған жоқ, оны орындаған да! Өз ұлтының мерейі мен мәртебесін көтере білген Ататүрік өзінің ақыл-ойы мен іс-әрекеті арқылы халық сүйіспеншілігіне бөленді. Халықтың ықыласына ие болды. Ататүрік құрметіне 1953 жылы Түркияда «Үйде де бейбітшілік, әлемде де бейбітшілік» деген сөзі құрметіне Бейбітшілік паркі жанында кесене салынған және әлем елдерінде көптеген ескерткіштер ашылған.

Екі күрескердің тәуелсіздік күресінің нәтижесі бірдей болмады; өйткені, екі мемлекеттің сол кездегі саяси және әскери шарттары бірдей болмады. Қаншама уақыт өтсе бүгінгі ұрпақ олардың еңбектерін бағалауды, ел алдындағы перзенттік парызымызды орындауды, тәуелсіздігіміздің мәңгілік болуына үлес қосу жолында жұмыс жасауды ұмытпауымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. 12 томдық/ Р.Б. Сүлейменов атын. Шығыстану ин-ты; құраст. К. Есмағамбетов.-Алматы, 2012.-1-ші том. -544б.
2. Қазақ жәдитшілдігі (Сыр бойы материалдары негізінде): ұжымдық монография. Алматы - 2018 ж.
3. Абдуллаев Р.М., Агзамходжаев С.С., Алимов И.А. Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости. - Ташкент: Шарк, 2002. -169 с.
4. Мұстафа Шоқай, 1-том, Алматы, «Қайнар» баспасы, 2007 жыл.
5. М.Шоқай. Таңдамалы. Алматы:Қайнар. Екі томдық. 2т.-520 бет.

ӘОЖ 130.12374:37.035.6329:950 (574)

МҰСТАФА ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЖАСТАРДЫ ҰЛТТЫҚҚҰНДЫЛЫҚТАР РУХЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕСІ

Утегенова К.С.

М.Шоқай атындағы №187 ақпараттық технология
мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі.

Мұстафа Шоқайдың өмірі мен жанқиярлық қызметін, шығармашылық мұрасын зерттеп, жаңаша зерделеу – бүгінгі ұрпақтың басты парызы.

Мұстафа Шоқай артына мол мұра қалдырды. Ұлт қайраткерінің еңбегіндегі өзекті мәселелердің бірі – жастарды ұлттық құндылықтар рухында тәрбиелеу туралы ой-тұжырымдары. Мұстафа Шоқай ең алғашқы тәрбиені өз кезіндегі тұрмыс мәдениеті жеткілікті билік лауазымдары елге танымал әулеттің отбасында алды. Атасы Торғай датқа ел билеген шешен, озық ойлы

көсем, ақыл парасаты мол “ел қамын жеген ерлер” қатарында аталған болатын. Әкесі Шоқай да ширек ғасырдай би, болыс болған. Сыр өңірінен тысқары жерлерге де мәлім болған аталы балалы екеуінің суреттерінің патша үкіметінің арнайы тапсырмасымен дайындалған фотоальбомға кіруіне көбіне-көп олардың ел ішіндегі беделі себеп болған сияқты. [1,338б]

Осындай өзіндік мәдениеті, салт-дәстүрі жеткілікті текті шаңырақта дүниеге келген Мұстафа шынайы қазақтың ұлттық тәрбиесін жеткілікті көріп өсті. Ол кезде бүгінгідей жазба әдебиеттер өте сирек болғанымен атадан балаға мирас болып келе жатқан ауызша сан тақырыптағы дастандарға қазақ даласы кенде емес болатын. Ауқатты датқа болыс ауылында ақын-жыраулар да жиі болып тұратын. Олардың ел билеген хандар мен өз жерін қорғаған батырлар туралы толып жатқан жырларын, көрші елдердің, Шығыстың, түркі тектес туыстардың әртүрлі қиссаларын бала Мұстафа естіп, халықтық рухты бойына жасынан сіңірді, оны өмір бойы рухани азық етті. Мұстафаның нағашы жұрты да текті болғанға ұқсайды. Анасы Бақтыгүл әйгілі әскербасыларының бірінің ұрпағы. Оның әкесі өзбек хандарына қарсы ұрыстарда ерлік көрсеткен кісі. Ал Түркістанды патша әскерлері жаулап ала бастаған кезде ол отаршылдармен күреске шыққан. Сол кезде Мұстафаның болашақ анасы осы соғыстарға қатынасып, әкесіне жәрдем етеді. Мұстафа оқу-жазуды 5 жасында өз анасынан үйренген. Анасы Бақтыгүл ақын кісі болған. [2.228б]

Мұстафа Шоқайдың балалық шақтан алып шыққан ұлы тағылымы – ата-анасына деген перзенттік сүйіспеншілігі еді. М.Шоқай туған анасы емес, құдай перзент бермеген үлкен анасының қолында тәрбиеленгені мәлім. 1923 жылы 6 маусымда Парижден әйелі Мария Горинаға жазған хатында “... оның өз анам емес екенін, алайда оны өз анамдай жақсы көретінімді сен, әрине білесің. Ол мен үшін идеал болатын. Әлі есімде, кішкентай кезімде шешекпен ауырғанымда ол мені үш апта бойы тізесіне жатқызып қарағанды. Соның еңбегі мен күтімінің арқасында біздің бәріміздің тәніміз бен жанымыз сау болып өстік. Бала кезімде, таңертең сабаққа кетер алдында, ішіне өкпе-бауыр салып пісірген шелпектерін жегізіп, ыстық сүт беретін. Оны ол түнде біз ұйықтап жатқанда дайындап қоятын. Мен мұндай шелпектерді өте жақсы көруші едім. Мені өзі жуындырып киіндіретін, мектептің жарты жолына дейін шығарып салатын. Ол менің әрбір жетістігіме қуанатын. Жалғыз тілегін орындай алмадым. Оның бар арманы менің әйелімнің қолында тұру болатын. Жан-жарым менің, мен үшін анамның бұл тілегін орындайтынына кәміл сенемін. Алайда, тағдыр бізді – апам екеумізді айыруды жөн көріпті, қайтейн...” дейді [3, 397б]

Мұның бәрін тізбелеп айтып отырған себебіміз, кез-келген адамның өсіп-өркендеуі, бойындағы ізгі қасиеттердің қалыптасуы отбасындағы тәрбиемен тығыз байланысты. Қытайдың ұлы ойшылы Конфуций: “Адам қанша жерден оқып тоқыса да өзінің тегінен, табиғаты мен болмысынан алыс кетпейді” – дейді. Сол айтқандай Мұстафа Шоқайдың бойындағы ақыл-парасатпен адами асыл қасиеттердің негізі ата-анадан тараған қан мен сүттен, тәлім-тәрбиеден бастау алса керек.

Ата-ананы сыйлау, Отанды сүю, үлкенге құрмет пен кішіге ізетті болу Мұстафадай нар тұлғаның бойындағы бар қасиеттер. “Оның мінезі өте жұмсақ әрі нәзік болатын. Ол көпшілікті басқару үшін саясат адамның тез шешімге келе алатын, қатал мінезді болу керектігін білетін. Ешқашан өз мінезін түзеуден және оқудан жалыққан емес. Түрлі саяси көзқарастағы адамдарды және олармен пікір таластырғанды ұнататын. Өте сабырлы болып, қарсыласының пікіріне құрмет көрсететін” – деген жан-жары Марияның естеліктерінен Мұстафаның адамгершілік, азаматтық болмыс-бітімі анық көрінеді.

Мұстафа Шоқайдың “Ұлттық зиялы” деп аталатын мақаласында “ұлттық рух” мәселесіне ерекше орын берілген. Шын мәнінде, кез-келген халыққа асқақ рух керек. Қай уақытта, қай елде болмасын ұлттың ұлы перзенттері мен ойшылдары, қайраткерлері ең алдымен өз ұлтының кескін-келбетін, ұлттық салт-дәстүрін, мінез-құлықтың шырқын бұзбай сақтай отырып, өз халқының рухын көтеруді ойлаған. Патриоттық сезім ұлттық рухтың түп негізі, алтын өзегі ретінде терең мәнге ие болған.

Қазақстан ұлттық энциклопедиясында “Патриотизм дегеніміз (грек сөзі. *Patruotes* – отандас, *Patro* – отан, туған жер) Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан қалыптаса бастайды” [4.218б] – деп жазылған. Отаншылдық, елжандылық туған отбасына, туып-өскен ортаға, туған топырағы мен табиғатына деген құрметтен басталады. Сондықтан отаншылдықтың қайнар көзі адамгершілік қасиеттер болмақ. Отаншылдықтың іргетасы – ұлтжандылық. Өз ұлтын сүйіп, оның мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын азамат қана отаншыл болады.

Мұстафа Шоқай шет жұртта жүрген мұғажырлардың, күрескерлердің Отанына деген сарқылмас сүйіспеншілігі туралы айта келіп, “1936 жыл” деп аталатын мақаласында былай дейді: “Атамекенді сүю дегеніміз - өзіңнің жеке басыңның талаптарын қанағаттандыру немесе белгілі бір топтың, не бір жеке адамның мүдделерін қорғау дегендік емес. Атамекенді сүю – оның

тұтас мүддесіне қызмет ету, осы жолда әрқашан қызмет етуге, керек болса жан пида қылуға дайын тұру болып табылады”. [5, 66] Шынында да, ұлттық рух тамаша қасиеттерге ие болуымен бірге өз ұлтыңды шынайы тануға, өз халқының алдындағы өз борышыңды жоғары сезіне түсінуге көмектеседі. Осы орайда М.Шоқайдың “Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкінбе? Тарих ондайды көрген жоқ, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді” – деген сөзін айта кетуіміз керек. [6, 1876]

М.Шоқайдың пікірінше ұлттық рухтың көтерілуі, оның негізі – ұлттық тіл болып табылады. “Көне Ресей тіліміздің дамуына жол бермеді. Ол кезде біздің ұлттық басылымдар шығару құқымыз жоқ болатын... Мектептерде біздің тіліміз оқытылмайтын” Автор патша өкіметі кезінде “бұратана” (орыс емес) халықтардың тілінің дамуына кісен салынғанын, мұның олардың ұлттық сана-сезімінің дамып, қалыптасуына үлкен зиян келтіргенін айта келіп былай дейді: “Ресейдің оқу орындарында әсіресе техникалық оқу орындарында амалын тауып оқып жатқан Түркістан жастары өз тілінен шала сауатты, тіпті мүлде мақұрым қалды. Сол себепті мұндай оқымысты Түркістандықтар халқымыздың қажеттері мен талаптары тұрғысында пайдалы қызмет атқара алмайды”. Сондықтан ұлт күрескері М.Шоқай еңбектерінде білімге байланысты салиқалы пікірлері көптеп жиі кездеседі. Ол халық бақыты үшін күреске бас байлап кіріскен адамдар үшін айқын үміт, берік сезім, қалтқысыз иман қасиеттерімен қатар терең білім қажет дейді. Әрмен қарай Мұстафа Шоқайұлы “Адаспас үшін, адаса қалғанда дұрыс жол табу үшін де білім керек” – деп өз ойын ашық айтады. Сонымен қатар патша өкіметінің Түркістандағы білім саласында жүргізіп отырған отаршылдық саясатының мәнін нақты дәлелдер арқылы әшкерелеп көрсетеді. М.Шоқай өз еңбегінде кеңес мектептерінде “таптық тәрбиенің” басымдылық пен жүргізіліп отырғанын, осыған қарамастан Түркістан жастарының ұлттық рухта өсіп жатқанын қуана жазады. Ұрпақтарымыздың бойына ұлттық тәрбиені, қасиетті дарытып жатқан “шығыс зерделі” зиялыларымыз екенін мақтан етіп, “Кез-келген чекист қаруларының қарсы алдында тұрсаңыз да, ұлттық рухты өшіріп алмай, жас ұрпақтарымызды сол рухта тәрбиелей білген, ей, менің қаһарман отандастарым! Сендерге мыңда бір рахмет! Ей, менің намысты жерлестерім, сендерге өмір бойы қызмет етуден басқа ешқандай да бір ойымыз жоқ екенін білгейсіздер!” – деп тебірене жазады.

Мұстафа Шоқайұлы ұлт мәселесін, ұлттық тәрбиені рухани мәдениет пен байланыстырады. Өйткені тілмен қатар рухани мәдениеттің рөлі ұлт болуы үшін маңызды. Ол былай деп жазды: “Рухани мәдениетке келсек, ол мүлде басқа мәселе. Рухани мәдениет халықты есейтетін және жетілдіретін нәрсе”. Мұстафа Шоқайұлының “Рухани мәдениет қағидасы” – бұл өте өміршең ғылыми қағида. Өйткені ұлт бар жерде, ұлттық мәдениет бар жерде ұлттық тәрбие алысқа кетпейді. Сондықтанда тәрбиенің басы – ұлттық тәрбие екендігін ерекше атап өтеді. Ұлт тәрбиесімен қазақтың имандылығы, инабаттылығы, Отансүйгіштігі және т.б. толып жатқан жағымды қасиеттері байланысып жатады. Ұлт тәрбиесі үшін, ұлтжандылық сезімді қалыптастыруымыз қажет дей отырып, ұлтжандылыққа отанды сүйю, оны қорғау, ұлт ырысын көзінің қарашығындай сақтап, дамыта білу, оған қызмет ету, ұлттық намысы мен абыройын арттыруды жатқызады. Мұстафа Шоқайұлы “Ұлт азаттығы – халқымыздың ең заңды мәселесі. Ұлт азаттығы залымдардың зұлымдығынан, өз мүддесін ойлайтындардың таласынан жұртты және халықты сақтайтын қорған” деп, империялық саясаттың астарын әрмен қарай тереңдете қазбалап, оның зымияндық сипатын әшкерелейді. Ол тағы бірде “Ұлттың мақтанышы – жеке адам мен ұлт үшін бұзылмас заң. Кімде-кім өз ұлтын құрметтемесе және оны мақтан тұтпаса – ол адам сөзсіз арамза, қанғыбас” – десе, “Ұлтшылдық қозғалысы – халқымыздың жаны мен жүрегі. Ұлтымыз өмір сүрсе, ол да бірге өмір сүреді” – деп тұжырымдайды. [7, 62б]

Мұстафа Шоқай - өз халқына деген шексіз сүйіспеншілігі мен айрықша адалдығын өз өмірінде, күрес үстінде сан рет дәлелдеген аяулы тұлға. Ол тар шеңбердегі ұлтшылдыққа ешуақытта бой алдырмаған, ру, ұлыстарға бөлініп халықтың ішіне іріткі салатын рушылдық психологиядан өзін әркез алшақ ұстаған қайраткер еді. Ол мұны Түркістандықтардың ұлтшылдық идеясы мен мұраттарының жаулары деп есептеп, тәуелсіздік үшін күресте азат сана, саяси сергектік пен ұлттық рухымызды жеткілікті қалыптастырудың маңызына ерекше көңіл бөлген болатын. Осы “ұлтшылдықты” дұрыс түсінбеу, оны ұлттық астамшылықты танытатын “шовинизммен” шатастыру бүгінде жалғасып, ұлттық рухымызды көтеруге белгілі түрде кедергі келтіріп келеді.

Мұстафа Шоқайдың ұлттық рухы жоғары халықтар ғана тәуелсіздікке қол жеткізеді және оны қорғап қала алады деп санаған терең мағыналы өсиеті бүгінгі Қазақстан жағдайында ерекше сипатқа ие болып отыр.

“М.Шоқай өзінің туған елі қазақ халқының тәуелсіздігін Түркістанда көне замандардан бері қатар тұрып келе жатқан туыстас өзбек, қырғыз, түркімен және басқа халықтардың тәуелсіздігінен бөлек алып қараған емес. М.Шоқай үшін Түркістан халықтарының еркіндігі – бірінсіз бірі жоқ егіз ұғымдар болған” – дейді тарихшы М.Қойгелді. Ол Түркістандағы бауырлас халықтар бір болғанда ғана ірі боларын, ірі болғанда ғана тірі қаларын ойлаған еді.

1936 жылы Берлин қаласында Еуропада жүрген Түркістан жастарының алдында сөйлеген сөзінде ол былай дейді: “Бүгін Қазақстан, Қырғызстан, Қарақалпақстан, Түркіменстан һәм Тәжікстан деп, жат үкімет күшін алты жұмхұриетке бөліп тұрған Түркістан – бөлінбес, айнымас бір өлке. Халқының қаны бір, тілі бір, діні бір. Бәріміздің құбыламыз - өзіміздің ата жұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ” – Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат... Түрік халқы – батыр халық. Түрік халқы – арыстан ер халық. “Кімнен таяқ жегендей біздің түріктің баласы, алдырып жүрген дұшпанға аузының аласы”. Бұл нақыл сөзді жастарымыз ұмытпауы керек. Бір таңқаларлығы М.Шоқайдың өткен ғасырдың басында айтып, жазып кеткен осы идеясы қазіргі Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұстанған саясатымен толығымен дерлік үндесіп жатады.

Шынында да, ұлттық рух тамаша қасиеттерге ие етумен бірге өз ұлтыңды шынайы тануға, өз халқының алдындағы өз борышыңды жоғары сезіне түсуге көмектеседі.

Кез келген халықтың кемел келешегінің ең басты көрсеткіші – жастар екені анық. М.Шоқай өзінің еңбектерінде жастарға үлкен сенім артып, болашағынан мол үміт күтті. Ұлт күрескері “Көтерілістен – ұйымшылдыққа” атты мақаласында “Біз тәуелсіз Түркістан үшін керекті барлық қасиетті жас ұрпақтан күтеміз. Жастарымыздың көпшілігі Еуропада, Түркияда оқып жүр. Олардың бір бөлігі жоғары білім орындарын бітіргендер. Міне, бұл жастарымыз өздерінің Түркістандық замандастарымен бірге атамекеніміздің тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күресін ең соңына дейін жеткізетін болады. Түркістан ұлттық ұйымының ең жоғары, ең маңызды және маңдай алды міндеті – әртарапта бытырап жүрген жас түркістандықтарды Түркістанның тәуелсіздік мұраттары жолындағы қасиетті күрес майданына топтастыру” деп қорытынды жасайды. “Ей, ертеңгі жас ұрпақ! Сен өзіңе жүктелген қасиетті міндеттің ауырлығын және барынша жауапты екенін ешқашан есіңнен шығарма! Атамекенді отаршылдардың тепкісінен құтқарып, тәуелсіз мемлекет құру жолындағы

күреске жатпай-тұрмай дайындал” [8, 84-88б] деген М.Шоқайдың сөзі бүкіл халқымыздың жүрегіне жетіп, жанын тебіrentіп, болашағы мәңгілік ұранына айналды. Қорыта айтқанда, М.Шоқайдың ұлттық құндылықтар туралы ой-тұжырымдары тәуелсіз еліміздің жастарын отаншылдыққа, ұлттық сананы рухтандыруға қызмет ететін рухани қазына болып табылары сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Бәкір Ә.Қ. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси-әлеуметтік ойлар. Монография. Астана, 2018. 458б
2. Атабаев Б. Халық жадында қайта жаңғырған ұлы есім. Қызылорда, «Полиграфия баспа үйі» ЖШС. 2015. 250б
3. Мария Шоқай Менің Мұстафам. Таңдамалы шығармалар. Алматы, 2007. 3том. 520б
4. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. Алматы, 2005. 7том 728б
5. Шоқай М. Таңдамалы. Алматы: Қайнар, - 1999. Т.2. 520б
6. Шоқай М. Таңдамалы. Алматы: Қайнар, - 1998. Т.1. 512б
7. Шоқай М. Таңдамалы. Алматы: Қайнар, - 1998. Т.1. 512б
8. Шоқай М. Көтерілістен – ұйымшылдыққа. Таңдамалы шығармалар. Алматы, 2007. 3том. 520б

ӘОЖ 329.73:342.728:950 (574)

АЛАШ АВТОНОМИЯСЫНҚҰРУДЫҢ САЯСИ СИПАТТАРЫ

Абенов Е.М.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
«Философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»
кафедрасының доценті, с.ғ.к.

Кеңестік тарихнама Алаш үкіметінің пайда болу себептерін кеңес үкіметі мен большевиктер партиясына қарсы бағытталған әрекетімен ғана байланыстырды. Алаш үкіметінің отарлық езгіге қарсы күрес жағдайында, ұлттық тұтастық пен ұлттық мүддеге қызмет жасау қабілетін мүлдем есепке алған жоқ.

Алашорда үкіметінің құрылуына тікелей себепші болған жағдай уақытша үкіметтің Қазақстан халқының тұрмыс-жағдайына қатысты мәселелерді шешуге дәрменінің жетпеуі болатын. Өлкедегі уақытша үкімет өкілдерінің саяси қызметтерінің төмендігі соншалықты, елде экономикалық дағдарыс, топтық шиеленістер, зорлық пен зомбылыққа ұштасқан заңсыздықтар белең алған.Қазақ ауылдарында жер мәселелерінің шешілмеуі, казак жасақтары мен орыс қоныстанушыларының жергілікті ұлтқа жасаған озбырлықтарының артуы мұның толық дәлелдері болды.

Осындай ауыр кезеңде қазақ зиялылары ұлттық мемлекет туралы мәселе көтеруге талпынды.

Жалпы Ресей империясы көлемін жайлаған саси тұрақсыздық жағдайында Орынбордағы қазақ зиялылары ұлттық мәселелерге байланысты бір тұжырымға келісу үшін II-ші жалпы қазақ съезін шақыру туралы шешім қабылдап, оны ұйымдастыру үшін құрамында бес адамнан тұратын арнайы комиссия құрды. Оған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Досжанов, Е.Омаров кірді.

Осы мақсатта ұлт зиялыларының жетекшілігімен алғаш рет облыстар мен уездерден қазақ халқының өкілдері шақырылып, Орынборда 1917 жылы 5-17 желтоқсан күндері өткізілетін съездегі ұлттық деңгейдегі мәселелерді талқылауға дайындық жұмысын жүргізу бастаған.

Съезд талқылап, қабылдаған он мәселенің ішінде ең маңыздылары бүкіл қазақ жерлерін біріктіретін Алаш автономиясын құру, ұлт Кеңесін құру туралы ұсыныстар болды. Сонымен қатар, «халықтық милиция», Алаш автономиясының қарулы күштерін жасақтау жөніндегі қабылданған шешімдер болды. Бұл съезге барлық қазақ облыстарынан және Алтай губерниясы мен Самарқанд облысы қазақтарынан, Жетісу облысы қырғыздарынан – барлығы 82 өкіл қатысқан.

Съезд күн тәртібіндегі мынадай мәселелерді талқыға салған:

1. Сібір-Түркістан автономиясы
2. Қазақ-қырғыз автономиясы
3. Милиция
4. Ұлттық кеңесі
5. Оқу мәселесі
6. Ұлт қазынасы
7. Дін мәселесі
8. Халықтық сот
9. Ауылдық басқару
10. Азық-түлік мәселесі

Съезде күн тәртібінде тұрған ең басты мәселе, ұлттық автономия мәселесі болды. Съезд делегаттары қазақ автономиясын құру қажеттігін бір ауыздан қолдағанымен, оны жария ету мерзіміне келгенде екіге жарылып кетті. Делегаттардың біраз бөлігі қазақ автономиясының құрылғандығын бірден жария етелік десе, екінші бөлігі автономияның құрылғанын ресми жария етуді Алашордаға тапсыралық, өзі қажет деп тапқан уақытта жарияласын деген ұсыныс білдірді. Бұл тартыс бірнеше күнге созылып, мәселені шешу үшін өкілдердің аттары аталып, дауысқа салынды. Бірінші бағытты ұстанған өкілдер 33, екінші бағытты ұстанғандарды жақтап 43 өкіл дауыс берген. Азшылықта қалған өкілдер көпшілік қолдаған пікірге қарамастан, автономия съезде ресми түрде жария етілмесе, онда өздері өкілдік етіп отырған облыстардың Түркістан автономиясы құпамына қосылатындығын мәлімдеген. Қазақ автономиясын жариялауды кейінге қалдыруды жақтағандар Ә.Бөкейханов бастаған топ еді. Олар ешқандай дайындықсыз автономия жариялай қалған жағдайда ішкі қарулы қарашекпенділер мен өлкенің көп жерінде орналасқан казак атты әскерлері тарапынан наразылықтар туып, қарусыз қазақтарды қырып алудан қауіптенді. Сондықтан бұл топ автономия жария етерден бұрын Түркістан қазақтарының келісімін алумен қатар, ұлттық әскер құрып, сонымен бір мезгілде іштегі өзге халықтармен келісім жүргізіп, оларды жаңа жағдайға дайындауды қажет деп тапқан.

Сондай-ақ съезде қаралған мәселелердің бірі – халық милициясын, яғни ұлттық әскер құру еді. Съезд қарарында осы милиция құру мәселесі бойынша елде

болып жатқан ұрлық-қарлық, тонау, қарбаластарды ескере отырып, оларды жою мақсатында және халықты бүліншіліктен қорғау үшін тұрақты милиция топтарын құру қажеттілігі айтылып, нақты шаралар белгіленген.

Жалпы қазақ-қырғыз съезі Алаш облыстарын бүліншіліктен қорғау мақсатында уақытша «Ұлттық кеңес» құрып, оның атын «Алашорда» болуын ұйғарды. Жаңа құрылған үкіметтің құрамына мына кісілер енді: Бөкей өңірінен - Уалихан Тонашев, Оралдан - Халел Досмұхамедов, Ақмоладан - Айдархан Тұрлыбаев, Торғайдан - Ахмед Бірімжанов, Семейден - Халел Ғаббасов, Жетісудан - Садық Аманжолов, Сырдариядан - Мұстафа Шоқай. Ал облыстардан тысқары орындардан Ә. Бөкейханов, Ж.Досмұхамедов, Ә.Ермеқұлы, М.Тынышпайұлы, Б.Құлманұлы, Ж.Ақпайұлы, Б.Мамытұлы, О.Елжанұлы үкімет мүшелері болды. Кейін съезд Алашорда Халық Кеңесінің төрағасы етіп Ә.Бөкейхановты сайлады.

Бөкейханов басқарған съезд делегаттары мен Ж.Досмұхамедовтің табандылығының нәтижесінде Орал облысы және Бөкей ордасының өкілдері Алаш автономиясын жариялау мерзіміне байланысты ортақ, ымыралы келісімге қол жеткізді. Екі жақтың ұстанымдарын ұштастыруға алғашында бүкіл қазақ жерін Түркістан автономиясының құрамына енуін қалаған және кейін бұл пікірінен бас тартқан М.Шоқай өзіндік ықпал еткен.

Съезд қабылдаған ымыралы қаулының негізгі баптары мыналар болды: Бір ай мерзімінде Алашорда Түркістан қазағын бүкіл Алашқа қосып алады. Егер Түркістан қазағы бір айда автономияға қосылса, оны жариялау құқығы Алашордаға беріледі. Сонымен қатар, съезд Түркістан өлкесі қазақтарының Алаш автономиясы құрамына қосылу немесе қосылмау мәселесін талқылау үшін Сырдария облысы қазақтарын съезге шақыруды қажет деп табады. Сол үшін Сыр өлкесіне өз өкілдері Б.Құлмановты, М.Дулатовты және Т.Құнанбаевты жіберуді ұйғарады. Осы мәселеге байланысты Ә.Бөкейханов пен М.Шоқай біріккен мәмілеге қол қояды.

Сырдария қазақтарының съезіне қатысқан М.Дулатовтың айтуынша, Түркістан қазақтарының Алаш автономиясына қосылуға тек С.Қожановтың ниет білдіруінен кейін ғана оңтүстік қазақ өкілдері бұл ұсынысты қолдаған.

Дегенмен, Ә.Бөкейханов (Қоқан) Түркістан автономиясының Алаш автономиясына бірігуіне ықыласты болмағандығын «Қазақ» газетінде жариялаған пікірінен байқауға болады. Ол Алаш үкіметінің Сібірмен бірлесуі қазақ мемлекетінің аяғынан қаз тұрып кетуіне ықпал етеді деген ойда болған. Ал, М.Шоқай Сыр қазақтарының кешіктірмей Алаш туының астына жиналуы қажет деп санаған. Бұл туралы 1918 жылдың басында өткен Сырдария қазақтарының құрылтайында қазақтардың Түркістан автономиясынан шығып, Алаш автономиясына кіруге қарары да қабылданған.

Қоқан автономиясы 1917 жылдың 10 желтоқсанында құрылып, 1918 жылдың 13 ақпанында таратылғаны белгілі. Қоқан автономиясын таратқан большевиктер жергілікті халықтың дербес автономиялық елдер болуына мүлдем қарсы болған.

Кеңестік тарихнамада Түркістан (Қоқан) автономиясы жергілікті халықтардың қолдауын таппай, тез құлап қалды деген тұжырымды қалыптастыруға тырысып келді. Бұл тарихи шындықты жасырып, бүркемелеудің бірден-бір көрінісі болды. Қоқанда жарияланған биліктің ұлттық демократиялық сипатымен қатар, таптық немесе діни тұрғыдан талдағанда, оның осал да, тіптен

ашық та реакциялық қырлары да болғаны рас. Бірақ, Қоқанда жарияланған Түркістан автономиясының қазақ тарихына тікелей қатысы бар екені және оның басқа да орта азиялық туысқан халықтармен бірге қазақ елінің де өзінің табиғи, саяси тәуелсіздігіне ұмтылысының көрінісі болғаны анық.

Сонымен, 1917 жылдың соңында қазақ өңірлерінде пайда болған екі автономияның саяси ұстанымдары бір арнаға тоғыса алмады. Оған елде болып жатқан саяси дүрбелеңнің әсері болса да, большевиктердің жымысқы әрекеттері одан да асып түсті. Олар, яғни Кеңес үкіметі ұлттық мемлекеттік құрылыс мәселесін шешудің негізіне таптық жіктелудің қағидаларын тықпаласа, Алаш көсемдері бұған керісінше ұлттық бірлік саясатын ұсынуға талпынды. Сондықтан да, олар қазақ халқын ұлттық тұтастық пен бірлікке шақырумен болды. Бұл туралы Ә.Бөкейханов 1919 жылы 11 ақпанда съездегі жариялық мемлекет құру туралы шешім қазақтар мекендеген аймақта анархияны болдырмау, өлкеде большевизмнің дамуына жол бермеу мүдделерінен туындады деп мәлімдеген.

1917 жылы қазақ зиялыларының арасында қазақы облыстардың Түркістанмен бірігу мүмкіндігіне байланысты қарама-қарсы екі пікірде болғандығын М.Дулатов та қуаттаған. Ол 1929 жылы 30 қарашада ОГПУ тергеушілеріне берген жауаптарында: «...Ол кездегі Түркістан аймағы мен өзге өңірдегі қазақтардың бірігуі керек деушілердің дәлелі орыстың отаршылдығынан құтылу үшін, күшті болып, ұлт тілегімізді жүзеге асыру үшін Орта Азия елдері бірігуіміз керек дейтін. Ал, Ә.Бөкейхановтың ойынша, Орта Азия болып (өзбек және басқалармен) бірігуге болмайды, оларда ескішілдік, діншілдік, дін жолынан таймау (фанатизм) күшті, оларда иман, қожа, молда билеп келе жатқан халық, шарифат жолынан тез арада айырылмайтын халық шаруа түрі бізден басқа мәдениет жолында бізден де төмен, сондықтан екі соқыр қол ұстасып жүріп күн көре алмаймыз. Бөкейханұлының бұл пікірлеріне біз де қосылатынбыз» деп жазған.

Қазақстандағы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында басталған қоғамдық қозғалыстар буржуазиялық-демократиялық мәні бар жалпы ұлттық мақсат-міндеттерді, ұлттық тең құқылық, халықтың мәдениетін көтеру, оқу-ағарту ісін жетілдіру, әйел теңсіздігін қамтамасыз ету, көшпелі халықты отырықшыландыру секілді шараларды іске асыруды мақсат еткен. Мұндай ауқымды қоғамдық өзгерістерді шешуге, осы кезеңде қалыптасқан алғашқы қазақ зиялылары белсенді түрде қатыса бастаған.

Олар әмбебап бағыттарда қызмет жасап, сол кезеңдегі қазақ жұртшылығының рухани және саяси сұраныстарына орай, ұлттық мүддеге сай ұстанымдарды іске асыруға тырысқан.

1917 соңына қарай ұлттық саяси қайраткерлердің қажырлы қайрат-жігерлерінің нәтижесінде қоғамдық қозғалыстар өрлеу шыңына жетіп, Алаш және (Қоқан) Түркістан автономияларын құруға қол жеткізді. Бірақ, қоғамдық қозғалыстардың ішкі қайшылықтары, ұлттың саяси көсемдерінің арасындағы өзара түсініспеушілік пен ауызбіршіліктің болмауы және большевиктердің арандатуы мен жергілікті ұлтқа жат саяси әрекеттерінің нәтижесінде, аталмыш екі автономия бірікпестен Кеңес үкіметінің құрылуына жол берді.

Сол кезеңде Қазақстанның дербес, тәуелсіз мемлекет құруына тарихи тағдырдың тартысты белестері жол бермеді. Тек, 73 жылдан кейін, 1991 жылы егеменді ел болуға қол жеткіздік.

Дегенмен, XX ғасырдың басында пайда болған қазақтың ұлттық зиялыларының азаттықты көксеу жолындағы қажырлы күрестерінің маңыздылығы мен құрбан болған өмірлерін қымбаттығын жоққа шығара алмаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Т.Омарбеков. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті А.1997 .
- 2.М.Қойгелдиев. Тұтас Түркістан идеясы. М.Шоқайұлы. А., 1997
- 4.К.Нұрпейісов. Алаш және Алашорда. А, 1995.
- 5.М.Қойгелдиев. Алаш қозғалысы. А.1995.

ӘОЖ 323.329:950 (574):130.123.4 «715»

МҰСТАФА ШОҚАЙ МҰРАҒАТЫ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Байтаңатова А.Д.

Қармақшы ауданы, Ақтөбе ауылы №109 орта мектеп
тарих және құқық пәнінің мұғалімі

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев көтерген ХХІ ғасырдағы ұлттық сана, бәсекелік қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы секілді бірқатар мәселелер Мұстафа Шоқайдың мұрағат қорындағы құнды деректерімен, мақалаларымен үндесіп жатыр. Шоқай мұралары қазіргі таңда да өзінің өзектілігін жойған емес. Бүгінгі күнде біз Шоқайды және оның бай мұрасын қазақ халқының рухани әлеміне қоса отырып, Алаш қайраткерлерінің ел тәуелсіздігі жолында өз ізгі мұраттарын тауып, ұлт пен Отанын сақтау үшін күрес жүргізгендерін айқын сезінеміз.

Қазақ ұлттық интеллигенциясы үшін ХХ ғасыр тарихы зор маңызға ие. Орталық Азияның көшбасшы элитасы ұлттық мемлекеттердің тағдырына деген жауапкершілікті өз мойындарына ала білді.

Осы Алашорда кезеңінде ұлт-азаттық қозғалыстың ауқымды бір бөлігі еліміздің оңтүстігін қамтыды. Кеңестік тарихнамада Мұстафа Шоқай басқарған Түркістан автономиясының мән – мағынасы төмендетіліп, қала деңгейіне түсіріліп, «Қоқан автономиясы» аталып келді. Сонымен бірге бұл автономия жергілікті халықтың қолдауын таппай құлап қалды, ал оның басшылары қашып кетті деген пікір қалыптасты. Шындықтың ауылы бұдан алыс еді. Өйткені Қоқан автономиясы большевиктер партиясының күш қолдануымен құлатылған еді. Қоқан автономиясының Түркістан Уақытша үкіметі екі айдай ғана өмір сүрді. Мұстафа Шоқай мұның себептерін былай деп түсіндіреді: «Ұзақ уақыт қараңғыда қалған адамның бірден жарыққа шыққан кезінде көзі шағылысып аша алмай қалатындығы секілді, ұзақ уақыт

патшалық Ресейдің отарлық саясатының қараңғылығында жер бауырлап еңбектеген түркістандықтар да төңкеріс әкелген азаттық жарығына шығысымен көздері шағылысып, алдын көре алмай қалған еді. Шағылысқан көздердің адасуларын түркістандықтардың өз қараңғылықтары да одан әрі арттыра түскен еді.» [1. 85 б.]. Түркістан автономиясы үкіметінің басшылығынан күшпен қуылған Мұстафа Шоқайұы өмір бойы Түркістан мемлекетін құру идеясынан бас тартқан жоқ. Алаш партиясының Сырдария ұйымының саяси бағыты да көп жағдайда сол идеяға байланысты еді. Осы идеяның Мұстафа Шщқайұлының ойын билегендігі соншалық, ол Ресейді билеген А.Керенсейі үкіметіндегі министрлік қызметтен де, большевиктердің Түркістандағы совет үкіметін басқаруға шақырған ұсынысынан да бас тартты [2].

Революция берген мүмкіндіктерді Қазақстан мен Түркістан халықтарының ұлттық азаттығы үшін пайдалана алмауы, М.Шоқайдың пікірінше, екі тосқауылдың болуынан еді. Біріншісі- шын мәніндегі тәуелсіздікті танығысы келмеген уақытша үкіметтің, ал содан кейін оны алмастырған Кеңес өкіметінің қарсылығы болса, екіншісі — ұлттық күштердің алауыздығы және олардың саяси тұрғыдан нашар ұйымдасуы мен саяси күрес тәжірибесінің жетімсіздігі еді. Ә. Бөкейханов Түркістанмен бірлесіп автономия болудан бас тартуын сол өлкені мекендеген халықтың оқу-білімнен артта қалуымен және қоғамдық - саяси өмірге ислам дінінің күшті ықпал етуімен түсіндірді [3]. Ә. Бөкейханов автономияны Түркістанмен қосылып алуға қарсы болуын былай түсіндірген: «Түркістанмен бірге автономия алу қойны-қонышына тас толтырып, Ертіске сүңгумен бір есеп. Себебі: бізден қараңғылығы 10 есе елден үміт ете алмаймыз. Автономия арбасына есек пен түйе жегіліп оңбайтындықты көрсетеді» [4].

Түркістанның жанашыры болған бір европалық азаматтан оның неге Мұстафаны жанындай жақсы көретін себебін сұрағанда, ол: «Өйткені Мұстафа Шоқай жеке өзінің қара басымен ғана осы орасан зор елді білдіре алатын тұлға. Түркістанның ой - арманы мен мүдде - мұраты осы сөздің дәл мағынасында оның бойынан тұтас көрініс тауып тұр деген екен», - деп Тахир Шағатай доктор еске алады [5].

«Туркестанская хроника» деген мақаласында Мұстафа Шоқай большевиктердің Түркістандағы ағартушылық саласындағы әділетсіздіктерін әшкерелейді. Большевиктер осы оқу жылынан «жалпыға бірдей оқу» саясатын «мақта кампаниясымен» қатар жүргізетінін мәлімдегенмен іс жүзінде жергілікті халықтың балалары оқудан шет қалып отырғаны туралы айтады [6]. М. Шоқай деректерді большевиктік газеттердің өзіне сүйеніп келтіріп отырған. Бұның өзі М. Шоқай келтірген мәліметтердің құнын арттыра түсері сөзсіз. Және бір ұтымды тұсы большевиктер өз баспасөздерінде келтірілген мәліметті де жоққа шығара алмайды. «Правда Востока» газетінде Самарқанда ағарту ісінің құрдымға

кеткенін, мектеп жасындағы жергілікті балалардың 50%-ы оқудан тыс қалып отырғандығы жайлы мәлімдейді. Ташкентте де осы жағдай қайталанады. М. Шоқай осылайша большевиктік газеттердің мәліметімен кеңестік билік тұсындағы жергілікті балаларға қатысты ағартушылық саясаттағы әділетсіздіктерді батыл әшкерелеп отырады. «Еңбекші қазақтың» 1928 жылғы қаңтардағы «Ұлтаралық алауыздық» атты мақаласында автор қазақ мектептерін қаржыландыру туралы «бюджеттік әділетсіздікті» әшкерелейді. Онда Сырдария губерниясындағы бүкіл халықтың 79 пайызы қазақтар, орыс, украин, белорусь, неміс, тағы басқасы бар европалықтар 9,5 пайызы екен. Солай болғанымен губерния мектептеріндегі оқушылардың тек 6 пайызы, қазақ балалары болса, орыс балалары 53,2 пайызды құрайды деген мәлімет келтіреді [7,65 с.].

Сол заман тұрғысынан қарағанда да, бүгінгі күні де Мұстафа Шоқайдың көтерген мәселелері, пікірлері өте құнды. Шетелде жүріп ол өз мақалаларында Қазақстандағы кеңес өкіметінің мәдениет, әдебиет, халық ағарту саласындағы саясатын өткір сынайды. Шоқайдың саяси күресінің басты мақсаты – тәуелсіздік идеясы болды. Түркістандағы кеңес билігінің орнына тәуелсіз ұлттық басқару жүйесін орнату еді.

Қалай болғанда да Алаш зиялыларының игілікті ісі өте қайғылы аяқталды. Қазақстан КСРО ның құрамына кірді. Ол қазақ халқының шын мәнінде өзін өзі билеуіне мүдделі емес еді, адамдардың жеке басын қуғындап, жазалаудың өзі ұлттың тең жартысына жуығын құртып жіберді. Алаштықтар көтерген идеялар бүгін де өзектілігін жоймай, күн тәртібінде тұрған мәселелер болып табылады. «Алаш» партиясының ұлттық ұстанымы бес түрлі тұжырымға негізделді.

Бірінші ұстаным: жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игерілмейінше, жер жекеменшікке де, қоныстанушыларға да берілмейді». Яғни, жер – Отан, ал Отанды сатуға да, жекеменшікке айналдыруға да болмайды. Сол жер үшін әр қазақтың намысы жыртылып, ол жерге әр қазақтың қаны мен тері төгілген деген тұжырымға саяды.

Екінші ұстаным: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә.Бөкейхановтың айтуы бойынша: «Оның әрбір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын. Яғни, бұл «өз жерінің игілігін әуелі өз елі игілігіне айналдырсын, одан асса ғана жатқа салауат» деген емеурінді танытады.

Үшінші ұстаным: Ә.Бөкейхановтың жобасы бойынша, Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі керек, яғни толықтай экономикалық тәуелсіздік пен бірлікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс».

Төртінші нысана: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек, яғни, Х.Досмұхамедовтің пайымдануына жүгінсек,

«ұлттық мәдениет үстемдігі сақталуы тиіс» болатын. Қазір Елбасымыздың ұстанып отырған ұлтжанды саясаты да осы Алаш тарландарының идеясына үндес келіп отыр.

Бесінші, түпкі мақсат, тәуелсіз ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары бүкіл қазақ халқы атынан іс-қимыл жасай отырып, отаршылықтың нәтижесінде елді экономикалық және рухани дағдарыстан шығару жолын іздестірді, қазақ халқының мемлекеттігін қалпына келтіріп, халықты жалпы адамзат құндылықтарымен таныстыруға ұмтылды.

Алаш қайраткерлерінің ұлттың мемлекеттілігі мен тұтастығын аңсаған ұлы идеясының жүзеге асқанының куәгері болып отырғанымызға 2021 жылы 30 жыл толады. Кешегі заман мен бүгіннің түйген тәжірибесі елін, туған жерін сүю оның көркеюіне жол ашады, ұрпақтар сабақтастығын одан әрі дамытады. Қазақстанды мекендейтін 130 дан астам ұлтты бір мақсат-мүддеге бағыттайды. Оса арада рухани жаңғырудың еліміздің идеологиялық тірегі екеніне көңіл аударғымыз келеді. Олай болса, Мұстафа Шоқай көтерген идеялар толығымен бүгінгі қазақ тәуелсіздігімен терең тамырласып жатыр демекпіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қара Ә. Мұстафа Шоқай. Өмірі. Күресі. Шығармашылығы / Түрік тілінен аударған. Г.Шадиева.-Алматы: «Арыс» баспасы, 2004.-320 бет
- 2.Әлімжанов Ә. Мұстафа Шоқай!... Ол кім? // Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. А., 1992. 14б.
- 3.Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы, «Ататек», 1995. – 256 бет, 151 б.
- 4.Бөкейханов Ә., Шығармалар, Алматы, 1994, 375 б.
- 5.Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры / Құраст. Б.Серікбайұлы Қошым -Ноғай. – Алматы: Жалын, 1992.– 184 б.
- 6.Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: 12 томдық / Р.Б. Сүлейменов атын. Шығыстану ин-ты; құраст. К.Есмағамбетов.- Алматы, 2013.- Т.5.- 145-146 б.б.
- 7.Мустафа Чокаев. Туркестан под властью советов. Под ред. д.и.н. А.С.Такенова. Алма-Ата, 1993г.79 с.

МҮСТАФА ШОҚАЙ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚ САНАҒЫ МЕН ЕЛ ДЕМОГРАФИЯСЫ ТУРАЛЫ

Абдразакова А.У.

Қорқыт Ата атындағы ҚУ

Қызылорда қаласы

М. Шоқайдың шет ел баспасөзінде жарияланған мақалалары мен онда келтірілген деректер ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы демографиялық процестерді тарихи-әлеуметтік тұрғыдан салыстырып қарастырған алғашқы зерттеулер болып табылады.

Жалпы, белгілі бір халықтың, ұлттың, ұлыстың, этникалық топтың санын, құрамы мен құрылымын, аумаққа бөлінуін, өсу не кему динамикасын қоғамдық-тарихи жағдайлармен байланыстырып зерттейтін әлеуметтік ғылым саласын демография деп атайды.

Демографиядағы ең басты мәселе – халықтың ұдайы өзгеруін, өсу мөлшерін, дамуын анықтау. Халықтың ұдайы өзгерісі – ұрпақ алмасу, туу мен өлу, яғни табиғи жағдай арқылы жүзеге асатыны мәлім. Алайда тарихымызда ХХ ғ. 20-30 ж.ж. халқымыздың табиғи өсу, көбею, даму жолын өрескел бұзып, ауытқытып, қолдан бұрмалау салдарының зардабын ХХІ ғасырда әліге дейін тартып келеміз. Жер мөлшері жөнінен әлемде тоғызыншы орын алатын мемлекет халқының саны он тоғыз миллионға енді ғана жетіп жатырған жағдайымыз бар.

Өйткені, қазақ ұлтының өткен көп ғасырлық тарихи жолына көз салсақ, оның саны мен құрамының биліктегілердің ойсыз жүзеге асырған саяси, әлеуметтік және экономикалық саясаттарына байланысты жиі және күрделі өзгерістерге ұшырағанын байқаймыз. Халқымыздың сандық және сапалық жағынан сондай үлкен нәубетті басынан өткерген қаралы бір тұсы нақ ХХ ғасырдың 20-30 ж.ж сәйкес келеді. Дәл сондай халқымыздың басына төнген нәубетті жоңғар шапқыншылығының ең бір белсенді жылдарында, халқымыз «Қаратаудың басынан көш келеді, көшкен сайын бір тайлақ бос келеді», деп егілген «Алқакөл-сұлама» жылдарында басынан өткерсе, ХХ ғасырдағы нәубет «ұлттардың теңдігі», «еркіндік» сынды ұрандатқан большевиктердің жергілікті жердегі сауатсыз, жартылай сауатты өкілдерінің «белсенді» әрекетінің салдары еді. Білімділігі мен тектілігі, тәрбиесі мен зиялылығы үндескен қазақтың біртуар азаматтары өз жасампаздық әлеуетін халық игілігіне арнай алмай мұң болған заман болды. Ер азаматтардың сағын сындырған әттеген-ай, халқына адал қызмет етулеріне жол бермеді.

Большевиктердің бүліншілік іс-әрекеттерімен, 1917- жылан жылының күзінен бастап бетпе-бет кездесе бастаған Ташкенттегі қазақ зиялылары, олар туралы «Бірлік туы» газетінің қарашадағы сандарынан бастап жаза бастады. Көрнекті мемлекет қайраткері, сталиндік саяси қуғын-сүргін

құрбаны С. Қожановтың «Бірлік туы» газетінде жарияланған «Өзіміздің большевиксінгендерге» атты мақаласында большевиктердің іс жүзіндегі алғашқы нақты қадамдарына жасаған талдауының тереңдігімен, келтірген дәлелдерінің толымдығымен, айқын ойларының салмақтылығымен және жасаған тұжырымдарының салдарлығымен ерекшеленеді. Автор қазан төңкерісінен кейін Ресейде қалыптасқан саяси-әлеуметтік ахуалды: «Осы күні россия мемлекетін бір үлкен ауру әлсіретіп отыр. ол аурудың шын аты надандық, өтірік аты большевизм» - , деп бейнелейді. Ал 1917 жылдың ақпанында болған өзгерістің, қоғамның табиғи дамуының барысында болған заңды өзгеріс екендігін айта келіп, ақпан төңкерісін ерте ме кеш пе болмай қоймайтын, барлық алғышарттары пісіп жетілген қоғамдық құбылыс ретінде бағалайды [1].

Патшаны тақтан тайдырған 1917 жылғы ақпан төңкерісі мен қазандағы мемлекеттік төңкеріс қазақ халқының қуанышы мен таңғалысын кейінде күйіншіні қатар туғызды. Біріне шын қуанса, екіншісін түсінбеді. Бұл туралы алаш қайраткері, ұлт зиялысы А. Байтұрсынов былай деп атап көрсетті: «Бірінші революцияны қазақтардың дұрыс түсініп, қуанышпен қарсы алу себебі, біріншіден, ол қазақтарды патша үкіметі тарапынан жасалған езгі мен зорлық – зомбылықтан азат және екіншіден, олардың көксеп келген арманы-дербес басқаруды жүзеге асыруға деген үмітін нығайтты. Ал екінші революцияның қазақтарға түсініксіз болып шыққанын түсіндіру оңай: қазақтарда капитализм де, таптарға бөлінушілік те болған жоқ, тіпті олардың меншігі де басқа халықтардағы сияқты онша айқын жіктелмеген еді. Сөйтіп Қазақ революциясы өзінің сыртқы көріністерімен қазақтарға үрей туғызды» [2].

Осылайша, 1917 жылғы ақпан төңкерісінен түбірлі жаңалық күткен зиялыларымыздың үміті ақталмады. Бұл жөнінде белгілі тарихшы ғалым Т.Омарбеков өзінің «XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері» атты оқу құралында: «Қазан төңкерісінің заңсыздығы күдік туғызбауы тиіс. Ат төбеліндей аз ғана большевиктер XX ғасырдың «ұлы» террорисі В.И.Лениннің бастауымен бір түнде өкіметті заңсыз басып алды. Большевиктердің артықшылықтары - бұқараның нені армандайтынын, көңіл - күйін жақсы білді. Сондықтан да, олар алғаш шығарған декреттер мен заңдар және түрлі уәделер кейіннен толық орындалмаса да, сол кезде бұқара халықтың көңіліне жол тапты. Большевиктер елімізде социализм орнатуда екі түрлі әдіске сүйенді. Біріншісі – халықтың энтузиазмын көтеру болса, екіншісі – күштеу, қысым жасау, үнемі үрейде ұстау саясаты»-деп жазды. [3, 391]

Революцияның жеңісті күндерінде Петербургте жүрген М.Шоқай үміт пен күдік аралас сезімде елге аттанғанын жазады: «Талаба (студент) кезімде (1910-1914), университет пен бүкіл орыс зиялыларының революцияшыл демократтары арасында жүргенімде, Петербургті ұнататынмын. Ол заманда орыс талабалары мен орыс революцияшыл

демократтары қауымының бейлі кең еді.. Бұл орыстан басқа халықтар өкілдерінің «өздерін ұмытқандығынан» немесе ортаға жақын болғысы келетіндігінен туған емес. Орыстың революцияшыл демократтарының саяси көзқарастары өзге халықтар өкілдерінің сол кездегі ой-пікіріне жақын еді. Біз әлі ұлттық тағдырымыздың мәселелерін ұлттық тәуелсіздік тұрғысынан көтере қоймағанбыз. Тек бәріміз орыс патшалығы жойылудан мемлекет құрылымы өзгереді деген пікірде едік», - дей келіп патша үкіметі биліктен тайдырылып, революцияшыл демократтар билік басына келісімен күллі қиянат атаулыдан құтылатынына және «ұлттық басқарма» құрылатынына сенгенін айтады. Сол жылдардағы саяси оқиғалардың өкінішті нәтижесін тарихтан білеміз. Бұл жөнінде М. Шоқай да былай дейді: Көп ұзамай орыс революциясының оқиғалары біздің тәтті үміттеріміздің тас-талқанын шығарды. Орыс революцияшыл демократтары билік басына келгенде сынақтан қатты сүрінді. Олар патшалық заманында орыстан өзге халықтардың өкілдерін жатырқамағанымен, қолдарына билік тиген кезде оларды шеттетіп, маңайына жолатпай қойды»[4,17]. Түркістан автономиясын құру тұрғысындағы М.Шоқайдың жанкешті қызметін кеңес идеологтары жаулық әрекет сипатында көрсетті. Большевиктер бұл автономияны ақпанда қанды қырғынмен таратты.

Елінің тәуелсіздігі жолында әділетсіздікке қарсы күрескен Мұстафа кеңестік билік орнағаннан кейін туған жерінен кетуге мәжбүр болды. Шетелде Шоқай мақалалары арқылы Кеңес үкіметінің жүргізген саясатының Түркістан халқының мүддесіне мүлдем қайшы екенін көрсетуге бағыттады. 1917-1941 жылдар аралығында Стамбул және Берлинде «Жаңа Түркістан» мен «Жас Түркістан» деген журналдар басып шығарып, сонда Кеңес өкіметінің әділетсіз саясатын бүкіл батыс елдеріне жария еткен. 1928 жылы «Кеңестер билеген Түркістан» деген еңбегінде сталинизмнің, большевиктік отаршылдықтың бет пердесін ашып көрсетеді. Осылайша М. Шоқай кеңестік Орта Азияда болып жатқан әлеуметтік және саяси өзгерістерге ашық наразылық танытып, қарсылық көрсеткен қайраткер ретінде дараланады. Сол жылдары шет мемлекеттердің бұл өлкеде болып жатқан саяси - әлеуметтік өзгерістерді жіті қадағалап, сыни тұрғыда объективті бағалайтын, оларды жергілікті халықтың мүддесі тұрғысынан қорытындылай алатын мүмкіншіліктері жоқ еді. Сондықтан Шоқай кеңес үкіметінің Түркістандағы жүргізген саясатының Еуропадағы ғана емес, әлемдік деңгейдегі ең ықпалды қарсыластарының біріне айналды. Бұл тұрғыдан алғанда, Шоқай туған жеріндегі халық мүддесіне жат саясатқа қарсы шығармашылықпен саяси күрес жүргізген біртуар ұлттық тұлға болып табылады [5].

Мұстафа Шоқайдың сондай өткір сынға алған тақырыптарының бірі- қазақ халқының кеңестер билігінің алғашқы он жылдықтарында тарыдай шашылып, қынадай қырылуы еді. Алғашқы жылдардағы большевиктердің көзбояу уәделерінің сыры кетіп, ғасырлар бойына көшпенді

шаруашылықпен –ақ өркениет көшінен қалмай келген халықтың табиға даму жолынан ауытқуы орны толмас шығындарға алып келді.

«Из материалов всеобщей переписи населения СССР» деген мақалада автор 1939 жылғы КСРО-дағы халық санағына талдау жасайды [6, 45 б.]. Бұл үшін М.Шоқай 1939 ж. 2 маусымдағы мәскеулік баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларды дерек ретінде қолданады. 1939 жылғы санақ нәтижесін 1926 жылғы санақ қорытындысымен салыстыра отырып, екі санақ аралығында Түркістан республикасының халқы 3955282-ға өскендігін атап көрсеткен. Арнайы Қазақ республикасының халық санағына тоқталып, 1958-ге яғни 1,2 %-ға ғана өскенін, ауыл халқының саны екі санақ аралығында кеміп кеткендігіне тоқталады. Қала халқының саны орыс қоныс аударушылар есебінен жүріп отырғанын алға тарта отырып, «кеңестік жұмақтағы» түркістандықтардың тозақ өмірін өткір сынға алады.

«Перепись населения в СССР» деген мақаласында автор 1939 жылғы КСРО-дағы халық санағына талдау жасай отырып, КСРО халқының саны - 170467186 екендігін көрсетеді. Бұл көрсеткіш 3- «бес жылдықта» жоспарланған 180000000-дық көрсеткішке жетпейтіндігін алға тартады [6, 42 б.]. Сонымен қатар, автор 1937 жылғы санақ қорытындысы кеңес үкіметі тарапынан «зиянкестер санағы» деп айыпталып, жойылғандығын да мәлімдейді. Мақаласында 1939 жылғы халық санағының мәліметтерін қолдана отырып КСРО құрамындағы республикалар халқының өсіміне талдау жасайды: Қазақстан-1,2%; Қырғызстан– 45,7; Өзбекстан – 37,6; Түркіменстан – 25,6, Тажікстан – 43,9%. Славян республикаларда: РСФСР - 16,9%; Украина – 6,6%, Белорусия – 11,7%. Байқап отырғанымыздай, Қырғыз, Өзбек, Тәжік, Түркімен республикаларында халық санының пайыздық көрсеткіштері жоғары болса, сол жылдары Қазақстанда халық саны тек бір пайызға ғана көтерілген. Ашаршылық зардабын көбірек тартқан Украина халқы да төмен көрсеткіш көрсетіп тұр басқа республикалармен салыстырғанда. Большевиктердің «кеңестік жұмақ», «бақытты өмір» туралы айтқан қандайда бір уәждерін халықтың қайғылы тағдырының мына көрсеткіштері жоққа шығаратыны анық дейді М. Шоқай. Осылайша, автор кеңестік мәліметтерді сөйлету арқылы шеткері аймақтағы халықтарға қатысты жүргізіліп отырған ұлттық саясатты өткір сынға алады. Елде жүргізілген тәркілеу, ұжымдастыру науқандары өрескел құқық бұзушылық пен жеке адамның құқығын аяққа таптау арқылы жүзеге асырылды.

Яғни ХХ ғ. 20-30 ж.ж. бастап қазақтар өз отанында аз ұлтқа айналды. Оның негізгі себептері: коммунистік партияның ұлттық аймақтардағы солақай саясатының салдарынан табиғи өсімнің төмендеуі; әсіресе 1932-1933 жылдардағы ашаршылықта қазақтардың жаппай қырылуы; шетелдермен басқа аймақтарға көшіп кетудің кең өріс алуы; саяси қуғын-сүргін салдары және тағы басқалар. Ұлттық зиялы қауымы мен партия - кеңес орындарындағы басшы қызметтегі белсенді азаматтар, қарапайым

халық 1930- жылдары жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырады. ХХ ғ. 30-40 ж.ж. жекелеген партия, кеңес, комсомол қызметкерлерімен қатар тұтас бір халықтар — сенімсіз де сатқын ұлттар қатарына жатқызылып, тарихи атамекенінен күштеп жер аударылды. Оларды бір сәтте туған жерінен айырып, мал сияқты жүк вагондарымен Қазақстанға әкеліп, 24 сағаттың ішінде бүтіндей халықтарды көшіріп-орналастырып үлгерді. Осылайша, Қазақстан депортацияланған түрлі этностардың екінші отанына айналып, көп этносты республикаға айналды. Дегенмен де бұл кезеңде де қазақ халқы үшін айтарлықтай өзгерістер болды. Республика халқының арасында қазақтардың саны мен құрамы және әлеуметтік құрамында өзгерістер байқалды. Көпшілігі көшпелі шаруашылықпен айналысатын халық отырықшылыққа айналды, республика қалаларының саны мен халқы өсті. Қала халқының арасында қазақтардың саны көбейді.

Бар саналы ғұмырын халқына қызмет етуге арнаған Шоқайдың саяси күресінің басты мақсаты – тәуелсіздік идеясы болды. Түркістандағы кеңес билігінің орнына тәуелсіз ұлттық басқару жүйесін орнату еді. Ол бүкіл түркі халықтарын біріктіріп, Түркістан Республикасын құруды армандады. Сол себепті Шоқай кеңестер режиміне қарсы болды. Сондықтан да Мәскеу оның өмірі мен идеялары туралы мәлімет таратуға тыйым салды. Кеңес идеологиясы бойынша Мұстафа Шоқай «халық жауы» деп жарияланды. Алаш ардақтылары армандаған ұлттық мемлекетін құру сәтсіздікке ұшырағанымен, жалпы ұлттың бойындағы мемлекеттілікке деген құлшынысты жоя алмады. Қазақтың елдігі мен тұтастығын аңсаған Алаш қайраткерлерінің идеясы бүгінде шындыққа айналып, біз соның куәгері және замандасы болып отырмыз. 2021 жылы 30 жыл толатын Тәуелсіздік жарияланған тарихи сәтті ешбір күрессіз, қарсылықсыз басымыздан өткердік.

Әдебиеттер:

- 1.Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918). Ғылыми монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2000.-358 бет, 298 б.
- 2.Пірманов Ә., Қапаева А. Қазақ интеллигенциясы (Ұлттық интеллигенцияның қалыптасу тарихынан). Монография.-Алматы: «Атамұра», 1977.-160 бет. 114 б.
- 3.Омарбеков Талас. ХХ ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы.-Алматы: ҚАЗАқпарат, 2001-404 бет, 390 б.
- 4.Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 3-т.-Алматы: «Қайнар» баспасы.-2007.-384 бет.
- 5.Қара Ә. Мұстафа Шоқай. Өмірі. Күресі. Шығармашылығы / Түрік тілінен аударған. Г.Шадиева.-Алматы: «Арыс» баспасы, 2004.-320 бет
- 6.Шоқай М.Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: Дайк-Пресс, 2014.-544 Б. 45 .

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ МҰСТАФА ШОҚАЙ ТҰЛҒАСЫ

Абуова Р.Ә.

И.Әбдікәрімов атындағы

Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі,
қоғамдық пәндер пәндік әдістемелік циклының
жоғары санатты оқытушысы

Отанымыз - Қазақстан Республикасының 28 жылдығын атап өттік. Осы жылдар ішінде әлем таныған мемлекетке айналдық. 1917 жылға дейін ақ патшаның, 1991 жылға дейін қызыл империяның қол астында болған халқымыз тілінен, діні мен ділінен айрылып қала жаздады. Қойнауында сағат емес, минут емес, секунд сайын өзгерістер болып жатқан Тарих-атаның жаңа мыңжылдыққа аяқ басар кезінде тәңірдің берген сыйы болып, Тәуелсіздігімізді алдық. Тәуелсіздік бізге бейбіт жолмен келді. Алтай мен Атыраудың арасын алып жатқан ең дала, асқар тау, көгілдір көл, жазира жайлау, осы жердің иесі - қазақ деген халықтың, тағдырдың тезіне түсіп, қазақ жерінен напақасын тапқан өзге ұлт өкілдерінің тәуелсіз Отаны болды. Бейбіт жолмен келді дегенмен, арғы-бергі тарихымызда осы күнді армандаған, бар саналы ғұмырын тәуелсіздікке арнаған тұлғаларымыз, арда азаматтарымыз қаншама. Егер біз сонау ғасырлар қойнауының қатпар-қатпар белесінен көз жүгіртіп байқасақ, ежелден-ақ ата-бабаларымыздың өз жерін еш жауға бастырмағанын, ұлын құл, қызын күң еткізбеуге тырысқанын білеміз. Олар халқының азаттығын ойлады, арпалысты. XX ғасырдың басындағы Алаш қайраткерлерінің, елім деп еңіреген ерлердің ісі мен есімі Кеңес дәуірінде өз дәрежесінде дәріптелмеді. Кеңес заманында есімі ауызға алуға тыйым салынған, ұрпақтар жадынан мәңгі өшуге тиіс болған, туған халқының ғана емес, иісі түрік баласының қамын жеген қайраткер – Мұстафа Шоқай болды. Тоталитарлық режим қаншама тыйым салғанмен Мұстафа Шоқай бәрібір ұрпақ жадында, сананың түкпірінде екен. Еліміз тәуелсіздік алған бетте туған елі, халқы оны кеңестік саясат жаққан бәле-жаладан арылтып, Мұстафа рухын тірілтті. Оның есімі, оның рухы Отанына ол аңсаған тәуелсіздікпен бірге келді. Қазіргі күні Мұстафа Шоқай қазақ халқының ғана емес, күллі түркі жұртының ортақ рухани қазынасына айналды.

Осынау айрықша назар аударылатын тарихы тұлғаның қызметі, қалдырған еңбектері, қайшылықты көрінер өмір жолы қазіргі ұрпаққа берілетін білім мен тәрбие жұмыстарында да ерекше орын алу керек және ол алынып келеді де. Қазақстан тарихы сабақтарында, тәрбие сағаттарында Мұстафа Шоқайдың өмір жолынан бастап, халқының тәуелсіздігі үшін өршелене атқарған қызметі жайлы айта отырып, көптеген іс-шаралар да өткізіліп келеді.

Кеңес өкіметі өз билігінің бас кезінде-ақ, отызыншы жылдары қазақтың ұлттық мүддедегі қайраткерлерін түгелдей дерлік жойып, халықты бас егесіз қалдырған жағдайда, Мұстафа Шоқай шетелге сытылып шығып кетуінің арқасында кеңестерге қарсы саяси күресін тоқтатпаған, большевизмнің бітіспес жауына айналған бірден-бір аса ірі қайраткер болғандығы айтылады. Көп жағдайда «неге шетелге кеткен, өз жерімізде неге күреспеген?» деген сұрақтар шәкірттер тарапынан қойылып отырады.

Қолға түспеген Шоқай кеңес өкіметінің өңешіне кептелген сүйек болып қала берді. «Мұстафа Шоқай гитлершілермен ауыз жаласқан, азиялық тұтқындарды Кеңес өкіметіне қарсы соғысуға үгіттеп, олардан «Түркістан легионы» деген жасақ құруға қатысқан, Отанын сатқан опасыз дұшпан» деген айып тағылғанын, кейіннен тарихымызды таразылап, саралай келе ақталғанын атап өтемін.

Ол 1910 жылы Ташкент ерлер гимназиясын алтын медальмен бітірген, Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түскенде «Қазақ» газеті бұл туралы Ақмешіт уезінен Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түскен тұңғыш қазақ баласы деп, зор үмітпен қуанышты хабар басыпты сол кезде[4]. Мұстафа Санкт-Петербург университетіне Қазан татарларына бөлінген стипендиямен оқуға барады. Зерттеушілер М. Шоқайдың Ташкентте жүрген кезінде туысқан түрік халықтарының мәдениетіне, салт-дәстүріне зейін қойып, туысқандықпен етене қабылдауына екі адам айрықша әсер еткен, бірі – татар генерал Сақыпкерей Еникеев, екіншісі – әйгілі этнограф башқұрт Әбубәкір Диваев деген пікір айтады. Кейін Түркістан кеңестік автономиясының үкіметіне басшылық жасаған Тұрар Рысқұловтың та түрікшілдік идеяны ұстануына Ә.Диваевтың ықпалы болған көрінеді. Түрікшілдік көзқарас Мұстафа мен Тұрардың тағдырына айналады. Иісі түрік халықтарының қамын жеп, кең ауқымда ойлаған бұл көрнекті қайраткерлер сол жолда опат болды.

Мұстафа Петербургте оқыған 1910-1917 жылдар Ресейде революциялық ахуал ширығып, түрлі саяси ағымдар гулеп тұрған кезең еді. Алғыр жас осындай өзгерістердің қайнаған ортасында жүріп, пісіп-жетілді. Сол кезде Санкт-Петербургте сан ұлттың оқығандары, оның ішінде қазақ зиялылары Әлихан Бөкейханов, Сәлімгерей Жантөрин, Серәлі Лапиндер болды. Мақсаты зор Мұстафаны қатарға тартып, ұлт-азаттық қозғалысына, үлкен саясатқа баулыған Әлихан Бөкейханов еді. 1914 жыл шамасында Мемлекеттік дума Мұсылман фракциясының қызметіне тартылды. Саяси жұмыстарға белсене араласудың арқасында 1917 жылға қарай М.Шоқай танымал саясаткерге айналып үлгереді. Қазақ еліне, Түркістанға қатысты түрлі жиындарға, құрылтайларға қатысып, оларға жетекшілік жасайды. Уақытша үкіметтің басшысы А.Керенский министр қызметін ұсыныпты, бірақ одан бас тартып, Түркістан жөніндегі ұлттық комитеттің төрағасы болып сайланады. Автономия құру жоспарын ойластыра бастайды. Елін азаттыққа жеткізу, іргелі мемлекет құруға ұмтылыс күллі қазақ

зиялыларының ортақ мақсаты еді. Тек оны жүзеге асыру мәселесіне келгенде олар екі жарылды.

М.Шоқай күллі түрік халықтарының басын біріктірген тұтас Түркістан автономиясын құруды ұсынды, оны жақтаушылар орыстың отаршылдығынан құтылу үшін Орта Азия елдері бірыңғай бірігуіміз керек деп түсінді. «М.Шоқай өзінің туған елі қазақ халқының тәуелсіздігін Түркістанда көне замандардан бері қатар тұрып келе жатқан туыстас өзбек, қырғыз, түркімен және басқа халықтардың тәуелсіздігінен бөліп алып қараған емес. М.Шоқай үшін «Түркістан халықтарының тұтастығы мен Түркістан халықтарының еркіндігі – бірінсіз бірі жоқ егіз ұғымдар» болған дейді тарихшы ғалым М.Қойгелді. Ол Түркістандағы бауырлас халықтар бір болғанда ғана ірі боларын, ірі болғанда ғана тірі қаларын ойлаған еді. Мүсекең Түркістан деп шырылдағанда қандай халықтарды, қандай өлкелерді айтқан дейтін болсақ, ол 1936 жылы Берлин қаласында Еуропада жүрген Түркістан жастарының алдында сөйлеген сөзінде былай дейді:

«Бүгін Қазақстан, Қырғызстан, Қарақалпақстан, Түркіменстан һәм Тәжікстан деп, жат үкімет күшін алты жұмхұриетке бөліп тұрған Түркістан – бөлінбес, айнымас бір өлке. Халқының қаны бір, тілі бір, діні бір. ...Бәріміздің құбыламыз – өзіміздің ата жұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат... Түрік халқы – батыр халық. Түрік халқы – арыстан, ер халық. «Кімнен таяқ жегендей біздің түріктің баласы, алдырып жүрген дұшпанға аузының аласы». Міне, оның ел-жұрты туралы көкірекжарды ойы.

Сол кезде тек қазақ даласы, Түркістан ғана емес, Ресей шет аймақтарының барлығы большевиктердің өкімет билігін өздеріне алғанға дейін мәлімдеген: «Ресейдің құрамына кірген барлық ұлттың емін-еркін бөлінуге және дербес мемлекет құруға деген құқы танылуға тиіс. Мұндай құқықты жоққа шығару және оны іс жүзінде жүзеге асыруға кепілдік беретін шаралар қолданбау – басып алу немесе жаулап алу саясатына барабар» деген ұстанымына сенді.

Бұл мәліметтер Қазақстан тарихы оқулығында жоқ. Тек қысқаша ғана беріледі қызметі. Студенттерге оқулықта көрсетілмеген мәліметтерді зерттеу, зерделеу мақсатында ізденіс жұмыстарын беремін. (СӨЖ). Онда студенттер большевиктердің уәдесін пайдаланып, 1917 жылғы 10 желтоқсанда Мұхамеджан Тынышпаев пен Мұстафа Шоқайдың бас болуымен Түркістанның ұлттық саяси күштері мен қозғалыстары Қоқан қаласына жиналып IV ұлттық құрылтайды өткізді, құрылтай Түркістан мұхтарияты, яғни, автономиясы құрылғанын жариялағанын, бұл мемлекет кеңестік тарихта мәні кемітіліп, бір қаланың деңгейіндегі ғана құрылым сияқты көрсетіліп, «Қоқан автономиясы» деп аталғанын атап өтті.

Ол кезде Түркістан қаласы да, Ташкент те большевиктер қолында еді. Олардың қолында күш, әскер болды. Сөйтіп, Түркістанда қос өкімет – Ташкентте кеңестік, Қоқанда ұлттық автономия (мұхтарият) жарияланды.

Түркістан (Қоқан) автономиясы Үкіметін басқаруға Мұхамеджан Тынышпаев сайланды, М. Шоқай сыртқы істер министрі болды. Бірақ көп ұзамай Мұхамеджан Тынышпаев қызметтен бас тартады да, 1918 жылғы 2 қаңтардан бастап Премьер-министр Мұстафа Шоқай болды. Білікті адамдар аз, әскері жоқ, мүмкіндік шектеулі, айнала анталаған дұшпан жағдайында мемлекет құру, көрші елдермен келіссөздер жүргізе отырып, ынтымақтаса өмір сүру қарекетіне М.Шоқай беріле кірісіп кетті. Бірақ дегеніне жете алмады.

Алаш алыптарының тобында Мұстафа Шоқай орны бөлек. Мұстафа Шоқай өмірін көп жылдардан бері зерттеп келе жатқан ғалым, Стамбулдағы Мимар Синан университетінің профессоры Әбдіуақап Қара: «Мен 146 өзім зерттеулерде бейтарап болуға, М.Шоқайды жан-жақты көрсетуге тырыстым. М.Шоқай – түркі мұсылман халықтарының асыл қасиеттерін бойына сіңірген ұлы тұлға. Онымен қалай мақтансақ та болады.» десе, Мұстафа Шоқай мұрасына терең талдау жасаған белгілі ғалым Көшім Есмағамбетов: «М.Шоқай түрік халықтарының өз ерекшеліктерін ешқашан жоғалтпауын армандады. М.Шоқайдың тар жол, тайғақ кешу жылдарында көтерген мәселелері, ұлы армандары, қазіргі таңда толық жүзеге асып жатыр. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың әлем елдерімен тығыз қарым-қатынасты дамытуда көп векторлы саясатты ұстануы өзара бірімен-бірі үндесіп жатыр [2]. XX ғасырдың басында күрделі тарихи оқиғаларға белсене қатысқан Мұстафа Шоқай сияқты тұлғаның қайраткерлігіне және еңбегіне әділетті баға беру ұлттық тарихымыз үшін ғана емес, бүкіл түркі халықтарының тарихы үшін қажет. Сондықтан, Мұстафа Шоқайдың қасіретті де, қасиетті де қиын тағдыры әділ баға беруді талап етеді [3].

Енді Мұстафа аңсаған, күрескен тәуелсіз заман келді. Қазір еліміздегі және шет елдердегі бұрын қол жетпеген құжаттарды саралау, мәселенің ақ-қарасын ашу мүмкіндігі туды. Мұстафатанушы тарихшы ғалымдар, қаламгерлер М. Шоқайды «фашистерді қолдаған опасыз» деген айыптан арашалап, оның өз Отанын мейлінше сүйген кіршіксіз тұлғасын қалпына келтіруде үлкен еңбек сіңірсе, біздер, тарихшы-ұстаздар Шоқай тұлғасын жан-жақты ашып, оның тәуелсіздік жолындағы жұмысын ұрпақ бойына сіңіріп, Қазақстанымыздың жарқын болашағын жасауда пайдалана білуіне ықпал етуіміз керек.

Ия, Мұстафа Шоқай XX ғасырдан өтіп, асыл ой, азаматтық қалпымен XXI ғасырға келді.

Әдебиеттер:

1. Қыдыралиев Д. Мұстафа Шоқай.-Астана, 2007.-287.
2. Назарбаев Н. Тарих толқынында.-Алматы: Атамұра, 1999.-285 б.
3. Ғали Т.М. Шоқайға қатысты тың дерек//Қазақ тарихы.-2010.-№1.-119- 128 бб. ӘОЖ: 325.8:82-4(574) ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫ Ө. ҚОЖАҚҰЛЫ, тарих ғылымдарының докторы,

4. Сүлейменов П.Мұстафа Шоқай: көзқарас эволюциясы. -Ақиқат, 1997. - №11.

5. Қазақстан тарихы. Әдістемелік журнал.

ӘОЖ 070 = 943:950 (574)

МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ЯШ ТҮРКІСТАН» ЖУРНАЛЫНАН КЕЙБІР ДЕРЕКТЕР

Аңсатова М.Н.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университетінің профессоры, т.ғ.к.

Өткенді зерделеп, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны айырып, оны бүгінгі күннің кәдесіне жарату – қоғам алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі. Өйткені тәуелсіздігіміз, егемендігіміз осы тарихты тануға тікелей байланысты: өткенді білмей, бүгінгіні зерделеп, болашақты болжау мүмкін емес. Сол себепті тарихқа, тарихи тұлғаларға көзқарас аса жауапкершілікті, байсалды пайымдауды қажет етеді.

Ұлттық тарихымыздың мақтан етерлік те, сонымен қатар өзекті күйдіретін қасіретті де “ақтаңдақ” - беттерінің бірі – ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ халқының намысын қорғап, жоғын жоқтаған ұлт зиялыларының тарихы.

Кеңестік тарихнамада ұлт зиялыларының өмір жолын зерттеу қолдау тапқан емес, ол зерттеле қалған күнде тарихи шындықтан алшақ, бұрмаланып жазылады. Олар “буржуазияшыл-ұлтшыл”, “халық жауы” деген жаламен түрмеде шіріді, атылды, көзі құртылды. Осындай қызыл империяның қиянатынан ақтаусыз келген, жалған жалаға ұшырағандардың бірі, әрі бірегейі, көрнекті қайраткер, ғұлама тарихшы, журналист, публицист, саясаткер – Мұстафа Шоқай.

Саналы өмірін жеке қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі тектес халықтардың бәріне бірдей қамқоршы болу жолындағы үлкен арпалыспен өткізген Мұстафа Шоқай шетелге саяси эмиграцияға кеткен күндерінен бастап өмірінің соңғы сәттеріне дейін Қазақстан мен Түркістанның қоғамдық-саяси еңбектер қалдырды.

“1917жыл туралы естеліктер”, “Кеңестер қоластындағы Түркістан” кітаптары, басқа да ғылыми-зерттеу және көсемсөздік шығармалары күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Мұстафа Шоқай артында қалдырған бай мұрасының ішінде, оның “Яш Түркістан” журналында жарияланған еңбектерінің алатын орны ерекше. Олай дейтініміз, біз Қазақстан мен

кеңестік Түркістанның басқа да республикаларында 20-30 шы жылдары болып өткен қоғамдық өзгерістер жөнінде соңғы жылдарға дейін коммунистік идеология тұрғысынан жазылған еңбектер арқылы біліп келдік. Ал тура осы процестер туралы оң пікірде болған отандастарымыздың жазған еңбектерімен танысу мүмкіндігі бізде болған жоқ. Батыс әлемінің орталықтарындағы Париж бен Берлинде басылған “Яш Түркістан” журналында 20-30 жылдары үзіліссіз жарық көріп тұрған Мұстафа Шоқайұлы мақалаларының құндылығы да автордың Түркістандағы өзгерістерге большевиктік кеңестік көзқарастан өзге баға беруінде еді.

1929 жылдың желтоқсан айынан 1939 жылдың тамыз айына дейінгі аралықта Германияның астансы Берлин қаласында 10 жыл бойы жарық көрген “Яш Түркістан” журналы тек қазақ халқының ғана емес, Орта Азияны мекендеген күллі түркі тектес халықтардың саяси-рухани өмірінде аса бір маңызды құбылыс болды. “Яш Түркістанның” алдына қойған міндетін «Біздің жол» атты кіріспе мақаласында Мұстафа Шоқай: «Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздік жолындағы талаптарының мән-мағынасын сол күйінде күшін әлсіретпей», “Яш Түркістан” беттерінде бере алсақ, онда бәріміз үшін қасиетті және аса ауыр жауапкершілік артқан міндеттерінің бір бөлігін өтеген болар едік [1.326], -деген оймен білдіреді.

Журналдың №89 санындағы «Кеңестік Түркістан газеттерінде» деген мақаласында “Яш Түркістанның мақсаты – тек Қазақстандағы ғана емес, күллі Түркістанды Ресейден бөліп алып, тәуелсіз Түркістан Түрік мемлекетін құру” [2,1096], деп ашық айтады.

Енді “Яш Түркістан” беттерінде Мұстафа қандай тақырыптар көтерді деген мәселеге келейік. “Яш Түркістан” ғұмыр кешкен 10 жыл – Кеңестер тепкісінде жатқан бодан халықтардың тарихында қасіретті оқиғаларға толы жылдар болды. 1928-1930 жылдардағы бай-құлақтарды тәркілеп, тап ретінде жою, 1931-1932 жылдардағы аштық апаты, 1937-1938 жылдармен тұспа-тұс келгендіктен олар турасындағы әділет пен шындық сөзі журнал беттерінде сайрап жатыр.

Мұстафа Шоқай журналда жариялаған еңбектерінде ең алдымен, кеңестік Ресей, бұрынғы патшалық Ресейдің тікелей мұрагері екенін дәлелдеді. Оның отаршылдық, шовинистік, тоталитарлық сипатын әшкереледі. Өзінің “Шовинизм” атты мақаласында: “патшалық Ресей бізді тұншықтырып, атамекенімізді қанға бояды. Большевиктік Ресей де бізді тұншықтырып, атамекенімізді отбасымызды қанға бояуда. Міне, сол үшін де

біз орыс билігінің барлық түріне кектене қараймыз” [3.65б], деп ашына жазып, Мәскеу диктатурасын қолдамайтынын ашық айтады.

Ал енді бұл өзі қандай «пролетариат диктатурасы» деген сұрауға, М.Шоқай, “Түркістанда пролетариат диктатурасы дегені шын мәнінде орыстардың диктатурасы екенін” [4,33б] соқырға таяқ ұстатқандай дәлелдеп берді.

Мұстафа кеңестік отаршылдар патшалық отаршылдардың мұрагері екенін дәлелдей отырып, сонымен қатар, жалпы Ресейдің қандай түсті отаршылдары болсын, ағылшын, француз отаршылдарына қарағанда әлде қайда қатыгез, әлде қайда жауыз, әлде қайда аяр екенін атап көрсетті. Және соған отандастарының да, басқалардың да көзін жеткізу үшін бірқатар еңбектерінде оралып соғып байыпты да, байсалды талдаулар жасады. Мәселен, «Керенский және Түркістандағы ұлттық қозғалыс» [5, 104-112б], деп аталатын көлемді айтыс мақаласында осы мәселенің басын ашу үшін арнайы тоқталған. Айтысты қозғаған адам басқа емес, өзінің көне танысы, Ресейдегі бұрынғы патша өкіметінің басшысы, орыс демократиясының серкесі Керенский мырза болатын. Ол өзінің «Діни» атты газетінде жариялаған бір мақаласында Түркістандағы Ресей билігіне тоқталып «Ресейдің бұл жердегі мемлекеттік істері, Англияның Үндістандағы мемлекеттік істеріне қарағанда әлде-қайда салауатты негізге құрылған» деп тұжырым жасаған еді. Ал Мұстафа Шоқай Керенскийдің тұжырымына қарсы керісінше дәлелдейді. Ол Англияның да отаршыл екенін мойындайды. Күндердің күнінде Үндістанның азаттық алатынына сенеді. Сонымен қатар, Англия орыс отаршылдары тәрізді бодан халықтардың жерін тартып алып, оған мұғажырларын әкеліп қоныстандырып жатпағандығын айтады. «Біз орыстарға» - дейді Мұстафа, «олардың аттары Иван, Степан болғаны үшін қарсы емеспіз. Жерімізді тартып алғаны үшін қарсымыз. Егер олардың бізге істегенін басқа кез келген ұлт, айталық ағылшындармен француздар істесе біз оларға дәл сондай өштік сезіммен қарсы тұрған болар едік». Жалпы Мұстафа мен оның пікірлестері мұғажыр саясатын орыс отаршылдығының ең жексұрын, ең қауіпті көрінісі ретінде бағалаған. Олар осы саясаттың беталысынан сол кездің өзінде-ақ ұлттық мемлекетке барар жолға қойылып жатқан тосқауылдарды көре білген еді.

Мұстафа Шоқай еңбектерінде сталиндік диктатураны, тоталитарлық социализмді ымырасыз сынға алды. «Сталин социализмді – тонаушылықты қамтамасыз ететін саяси жүйе» деп аталатын мақаласында дәлелді мәліметтер арқылы Кеңес үкіметінің түрлі салықтар арқылы халықты

сүліктей сорып отырғанын айта келіп, «Кеңес Одағынан басқа ешбір елде ешқашан халық бұқарасы дәл осындай талан-таражға түскен емес. Шаруалардан ең жоғары дегенде әр пұтын 1 сом 40 – 1 сом 50 тиыннан сатып алған астықты жұмысшы-шаруалардың өздеріне бір килограмын бір сомнан сатады. Астықты большевиктер спекуляция товарына айналдырып алған. Кеңестер Одағында үстемдік құрып отырған социализмді тонаушы дейтін себебіміз міне, осыдан» [6.1266], – деп үлкен әлеуметтік ой қозғады.

Журнал беттерінде Кеңес Одағында жүріп жатқан жазалау науқандарының шынайы сипаты, большевиктік террордың қанқұйлы әрекеттері туралы материалдар баршылық. Бұл мәселеге Мұстафа Шоқай өз көзқарасын былайша білдіреді. «Бүкіл ғұмырын төңкерістік істерге орнаған, осы жолда барын салып жанқиярлық жұмыстар тындырған адамдар енді келіп, аяқ астынан шпион, зиянкес болып шыққандарына өздері де қайран қалуда. Мұның себебін іздеп бас қатырудың қажеті жоқ. Біз тек дүниежүзі жұртшылығының көзін мына бір нәрсеге жеткізгіміз келеді. Орыс большевизміне, басшылары сатқын, шпион аталып тұрақсыздық жайлаған мемлекетке қарсы халқымызды, атамекенімізді құтқару жолында жүргізіп жатқан біздің күресіміз, сөзсіз әділетті күрес» [7,1286].

Мұстафа Шоқай еңбектерінде Алаш зиялыларының күресі мен тағдырына қатысты мол деректер кездеседі. Қайраткердің өзі жақсы білген, достық немесе қызмет бабында болған, сол сияқты күресте одақтас немесе қарсылас болған көптеген қайраткерлердің саяси портретін, кісілік – адамилық бейнесін жасауға арналған сәтті талпыныстары журнал беттерінде жиі кездеседі? Мәселен, Мұстафа Әлиханды «Қазақтың күрескер жолбасшысы» деп атайды. Әлихан Бөкейханды түркістандық жастардың, соның ішінде өзі де бар үлгі - өнеге тұтқаны туралы былай деп жазады: «Әлихан бізге ылғи да ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, ең алдымен орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын мұқият үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керек екендігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді», – деуші еді. Біз ол кезде орыс мектептерінде оқып жүрген жәдитші жастар – бәріміз де бар ынтамызбен «мұғажыр мәселесін» үйренуге кірістік. Мемлекетіміз үшін ең үрейлі қатердің қайдан келе жатқанын сонда ғана түсіндік. [8.2316]

Журналдың №83 санында жариялаған «Ұлттық керітөңкерісшіл ме», жоқ әлде «ұлттық төңкерісшіл ме?» деген мақаласында большевизмнің құрбаны болып, «халық жаулары» атанған «ұлтшылдық ағымдардың» көсемдері туралы былай дейді. «Сұлтанбек Қожанұлы қара басының қамын ойламайтын, халық үшін қам жеп, ел үшін еңіреп туған азамат, Смағұл

Садуақаста дәл сондай тұлға, ал Мендешұлын өз басым білмиді екенмін. Бірақ, оның да Сұлтанбек, Смағұл тәрізді қайраткер екеніне шүбә келтірмеймін» [9,606] деп олардың есімдерін құрметпен атап, оларға жабылған жаланың негізсіз екенін дәлелдеп көрсетеді.

Сонымен бірге М.Шоқай сол кездегі Түркістан мен Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінің белгілі қайраткерлеріне – Ахмет Байтұрсыновқа, Мұхамеджан Тынышбаевқа, Тұрар Рысқұловқа, Санжар Асфендияровқа тағы басқаларға баға берген.

“Яш Түркістан” журналында талданған мәселелердің бірі – ұлт мәселесі. Мұстафа Шоқай 1930 жылы жарияланған «Ұлт мәселесі төңірегінде» атты мақаласында «Ұлттық мәселенің» маңыздылығына тоқтала келіп, большевиктердің бұл мәселені шешуде бірауыздылық танытпай отырғанын айтады. Кезінде большевиктердің ұлттық мәселе жөніндегі бағдарламасынан орын алған «Ұлттардың бөлініп шығып, өздерінің тәуелсіз мемлекеттерін құруға дейінгі құқықтары», ақыр аяғында «бос сөз» болып шыққанын дәлелдеп жазады. «Бұдан шығатын табиғи қорытынды бар. Пролетариат диктатурасы жарияланған елде ұлттардың өзін өзі билеу мәселесі туралы сөз болуы мүмкін емес» [10, 956] деген тұжырым жасайды.

Мұстафа Шоқай Кеңес үкіметінің ұлт саласындағы қызметіне терең талдау жасап, тоталитарлық жүйенің ұлттардың саяси тәуелсіздігі мен әлеуметтік-экономикалық өркендеуін қамтамасыз ете алмайтындығын өз еңбектерінде атап көрсетті. «Кеңес үкіметінің ұлттық саясаты» басынан аяғына дейін ұлттық езу, қанау саясаты. «Түркістандағы ұлттық республикалар дегеніміз – сырты жылтырақ, іші қалтырап тұрған мәнсіз, мағынасыз бірдеңелер» [11, 916] – деп жазды М.Шоқай.

Пролетариат диктатурасын шын мәнін ашып көрсеткен және оған қарсы жан тәнімен күрескен Мұстафа Шоқайды кеңес басшылары жек көрді. Оны есімі Сталиннің де аузынан түскен жоқ. Сталиндік диктатура саяси науқан кезінде қармағына іліккендердің барлығын «шоқайшылар» деп айыптады. Тіпті Шоқайды танымайтындар да өмірлік принциптері мен алға қойған мақсаттары жағынан Шоқайұлына үш қайнаса сорпасы қосылмайтындар «шоқайшылар» деген айыппен жазаға тартылып жатты.

Мұстафа Шоқай «Түркістан лениншілеріне жауап» атты мақаласында: «Біз большевиктердің бізге таңған адамдарының бәрін бізге бірдей қабылдай алмаймыз «Шоқайшылар» арасынан, біз ұлттық революционерлер, өз туымыз астына жиналатындарын ғана таңдап алуымыз

керек. Біздің ұлтшылдығымыз Түркістанда ұлттық өкіметтің үстемдігінен басқа ешбір күшті мойындамау негізіне құрылған» [12, 78б] – деп большевиктердің жалалы шабуылдарына тойтарыс береді.

Тарихи деректерге үңілсек, тіпті 30-жылдардағы саяси процестерде де оның аты аталып отырды. Кеңес идеологтары ашық жала жабудан басқа амал таппаса керек. Саяси жала жабу үшін қазақ зиялыларын шетелдегі Мұстафа Шоқаймен байланысты болыпты-мыс деп айыптайды.

“Яш Түркістанның” жалпы 117 санында Мұстафа Шоқайдың өз қаламынан туған 200-ге тарта материал бар. Ал, егер бұрынға журналда сан сайын авторы көрсетілмей жарияланған бас мақалаларды қоссақ, онда бұл көрсеткіш 300-дің үстіне шығып жығылады. Мұның сыртында Мұстафаның бұркеніштік атпен жазған мақалалары да баршылық.

Әрине, бір мақалада “Яш Түркістан” журналы көтерген барлық мәселелердің мазмұнына тоқталу мүмкін емес, сондықтан оны міндет етіп қойған да жоқпыз. Журнал туралы арнаулы зерттеулер болашақтың үлесінде. Біздің зерттеуіміз, автордың көтерген ауқымды және сан салалы мәселелерінің бір ғана қыры.

Қорыта айтқанда, Мұстафа Шоқайдың “Яш Түркістан” журналындағы рухани мұралары – ақиқаттың көзі, тарихтың бұлтартпас дерегі екені даусыз.

Әдебиеттер:

1. Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы, 1998. –Т.1.-32б.
2. Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы, 1998. –Т.1. -109б.
3. бұл да сонда, I том, 65б.
4. бұл да сонда, I том, 33б.
5. бұл да сонда, I том, 104-112бб.
6. бұл да сонда, II том, 126б.
7. бұл да сонда, II том, 128б.
8. бұл да сонда, II том, 231б.
9. бұл да сонда, II том, 60б.
10. бұл да сонда, I том, 95б.
11. Сонда, 91б.
12. Сонда, 78б.

**Р.ОТАРБАЕВТЫҢ «МҰСТАФА ШОҚАЙ» ДРАМАСЫНДАҒЫ
ТАРИХИ ТҰЛҒА**

Айтбаева А.Е.

ф.ғ.к., доцент

Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиеті дамуының үдерісінде қазақ драматургиясы игерген өзекті мәселелердің бірі - ұлттық тарихымыздағы ақтандақ болып келген тақырыптарды көркем шындықпен жазу. Тарихи драмаларға арқау болған оқиғалар арқылы оқырман қазақ даласын сыртқы жаудан қоршаған хандар, би-шешендер мен батырлардың өмір тынысымен жақынырақ таныса бастады.

Қазақтың ұлттық тарихындағы дербес мемлекеттік құрылыммен қалыптасуымызға, халық болып танылып сақталуымызға қайраткерлікпен, білімдарлық биіктігімен, көсемдіктерімен, ер жүрек батырлықтарымен ерлікпен елдік рухымызды асқақтатқан хандарымыздың (Керей, Жәнібек, Абылай, Әбілқайыр, Тәуке, Кенесары), би-шешендеріміз (Төле, Қазыбек, Әйтеке, Ескелді, Есенкелді, Балпық, Шоң, Жарлығап би т.б) ақын-жырауларымыздың (Асанқайғы, Бұқар, Махамбет т.б), батырларымыздың (Қарасай, Қабанбай, Сырым, Жанқожа, Бөкенбай, Есет, Бұхарбай), ғұлама ағартушыларымыздың, тарихи тұлғаларымыздың (Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Т.Рысқұлов, М.Шоқай, С.Қожанов, Т.Жүргенов, Х.Досмұхамбетов т.б) драматургияда көркем бейнеленуі жаңаша серпінмен өркендеді. Жазушы-драматургтарымыз бас кейіпкерлердің ел мен жерді жаудан қорғау жолындағы ерлікке толы өмірі арқылы ел мен жер тағдырына қазақ жерін мекен еткен әрбір азаматтың жауапты екендігін бағдарлады.

Тәуелсіздік тұсында жазылған Ә.Кекілбаевтың «Абылай хан» (1996), М.Байсеркеновтың «Абылай ханның ақырғы күндері» (1997), Ш.Хұсайыновтың «Томирис» (2000), Қ.Ысқақовтың «Қазақтар», «Жан қимақ» (1995), И.Сапарбайдың «Шыңғыс хан», «Махамбет» (2005), Ш.Мұртазаның «Тамұқ», «Сталинге хат», Р.Отарбаевтың «Бейбарыс сұлтан», «Темірбек Жүргенов», «Мұстафа Шоқай», С.Елубайдың «Ақ боз үй», С.Жүнісовтың «Сабалақ», «Аманай мен Заманай» пьесалары қазақ драматургиясын жаңа оқиғалармен, жаңа кейіпкерлермен бастады толықтырды.

Аталған туындыларды оқып, оның сахналануын көрген оқырман қазақ халқының түп тамыры тереңде жатқандығын, сан ғасырлық тарихы барлығын, ұлы даланы мекен еткен қазақтың ұлы өркениеті, оның сан ғасырлар бойы азаттық, бостандық, тәуелсіздік үшін күрес жолы болғандығын ұқты, ұғынды, түсінді. Жазушы-драматург Р.Отарбаевтың «Бейбарыс сұлтан», «Сырым батыр», «Абай: сот», «Бас», «Мұстафа Шоқай»,

«Фариза мен Мұқағали» пьесаларында уақыт пен кеңістіктегі адамтану тұрғысындағы өзекті тақырыптар арқау етілген. Алаш асылдарының Отаны, оның тәуелсіздігі жолындағы адал істері арамдық, жаулық ретінде бағаланып, тағдырлары тығырыққа тірелгенін баяндайды.

Драматург Р.Отарбаев екі актілі, төрт көріністі «Мұстафа Шоқай» драмасында жазықсыз жазаланған, ұлтын сүйген халқымыздың ұлы перзенттері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, М.Шоқайдың тарихи көркем бейнелерін танытуға арналған. Жазушы-драматург пьесаны жазуға басты себеп болған Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстың театрының жетекшісі Хүсейін Темір екенін айтады: «Әлде жастықтың желігі ме мен де бір кездері Мұстафаны елін сатқан сатқын, опасыз деп жазып жібергенмін. Тарих оның жазықсыз жапа шеккен ұлтын сүйген ардақты ұл болғандығын ақтап алғаннан кейін, бір кездері жіберген қателігімді қалай түзетем деген ой санамнан шықпай жүрді. Алла шебер деген. Мен қасиетті Сыр еліне Мұстафа Шоқай дүниеге келген Қызылорда топырағында Әмір – Темір Хүсейінмен кездесіп, ол кісінің маған Мұстафа туралы пьесаға ұсыныс тастауын естігендегі халімді өзімнен басқа ешкім білмеген еді. «Жаным – арымның садағы» деп, ұлт бостандығы жолында мерт болған Мұстафа Шоқайдың алдындағы зор күнәмды өтеуге Алла маған мүмкіншілік туғызды», – дейді оқырмандармен сұхбатында. Осылайша, Рахымжан ағамыздың «Мұстафа Шоқай» пьесасы дүниеге келген. Алғашқы қойылым Ақтөбе драма театрында қойылады.

Пьесаның тақырыбы - қазақ халқының көрнекті қайраткерлерінің, оның ішінде М.Шоқайдың тарихи тұлғасын, ұлт жолындағы жанкешті әрекеттерінің маңыздылығын бағалау, идеясы-тәуелсіздік, ұлт бостандығы жолындағы адал қызметтің өтелмеуіне күйзелген алаш ардақтыларының жан ділі әлемінің қасірет шеккен күйін таныту. Пьесаның бірінші актісінде Парижде өнер көрсетіп қайтқан Әміре Қашаубаевтың азапты күндері көрсетіледі. Әміренің түрмедегі соңғы күндері, толғаныстары және тергеу алдындағы сөздері сәтті бейнеленген.

Алғашқы көріністе ОГПУ тергеушісінің бөлмесі көрініс береді. Төрде Сталин портреті. Ортада стол, орындық тұр. Ал босағада аяққа, қолға салатын кісен ілулі тұр. Тым ауыр мұңлы музыка естіледі. Залда кісі жоқ сияқты. Сәлден соң папкалар қозғалады. Папкалар қозғалып, бірінің үстіне бірі қойылады. Артынша папкалардың тасасынан тергеушінің өзі көтеріледі. Сұрықсыз осы бір көрініс алдағы болар іс-әрекеттің азапты болатындығын сездіргендей. Босағада қолға, аяққа салынған кісен бостандығы, тәуелсіздігі жоқ елдің кісендеулі қылбұрау тіршілігін елестетеді. Пьеса басталғанда тергеуші папкаларды алма кезек жұдырығымен басып: *Мыналар - жапон тыңшылары, мыналар-ағылшын итаршылары, мына топ-герман құйыршықтары. Алашордашылар бір бөлек... өңшең сатқындар. Қаптап кеткен. Бір папканы қолына алып, бұл - Шоқай Мұстафа! Бұл - түрік-герман-ағылшын-француз шпионы. Қашып жүр, ел қыдырып, су сыдырып,*

совет үкіметін жамандап... Сталиннің өзі Шоқайдың көзіне көк шыбын үймелет деді! Қолыма бір түсер, қыл арқан қолымызда!»[1],- деп айғайлайды. Сәлден соң милиционерге Қашаубаевты әкелуді бұйырады.

Тергеуші Әміреге төртінші рет жауап алып тұрғанын ескертіп:

- Атың-Әміре. Ұмытқан жоқсың ба?,-дегенінде:

Әміре еш тайсалмастан:-Ауыз өзіңдікі, тергеуші,-дейді.

-Жалың жығылмаған екен. Асықпа, жығамыз, көзіңнің отын өшіреміз. Бәрі де сен сияқты асау еді. Жуасытқанбыз. Құлдығың болайын деген...

Өнер көрсетуге барған ән еркесі Әмірені Париждің Ножан қаласында Мұстафаның қонақ еткенін тіміскілері арқылы білген ОГПУ жаналғыштары Мұстафамен не жөнінде сөйлескендерін, нендей тапсырмалар алғандығын сұрайды.

Әміре: Мен саған тоқетерін айттым. Мұстафа: «Елім аман ба?» деді. Басқа әңгіме болған жоқ.

Тергеуші: Елім аман ба деді! Онда ел бар ма? Онда жұрт бар ма? Сатқындар, шпиондар, құйыршықтар!

Әміре: Бар! Мынау ел соныкі. Халықтың жүрегінен оның аты мен менің әнімді жұлып ала алмассың. Бұл қазақта енді ондай ұл тумас!... Ондай көсем! Садаға кет Шоқайдан. Басқан ізінен. [1.,237]

Әмірені сатқынның итаршысы,-деп тепкінің астына алады. Тергеуші бұдан әрі Парижде Мұстафаның үйінде қандай ән салғанын сұрайды. Әміре ащы дауыспен, зармен:

-Қарағым, сен қайдағы мен қайдағы,

Қазақтың мен де өзіңдей бозтайлағы-ай!-деп шырқай бергенде, милиционерлер Әмірені бас, көз демей жұдырықтай бастайды. Әнші сонда да соңғы екі шумағын зор дауысымен әуелетіп, әнін жалғастырады:

Түскенде сен есіме, қимас қалқа,

Қайнайды зығырданым қай-қайдағы-ай!...[1.,237]

Әміре салған ән, оның тергеушіге берген жауаптары арқылы драматург ел есінен оның ардақты ұлдарының аты ешқашан да өшпейтіндігін, азаттық жолындағы күресте жеңетіндіктерін паш етеді. Драматург Ә.Қашаубаевтың Парижге ән салумен бірге, «халық жауымен» кездесуге барғаны, оның ұлтарағының астына А.Байтұрсыновтардың хат жазып жібергендігін біліп қойған үш әріптің жансыздары оның түбіне жеткені туралы деректі пьесада ұтымды қолданған. Көріп отырғанымыздай, Әміре қанша азап көрсе де Мұстафадай азаматты қорлауға жол бермейді. Оның шырқайтын әнінің өзі жауларының ызасын тудырады. Талай боздақтардың жала жауылып, атылып, асылып жатқандықтарын Әміренің орындауындағы халық әні арқылы беруінің өзі драматургтың шеберлігін, театр тілін жетік меңгергендігін танытады.

Бұдан кейінгі көрініс Мұстафа мен Мария Яковлевна арасындағы сезімге құрылған. Ташкенттен тезірек кетуге асыққан Мария чемоданын

жиыстыруда. Мәскеу Мұстафаның басына мың рубль тігіп, ізіне үкімет шырақ алып түскен уақыт. Марияға мұсылманша неке қиятындықтарын айтады. Оған қарсы емес пейіл танытқан орыс қызының психологиялық жай күйін драматург нанымды берген. Кімнің де болса өз дінінен шығып, өзгені қабылдаудағы жан әлеміндегі толғанысты берудегі драматург шеберлігі оқырманды еріксіз ойға шомдырады. Драматург Отарбаев Марияның Мұстафадай бір ұлттың бетке ұстар азаматының қадірін түсініп, оның жолына барша өмірін арнай сүйген адал жар екендігін бір ауыз сөзге сыйдырған: *«Күркесін күзеткен еркек болсаң, көңілімді бермес едім»*[1.,238].

Келесі көріністерде Мұстафа Шоқайдың Түрікстан халықтарының бірлігі мен тәуелсіздігі идеясын ту етіп көтерген аса көрнекті саяси қайраткер дәрежесіне қалай көтерілгені, оның түркі жұртының тәуелсіздігі жолындағы күресі белгілі бір жүйемен тарихи деректерді негіздей отырып бейнеленеді. Оның Петербургте оқыған кезеңі Ресейдегі революциялық жағдайлардың әбден пісіліп жетілген кезі болатын. Ресейдегі толқулар білімді Мұстафаның жүрегінде серпіліс тудырады. 1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынборда Бүкілқазақтық 2-съезд шақырылды. Сол сиездің мінберінде Мұстафа: «Қазақ автономиясы құрылсын» деген ұран тастайды. Бұл мақсат орындалғанмен, Мұстафаның ой-арманы бұдан да жоғары болатын. Ол бүкіл түркі мемлекетін біріктіріп, Түркістан Республикасын құрғысы келді. Сол мақсатпен Қоқанға барады. 1918 жылы қаңтарда Қоқанда съезд болып Түркістан автономиясы мен Түркістан уақытша өкіметін жариялайды, бірақ көп ұзамай большевиктер Қоқанды алып, басшыларын тұтқындай бастайды. Бұл тарихи шындық драмада толығымен беріледі. Пьесада Алаш қайраткерлері **сұхбаттары желісінде** олардың қазақ халқының болашақ тағдыры, ел болып ұйысуындағы Алаш ұранды қазақ даласын, атамекенді, ділді, дінді, тілді сақтаудың ықпалды қызметі т.б өзекті мәселелер қамтылған.

***Ә.Бөкейхан:** Құрылтайға жиналған мырзалар! Бүгін тарихи күн. Өйткені туысқан түркі үш үкіметінің басшылары ортақ мәмле үшін бас біріктіріп отырмыз. Алашорда үкіметінің басшылары А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы және өзім Бөкейханов, Башқұрт үкіметінің басшысы Зәки Валиди, Түркістан үкіметінің атынан Мұстафа Шоқай мырзалыр осында.*

***А.Байтұрсынұлы:**Бұл –екінші құрылтай.Нақты әңгіме,батыл шешім, мұсылман пайдасы ортаға түссін.*

***Міржақып:** Ақа, алдымен сөзді Мұстафа бауырымыз иеленсін.*

***Мұстафа:** Аз билікке алдануға болмайды, ағайын!Арамызға от тастап,соның қызуына жылынғысы келетіндер аз емес. Бір Түркия екіге жарылып, Әнуар паша мен Мұстафа Кемал болып керілдесіп жатыр. Мәскеу қай жеңгенің менікі деп отыр. Ортақ Тұран,бірлескен Түркістан десек,үш мемлекет әскері бірігуі парыз.*

З.Валиди: Оңды ұсыныс. Демек, түркі халықтарының федерациясын құру керек.

Әлихан: Алашорда ол ойды қуаттайды. Мәскеу ағылшын, чехтармен арпалыса берсін. Біз күш қосып, заман қалай құбылса да дайын тұрайық.

Ахмет: Алдымен, халқымыз аштықтың алдында тұр. Ақша, азық-түлікті қамдайық. Елден жігіт жинап, әскер ойнату керек. Қару-жарақ жетімсіз. Соңғысы, ел сауатсыз, надансоқ. Саясатты ұқпайды. Ортақ тіл- газет шығарып, көзін ашуымыз керек.

Мұстафа: Ақа, ризамын. Көреген сөз. Жаналқым-асы!

Әлихан: Большевиктік билікті мойындамаған ұйымға шетелдің қай мемлекеті оң пейіл бөліп тұр?

Мұстафа: Америка, Италия, Англия, Жапония елдері.

З.Валиди: Кеше Сербия мен Белгиядан да қолдау келіп түсті.

Әлихан: Алдымен бірігіміз. Сосын Ресей демократтарымен тізе қосамыз.

Ахмет Байтұрсынұлы: Шықсақ бір төбенің басында отырамыз, өлсек бір шұқырда қалармыз. Анттасайық! (Бәрі де оң қолымен кеудесін басып «Ант», «Анттастық» деседі)[1.,241].

Бұдан кейінгі көріністерде өмірінің соңына дейінгі эмиграциялық қызметі баяндалады. Қазақ баласының өз елінен шет мемлекетте жүріп саяси күрестің басында жүруі, «саяси күресті кәсіпке айналдыруы» қалыптаспаған, болмаған құбылыс болатын. Мұстафаның саяси сауаттылығын Түркия мемлекетінің көсемі Әнуар пашамен кездесу барысындағы диалог арқылы көрсетеді.

Әнуар паша(өз-өзіне!: Ортақ Түркістан! Арман болған бірлесу. Күллі түркі халқы бас көтеріп... Ағылшындардың асқақтап басқан ақсүйектеріне тау қырандай шүйіліп... Ортақ жауына бір жұдырық болып түйіліп... Шығар күн қайда? Алмания арқа сүйеу бола алмады. Мұстафа Кемал Ататүрік... Қайдағы Ататүрік? Мен! Мен-бүкіл түркі елінің шапағатшысы[1.,243].

Жауыздық, зұлымдық ойларымен ғана өмір сүретін түркия елінің көсемі Әнуар паша сияқтылардың сыртқы бет-бейне құбылыстары табиғи сипатымен суреттеледі.

Түркияның тақтан тайған, әйтсе де әскерімен Бакуды басып алған Әнуар пашасының резиденциясы. Әскери киімді, басына көтеріңкі қаракөл бөркін киіп, алтындалған қылыш асынған Әнуар паша жиһазды бөлмені сенделіп жүр. Шешім таба алар емес[1.,239]

Автор Әнуар пашаның монологын бере отырып екіге бөлініп, өз-өзі қырылысып жатқан Түркияның басындағы хал біздің жұртты да жайлайтынын, Абай айтқандай: «Бас басына би болған өңкей қиқым, елдің сиқын бұзатындығынан» ескертеді. Күш біріктірмесе, құлдықтың қыл бұрауы мойындарына кигізілетін Әнуар пашаға Мұстафа аузынан естіртеді:

Мұстафа: «Құрметті Әнуар паша! Біріншіден, большевиктерге сенбеңіз. Басыңызға қатер. Шовинист Лениннен бастап иманы қашқандар. Олардың бар мақсаты түркі халқын сиырдың бүйрегіндегі бөліп алып билеу.

Араларына ши жүгіртіп, айдап салып, алауыз ету. Айдалада аралда жатқан ағылшындарға емес, сіз бен біз ортақ күресіміз большевиктерге, яғни Мәскеудің өзіне қарсы бағытталған күресті құптар едім. Түркияның азаттығы үшін арпалысып жатқан Мұстафа Кемалмен жауласуыңыз көңіліме жағар емес. Жауымыз да, мақсатымыз да ортақ. Ол-түркі елі бірлігі, бақыты, болашағы» [1., 244]. Ол Мұстафа Кемалға таңырқай, таңғала қараған. Оны азаттық жолындағы биік күрескер деп танытын. Және де Түркістан үшін осындай реформашы болса деп тілеген.

Үшінші көріністе Ф.Дзержинскийге Сталин ерекше тапсырма беріп жатқан сәт көрсетіледі.

Сталин: Алашорда басшылары, әлгі кімдер еді?

Дзержинский: Бөкейханов, Байтұрсынов, Дулатов, Досмұхамбедов, М.Шоқай

Сталин: Тағы кімдер түгелдей тілерсегін қи. Шоқай шетелге өтіп кетпесін. Аса білімді. Саясатқа жүйрік. Өте қауіпті тұлға.

Дзержинский: Туған туыстарын да тығырыққа тіредік.

Сталин: Одан кейін көз таса етпейтін қазақ - Рысқұлов. Есіңде болсын. Сен, осы шашлык пісіретін саксауылды білесің бе? (Дзержинский басын изейді). Оған балта өтпейді. Қайтып сындырады. Көрдің бе? Бір-біріне ұрып. Сонда быт-шыты шығады. Солай! [1., 267]. Тұтас бір ұлтты құртудың ұлы жоспарын қалай ұйымдастырғандығын осы диалогтар арқылы жеткізген. Пьесаның психологиялық сипатын танытып тұрған поэтикалық тәсіл - тарихи кейіпкерлердің елес келбеттерінің де шығарма құрылысында қолданылуы. Адамдар тағдырының, жалпы тіршілік қозғалыстарының қарама-қарсылықтарының бірлігі мен күресіне құрылған қозғалыс әлемін таныту үшін елестер келбеттерін де кейіпкерлік бейнелеулермен берген. Елестердің шартты бейнеленуі арқылы автор оларды Мұстафамен тілдестіреді:

Ахмет Байтұрсынұлы: Қоқанды құрған, тұтас Түркістаным деген қайран Мұстафа, көтер басыңды! Сенен басқа кім қалды? Бұл қазақтың мұңын мұңдайтын. Айтшы, Міржақып.

Міржақып: Жетім қалды зой халқың. Ит сүйреген кәрі терідей болды қазірде. Қайран қыл, беліңді бу, ерім.

Әлихан: «Әлихан, бұл қазақты пәуескемен көшірсек арманымыз болмас» деуші ең. Тасқа мініп, таяғын ұстаған халқың қалды. Қара дауыл көтерілді батыстан. Айдаһардай ысқырып алапат келеді. Сақта өзіңді.

Тұрар: Бақидың кемесіне міндік. Пәни сенде қалды. Қабырғаң қайысады-ау. Отқа түсіп ойнарсың. Мықты бол, Мұстафа. (Мұстафа оянады. Абдырап, айналасына қарайды. Елес –түс ғайып болады).

Мұстафа: Аха, ұлтқа ұстаз болған, Аха, не дедің? Сенен басқа кім қалды дедің бе? (Арпалысып). Міржақып, ит сүйреген кәрі дедің –ау. Уһ! Иә, Әлихан, батыстан төрт басты айдаһар келеді, бауырымен жорғалап. Күн тұтылды. Түнек басты. (жанталасып) Тұрар, ақылы азап боп, көсемдігі

өзіне кесел боп жармасқан Тұрар! Жаһанда жалғыз тастадыңдар-ау. Мен сені Сталиннің «фавориті» дедім, «сойылын соққыш» дедім. «Шоқайшыл» демесін дедім. Әдейі. Көлеңкемен қорғағым келді. Аз халқытың серкесі болғанша, көп халықтың еркесі болған жақсы екен, дүние-ай!(Қатты дауысы шығып кетеді. Бөлмеге тез жүгіріп Мария кіреді. Германияның соғыс бастағанын ескертеді). Марияға: «Төрт тұлға түгелімен келді-ау. О дүние мен бұ дүниенің арасы тым жақын екен ғой»[1.,253],-деп түсінде бәрін көргенін айтады. Мұстафа сөзі арқылы алаш ардақтылары қорланудың зардаптарынан азаппен у ішумен фәниден өте ерте кеткен тағдырларына баға берілген. Сахналық шығармада осындай шартты психологиялық бейнелеулерді ала отырып, тарихтың барлық кезеңдерінде әр ұлттың өз ардақтыларын құрмет тұтатындықтарын суреттейді. Пьесаның идеялық-композициялық тұтастығына арқау болған желі: Мағжан айтқан саналы адамдар үшін абақты-ғұмырдың келер ұрпақтар сабақтастығындағы жақсылық пен жамандық жағаласуындағы қайшылықтықтардың да ешқашан тоқталмайтындығын меңзеу. Пьесаның соңында берілген Берлиннің «Виктория» ауруханасындағы Мұстафаның аса ауыр халі суреттеледі. Сонымен бірге оның бойындағы үлкен кемшілігі аса сенгіштігі, тез иланғыштығы салдарынан үлкен қиындықтарға тап болған сәті Уәли Каюмға байланысты жағдайлармен сипатталады. Мұстафа тар ауқымды ұлтшылдықтың дұшпаны еді.

Мұстафа (Каюмға): Розенбергке тағы да қояр талабым бар. Ол –легион мүшелерін соғысқа қатыстырмау.

Уәли Каюм: Соғысша ше? Кімнен жаны артық?

Мұстафа: Сенің бауырыңды, менің ауылымды өз қолымызбен қырып саламыз ба? Әлде бізге тағдырдың қара таңбасы аз ба еді?[],-деп Уалидың қысас әрекетіне тосқауыл жасайды. Орыс ұлтшылдары орыс империясының ішінде Түркістан мен өзге орыс емес халықтарды мойындағысы келмейтін. Орыс шовинистерінің бұл қылығы оның намысына тиетін. Ол өз халқын биіктерден ғана көретін. Мұстафаның Марияға айтқан: «Қалған ғұмырда халқым деп туып, қамым үшін өмір сүре алмай қойдым ғой»[1.,270] деген сөздері оның ұлтын сүйген қайраткер, ойшыл тұлғасын даралай таныта түскен.

Уәли Каюмның неміс офицеріне берген жалған ақпараты арқылы өлім құшқанын да білмей қалған күрескердің бейнесі ашылған. Мұстафа қаза болып жатқанда Жаңа жыл кешін тойлап жатқан Уәли Камның опасыздығын көрген көрермен одан жиіркеніп, теріс айналуы көрініп тұрады. Осындайда қазақтың: «Елдің қамын ойлайтын бір ұл туылса, оны қабатын екі ит қосыла туылады» деген сөз текке айтылмағанын драматург пьесаның өн бойында желі етіп сақтайды. Каюммен қарым-қатынасын көрсету барысында Мұстафаның адами бітім-болмысын, мінез-құлқын аша түскен. Менмендік атаулыдан бойын аулақ ұстаған, жағымпаздықты адамның өзін-өзі қорлауы деп түсінген, рухы биік нағыз

күрескер тұлғасын көреміз. Мұстафа өмірден ертерек кетсе де артында өшпес іс қалдырды. Оны бүгінгі ұрпақ зерделеуде. Әлихан, Мағжан, Ахмет, Тұрар секілді қайраткерлер қайта тіріліп жатыр. Еңбектері ұрпақ қолында. Олардың азаттық, тәуелсіздік жолындағы күрестерін оқып білуде. Жер бетінде соңғы қазақ қалғанша арыстарымыздың аты өшпейді. (Өміре айтқандай). Өмірі тырнақтың ұшында тұрса да Мұстафа елінің болашағы үшін күресте еш нәрседен қорықпады. Драматург соңғы көріністе Мұстафаның тарихи сөзін мысал келтіре отырып, туындының маңыздылығын арттыра түскен. Тұтқындарды әбден мазақ еткен қорлыққа шыдамай, неміс офицеріне Мұстафа былай дейді:

Мұстафа: *(осы кезде атақты мәлімдемесін жасайды. Тарихи сөз): Сіздер(жоғары қарай саусағын безеп, тұтқындар жауаңдасып қарасады), немістер өздеріңізді Еуропадағы ең мәдениетті адамдармыз деп санайсыңдар! Егер сіздердің мәдениеттеріңіз менің көріп жүргенімдей болса, онда мен сендерге де тұтқындардың шеккен азабын көрулеріңізді тілеймін. Сіздер XX ғасырда өмір сүре отырып, XIII ғасырдағы Шыңғысханның жасаған зұлымдығынан да асырып жібердіңдер.(тұтқындар мына сөзге гу ете түсті. Неміс офицерінің түрі бұзылып, баспалдақтан баяу түсіп кете береді. Мұстафа қасқая тұра береді)[1.,267].*

Драматургтың Мұстафаны қасқая тұрғызып қоюы әділетті іс қашанда жасампаз болатындығын көрсетуі. Драманың көркемдік шешімі-психологиялық дағдарыс жағдайындағы, психологиялық күйзелістегі Мұстафаның жан әлемін ұрпаққа аңғарту. Өзі және басқа да көрнекті қазақ қайраткерлерінің жазықсыз жазаланғандарын түс көрумен сезінген жай-күйін автор өмір шындығы сипатына сай аңдатқан.

Ұлт азат болу үшін олар мойындарына аза гүлдерін ерте тақты. Пьесаның идеялық-көркемдік шешімі-жақсылық, әділдік салтанат құратын қоғам, мемлекет болатынына сенгендердің үміті үзіліп, керісінше зұлымдық, жендеттік жазалаулар, аштық, қуғын-сүргін орын алған ауыр кезеңге душар болғандары алаш көсемдерінің тағдырлары арқылы айқындала түскен. Драматург қазақ халқы үшін жан-тәнімен қызмет еткен жалынды күрескер қайраткерлердің сергелдеңге түскен тағдырларын пьесаның тақырып нысанына алып, оқырмандары мен көрермендерін азаматтық-отаншылдық парызды сезіну, адалдықты сақтау ұлағатымен тәрбиелеу мұратын бағдарлаған.

Қорыта келгенде, саналы өмірін қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі тектес халықтардың бәріне ортақ бостандық, тәуелсіздік жолында күресіп өткен үлкен ойдың адамы, саяси қайраткер, күрескер Мұстафа Шоқайдың өмірі бүгінгі түркі жұртына, оның билік басындағыларға өшпес үлгі боларлық дара жол екендігін заманымыздың көрнекті драматург-жазушысы Р.Отарбаев зор суреткерлікпен сахналады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Отарбаев Р. Айна-ғұмыр. Пьесалар.-Астана: Фолиант,2013.-512б
- 2.Тебегенов Т. Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа қазақ әдебиеті. /Драматургия: Өмір шындығы және көркемдік шешім.-Алматы:Үш биік,2013.2012.-378б
- 3.ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001-2011ж.ж). /Жаңа ғасыр және қазақ драматургиясы Ұжымдық монография.-Алматы: Арда,2011.-639б

ӘОЖ 82-31.894:342:950 (574)

**М.ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ
АҚИҚАТЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНДА БЕЙНЕЛЕНУІ**

Айтимов М.К.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
қауым. профессоры м.а. филология ғылымдарының докторы.

Айтимов Ж. М.

Педагогика ғылымдарының магистрі

М.Шоқайдың саяси қызметімен, шығармашылығымен танысуға Кеңес өкіметі кезінде жол берілмеді. Кеңес өкіметінің қысымымен өмірінің соңғы 20 жылын елінен жырақта, Батыс Еуропада өткізген Мұстафа Шоқай – соңғы демі таусылғанша елінің тағдырын ойлаумен, қазақ және жалпы Түркістан халықтарының тәуелсіздігі үшін күресіп өткен тарихи тұлға. Кеңестік Түркістанды ол кезде қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен, қарақалпақ, ұйғыр және басқа да ұлттар мекендегені белгілі.

Тарихи шындықты ашып айтқан абзал, Мұстафа Шоқай Қазақстанда Кеңес өкіметінің жүргізген жұмыстарының бәрін жоққа шығармаған. Бірақ Кеңес өкіметінің ол жақсылықты отар халықты мүсіркегеннен емес, өзіне керек болған соң істегенін нақты деректермен жазады.

«Мұстафа Шоқайдың большевик отаршылдарының болмысын барынша терең танып, отарлаушы мемлекетке тән барлық белгілерді кеңестік Ресейдің бойынан тауып, сонымен қатар, оның басқа отаршылдық саясаттан айырмашылығын да көрді. Ол большевиктер билігінің саяси бет-бейнесін аша білді» [1,77], - деп көрсетеді шоқайтанушы, саяси ғылымдарының докторы, профессор Әбдіжәлел Бәкір.

Ол Францияда тұрса да халқының ашаршылыққа ұшырағанын естіп, оның себептері мен зардабын анықтап, Еуропа жұртшылығына жеткізуге ұмтылған.

М.Шоқай 1933 жылдың басында, яғни ашаршылықтың нағыз өршіп тұрған кезінде Түркістан өлкесінде болып қайтқан бір шетелдіктің көзімен көріп, естіп-біліп куә болған оқиғасын «Бір «интуристің» Түркістан әсері»

деген мақаласында келтіреді. Орыс және кейбір түркі тілін білетін шетелдік Кеңес елінің көп жерін аралаған. Сондықтан бұл елге сырттан баратын былайғы жұрт аңғармайтын көптеген мәселелерді дәл аңғарып, дұрыс түсінген.

М.Шоқай оның жолжазбасын «Жас Түркістан» журналының 44-ші санында жариялай отырып, «түсінікті себептерге байланысты бұл «интуристің» атын атай алмаймыз. Сондай-ақ, оның Түркістан әсері хақында бізге әңгімелеп бергендерінің де бәрін жариялауға шарасызбыз» деп ескертеді. Сонымен, батысеуропалық азамат Түркістандағы көргендерін төмендегідей баяндайды. «Менің Түркістаннан алған әсерім: бұл елді аштық жайлаған. Қай жағына қарасаң да ашаршылықтың белгісі көзге ұрады. Орта Азия темір жолы бойында, Түрксіб бойында, станцияларда, ірі және шағын қалаларда - қай жерге барсаңыз да алдыңыздан аш адамдар шығады. Ашаршылыққа душар болғандар Түркістанның жергілікті халықтары. Елдің әр түкпірінде - Қазақстанда, Қырғызстанда, Өзбекстанда және Түркіменстанда ашаршылықтың себебі туралы жергілікті тұрғындардан сұраулар қойып, жауап алдым.

Үкімет пен партия қызметкерлерінен ашаршылықтың себебін сұрасам, қашқалақтап, өтірік жауап қайырады. Олар: «Түркістанда ашаршылық ауық-ауық болып тұрады. Төңкерістен бұрын да ашаршылық болған», - дейді. Бірақ үкімет пен партияның жауапты орындарында отырмаған қатардағы адамдар ашаршылықтың шын сырын бүркелемей ашық айтуға тырысады. Өзбекстандағы және Түркістандағы ашаршылықтың басты себебі - дәнді дақылдар егетін жерлердің макта егуге берілуінен еді. Өзбекстанда күріш жетпеуі қатты сезіледі. «Ашаршылықты тудырған себептердің бірі – колхоздар болып табылатыны ешкімге құпия емес. Алайда, үкімет пен партия ұйымдарының жауапты қызметкерлері ашаршылықтың себебін колхоздарға көз бояп кіріп алған қайдағы бір тап жауларынан көреді. Қарапайым бұқара мен қатардағы қызметкерлер істің мәнін онша көп жасырмайды. Олар колхоздарды ашаршылықтың қайнар көзі деп есептейді. Самарханда болғанымда бір белгілі коммунист маған колхоздардың Түркістанға сәйкес келмейтінін, Түркістан халқы Мәскеудің «жақсылығына» лағнет айтатынын білдірді» [2,235],- деп баяндайды.

«Қазақстан мен Қырғызстандағы ашаршылықтың басты себебі ретінде жергілікті тұрғындар колхоздармен қатар күштеп отырықшыландыруды айтады. Қызмет бабы бойынша қазақ және қырғыз тұрғындарымен жақын араласып жүрген кейбір партия мүшелері отырықшылдандыру бұл халықтар үшін аса бір тиімсіз жағдайда жүргізіліп жатқанын жасырмайды. Жаңадан отырықшыландырылатын шаруашылықтарға бөлінетін жерлердің көбі көшпелі және жартылай көшпелі жергілікті шаруалардан тартып алынып, Ресейден келген келімсектерге үлестіріп беріліп қойған және үздіксіз беріліп жатыр. Орыс шаруалары қалаған жерлеріне қазық қағып қоныстануда. Үкімет солар жағында. Жаңадан отырықшылданған қазақ-қырғыздарға не

баспана үшін немесе азық-түлік үшін ешқандай көмек көрсетпейді. Көмек көрсеткен жағдайда, ондай көмек тым мардымсыз. Ақыры отырықшылануға қажетті ең қарапайым шарт – жағдайлардың өзін әзірлей алмай, қайтадан көшпелі күйге түсуге мәжбүр болуда.

Солардың арасында Әулиеата аумағының да қазақтары бар. Мұндағы бірталай отбасы өздеріне берілген жерлерді тастап, қайтадан көшпелі мал шаруашылығымен шұғылдануға өткен. Бірақ оларда мал дейтін мал да қалмаған. Көбі ашаршалық азабын тартып өліп жатыр», - деп жазады шетелдік азамат. Қазіргі қазақстандық зерттеушілер патша өкіметінің қоныс аударту арқылы қазақтарды жерден айыру саясатын большевиктер де жалғастырғанын дәлелдеуде. И.Ямзин мен В.Вошинин сияқты кеңестік ғалымдар 1926 жылы Ресейде «Отарлау және қоныс аударудың ілімі» деген еңбек жазып, оны жоғары оқу орындарында оқытқан.

1925 жылы тарихи деректері бойынша Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің Төралқасы «Қазақ АКСР-і жеріне көшіру мен қоныстандыруды тоқтату» жөнінде қаулы қабылдаған. Ал, Қазақ еліндегі билікке келген соң Ф.Голощекин ол қаулының күшін жойғызып, 1929 жылы республика үкіметі жанынан қоныс аударушылар басқармасын ашқызған.

М.Шоқай қазақ халқының жерінен айрылғанын мынадай деректермен дәлелдей түседі: «1926 жылғы санақ бойынша Қазақстанда 6 миллион 503 мың адам тұрады. Осы санның мөлшермен жүзден отызы орыс және украин мұғажырлары (эмигранттар). 540 мың қала халқының көбі орыс мұғажырлары өлкенің ең шұрайлы жерлеріне қоныстандырылған. Олардың көпшілігі Ақмола, Қостанай аймақтары мен Семей, Жетісу және Сырдария аймақтарына суармалы егіс алқаптарына орналастырылған» - деп кеңестік отаршылдық саясаттың бір қырын аша түседі. М.Шоқай сол кезде тек Қазақстан ғана емес, бүкіл Кеңес одағы бойынша ең құнарлы жерлер саналатын Қостанай мен Ақмола аймақтарында орыс мұғажырлары қалаған жерлерін иемденген.

Мұғажырлар Қостанайда тұрғындардың жүзден 62 жарымын, Ақмолада жүзден 52 жарымын құрайды» деп көрсеткен. Сөйтіп, М.Шоқай Кеңес өкіметі шаруаларды күштеп ұжымдастыру арқылы жерден айырғанын, оларды жеке шаруашылық жүргізу құқынан айырып, мемлекетке басыбайлы етіп қойғанын жазады. Большевиктер И.Сталин 1929 жылы Сібірге барған сапарында міндеттегендей, Кеңес елін әлемдегі ең астықты елге айналдыра алмады. Бір кезде астық өндіруден атағы шыққан патшалы Ресей енді большевиктер билігі кезінде аштық апатына ұшырауда. М.Шоқай «Бүгінгі кеңестік Ресей «адам жегіштер» отанына айналды» [3,123].- деп, ресейлік большевиктер саясатын ашына сынайды. Большевиктердің көшпелілерді күштеп отырықшыландыру және ұжымдастыру саясаты Түркістанның жергілікті халқының наразылығын туғызып, қарулы күреске шығуға мәжбүрлегені тарихтан белгілі.

М.Шоқай «Атамекен жағдайы» деген мақаласында Лондонда шығатын «Дейли экспресс» газетінің № 34.12.29. санынан төмендегі телеграф хабарын келтіреді: «Кеңестік Түркістанның Ауғанстан шекарасына таяу жерінде Қызыл Армия мен жергілікті шаруалар арасында қарулы қақтығыс туылды. Осы қақтығыста 2 мыңнан аса адам қаза тапты. Түркістан шаруаларының үкіметке астық тапсырудан бас тартуы соғыстың туылуына басты себеп болғанын көріп отырмыз. Ауғанстан шекарасына жіберілген қызыл әскерлерді шаруалар қару кезеп қарсы алды. Соғыс тура бір күн жалғасты. Шаруалар тарапынан көрсетілген қарсылықтың күшті болғаны соншалық, үкімет оларды жаныштау үшін әскери самолеттерді іске қосып, улы газдармен толтырылған бомбалар тастады. Шаруалардың бір бөлігі Ауғанстан аумағына шегінді. Соғыс болған жерге «ГПУ» топтары жіберілді. Көтеріліс басшыларынан 14 адам атып өлтірілді. Шаруалардың қолындағы астық тартып алынуда». Ұжымдастырумен бір мезгілде Қазақстанда астық дайындау науқаны да белсенді түрде жүргізілген. Колхоздарда астықтың барлық қорлары, тіпті тұқым қорлары да тартып алынды. Мал шаруашылығымен айналысатын аудандарға астық тапсыру міндеті жүктеліп, қазақтар оны орындау үшін малдарын астыққа айырбастаған. Одан бөлек ет, жүн дайындау науқаны да малды жаппай союға соқтырды. Қазақстандағы сол кездегі большевик басшылардың қазақ даласының табиғи-климаттық ерекшеліктері мен көшпелі шаруашылық заңдылықтарын есепке алмай жүргізген әпербақан саясаты қазақ халқын аштыққа ұшыратты. Сонымен, М.Шоқайдың осы мәселеге қатысты еңбектерінен түйетін ой – Қазақстандағы 30-шы жылдардың басында орын алған ашаршылық большевиктердің отаршылдық саясатының тікелей зардабы болғандығы.

Ашаршылық нәубетінің айшықты көріністері Смағұл Елубайдың 2003 жылы жазылған трилогиясы – «Ақ боз үй», «Мінәжат», «Жалған дүние» шығармаларында шынайы бейнеленген.

Жазушы Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» роман–трилогиясының үшіншісі «Жалған дүние» деп аталады. Романның тақырыбы – ХХ ғасырдағы

Кеңес заманының зардаптары, шындығы (ашаршылық, сталиндік қуғын-сүргін, т.б.), идеясы – жаратылыс қозғалысындағы өмір мен өлім жалғастығының мәңгілігі. Романның мазмұны (тақырып пен идея) мен пішіні (сюжет пен композиция) жүйесінде – ХХ ғасырдың 60–80-жылдарындағы Қазақстандағы қоғамдық құрылыс кезеңі қамтылған. Кейіпкерлердің өткен өмір белестерін еске алуы, толғаныстары арқылы ХХ ғасырдың 30–50-жылдардағы оқиғалары да эпикалық баяндау кеңістігінде танылады.

Романның тақырыптық нысанына алынған кеңестік кезең келбетінің элеуметтік ақиқаты идеялық-композициялық желіде қамтылады. Нақтылап айтқанда, кейіпкерлердің психологиялық толғаныстары арқылы 20-жылдардағы қазақ шаруалары мал-мүліктерінің тәркіленуінің, жер

аударылуының, 30-жылдардағы ашаршылықтың, жаппай қуғын-сүргіннің қазақтың халықтық-ұлттық даму бағдарын бұзған апатты қасіретін кейіпкердің ішкі жан дүниесіндегі еске алу толғаныстарымен бейнелеген.

Терезеден түскен Ай сәулесіне қарап отырған кейіпкер Хансұлудың сонау балалық шағындағы тұлымшағы желбіреп, жалаң аяқ жүгіріп, айлы түндердегі ақсүйек ойнағандарын, ертерек есеюге асыққан сол бақытты күндерді сағына еске алып отырған сәті арқылы заман шындығы баяндалады. Жеке адамдардан құралған халық тағдырының сабақтас қасіретті оқиғалары реалистікпен бейнеленген:

«Алайда, Хансұлу қылтиып қыз бола бастасымен қыр тірлігі қымырандай іріді. Көкесі тәрізді билер, аяқты балпаң-балпаң басқан байлар Хансұлудың көз алдында бордай тозып, қоңыз теріп кетті.

1932 жылдың жазғытұры әлі көз алдында. Қарақалпақтың түстік тұсы. Әнеки, құм арасында томпиып-томпиып, жетімсіреп қалып бара жатқан киіз үйлер. Бұ күнді Хансұлу өлсе ұмытпас. Бір тілім нан үшін, өз үй – өлең төсегін құм арасында тастап, сонау Әму-Дария жағасындағы Қоңырат деген қалаға қарай шұбырғанын, сірә, екі дүниеде ұмыта қоймас. Қызыл қия құм арасында иесіз қалып бара жатқан үлкен ақ боз үйіне қарап, шешесі екеуі қыр үстінде көз жасын сығып тұрды-ау. Ертесіне жаяу жалпы шұбырған жұртқа ере алмай сырқаттанып, жолда бұйрат басында әкесі мен шешесі қалды. Соның бәрі әлі күнге көз алдында сайрап тұр. Әнеки, көкесі құм басында ұзынынан түсіп жатыр. Оның басын сүйеп, жанында шешесі отыр, шошайып. Бұлар – Дәу апа екеуі осы Едіге мен Түгелханның бірін жетелеп, бірін арқалап, арттарына қарай-қарай жалтақтап, көз жастарын тия алмай ұзап барады. Кетпеске лаж жоқ. Әкесі «Сіздер жүре беріңіздер! Біз сондарыңыздан жетерміз», деп бұйырған еді. Бірақ тағдыр бұларға енді қайтып кездесуді жазбапты. Ең болмаса, бір-бірлерінің өлі не тірі екенін де білуге жазбапты... О, жалған-ай!!!» [4,43-44].

Романдағы халық тағдырының, жеке адамдардың психологиялық тұрғыда сипатталуы осылайша кейіпкерлердің ойлануымен өткен мен бүгінді, болашақты сабақтастыра толғанған сәттері арқылы беріледі. Роман-трилогияның алғашқы кітаптарындағы оқиғалар желісінде де романтикалық-реалистік көркемдік әдістермен сомдалған Хансұлу бейнесі бұл романда ауырып жатқан кезіндегі оқиғалар барысында мінезделген. Ауырып жатқан кезінде де Хансұлу өзінің жақсы не жек көргенін бетке айтатын, шындықпен шындалған табиғи мінез-құлық қасиеттерінен айнымайды.

Фәниден бақиға озар сәтіне дейін осылайша мінезделген Хансұлудың ауырып жатқандағы бір мезет сергіп ғарыш кеңістігіне қарауынан да оның әуелден тіршілікке ғашық жандүние болмысы дәлелдене түскендей: «Жұлдызды, Айлы түнгі аспан келбетіне шола бір қарап еді, тойымсыз жанарына тұңғық ғалам түгел сыйып кетті. Аспанды қақ жарып, белдеулей шаңытып Құс жолы жатыр. ...Жаны қыдырып, жалғыз ғана байыз таба алмай Хансұлу жатыр. Ұзақ сапарға шығар алдында дегбірі қашқан жолаушыдай.

Түнгі Аспанмен бетпе-бет қазір жалпақ дүниеде жападан жалғыз қалғандай...» [5, 45].

Роман-трилогияның әуелгі кітаптарынан бастап талай оқиғаларды басынан өткізген кейіпкерлердің фәниден бақиға аттанар сәті жақындаған сайын ғарыш кеңістігіне, тіршілік қозғалыстарына өзгеше сергек көзқараспен қарауының да табиғи заңдылығы аңғарылғандай. Ауруы жеңіп әлсіресе де, «сезім түйсігі әлі сергек» [5,57]. Хансұлудың өзіне ғана тән өр мінезінен айнымай, өзінің отбасылық тағдырын талқандаған екіжүзді қаныпезер Ждақай есімді сұрқияға да көңіліндегі үкімін-кесімін жанжүйесімен сезіндірді. Романдағы жанама кейіпкерлердің бірі Ждақай 1937–1938 жж. қазақ ауылдарындағы жазықсыз азаматтарды НКВД-ға жамандап, жала жауып соттатып, Сібірге айдатқан, құртқызған жалақорлардың, бәлеқорлардың жинақталған тұлғасы. Романның эпикалық баяндау жүйесінде Ждақайдың, оның әкесі Жорға Күреңнің де қазақ ауылдарындағы сырты күлген, іші бұзық сұрқияларды елестететіні анық. 30 - жылдары талайды жалған жаласымен «Халық жауы» атандырып құртқан сол Ждақайдың соғысқа барып, аман келгеннен кейінгі «діндар» кейпіндегі іс-әрекеті де екіжүзділіктің нақты көрінісі.

Жазушы кейіпкерлердің әрқайсысына тән шынайы мінез-құлық қасиеттерін олардың өзара қарым-қатынастармен бағалануы арқылы дәлелдейді: «НКВД-ға домалақ қағаздарды боратып, талайдың басын допша домалатқан бұ кісәпірге сөйтіп, немістің оғы да дарымады. Бірақ, Ждақай өзгеріп оралды. Басына тақия, үстіне шапан киіп, қолына Құран ұстап, мүләйімсіген молда кейіпке түсіп келді. Молда атаулыны кешегі отызыншы жылдары өз қолымен отаған Ждақайдың бұл тақуалығына жұрт сенсе де Хансұлу сенбеді. Хансұлуды көрсе, Ждақайдың құты қашатын. Именшектеп, не істерін білмей, өзінен-өзі абдырайтын» [5,58]. Молда кейпіне түскен жәдігөй Ждақайдың Хансұлудың сау кезінде бір рет кешірім сұрағандағы кейпі («... шоқша сақал, шапанының өңірін қаусыра қымтаған Ждақай үн-түнсіз, сүметіліп, табалдырықтан аттай берді») де, сөзі де, оның тағдырының тек Алланың алдында ғана шешілетінін айтқан Хансұлудың қайтарған жауабы да – жамандықтың жақсылық алдындағы пәстігін дәлелдеу тұрғысында алынған. Хансұлудың ауруы мендеп жатқанда да кешірім сұрап келген Ждақайдың қылығының («Істеген зұлымдығы үшін енді Құдай бетін көруге қорқады»), бірақ Хансұлудың жан-дүниесіндегі жауыздыққа айтылған жүрек үкімінің қазақ даналығымен («Қалған көңіл шыққан жанмен бірдей») сәйкестігіне көз жеткіземіз: «Бұл ұзынды-қысқалы өмірінде Хансұлу талайды кешірген. Бірақ... Ждақай сенің ... кішкентайдан құлын-тайдай тебісіп қатар өскен Шеге мен Хансұлуға жасағаныңды кешіре алмас! Аулақ! Аулақ! Әзәзіл! [5,59].

Ауруы мендеп әл үстінде жатқан адамның фәнидегі жалған дүниенің қызығына тоя алмай құмарта қарайтыны, жанды қозғалыстағы жаратылыс суреттерін жанарына мол сыйғызатыны кейіпкердің жанжүйе әлемі арқылы

бейнеленген:

«Шығыс етегі қылаңыта бастаған таңғы аспан, жұлдыздар, Ай – бәрін де кейіпкер жанарымен шолады, көзі жұмылып бара жатқанда сонау жылдары «Халық жауы» атанып жазықсыз жазаланып, екінші рет ұсталудан кейін оралмай кеткен күйеуі Шегесін («Қабағында кірбің. Жалаң аяқ. Тек құр сүлдері. Жүзін көтермей ілбіп келеді») көргенмен, оның қуанбағанын Хансұлу «Шеге!» деп айқайласа да даусы шықпағанын, теріс айналып кеткенін, біртіндеп көзден ғайып болғанын – кейіпкер жанжүйесінің бақиға сапары алдындағы сезім - толғаныстары қалпымен аңғарамыз. Кейіпкердің мінез - құлық болмысындағы келбетінен бақиға аттанғанға дейін тіршілікке құштар, жамандықтан тітіркеніп, жаны сүйген жандардан, құбылыстардан рухани ләззат алуы, тоқталмаған тұлғасын танимыз.

Он бес тараудан тұратын романның идеялық - композициялық тұтастығы желісіндегі басты кейіпкерлердің бірі – Едіге. Оның көркемдік жинақтаумен бейнеленуі осы романдағы жазушылық-қаламгерлік тағдырының шиеленісті сәті түрінде берілген. «Отыз екінші жыл» атты шығармасын кеңестік саяси-идеологиялық жүйе жаратпайды, жариялауға рұқсат етпейді. Кейіпкер тағдырының осындай дағдарысқа ұшыраған психологиялық хал-ахуалы эпикалық баяндау арқылы түсіндірілген:

«Кітаптар оны жетелеп әлемнің сан алуан рухани соқпақтарын шарлатты. Демалыс күндерінің өзін сарылып, Алматы кітапханаларында өткізді. ...Сол күндерден бастап, бір бітпейтін тіршілік үшін арпалыс басталды. Сол күндерден бері, мінеки, дөңгеленіп ширек ғасыр өтіпті. Жасы елуден ауыпты. Сол ширек ғасырға созылған күрес қорытындысы «Отыз екінші жыл» болуға тиіс еді. Бұл кітап сөз майданында ширек ғасыр күрескен Едігенің жеңісі болуға тиіс еді. Бірақ мына заман, мына қоғам оның бұл жеңісін теріс қылды. Маңдайдан ұрып, майып қылды ...» [5,86-87].

Романның сюжеттік-композициялық құрылымын сабақтастыратын басты кейіпкер тағдырындағы осы дағдарысты жағдай оның бүкіл күйзелістерінің аяқталу сәтін, бақиға көшуін тездеткендей әсер береді. Кейіпкер жан-дүниесіндегі күйзелістер мен өмір қозғалысындағы шындық үндестігі де егізделе танылады: «... жас шағында теперішті адамнан көрсе, енді жасамыш шағында теперішті заманнан көріп келеді екен. Биікке ұмтылған екен, төбесі жеткізбепті, тереңге ұмтылған екен, тереңі жеткізбепті» [5,87].

Роман композициясының желісінде кейіпкердің сол «Отыз екінші жыл» шығармасын жазу барысында Кеңес өкіметінің саясатындағы қазаққа апат әкелген зардаптарын түсінгені дәлелденген.

Кеңес өкіметіндегі саяси - идеологиялық, мемлекеттік басқару жүйесінің адамдардың сана-сезімін бұғаулаған отаршылдық - өктемшілдік ықпалының салдарынан болған зардаптары роман композициясында басты кейіпкер Едігенің әр түрлі психологиялық күйзелістерімен, толғаныстарымен берілген. «Отыз екінші жыл» атты романының баспаға

жариялануға қабылданбағанынан кейінгі кейіпкер Едігенің күйзелісті хал-ахуалын автор мегзеулі мағыналы бейнелеулермен оқырманның көз алдына реалистік болмысымен елестетеді: «Бір үлкен майданда бүкіл ғұмырын бәйгеге тіккен әдебиеттегі күрес майданында тағдыр бұны оңдырмай омақастырып шалқасынан түсірді. Сонымен «қырық кісі» жеңді. Қыңыр кісі жеңілді. Едіге жеңілді. Аяқ асты болды. Езілді. Тапталды. Тапталғаны сол, Едіге енді жақын болашақта жазушы ретінде ес жиып, еңсе көтере алмақ емес. Қайта қалам алмақ емес. Ол анық. Осыны ойлағанда қараптан қарап тұрып тынысы бітелді. Жағаға шығып қалған балықтай аласұрады. Ауызымен ауа қармайды. Қазір де солай болды. Бусанып маңдайынан тері шықты. Жүзін көтеріп, алға көз жіберіп еді... тік жар тәрізді ұйып, тұтасып тұрған қараңғыдан өзге түк көре алмады» [5,63].

Кейіпкердің қоғамдық құрылыстың әділетсіз бағалауынан материалдық және рухани тұрғыдан соққы көргенінің себептері де эпикалық баяндау желісінде айқындалады. Едігенің қазақ тілін қорғап мақалалар, 30-жылдардағы аштықты, саяси қуғын-сүргінді сипаттап кітап жазғаны – бәрі халқына адал қызмет ету мұраты болғандығы дәлелденеді. Мұратына жете алмаған жанның трагедиялық тоқырауына, күйзелуіне себеп болған қоғамдық - әлеуметтік ортаның қайшылықты хал - ахуалына да ХХ ғасырдың 60–70-жылдарындағы Қазақстанның, Алматының рухани келбеті арқылы бейнелейді:

«Түрі қазақ, тілі орыс күннен-күнге көбейіп бара жатқан осы қаладағы сорлы қазақты көрсе, көңіл шырқы іркіттей іріп, айрандай бұзылады. Көшеге шықсаң болды, өзара орысша былдырласқан баланы көресің. Немересімен жат тілде шүлдірлескен атаны көресің. Қызымен орысша шүңкілдескен ананы көресің. Сонда шошисың. Айдың-Күннің аманында бұ қазаққа не болды деп. Қараптан - қарап тұрып ызаға булығысың. Ашуға тығыласың. Қаның басыңа тебеді. Мына таскерен жұрт, таскерен заманның бетіне былш-былш ұрып, біраз нәрсе айтқың келеді» [5,139]. Романның композициялық желісіне тартылған авторлық идеялық-психологиялық хал-ахуалдың айтылған мәселеден туындағаны аңғарылады.

Романдағы басты кейіпкерлердің түс көрген, күйзелген, қиналған, дағдарған сәттерінің табиғат құбылыстарымен егізделуі (түн қараңғылығы, Ай мен Күннің көріністері, дауылды жел, т.б.) де кейіпкерлермен үнемі тілдесетін, сұхбат құратын ішкі дауыс (Өктем Үн), өлгендердің рухы – бәрі де шығарма арқауындағы жеке адамның, халықтың, бүкіл қоғамдық құрылыстың қайшылықтардан құралатын мәңгілік болмысын дәлелдейді. Романның соңында Едігенің бақиға аттанар алдында Жаратушының Өктем Үнімен болған сұхбаты да қайшылықтар, қақтығыстар заңдылығына негізделген фәниден адамдардың жақсылық пен жамандық ортасында жүріп: Бұл тірлікке кең дүниенің кез-келген құбылысына таң қалған сәби күйінде келіп едің, сол күйінде таң қалумен кетіп барасың» [5,155] деген Жаратушының Өкпелі Үнімен түйінделген. Романның идеялық-

композициялық желісін саралай келгенде, зерттеуші Г. Пірәлиеваның тұжырымындағы ойлардың осы шығарманың поэтикалық болмысына сәйкестігі байқалады: «Психологиялық роман табиғатының өзі жеке адам тағдырын екі әлем, сұлулық пен ұсқынсыздық, саналы мен бейсаналы, өмір мен өлім, т.б. арасындағы ымыраға келмейтін мәңгілік құндылықтар жайындағы ой қозғауға мәжбүр етеді. Бұл – психологиялық туындыға қойылар басты шарттың бірі» [6, 7].

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ романдарындағы тарихи шындық пен көркемдік шешім талаптарының орындалуына психологиялық сипатпен жазу үрдісі шығармашылықпен қолданылуда. Бұл – қазақтың көркем прозасы дамуындағы классикалық әдебиет дәстүрін жаңаша жаңғырта дамытудың көрсеткіші.

Жүріп өткен жолымыздың ешқандай да бұрмалаусыз, тура қорытудың бірден-бір жолы - өз уақытында халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын күресте өткізген зиялыларымыздың артында қалдырған рухани мұрасын қалың оқырманның, әсіресе, жас ұрпақтың қолына жеткізу болса керек. Халқымыз үшін сондай ардақты есімдердің бірі- Мұстафа Шоқайұлы. Оның бірлі - жарым еңбектерімен оқушы қауым тек соңғы жылдары ғана таныса бастады. Дегенмен, бұл белгілі қайраткердің зор шығармашылық таланты мен ұстанған позициясының «Яш Түркістан» (1929-1939) журналы арқылы жарқырап, толық көрінгенін әркімнің біле бермеуі де мүмкін.

Гуманист - ойшыл, демократ, энциклопедиялық білім иесі Мұстафа Шоқай ағартушы, Орта Азия мен Қазақстан халықтары тарихы мен мәдениетінің жоқтаушысы болды, ағылшын, француз, неміс, түрік және араб тілдерін өте жетік меңгерді. Бүкіл ғұмырын ол Орта Азия мен Қазақстан халықтарының ар - абыройын қорғауға, шындық үшін күреске арнады. Оның жан - жүрегі өле-өлгенше туған халқымен бірге болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бәкіров Ә. Мұстафа Шоқай (Деректі хикаят). - Алматы: Бастау, 1997.-165 б.
2. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. II том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012. – 640 б.
3. Қойгелдиев М. Тұтас Түркістан идеясы және М.Шоқайұлы.-Алматы:1997.-345 б.
4. Адамзат өркениеті-тарих және қазіргі заман. Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары, 5-9 шілде 2005 ж. – Алматы: Университет «Қайнар», 2005. – 266 б.
5. Елубай С. Жалған дүние: Роман-ойтолғау. – Алматы: Қазығұрт, 2003. – 160 б.
6. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). Монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.

МҮСТАФА ШОҚАЙДЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА ИДЕЯСЫ

Апенев Б.М.

Қорқыт ата атындағы ҚУ, Қызылорда.

XX ғасырдың басында Қазақстанның тарихи өмірінде елеулі өзгерістерге толы, аса бір алмағайып оқиғалар болған еді. Атап айтқанда, бұл кезеңде қазақ елінің барлық территориясы Ресей империясының ішкі отарына айналып, өзінің саяси-экономикалық дербестігінен айрылған, орыс мемлекетінің құрамдас бөлігі ретінде танылды. Бірнеше ғасыр бойы ұлы далада қалыптасқан көшпелі өркениеттің рухани, мәдени, саяси құқықтық жүйелері дағдарыс шырмауығына маталып, қазақ қоғамында бұрын мүлдем болмаған құбылыстардың орын тебе бастағанына Ресей ықпалы тигендігі анық еді. Атап айтқанда, орыс, шетел капиталдарының енуі мен өнеркәсіп ошақтарының пайда болуы, жұмысшы тобының қалыптаса бастауы, қалалар мен поселкелердің көбеюі және т.б. құбылыстар қазақ даласына буржуазиялық қатынастардың алғашқы нышандарын таныта бастағанды. Ресей капитализмнің кеңістік шеңберде өсуі – Қазақстанда тауар айналымының күшеюіне тікелей жағдай туғызып, қазақ қоғамында да капиталистік қатынастардың дамуына ықпалын тигізді.

20-ғасырдың алғашқы ширегі қазақ қоғамы үшін дағдарысы мен қайшылығы көп кезең болды. бір жағынан, орыс отаршылдығынан құтылып, тәуелсіз ел болу жағдай болса, екінші жағынан, қоғамды шарпыған төңкеріс пен қантөгістен аман қалу өзекті болды. осындай жағдайда, қазақ қоғамында егемен ел болуды көздеген, сол жолда аянбай еңбек еткен көптеген қоғам қайраткерлері шықты. Әр заманның өзіндік болмысына сай тұлғалары болатыны белгілі.

Қазақ елінің зайырлы, өркениетті мемлекет құруы жолында олар алғашқылардың бірі болып, ой-пікірлерін қалдырып, сол мақсатта қызмет етті. Олардың еңбектеріне талдау жасасақ, сол заманның өзінде қазақ қайраткерлері қазақ мемлекеттілігінің демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуын тұжырымдағанын байқаймыз. Қазіргі уақытта құқықтық мемлекет қалыптастыру бағдарын таңдап алған еліміз үшін олардың ой-пікірлері құнды болмақ, себебі қазақтың қоғам қайраткерлері өз тұжырымдарын қазақтың сан-ғасырлық бітім-болмысымен, ділімен байланыстыра талдаған.

Біздің бұл еңбекте алға қойған мақсатымыз, осындай тұлғалардың философиялық-құқықтық көзқарастарын, ойларын ашу болғандықтан, енді М. Шоқайдың еңбектеріне, ой-пікірлеріне талдау жасап көрелік. Жалпы М. Шоқайдың әлеуметтік-құқықтық саладағы ой-пікірлері сол кездегі қазақ

ұлтының «Алаш» партиясы жетекшілерінің ой-пікірлерімен астарласып, үндесіп жатқанын байқау қиын емес. Ол кездегі қазақ зиялыларының алдындағы басты мақсат, біріншіден, ұлттық үлгіден құтылу болса, М. Шоқай бұл туралы былай деп жазады: «Түркістанға келген шын мәнінде азшылық болып саналатын және барлық жерде бөлектеніп, жеке салаларда немесе қалаларда тұратын орыстар «азшылық ұлтқа» саналмайды. Өйткені мәскеулік большевиктердің пікірінше, орыстарды «азшылық» беделін түсіргендей, сөйтіп орыстарды олардың жаулап алушылық құқынан және Кеңес Одағындағы бірінші деген мәртебесінен, бағыныштыларға жоғарыдан қараушылық ролінен айырғандай болар еді» [1, 2 б.].

Байқап отырғанымыздай, ол орыстардың жаулап алушылық, отарлық саясатын ашық көрсете отырып, бір ұлттың екіншіге үстемдігіне қарсы шығады, мұнда ол тең құқықтылық принципін көтереді. Екіншіден, қазақ зиялыларының басты мақсат – мүддесі - ұлттық тәуелсіз мемлекет құрып, жеке ел болу болатын бұл жөнінде М. Шоқай еңбектерінен мынандай жайларды байқауға болады. «Бүгін Қазақстан, Қырғызстан, Қарақалпақстан, Түрікменстан һәм Тәжікстан деп, жат үкімет күшін алты жұмхұристке бөліп тұрған Түркістан – бөлінбес, айрылмас бір өлке, Халқының қаны бір, тілі бір, діні бір. Түркістанның мақсаты - өзінің құтылысы - міллет үкіметін құрып, сэрвэз боп, өз алдына бір үкімет болып тұру [2, 2 б.]. Яғни, бұл жерде М. Шоқай тәуелсіз ұлттық мемлекетті бүкіл түркі халқы болып, бірлесіп құруға шақырады. Өйткені, ол азғантай қазақ елінің ұлы империя орыс елінің құрсауынан өз күшімен шыға алмайтынын байқаған сыңайлы. Мұнда негізінен, жоғарыда атап өткендей, түркішілдік идеясы басым жатыр. М. Шоқай алыс, бөтен орыс халқынан гөрі, жақын, қаны, тілі, діні бір түркі халқымен бірлесуге шақырады. 1936 жылы Берлин қаласында Түркістан жастарының алдында сөйлеген сөзінде М. Шоқай: «Европаның әр тарапында жүрген, бүгінгі Түркияда тұрған Түркістан жастары бірлесіңдер! Сендердің бірліктерің, сендердің бір-біріңе күш қаруларың еліміздің бақытына қызмет етпек. Бәріміздің құбыламыз - өзіміздің ата жұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ. Түрік баласы, ұмытпаңдар, бастарыңдағы бөтен елдің өкіметін шығарып тастауға тырысыңдар» - деп ұран шақырады [2, 2 б.]. Мұнда бір жағынан, түркішілдік идеясы ұлттық азаттық идеясымен астарласып жатыр. М. Шоқай осы ұлттық азаттық идеясында былай деп жазады «Халқымыз енді ұлттық мақсат-мұратымызға тек өз тағдырымызды өз қолымызға алғанда ғана шешілетінін түсінді. Ұлттық азаттық бізді бүкіл әлемнен айырып, опырып тастаудың бір Қытай дуалы болмайды. Ұлт азаттығы – халқымыздың ең заңды мәселесі. Ұлт азаттығы залымдардың зұлымдығынан, өз мүддесін ойластындардың тасасынан жұртты және халықты сақтайтын қорған» [3, 3 б.]. М. Шоқай пікірінше, Ұлт азаттығының болуы - әр халыққа тән, заңды құқығы болып табылады.

Ол: «Автономия біздің өткенімізге тән тарихи бір оқиға» - деп көрсете отырып, азаттық жолында автономиясымен шектеліп қалуға үзілді-кесілді

қарсы. М. Шоқай кеңес үкіметі «сыйлаған» Түркістан автономиясы туралы: «Бұған ұқсас түрде біз ұлтымыздың саяси өмірінің балалық шағы болған Түркістан автономиясын тек тарихи бір кезең ретінде еске аламыз» - деп жазады [3, 3 б.]. Негізінен, М. Шоқай алғашында автономия құру ісіне белсене араласып, оның алғашқы президенттерінің бірі болды. Бірақ кейіннен, бұл автономияның қандай жағдайда тарағанын негізге ала отырып, автономия алумен шектелмей, күшті, тәуелсіз, еркін ел болуды көксейді. Осы жолда ол бүкіл түріктік ұлт-азаттық қозғалысын жүргізуді алдына мақсат етіп қояды. М. Шоқай «орыс пролетариясының езгісін темір тор деп көрсете отырып, біздің ұлт-азаттық қозғалысымыздың мақсаты – бұл темір торды жұлып алып тастау» - деп көрсетеді [3, 3 б.].

М. Шоқайдың мұндағы негізгі мақсаты отарлық езгіні алып тастап, автономия емес, тәуелсіз Түркістан, Түрік мемлекетін құру жолында күресу. Бұл жайында ол: «біз ұлт-азаттық, толық ұлттық дербестік күресі үшін күрес жолына түстік» - деп жазды. Бұл ойдың қазіргі күні-біздің өмірімізде көрініс тауып отырғаны ақиқат. Яғни ұлы тұлғаның сол кездегі көтерген мәселелері осы күнгі міндеттермен сабақтасып, шешімін тауып отырғанына тарих куә. М. Шоқайдың тағы бір терең зерттеген мәселесі адамдар, халықтар теңдігі. «Жалпы адамгершілік және философиялық тұрғыдан алғанда жақсы халық, жаман халық деген ұғым жоқ, болмайды да. Халықтың бәрі бірдей, бірақ саяси тұрғыдан алғанда мәселе басқаша» - деп көрсете отырып, «халықтар өзінің саяси дайындығына, жалпы дайындық деңгейіне қарай бірнеше топқа бөлінеді» - дейді.

Мұнда тереңірек үңілсек, Батыс құқықтануындағы негізгі принцип – табиғи құқық идеясы өз көрінісін тапқан. М. Шоқай адамдарды туылуы, өмір сүруі жағынан бір-біріне тең деп есептей отырып, тек олардың саяси дайындықтары әр деңгейде екенін көрсетеді. Және, жоғарыда айтып кеткен, теңсіздік, ұлттық езгі, отарлау, үстемдік ету – осы саяси теңсіздіктен бастау алатын саяси құбылыстар. Бұл мәселенің шешімін, М. Шоқай, халықты саяси дайындау арқылы, көзін, сауатын ашу арқылы табуға болатынын дәлелдеп берді.

Біз, М. Шоқайдың тек қоғам қайраткері ғана емес, оның ұлы ойшыл, ағартушы екенін көрсетіп кеттік. Сонымен қатар, ол Батыс философиясымен қатар, Шығыс философиясымен де жақсы таныс болғанын еңбектерінен оңай байқауға болады. ол Түркістан даласына географиялық, әлеуметтік, тарихи сипаттама бере отырып, сол даланың ұлы тұлғаларымен де таныстырып өтеді. Оның ішінде ұлы ойшылдар: Әл-Хорезми Мұхаммед, Әбу Насыр Әл-Фараби, Әбу Әли Ибн-Сина, Әбу-Райхан Бируни, Ұлықбек, хұқ пен заң ғылымы саласындағы ұлы тұлғалар Бұрхан-Әд-дин Марғинани, Мұхаммед-Ибн-Исмаил Бұхари және Бабыр Сұлтанның атай отырып, олардың ойларын Батыс ойшылдарының ойларымен салыстыра зерттейді. Ол Фарабидің көптеген ойлары Ж.Ж.Руссоның, Ницшенің ойларына жақын келетінін айтады. «Қайырлы қалада» күш көрсету мен

билік таныту және олардың ролін бағалауға деген Фараби пікірі неміс философияна қарағанда тіптен кереғар. Егер де Ницше үшін қайырымдылық дегеніміз жоғарғы таптың төменгі тапты билеуі болып табылса, Фараби үшін күш көрсету мен тізе батыру – «адам философиясындағы қаталдық науқасы» деп толды» - деп көрсетеді [3, 4 б.].

Мұстафа Шоқай Қазақстанның XX ғасыр басындағы дамуы кезеңінде қоғамдық-саяси және философиялық-құқықтық ой-пікірге ерекше, молынан үлес қосып, артына өшпес із қалдырған ірі тұлға. Оның жас тәуелсіз ұлттық мемлекет құру, түрікшілдік, ұлттық азаттық идеясы, мемлекетті нығайту, өркениетті деңгейге көтеру идеяларының мазмұны мен мағынасы өзінің мәнін бүгін де жойған емес. Ғұлама қайраткердің қоғамдық, саяси-құқықтық ой-пікірлеріне сай тәуелсіз мемлекетіміздің моральдық негізін нығайту, шаңырағын шайқалтпай іс жүзіне асыру - бүгінгі күн тәртібінде тұрған көкейтесті мәселе. Айтып өткеніміздей қоғам қайраткерлері қазақ мемлекеттілігінің даму бағдарын айқындап, онда құқықтық мемлекеттің негізгі талаптары болып табылатын биліктің бөлінуі, ондағы сот билігінің рөлі, адамдар құқығының теңдігі, оның заң аясында қорғалуы, мемлекет билігіндегі заңның үстемдігі секілді мәселелерді қамтып, оларды өркениеттілік тұрғысынан шеше білген. Қазіргі күннің өзінде, аталған мәселелердің көпшілігі өз шешімін толық тапты деуге әлі де ерте, атап айтсақ сот билігінің әділдігі, қоғам азаматтарының құқықтарының заң аясында қорғалуы, әйелдер құқығын қорғау секілді мәселелер өз шешімін табуды қажет етеді. Сондықтан да, елімізде зайырлы, құқықтық мемлекет құру барысында аталған ойшылдардың ой-пікірлерін талдап, қоғам өмірінде олардың пайдалы, жемісті жақтарын алып, қолдану өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Қаратаев Б. Қазақ елінің Уставы. // Анат тілі. - 1990. - № 28.
2. Шоқай М. Түркістан жастары алдында сөйлеген сөзі. // Азат. - 1991. - №4.
3. Шоқай М. Ұлт азаттық идеясы. // Азат. - 1992. - №1.

ӘОЖ 940 (47+57):321.64:321.74:950 (574)

МУСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ КЕҢЕСТІК ТОТАЛИТАРИЗМ

Жусупов С.

тарих ғылымдарының кандидаты

Кеңестік тоталитарлық жүйенің жыртқыштық табиғатын тану сол уақыттағы алдыңғы қатарлы қазақ зиялылары тұрмақ, орыс және батыс Еуропа интеллектуальдарына да оңайға түскен жоқ. Н.Бердияев, Г.Уэллэс

сынды таңдаулы тұлғалар ғана кеңестік большевизмнің бастапқы мән-мазмұнын о бастан ұғынғандар санатынан болды. Осы тұрғыдан алғанда Мұстафа Шоқайдың большевизмді ұлы орыстық шовинизмнің көрінісі ретінде түсінуі таңқаларлық құбылыс. Большевизмнің шынайы бет пердесін әшкерелеуге М.Шоқай ондаған арнайы мақалалар жазды. Сондай іргетасты еңбектерінің бірі «Кеңестер билігіндегі Түркістан» болып табылады. М.Шоқай бұл еңбекті жазғанда алдына нақты мақсаттар мен міндеттерді қойды. Атап айтқанда, Батыстағы қоғамдық пікірде, КСРО-мен оның халыққа қарсы, зұлмат саясаты жайлы өте аз білетін. Көп жағдайларда кеңес елінің бейнесі жағымды жағынан алынып, қаралған. Оған себеп «тұңғыш пролетарлық диктатура орнаған ел», «езілген халықтардың сан ғасырлық арманы орындалған ел», «Тұңғыш социалистік ел» деген сияқты, идеологиялық дақпырттарға негізделген үгіт-насихаттың, науқанның нәтижелері еді. Сондықтан Мұстафа Батыстағы қоғамдық пікірдегі адасушылыққа қарсы бағытталған, жоғарыда аталған еңбегін жарыққа шығарды. Еңбекке тікелей түрткі болған Мәскеуге Қазан төңкерісінің 10-жылдығына барған француз жұмысшы делегациясы мүшелерінің бір тобы Орта Азияда да болды. Кеңестік идеологиялық ұйымдастырушылық дәстүр бойынша қайткен күндеде қонақтарға жақсы көрінуі үшін «Көзбаяушылық» жұмыстар қарқынды ұйымдастырылып, нәтижесінде француздардың көзқарастары шындықтан мүлде алшақ қалыптасады. Шындығына келгенде оларды ашықтан-ашық алдап, арбау басталады. Осы тұрғыда, айта кететін жайт, Кеңес елі өз халқын 70 жылдан астам уақыт шындықтан алшақ ұстағаны мәлім. Соны ең алғашқылардың бірі болып тани білгендердің қатарында ұлы жерлесіміз Мұстафа Шоқай еді. Мұстафаның алдында оңай міндет тұрған жоқ еді. Сондықтан, ол батыс оқырмандарына алдын ала өзінің тек кеңестік басылымдарға жүгінетіндігін ескертеді. Оның негізгі ескертуі: «Мүлде ойдан шығарылған!» Жалған! Ондай болған емес... Түркістандағы Кеңес өкіметі әуел бастан осындай. Түркістан кедейлердің қанына бөккен большевиктік өтірік батпағы-біздің елімізде орныққан өкіметтің негізінде, міне не жатыр.

Ол Түркістандық кедейлердің, Түркістандық әйелдер мен балалардың өлігінің үстіне орныққан. 72-75 беттер, «Жалын» Алматы-1992ж. М.Шоқайдың публицистикалық шеберлігі сонда, ол Кеңестердің Түркістандағы саясатын рет-ретімен, жүйелі түрде әшкерелейді, әрбір республикаларға жеке-жеке тоқталып, өзінің дәлелдеріне айрықша пәрмен береді. Мысалы, 1919 жылғы 5 маусымда өткен Ташкенттегі Түркістан коммунистік партиясының 3- өлкелік құрылтайының мәжілісінде сөйлеген

аңғал «Кедей мұсылманның сөзін келтіреді. Онда:- «Біздер, кедей мұсылмандар, қанды қол Николайдың кезінде мал сияқты болсақ енді қазіргі пролетарлық үкімет кезінде де сондаймыз. Одан да жаман, тіптен кеңес өкіметіне қарсыласпасақ та... өкімет өкілдері капиталистермен күресеміз деп жариялайды да, соны желеу етіп, тартып алуды және өз қалталарын кампитуды бастайды. Бір кедей пролетардың аты мен арбасы болатын, кісі тасып әулетін асырайтын. Қызыл әскер келеді де еш ақысын төлеместен атын тартып әкетеді. Әлгі кедей әулетімен аш қалып тағдыр тәлкегіне түседі. Байлардан (ауқаттылардан) тартып аламыз дегенді сылтауратып, жұрттың бәрін, қаланың (Наманганның) 84 мың тұрғынын тегіс тонады... М.Шоқай онан әрі біздің Қазақстанға, оның ішінде туған қаламыз Қызылордадағы большевиктік эксперименттерге тоқталады. Түркістанда пролетариат диктатурасын орнатушы тек қана орыстар болуы тиіс дейтін көзқарас үстем екенін ескертеді. «Мысалы, Перовскіде (Қазіргі Қызылорда) өзі би, өзі қожа Гержот отыр. Одан тұтастай халық-қырғыздар(қазақтар) үдере көшкен. Осы басқыншылықта бір миллионға жуық адам өлген. Бұдан әрі Мұстафа Шоқай Кеңестік билеушілердің кадр саясатына, құқықтық жағдайына талдау жасайды. Қылмыскерлердің жүгенсіздігі(безпредел) айрықша зерттеу объектісіне айналады. «Кеңес өкіметі миллиондаған түркістандық бұратана кедейлердің қырылуына тікелей және қаскөй кінәлілерді жазаға тартпағаны былай тұрсын керісінше, тіпті олардың бәрі бірдей Ресейдің ішкі губернияларына «партиялық тәртіп бойынша ауыстырылғанда» жоқ. Аштықты ұйымдастыруға кінәлі адамдар әлі күнге дейін Түркістанның «ұлттық республикаларында» отыр және жауапты қызметтер атқаруда. Қазақстанда жүргізілген «ұлы» эксперименттердің бірі «Кіші Қазан төңкерісі», оның бастаушысы қазақ халқының белгілі қанішері, коммунист Голощекин болатын. М.Шоқай Қазақстан басшыларының ішінде айрықша осы «қайраткерді» өткір сынға алады. Голощекиннің ойынша қазақ коммунистерінің көпшілігі сауатсыз, сондықтан партияның жоғарыдан жіберілген нұсқаулары орындалмайды дейтін пікірі шындыққа сәйкес келмейтін тұжырым. Қазақстандағы сталинизмге М.Шоқай «Голощекиншілдік» деп баға береді.

М.Шоқайдың айрықша назарында болған кеңестік практиканың бірі кеңестік «индустрияландыру». Кеңестік ресми идеологиялық насихат құрандарында бұл тарихи жеңістер ретінде суреттелетін. М.Шоқай мұндай кеңестік аңызға да қатаң шүйлігеді. Ол қазақ елінің қақ ортасында орналасқан. Риддер заводының тәжірибесін алға тартады. Заводтың барлық басқарушылары орыс ұлтынан болса, бағынушылары қазақтар болды. Оның тізгінін Кеңес Одағының орталық органдары ұстап отырғандығы жасырын емес еді. Заводтағы барлық жұмысшылар мен қызметшілердің саны 2800 адам, оның 370-і ғана қазақ. Тек қана бір жұмысшы-қазақ маманданғандар қатарына жатады, қалғанының барлығы қазіргі тілмен айтқанда қара жұмыскерлер. Завод жанында маманданған жұмысшылар даярлайтын

фабрика-завод мектебі бар, бірақ оған қазақтардың түсуі қиындатылған немесе тіптен мүмкін емес, өйткені онда қазақ тілін білетін оқытушы жоқ. Мұстафа Шоқайдың барлық мәселелерге жан жақты, кешенді түрде қарауы айрықша өзіне назар аудартады. Еңбекте ол Қазақстан мен Өзбекстанда болып жатқан кеңестік тәжірибелеуге, тек саясатшы көзбен қарамайды, оған әлеуметтанушылық, мәдениеттанушылық, статистикалық талдаулар тән. М.Шоқайдың анализдерінде бұлар бірін-бірі толықтырып отырады. Бұл орайда ол «Еңбекші Қазақ» газетінің 1927 жылдың қараша айындағы материалдарына сүйенеді. ұлт-аралық қатынастарға қатысты деректерді келтіреді. Орыс большевигі Морозовтың айтуынша: «Риддер заводында жұмысшылар арасында ұлтаралық сенімсіздік орныққан. Орыс жұмысшылары ұлы державалық пиғыл танытады...Олар жұмысшы қазақтарды өздерімен бірге бір үйде тұруға жібермейді. (82 бет) «Еңбекші қазақ»»29.ХІ.27.

Алайда келесі жылы да жағдай оңалған жоқ. Қазақ жұмысшыларының айтуынша «жұмысшылар, шахтада істейтіндер, жұмысшы қазақтарды үнемі жәбірлейді. Завод комитетінде бірде-бір қазақ жоқ. Завкомда отырған орыстар қазақ тілін білмейді де, жұмысшы қазақтар олардың алдында өз мұқтаждықтарын жеткізіп айта алмайды. Денсаулық сақтау саласындағы жағдай да дәл осының кебін киген. Дәрігер қазақ тілін білмейді, ауырған жұмысшы қазақ өз сырқатын дұрыс түсіндіре алмайды. Сондықтан да жұмысшы қазақтар медициналық жәрдем сұрап, дәрігерге бармайды. (Еңбекші қазақ №1.1928ж қаңтар).

Кәріп отырғанымыздай кеңес билеушілерінің сөз бен ісінің алшақтығына, қулық сұмдығына құрық бойламағандай. М.Шоқайдың «Кеңестердің қол астындағы Түркістан» еңбегінен, оның өзінің әріптестері А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Міржақып Дулатов және т.б басқаларға деген көзқарастарын аңдау қиын емес. «Ол-А. Байтұрсынов-әйгілі қазақ жазушысы. Ол қандай лагерді жақтаса да біздер қазақ зиялылары, оның көзқарастарының мөлдір екеніне күмән келтірмейміз. (104б бұлда сонда) М.Шоқай, әсіресе Ахмет Байтұрсыновтың «Қазақтардың Ленинге хатын» айрықша жоғары бағалайды. Одан оның ойынша А.Байтұрсыновтың қолтаңбасы мен ой өрнегі, бар екенін айқын байқайды. Сол кездегі Мәскеуде тұрған қазақ большевиктері үшін бұл хат сауатты және мазмұнды жазылған және де осы хатты Мәскеуге әкелген делегацияның құрамында да А.Байтұрсыновтың да болғанына дау жоқ. М.Шоқай, сондай-ақ, А.Байтұрсыновтың кейбір еңбектерінен кеңестік цензураның белгілерін байқаған тұңғыш авторлардың бірі. Аталмыш еңбегінде,автор негізінен басқа да қазақ зиялылары туралы пікірді білдіреді. Алайда, бізді қызықтырған бір жәйт, М.Шоқайдың Т.Рысқұловқа деген көзқарасы. Автор оның еңбектеріне «мейлінше көп сілтеме жасайды», дегенмен оның Т.Рысқұловты «Сталиннің фавориті» деуі шындыққа сәйкес келмейтіндігі бесенеден белгілі. Біздің ойымызша бұл Т.Рысқұлов туралы

мәліметтердің М.Шоқай үшін жеткіліксіздігімен түсіндірілсе керек. ХХ-ғасырдың басындағы «Алаш» қозғалысындағы идеялық ағымдар туралы мол мәліметтер алуға болады. «Шындықты жасырмаған жөн. Студент кезімде(1910-1914) университет пен жалпы орыс зиялыларының революцияшыл-демократтары арасында жүргенде Петербургты ұнататынмын. Ол заманда орыс студенттерімен қауымының бейлі кең еді».

Алайда, көп ұзамай «демократтардың да» саяси деңгейі белгілі болып қалды. Демократ Чхейдценің, бастаған жұмысыңыздың жайы қалай деген сұрауына М.Шоқай: «Біз Түркістанның автономия алғанын қалаймыз». Сондықтан «автономияға әзірлік жасап жатырмыз» деп жауап қайтарады. Чхейдзе оның жауабынан шошып кетіп: «Құдай сақтасын, Шоқайұлы жолдас, еліңіздегі жерлестеріңіз арасында автономияны ауызға алмаңыз. Біріншіден, қазір бұл туралы сөз қозғауға ерте. Екіншіден, сіздің Түркістан сияқты елде автономия дереу дербестік алып, бөліну деген мағынаны аңғартады»- үрейленуі көп нәрседен хабар бергендей. Алайда, грузин Чхейдзенің де үміті ақталмаған еді. Осындай оқиғалардан кейін М.Шоқай басқа қазақтың зиялыларынан ертерек қимылдап, оған шетелге кету туралы ойдың да бұрынырақ келуіде кездейсоқ емес. Халқымыздың біртуар перзенті, түркі халықтары тәуелсіздігінің жаршысы, Тұранның алыбы Мұстафа Шоқай шетелде жүріп те күресін тоқтатқан емес. Ол «Яш Түркістан» журналының редакторы болды, оның 117 санын шығарды. Егемендігіміздің 28 жылдық мерекесі аталып өтілген биылғы жыл, алдағы жылдарда да Мұстафаның есімі бұрынғыдан да бетер айшықтана түспек.

Әдебиеттер:

1. Түркістанның қилы тағдыры. Алматы-1992
2. М.Шоқай «Кеңестер билігіндегі Түркістан», Париж, 1935 жыл
3. «Ана тілі» Алматы, 10,17,27 мамыр 1990ж.
4. Сарбұлақ Ибрашұлы. Мұстафа Шоқайұлы. Тасбөгет-1993ж.
5. Ә.Бәкірұлы «Түркістан Автономиясы» Сыр бойы, 5 қаңтар 1999ж.
6. К.Панзабекұлы. Жаңарған жас Түркістан. Қазақ елі, №5 2001ж.
7. И.Шамшатов. Рухани мәдениет және өнегелі құндылықтар. II ҚЖМ 2-2000.

ӘОЖ 323.329:950 (574)

ШОКАЙ И УСТАНОВЛЕНИЕ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ТУРКЕСТАНЕ

Караманова М.С.

кандидат исторических наук.

История представляет собой сложный процесс череды исторических событий, явлений, где главные действующие лица - это огромное

количество людей, взаимодействующих в какое-то определенное историческое время, период. Одно поколение сменяет другое, но содержание деятельности людей всегда состоит из стремлений, желаний, чаяний, надежд на лучшую жизнь, чем сейчас, в настоящее время. Но деятельность людей всегда должна направляться в определенное русло, в зависимости от того, кто ведет их за собой, герои, выдающиеся личности, которые могут выражать их устремления и надежды. Поэтому в истории имеет большое значение вопрос о характере и степени влияния личности на исторические процессы, события. В ряду выдающихся личностей могут быть как положительные, так и отрицательные герои, народ может поддерживать и того, и другого. В мировой истории множество примеров этого явления. Но, конечно же, созидательная роль личности, ведущая к развитию, расцвету общества - это всеобщая закономерность. Такой созидательной личностью в истории нашей страны является Мустафа Шокай - выдающийся государственный, политический, общественный деятель, ученый, публицист, гражданин, патриот своей родной земли.

Шокай с юности был вовлечен в общественно-политическую жизнь своего края, активно включается во все политические события, которые происходили в период политических потрясений в мире, в России, казахском крае, во всем Туркестане. В 27 лет возглавил Мусульманский центр, образованный на конгрессе мусульман в Ташкенте, издает газету "Бирлик Туы", где впервые озвучил идею независимости всех народов Туркестана, ради которой он вел борьбу до конца своей жизни. В ноябре 1917 года после революции возглавил Туркестанскую (Кокандскую) автономию, входит в состав правительства Алаш-Орды. Но в условиях подавления Туркестанской автономии, М.Шокай отказавшись признать Советы, вынужден был эмигрировать в Грузию, дальше в Турцию, Европу.

Почти половина жизни М.Шокайя пришлась на эмиграцию, но тесная, духовная связь с родиной не прервалась. Наоборот, наперекор всем и вся, его политическая борьба активизируется по всем направлениям. Практически, М. Шокай единственный из всей плеяды политической элиты Казахстана того периода смог распознать, раскрыть и вести борьбу с истинной сущностью новой Советской власти. Судьба народов Туркестана, все исторические события на родине, уже в советской стране, политические и экономические перемены, судьбы казахской интеллигенции и многие другие вопросы становятся предметом его политической и общественной жизни в эмиграции. Он организует выпуск газет, журналов, 1927 год - журнал "Жана Туркестан", 1929 год - журнал "Яш Туркестан", член редколлегии журнала "Прометей"-органа национальной защиты народов Кавказа, Украины, Туркестана. Зная европейские языки М.Шокай выступает во многих столицах Европы - Париже, Лондоне, Варшаве, Стамбуле с политическими докладами и обзорами о ситуации в Советской стране, положении народов Туркестана.

Сегодня политическое, научное наследие М.Шокая имеет огромное историческое значение, необходимо продолжать работу по изучению его политических мыслей, идей, всего политического мировоззрения. Это необходимо для сегодняшнего и будущих поколений нашего общества для осмысления настоящего и будущего Казахстана. основополагающей идеей его политического наследия является идея борьбы и достижения независимости народов Туркестана - казахов, узбеков, каракалпаков, киргизов, таджиков, туркмен, независимо от национальной принадлежности. Уже с первых лет в эмиграции он выступает перед международной общественностью с речами, докладами о туркестанском национальном движении о выступлениях народов против насильственной политики Советской власти, изобличает советское правительство, большевиков, которые продолжают колониальную политику царизма среди угнетенных народов национальных окраин России, критикует советскую политику и экономику в первые годы советской власти, издает монографии "Советы в Центральной Азии" (1928), "Туркестан под властью Советов"(1935). О сути большевистской политики в первые годы советской власти М.Шокай высказался довольно ясно: "Грязь большевистской лжи, замешенная кровью туркестанской бедноты - вот что лежит в основе той власти, которая утвердилась в нашей стране". (1) М.Шокай приводит выписку из постановления ЦК РКП от 29 июня 1920 г. "Отношения между пришлым европейским населением и коренными народами Туркестана за два с половиной года Советской власти, находившейся в руках тонкой прослойки русских рабочих, зараженных колонизаторской психологией, не только не изменилось к лучшему, но еще более обострились, благодаря своеобразным "коммунистическим" действиям, рассматриваемым поработанным коренным населением, как продолжение действий агентов старой царской власти и по существу являющихся таковыми."(2) В этом же документе имеется пункт "е", предлагающий: "Уравнять в продовольственном отношении туземное городское население с русским и принять меры по улучшению продовольственного положения туземных крестьян. "Это партийный документ, полный цинизма по отношению к местному населению. Это после голода и гибели 1 140 000 душ туркестанской бедноты. Эти вопиющие факты говорят лишь об одном - истинном отношении Советской власти к местному коренному населению национальных окраин, прежде всего Туркестана.

М.Шокай, опираясь на официальные источники Советской власти, которая сама вынуждена была констатировать факты ужасающей действительности в Туркестане, позже они были изъяты, делает выводы о том, что революции как таковой в казахском крае не было, но революцию народ встретил с воодушевлением, с надеждой на изменения своего положения, но получил продолжение политики предыдущего царского режима. Это были далекие 20-30-40 годы прошлого столетия, когда

М.Шокай прозорливо раскрыл и громогласно изобличил на весь мир всю сущность тоталитарной политики Советской власти. Сегодня с высоты ушедших в историю десятилетий, мы понимаем, что Мустафа Шокай - провидец, который в то далекое время не просто изобличал советскую власть, деятельность большевиков, а именно твердая убежденность и вера в крушение советской диктатуры была стержнем его политической борьбы за достижение независимости и свободы народов Туркестана. "Национальная независимость-это не есть "китайская стена", отгораживающая нас от всего остального мира. Национальная независимость - это не покушение на чьи-то права. Нет. Национальная независимость - защита нашей страны, своего права от насилия угнетателей..." (3) Эти слова М.Шокая как никогда актуальны и сегодня, мы должны беречь нашу свободу и независимость, стремиться сохранить их на века.

Список использованной литературы

- 1.М.Шокай Туркестан под властью Советов. Полн.собр.соч. в 12 томах,8т.,с.315
- 2.М.Шокай Туркестан под властью Советов. Полн.собр.соч. в 12 томах, 8 т.,с.315-316
- 3.М.Шокай От автономии к независимости 1917- декабрь -1930. Полн.собр.соч. в 12 томах, 5т.

ӘОЖ 329.73:950 (574)

ҚОҢЫРҚОЖА ҚОЖЫҚОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Енсепов Б. Б.

тарих ғылымдарының кандидаты, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің аға оқытушысы.

Қоңырқожа Қожықов Ташкенттегі мұғалімдер семинариясын бітірген санаулы түлектердің бірі. Түркістан өлкесінде жадиттік қозғалысты ұйымдастырушы, тұңғыш қазақ балаларына арнап әліппе жазған белгілі ұстаз.А.Байтұрсынов пен бірге, 1913 жылы «Қазақ» газетін ұйымдастырушы. «Иллиятия» (Көшпенді) ұйымының төрағасы, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депудаттыққа кандидат,Түркістан (Қоқан) автономиясы үкіметі министрлер кеңесінің жауапты хатшысы болған. Кеңес үкіметі кезіндегі Ташкенттегі Қазақ ағарту институтын негізін қалаушылардың бірі. Ағартушы-ғалым. Алматыдағы Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар қорын толықтыруға ықпал жасаған.

Қоңырқожа Қожықов1880 жылы Перовск уезінің «Хан ағашы» деген жерде, қазіргі Қызылорда облысы, Сырдария ауданы Қоғалы көл ауылындағы «Қожық» қыстауында дүниеге келген. Зерттеуші-этнограф

Тынышбек Дайрабай «Қоңырқожаның нағашылары яғни, әкесі Қожық қожаның зайыбы кіші жүз ханы болған Әбілхайыр ханның ұрпағы Ерім төренің қызы, ал өзінің жолдасы Латифа атақты Лапиндер әулетінен шыққан»[1, 54 б.] - дейді. Ал, Қоңырқожа Қожықовтың арғы тегі сонау орта ғасырда Орта Азиямен қазақ даласына дін таратқан Қорасан қожадан бастау (Әбжәлел баб – Б.Е.) алады. Қорасаннан – Құрбан, одан Көшек. Көшектен Әзқожа, одан Алтайбек ахун – Қожық. Қожықтан Қоңырқожа болып өрбиді[1, 55 б.]. Оның, 1930 жылы ОГПУ тарапынан тұтқынға алынып, сол жылдың 22 сәуірінде тергеушілерге берген жауабында шыққан тегін қазақта, қырғызда, өзбекте, түркіменде емес, қожамын» [2, 34-35 бб.] - деп көрсеткені елаузындағы шежірелік мәліметті нақтылай түседі. Сонымен бірге, Ұлттық қауіпсіздік мұрағатының тергеу ісінде оның ОГПУ басшыларының атына жазған өмірбаянында «үлкен әкесінің Кенесары Қасымұлымен қызметтес болғаны, кейін Кенесары өлгеннен соң Сыр бойына қонысаударғаны» баяндалған[3, 60 б.]. Ол, Ақмешіттегі 4 сыныптық орыс-бұратана мектебін, 1904 жылы Ташкенттегі мұғалімдер семинариясын бітірген[2, 34 б.].Ташкентте семинарияда оқып жүріп, саяси жұмыстарға белсене араласқан. Атап-айтқанда, Ресей империясындағы түркі-мұсылман халықтарын бірлікке үндеп, жадиттік қозғалыстың көшбасында тұрған И.Гаспринскийдің идеяларына қаныққан. Әсіресе, патша үкіметінің білім беру жүйесін орыстандыру саясатымен ұштастырғанын, әрі түркі-мұсылман халықтарының талап-тілектерін ескермеу бағытындағы ұстанымын өткір сынға алған И.Гаспринскийдің «Русское мусульманство» атты еңбегімен де танысқан[4, 37 б.].Сонда революционер Георгий Вяткинмен танысып, алғаш рет «Искра» газетін оқыған[3, 60 б.].Сминарияны бітірге соң, сол жылы күзде Самарқан облысындағы Үргіт деген жердегі ауылға барып мұғалімдік қызметке орналасқан[2, 34 б.].Сүйтіп ол өмір жолын мұғалімдік соның ішінде жадиттік-ағартушылық қызметтен бастайды. Қоңырқожа Қожықов Перовск, Әндіжан қалаларында, Қарнақ қыстағында жадиттік мектептер ұйымдастырып, 1912 жылы Орынбор қаласында Фатих Каримовтың баспасынан қазақ мектептеріне арналған тұңғыш «Әліппе» шығарған[5]. Бұның өзі Қ.Қожықовтың өз мамандығын сүйген талантты ұстаз болғандығын аңғартады. Сонымен қатар, осы жылы аталған баспадан А.Қасымов, С.Жәңгіровпен бірге «Русие патшалығында Романов нәсілінен хукірманлық қылған патшалардың тарихлары» атты еңбегі жарық көрді[6, 39 б.].Сондай-ақ ол «Түркістан уалаяты» газетіне «Жаяу Қоңыр» деген бүркеншік есіммен бірнеше мақалалар да жазған[1, 54 б.].

Қоңырқожа Қожықұлының қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуына тікелей 1905-1907 жылдары Ресейде болған бірінші орыс революциясы әсер еткен. Әсіресе, осы жылдары Ресей империясындағы түркі-мұсылман халықтарының мүддесін қорғау жолдарын қарастыру мақсатында үш бірдей мұсылман съезі өткізіліп, онда «Ресей мұсылмандары одағының» құрылуы Қоңырқожа Қожықұлына өз ықпалын тигізген. Сол кезде Қ.Қожықов түрік халықтарының бірлігі идеясын жақтаушылардың бірі ретінде Түркістан аудандық күзет бөлімінің қадағалауына алынады[4, 37 б.]. Оның ОГПУ басшыларына берген өмірбаянында «Столыпин кезінде қазақ жеріне Ресейдің орталық губерниясынан переселендер қайта-қайта үзіліссіз ағалып жатты. Қазақтар өзінің мекендеген жерінен аяусыз тақырға қуылды. Патша үкіметінің қазақ еліне жасаған қанаушылық саясатында ешбір шек болмады. Бұл жағдай әрине маған қатты әсер етіп, жергілікті әкімшілік орындарының үстінен көптеген арыздар мен петицияларды Петербургке қайта-қайта жолдадым. Соған байланысты мені бір уезден екінші уезге ауыстырып отырды. Әкімшілікке қайтсем жағамын деген оймен Романовтардың үй жайына көпшілікпен бірге қазақ тілінде еңбек жаздым. Бұл, әрине, мен үшін масқаралық жұмыс болатын. Себебі, еңбекте қазақ халқының патша үкіметіне бағынуы насихатталған еді. Бірақ мұнымен мен әкімшілік орындарының ықыласын өзіме аударма алмадым»[3, 60 б.] - деп баяндайды.

1912-1913 жылдардағы Балқан соғысы кезінде патшалық Ресейдің түркі-мұсылман халықтарының зиялылары арасында Осман түріктерінің пайдасына орай қаражат жинауға Түркістан өлкесінің қазақтары да қатысқан. Солардың қатарында Созақ мектебінің ұстазы Е.Қасымов, тілмаш С.Өтегеновтермен бірге, Қарнақтағы орыс-түзем мектебінің оқытушысы Қ.Қожықовта тартылған. 1912 жылы 13 қарашада Түркістан аудандық күзет бөліміне келіп түскен мәліметте олардың жинаған қаражат көлемі 40 мың сомды құраған. Сонымен бірге, осы жылы Қ.Қожықов империя астанасы болған Санкт-Петербургте мешіт салу ісіне тікелей араласып, ол Шымкент уезінің Түркістан бөлімшесіндегі жергілікті халықтан қаражат жинастыруда белсенділік танытады. Жалпы империя астанасы Санкт-Петербургте мешіт салу туралы идеяны алғаш рет 1881 жылы Орынбор мұсылмандары діни басқармасының мүфтиі С.Тевкелев тарапынан көтерілген болатын. Идеяны сол кезде император қабылдап, мешіт салу үшін қаладанжер телімі бөлінген еді. Осы мешіттің құрылысы Романовтар әулетінің билікке келуінің 300 жылдығын тойлау қарсаңында аяқталады[7, с.349.].

1907 жылғы патша үкіметінің «үшінші маусым заңы» бойынша қазақтар Мемлекеттік думаға депудат сайлау құқығынан айырылып, онда өздерінің талап-тіліктерін білдіре алмайтын деңгейге түскен болатын. Міне қазақтардың Мемлекеттік думаға сайлау құқығын қалпына келтіру бағытында ұйымдастырылған іс-шаралардың бел ортасында Қ.Қожықов жүрді. Ол III-ші Мемлекеттік думаның жұмысы кезінде бұл мәселеге орай мұсылман фракциясына Түркістан халықтары атынан арнайы хат жолдайды. Оның хатында жергілікті халықтың жер, оқу-ағарту және дін мәселелеріне байланысты туындаған жайттар айтыла келіп, осыларды шешуге ықпал етудің бірден-бір жолы қазақтардың Мемлекеттік думаға сайлау құқығын қайтарып беру екендігі көрсетілген. IV-ші Мемлекеттік думаға сайлау науқаны қарсаңында Қ.Қожықов А.Байтұрсыновпен бірге Мемлекеттік думаға сайлау құқығы сақталып қалған Орынбор губерниясындағы татар халқының өкілдеріне арнайы мәлімдеме жасап, Орынбор өңірі татарлары атынан бір қазақ депудатын сайлау жөнінде өтініш білдірді. «Вақыт газетінің редакторы Ф.Каримов бұл өтінішті өз газетінде жариялап, барынша қолдау жасайды. Қазақтардың депудаттыққа орын сұраған өтінішін Троицкідегі татарлар қолдап, Ж.Сейдалинге сайлауға түсуге ұсыныс жасайды [4, 38 б.]. Бірақ-та мұндай талпыныс патша үкіметінің отарлық саясаты қарқынды жүргізіліп жатқан кезде нәтиже бермеді. Сонымен қатар, А.Байтұрсынов пен бірге, қазақ тілінде газет шығаруды қолға алып, нәтижесінде 1913 жылы «Қазақ» газетінің алғашқы санын жарыққа шығарды. Бірақ газеттің жағдайы қаржының тапшылығына байланысты тұрақсыз болды. Дегенмен Қожықовтың ұсынысымен «Азамат» атты ұйым құрылып, соның көмегімен Қазақ газеті 1918 жылдарға дейін шығып тұрды [3, 61 б.].

Ал 1914 жылы бірінші дүниежүзілік соғыс басталғанда Қ.Қожықов, С.Лапинмен бірге Түркістан өлкесінің Ресейден бөлініп, өзінше тәуелсіз мемлекет болғанын қалады. Қожықовтың бұл ойын Түркістан станциясының жандарм басқармасы біліп, Петроградтағы жасырын полициялық бақылау органының нұсқауымен үстінен қылмыстық іс-қозғалып, тергеуге алынды. Ол аталған тергеу ісінен тек 1917 жылғы ақпан төңкерісінен соң біржолата құтылды [3, 62 б.]. Осыдан соң жергілікті халықтың тілі мен дәстүрін жақсы білетін, орысша сауаты бар оны Әндіжан қаласындағы мемлекеттік банктің филиалы өзіне ұсақ кредиттер бойынша инженерлік қызметке шақырып, онда 1917 жылғы ақпан төңкерісіне дейін істейді [2, 35 б.]. Осы қызметті атқара жүріп ол «Голос Туркестана» газетінің редакторы белгілі

эсер В.Чайкинмен танысып оның өтініші бойынша газетке ауылдық жерлердің жағдайларын жазып тұрды[3, 62 б.].

Қ.Қожықов 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде патша үкіметінің Түркістан өлкесіндегі жергілікті халықтарды жазалау саясатына ашық қарсылық білдірді. Әсіресе оның ОГПУ басшыларына жазған өмірбаянында «генерал Куропаткинге жазалау отряды мен орыс мұжықтарының мейрімсіз және аюандық іс-әрекеттерін баяндап хат жазғанын, Ташкентте эсер В.Чайкиннің редакторлығымен шығып тұрған «Голос Туркестана» газеті редакцияның ұсынысына қосылып, Түркістанға Мемлекеттік Думаның мұсылмандар фракциясының уәкілдерін шақырып, көтерілістен кейінгі репрессия нәтижесімен танысуды талап еткенін көрсеткен. Осыған байланысты Ташкентке 1916 жылы тамыз-қыркүйек айларында Тевкелеев, Керенский және Шоқаевтар келіп, Чайкиннің үйінде кездесіп, қолындағы бар құжаттарын тапсырғанын» [6, 40 б.] - баяндаған.

Қ.Қожықов 1917 жылғы саяси өзгерістер тұсында да қоғамдық-саяси өмірге белсене атсалысып, Түркістан өлкесінің жергілікті халқының мүддесін қорғау бағытында ұйымдастырылған іс-шараларға араласқан. Әсіресе, осы жылдың алғашқы айларында орнаған уақытша үкімет Қоңырқожа Қожықовты Әндіжан уезіндегі учаскелік комиссары қызметіне тағайындайды[2, 35 б.]. 1917 жылы 17 маусымда Әндіжан қаласында Ферғана өңіріндегі қазақтар мен қырғыздар бас қосқан жиналыс кезінде «Иллиятия» (Көшпенді) атты ұйым құрылғанда оның төрағасы болып Қ.Қожықов сайланды. Ұйымның мүшелері қатарында К.Достов, С.Келгенбаев, Б.Мейірбеков секілді жергілікті халық өкілдері болды[8].

Көрнекті тарихшы Сәулебек Рүстемов Қ.Қожықов және түркі-мұсылман халықтарының азаттық қозғалысы тақырыбындағы зерттеу мақаласында «Уақытша үкімет жағдайында қалыптасқан ахуалға сай Қ.Қожықов төрағалық еткен «Иллиятия» ұйымы Ферғана өңіріндегі жергілікті халықтардың саяси белсенділігін арттыру, тұрғындарды Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына әзірлеу, азық-түлік және жер комитеттеріне өз өкілдерін енгізу арқылы жергілікті халықтың мүддесін қорғау бағытындағы іс-шараларды жүзеге асыруға тырысты»[4, 39 б.] - деп жазды.

Қ.Қожықов 1917 жылы 2-5 тамыз аралығында Ташкент қаласында өткен Түркістан өлкесі қазақтары мен қырғыздарының съезінде «Иллиятия» ұйымының атынан қатысты. Бұл съезге қатысқан 82 өкілдің қатарында С.Асфендияров, М.Тынышбаев, И.Тоқтыбаев, Ә.Кенесарин, С.Қожанов,

Е.Қасымов секелді қазақ қайраткерлері болды. Съезде Түркістан өлкесіндегі қазақтар мен қырғыздарды Уақытша үкіметке қолдау көрсетуге шақырған қаулы қабылданды. Бұдан өзге съезде Ресейдің болашақ мемлекеттік құрылысы, жер-су, халық ағарту ісі, сот, дін, баспасөз, Жетісудағы қазақ-қырғыз босқыншылығы, әйел мәселесі, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидаттар белгілеу секілді мәселелер қарастырылды. Құрамында Қ.Қожықов бар делегаттар Ресейдің Федаративтідемократиялық республика болып құрылуын қалайтындарын, Түркістан өлкесіне аумақтық автономия берілуін жақтайтындықтарын танытты. Съезд орыс қоныс аударушыларына деп алынған жерлер, орыс ақсүйектерінің меншіктеп алған жерлері қазақтар мен қырғыздарға тоқтаусыз, тез арада қайтарылсын; қазақтар мен қырғыздарға тоғайлар мен ормандар ішіне мал бағуға рұхсат етілсін; суару жүйелері жеке адамдардың қолынан «земство» қарауына өтсін; орыс қоныс аударушыларының Шу мен Сырдария өзендерінің суын тиімсіз қолдануға шектеу қойылсын; қазақтар мен қырғыздарды өлкелік азық-түлік комитеті күнделікті тұтыну заттарымен қамтамасыз етсін; оқу (бастауыш білім алу) жалпыға бірдей міндетті болсын; мектепте балалар ана тілінде оқысын; оқу кітаптары мен баспасөздер «Қазақ» газеті қолданған емілемен жазылсын; орыс-түзем мектептері жабылсын; олардың орнына ұлттық мектептер ашылсын; өлкедегі қазақтар мен қырғыздардың өз алдына бөлек муфтилігі құрылсын; «Бірлік туы» газеті қазақтар мен қырғыздарға ортақ басылым болсын; әйелдердің саяси құқығы ер азаматтардың құқығымен теңестірілсін; қалың мал жойылсын; 16 жасқа толмаған қызға және 18 толмаған жігітке некеге тұруға рұхсат етілмесін; өлкедегі қазақтар мен қырғыздардың ұлттық қазынасы құрылсын; Жетісудағы 1916 жылғы көтеріліскезінде Қытайға өтіп кеткен қазақ-қырғыз босқындарына мемлекет көмегі ұйымдастырылсын; елге оралған босқындарға орыс қоныс аударушыларының қысым көрсетуі доғарылсын; босқындарға ұлттық ұйымдар арқылы жылу жиналсын деген қаулылар қабылданды[9].

Қ.Қожықов 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда өткен І-ші жалпы қазақ съезінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды[10, 378 б.]. Ол сондай-ақ 1917 жылы 26-28 қарашада өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының төтенше съезіне қатысты[11]. Түркістан өлкесін автономия деп жариялаған бұл съезд 54 адамнан тұратын Түркістан уақытша кеңесін құрды. Оның құрамында Қ.Қожықовта болды. Түркістан уақытша кеңесі 12 орыннан тұратын

Түркістан автономиясының Уақытша үкіметін бекітті. Оның төрағасы және ішкі істер министрі Мұхамеджан Тынышбаев, сыртқы істер министрлігі Мұстафа Шоқай, Ішкі істер министрінің орынбасары Әбдрахман Оразбаев, министрлер кеңесінің жауапты хатшысы болып Қожырқожа Қожықов тағайындалды [12, 444-445 бб]. 1917 жылдың желтоқсан айының басында Орынборда өткен II-ші жалпықазақ съезінің шешімі бойынша 1918 жылы қаңтарда 72 өкіл қатысқан Сырдария қазақтарының съезі шақырылып, онда Алаш автономиясына бұл өңір қазақтарының қосылуы немесе қосылмауы мәселесі талқыға түседі. Съезде егер Алаш автономиясы Түркістан автономиясымен одақ құрған жағдайда Түркістан қазақтарының Алаш автономиясының енетіндігі жөнінде шешім қабылдайды. Бұл жиынға Қ.Қожықовта қатысты.

Жалпы алғанда, елімізде кеңестік билік толық орнағанға дейін Қ.Қожықов көптеген қоғамдық-саяси және ағартушылық үдерістерге белсене араласып, Орта Азия халықтары мен Қазақстанда танымал қайраткер бола білді.

Қоқан автономиясы жеңіліске ұшырағаннан кейін ол, күннен күнге күшейіп келе жатқан билеуші тәртіпке қарсы күрес жүргізу қажетсіз, тіпті зиян екенін түсінді. Сондықтанда, қазақтың алдыңғы қатарлы зиялыларымен тізе қосып, кеңес өкіметі мен коммунистік идеологияға қарсы күресті рухани салаға ауыстырып, күрестің «бейбіт» жолдарын таңдайды. Қоңырқожа Қожықов Кеңестік билікке қызметке кіріп, Ташкенттегі шағын банкте инспектор міндетін атқарды. Осы қызметте жүрген Қ.Қожықов сол кездегі кеңес қайраткері Полторацкийден қазақ зиялыларын Совет жұмысына қызметке тарту жөнінде тапсырма алады [2, 35 б.].

1918 жылы Түркістан автономиялық кеңестік социалистік республикасы құрылғаннан кейін өлкенің рухани өмірінде жаңа бетбұрыстар болды. Әсіресе, 1918 жылдың 12 қарашада өткен Түркістан Республикасы Ағарту халкомы алқасының мәжілісінде Ташкент қаласында Қазақ педагогикалық курстарын ашу жөнінде қаулы қабылданды. 1918 жылы 22 қарашада жаңадан ашылған өлкелік қазақ педагогикалық курсына (курс меңгерушісі И.Тоқтабаевтың ұсынысымен) мұғалімдікке Хиуадан Әбділазиз Байсейтов, Шымкенттен Сегізбай Айзунов, Перовскіден Қоңырқожа Қожықов шақырылды [13, 37 п]. Қысқа мерзімде оқытушылар құрамы мен тыңдаушылар санын жинақтай алған оқу орнында нақты оқу-тәрбие ісін жолға қою мақсатында 1918 жылы 2 желтоқсан күні арнайы «Педагогикалық алқа» құрылып, оның мүшелігіне Хайретдин Болғанбаев,

Сұлтанбек Қожанов, Фазыл Құлтасов, Емберген Табынбаевтар мен бірге Қоңырқожа Қожықов сайланды[14, с.6].

Түркістан коммунистік партиясының Орталық Комитеті Атқару бюросы 1920 жылы 19 қазанда өткен мәжілісінде «Ақ жол» газетін шығаруға шешім қабылдайды. Соның негізінде 1920 жылы 7 желтоқсанда газеттің алғашқы саны жарық көріп, оның редакция коллегиясына Иса Тоқтыбаев, Хасан Алиев, Абдулла Байтасов, Хади Илаевтар мен бірге Қоңырқожа Қожықовта болды[15, 50-52 пп]. Жалпы Қ.Қожықов қазақтың басқа да зиялылары мен бірге, «Ақ жол» газеті мен «Шолпан» журналының төңірігіне топтасып, өлкедегі ұлт мүддесіне қатысты істерге бастамашыл болып, оны ел арасына жеткізуде елеулі ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізді.

Түркістан басшылығы уақыт талабына сәйкес, 20-жылдардың басында ақ республиканың ұлттық мектептері үшін білікті мұғалім кадрларын дайындауға арналған ірі педагогикалық оқу орнын (Қазақ ағарту институты) ұйымдастыру шараларын қолға алады. Бірақ жаңа оқу орнын ашу билік құрылымдары мен қаржы мекемелерінің қалыптасып бітпеген жағдайында аса ауыр болды. Осыған байланысты 1920 жылы 15 тамызда уақытша комитеттің алғашқы мәжілісі өтіп, онда Қ.Қожықовтың «Қазақ халық ағарту институтының Ережесіне сәйкес қайта құрылатын Қазақ педучилищесі мен оның жанындағы еңбек мектептерін тарату мерзімі мен тәртібі туралы» баяндамасы тыңдалды. Баяндаманы талқылағаннан кейін Қазақ ағарту институтының жұмысын жақсарту мен күшейту туралы қаулы қабылданды[16, 31 п]. Қ.Қожықовтың төрағалығымен өткен осы мәжілісте комитет мүшесі Х.Досмұхамедовтың Қазақ педагогикалық училищесі ғимаратының санитарлық жағдайы бойынша жасаған баяндамасы тыңдалды[17, 5 п]. Ағарту комиссариатының Алқасы 21 тамызда Ағарту институтын құру жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамын өзгертіп, төрағалыққа И.Тоқтыбаевты бекітеді де, оның орынбасарлығына Есенов, мүшелігіне Х.Досмұхамедов, Н.Көшербаев, Қ.Қожықовтар тағайындалады[18, 59 п]. 1920 жылы 20 тамызында Қ.Қожықов, Н.Көшербаев, Х.Досмұхамедов сынды зиялылардың бас қосуымен болған ұйымдастыру комитетінің кезекті отырысында Қазақ ағарту институтының оқу бағдарламасы туралы мәселе қаралып талқыланады[19, 14 п]. Нәтижесінде 1920 жылы 1 қазанда Ташкент қаласында Қазақ халық ағарту институты ашылды[20, 1-2 пп]. Міне Қ.Қожықов осы Қазақ ағарту институтында тарих, география пәндерінен дәріс берумен қатар[21, 18 п],

Өлкелік Халық ағарту комиссариаты құрған Мемлекеттік ғылыми комиссияның жанындағы «Талап» қоғамының мүшесі ретінде халық ағарту ісіне белсене араласады [1,54 б.]. Сонымен қатар, мемлекеттік банк меңгерушісі қызметін қоса атқарды. Өлкедегі «Қосшы» одағын ұйымдастырушылардың және басшыларының бірі болды. Сонымен бірге, Қ.Қожықов Жетісу облыстық революциялық комитетінің мүшесі ретінде 1921 жылы басталған жер реформасының бақылау міндеті жүктеліп, сол жылы ол Түркістан өлкелік Кеңестер съезінде сол аймақтың Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланды [2, 35 б.]. Міне осы кезден бастап Қоңырқожа жер бөлу, су пайдалану және шаруа қожалықтарын ұйымдастыру жұмыстарына да белсене араласты. 1922 жылы Қытайдан оралған қазақтарды Жетісуға орналастыру және аштыққа ұрынған қазақтарға жәрдем көрсету жөніндегі төтенше өкілдік жұмысын атқару тапсырылды. Оған өз ісінің білгірі, жер жағдайын, халықтың тұрмыс-тіршілігін жетік білген маман ретінде жауапты міндеттер жүктеліп, осының бәрін бейбіт түрде әділ шешіп отырды. К.Алтайский мен М.Қаратаевтың авторлығымен жарық көрген «Гудок в степи» атты кітапта Жасанкөлге қатысты тығырыққа тірелген шиеленістің шешімін тапқаны үшін бұл жиын «Қоңырқожаның съезі» деген атау алғаны жазылады. Сонымен қатар ол аймақтанушы-сарапшы ретінде Қазақстандағы шекарасын белгілеу жұмыстарына қатысқан. Молотов жазбаларында: «Қазақстанның шекарасы сауатты жасалғаны сонша Ленин оған ешқандай түзету енгізбеді, тек құжат Тәшкенге қатысты сұраққа байланысты тартпада жатып қалды» [22] делінген. 1922 жылы ол Әулиеатада уездік жер басқармасында істеді. Жетісу өңіріне жиі экспедицияға шығып, көне қорғандар мен ескерткіштерді зерттеумен айналысты. Орхон жазуы, Қозы Көрпеш - Баян сұлу, Келіншектас, Ақтас мазарлары туралы ғылыми еңбектер жариялады. Араб, парсы, шағатай тілдерін жете меңгерген ол осы тілдердегі тарихи және әдеби шығармаларды қазақшаға аударды [1, 54 б.].

1925 жылы Түркістан АКСР-і тарап, еліміздің оңтүстік аймақтары Қырғыз (Қазақ) АКСР-інің құрамына енді. Сол жылы көктемде Қ.Қожықов жаңа астана Ақмешіт қаласында еліміздің бүкіл еңбекшілері өкілдерінің басын қосқан Қырғыз (Қазақ) АКСР кеңестерінің бес күнге созылған V съезіне қатысып, Ақмешітті Қызылорда деп өзгертуге тікелей ықпал жасайды [23, 93-94 бб.]. Бұны тарихшы-ғалым Х.М.Тұрсын өзінің «Алаш қозғалысының Оңтүстік қанаты» атты еңбегінде Дінше Әділовтың 1928 жылы ОГПУ тергеушісіне берген жауабынан алады. Онда «Қожанов, мен,

Есболов Табынбаевтың үйінде түскі ас іштік. Съезд аяқталуға таяған еді. Сол кезде үкімет көшіп келген Ақметшіт қаласының атын өзгерту мәселесі көтерілген болатын. Жаңа астананы қалай атау жөнінде ойластық. Қызылорда атауын алғаш ағартушы-ғалым Қоңырқожа Қожықов ойлап тапты. Одан неге? деп сұрадық. Бұл қос қатпарлы атау, ол екі жақты да қанағаттандыруы тиіс екенін айтты. «Қызыл» - демек большевиктерге ұнайды, ал «Орда» - ұлттық атау. Демек, ол жақ та, бұл жақ та кінә арта алмайды. Бұл ұсыныспен келістік. Сұлтанбек Қожанов съезд төралқасынан кезектен тыс сөз алып ұсыныс жасады: бірінші ұсыныс Қырғыз республикасын Қазақ республикасы деп атау, екіншісі Ақметшіт қаласын Қызылорда деп атау жөнінде. Съезд екі ұсынысты да бірауыздан қабылдады»[6, 48-49 бб.] дейді. 1928 жылы Қ.Қожықовтың «Опроблеমেоседлости казахов» атты кітабы жарық көрді.

Қоңырқожа Қожықов Алматыдағы тұңғыш ұлттық мәдениет институты, өлкетану мұражайы мен өнер училищесінің ашылуына тікелей ықпал жасаған. Сол уақытта ол Қорқыт ата кесенесін, Қожа Ахмет Яссауи мазарын, Сауран, Отырар қалаларының орнын мемлекет қарауына алу туралы да бастаманы көтерген. Тарихи мұралар Атласын жасауға атсалысқан. 1935 жылы «Жетісудің ежелгі ескерткіштері» атты кітап шығарған[1, 54 б.]. КСРО Ғылым Академиясының қазақ филиалында еңбек етіп жүріп С. Асфендияров пен П.А.Кунтенің редакциясымен 1936 жылы жарық көрген «Прошлое Казакстана в источниках и материалах» жинағын құрастырушылардың бірі болды[6, 40 б.]. 1938 жылы жылы тұтқындалғанға дейін ҚР Ұлттық кітапханасының Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде ғылыми қызметкер, ориенталист қызметін атқарып, сирек қорды толықтыру бағытында жұмыс жасаған. 1936 жылы кітапхана қорын сирек басылымдармен толықтыру мақсатында арнайы бригада құрылып, Түркістан, Сайрам, Қарабұлақ, Ташкент, Орал, Қазан қалаларына іс-сапар ұйымдастырылған. Сол іс-сапарға сол кездегі кітапхана директоры Б.М.Жұмабаев, Қ.Қожықов қатысқан. Нәтижесінде 1936 жылы Қ.Қожықов«Шахнаманың» шағатай тіліндегі нұсқасын мен Саураннан Қожа Ахмет Яссауидің шәкірті Сүлеймен Бақырғанидың «Хикмет Хазірет сұлтан әл-гарифин» қолжазбаларын іздеп-тауып тапсырған[24, 27 б.]. 1938 жылы Алматы қаласында тұтқындалып, халық жауы деп атылған. Хрущев жылымығы кезінде 1957 жылы 23 желтоқсанда ол халық жауы деген жаладан ақталып шығады.

Жалпы жоғарыда келтірілген мәліметтерден кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі Қоңырқожа Қожықов қызметінің көрнісі қоғамдық-саяси жұмыстардан гөрі ғылыми-ағартушылық салаға көбірек ден қойғанын байқамыз. Өйткені әкімшілік аппаратын нығайтқан кеңестік тар-таптық жүйеде мемлекеттік маңызы бар салаларда жұмыс істеу әрине мүмкін емес тұғын. Сондықтан, кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы педагогикалық курс пен қазақ ағарту институтын ұйымдастырып, дәріс беруі, талап ғылым жолындағы ізденістері мен табыстары соның айғағы боп қалмақ.

Қоңырқожаның ұлкен ұлы Қожаахмет 1910 жылы Қызылорда да өмірге келген. Қазақтың ұлттық бейнелеу өнерінің қарлығашы, 1953 жылы Алматыда қайтыс болды. Екінші ұлы Құлахмет 1914 жылы Түркістанда туып, 1986 жылы Алматыда қайтыс болған. Белгілі театр, кино суретшісі, графикші. Үшінші ұлы Нұрахмет 1916 жылы туылып, 1990 жылы Алматыда қайтыс болған. Скульптор-монументалист. Қ.Қожықовтың кенжесі Сұлтанахметтің 1923 жылы Таразда туған, 1988 жылы Алматыда дүниеден озды, атақты кинорежиссер, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, «Қыз-Жібек» фильмінің қоюшы режиссері болған[1, 54 б.].

Қорыта келгенде, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, тағартушы ғалым Қоңырқожа Қожықовтың қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметін сол кездегі әлеуметтік үдерістермен байланыстыра жан-жақты ашып көрсету үшін зерделі зерттеу жүргізіп, шығармаларын жарыққа шығару қажет. Ол үшін Қоңырқожа Қожықовқа қатысты Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты мен, Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты қорларындағы құжаттармен жан-жақты танысып, ғылыми негізде саралау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дайрабай Т. «Қоңырқожа мен Ләтипа». // Ұлттық кітапхана. – 2010. – №2. – Б 54-55. (Қоңырқожаның жары Ләтипа Қожықова–сән және қолданбалы өнер шебері, Қазақстан, КСРО Суретшілер одағының мүшесі).
2. Қойгелді М. Қоңырқожа Қожықовтың қызметі (тергеу материалдары негізінде)// Ұлттық кітапхана. – 2010. – №2. – Б 34-36.
3. Бәкірұлы Ә. «Мұстафа Шоқай (деректі хикаят). – Алматы: «Бастау», 1997. – 165 б.
4. Рүстемов С. «Қоңырқожа Қожықов және түркі-мұсылман халықтарының азаттық қозғалысы». // Ұлттық кітапхана. – 2010. – №2. – Б 37-40.
5. Қожықов Қ. Әліппе. – Орынбор, 1912.

6. Тұрсын Х.М. «Алаш қозғалысының Оңтүстік қанаты». Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Трех томник. –Алматы: ФФ «Ел-шежіре», 2011. Т3. 407 б.

7. Загидуллин И.К. Исламские институты в Российской империи: Мечети в европейской части России и Сибири. Казань: Татар. кн. изд-во, 2007. – 416 с.

8. «Илляция» // Знамя свободы. – 1917. – 21 июнь

9. Түркістан аймағындағы қазақ-қырғыздардың жалпы жиналысы // Бірлік туы. – 1917. – 20 август.

10. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Алматы: «Алаш», 2004. – Т.1. – 552 б.

11. Ішкі хабарлар // Бірлік туы. – 1917. – 23 декабрь.

12. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы: Санат. 1995,- 365- б.

13. Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты. 34-қор., 1-тізбе., 97-іс.

14. Тилеукулов С., Оразымбетов Ш. Первый Казахский институт в Ташкенте (сборник документов и материалов). –Ташкент: ТГПУ им. Низами, 2005. -160 с.

15. ӨРОММ (Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты). 34-қор., 1-тізбе., 2641-іс.

16. ӨРОММ. 372-қ., 1-т., 7-іс.

17. ӨРОММ. 372-қ., 1-т., 17-іс.

18. ӨРОММ. 39-қ., 1-т., 407-іс.

19. ӨРОММ. 372-қ., 1-т., 29-іс.

20. ӨРОММ. 372-қ., 1-т., 20-іс.

21. ӨРОММ. 34-қ., 1-т., 431-іс.

22. Жалғасова Г. «Қазақ өнеріндегі Қожықовтар қолтаңбасы»// Сыр бойы. – 2018. – 12 сәуір.

23. Айдосов А., Қалиев Ы., Кереев М. «Қызылорда» Қызылорда: Тұмар 2005 ж. 246-б

24. Исахан О. «Қоңырқожа Қожықов – қоғам қайраткері, ағартушы, ғалым». // Ұлттық кітапхана. – 2010. – №2. – Б 27.

ӘОЖ 82-94:950 (574)

МАРИЯ ШОҚАЙ ЕСТЕЛІКТЕРІНДЕГІ МҰСТАФА ШОҚАЙ БЕЙНЕСІ

Жолмаханова А.Б.,

Қорқыт Ата атындағы Қ У аға оқытушысы, Phd

Сейдахмет Г.С., магистрант

Әдебиеттану ғылымында «образ», «бейне» ұғымдары көркем шығарма кейіпкеріне қатысты қолданылып, зерттеліп келеді. Л.И.Тимофеев: «Образ –

эстетикалық мәні бар, ойдан шығару арқылы әрі нақты, әрі жинақты жасалған адам өмірінің әсем суреті»[1, 60],-десе, З.Қабдолов: «Көркем бейне, яки әдеби қаһарман дейік, я болмаса шығарма геройы не кейіпкері немесе персонажы дейік, бәрібір, осылардың бәрі – бір-ақ ұғым – образ. Бейнелеу образдылық болса, бейне – образ» [2, 97], - дейді. Ал С.Мақпыров: «Көркем шығармада тағдыр-талайы, күрес-тартысы, арман-аңсары суреттелетін адам тұлғасы әдебиеттану ғылымында кейіпкер, бейне, көркем бейне, көркем образ, образ, тұлға, герой, қаһарман, характер, персонаж... деп түрліше аталып жүр. Характер жалпы адам мінезінің бір қыры болса, персонаж әрине, пьесалық туынды кейіпкеріне етене атау сынды. Қазіргі ғылымда «тұлға» сөзі қатардағы кейіпкерге емес, толыққанды бейне-типке (типтік тұлғаға) қатысты қолданылып жүр. Ал «қаһарман» атауын біздіңше, ауыз әдебиеті, фольклор мұралары туындыларының кейіпкерлеріне қатысты қолдану орынды секілді» [3, 34-35],-деп тарата тұжырым жасайды.

Көркем шығарма кейіпкері – суреткер шеберлігінің нәтижесі. Өйткені кез келген суреткер өз кейіпкерінің барынша шынайы болуы үшін тер төгеді. З.Қаболовша айтсақ: «Суреткер үшін керемет қиын нәрсе адамның жаны мен жүрегіндегі көзге көрінбес көп иірімдерді табу, тану және жазу» [1, 95] үшін еңбектенеді. Оның яғни, образ жасаудың түрлі жолдары, әдеби әдіс-тәсілдері бар. Болашақ кейіпкерінің прототипін іздеуден бастап, типтендіру, портрет, диалог, монолог, ішкі монолог т.т. көркем образ жасау үшін қолданылады. Жазушы осындай тәсілдерді қолдану арқы ғана өз мақсатына жетеді. «Құдірет иесі – адамға тән алуан қырларымен жан-жақты даралап, тірі бейне етіп көрсетеді» [3, 35].

Ал біз сөз еткелі отырған естелікте мұндай әдеби тәсілдер көп қолданыла бермейді. Естелік жазушының алдындағы басты мақсат тарихи шындықтан ауытқымау, деректілік және естелікті баяндауда мүмкіндігінше хронологиялық дәлдікті сақтау. Бұл естелікке қойылатын талап деп те қаруымызға болады. Осы талаптар естелік жазу үстінде сюжет «ойнату», ойдан шығару, жинақтау сияқты көркемдік әдіс-тәсілдерді қолданудан сақтандырады.

Әдебиеттану ғылымында мемуарға байланысты түрлі көзқарас-пікірлер бар. Бұл осы жанр табиғатының күрделілігі мен ерекшелігіне байланысты болса керек. Н.Лейдерманның: «Мемуарлық прозаның басты ерекшелігі оның синтездік қасиетінде. Ал соңғы кезде ғалымдар мемуарлық баяндауды аралық жанрға жатқызып жүр»[4, 32], - десе, Т.М.Колядичтың: «Мемуардың бойындағы лирикалық повестің элементтері, ғұмырнамалық баяндау, әдеби портрет сияқты басқа да қасиеттері оның құрылымы жағынан күрделі жанр екендігін көрсетеді»[5, 8],-дейді. Бұл пікірлер мемуарды жанр ретінде әдебиеттану ғылымында әлі де зерттей түсу қажеттігін білдірсе керек. Орыс эмигрант-жазушыларының естеліктері туралы зерттеуінде Н.Н.Кознова: «Мемуарлық жанр арнайы әдеби дайындықты қажет етпейді, естелікті кәсіби әдебиетшілермен қатар белгілі бір тарихи оқиғаның куәсі

немесе қатысушы болған қатардағы адамдар да жаза береді» [6, 3], - деп өмірге соншалықты жақын пікір білдіреді. Шынында естелік жалпыға ортақ жанр десек те болады. Естеліктің суреткерлік шеберлікті аса қажет ете қоймайтындығы да осыдан болса керек.

Жалпы мемуар жанрын әдебиет теориясы ғана емес, әдебиет тарихы, лингвистика мен әлеуметтану, психология мен тарих ғылымдары да зерттеу нысанына айналдырып келеді. Бұл да аталған жанрдың күрделілігін, сонымен қоса ерекшелігін білдірсе керек. Естелікте баяндаудың бірінші жақта жүруі қаншалықты заңдылық болса, жазудың ментальді ерекшелігі де осы жанрға тән қасиеттің бірі.

«Деректі шығармада оқырман нақты, тарихи жағынан айғақты өмірбаян іздейді. Яғни, өмірбаяндық шығарма басқа жанрларда болмайтын адам мен уақыттың жанды байланысын дәл жеткізеді. Көркем туындыларға қарағанда бұл жанрдың ерекшелігі адамдардың типтік бейнесін жасамайды. Ол дербес, қайталанбайтын жеке тұлғаны көрсетеді. Осыған сәйкес бұл жанр адамның тарихи жасаған уақытына емес, жеке-дара болмысының қалыптасуына көбірек назар аударады»[7, 175]. Естелік кейіпкерін жасаудағы осы пікір мемуар табиғатын барынша ашатындығын айта кетуіміз керек. Жалпы қазақ әдебиеттану ғылымында мемуар жанры туралы айтылғанда көбіне мемуарлық романдар тілге тиек етіліп, жанр сипаты да осындай шығармалар аясында ашылып келеді. Ал жоғарыдағы Қ.Байтанасова пікірі өмірбаяндық естелікке негізделіп отыр. Ендеше, мемуарлық жанр туралы айтқанда осы мәселенің есте болғаны абзал.

Ұлт тарихында өзіндік орны бар тұлғалар туралы естелік жазу бұрыннан бар үрдіс. Жалпы естелік жанрының өмірге келуін ғалымдар Ксенофонттың Сократ туралы естеліктерімен байланыстырып жүр. Біздің ұлттық әдебиетте де бұл жанрдың өмірге келуі орта ғасырлардағы жазбалармен байланысты. Дәлірек айтқанда М.Х.Дулатидың «Тарих-и-Рашиди» атты мемуарлық еңбегі осы жанрдың бастауы деп есептеп жүрміз.

XX ғасырдың басы қазақ тарихындағы елеулі кезең. Қазақ даласынан ұлт азаттығы үшін күрескен бірнеше ұлт қайраткерлері шықты. Осындай алаш арыстарының арасында Мұстафа Шоқайдың орны ерекше. Ел тәуелсіздігінен кейін ғана толымды зерттеудің нысанына айналған М.Шоқайдың өмірі мен күрескерлік жолы әлі толық зерттеліп, өзінің тарихи бағасын алды деп айта алмаймыз. Сан қырлы қайраткердің саяси-күрескерлік тұлғасын ашуда сүйген жары Мария Шоқай естелігінің мәні зор. Мұстафа Шоқай мен Мария Яковлеваның естеліктері 1997 жылы түрік ғалымдарының құрастыруымен жарық көрсе, оның қазақ оқырмандарына жол тартуына себеп болған ғалымдар Әбу Төкенов пен Мәмбет Қойгелді. Аталған ғалымдар естеліктің түйін сөзінде: «Осы күнге дейін Мұстафа Шоқайдың өмірі жайлы толық ғұмырнама жазылмапты. Бұл жинақ осы кемшіліктің орнын толтырарлық көптеген мәліметтерге, кісі аттарына, саяси оқиғаларға бай. Мұстафа Шоқайдың естелігінде 1917 жыл оқиғалары үлкен

дәлдікпен шынайы баяндалса, 1918-1941 жылдар аралығындағы ғұмыры оған осы кезеңде сүйікті жар, сенімді дос, қамқоршы бола білген Мария Шоқайдың естелігінде суреттеледі. Бұл естелік саясаткер емес, қарапайым адамның көрген, сезген, көңіліне тоқығандарына негізделеді»[8, 237-238], - деп Мария Шоқай естеліктерінің тарихи мәніне жоғары баға берген.

Мария Шоқай өз естеліктерін жары Мұстафа Шоқайдың қазасынан кейін барып жаза бастайды. Бұған дәлел ғалым Ә. Такенов пен М.Қойгелдиев «М.Я.Шоқай бұл естеліктерін 1941 жылдың 27 желтоқсанындағы қайғылы қаздан соң жаза бастаған және сол кездегі «Яш Түркістан» газетінің секретары әрі бөлім меңгерушісі доктор А.Октай мырзаға жолдап отырған.»[8, 84], - деп жазады.

Естелік Мария Шоқайдың: «Оқырмандардан бұл шығарманың әдеби көркемділігіне аса мән бермеулерін өтінемін. Өйткені мен шығарма жазуға қабілетсізбін. Әсіресе, өмірбаян жазу қиын нәрсе. Өзімнің ең жақын адамым туралы толқымай отырып жазу да мүмкін емес еді.

Дүниеден қайтқан адамды еске алғанда оның өткен өмірі, істеген әрекеттері көз алдына елестеп, жанды бейнеге айналатыны сондай, жазылғандарды оқ отырып оның өмірінің кейбір тұстарының ұмыт қалғанын көресің. Көресің де толықтыра түскің келеді, ойың сан-саққа жүгіреді. Міне сондықтан да оқырман менің естеліктерімде де тастап кету, қайталау сияқты олқылықтардың кездесуі мүмкін. Солай бола тұрса да мен өз қабілетім мен мүмкіндігім жеткенінше арымның алдында жауап бере отырып, жетістіктері мен қателіктерін ешбір қоспасыз айтып, марқұм күйемнің портретін суреттеп шығуға тырыстым»[8, 85],-деген кіріспе сөзінен басталады. Естелік жазу – үлкен жауапкершілік, тарихтың, ар мен адамгершіліктің алдындағы жауапкершілік. Сонымен бірге автордың естелік кейіпкеріне деген ықыласы, ілтипаты, құрмет-ниеті. Олай болмаған жағдайда естеліктің шынайы жазылуы да мүмкін емес. Мария Шоқай кіріспесінен ең алдымен байқалатыны осы жауапкершілікті сезіне алғандығы және өзінің сүйген жарына деген ыстық ықыласы мен ілтипаты.

Кіріспеден соң өз жұбайының өскен ортасы, балалық шағы, студенттік кезеңі мен қоғамдық-саяси өмірге араласа бастауы туралы баяндайды. Мұстафадан естіген әңгімелерін баяндау кезінде автор жадының мықтылығын көреміз. Өзге ұлттан бола тұра қазақ әулетінің шежіресін толықтай білуі таңқалдыратын жағдай екендігін де айта кетуіміз керек. Сондай-ақ, бұл кезеңдерді жалаң баяндау түрінде емес, Мұстафа хаттарын бере отырып нақтылығы мен шынайылығына баса назар аударады.

Кіріспеде айтып кеткендей автордың алдына қойған мақсаттарының бастысы Мұстафа Шоқайдың «портретін суреттеу». «Оның мінезі өте жұмсақ әрі нәзік болатын. Ол көпшілікті басқару үшін мемлекет-саясат адамының тез шешімге келе алатын, қатал мінезді болу керектігін білетін. Ешқашан өз мінезін түзетуден және оқудан жалыққан емес.

...Түрлі саяси көзқарастағы адамдарды және олармен пікір таластырғанды ұнататын. Өте сабырлы болып, қарсыласының пікіріне қызмет көрсететін. Ең үлкен кемшілігі де оның сенгіштігі еді, осы тез иланғыштығының кесірінен үлкен қиындықтарға да ұшыраған. Адамдардың азғантай адамгершілікке жатпайтын әрекеттеріне ренжіп қалатын»[8, 101], - деген жолдардан Мұстафаның адамгершілік, азаматтық болмыс-бітімі анық көрінеді. Авторлық баяндау кезінде өз кейіпкеріне деген жылы ілтипат анық сезіледі.

«Мұстафа Шоқайұлы студенттік жылдарында да, саяси қызметке араласқан жылдарында да ешбір партияға мүше болған емес. Социализмнің титтей де қоспасы жоқ демократ болатын. Өз отаны мен халқын жанындай жақсы көретін және халқының келешегі мен тыныштығы үшін еш аянбайтын. Саясатшылардың арасында соғысты жақтайтындар да, бейбітшілікті жақтайтындар да бар. Мұстафа Шоқай бейбітшілікті жақтаушы, ұлтжанды саясаткер еді»[8, 101], - дейді. Жары Мария Шоқойдың бұл жазбасынан Мұстафа өзінің өмірін туған халқының тұтастығына, бірлігіне арнағандығын аңғаруға болады. Және бұл жолда өзінің қызмет бабында ғана емес, тұрмыста да күресе білгендігінің көрінісі.

«Ол студент бола жүріп 1914 жылғы соғыс басталған соң Мемлекеттік Думаға хатшы болып кіреді. Мемлекеттік думаның Мұсылман Фракциясы Хатшылығына оны Бөкейхан орналастырады. Осы жерде Мұстафа тұңғыш рет түрік-татар халықтарының саяси өміріне араласа бастайды. Еділ татарлары, Қырым татарлары, Орал татар-башқұрттары оған түрлі саяси міндеттер жүктейтін, Мұстафа да бұл міндеттерді өте жақсы орындап шығатын»[8, 102], - деп жазады Мария Шоқай. Бұл естеліктен біз Мұстафа Шоқайдың алғаш түркі халықтарының бірлігі мен «тұтас Түркістан» идеясын студент кезден ұсанғандығын, күрескерлік жолы осы тұста басталғанын аңғарамыз. Ал оның мемлекеттік саяси қызметі 1917 жылдың жазынан басталады. М.Шоқай шенқұмарлықтан, менмендіктен аулақ болатын. Саяси интрига мен адамдардың жағымпаздығына жиіркеніш сезіммен қарайтын. Ардайым соғыс саясатын емес, бейбіт саясатты жақтаушы оның бар арманы Түркістанның Большевиктерден құтылуы болды, - деп еске алады жары Мария Шоқай.

«Алла елімнің тәуелсіздікке қол жеткізгенін көруді нәсіп етсе, мен тек қана саяси үгіт ісімен айналысар едім. Жастар үкімет құрса, мен елімнің тарихы және басқа өлке халықтары туралы тамаша кітаптар жазумен шұғылданар едім»[8, 106], - деп қиялдайтын дейді. М.Шоқай үшін бұл жәй қиял болмады. Күрескерлік жолын тек осы арман-мақсатына арнады. Осы жолда өмірінің соңына дейін аянбай еңбек етті. Эмиграцияда жүріп те елінің тәуелсіздігі, түркі халықтарының бостандығы жолында күресе білді.

Мария Шоқай естеліктерінің шоқайтанушы өзге ғалымдардың зерттеулерінен ерекшелігі М.Шоқайдың қайраткерлік, күрескерлік болмысын ашумен қатар, адами құндылықтарын шынайы суреттей білуінде.

Жалпы, естелік жазуға талпынған кез келген адамның ең алдымен шығармашылық әлеуеті жоғары болуы қажет. Белгілі бір тұлғалардың шынайы бейнесін жасау, өзі өмір сүрген кезеңмен қатар адам болмысын ашу, сол кезеңнің тарихи, саяси сипатын суреттеу ол барлық автордың қолынан келе бермейтін дүние. Ал, Мария Шоқай естеліктерінде мемуарға тән талаптар толығымен көрініс таба білген.

Профессор Б.Кенжебаевтың: «Мемуарлық шығарма тарих ізімен, тарихи шындыққа сай жазылады. Оның авторы, өзіне үлкен талаптар қоя отырып, басынан өткендерін, көрген-білгендерін, әр кездегі ойларын бүркемей, боямай, бұрмаламай, ашық, дәл, нақты жазады; өзінің шын сыры, бір кездегі ізгі мақсаты, арманы етіп баяндайды», - деп қорытады.

Жалпы, әдебиеттану ғылымында әлі де болса толығымен зерттелмей келе жатқан, дегенмен белсенді жанр ретінде танылған мемуарды біз екі топқа бөліп қарастыруымызға болады. Бірі деректі-публицистикалық, екіншісі көркем-дерекнамалық. Осы тұрғыдан алғанда Мария Шоқайдың естеліктерін біз көбіне екінші топқа жатқызуымызға болады.

Орыс жазушысы К.Ваншенкин «Мемуарды тек әдебиетшілер ғана жазбайды. Оның тамаша үлгілерін артистер, суретшілер, ғалымдар, әскерилер, яғни роман немесе әңгіме жазу ойына келмейтіндер жазады»[9, 62], - деп тұжырымдайды. Әрине, біз Мария Шоқайды мемуарист жазушы ретінде қарастырмаймыз. Алайда, оның жары М.Шоқай жайлы жазған публицистикалық, көркем-дерекнамалық естеліктерін бұл жанрдан бөліп қарай алмаймыз. Автордың М.Шоқайдың шежіресінен бастап мектептегі шағы, лицейдегі кезеңі, қоғамдық-әлеуметтік өмірде, саясатта деп бірнеше топқа бөліп қарастыруының өзі жазушының үлкен мақсатынан туындаған дүние екендігін аңғартады.

«Мемуарлық шығарманың өзгешелігі суреткердің өз замандастарымен қарым-қатынасын, өмірге деген көзқарасын, күйініші мен сүйінішін әрбір эпизодта өзекті мәселе етіп алып, өз шешімін, өзіндік дүниетанымын ұсынып отыруында»[10, 170], - деген пікір тұрғысынан қарасақ, Мария Яковлевна өз кейіпкерінің бейнесін қоғам, қоршаған орта, сол кезеңнің саяси ұстанымы аясын ескере отырып жасағандығына көз жеткіземіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Л.И.Тимофеев. Основы теорий литературы. М.; «Просвещение». 1971.
2. З.Қабдолов. Сөз өнері. Алматы. «Қазақ университеті». 1992. 352 бет.
3. С.Мақпыров. Адамтану өнері. Алматы. «Арыс». 2009. 214 бет.
4. Л.Лейдерман. Движение и времени и законы жанра: Жанровые закономерности развития советской прозы 60-70-е годы. Свердловск. 1982.
5. Т.М.Колядич. Воспоминания писателей: проблемы поэтики жанра. Монография. – М., 1998.
6. Н.Н. Кознова. Мемуары русских писателей-эмигрантов первой волны: концепций историй и типология форм повествования. Автореферат доктора фил. наук. Москва. 2011.

7. Қ.Байтанасова. Эмиграция әдебиетіндегі идеялық-көркемдік сабақтастық. Астана. 2013. Л.Н.Гумилев атындағы ұлттық университеті оқу-өндірістік типографиясы. 351 бет. 175-бетте
8. Такенов Ә., Қойгелдиев М. Мұстафа Шоқай-Мария Шоқай: Естеліктер. Turk dunyasi arastirmalari vakfi, Istanbul, 1997. 271 б.
9. Қ.М.Байтанасова «Орыс мемуаристикасының қалыптасуы» Абай атындағы ҚҰПУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы №4(34) 2010 ж., Алматы
10. М.Хасенов. Мемуарлық шығармалар және оның жанрлық табиғаты. // Жанр сипаты. Алматы. Ғылым. 1971. Құрастырушы: М.Атымұмов. 269 бет.

ӘОЖ 325.83:325.85:950 (574)

ҰЛТ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ҮШІН КҮРЕСКЕН ТҰЛҒА

Жусупбекова Б. А.

Тарих ғылымдарының магистрі
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
«Мұстафа Шоқай» ғылыми орталығының
кіші ғылыми қызметкері

Алаш Орданан Тәуелсіз Қазақстанға дейін идеялар бірізділігі Бүгінде елде қоғамның тарихи санасын жандыру бойынша мақсатты жұмыстар жүргізіліп жатыр. Тек өз халқыңның және еліңнің тарихын білсең ғана, тәуелсіздіктің өткен ғасырында ие болған ерекше құндылықтарды түсіне бастайсың. Елдің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресі ешқашан аяқталмағанын қазақ халқының тарихы көрсетеді. XIX және XX ғасырлардың ұлттық зиялылардың өкілдері осы көп ғасырлық күресте маңызды рөлді ойнады.

XX ғасыр басында қазақ халқының өміріне етене араласып, өзінің идеясымен, қайраткерлігімен көзге түсіп, патша саясатына қарсы күрескен, азаматтарымыздың бірі – Мұстафа Шоқай. Оның қайраткерлігі Мемлекеттік думаның Мұсылман фракциясына қатысуы барысында, 1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылғы Ақпан төңкерісі тұсында танылды. Мұстафа Шоқай Түркістан автономиясын құруда елдің саяси экономикалық жағдайын жақсартып, бүтін және азат Түркістан платформасын құруды қолдаған. Міне, сондықтан Мұстафа Шоқайұлы XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық және әлеуметтік қайта жаңғыру үшін басталған қозғалыстың көш бастаушыларының бірі ретінде қарастырылып келеді. Мұстафа Шоқайдың да саяси қызметінің басты нысаны тәуелсіздік идеясы болатын. Сондықтан ұлы тұлғаның саяси болмысын «Тәуелсіздік» ұғымынсыз түсіну мүмкін емес. Мұстафа Шоқайдың тәуелсіздік санасының қалыптасуы өз заманымен, патшалық Ресейдің отарлық саясатымен тікелей байланысты. Туабітті

әділетті жанның сезімінде ең алғаш өзі өсіп өнген саяси-әлеуметтік орта, елдегі орыс қоныс аударушыларының халықты басынған озбырлық әрекеттері терең із қалдырады. Алаштың басқа жетекшілері сияқты Мұстафа Шоқай да тәуелсіздік идеясына Ресейсіз тікелей жолмен келген жоқ. Мысалы, 1917 жылғы ақпан буржуазиялық-демократиялық революцияның нәтижесінде патшалық монархия тақтан түсуін қызу қолдаған Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы, және М.Шоқайлардың «Алаш ұланы» атты сүйінші хатта: «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бұл күн теңелдік. Қам көңілде қаяу арман қалған жоқ. Россия қол астындағы халықтардың бәріне: дін, ұлт, тіл айырмасына қарамай, азаттық әперді» деп жазған болатын [1,297]. Алайда көп ұзамай-ақ Уақытша үкіметтің саяси әрекетін Алаш көсемдері түсініп сонымен қатар Мұстафа Шоқай да өзінің «1917 естеліктерінен үзінділер» деген еңбегінде: «Біз бұл тұста 1917 жылғы революция ұлттық мемлекет құруымызға мүмкіндік береді деп үміттеніп, сеніп едік. Бұл үмітіміз бен сеніміміз ақталмай, алданып қалдық» деп жазады.[2,14]. Шынындан да, большевиктер билік қолға тигеннен кейін «ұлттардың өзін-өзі билеуі туралы» ұрандарынан тез айынып, өз табиғатын шынайы танытқан болатын. Мұстафа Шоқай сөзімен айтқанда, «қызыл сөздерге боялған» мұндай үгіт насихаттың нәтижесі іс жүзінде «орыстың ұлттық рухына негізделген пролетариат диктатурасынан басқа ештеңе де болмай шықты...»[3,51]. 1930 жылы жазылған «Автономиядан-тәуелсіздікке» атты мақаласында Мұстафа Шоқай Түркістан (Қоқан) автономиясы туралы өзінің ойларын былай деп қорытындылаған еді: «Өздерінің балалық дәуірін еске алатын ересек адамдар, бірақ сол дәуірге қайта ораламын деп ойламайтын сияқты біз де саяси өміріміздің балалық дәуірі- Түркістан автономиясын еске аламыз» [3,24]. Осыдан бес жыл кейін жазылған «Он жеті қабат жер астында қалғыр бір жарымсыз қылық жайында» деген мақаласында Мұстафа Шоқай 1917 жылғы төңкерістің бас кезінде Алаш жетекшілерінің барлығы федералист, унитарист тәрізді ағымдардың ықпалында болғандарын, оның орыс демократиясына шамадан тыс сенуден туғандығын ашық айтқан болатын [4,442]. Мұстафаның тәуелсіздік үшін күрес идеясы, халқының азаттық алуы туралы ой-тұжырымдары 20-сыншы жылдардың аяғына қарай айқындалды. 1929 жылы жазылған «Біздің жол» атты мақаласында «Біз Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түркістандықтарға бұдан басқа жол жоқ қазір де және бұдан соң да болмайды» деп жазады [6,32]. 1930 жылы жазған «Көтерілістен-ұйымшылдыққа» деген мақаласында өзара байланысы жоқ жергілікті сипаттағы бой көтерулермен большевиктер тепкісінде жатқан атамекенді азат етуге болмайтынын түсініп, күшті бір саяси ұйымға бірігуді алға тартып. Ол ұйым «Түркістан ұлттық бірлігі» болды. Бұл ұйымның мақсаты ұлттық, тәуелсіз Түркістан мемлекетін құру болып табылады. Тәуелсіздік жылдары халқымыздың қолы неге жетті дегенде ең бірінші

еліміздегі әлеуметтік тұтастық пен ұлтаралық түсіністік оралды. Ел ішіндегі бірлігіміз бен ынтымақтығымызды арттыра түсу бүгінгі Қазақстан жағдайында айрықша мәнді болып отыр. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияда» Республикада тұратын халықтарды топтастыру мен олардың достығын нығайтуды бірінші дәрежелі міндет деп көрсетілгендей, халқымыздың бірлігі, көп этносты Қазақстанның ынтымағы бүгін күнделікті мемлекетіміздің және де Елбасымыздың сара саясаты болып отыр.

Ұлттық тәуелсіздіктің бірден-бір жалынды жаршысы және тамаша ұлттық идеялардың иесі, сол идея үшін бас тіккен тұлға Мұстафа Шоқай еліне деген шексіз сағынышын баса алмай жат жерді мәңгілік мекен етті. Алайда ұлы тұлғаның асқақ арманы орындалды. Тәуелсіздікке жетіп жаңа ұрпақ тәрбиелеп жатқан халқы бар.

Кезінде ел ішіндегі бірлік пен ынтымақты нағыз тәуелсіздік пен азаттыққа апаратын деп білген Мұстафа Шоқайдың асыл арманы орындалып қазіргі таңда еліміз Қазақстанымыз даму үстінде. «Тәуелсіздік идеясы» бұл ұлттың мүддесіне тікелей қатысты ұғым. Мінекей армандап қиыншылықтармен қол жеткізген Тәуелсіздігіміздің бүгінде 25 жылдығы тойлануда қазіргі ұрпақтар бейбітшілік ұрпақтары десекте болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1.М.Шоқай. Таңдамалы.Том-1,2,3., Алматы, «Қайнар», 1998ж.
- 2.Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: он екі томдық, 4 том.- Алматы: Дайк-Пресс, 2013.-572 бет.
- 3.Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: он екі томдық, 2 том.- Алматы: Дайк-Пресс, 2013.-640 бет.
- 4.Қара Ә. Мұстафа Шоқай Өмірі Күресі шығармашылығы. Алматы, 2004ж, 263-273бб.
- 5.К.Л. Есмағамбетов, “Әлем таныған тұлға” «Дайк-Пресс» 2009 ж.
- 6.Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: он екі томдық, 5 том.- Алматы: Дайк-Пресс, 2013.-540 бет.

УДК 340.11:341.218:950 (574)

ПРАВОВЫЕ ВЗГЛЯДЫ МУСТАФЫ ШОКАЯ И ПОНЯТИЕ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ

Жусупбекова М.К.

кандидат юридических наук, доцент
Кызылординского университета имени
Коркыт Ата, г.Кызылорда

Идея национальной независимости представляет собою ту цель, к которой стремились все нации и народности, веками мечтавшие об этом. Идеология национальной независимости общества является системой идей,

выражающих основные цели и стремления народа. Идеология не только сегодня, но и во все времена являлась самой важной общественно-политической проблемой, объединяла и призывала любое общество к осуществлению здоровых и благих намерений, служила морально-нравственной основой для достижения поставленных целей. Идеология совмещает в себе общественную сущность жизни людей и их стремления. Так, человек, естественно, не может жить без цели. Значит, пока существует жизнь, пока существуют страны, государства и их интересы, они стремятся определить свой путь развития, горизонты завтрашнего дня посредством собственной национальной идеи, национальной идеологии.

Независимость государства является особой ценностью, которой нужно дорожить и, которая предполагает знание своей истории, знание того, как мы достигли её. В достижении независимости огромную роль в конце XIX и в начале XX века сыграла творческая и научная интеллигенция Казахстана.

Представители казахской интеллигенции того времени: Алихан Букейханов, Ахмет Байтурсынов, Миржакып Дулатов, Халел Досмухамедов, Смагул Садуакасов, Назир Тюрякулов и другие делали все возможное для обеспечения целостности казахской территории. Они жили стремлением создать независимое государство. Так, это видно из того, о чем писал Алихан Букейханов: «Я живу, дышу, существую внутренними делами своей родины, для меня судьба ее превыше всех благ... Я не могу спать спокойно, если не знаю, в каком положении она находится» [1]. Отсюда видно, что Алихан Букейханов болеет душою за свой народ, за свою родину, что ему безразличны дела его родины и он ставит дела своей родины превыше всего.

Своими стихами, посвященными родному народу и родному языку Магжан Жумабаев смог пробудить национальную гордость, национальное сознание. Он писал: «Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың. Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың. Алтын күннен бағасыз бір белгі боп, Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!»[1]. Из этих строк видно, что и Магжан Жумабаев любил свой народ, свою родину и свой родной язык.

Одним из таких ярких представителей казахской интеллигенции начала XX века, который сыграл немаловажную роль в становлении и развитии независимого государства, был Мустафа Шокай, который являлся одним из основателей Туркестанской автономии.

По изучению исследователей и ученых деятельность Мустафы Шокая и становление его государственно-правовых идеи и взглядов можно разделить на три этапа. Первый этап – это становление политико – правовых представлений М.Шокая, который охватывает период с детства по 1916 год. Второй этап с 1917 года по 1920 годы – активная государственно-правовая деятельность М.Шокая. В этот период М.Шокай является представителем Временного правительства в Туркестане, премьер-министром Туркестанской

Автономии, убеждает о создании единой государственности тюркских народов. Третий этап охватывает период с 1920 года по 1940 годы. В этот период он становится ярким критиком тоталитаризма и тоталитарных режимов [2].

М.Шокай родился в знатной семье, его предки были степными аристократами, дед был правителем Сырдарьинской области Хивинского ханства, а отец — судьёй. В их семье была хорошая библиотека старинных рукописей, которые мальчик изучал самостоятельно. По воле старшего брата Алиша Мустафа пошёл учиться в русскую школу Перовска, так как знание русского языка было жизненно необходимым. В те годы в казахские степи стали прибывать безземельные крестьяне из России и селиться на землях коренного населения, что нередко становилось причиной конфликтов. В 1902 году М. Шокай получает образование в Ташкентской гимназии, именно здесь он впервые услышал имя Александра Керенского. С интервалом в десять лет А. Керенский и М.Шокай окончили первую Ташкентскую мужскую гимназию, а позже оба с отличием закончили юридический факультет Санкт-Петербургского университета (1899-1904 и 1910-1914 соответственно). В годы учебы М. Шокай продолжал защищать интересы не только земляков, но и всего народа Туркестанского края. Когда в 1912 году умер отец Шокая, по просьбе земляков Мустафа на время вернулся домой и работал вместо отца судьёй. Тогда в связи со столыпинской аграрной реформой в Казахстан стали массово переселять крестьян из России, землю для них отбирали у местных казахов, начались земельные споры [3]. Требовался грамотный судья, который защищал бы интересы коренных жителей.

Становление государственно-правовых взглядов М.Шокая начинается с Февральской революции 1917 года. После отречения Николая II от престола началась борьба за власть по всей территории Российской империи. Шокай с соратниками уезжает из Петрограда домой в Туркестан. Охваченный свободолюбивыми идеями, весной 1917 г. начал издавать в Ташкенте газету «Бірлік туы — Знамя единства», где впервые провозгласил идею о независимости всех тюркоязычных народов. Он также начал издавать газету на русском языке «Свободный Туркестан», где пропагандировал демократические идеи. В тот период М.Шокай принимает участие в Туркестанском съезде, где его избирают председателем созданного Постоянного исполкома Туркестанского национального совета. В июле 1917 года М.Шокай был делегатом первого Всекиргизского съезда в Оренбурге, где рассматривались такие вопросы, как форма государственного управления, автономия и земельный вопрос. На этом съезде впервые была создана казахская политическая партия «Алаш». В этом же году по рекомендации Туркестанского национального совета и предложению Керенского, ставшего председателем Временного правительства, Мустафа Шокай назначается членом Туркестанского

комитета Временного правительства, в который входили бывшие депутаты первой и второй Государственной думы Алихан Букейханов и Мухамеджан Тынышпаев. Затем создается Туркестанская автономия во главе с Туркестанским временным советом, которым руководит М.Тынышпаев, а М.Шокай возглавляет Министерство иностранных дел. Однако вскоре с уходом М.Тынышпаева председателем становится М.Шокай. После разгрома Туркестанской автономии М.Шокай продолжал отстаивать свои идеи в Актюбинске, Челябинске, Закавказье, Баку и Тифлисе [4]. С 1920 года М.Шокай находится в эмиграции, где печатает публицистические материалы в различных изданиях. Очень скоро его имя становится популярным. С 1929 года в Берлине начинает издаваться журнал «Яш (молодой) Туркестан», главным редактором которого стал М. Шокай. Журнал просуществовал до начала Второй мировой войны в 1939 году, было выпущено 117 номеров. Он знал около десяти языков, нередко выступал с докладами в Париже, Лондоне, Стамбуле, Варшаве.

М.Шокай последние двадцать лет своей жизни прожил в эмиграции, но все его мысли и дела были направлены на создание независимого и единого Туркестана. Он верил, что родная страна обязательно будет свободной и независимой, внес большой вклад в разработку идейных основ национально-освободительной борьбы тюркских народов против советской империи. Мустафа Шокай всесторонне анализировал все происходящие процессы и изменения, подвергал беспощадной критике национальную политику Советской власти. В своих работах он писал, что целью его деятельности является создание неделимого единого Туркестана. То есть он представлял Туркестан как цельное, единое национальное государство, признаками которого являлись бы этнический фактор, территориально-географическая среда, фактор историко-духовной и культурной общности, единое языковое пространство.

В 1933 году в сотрудничестве с представителями эмигрантских национальных движений тюркского мира, Кавказа и Украины, М. Шокай создает «Комитет дружбы народов Кавказа, Туркестана и Украины». Главной задачей членов Комитета становится требование отделения своих стран от СССР и создания независимых государств. Его авторитет в эмиграции был очень высок. Профессор А. Шульгин, бывший соратником М. Шокай по эмиграции, в своей речи, произнесенной 8 февраля 1942 года в Париже на торжественном собрании, посвященном памяти Шокай, сказал: «...Он был воплощением деятельности... Шокай обладал каким-то исключительным обаянием, он один находил в себе силу и настоящую страсть в отстаивании своих взглядов, в особенности, когда дело касалось его Туркестана...» [5].

Таким образом, изучая правовые взгляды М.Шокай можно установить, что современное понятие государственности с его признаками были определены еще в то время. Современное определение независимости

предполагает независимость государства как внутри страны, так и в международных отношениях, то есть каждое государство имеет право само решать свои внутренние вопросы и не допускать вмешательства извне. Признаками государства являются территориальная целостность, единство всего народа, целостность государства. Нужно отметить, что еще тогда у М.Шокая была идея развития полиязычья, которое является актуальным и сегодня.

Отмечая важность того, что благодаря алашординцам Казахстан обозначил государственную границу, обрел государственность, предшествовавшую обретению независимости, мы предлагаем следующие предложения, принимая важность изучения истории казахского народа:

- необходимо, создать в музеях республики зал, посвященный деятельности алашординцев;

- написать и издать книги под соответствующей рубрикой о жизни и деятельности алашординцев;

- в настоящее время многое уделяется воспитанию молодежи в духе казахстанского патриотизма. В этой связи, нужно в учебных программах учебных заведений как высшего, так и среднего образования предусмотреть отдельные курсы по изучению идей тех личностей, которые были первыми борцами за независимость;

- предлагаем, в связи с тем, что еще существуют неизученные архивные документы общественного деятеля, политика и журналиста М.Шокая, изучение историками этих документов, которые могут иметь важное значение для истории Казахстана;

- перевести многочисленные статьи М.Шокая, написанные и опубликованы в газетах Закавказья, Турции и Западной Европы на турецком, французском, английском, немецком языках на казахский и русский языки, которые могли быть ценными для проведения исторических исследований.

Список использованной литературы:

1. Алашординцы – предвестники независимости. // <http://vechastana.kz/istoriya/alashordintsy-predvestniki-nezavisimosti/>.
2. Библиотечный каталог российских и украинских диссертаций / <http://www.lib.ua-ru.net/diss/cont/424480.htm>
3. Шокай, Мустафа /<http://ruwikiorg.ru/wiki/>
4. Мустафа Шокай / <http://otherreferats.allbest.ru/history/>
5. Яркое имя в плеяде борцов за независимость / <http://kzvesti.kz/10-10-2015/7836-yarkoe-imya-v-pleyade-borcov-za-nezavisimost.html>

«ТАЛАП» ҚОҒАМЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ РӨЛІ

Жұмаділдаев М.М.

Қорқыт Ата атындағы

Қызылорда университеті Қызылорда Қазақстан

Тәуелсіз қазақ мемлекеттілігінің жағдайында ұлттық сананы жаңғыртып, тарихи танымның көкжиегін кеңейту үшін халқымыздың кешегі жүріп өткен жолын жаңаша көзқараспен жазуды және қазақ тарихындағы «ақтандықтардың» орнын толтыруды қажет етеді. Осыған байланысты Отан тарихында әлі де үстірт қарастырылған немесе мүлдем зерттелмей, тарихи тұрғыдан өз бағасын алмаған мәселелер аз емес. Соның бірі Кеңестік жүйенің қалыптасу кезеңіндегі қазақ зиялыларының ұлт ретіндегі өз мәдениеті мен тарихын сақтап, насихаттауға ұмтылуы еді. Осы орайда 1920 жылдары қазақ ұлтшылдары Түркістандағы мәдени-ағарту саласын дамыту үшін алғашқы кезекке оқу-білім саласындағы міндеттерді шешу мәселесін қояды. Аталған бағытта іс-шараларды жүзеге асыруда Түркістан үкіметі мен қазақ зиялылары ғылыми ағартушылық «Талап» қоғамын құрып, оған осы міндеттерді қолға алуды жүктейді. Осыған байланысты 1922 жылы 4 желтоқсанда Ташкент қаласында Х.Досмұхамедұлы оқыған зиялылардың басын қосып, Мемлекеттік Ғылыми Кеңестің алдына «қырғыз-қазақ мәдениетін өркендетуді мақсат еткен» «Талап» қоғамын құру туралы мәселені қояды. Көп кешікпей қоғам құрылып, өз қызметін бастайды да, оның төрағалығына Х.Досмахамедұлы, орынбасарлыққа М.Есполов, қазынашысы болып М.Тынышбаев сайланады. М.Әуезов болса қоғамның хатшылық қызметін атқарады [1, 3 п.].

Кейін осы қоғамға профессор А.Шмидт, этнограф Ә.Диваев, К.Жәленұлы, Н.Архангельский, И.Тоқтыбайұлы, студент Қ.Тыныстанұлы сынды азаматтар қабылданады. Негізінде Түркістан кеңестік автономиялық республикасы Халкомкеңесінің Халық ағарту комиссариаты жанындағы Мемлекеттік ғылыми кеңестің қолдауына сүйенген «Талап» қоғамының негізін мемлекеттік биліктен шеттетілген Алаш қайраткерлері қалады. Оны бұрынғы Батыс Алашорда үкіметінің басшысы болған Халел Досмұхамедовтың осы аталған ұйымның басшылық қызметін атқаруынан көруге болады. Әсіресе Алаш қайраткерлері Түркістан халқының мәдениеті мен білімін көтеруде ерекше із қалдырды.

Ташкентте шығып тұрған «Ақ жол» газетінің 1923 жылы 15 қыркүйектегі санында жарияланған мақаласына «Тана» деп қол қойған тілші (Х.Тұрсынның пайымдауынша Халелдің бүркеншік есімі болуы мүмкін): «Өткен өтті, кеткені кетті. Күш біріктірілді деген жаңа мәселе туды. Бұл мәселенің нағыз да – жаңа туған «Талап» қауымы. «Талап» қауымының ұстанған жолы – қазақ жұртының мәдениетін ілгері бастады. Мұның үшін оқу жолына белсеніп кірісу, әдебиетін жинау, газет-журналдарға айқын көзбен қарап, шығысын жиілетіп, бағытын елге жемісті қылу, қазақтың ескі өнерлерін тексеру, тағы басқалары...» деп жазды [2, 1 п.].

Шағын ғана газеттік мақалада қоғамның бағдарламалық мақсаттары мен міндеттері біршама айқын көрініс тапқан. Сонымен қатар, мақалада жарияланған деректерден мынадай мәліметтерді кездестіреміз: «Қауымды түзушілер қатарында: 1) Доктор Досмұхамедов; 2) профессор Александр Шмидт; 3) Әубәкір Диваев; 4) Кәрім Жәленов; 5) Мағжан Жұмабаев және тағы басқалары болды. Бұл қауымның ұсынған бағдарламасының соңында: «Талаптың» осы жолын 1922-ші жылы 13-ші желтоқсанда Түркістан мемлекет білім кеңесі тағайындады.

1922 жылы 13-ші желтоқсанда «Талап» қауымының бірінші жиналысы болып, басқармаға мына адамдар сайланады: Басқарманың төрағасы – Халел Досмұхамедов. Басқарманың мүшелері: профессор Александр Шмидт, Иса Тоқтыбаев, Мырзағазы Есболұлы, Мұқамеджан Тынышбайұлы, Мұқтар Әуезұлы, Қасым Тыныстанұлы [3, 3 б.].

«Талаптың» жоғарыда айтқан мүшелері көпшілік алдында дәріс оқып, баяндамалар жасап, түрлі көрмелер ұйымдастырады, өнердің неше түрлі үлгілерін, кітаптар мен қолжазбаларды шығарып, кітапхана, оқу залын ашты. «Талап» қоғамын көздеген мақсатына толық жетпесе де, ұлт мәдениетін өркендетуге өзінің қомақты үлесін қосты. Қазақ мәдениетін өркендету, көркейту үшін құрылған «Талап» қоғамының мақсаттары мен міндеттері көрсетілген жарғысын 1922 жылы 4 желтоқсанда Түркістан Халық ағарту комиссариатының ғылыми кеңесінде бекітеді [1, 28 п.]. Жарғыда «Талап» қоғамының басты мақсаттары ретінде қазақ халқының әдеби тілін зерттеу, ғылыми терминология қалыптастыру, ұлт өнерін, халықтың салт-дәстүрлерін зерттеу мен насихаттау, мектептердің жұмыстарын жақсартуға көмектесу сияқты мәселелер анықталған [4, 123-127 бб.]. «Талаптың» Жарғысы 1923 жылы Ташкентте жарық көреді. Мұрағат құжаттарында сақталған «Талап» қоғамының Жарғысына толық

назар аударсақ, онда қоғамның алдына қойған мынадай мақсаттары мен міндеттерін көреміз:

Қазақтың «Талап» атты мәдени қоғамының Жарғысы:

1. Қоғамның мақсаты

§ 1. Қоғам мынадай жолмен қазақ халқының мәдениетін дамытуға өз үлесін қоспақшы:

а) қазақтың әдеби тіліне, терминологиясына, орфографиясына қатысты мәселелерді тексеру;

б) ұлттық мәдениетті зерттеу;

в) қазақ халқының тарихи болмысын зерттеу;

г) қазақ мектептерінде сабақ беру әдістемесін жасау;

д) қазақтың ғылыми мен өнер қызметкерлеріне көмек беру;

Ескерту: тиісті орыннан рұқсат болса, қауым Қазақстан жерінде де өзінің бөлімдерін ашуға ерікті.

§2. Осы аталған мәселелерді орындау мақсатында ұйым құқықты:

а) талқы (диспут), дәріс, баяндамалар жасауға;

б) білімге керекті мағлұматтар жию үшін, оқушылардың білімін арттыру үшін керуендер (экспедиция), қыдырыстар (экскурсия) түзеуге;

в) көрмелер (выставка) ашуға;

г) уақытша һәм белгілі мезгілмен тұратын баспасөздер бастыруға, кітаптар, қолжазбалар, өнердің үлгілерін, ескі кітаптар, қолжазбалар, шығармаларды жинастыру;

д) ғылыми еңбектер мен өнер туындыларына конкурстар жасап, сыйлықтар тағайындау;

ж) қазақ ағартуына қажетті мамандарды дайындайтын курстар ашу;

з) мезгілімен немесе мезгілсіз шығатын баспасөздерге жауапты қазақ аудармашылар, корректорлар, қызметкерлер бюросын ашу;

и) мақсатқа жету үшін мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың алдына мәселе етіп қою.

§ 3. Қоғам заңды тұлғаның барлық құқын иеленеді және ұйымның атауымен жариялайды.

§ 4. Ұйымның тұрақты мекені Ташкент қаласы. Сонымен қатар ұйым Түркістан республикасының барлық жерлерінде және рұқсат берсе Қазақ республикасының аймағында өз бөлімдерін аша алады.

II. Қоғамның мүшелері:

§ 5. Қоғамның құрылтайшылары мыналар: 1. Дәрігер Досмұхамедов Халел. 2. Профессор Шмидт Александр. 3. Этнограф Диваев Әбубәкір. 4. Жаленов Кәрім. 5. Жұмабаев Мағжан. 6. Архангельский Николай.

§6. Қауымның мүшелері екіге бөлінеді: шын һәм көмекші. 5-бапта көрсетілгендер қауымның мүшелері болып саналады.

§7. Қауымның шын мүшелеріне қазақ халқының білім жағынан екі мәдени ағарту жолында қызмет көрсеткен адамдар, екі шын мүшенің лайықтауымен алынады. Шын мүшелік аты басқарманың ұсынуы бойынша жалпы жиылыстың бекітуімен беріледі.

§8. Көмекші мүшелікке алынатындар – қауымның мақсатына ант берген адамдар. Мүшелікке алу тәртібі екі шын мүшенің лайықтауы һәм басқарманың бекітуімен болмақшы. Көмекші мүшенің шын мүше болуына екі шарт керек:

- 1) 7-бапта көрсетілген тәртіп бойынша;
- 2) Көмекші мүше болғанына алты ай уақыт өтуі.

§9. Қазақ мәдениеті жолында айрықша қызмет сіңірген адамдарға «ардақты мүше» деген атақ беруге қауымның жалпы жиналысы ықтиярлы.

§10. Жалпы жиналыстарда көмекші мүшелер кеңесі дауыспен пайдаланады.

§11. Қауымның шын мүшелері болсын, көмекші мүшелері болсын, қауымның мақсаттарына пайдасыз болса, яғни қауымның атына дақ келетіндей болса, олар қауымның мүшелігінен шығарылады. Шын һәм көмекші мүшелерді уақытша шығаруға басқарма да ерікті, бірақ оның түпкілікті шығу мәселесі жақын арада болатын қауым мүшелерінің жалпы жиылысында қаралуға тиіс.

Ескерту: Шығарлған мүшелердің басқармаға наразылығын көрсетіп, жалпы жиылысқа арыз қылуларына еркі бар.

§12. Ардақты мүшелер де басқа мүшелердің барлығы да белгілі мезгілде қауымға жарна төлеп тұрады. Жарнаның мөлшері, алынатын мезгілі қауымның жалдық жалпы жиылысында белгіленеді.

III. Ұйымның қаражаты:

§ 13. Ұйымның қаражаты мына көздерден жиналады:

- а) мүше жарналарынан;
- б) қайырымдылық қорынан;
- в) мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық қоғамдардың қаржыландырудан;

г) кітаптарды сатудан, ақылы дәрістерден және тағы басқа. Қауымның құрылысы

§14. Қауымның ісін басқарушылар:

- 1) Қауым мүшелерінің жалпы жиылысы
- 2) Басқарма
- 3) Басқарманың бастықтары
- 4) Тексеру комиссиясы

§15. Жалпы мүшелер жиылысының қарамағында болатын істер:

- а) Қауымның жолын өзгерту;
- б) Ардақты һәм шын мүшелерді бекіту;
- в) мүшелі жарнаның мөлшерін һәм төлейтін мезгілін бекіту;
- г) Қауымның түсім-шығыс (смета) мөлшерін бекіту;
- д) білім, әдеби немесе басқа еңбек үшін берілетін бәйге белгілеу, бәйгелерді тағайындау;
- е) Басқарма мен тексеру комиссиясының есептерін бекіту;
- ж) Басқарма мен тексеру комиссиясын сайлау.

§16. Жалпы жиылыстар жылдық, мезгілді һәм төтенше болады. Жылдық жиылысты басқарма сентябрь (мизан) айында шақырады. Мезгілді жиылыстарды әдеби баяндамалар немесе мәселелер көбейген жағдайда, яки болмаса басқарма өз алдындағы мәселелердің жиылысында тексеріліп, өтуін тиіс тапса, шақырылады.

Төтенше жалпы жиылыс не тексеру комиссиясының тілеуімен яки шын мүшелердің 10-нан кем болмаған бір тобының өтінуімен жиылады.

Ескерту: Мезгілді жиылыстар басқарманың төбеағасы яки оның орынбасары төбеағалық етеді, жылдық һәм төтенше жиылыстарды жиылыстың төбеағасы жиылыстың сайлауымен қойылады.

§17. Қауымның жолын өзгерту һәм қауымды жабу туралы мәселелерді қарауға жалпы жиылыстарда қауым мүшелерінің үштен екісінің болуы шарт. Басқа мәселелерді тексеру қауымның Ташкентте тұратын мүшелерінің жарты жиналысында бола бермекші.

Жалпы жиылыстарда мәселелер көпшілік дауыспен шешіледі. Дауыс тең болса, жиылыстың төбеағасының қосылған жағының айтқаны қабыл алынады.

§18. Қауымның ісін жүргізу үшін жалпы жиналыс қауымның шын мүшелерінен басқарма мүшелігіне адамдар сайланады. Олардың ішінен біреуі басқарма бастығы, ал қалған алтауы басқарма мүшесі болады.

§19. Басқарма жалпы жиылыстың сайлап шығарған қауымның атқару орны болғандықтан, ешбір сенім белгісін алмай-ақ һәм орындарда қауым атынан кезектегі істерді жүргізіп, қауымның ісін атқара береді.

§20. Басқарма өз мүшелері арасынан төбеағасына орынбасар, хатшы һәм қызметкерлер сайлап, оларға белсенді жұмыстарын бөліп береді.

§21. Басқармасының төбеағасы, оның орынбасары һәм хатшысы басқарманың бастықтары болып саналады. Бастықтар басқарманың кезегіндегі істерін жүргізіп, жеңіл мәселелерді шешіп тұрады.

§22. Басқарма мүшелері үш жылға сайланады. Бірақ жыл сайын ескі мүшелерден екеуі шығып, олардың орнына жаңадан екі адам сайланып тұрады.

§23. Айрықша қиын мәселелерді қарап шешу үшін басқарма қауым мүшелерінен уақытша комиссиялар түзеуге ерікті.

§24. Айына бір реттен сирек болмау шартымен басқарма өзі керек тапқан мезгілде басқарманың мәжілісі болып отырады.

§25. Жыл сайын басқарманың жалпы жұмысын, ақша яки бұйымы есебін тексеру үшін жалпы жиылыстар қауымның мүшелері арасынан тексеру комиссиясын жаңғыртады.

§26. Қауым өкіметінің бұйрығымен яки жалпы жиылыстың қаулысымен ғана жабылады.

§27. Қауым жабыла қалса, оның барлық мүлкі негізгі мақсаты қазақ-қарғыз халқын мәдени ағарту болған бір мекеме, яки ұйымға тапсырылады.

«Талаптың» осы жолын 1922 жылы 4 желтоқсанда Түркістан мемлекет Білім кеңесі тағайындады һәм 822 нөмірімен дәптерге тіркеді.

1922 жылы 13 желтоқсанда «Талап» қауымының бірінші жиылысы болып, басқармаға мына адамдар сайланды:

Басқарманың төрағасы: Халел Досмұхамедұлы.

Басқарманың мүшелері: профессор Александр Эдуардович Шмидт, Иса Тоқтыбайұлы, Мырзағазы Есболұлы, Мұхаметжан Тынышбайұлы, Мұхтар Әуезұлы, Қасым Тыныстанұлы. Басқарманың тұратын орны: Ташкент, Карл Маркс көшесі, 41-үй, Қазақ-қырғыз институты, 35-бөлме [5, 197-201 бб.].

Ұйымды қаржыландыру мәселесі мынадай көздерден алынды: қоғамның мүшелерінен түсетін жарна; мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың бөлген қаржылай көмегі; ақылы дәрістер мен қоғамдық ұйымдардың бөлген қаржылай көмегі; ақылы дәрістер мен мерзімдік басылымдар мен кітаптарды сатудан түскен қаражат; жеке азаматтардың қаржылай көмегі [1, 28 п.].

Жарғыда сол кезде партиялық іс-тәжірибеде орныққан талап үлгісінде қоғамның мүшелігі екі сатыдан тұрды: олар нағыз және көмекші мүше болып бөлінді. Нағыз мүшелер қазақ халқының білім мен мәдени ағарту мекемелерінде қызмет етуші болуы қажет, ол екі нағыз мүшенің ұсынысымен қабылданды. Ал көмекші (орынбасарлық) мүшелікке қоғамның мақсатын танып, ант бергендер. Оларды екі нағыз мүшенің ұсынысымен қабылданды. Көмекші мүше болуға біріншіден білім немесе мәдени ағарту саласы қызметкері болуы, екіншіден, көмекші мүше ретінде алты ай мерзімдік сынақтан өтуі керек. Қоғамның мүшелеріне қойылған ерекше талап, олар өз аттарына лайықты ұлт мүддесіне қызмет етуге тиіс екендігі атап көрсетілді. Жарғыға сәйкес қоғамның басқарушы органы жалпы жиналыс болып белгіленіп, ол жылына бір рет немесе төтенше жағдайларда кезектен тыс Ташкент қаласында шақырылатын болды, сайланған басқарма мүшелерінен және қоғамның жұмысын, қаржының тиімді жұмсалуды қадағалайтын тексеру комиссиясы құрылды. Мәселен, қоғамның Х.Досмұхамедұлы, М.Есполов, М.Тынышбаев, М.Әуезов сияқты басқарма мүшелері үш жылға сайланады, бірақ жыл сайын ескі мүшелерден екеуі шығып, олардың орнына жаңадан екі адам сайланып тұрады деп белгіленді [4, 123-127 бб.].

Кеңестік билік жағдайында қазақ зиялылары «Талап» қоғамының қызметі арқылы елдегі сауатсыздықты жойып, әдебиет пен тілі, ұлттың тарихын зерттеу, ұлт мәдениетін өркениетті деңгейіне жеткізуді мақсат тұтты. Осындай шаралардың қатарында зиялылар арасында әр апта сайын тұрақты түрде әр түрлі өзекті тақырыптарды талқылаулар, дәрістер өткізілді. Мәселен, түрік-моңғол тарихы бойынша М.Тынышпаев екі рет дәріс оқыса, қазақ әдебиетінің дамуы жайында М.Әуезов, археология мәліметтеріне сүйене отырып, Түркістанды мекендеген халықтар туралы Х.Досмұхамедов, ауылдағы халық ағарту ісінің мәселелері бойынша С.Қожанов, Ы.Алтынсариннің өмірі мен қызметіне арнап М.Есболов, Абайдың шығармашылық мұрасына арнап М.Жұмабаев дәріс оқыды [1, 6 п.]. Курстар мен клубтарда және тағы басқа да мәдени-ағарту мекемелерінде дәріс оқыған лекторларға қоғам тарапынан ақы төленген [6, 69 п.]. Басқарма өлкедегі қазақтандыру ісін жолға қою үшін кітапқа байланысты зәрулікті оның қорын жинақтау мен сақтау, кітапқа көпшіліктің қолы жетерлік мүмкіндік туғызу екендігін жете түсінді. Сол үшін де Ташкент қаласында, кейін басқа қалаларда кітапханалар ашып, оларды оқу залдарымен қамтамасыз ету қажеттігін айтып үкіметтің алдына мәселе қоя білді.

Мектептер мен басқа да оқу орындарын көрнекі құралдарымен жабдықтауды қоғам мүшелері қолға алды. Қоғам басқармасы Халком төрағасы Т.Рысқұловқа: «Талап» қоғамының өз алдына қойған бастапқы міндеттерінің бірі Халық Комиссариатының ағарту саласындағы бүкіл мектептерді қайта құрудағы ауыр жұмысына, соның ішінде қырғыз (қазақ) мектептерін жаңа негізде жаңғырту ісіне көмектесу болып табылады» - деп жазды.

Онда жергілікті мектептердің ауыр халін қалай жақсарту жолын іздестіріп, ол міндеттерді мәдениет саласындағы күштерді біріктіріп, өкіметтің кең қолдауымен жүзеге асыру қажеттілігі сөз болады. Мектеп ісін жолға қою шараларының бірі – оны көрнекі құралдармен қамтамасыз ету, сол үшін қоғам өз міндетіне қазақ мектептерін ең алдымен географиялық карта және метрикалық өлшем кестесін қазақ тіліндегі жазуларымен шығаруды алатындығы атап көрсетілді [2, 6 п.].

Түркістан республикасының Халкомының төрағасы Т.Рысқұловқа жіберілген 1923 жылдың 14 қаңтарындағы «Талап» қоғам төрағасы М.Есболовтың жазған №3 баянхатында көрсетілген мәселе оңынан шешілген. Онда К.Жәленов дайындаған «Есептану» оқулығын Мемлекеттік баспадан 15000 данамен шығару үшін қаржы сұрап, басып шығарылған оқулықты өткізу құқын «Талап» қоғамына беруді, одан түскен қаржыны қоғамның дамуына жұмсау сұралған.

«Талап» қоғамының мектептерге арналған оқулықтар сериясын шығарудағы алғашқы жетістігі Кәрім Жәленовтың «Арифметика» оқулығын басып шығаруы еді. Түркістан Халық комиссарлары Кеңесі «Талап» қоғамы басқармасының өтінішіне орай оқулық авторына төленетін қаламақы мен түзетуге берілетін қаржыны бөлуі мен Түркістан экономикалық кеңесі ақысыз қағаз беруі Жәленовтың оқулығының Мемлекеттік баспаның меншігі ретінде сатуға түсуіне мүмкіндік берді [2, 6 п.].

Жарғыда қазақ халқының мәдени өркендеуінің жолдары ретінде ең алдымен қазақ мектептеріне арнап оқулықтар шығару, сол арқылы ана тілінде білім беру сапасын арттыру қарастырылды.

Яғни, жоғарыда көрсетілген Жарғы бойынша «Талаптың» жұмысы бір жылда мынадай арналар бойынша өрістеді:

1) Күнделікті өмірдің түрлі мәдени сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған қоғам ішіндегі ұйымдастыру шаралары;

2) Қазақ тіліндегі оқулықтар мен көрнекті оқу құралдарын бастырып шығаруға ықпал ету.

Оған мысал ретінде ұйымның күш салуымен 50 дана «Үлкендерге арналған әліппе», 50 мың дана «Қазақ халқының грамматикасы» екі томдығы, 50 мың дана бірінші сатылы мектептерге арналған тапсырмалар шығады. С.Қожановтың «Есептану туралы» оқулығы да осы кезде жазылғаны белгілі, бірақ белгісіз себептермен кейінірек 1924 жылы жарық көрді. Сонымен қатар, мектеп оқушылары Крыловтың мысалынан аударылған Ахмет Байтұрсыновтың түрлі түсті «Маймыл мен көзілдірік» атты еңбегін алды. Қ.Кемеңгерұлы да «Езілген ұлттар» атты деректі кітап шығарып, мектеп оқушылары үшін «Қазақша-орысша тілмаш» деп аталатын сөздік, 2 кітаптан тұратын «Еуропалықтар үшін оқу құралын» жазды.

Қоғамның төрағасы Х.Досмұхамедовтың өзі де Мұрат Мөңкеұлы, Шернияз шешен, «Қарасай-Қазы», «Қыз Жібек», «Кенесары-Наурызбай» сияқты кітаптардың кейбіреуіне өзі алғысөз жазып шығарады. Абай, Мағжан, Бернияз ақындардың шығармаларының баспа көруіне себепші болған. Баспагерлік қызметінің мақсатын ол «Кенесары-Наурызбай» кітабын шығарғанда «Ел әдебиетінен алынған сөздерді қалай етіп шығару туралы қолдан келгенше үлгі көрсетіп, жол салу», -болды деп көрсетеді [4, 100 б.]. Жалпы алғанда 1925 жылға дейін қазақ оқушыларына 10 оқулығы шығып, 30 мың данамен таратылған. Оқулықтар дүкендерде сатылмады және олар оқушыларға тегін берілді [7, 18 б.].

Ұйымның міндеттеріне қазақ облыстарында мұражайлар мен кітапханаларға қажетті заттар мен жабдықтар жинау, түрлі тақырыптар мен бағыттар бойынша экспедициялар мен экскурсиялар ұйымдастыруды іске асыру, көрмелер ұйымдастыру, кітаптар, көне ескерткіштер мен өнер туындыларын жинастыру шаралары да енді. Жарғыда кадрлар мәселесіне де баса мән берілді. Оны жүзеге асыру үшін халық ағарту саласында қажетті мамандар дайындайтын курстар ашу, ұлттық баспасөзді өркендету үшін қазақ тілін жақсы меңгерген тәржімашылар мен әріп терушілерді, журналистерді, редакторларды және тағы басқа да мамандарды дайындауды қолға алу міндеттері белгіленді. Мәселен, осыған байланысты қоғам мүшелерінің ұсынысы бойынша 1923 жылы 15 тамызда Түркістан үкіметі іс қағаздарын жергілікті тілдерге тәржімелейтін арнайы комиссия құрады. Комиссияның құрамына Түрікаткомның, ТКП Орталық Комитетінің, «Талап» қоғамының, «Қосшы» одағының, кәсіподақтардың Еңбек және Ішкі істер халық комиссариатының өкілдері енгізілді [8, 115 б.].

Сонымен қатар, қоғамның көмегімен «Балдырған» атты қолжазба журналын шығарған. Қоғам мүшелері Ташкенттегі әріптестірінің үлгісімен

Жетісу облысындағы тарихи орындарға саяхат жасау, өлкетану ісін жандандыру, мұражайлар мен кітапханалар ашу сияқты кезек күттірмейтін іс-шараларды қолға алған. Қоғам мүшелерінің осындай әрекеттері олардың ел тарихы мен салт-дәстүрін жетік білетін, ана тілін құрметтейтін ұлтжанды азаматтарды дайындауға және қазақ мәдениетін көркейтуге ұмтылғандығына көз жеткізеді.

«Талап» қоғамының басқармасы Түркістан республикасы Халкомының төрағасы Т.Рысқұловқа жазған хатында «қырғыз (қазақ) халқын қандай да болмасын қараңғылықтан рухани тазаруы үшін қоғамның алдына қойған мақсаттарын жергілікті қырғыз жауапты қызметкерлері зор сүйіспеншілікпен қарсы алды және олар қоғамның жұмысына белсене араласуда» дей келе, қоғамның таяудағы міндеттерінің бірі кітапхана ашу деп көрсетеді [1, 3 п.]. Қоғам өзінің жұмысын 1925 жылы 21 қарашада «ұлтшыл» деген айыппен тоқтатады. Оның кітапхана қоры мен қаржылары және іс қағаздары Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылордадағы Қазақстан өлкетану қоғамына тапсырылады [2, 1 п.].

Бұл қоғамның мүшелеріне Халық Ағарту комиссары С.Қожанов та қол ұшын беріп отырған. Сұлтанбек Қожанов халық ағарту комиссары қызметінде жүргенде ұлттық театрдың өркендеп дамуынан да ерекше көңіл бөлген.

Тоталитарлық жүйенің басталған уақытындағы елі үшін аянбай қызмет еткен Алаш қайраткерлері тілін жоғалтып, тарихынан айрылған халықтың жер бетінен жойылып кететінін түсініп қазақтың өткен тарихын, мәдениетін, тарихи ескерткіштері мен ауыз әдебиетін көркейтуге, сақтап қалуға аянбай қызмет етті. Осы орайда «Талап» қоғамы ХХ ғасырдың 20-жылдары ұлтымыздың рухани мәдени өмірін және оқу-білім саласын өркендетуге өзіндік үлес қосты.

Әдебиеттер тізімі

- 1 ҚРОММ. 693-қ., 1-т., 15-іс
- 2 ҚРОММ. 693-қ., 1-т., 7-іс
- 3 Енсепов Б.Б. «Мың тамұқты көрген адам». 29 қыркүйек 2016 <http://e-history.kz/kz/publications/view/2185>
- 4 Досмұхамедұлы Х. «Талап» қоғамының мақсаты // Сана, 1923. №1. 119-130 бб
- 5 Өмірзақ Озғанбай «Жарығы өшпейтін жұлдыз» Алматы, 2008. 231 б
- 6 ӨРОММ. 86-қ., 1-т., 621-іс
- 7 Казанчанц П.Т. Становление и развитие народного образования в Советском Туркестане. – Ташкент: Уқитувчи, 1982. – 94 с

8 Каримов Р.Х. Узбекистан в период восстановления народного хозяйства СССР (1921-1925 гг.). – Ташкент: Узбекистан, 1974. – 270 с

ӘОЖ 82-4:321:950 (574)

М.ШОҚАЙ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ САЯСИ ТАҚЫРЫП

Елемесова .М.

Филология ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қ У-дің аға оқытушысы

Еліміз егемендік алған ширек ғасырда, дербес, тәуелсіз мемлекет ретінде өткен-кеткенімізді түгендеп, тарих, ел, аға ұрпақ алдындағы парызымыз бен қарызымызды өтеуге зор мән беріп келеміз. Бұл заңдылық екендігі сөзсіз.

Ел тарихында Тәуелсіздікке дейінгі жүріп өткен жолымыздың, орын алған оқиғалардың мәліметі М.Шоқай мұраларында сайрап жатыр. Кешегі тарихымыз: ақпан революциясы, советтік республиканың орнауы, орыс саясаты, елдегі көтерілістер мен саяси оқиғалар, ұлт азаттық көтерілістер шындығын білу, оны жас ұрпаққа таныту біздер үшін аса құнды.

Қоғам қайраткері, тарихшы, журналист, публицист Мұстафа Шоқайдың «Бұхаралық қозғалыс» атты талдамалы мақаласы (автордың айтуынша заметкасы) 1922 жылы 1-2 сәуір аралығында жазылған.

Мақалада Бұхара, Хорезм (бұрынғы Хиуа) және Түркістан сияқты мұсылмандар тұратын елді мекендерде советтік биліктің қалай келгендігі, ондағы халықтың жағдайы, ел басқарған азаматтардың іс-әрекеттері баяндалады. Батыс оқырмандарына орыстардың шынайы саяси ұстанымдарын танытуды, оқиғаның шын мәнінде қалай өрбіп жатқандығынан хабардар етуді мақсат еткен. Әсіресе, аталған елді-мекендердегі халықтың еркіндігі мен тәуелсіздігі мүлдем жоқ екендігін, 1918 жылдың наурыз айынан бастап, большевиктердің ешқандай ескертусіз, себепсіз Бұхараға қарсы соғыс жариялағандығын, тұрғындардың өте қиын жағдайға ұшырағандығын баяндайды.

М.Шоқайдың жазбасында: «Эмир, вообще мало связанный с интересами своей страны, уклонился от вооруженной защиты ханства от вторгшихся в его пределы неприятельских войск...»[1], -деп көрсетеді. Тарихи мәліметтерде осы оқиға туралы көп кездеседі. Орыстардың Бұхара, Зиадин елді мекендерін қиратқандықтарын де жасырмайды. Сонымен бірге жасбұхаралықтардың осы оқиға барысындағы өздері мен халқының тағдырына алаңдаушылық білдіргендігін де баяндайды. Әсіресе, советтік Россияның сол кездерде Түркия мен Ауғаныстан мемлекеттерімен тығыз байланыс орнатып үлгерген Бұхара халқыны «тәуелсіздігі мен еркіндігін

сақтаймыз» деген уәдесін орындамағандығын да ашына баяндайды. Мухиддин-мағзумның қарамағындағы 300 жігітімен көтерілісшілер жағына шығуы, сондай-ақ Энвер-пашаның, Осман-Қожаның, ішкі істер комиссары Әли-Риза-бектің, Термез бекінісінің коменданты Хасан-бектің, Хаджы-Сами-бектің де көтерілісшілер жағына шығуы мәселені біршама шиеленістіргендігін де сипаттаған. Нәтижесінде 1921 жылдың өзінде 50000 түрікмен Ауған шекарасынан өтіп, қорған сұрағндығын, осындай ақпаратты совет билеушілері шетелдік басылымдардан мейлінше жасыруға тыры жатқандығын әшкерелейді.

Яғни, автор болған оқиғаны сырттай хабарлап қана қоймайды, оны түсіндіруді мақсат етуімен де ерекшеленеді. М.Шоқайдың көзқарасы бүгінгі таңда маңызды мәнге ие.

Адам қоғамды жасаушы, оның белсенді мүшесі. Сондықтан оның өзі өмір сүрген қоғам туралы естелігі, ойы, пікірі қашанда құнды. Яғни, субъектінің тарихқа деген көзқарасы, оны танып-білуі ғылым үшін, әсіресе гуманитарлық ғылым үшін аса қажетті дерек көзі деп білеміз.

М.Шоқай өзінің ұлттық, түркілік ой-көзқарастары мен азатшылдық идеяларын шетелдерде жүріп те көрсете білді. Большевиктердің Қоқан автономиясын қару күшімен таратуы Шоқайдың (1890-1941) өмірінде жаңа бір кезеңнің басталуына себеп болды. Алашорда автономиясының, Түркістан Мұхтариятының жанышталуымен қазақ және басқа да түркі – мұсылман халықтарының ұлттық мүдделерін қорғаған көптеген басылымдарда өзіндік көзқарасы мен саяси оқиғаларға талдауларын жариялап тұрды.

Ұлттық зиялылардың бір бөлігі шетелге кетуге мәжбүр болды. Бұқара Халық Кеңес Республикасының төрағасы Осман Қожа (Османқожа Пулатқожаев 1887-1968), 1917-1919 жылдардағы Башқұрт автономиясының басшысы А.З. Валиди (1890-1970), башқұрт жазушысы Абдулкадыр Инан (1889-1976), татар жазушысы, қайраткері Гаяз (Аяз, Мұхамед-Гаяз) Исхаки (1878-1954), Түркістан Мұхтариятының басшысы Мұстафа Шоқай және т.б. Түркия мен Батыс Еуропа елдеріне кеткен еді. Олардың шетелге қоныс аударуымен Кеңес Одағы құрамындағы түркі-мұсылман халықтарының ұлт-азаттық қозғалысының жаңа кезеңі басталады. Түркістан, башқұрт, татар ұлттық ұйымдарының өкілдері бір саяси ұйымға – «Түркістан Ұлттық Бірлігіне» (ТҰБ) бірігіп, олар ұлттық күрестің жаңа кезеңдегі міндеттерін өз халықтарына жеткізу, онымен әлем жұртшылығын таныстыру мақсатында мұсылман елдеріндегі советтік биліктен хабардар ету қамына кіріседі.

«Тұтас Түркістан» идеясына бүкіл ғұмырын арнаған ұлы күрескер М.Шоқай 1923 жылы 29 шілдеде Париж қаласында «Бұқаралық тәжірибе» атты мақала жазған. Орыс тілінде (құраст.К.Есмағанбетовтің) жмнағында жарық көрген аталмыш тақырыптағы мақаласының соңына «*Дни.Париж.1923. 2 августа*» деп көрсетілген. Мақаланы жазу барысында М.Шоқай барлық келтірілген мәліметтер нақты құжаттар мен Бұхарадан

жазылған хаттарды негізге алғандығын, және сол хаттардан үзінді келтіру арқылы ерекше атап көрсетеді.

Мақалада Бұхара қозғалысының Шығыс мұсылман елдерінде советтік биліктің ықпалының даму барысы, конфликтінің шығу төркіні мен көтерілісшілердің, оларды бастаушылардың көзқарастары, бұхар конституциясының негізі халықтың еркіндігі мен тәуелсіздігінің аяқасты болып отырғанын нақты құжаттарға сүйене отырып, түсіндіреді.

Бұқара сол кездегі КСРО құрамына енген республикалардың қатарында болған жоқ, тек орыстармен келісім арқылы қарым-қатынас орнатты. 1922 жылы 19 тамызда Бұқар съезінде қайта қаралып, қабылданған Бұқара Конституциясының 3 бабында: «Бухарская народная советская республика, в нынешних своих правах, объявляется единым, неразделным, свободным государством» [2], - деп бекіткенін көрсете отырып, Бұқара азаматтары әлеуметтік жағдайына байланысты бөлінбейтінін де жазады. Сонымен бірге 25 жасқа толған барлық бұқаралықтар партияда болған болмағанына қарамай ел билігіне белсенді түрде араласып (57 бап), сайлауға қатыса алатындығын да көрсетеді. Сонымен бірге жеке мүліктік еркіндік, сөз бостандығы, бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі, барлық азаматтар үшін тең берілетін саяси еркіндік мәселесі де осы құжатта қабылданған.

Конституцияны білу, заңдылықты сақтау-құқықтық мемлекет құрудың бірінші шарты. Конституцияны қабылдаудың өзі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кеңейту, нығайту және оларға кепілдік беру үшін де қажет екендігін, құжаттағы барлық баптардың сақталуының керектігіне де М.Шоқай назар аудартады.

Бұқар халқының суверенитеті КСРО мен БНСР арасында 1921 жылы 4 наурызда жасалған келісімде де, 1921 жылғы жасалған Орыс-ауған келісінде де (8 бап), осы жылы жасалған Түрік-ауған келісінде де (2 бап), Бұқараның жеке мемлекет ретіндегі тәуелсіздігі құжаттық тұрғыда мойындалған.

Бірақ советтік билік тек құжаттық тұрғыдан ғана еркіндігі бар халыққа конституциядағы белгіленген құқықтарын пайдалануына еш мүмкіндік бермей отырғанын тілге тиек ете отырып, елде осыған байланысты наразылықтың өршіп тұрғандығын және алдағы уақытта ол көтеріліске ұласатындығынан мәлімет береді. «При братском содействии революционный России нам удастся создать в Бухаре очаг подлинной национальной свободы... на деле же мы лишены возможности устраивать внутри страны жизнь согласно нашей конституции... должны создавать коммунистическую партию и вместо народного суверенитета – по конституции стать под диктатуру этой партии...», - деген бұқаралық билік басындағы басшының жазған хатынан үзінді келтіреді. Сонымен бірге елде тек коммунистік мерзімді басылым ғана бар екендігін, ел суверенитеті дегеніміз жәй әншейін әңгіме деңгейінде ғана қалғандығын, орыстар осы кезде Бұқара халқымен өзбектерше айтса «сарай итінің күшікпен ойынын» көрсетіп отырғандығына налйды.

Бұқара қозғалысының негізгі тамыры осы оқиғалар екендігін келісімнің әрбір бабын нақты келтіре отырып, бірақ олардың ешқайсысының орындалмай отырғандығын дәлелдейді. Советтік ұлттық теңдік әперу іс-әрекетінің Бұқара тәжірибесінде қалай жүргізілгендігін, қызыл армия атты диктаторлық басқаруға бағынбасқа амалдары қалмаған халықтың мүшкіл хәлін осылай баяндайды.

Міне, М.Шоқай мақалаларынан терең саяси талдауды, аргументтер мен дәлелдерді келтірудің ерекше шеберлігін байқаймыз. Сол кезеңдегі Бұқара тарихын аңғарамыз, елдің еркіндікке деген ұмтылысын байқаймыз. Халық ашуын туғызған қаншама оқиғалардың негізсіз емес екендігіне көз жеткіземіз. Осы себепті де «Тұтас Түркістан» идеясына бүкіл ғұмырын арнаған ұлы күрескер М.Шоқай мақаласының тарихи деректік маңызы зор деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шоқай М. Таңдамалы шығармалары. I том. Бұхаралық қозғалыс, Алматы: «Арыс», 2016 ж, - 122 бет

2. Шоқай М. Таңдамалы шығармалары. I том. Бұхаралық тәжірибе, Алматы: «Арыс», 2016 ж.

ӘОЖ 329.73:950 (574)

МҰСТАФА ШОҚАЙ – АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ

Көшербаева Х.Қ.

М.Шоқай атындағы 187 ақпараттық
технология мектеп-лицейінің
тарих пәнінің мұғалімі

Мұстафа Шоқай 1890 жылы 25 желтоқсанда (7 қаңтар) Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, «Бірінші мамыр» (қазіргі М.Шоқай атындағы кеншары әулие тораңғыл) Наршоқы деген жерде дүниеге келген. Мұстафаның тегі орта жүздегі қыпшақ, оның ішіндегі Торайғырдың Шаштасы, Батый ұрпағының Жанай тармағынан тараған. Әкесі Шоқай дала қазақтарының арасында ерекше мәдениетті, елге беделді кісі болыпты. Мұстафаның нағашы жұрты да текті болғанға ұқсайды. Анасы Бақты – әйгілі әскербасылардың бірінің ұрпағы. Шоқай би отыздан аса ағайын туыстарымен бір ауылда тұрған. Қазан төңкерісіне дейінгі мекені Орынбор-Ташкент темір жолы бойындағы жерде орналасқан. Шоқай 1912 жылы Мұстафаның 22 жасында қайтыс болған болған. Жасынан зерек Мұстафаның әкесі, туыстары жайлы әңгімелерді естіп есіне сақтайды. Мұстафаны жеті жасынан қалаға Ақмешітке орысша оқуға жібереді. Кейін 1902 жылы Ташкенттегі гимназияға түсіп, сегіз жылдан кейін оны өте жақсы деген бағамен бітіреді. Мұстафаның терең білім алып, саяси көзқарасының

қалыптасуы және қоғамдық қозғалысқа, халқының азаттығы үшін күреске алғаш қатысып шыңдалу кезеңі оның Санкт-Петербург университетінің заң факултетін бітіреді. Оның достары-қандас бауырлары қазақ ұлттық интелегенциясының аса көрнекті көшбасшылары: Думаның мүшесі болған Алихан Бөкейханов және Ахмет Байтұрсынов шоқ жұлдыздай шағын ғана осы шоғыр күш біріктіріп, патшалықтық шығыстағы жазалаушы саясатына қарсы шайқасты.

Думаның зорлық-зомбылықпен жүгенсіздікті тоқтату шараларын белгіленуіне де, қазақтар-орыстар мен жазалаушылардың 1916 жылы көтеріліске қатысушыларға көрсеткен айуандығын тексеру үшін тергеу комиссиясын құруға да шешуші ықпал жасаған - Мұстафа Шоқай.

Мұстафа Шоқай Түркі халқының тіршілігін әмбеге әйгілейтін журнал-газеттер ұймдастырып, шығуға қатысады. Мұстафа Шоқайдың сан-салалы қайраткерлік, ғылыми-зерттеушілік қызметінің бір қыры саясаттанушылығы ретінде жан-жақты, әрі терең зерттеп, осы мәселелер жөнінде ғылыми танымдық және саяси қолданбалы еңбектер қалдырды.

Бұл есімді ауызға алғанда отандастарымыздың ойына « Мұстафа Шоқай кім? Өз басының мүддесін қуып, жыраққа кетіп саяқ жүріп бақыт іздеген бейбақ па, әлде фашистер тұтқындаған шерменде отандасарымызды біріктіріп еліне жеңіс тұғырына қайта оралуды арман еткен сатқын ба?» деген сияқты кеңестік идеологиялық жүйе жасап кеткен түрлі сауалдар оралады.

XX ғасырдағы қазақ тарихындағы терең із қалдырған бұл қайраткердің өмірі мен қызметіне байланысты қойылған осы сияқты сауалдарға соңғы жылдарға дейін ғылыми дәлелденген жауап іздеу мүмкін болмай келеді. Тек енді ғана Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік комитеті архиві құжаттары мен Мұстафа Шоқайдың шетелдердегі мұрасын зерттеушілердің қолына түсе бастауына байланысты бұл тақырыпқа арналған түрлі мақалалар жарық көріп отыр. Жинақтап айтқанда, ол еңбектердің өзі де бұл үлкен мәселені берудегі алғашқы жасалған әрекет есебінде ғана, өйткені Мұстафа Шоқай қызметіне байланысты отандық және шетелдік құжаттардың басым бөлігі әліде ашылмаған күйінде қалып отыр. Мұстафа Шоқайұлы – XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық және әлеуметтік қайта жаңғыру үшін басталған қозғалыстың көшбасшыларының бірі еді. Сондықтан да ол соңынан империялық зорлыққа қарсы көтерілгендігі үшін қуғын-сүргінге ұшыраған қайраткерлердің үлесіне тиген тағдыр қасіретін бөліседі.

Сонымен бірге, кез-келген ірі қоғамдық саяси қозғалыс басшыларының әрқайсысының мүмкіншіліктеріне сай атқарған міндетіне байланысты қозғалыс тарихында алатын орны болмақ. Мәселен, Алихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатұлының ХХ ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалысты, оның жиынтық көрінісі болған Алаш қозғалысын теориялық және ұйымдық тұрғыдағы даярлаудағы рөлі ерекше және оны бұл қозғалысқа атсалысқан басқа қайраткерлерің орнымен шатастыру қиын. Сол сияқты Түкістан халықтарының, қазақ жұртының ХХ ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалысы тарихында Мұстафа Шоқайұлының да тек өзіне тиесілі орны бар.

Мұстафа Шоқай басқа зиялылары сияқты Ақпан төңкерісі нәтижелерін үлкен ынтамен қолдап, уақытша үкімет орындарының шараларына, қазақ даласына құрылып жатқан Қазақ Комитеттерінің жұмысына қызу араласады. 1917 жылдың жазында уақытша үкіметтің Түкістанды басқару үшін тоғыз адамнан тұратын. Мұстафа Шоқай да Түкістан Комитетінің құрамына енгізіледі. Дегенмен, уақытша үкімет әсіресе оның орнына келген Кеңестік билік Түкістан халқынан өздерін-өзі билеу құқығын мойындамады. 1917 жылы 22 қарашада өз жұмысын аяқтаған Түкістан өлкелік Кеңестер съезі Түкістан халық комиссарлары Кеңесі аталатын үкіметтің құрылғанын жариялап, бірақ оның құрамына жергілікті мұсылман елдерінен бірде-бір өкіл енгізбейді. Бұл жағдай Мұстафа Шоқай төрағалық еткен «Түкістан өлкесі мұсылмандыр Кеңесін» нақты әрекеттерге көшуге итермелейді. Осы жылдың 26 қарашасында Қоқан қаласында өз жұмысын бастаған төтенше өлкелік мұсылмандар съезі Түкістан халықтарының өзін-өзі билеуіне ықылас білдіре отырып, Түкістанды « Ресей Федеративтік Республикасымен ынтымағы бір территориялық автономия» деп жариялап, Түкістан уақытша Кеңесі үкіметін құрды. Мұстафа Шоқай әуелде бұл үкімет құрамына сыртқы істер министрі есебінде еніп, екі апта өткен соң оның төрағасы болып сайланады.

Түкістан автономиясын жариялай отырып, Мұстафа Шоқай мен оның серіктері бұл мақсатты іске асырудың қаншалықты азапты, күрделі екендігін жақсы түсінеді.

1917 жылдың желтоқсан айында Мұстафа Шоқай Орынборда өткен екінші съездіне қатысып, съезд сайлаған Алаш орда үкіметінің құрамына енеді. Сөйтіп, ол жаңа құрылған екі үкіметтің де мүшесі болады.

Біріншіден, Қоқанда Түкістан автономиясы жарияланып, үкіметі құрылғанда Мұстафа Шоқайұлы айға жетер-жетпес мезгілде Алашорда

үкіметінің өмірге келетінін білген жоқ еді және оны ойлауға да уақыт ағымы мұрсат берген жоқ-ты.

Екіншіден, Алашорда үкіметінің құрамына енуіне келісім беру орынсыз деп айту қиын. Өйткені Алашорда үкіметі желтоқсан съезіне « Бір айдың ішінде Алашорда бүкіл Түркістан қазағын Алашқа қосып алады, қосып ала алмаса да бір айдан кейін халыққа білдіреді», - деген шешім қабылдайды. Мұстафа Шоқайұлы қазақ автономиясының өз алдына жеке құрылуына қарсы болды. Түркістанмен қосуды жақтайды. Оқиғалар ағымы бұл екі автономияның ғұмырын ұзақ еткен жоқ. Құрамындағы халықтардың өзін-өзі басқаруды мақсат еткен саяси топтардың арпалысты күресі жағдайында мәселенің басқаша шешуін күту қиынсыз болды. Бірақ, бізге мәлім басы ашық жағдай Мұстафа Шоқайұлы өмірінің соңғы сәтіне де Түркістан халықтарының тәуелсіздігі олардың мемлекеттік тұтастығына байланысты деген ойда болған. Осы ойдың жалынды насихатшысы болды.

Қазақ даласы мен Каспий теңізі арқылы Мұстафа Бакуге жетеді, сосын Тиблистен жұбайымен 1919 жылдың көктемінен 1921 жылдың ақпанына дейін екі жыл тұрады Ыстамбұлға аттанады.

Өмірдің өзі көрсетіп бергендей ешқандайда эмиграциялық жолға бармай, отанынан қалған Алаш зиялыларының тағдырынан мынадай екі бағыт байқалады. Бірі Кеңестік билікті ішкі дүниесімен қабылдамай, бірақ мойындауға мәжбүр болады.

Ал, екіншілері Алаштың идеологиядан бас тартатындықтарын ресми түрде ашып мойындап, Кеңестік тәртіппен ымыраға келу жолына түсті.

Өз отанында қалған Алаш зиялыларына тиесілі басқа үлес жоқ болатын. Мұны Мұстафа жақсы түсінеді. Түсінгендіктен де саналы түрде эмигрант тағдырын тандап алды.

Күрескердің Парижге келудегі түпкі мақсаты, әрине Отаны Түркістанның азаттығы үшін атсалысу еді.

Мұстафа Шоқайдың еңбектерінде Түркістан автономиясын құрылуы мен күйреуі тарихына тікелей қатынасы бар деректермелік байланысты Мұстафа Шоқай былай деп жазды: «Түркістанда Ресейден бір жола бөлініп кету жөніндегі пікірді мақұлдай қоятын психологиялық рухани эзірлік болғандықтан біз автономияны былай түсіндіргенбіз Түркістанның дербес ел басқаратын мәселелері мен атқару органдары, яғни заң шығаратын парламенті мен іс жүргізетін үкімет болуға тиіс. Сыртқы саясат, қаражат, жол, әскери істер бүкіл Ресей Федерациясы үкіметінің ісі деп есептейтінбіз.

Оқу-ағарту ісі, жергілікті мекемелер, заң және жер мәселесінің бірі автономиялы үкіметтің ісі деп қарайтынбыз».

Мұстафа Шоқай екі ай ғана өмір сүрген, кеңестер талқандаған Түркістан автономиясын «Түркістан -- ұлт-азаттық қозғалысының бастау көзі» деп бағалады. Мұстафа Шоқай - бар мұраның айтарлықтай бөлігі, ол әлі де болса көпшілігімізге белгісіз.

Алаш алыптары шоғырына жататын арыстарымыздың әрқайсысының тарихтағы орны айрықша. Әйтсе де, Мұстафа Шоқайдың өзге қайраткерлерден, замандастарынан ерекшелігі неде дейтін болсақ, ең әуелі, Мұстафа Шоқай - Түркістанның тұтастығына толық сенген, сол жолда басын бәйгеге байлаған қабырғалы да сан қырлы қайраткер. Саяси көзқарас кеңістігі тұрғыластарынан әлдеқайда кең болған ол қазақтың тәуелсіздігін күллі Түркістанның тәуелсіздігінен бөліп қарамаған. Алаш арысы- көреген көсем. Көптеген қайраткерлер большевиктермен ымыраға келуге болады деп шешкенде, Шоқай жаңа биліктің алдамшы уәделеріне сенбеген. Тіпті Ташкентте билікті қолға алған большевиктер Шоқайдың Түркістан Халық комиссарлары кеңесінің (Үкімет) төрағасы болуын сұраған. Алайда, олардың түпкі пиғылын ерте аңғарған Шоқай бұл ұсыныстан бас тартқан. Кейінірек Тбилисиде, Ыстамбұл мен Еуропада жүргенде де большевиктерден арнайы шақырту алғанына карамастан, олармен ымыраға келмеген.

Шоқайдың тағы бір қыры, ол - қазақтың, Түркістанның тарихында саяси эмиграцияны алғаш бастаған тұлға. Оған дейін біздің тарихымызда шетелдерге шыққан адамдар болғанымен, саналы түрде, күрес жүргізу үшін эмиграцияға кеткен тұлғалар болған емес. М.Шоқай қызметін жөнімен бағалау тұрғысында, бұл тақырыпқа сонау Кеңес заманының өзінде-ақ алғаш түрен салған жазмы Әнуар Әлімжанов еді. Тәуелсіз заманда тарих ғылымдарының докторлары Мәмбет Қойгелді, Көшім Есмағамбетов, Дархан Қыдырәлі, Гүлжауһар Көкебаева, академик Досмұхадамед және Тимур Кішібековтер, жазушы-тарихшы Бейбіт Қойшыбаев, зерттеуші мұрағатшы Ғазиза Исахан, жазушылар Әкім Тарази, Оразбек Сәрсенбай, акын Қасымхан Бегманов, Байбота Серікбайұлы Қошым-Ноғай, журналистер Жарылқап Қалыбай, Әбдімүтәл Әлібеков және басқалары. Мұстафа Шоқай қызметінің әр қырынан келіп қалам тартты. Бұл орайдағы жұмыстарды тұжырымдай келе тарихшы Талас Омарбеков: ғылыми жұмыстар өзімізде де, шетелде де қорғалды. Бір адамның өмірін зерттеуге қатысты біраз жұмыс жасалды. Яғни, мұстафатану саласы ғылыми тұрғыдан

алғанда бір жүйеге түсті, деп бағалайды. Ең күрделі мәселе - «Мұстафа Шоқай гитлершілермен ауыз жаласқан, азиялық тұтқындарды кеңес өкіметіне қарсы соғысуға үгіттеп, олардан «Түркістан легионы» деген жасак құруға қатысқан, Отанын сатқан опасыз, дүшпан» деп Кеңес үкіметі таққан айып. Бұл айып шындықты бұрмалау екендігі қазір дәлелденіп отыр. Жазушы, қоғам қайраткері Ә.Әлімжанов «Мұстафа Шоқай. Ол кім?!» деген мақаласында «Мұстафа Шоқайұлы ешкімнің актауына мұқтаж емес. Ол өзін-өзі шығармаларымен, ерлігімен актап отыр. Оны тарих пен уақыт ақтады. Түркі тілінде сөйлейтін халықтар оның өзіне лайық бағасын беруде» деп жазған екен. Өнуардай көрнекті қайраткердің бұл тұжырымының дұрыстығын өмірдің өзі көрсетті. Мұстафа атамыздың өмір жолын көп айтылып жатады, енді қызметін талдайық. Кеңес билігі әсіресе Шоқайға қатаң саясат ұстанды. Неге? Өйткені, өздеріңізге белгілі, Шоқайдың саяси күресінің басты мақсаты - Түркістандағы кеңес билігінің орнына тәуелсіз ұлттық басқару жүйесін орнату еді. Сол себепті Кеңестер үшін Шоқайдан асқан жау болған жоқ. Сондықтан да Мәскеу Шоқайды «халық жауы» деп жариялап оның өмірі мен идеялары туралы мәлімет таратуға тыйым салды. Сосын Шоқайдың шығармаларының басылуына, таратылуына және тіпті оқылуына қатаң шектеулер қойылды. Бұл тыйым- шектеулерге мойынсұнбағандар, сірә, оның атын атағандар аяусыз түрде жазаланды. «Халық жауы» деген желеумен Шоқайға қатысты мәліметтерге оқулықтар мен энциклопедияларда орын берілмеді. Сол себепті Қазақстан мен қазақ халқына қатысты барлық мағлұматтарды қамту үшін үлкен еңбек сіңіріліп дайындалған 12 томдық Қазақ Совет энциклопедиясында Шоқай туралы ешқандай мәліметті кездестіре алмайсыз. Ал Шоқайдың аты амалсыз тарих кітаптарында аталатын жағдайлар болса, онда Шоқай міндетті түрде отанын сатқан опасыз ретінде көрсетілді. Кеңес дәуірінде Қазақстанның ресми тарихы болып саналған «Қазақ ССР» тарихы атты еңбекте Түркістан автономиясына байланысты оқиғалар баяндалып жатқанда Шоқайдың қарсы төңкерісшіл элемент екендігіне баса назар аударылды. 1961 жылы Алматыда жарық көрген «Қазақ ССР тарихы» атты еңбекте Шоқайға байланысты мына жолдарды кездестіреміз: «...Сонымен қатар ағылшын империалисттерінің нұсқауларымен 1917 жылдың қараша айының соңында Қоқанда «Қоқан автономиясы» деген бір автономия құрылды. Бұл кертартпа-төңкерісшіл үкіметтің ішінде өзбек буржуазияшыл ұлтшылдарымен қатар қазақ ұлтшылдары М. Тынышбаев пен М.Шоқаев орын алды».

«Қазақ ССР тарихындағы» әрқандай бір бағалау аса маңызды. Өйткені ол еңбек кеңестердің Қазақстан тарихы туралы ресми көзқарасын байқатады. «Қазақ ССР тарихы» сынды ресми тарих кітаптары Компартияның көзқарастары мен принциптерін көрсету барысында, партияның мұқият бақылауында дайындалады. Кеңес идеологиясын коммунистік партия белгілегендіктен партия басшылары өзгерген сайын идеологияда өзгерістер болып отырды. Соған мезгілдес Қазақ ССР тарихы да өзгертіліп тұрды. Тұңғыш «Қазан ССР тарихы» 1943 жылы жарық көрді. Бірақ дүниежүзілік екінші соғыстан кейін бұл кітапта жаңсақ пікірлердің орын алғаны алға тартылып, қайта жазуға шешім қабылданды. Сөйтіп 1948 жылы «Қазақ ССР тарихының» екінші нұсқасы жарияланды. Бірақ кейіннен бұл кітап та зиянды деп табылды. 1978 жылы үшінші және соңғы нұсқасы жазылып, оқырмандардың назарына ұсынылды. «Қазақ ССР тарихы» секілді маңызды кітаптардың мазмұнын Қазақстан Коммунистік Партиясы Орталық Комитеті идеология хатшысы тексеріп отырды.

«Қазақ ССР тарихында» жағымсыз пікір білдірілген Шоқай туралы әрқандай бір адамның зерттеу жүргізіп, әрқандай бір материалды жариялауы мүмкін емес еді. Өйткені Кеңестер Одағының мүшесі болып саналатын бір елдің тарихына байланысты Кеңес идеологиясы бойынша жазылған тарих кітаптары зерттеушілер мен тарихшылар үшін жол көрсетуші бір компас қызметін атқарады. Оған қарай тарих бағалануға тиісті еді. Сондықтан, айталық, Қазақстанға қатысты шығарылатын тарих кітаптары мен зерттеу еңбектерінің нәр алатын бұлағы «Қазақ ССР тарихы» еді. Қазақстан азаматтары, әсіресе ғалымдар мен өнер қайраткерлері сондай-ақ, ақын-жазушылар мен коммунизмнің болашақ құрушылары деп айтылған жастар сол кітаптың көзқарастарымен санасуға мәжбүр еді. Сол себепті мүмкін емес еді.

Кеңестік Қазақстанның ресми тарихында тиым салынған тек Шоқай мен Түркістан автономиясы емес еді. Алаш орда қозғалысы мен жетекшілеріне де тиым салынды. Алайда, Алаш қозғалысының жетекшілері большевиктер үстемдік орнатқаннан кейін Шоқай секілді шетке шығып күрес жүргізудің орнына, олармен бірге бірлесуді тандап, Қазақстанда кеңестік басқару жүйесінің ұлттық сипат алуына маңызды үлес қосты. Олар әсіресе оқу-ағарту, ғылым және өнер секілді салаларда орасан зор еңбек етті. Міне бүгінгі таңда Қазақстанның ұлттық мемлекет ретінде халықаралық қауымдастықта тиісті орнын алуда осындайдың рөлі жоқ деп кім айта алады?

Кеңестер билігі Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулат сынды Алашорда жетекшілері мен мүшелерін 1925 жылдан кейін қудалай бастады. 1930-1932 жылдары жүргізілген әр түрлі соттарда Алаш орданың белсенді мүшелері халық жауы және шетелдердің тыңшылары деген айыптар тағылып бас бостандығынан айыру, жер аудару немесе өлім жазасына кесілді. Бұл соттардың қармағына ілікпей аман қалғандары 1937-1938 жылдардағы репрессиялар кезінде қырғындалды. Алаш орда қозғалысы мен оның жетекшілері туралы зерттеулер жүргізіп, еңбектер жазуға да 1935 жылдан бастап тыйым салынды.

Шоқай бұл жағдайды тосырқамайды. Оның ойынша Кеңес билігіндегі халықтардың ұлт-азаттық қозғалыстарын кеңес тарихшыларының бейтарап жазуы мүмкін емес еді. Өйткені олар, жалпы алғанда, тарих ғылымында бейтараптылықты қабылдамайды. Сондықтан олар тарихты тап күресі үшін бір құрал ретінде пайдаланды. Шоқай тарихтың тек өткеннен сыр шертетін ғылым ғана емес, сонымен қатар болашаққа бағыт-бағдар беруге жарайтын бір құрал екендігін кеңестік тарихшыларының өте жақсы білгендігіне баса көрсетеді.

Түркістанның бірлігі мен тәуелсіздігін ту етіп, оны өмірлік мұратына айналдырған, сол жолда құрбан болған Мұстафа Шоқайдың тұлғасы күн өткен сайын биіктей бермек. Түбі бір түрік жұртының тағдыры талқыға түскен шақта басын бәйгеге тіккен, саналы ғұмырын ұлт мүддесі мен ел мұраты жолына арнаған сан қырлы қайраткер тұлғаның тағылымын арқау еткен еңбектер жаңа, тың деректерге жетелемек.

Бүгін бізге Мұстафа - Бей Шоқайұлының және онымен пікірлес, халықтың бағына туған көксерек топтың тағдырларын ойлап опынғаннан пайда жоқ. Алтын құрсақты айналайын халқымыз ара-кідік болса да, алыптарды тумай тұра алмайды. Ендігі үміт соларда... Олар ат жалын тартып мініп, билік тегершігін қолына алып, бізді қыранға шығарып самалдатқанша, бәрібір Мұстафа Шоқайұлын егіле еске алуды қоя алмайтынымыз және ақиқат.

Ақиқат жаршысы, ұлт жанашыры бола білген ерекше тұлға Мұстафа Шоқай туралы зерттеу жұмыстары алдағы уақытта да жалғаса береді, сөйтіп тың туындылар шоқайтану ілімін толықтыра түседі.

Міне, осылайша Мұстафа Шоқайды Ресей мемлекеті қаншама жылдар өтсе де "Санкт-Петербург тұлғасы» медалімен марапаттап, энциклопедияға енгізіп, құрмет көрсетті.

Біз, Қызылордалықтар, Сырдариядай ұлы өзен бойын мекен еткен бабаларымыздың тіршілігіне жан да, нәр де берген шапағатты Сыр Ананың

арда емген ұрпағымыз. Қазақ елінің азаттығы үшін жырақта жүріп күрескен Сыр елінің перзенті - Мұстафа Шоқай. Мұстафа Шоқайдың бай мұрасын елге жеткізіп, жан-жақты зерттеу, оларды талдап басып шығару қажет. Сол арманды асқақ жандардың бірі, біз үшін тағдыры тым шытырманды, өмір жолы жұмбаққа толы, бүгінгі ұрпақ біле бермейтін, қалтарысы мен құпиясы көп, ұлт-азаттық күрес тарихындағы аса көрнекті тұлға - Мұстафа Шоқайұлы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шоқай М. Таңдамалы. I-II том. Алматы. 1998.
2. Есмағанбетов К.Л. Әлем таныған тұлға. Алматы. 2009.
3. Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. Алматы 1992.
4. Серікбайұлы Б. М. Шоқай -Түркістанның қилы тағдыры. - Алматы: Жалын, 1992.
5. Бәкіров Ә. Вали Каюм немесе Мұстафаның жұмбақ өлімі. // Сыр бойы газеті. 2 ақпан. 1998.
6. Шаймерденов Қ. Мұстафа Шоқай. I-II том Алматы. «Қайнар баспасы» 1998.
7. Кәкен А. Ақиқат жаршысы //Түркістан» газеті. №16 (978), 25 сәуір, 2013. <http://www.turkystan.kz>.
8. Кішібеков Д., Кішібеков Т. Қазақ тарихындағы ұлы тұлғалар, қазақ тарихының актандақ беттері. <http://www.alash.kz>.

ӘОЖ 341.231:950 (574)

ТӘУЕЛСІЗДІК – МҰСТАФА ШОҚАЙ МЕН АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ БАСТЫ АРМАНЫ

Қамзаева К.С.

ф.ғ.к., доцент

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Елбасы Н.Назарбаев: «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай да қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген»,- дейді[1,57]. Сондай тұлғалардың бірегейі - Мұстафа Шоқай. Ол - Алаш қозғалысының төл перзенті, Алаш идеялары мен мұраттары аясында қанаттанған, қазақ, өзбек және басқа да түркі

халықтарының ұлттық бостандығы үшін күресінің стратегиясы мен тактикасын айқындаған қайраткер. 1910 жылы Санкт-Петербург университетіне оқуға түскен күнінен бастап М.Шоқай дүниетанымының қалыптасуы, бір жағынан, түркішілдік-мұсылмандық қозғалыстың (С.Жантөрин), екінші жағынан «батысшылар» демократиялық-либералдық қозғалысы мен Ә.Бөкейханов ықпалымен өтеді[2,45].

Мұның өзі оның осы кезеңде түркішілдік ықпалда болғанын көрсетеді. Осыны сезген Ә.Бөкейханов М.Шоқай мен оның жолдастарына «өздеріңді ешқандай сағыммен алдамаңдар» деп ескерту жасайды. Патша өкіметінің отарлық саясатының мәнін ұққыларың келсе, ең алдымен, оның қоныс аударушылық саясатына назар аударыңдар деп оларға дұрыс бағыт сілтейді. «Әлихан бізге ылғи да «ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын зерттеп үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді» - деуші еді. Біз ол кезде орыс мектептерінде оқып жүрген жәдидші жастар - бәріміз де бүкіл ынта-ықыласымызбен «мұғажыр мәселесін» үйренуге кірістік. Мемлекетіміз үшін ең үрейлі қатердің қайдан туып келе жатқанын сонда ғана түсіндік», - дейді кейін М.Шоқай[3,45].

Мұстафаның сөзіне қарағанда ол Ә.Бөкейхановпен алғаш Санкт-Петербургте емес, одан ертерек Ташкент гимназиясында оқып жүрген шағында кездеседі. Қоныс аудару саясатын ыждағатты зерттей келіп, ол мұғажыр мәселесінің азаттық қозғалысының басты мазмұны, бұл саясаттың түпкі мақсаты қазақ жерін этностық отарлау екендігі туралы тұжырымға келеді. Сол себепті де болар, ол өмірінің соңғы сәтіне дейін патша, кейін Кеңес өкіметінің қоныс аудару саясатын назарынан тыс қалдырмайды, жерінен айырылған халықтың күні қараңғы екендігін еске салумен, болашағы жоқтығын айтумен болады. Әлем тарихындағы мұндай саясаттың отаршылдықтың «ең жабайы», «ең дөрекі» түрі екендігі жөнінде жар салады. Өзі де ес біле бастаған кезінен-ақ қоныс аударушылықтың сорақылық мысалдарымен талай рет ұшырасады.

Эмиграцияда жүрген кезінде жұма сайын кездесіп, сұхбаттасып тұратын жақын жолдастарының бірі Украин Халық Республикасының 1917-1918 жылдары Сыртқы істер министрі болған А.Я.Шульгин: «М.Шоқайдың Бюрода атқарған жұмысының маңыздылығын айтып жеткізу қиын», - дейді[4,89]. Мұстафа қазақ азаматтарының майданның қара жұмысына алынуына байланысты мәселелерде Ә.Бөкейханов бастаған қазақ зиялыларымен бірлесе жұмыс істейді. 1916 жылы М.Шоқай мен А.З.Валиди Түркістаннан алынған жұмысшылардың жағдайын білу үшін майданға барып қайтады. Патшаның тақтан тайған күні Ә.Бөкейханов жаңа жағдайда қазақ халқының алдында тұрған мәселелерге байланысты елге қайтатынын, Бүкілресейлік Земство одағындағы өзінің орнына майданға алынған жұмысшылардың ісімен айналысатын ұйымдардың шешімімен М.Шоқайдың сайланғанын айтып, сол себепті тез арада Минскіге келуін

талап етіп, хат жолдайды. Бірақ Петроград пен майдан арасындағы теміржол қатынасының үзіліп қалуы себепті Мұстафа Минскіге бара алмайды.

Наурыз айында Уақытша үкімет Ә.Бөкейхановты Петроградқа шақыртады да, оның орнын Асфандияр Кенжин басады. Петроградта 20 наурыз күні Әлиханның Торғай облыстық комиссары қызметіне тағайындалуына келісімі алынады. М.Шоқай Ә.Бөкейхановпен Петроградта кездесіп, түркі мұсылман халықтарының тағдыры жақын арада жүзеге асырылуға тиісті нақты шаралар жөнінде кең түрде сұхбаттасады. Сол жылы Әлиханмен бірге М.Дулатұлы да Петроградқа келеді. Мұнда Ә.Бөкейханов Міржақып пен Мұстафа Уақытша үкіметке қолдау көрсеткен астана көшелеріндегі шеруге де қатысады. «Қазақ» газетінде Әлихан, Мұстафа, Міржақыптың қолдары қойылған «Алаш ұлына» деген үндеуі жарияланады. Үндеу 12 сәуірде жарық көргенімен, бұл құжат Петроградта дайындалып, осы үш тұлғаны, яғни Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Шоқайдың қаламынан туындайды[5,90].

М.Шоқайдың «Алаш ұлына» секілді маңызды құжатты дайындауға тартылуы қазақ жері мен халқының тұтастығын ойлаған Әлихан мен Міржақыптың әуел бастан оны ұлт-азаттық қозғалысының оңтүстік қанатының жетекшісі ретінде санауынан деп нық сеніммен айта аламыз. М.Шоқай әуелі Түркістаннан Убайдолла Қожадан, оған іле-шала сәуір айында Орынборда ашылатын Торғай облысы қазақтарының сиезіне Ә.Бөкейхановтан та шақырту алады. Мұстафа Петроградтан Орынборға 1 сәуірде жолға шығады.

Кейін жиында М.Шоқай: «Қазақ даласындағы автономиялық өкіметтің іргесін қалай бастаған бұл сиезд қазақ, өзбек, татар халықтарының бастары біріккен, еркіндікке ұмтылысы мен туысқандықтың айқын көрінісі болды», - деп бағалайды. М.Шоқайдың 10 сәуірде Ташкентке оралған бойында М.Тынышпаевтың Ә.Бөкейхановқа жазған хатында: «Мұстафа Орынбордағы қазақтардың ұстаған жолы мен біздің көзқарасымыз туралы айтып берді... Мен сіз бен біздің көз-қарасымыздың бірдей болып шыққандығына аса қуандым», - деуі осы тұжырымды толықтыра түседі[6,45]. М.Шоқай дүниетанымының ерекшеленуіндегі Алаш идеологиясының шешуші рөл атқарғандығын мойындай отырып, оған түркі мұсылман қозғалысы жетекшілерінің ой-пікірлері де әсер еткендігі, жалпы алғанда оның екі ғасыр тоғысындағы саяси ағымдар мен оқиғалардан нәр алғандығын ескеруіміз қажет.

Түркістан мен қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалысы ошақтарының арасындағы байланысты нығайтуда М.Шоқайдың 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынборда өткен Бірінші жалпықазақ сиезіне арнайы шақыртылуы маңызды қадам болды. Түркістандағы саяси ахуалдың күрделілігіне байланысты Мұстафа сиез жұмысына қатынаса алмады, бірақ ол сырттай Құрылтай жиналысының депутаттығына кандидат және Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне депутат ретінде бекітілді. 1917

жылдың желтоқсанында Түркістан Мұхтариятының Уақытша үкіметі М.Шоқайды Орынборға Башқұртстан мен қазақтардың ұлттық ұйымдарымен байланыс орнату, сонымен бірге «Оңтүстік-Шығыс казактары одағының» саяси ұстанымы жайында мәліметтер жинау мақсатында іс-парға жібереді. М.Дулатұлы 1929 жылы 30 қарашада ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында М.Шоқай Орынборға сиездің (II Жалпықазақ съезін айтады) соңына қарай келді деп көрсетеді. Сиезде Мұстафа Түркістан Мұхтарияты жөнінде баяндама жасап, Жетісу мен Сырдария казактарының Мұхтариятқа қосыла қоймағандығын айтып береді. Сиез Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының Ресейдің болашақ мемлекеттік құрылысын түпкілікті шешкенге дейін Қазақ өлкесі Сібірмен де, Түркістанмен де қосылмай, дербес автономия ретінде өмір сүреді деген ымыралық шешімге келеді: «Бірақ делегаттардың көпшілігі Сібірмен қосылуға қарсылық білдірді. Орынбор сиезінің кейбір ерекшеліктеріне қарағанда қырғыз өлкесі мен Түркістан өздерін біртұтас аймақ ретінде түсінді» деп көрсетеді М.Шоқай. Осы түсініктің бір көрінісі – Түркістан автономиялық үкіметінің мүшесі М.Шоқайдың Алашорда үкіметінің де мүшесі болып сайлануы. Тіпті Алаш партиясы бағдарламасының алғашқы нұсқасын дайындайтын комиссия құрамына Мұстафаның де енгізілуі жоғарыдағыдай көзқарастан туындаған секілді [7,67].

М.Шоқай Самарада құрылған үкімет (Комуч) құрамына А.Байтұрсынұлы, М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов және тағы басқа қазақ зиялыларымен бірге енеді. 22 тамызда ол алаш қайраткерлерімен бірге Челябинде өткен Комуч пен Сібір үкіметінің Мемлекеттік кеңесіне қатысады. Мұстафаның 1918 жылдың жаз айларындағы қызметі эсерлер мен кадеттердің жиындарына қатысуымен шектелмейді. Осы кезеңде ол Торғай даласында қазақтардың тұрмысымен, елдегі саяси ахуалмен кеңінен танысады. 1918 жылдың қыркүйегінде Алашорда басшылығы Сібір үкіметіне бірін-бірі тану жөнінде келісімнің жобасын ұсынады. Онда Алашорданың ең басты міндеті ретінде Алаш территориясын большевиктерден азат ету және Түркістан мен Жетісуға көмек көрсету, болашақта Алаш, Сібір, Башқұртстан мен Түркістан федерациясын құру деп белгіленеді.

М.Шоқай Ә.Бөкейхановтың пікірлеріне толық қосыла отырып, орталық билікті құру тетіктері, орталық билік пен облыстық үкіметтердің өкілеттіктері, басқару функциялары, жер, ұлтаралық қатынастар мәселелері бойынша бірнеше рет нақтылы ұсыныстар жасайды. Орталық билік пен облыстық үкіметтер арасындағы өкілеттіктерді бөлісу мәселесі жөнінде баяндама жасаған Халық бостандығы партиясының мүшесі Л.А.Кроль дайындаған қарар жобасынан «кеңейтілген автономия» сөзінің алынып тасталуына Ә.Бөкейханов мұның жай редакциялық түзету емес, автономия мазмұнына нұқсан келтіретінін, сол себепті «кеңейтілген автономия» сөзінің пікірталастар барысында қол жеткізілген концепциялық тұжырым екендігін

айтады. Ә.Бөкейханов пікірін М.Шоқай да қолдап, қарарда «кеңейтілген автономия» ұғымы принциптік ұстанымды білдіреді деген түсінік береді. Мұнан кейін М.Шоқай, Ә.Бөкейханов, М.Тынышпаев Мәскеуден Уфаға келген Н.Ақшорамен кездесіп, «Оңтүстік-шығыс мұсылмандары облыстарының федерациясын» құру жөнінде кеңеседі[8,42]. Кейін (1929ж. 27 мамырда) Мәскеуде ГПУ тергеушілеріне берген жауабында А.-З.Валидимен соңғы рет Уфа мемлекеттік кеңесінде кездестім, онда жауларымызға, олардың ішінде, әрине, Кеңес өкіметі болатын, бірлесе күресу жөнінде уағдаластық деп Ә.Бөкейханов осы жиынды еске алады. Уфа кеңесі Ә.Бөкейхановтың М.Шоқаймен де соңғы кездесуі болатын. Орынборда атаман А.Дутовқа қарсы астыртын төңкеріс ұйымдастыру әрекеті сәтсіздікке ұшырағаннан кейін Мұстафа Әзірбайжан, не Грузияға барып тұрақтауға тоқталады. Бұл жолы да оның сапары Х.Досмұхамедов пен Ж.Досмұхамедовтің ауылдары арқылы өтеді[9, 47; 10,89]. Халел Мұстафаның Гурьев (қазіргі Атырау) қаласы, Форт-Шевченко (Кетік) арқылы Кавказға аттануына үлкен көмек көрсетеді. Кейбір мәліметтерде Мұстафаның Кетіктен Әзірбайжанға өтіп кетуіне 1904 жылғы Порт-Артур шайқасына қатысқан подполковник Оспан Көбеев қолғабыс берді деген сөз бар. Қызылдар әуелі Әзірбайжанды, кейін Мұстафа барып орналасқан Грузияны да алады. Осыдан кейін ол Түркияға өтіп, ақырында 1921 жылдың мамыр айында Парижге барып тұрақтайды.Кавказда жүрген шағында Мұстафа Түркістан Мұхтарияты үкіметінде көмекшісі болған Искандер Көпжасаров арқылы елдегі жағдай жөнінде хабарласып тұрады. Парижде де Мұстафаның Алаш зиялыларымен байланыс тіндері үзілмейді. Мұстафа секілді көрнекті тұлғаның Францияға келуі бұл елдің саяси өмірінде ізсіз қалмайды[1138]. Сыртқы істер министрлігінде ол туралы мінездеме даярланып, басшылыққа ұсынылады. Онда М.Шоқайдың саяси оқиғаларды бағалаудағы қалтқысыз дәлдігі, Еуропаға Түркістанның ұлттық ұйымдарының тапсырмасымен келгендігі көрсетіледі[12,2].

Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз. Еліміз тәуелсіздіктің бесігінде тербелгелі біраз жыл. Бұл - атадан келе жатқан ұлы жеңістің жемісі.

Арысы қазақ хандығынан бастап берісі егеменді елдің іргесіне дейінгі көшті жалғастырып келе жатқан, атадан тараған ұрпақтың парызы - осы аманатты сақтау. Жәнібек пен Керейдің кереген керегесін кілем үсті көтеріп, Отанды қастерлеп өту әрбір ұрпақтың міндеті. Қазақта «Отансыз адам ормансыз бұлбұл» деген сөз бар. Орманы жоқ құстың ұясы да, қонар бұтағы да жоқ. Дәл сол секілді тірлік кешу ортасы жоқ ұлттың өмір сүруі мүмкін емес.

Әдебиеттер:

- 1.Мұстафа Шоқай, Мария Шоқай. Естеліктер 1988
- 2.Мұстафа Шоқай. Таңдамалы. Том-1., Алматы, «Қайнар», 1998

- 3.Бақыт Сыздықова. Мұстафа Чокай. Алматы, Алаш. 2004
- 4.Түркістанның қилытағдыры, Алматы, Жалын. 1992
- 5.Жас Түркістан. МұстафаШоқаймырзаныңрухына. Париж 1949-50ж
- 6.Төңкеріс жәнеұлттықмәселе. Мәскеу 1930ж. Т.3.
- 7.Алаш-Орда. сб. документов. Сост. Н. Мартыненко. Кызыл-Орда, 1927. С.
- 8.Қазақ тарихы. 1997ж. №2 13-15 9.Қойгелдиев М. Ұлттықсаяси элита. Алматы, 2004
- 10.Алаштың азаматы, оларкімдереді? «Қазақстанкоммунисті», 1991. №8,9,10.
- 11.Байшуақұлы Ә. Түркістан легионы туралышындық. «Қазақәдебиеті», 1992
- 12.Мұстафин А. Аңызықайсы, ақиқатықайсы? «Анатілі», 1990
- 13.Ақпарат дереккөзі:
https://massaget.kz/mangilik_el/tauelsizdikke_25_jyil/41472

ӘОЖ 894.342:325.8:950 (574)

ТҮРКІ ДҮНИЕСІНІҢ КӨШБАСШЫСЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ

Қасымова С.К.

ҚР ИИМ ТЖК Көкшетау техникалық институты
элеуметтік – гуманитарлық пәндер, тілдер және психологиялық дайындық
кафедрасыны профессоры ф.ғ.к.
Көкшетау қ., Қазақстан

Ұлттық рухты өз тағдырынан жоғары қоя отырып, өз халқының тәуелсіздігі мен азаттығын, отаршылық тағдыр кешіп отырған басқа да түрік тектес халықтардың қамын ойлаған, өшпес идеялары мен элеуметтік саяси нақылдарының тағлымдары мол, тәуелсіз еліміздің тарихындағы орны ерекше алаш қайраткерлерінің қоғамдағы атқарған қызметі ұлттық сананы жаңғыртудағы ерлік істерімен құнды. Осындай үш ғасырға жуық Алаштың арманы болып келген тәуелсіздіктің мұраты ұлттық рухты бодандықтан бостандыққа шығару десек қазіргі уақытта егеменді еліміздің болашағының басты тұлғасы - жастарға тарихи білім берудің басты бағыты, өткенімізді әділ таразылап, құндылықтарымызды дәйектеп, кейінгі ұрпаққа мұра ету - бүгінгі білім берудегі өзекті мәселелердің бірі бірі десек қателеспейміз.

"Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді"[1] – деп бар саналы ғұмырын өз ұлтының, бүкіл түркі әлемінің азаттығы мен еркіндігіне арнаған түркі дүниесінің көшбасшысы болған Мұстафа Шоқайұлының қажырлы қызметін тани білу және оның аса

маңызды әлеуметтік саяси ой-пікірлерін рухани игеру, қазіргі жаңа әлемдегі Қазақстанымыздың бүгінін байытып, келешегін кемелдендіре түсері сөзсіз.

Түркі дүниесінің көшбасшысы "Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай да қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген"- деп тарихи сана белгілі бір дәрежеде барлық адамзат ұрпағына тән екендігін дәйектейді.

Мұстафа Шоқай Түркі халықтарының тарихында бүтін бір кезеңді қамтыған ерекше ұлы құбылыс. «Бірлік түбі - береке» демекші, бабамыз сол заманда түркі халықтарының басын біріктіру арқылы ғана аңсап жүрген тәуелсіздікке қол жеткізуге болатындығын білген. Осы ретте Н.Ә.Назарбаевтың «Бабаларын қалтқысыз қастерлей білген халық балаларының болашағын да қапысыз қамдай алмақ» [2] дегеніндей бабаларымыздың жарқын істерін насихаттау - бесігіміздің бүтін, жеріміздің тұтас, тіл мен діліміздің, түптеп келгенде тәуелсіздігіміздің мәңгілік болуының басты кепілі деп санаймыз. Өскелең, егеменді еліміздің көк туын биіктерден асқақтатар ұрпақтың бойында отансүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерді қалыптастыру, елдің тәуелсіздігін қастерлеуді үйрету үдерісінің бастау бұлағы – отбасы, мектеп, білім ошақтары. Демек, егеменді еліміздің гулденуі жолындағы жалынды жас болашақ ұрпақты ұлан-байтақ жерімізді білектің күші, найзаның ұшы, ақылдың амалымен сақтап, бізге жеткізуге үлес қосқан ата-бабаларымыздың өміршең үлгі-өнегесін сіңіру арқылы тәрбиелеу ең абыройлы міндетіміз.

Халқымыз үшін ардақты бабамыз шынайы тарихи ізденістердің сабақтарын саяси мақсатта пайдалануды қалағанымен, тарихи ізденістерді саяси мүддеге бағындыру арқылы жүргізуге үзілді-кесілді қарсылық білдірген. Оның дәлелі қандай еңбегін алсақ та, осы зерттеу принципінен айнымайды. Ілгері жылжудың басты шарты – “қаншалықты зор, ащы болсын – ақиқатын айту” екендігінен ауытқымайды. Мұны ол, тіпті, ұлт-азаттық күрес барысында шейіт болғандардың алдындағы парыз деп ұғынады. Сонымен қатар саяси күресте де, зерттеу әдістерінде де белгілі бір моральдық принциптердің болатындығын, шындыққа апаратын жолдың өзі де шынайы болуы керектігін ескертеді.

Көп реттерде, өкінішке орай, Қазақстан мен әсіресе кеңестік Түркістанның басқа да республикаларында 20-30-шы жылдары болып өткен қоғамдық өзгерістер туралы біз коммунистік идеология тұрғысынан жазылған мәліметтер мен тарихи еңбектер арқылы біліп жүрдік. Өйткені шынайы пікірде болған өзіміздің отандастарымыздың еңбектерін жариялау мен танысу мүмкіндігі кейбір себептерге байланысты болған жоқ. Қазіргі

уақытта қуанышқа орай ұлттық ғалымдарымыз, академиктеріміз бұрын тыйым салынған ұлт жанашырларының еңбектерін мұрағаттардан зерделеп, саралап, көпшілік қауымға жан-жақты ұсынуда. Осындай еңбектермен таныса отырып, Мұстафа Шоқайұлының өз заманында Түркістанда орнаған кеңестік идеологияның отаршыл саясатын қатесіз тани біліп, оған өзінің қажырлы еңбегімен қарсы тұрып, Отанға қызмет жасаудың жолдарын жан-жақты іздестіре білген дарынды тұлға екеніне және ол туралы айтылған небір жаңсақ көзқарастардың қате екеніне көз жеткіздік.

Еркіндік жаршысы өзінің еңбегінде сол кездегі ұлттық саясат туралы «Кеңес өкіметінің «ұлттық саясаты» басынан аяғына дейін ұлттық езу, қанау саясаты. Түркістандағы «ұлттық республикалар» дегеніміз – «сырты жылтырап, іші қалтырап тұрған» мәнсіз, мағынасыз бірденелер екенін кеңес баспасөзінің өзі де теріске шығаруға дәрменсіз», - дей келе «Отаршыл орыс пролетариаты Түркістан халқын қалауынша ұрып-соғып, қырып-жойып, айтқанына көндірмек, айдауына жүргізбек», -деп қынжылады [3,91]. Сондай-ақ Кеңестер Одағы орталықтарында маңызды мәселе деп көп реттерде қозғалатын «ұлттық мәселе» туралы большевиктер бұл мәселені шешуге келгенде олардың арасында ешқашан бірауыздылық болған емес, кейбіреулері бұл мәселені «ұлттардың өзін-өзі билеуі» тұрғысынан қою пролетариат диктатурасы дәуіріне сәйкес келмейді десе, басқалары мәселенің осылайша қойылуы езілген ұлттарды пролетариат диктатурасы жағына тартудың бір амалы және Еуропаның басты орталықтарында өкіметті қолға алуға септігі тиетін бір «амал» деп біледі дей отырып, «Түркістанның Ресейден бөлініп шығып, шын мәнінде тәуелсіз болуы үшін күресіп келе жатқан мына біздер, бүгінгі Түркістандағы кеңестік республикалардан өзіміздің «ұлттық» идеяларымыздың көлеңкесін де көре алмай отырмыз. Біздің ұлттық бағдарламамыз тұрғысынан қарағанда, қазіргі жағдайда Түркістан-Түркіменстан, Қазақстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан деген атаулармен кеңестік республикалар түрінде көрінсін немесе Қазақ, Өзбек, Қырғыз, Тәжік, Түркімен аудандары, яки аймақтары деп аталсын, бәрі бір ештеңе өзгермейді. Олар Орта Азия Бюросы делініп немесе басқа бір аттармен аталып, бәрі бір Мәскеу диктатурасының тепкісінде болады», - деп пайымдайды. Сонымен бірге большевиктердің «сырты жылтырақ, іші қалтырақ» «қағаздан жасалған» республикалары төңірегінде өрбіген өзара айтыстарынан ештеңе күтпей, ең алдымен атамекеніміздегі орыс пролетариаты үстемдігіне қарсы яғни оны орыс үстемдігінен құтқарып, өз тағдырымызды өз қолымызға алуымызға кедергі жасайтындармен айтысып қырқыспай, бір жаққа қоя тұрып, бәрінен бұрын өзіміздің шын мәніндегі тәуелсіздігіміз үшін күресе беруге тиіспіз деп халқына үндеу салады [2,99].

Мұстафа бабамыздың шығармаларын зерделеу барысында «Автономиядан –тәуелсіздікке» деген айдарымен берілген естелігінде: «Біздің балаң ұлттық қозғалысымыз тарихында, уақыты келгенде еске алып

отыруымыз керек болатын бірнеше маңызды күндер бар. Сондай тарихи күндердің бірі – 1917 жылғы 10 желтоқсан» деп осы Қоқан қаласына жиналған IV Түркістан Төтенше құрылтайы Түркістан автономиясын жариялағанын және біз бұл оқиғаны қазіргі ұлтты құтқару қозғалысымыздың алғашқы қадамы, осы жолда басылған жасқаншақ қадам деп қараймыз дей келе сол кездегі заманның біздің еліміз үшін басқа бір мазмұнда өзгергенін «Ұлттық тәуелсіздік – бізді дүниеден оқшаулап тастайтын Қытай қорғаны болмайтыны сияқты, ешкімнің құқығына қарсы қойылмайды да. Ұлттық тәуелсіздік – отаршыл озбырлардың езгісінен, талан-таржысынан атамекеніміз бен халқымыздың құтқару қозғалысы болып табылады», - деп нақтылауы қазіргі еліміздегі өкінішіке орай белең алып бара жатқан жер яғни өзге елдер тарапынан ұзақ мерзімді жалға алуы, иемденуі т.б. халық үшін туындап отырған келеңсіз жағдайлардың болдырмаудың алдын-алуы секілді.

Түркі бірлігі идеясын үнемі аңсаған бабамыз Мәскеуде шақырылған XVI партия құрылтайын саралай отырып, Сталинге ұлт мәселесіне қатысты бірнеше жазбалар берілгенін және онда «Социализм құру ісіне жәй, залалды ұлттық мақтанш сезімдері мен ұлттық түйсікті оятатын автономиялар мен тәуелсіз «республикаларды» сақтап отырудың мағынасыздығы жазылғанын көрсетеді де, түбі бір түркі тілдес халықтардың бірігуіне үндеу салады.

Қорыта келе айтарымыз «Атамекенді сүю – оның тұтас мүддесіне қызмет ету, осы жолда әрқашан қызмет етуге, керек болса жанпида қылуға дайын тұру болып табылады» деп атап көрсеткен барлық түркі халқының тәуелсіздігі жолында ерен еңбек етіп, құрбан болған аса көрнекті саяси қайраткер, жалынды публицист, аудармашы, большевиктер үстемдік құрғаннан кейін Еуропа елдеріне шығып, Алаш идеясын ту қып көтерген тек Қазақстан емес, бүкіл Орта Азия халықтарының тәуелсіздігі жолында күрес жүргізген, сондай-ақ осы орайда “Бір тұтас Түркістан” пікірін ортаға салған тәуелсіздік жаршысы Мұстафа Шоқай бабамыздың осындағы мағынасы терең еңбектерімен Қазақстанның тәуелсіздік тарихы тереңдей түседі. Яғни «Адаспау үшін, адаса қалғанда дұрыс жолды қайта табу үшін де білім керек», - деп өзі атап кеткендей ұлы түрік бірлігіне жеткізетін бірден-бір жол – ұлттық тәуелсіздік мұраттарының жер-жердегі түркі тілдес халықтар жүрегіне терең ұялауында және осы бағытта қажымай-талмай күресіп, оны насихаттауда әрине егеменді еліміздің болашақ жастары бәсекеге қабілетті жан-жақты өздеріне үлгі боларлық ұлт мәселесін ашық айтып, күрескен дана тарихи зиялы тұлғалардың шығмалары мен сіңірген еңбек жолдарын зерделеп отырғаны нұр үстіне нұр болары анық.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. М.Шоқай Таңдамалы. – Алматы: Қайнар. –Т.1-1998. -512 б.
2. М.Шоқай Таңдамалы. – Алматы: Қайнар. –Т.2-1998. -473 б.
3. Н.Ә.Назарбаев «Жүз жылға татитын он жыл» Атамұра, 2001

**АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ М.ШОҚАЙ МЕН
Ә.БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ
ӨМІРШЕНДІГІ**

Кудайбергенова К.Т.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
«Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасы,
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
3-курс PhD докторанты

Қазақ халқының ұлттық, саяси санасын қалыптастырудағы ең биік белес болған ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялыларымыздың алдыңғы қатарлы тобының саяси қызметі де, құқықтық көзқарастары да, тіпті ғылыми, әдеби мұралары да ұзақ жылдар бойы жабық тақырып саналып, зерделі зерттеулерге нысан бола алмады. Сондықтан осындай Алаштың ардақты ұлдарының қазақ еліне, жеріне жасаған ұшан-теңіз еңбектері елеусіз қала берді. Тек тәуелсіздіктің ақ таңы атқан кезден бастап халқымыздың ұлт зиялылары қалың көпшілікке насихаттала бастады.

Соның бір дәлелі ретінде Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасы 2001 жылдан бастап «Ұлы тұлғалар» деген атпен Ғылыми-биографиялық кітаптар шығара бастады. Бұл кітапта Алаш зиялыларының әдеби мұралары кеңінен зерттеліп, тың деректермен байытылған.

М.Шоқай дербес тәуелсіздік алмай ұлт руханиятын еркін дамыту мүмкін еместігін түсінген қоғам қайраткері. Ә.Бөкейхановтың тікелей ұсынуымен Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітіріп жатқан Мұстафа Шоқайдың Мұсылман комитетіне сайлануы, оның қазақ халқына деген қызметі Әлихан Бөкейхановтан тәлім-тәрбие алудан басталғандығын ескере отырып, Ә.Бөкейхановтың қазақ халқының жарқын болашағы үшін соңғы демі біткенше атқарып өткен сан-қилы қызметтерінің бір парасына ғана тоқталмақпын.

Ә.Бөкейхановтың артына қалдырған шығармашылық мұрасының үлкен саласы – орыс тілінде жазылған монографиялық, энциклопедиялық сипаттағы ғылыми еңбектері. Ғалымның негізгі, басты еңбектері қазақ халқының тарихына, экономикасына, мәдениетіне, ру-тайпалар шежіресіне, тұрмыс-салтына, орман шаруашылығына, қазақ жерлерінің отарлану тағдырына арналған.

Ә.Бөкейхановтың 1903 жылы жазған «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және мәдени өркені» («Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи») деп аталатын зерттеуінің маңызы айрықша зор. Мұнда қазақ жерінің мың жылдық тарихы, қазақ жерін мекенден түрлі ру-тайпалардың, елдер мен ұлыстардың қалдырған заттық ескерткіштері, сәулет өнерінің белгілері жан-жақты сөз болады. Ғалым бұл еңбегінде Геродоттан бастап, қытай, ұйғыр деректеріне сүйеніп, қазақ сөзінің түп-

төркіні қалай шыққандығы жөніндегі аңызды келтіріп, «қырғыз» деген орыстар таңған, қате атау екенін нақты дәлелдермен келтіреді.

Сондай-ақ, Әлихан Бөкейхановтың қазақ халқына деген жанашырлығын, ұлтқа деген сүйіспеншілігін «Қазақтар» («Киргизи», 1910) деп аталатын орыс тілінде жазған еңбегінен көре аламыз. Бұл монографияда қазақ халқының тарихы, әлеуметтік құрылымы, отаршылдық зардаптарын шегуі, тұрмыс-салты, мәдениеті, саяси күресі, білім деңгейі туралы өз пікір байламдарын айтады. Мұнда түркі тектеске жатқанмен, қазақ бір халық, қырғыз - екінші халық екенін тағы да нақты дәлелдермен айтып көрсетеді. Ең алдымен бұл еңбекте ғалым демографиялық, статистикалық сипатына көп тоқталады.

Ғалымның ғылыми мұрасының ішіндегі ерекше маңызды еңбектерінің бірі – «Дала өлкесіндегі қой шаруашылығы» («Общеводство в степном крае», 1904) деп аталатын кітабы. Қазақ халқының ғасырлар бойғы ата-кәсібі болған қой шаруашылығы туралы терең біліммен жазылған энциклопедиялық зерттеу еңбек деп айтуымызға әбден болады. Сонымен қатар, Ә.Бөкейхановтың географиялық, этнографиялық зерттеулерінің бірі – «Адай уезінің қазақтары» («Казахи Адайского уеза») деп аталатын еңбегі. Бұл еңбекте Адай уезінің аумағы, жер бедері, топырағы, ылғалы, өсімдігі туралы жан-жақты айтылады. Қазақ халқының құрамына тоқталып, 27 болыстың екеуіндегі Байұлына жататын Таз, Ысық, 3 болыстағы Шөмішті – Табыннан 22 болысты түгел қоныстанған Адайдың бұтақтары қай жерді қыстап жайлайтыны туралы егжей-тегжейлі айтылады. Бұл еңбектері арқылы Ә.Бөкейхановтың демографияға да үлкен мән бергенін байқаймыз. Тіпті Қарқаралы және Адай уездерін мекендеген рулардың шежіресін кестеге түсіріп, алғаш рет генеалогиялық карта жасағанын біреу білсе, біреу білмейді.

Ұлт қайраткері Ә.Бөкейхановты қазақ-орыс тілдерінде қатар жазған публицист деп айтуға толық негіз бар. Ә.Бөкейханов «Дала уалаяты», «Түркістан уалаяты» және «Қазақ» газеттері мен «Айқап» журналдарында қазақ елінің тарихы, сауаттылық, тіл, дін мәселелеріне қатысты сыни мақалаларын да үзбей жариялап отырған.

Ең алғаш қазақ тіліндегі тұңғыш мақаласын 1900 жылы «Дала уалаяты» газетіне жариялайды. Кейіннен татардың «Фікір», «Уақыт», қазақтың «Серке», «Қазақстан» газеттері мен «Айқап» журналдарына мақалаларын шығарып отырған.

Халықтың сана-сезімі мен ұлттық руханиятын көтерудегі баспасөздің орасан зор маңызын бағалай білген Әлихан Бөкейханов қазақтың тұңғыш басылымы «Дала уалаяты» газеті жабылып қалған соң, өзі бас болып қазақ тілінде газет басып шығаруды қолға алады. 1905 жылы Мәскеуде өткен орыстың «жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері» съезіне 5 миллионға жуық қазақ халқының атынан өкіл болып барып, съездің Романов үйінде өткен мәжілісінде жасаған баяндамасында былай дейді: «У нас так же

преследуется школа с казахским языком, нас тоже давит цензура. Вот уже 13 месяцев, например, не могу добиться от цензуры разрешения на издание киргизского перевода 46-ти басен И.Крылова. Крестьянские начальники (большей частью бывшие ротмистры) не допускают при рассмотрении дел казахского языка» [1, 186].

Осындай жан айқайдың арқасында тікелей Ә.Бөкейхановтың және ұлт зиялыларының араласуымен 1913 жылдың ақпанында «Қазақ» газеті жарыққа шығады. А.Байтұрсынұлы редакторлық еткен бұл газет бүкіл қазақ зиялыларының басын біріктіріп, қазақ халқы үшін қызмет атқарған.

Ә.Бөкейхановтың «Мұсылман съезі», «Қазақ», «Қазақтан солдат ала ма?», «Жапон һәм Қытай», «Төртінші Дума һәм қазақ» атты мақалалары Ресей астанасының «Сибирские вопросы», «Биржевые ведомости», «Новая жизнь» сияқты газет-журналдарында жарық көрген.

Ә.Бөкейхановтың қазақтың бас ақыны Абай туралы баспа жүзін көрген алғашқы ең толымды, терең, ғылыми еңбек «Абай – (Ибрагим) Құнанбаев» («Семипалатинские областные ведомости», 1909, №250-252) деп аталады. Орыс тілінде жазылған бұл әдеби-сын еңбек 1909 жылы Санкт-Петербурдан басылып шығады. Шындығына келгенде, Абай мен Әлиханнның жас айырмасы екі мүшел. Екеуі де бір атыраптың Семей губерниясы, Қарқаралы уезінің адамдары, сондықтан ұлт зиялыларының көзі тірісінде ұшырасуы, сұхбаттасуы әбден мүмкін, бірақ ондай сөзді Ә.Бөкейханов бұл еңбекте жазбайды. Абайдың ұлы Тұрағұлмен, ағаларының балалары Шәкәрім, Кәкітайлармен қалай танысты, қалай достасты, қалай хат жазысты – осылар төңірегінде айтылады. Қалай дегенде, Әлиханнның Абайды, оның айналасын, шығармаларын өте терең білгендігін аталмыш мақаладан анық көреміз. Сонымен қатар, Абайдың өлеңдері мен нақыл сөздерін жинақтауға да атсалысады.

Әлихан Бөкейхановтың ғылыми, көсемсөз әдеби мұрасының ішінде жеке адамға арналып жазылған, бірқатар мақала, рецензиялары бар. Алғашқы еңбектің бірінде Ш.Құдайбердіұлының «Түрік, қазақ һәм хандар шежіресі» («Қазақ» газеті, 1913, №12) кітабы сөз болады. Және бір сын мақаласын Ә.Бөкейханов Шәкәрім туындысына арнаған («Қазақ» газеті, 1915, №121). Бұл жолы 1912 жылы басылған «Қалқаман-Мамыр» дастаны туралы жазады. Әуелі Шәкәрімнің шежіре жазғандығын, Абайдың ағасы Құдайбердінің баласы екендігін, Абайдың көзі тірісінде көлеңкеде жүргенін, Иван Гусев деген орыс жазушысының «Шәкәрімнің білімі қазақта жоқ екен» деген сөздерін келтіріп, «Мұсылманшылық», «Қазақ айнасы», «Жолсыз жаза» кітаптарын шығарғанын айтады.

Ә.Н.Бөкейханов халықтың рухани байлығының бірі – көркем әдебиетке де көп көңіл аударған ғалым. Қазіргі заманғы ағылшын зерттеушілерінің пікірінше «ол XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті мен баспасөзін дамытуда жетекші рөл атқарған. Халық ауыз әдебиеті,

әдебиеттану, көркем аударма салаларында да Әлихан Бөкейхановтың жасаған еңбегі ұшан-теңіз.

«Қазақтың ұлт болып ел қатарлы өмір сүруі үшін, ең алдымен, халықтың сана-сезімін оятатын жағдай туғызу керек, қазақтың ұлттық тілін, әдебиетін өрістетуге керек. Өз әдебиетін қалыптастыруда табысқа жеткен халық қана азат өмір сүре алады», [2, 16 б] - деп білген Әлихан ұлттық әдебиетімізді өркендетуде жан-тәнімен еңбек етті. Халықтың мәдениетін көтеруде, ой-санасын оятуда, халықты надандық құрсауынан шығарудағы әдебиеттің баға жетпес орнын ол студенттік кезден-ақ түсінген. Сол мақсатта заманындағы қазақтың алдыңғы қатардағы ұлт зиялылары мен әдебиет өкілдерінің басын біріктірген. Оларды халыққа қызмет етуге, білім беріп көзін ашуға шақырды. Сөйтіп, ол өзінің маңына Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, Мағжан, Ғұмар, Көкбай, Жүсіпбек, Халел, Жиһаншы, Мұхамеджан сынды ақын-жазушылар мен көрнекті зиялы қауым өкілдерін жинайды. Әдебиет өкілдерін дамыған өркениетті елдердің әдебиетінен үлгі алуға үйретеді.

Әлихан Бөкейханов М.Ж.Көпеев, Ә.Диваев, Г.Н.Потанин, А.Байтұрсындармен қатар ауыз әдебиеті туындыларын жинауға да көп күш салады. Ауыз әдебиеті мұраларын жинауды ол Ф.А.Щербина экспедициясы құрамында ел аралап жүрген күндері бастайды. Күні бүгін оның өзі жинаған немесе басқаның жинап-терген нұсқаларын өңдеп, ғылыми түсініктерін жазып бастырған бірнеше кітаптары ҚР сирек кездесетін кітаптар қорында сақтаулы. Атап айтсақ, ол еңбектер: В.В.Радлов жазып алған «Қозы Көрпеш - Баян», «Ер Тарғын» жырының Марабай ақыннан жазып алынған нұсқасы. А.Байтұрсынұлымен бірігіп жинасып, алғысөзімен ғылыми түсініктерін өзі дайындаған, қазақтың 4 ғасырдан бергі «Жиырма үш жоқтауы» және «Ер Сайын» жырлары.

Ә.Бөкейханов халық ауыз әдебиеті шығармаларын жинаумен қатар оларды жан-жақты зерттеп, талдаған ғалым. Оның осы саладағы жазған еңбектерінің мәні жайында Сорбона (Франция) университетінің ғалымдары: «Оның «Қыр баласы» деген лақап есіммен жариялаған қазақ эпосы туралы тамаша зерттеулері отандастарының сана-сезімін оятуда зор маңызы болды» [3, 166] деп айтса, Оксфорд университетінің ғалымдары: «Ә.Бөкейханов қазақ эпосы мен фольклорын ғылыми тұрғыда зерттеген тұңғыш ғалым» - деп жазады [4, 166].

Ә.Бөкейханов қаламынан шыққан көлемді әдеби, ғылыми, фольклорлық еңбек – «Қара Қыпшақ Қобыланды» деп аталады. («Қазақ» газеті, 1915, №126-129). Бұл ғалымның бірінші рет зерттеген еңбегі боп табылады. Ол шағын 8 баптан және бөлімшеден тұрады. Бірінші бөлімшеде «Қара қыпшақ Қобыланды» жырының мазмұны қысқаша ғана баяндалады. Ә.Бөкейханов «Қара қыпшақ Қобыланды» жыры бір оқиғаның көрінісі, белгілі адамның ғұмырбаяны емес, ақын қиялы екшеп, өзгертіп, көптеген қоспалармен жаңғыртып жасалған көркем шығарма деген

байлам жасайды. Жырды халықтың тұрмыс-салтын, тіршілік-болмысын көрсететін рухани-мәдениет ескерткіші ретінде бағалап тануды ұсынады.

Ғалым «Қара қыпшақ Қобыланды» зерттеуінде жырдың негізгі сюжетін баяндайды, туынды қай дәуірді бейнелейтінін қарастырып, жорамалдың бірнеше нұсқасын ұсынды, кейінгі жыршылар қосқан жасанды өзгерістерді көрсетіп берді. Текстологиялық тәсілдерді қолданды, эпостың халық өмірін танудағы қызметін айқындады.

Ә.Бөкейхановтың фольклоршы ретіндегі ой-тұжырымдары «Қазақ жыры «Қобыландыдағы әйел бейнесі» («Түркістан уалаяты газеті», 1899) деген орысша жазылған еңбегінде жалғаса түседі. Мұнда қазақ фольклоры үлгілерінің мазмұны бай, формасы сан алуан екенін көрсетіп, өлеңші, жыршы дегендердің кім екенін анықтап, ас-тойда домбыра арқылы айтылатын жырлардың ерекшеліктерін танытады. Қалыпты тіршілікте руға, жүзге бөлінетін қазақтар ел басына күн туғанда тұлпар мініп, ту ұстап, «Алаш» деп ұран салып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратыны ауыз әдебиеті шығармаларының басты сарыны екені дәлелденеді.

Қорыта айтқанда, Мұстафа Шоқай мен Әлихан Бөкейхановтардың ғылыми-зерттеу еңбектері, публицистикалық шығармалары өз кезіндегі ең үздік әлем ғалымдары, қаламгерлері тудырған еңбектердің биік өрісімен пара-пар.

Бүкіл саналы өмірін ұлтына, оның азаттығына арнаған Мұстафа Шоқай мен Әлихан Бөкейхановтарды қазақ халқының ұлттық руханиятының биігіне көтерілген тұлғалар деп айтуға толық негіз бар.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Әлихан Бөкейханұлы. Ұлы тұлғалар. Елім деп соққан ұлы жүрек. Алматы, 2002, 360 б.
2. Әлихан Бөкейхан. Таңдамалы, «Қазақ энциклопедиясы», Алматы, 1995.
3. «Қазақтар 1917 жылға дейінгі орыстар жайында. Ә.Бөкейхан. М.Дулатұлы. А.Байтұрсын. Т.Рысқұлұлы. - Орта Азияны зерттеу қоғамы. Оксфорд. Англия, 1985 ж.
4. «Қазақтар 1917 жылға дейінгі орыстар жайында. Ә.Бөкейхан...» - Орта Азияны зерттеу қоғамы. Оксфорд. Англия, 1985 ж.

ӘОЖ 82-4:894.342:950 (574):339.984

МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАСЫН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Құрманәлі А.А.

Ғ.Мұратбаев атындағы №171 орта мектебінің
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Шынында да, әр кезеңнің ұрпаққа қояр өз талабы, өз міндетінің болатындығы шындық. Замана тарихтағы ұлы тұлғалардың жүріп өткен

жолынан сабақ алып, оның маңызын үнемі ел жадында ұстап, әсіресе жастарға түсіндіріп, қажеттілігін, ұлтымыздың біртуар тарихи тұлғаларын танудың маңыздылығын, оларды қастерлеуді үйрету маңызды деп білеміз.

Қашанда қоғамдық идеологияның басты құралы болып келген журналистика өзінің өмірге етене араласқан күннен бастап қоғамдық ой сананы қалыптастырып қана қоймай, түрлі деңгейдегі саяси-әлеуметтік мәселелердің бел ортасында жүрді. Ұлттық журналистиканың даму тарихына көз жіберер болсақ, оның қазақ зиялыларының арман-мақсаттарымен, ой-пікірлерімен сабақтас, тағдырлас екендігіне көз жеткіземіз. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы азатшыл идеяның көшбасшылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Сералин т.б. өздерінің басты мақсаттарын жүзеге асыру жолында ұлттық баспасөзді пайдаланды. Олар қазақ басылымдарының өмірге келуі мен қоғамдық өмірге араласуына тікелей басшылық жасады. Қалың бұқараға айтар ойларын, ел азаттығы жолындағы күрескерлік идеяларын ақпарат құралдары арқылы жеткізіп отырды. Осындай ұлттық элитаның арасында Мұстафа Шоқайдың алар орны ерекше.

Ұлт бостандығына деген күрес қоғамдық өмірге «Алаш» партиясы, Алашорда үкіметі, Қоқан автономиясы сияқты саяси ұйымдарды алып келсе, қазақ тарихында елеулі із қалдырған көптеген ұлт зиялыларын туғызды. Осындай тарихи тұлғалардың арасында түркі халықтарына ортақ тұлға М.Шоқайдың орны ерекше. Ол қазақ халқының аса күрделі тарихи кезеңінде өзін күрескер, публицист ретінде таныта алды.

М.Шоқайдың өмірі мен саяси қызметі, публицистикалық еңбектері, ол қызмет атқарған басылымдар, редакторлық еткен газет-журналдар туралы зерттеулер ел тәуелсіздігінен кейін ғана жүргізіле бастады. Осы ретте кеңестік кезеңде жарық көрген «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты С.Шәкібаевтың көркем шығармасы кеңестік идеология ықпалымен жазылып, М.Шоқай туралы оқырмандар арасында теріс пікір тудырғандығын да айта кетуіміз керек. Ал тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында М.Шоқайға байланысты арнайы зерттеу еңбектері болмағанымен К.Нұрпейісовтің, М.Қойгелдінің, М.Құл-Мұхаммедтің, Д.Қамзабекұлының, Т.Жұртбайдың «Алаш» қозғалысы, «Алаш» партиясы туралы зерттеу еңбектерінде М.Шоқайдың өмірі мен қызметіне және ұлт-азаттығы жолындағы күрескерлігіне байланысты тарихи дерек көздеріне негізделген тың пікірлер жарияланды. Бұл ел тәуелсіздігімен бірге ұлттық тарихқа деген жанаша көзқарастың нәтижелері еді.

М.Шоқайдың XX ғасыр басындағы басқа ұлт зиялыларынан басты ерекшелігі «тұтас Түркістан» идеясының авторы болуында. Ол бүкіл саналы ғұмырын түркі халықтарының бірлігі мен тұтастығына, ортақ мемлекет құру ісіне арнады. Осы бағытта жанына басқа да түркі халықтарының зиялыларын топтастыра білді.

Алаш немесе XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі ұлт-азаттық қозғалыстың бірден көзге ілінер екі кезеңі болды. Бірі шамамен 1905 жылдан бастап Алашорда өкіметі құрылған 1917 жылдың желтоқсанына

шейінгі аралықты қамтыса, екіншісі азамат соғысы және кеңестік билік біржола орнаған уақыттан бастап, 20-30-жылдардағы Алаш зиялыларын жазалау мақсатында ұйымдастырылған сот үрдістерімен аяқталады. Мұстафа Шоқайұлы ұлт-азаттық қозғалыстың бұл екі кезеңінде де оның жетекші басшыларына лайық жұмыстар атқарады. Бұл тарихи кезеңдердің алғашқысында ол патшалық және кеңестік билікке қарсы ұлттық тәуелсіздік туын көтерген Түркістан (Қоқан) және Алашорда өкіметтерін құруға тікелей атсалысса, соңғысында Еуропадағы түркістандық эмиграцияның басшысы ретінде сталиндік тоталитарлық жүйенің Түркістандағы саясатының отарлық мазмұнын ашып көрсетіп, өзінің жариялаған еңбектері мен үздіксіз шығарып тұрған басылымдары арқылы біздің тарихымызда бұрын болмаған жаңа мазмұндағы саяси қызметті бастап береді.

Шоқайтану ғылымына зер салсақ көбіне оның түркішіл идеясына баса назар аударамыз. Дегенмен, М.Шоқайдың әлем таныған түркішіл тұлға болып қалыптасуында баспасөздің алатын орны ерекше. Шоқай қай кезде де өзінің барлық идеяларын мерзімді басылымдар арқылы бұқара халыққа жеткізіп отырды. Және бір айта кетерлік мәселе, қазақ жерінен еріксіз кеткен зиялылар күрес жолын шетелдерде жүріп те жалғастырды. Ұлт зиялысы шетелдерде жүрген басқа түркі халықтарының эмигранттарымен кеңестік жүйеге қарсы күш біріктіруді мақсат еткендігін ғалымдар зерттеулерінен байқаймыз. Осындай мақсатын жүзеге асырудың бірден-бір жолы ретінде шетелде жүрген түркі халықтарына арналған бірнеше басылымдардың өмірге келуіне тікелей атсалысты.

Парижге келген соң Мұстафа Шоқай орыс эмиграциясының баспасөз органдарымен толық танысып олардың идеялық бағыт-бағдарын, ұлттық қозғалысқа көзқарастарын анықтайды. Ал, орыс эмигранттары Мұстафаның жан-жақты білімдарлығын, сонымен бірге, қарымды қаламгер екендігін таниды. Сондықтан да газет редакциялары оған есіктерін ашық ұстайды. 1922 жылы Мұстафа Шоқайды Берлиндегі 2-3 баспа қатарынан жұмысқа шақырады. 1922 жылдың 12 мамырында Н.П.Архангельскийге жолдаған хатында орыс газеттеріне мақала жазып тұратынын айта келе: «орыс тілінде өзім редакциялап, өзім журнал шығарумен айналыстым, түрік тілінде екі газет шығардым, орыс тілінде шығатын тағы бір газетте редакция меңгерушісі қызметін атқардым», - дейді [1]. Осы хаттың өзінен М.Шоқайдың бірнеше тілде жазатын қаламгерлік қабілеті мен ұйымдастырушылық іскерлігін көре аламыз.

М.Шоқай өзінің ұлттық, түркілік ой-көзқарастары мен азатшылдық идеяларын шетелдерде жүріп те көрсете білді. Большевиктердің Қоқан автономиясын қару күшімен таратуы Шоқайдың өмірінде жаңа бір кезеңнің басталуына себеп болды. Алашорда автономиясының, Түркістан Мұхтариятының жанышталуымен қазақ және басқа да түркі – мұсылман халықтарының ұлттық мүдделерін қорғаған «Қазақ», «Бірлік туы», «Ақ жол» сынды газеттердің үні өшірілді. Ұлттық зиялылардың бір бөлігі шетелге кетуге мәжбүр болды. Бұқара Халық Кеңес Республикасының төрағасы Осман Қожа (Османқожа Пулатқожаев 1887-1968), 1917-1919 жылдардағы Башқұрт автономиясының басшысы А.-3. Валиди (1890-1970), башқұрт

жазушысы Абдулкадыр Инан (1889-1976), татар жазушысы, қайраткері Гаяз (Аяз, Мұхамед-Гаяз) Исхаки (1878-1954), Түркістан Мұхтариятының басшысы Мұстафа Шоқай (1890-1941) және т.б. Түркия мен Батыс Еуропа елдеріне кеткен еді. Түркістан, башқұрт, татар ұлттық ұйымдарының өкілдері бір саяси ұйымға – «Түркістан Ұлттық Бірлігіне» (ТҰБ) бірігіп [2], олар ұлттық күрестің жаңа кезеңдегі міндеттерін өз халықтарына жеткізу, онымен әлем жұртшылығын таныстыру мақсатында бірден баспасөз органын ұйымдастыру қамына кіріседі.

«Тұтас Түркістан» идеясына бүкіл ғұмырын арнаған ұлы күрескер өзінің саяси идеяларын тарату мақсатында газет-журналдарға ерекше мән берді. Ол әртүрлі басылымдарға тек мақала жазып қойған жоқ, сонымен бірге бірнеше баспасөзде қызметтер де атқарды, басшылық та жасады. Қоғамның саяси және мәдени өміріне баспасөздің тигізер ықпалы мол, пәрмені күшті екендігін байқаған Шоқай 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Түркістанда атқарған қауырт саяси жұмыстары кезінде де мақала жазуға уақыт бөлді.

Осылайша М.Шоқайдың алғаш газет шығару және оны басқару ісі «Бірлік туы» газетінен басталды. Басылымды Ташкентте Ұлттық орталықтың төрағалығымен қатар басқарып жүрді. Большевиктер Түркістанға өз биліктерін орнатқаннан кейін Тбилиси мен Бакуге барып уақытша тұрақтағанда баспасөзге мақала жазумен қатар журналдар да шығарды. Тбилисиде біреуі түрік тілінде, екіншісі орыс тілінде екі газеттің шығуына мұрындық болды. Стамбулда «Йени Түркістан» атты журналды З.У.Тоғанмен бірге ТҰО-ның баспасөз органы ретінде жариялады. Кейіннен Түркістан мәселесі тақырыбын терең әрі батыл көтерген «Яш Түркістан» журналын жарыққа шығарды. Журнал шет елдердегі ресейлік түркі халықтары өкілдерінің II дүниежүзілік соғыстан бұрын ұзақ уақыт шығып тұрған және ең ықпалды баспасөз органдарының бірі ретінде тарихта із қалдырды. Бұл жетістікке кездейсоқ қол жеткізілген жоқ. Ол Шоқайдың студенттік жылдарынан бастап баспасөз саласында жинақтаған тәжірибесінің бір жемісі еді. Шоқай мақала жазу әдетін II дүниежүзілік соғыстың ең қызып тұрған күндерінің өзінде де тастамады. Шоқай өз өмірінің ең қасіретті, ауыр күндерін бастан өткерген тұтқын лагерьлеріндегі жұмыстары кезінде де естеліктері мен алған әсерлерін қағазға түсіре білді. Міне, тап осы кезеңде, немістерге Түркістанның мәдени және философиялық қырын таныстыру үшін «Түркістан» атты мақала жазды. Бірақ Шоқай бұл мақалаларын басып үлгерместен қайтыс болды. Осы екі қолжазба мақала оның соңғы мақалалары болды. Мария жұбайының баспасөзге ынта-ықыласын жақсы білгендіктен, кейіннен бұл мақалаларды жариялады. Сөйтіп, Мария әрі Шоқайдың мұрасына құрметпен қарап, оның қиын-қыстау кезеңдердегі ой-сезімдерінің із-түссіз жоғалып кетуіне жол бермеді [3].

«Бірлік туы» - «Улуғ Түркістан» газеті Ташкентте 1917 жылдың маусымында шыға бастаған Шоқайдың алғашқы газет басқару тәжірибесі болып табылады. Газет Ташкентте тұратын қазақтар құрған «Ықтият одағының» баспасөз органы еді. Аптасына бір рет шығып тұрған газеттің баспасөз саясаты – Түркістан халқының ынтымақтастығын қамтамасыз ете отырып, саяси таным-түсінігін толықтыру, осылайша Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына дайындалу еді. Газет осы орайда Бөкейхановтың жетекшілігіндегі «Алашорда» қозғалысының баспасөз органы «Қазақ» газетімен үйлесімді әрекет етті [4]. «Алаш» қозғалысына қарсылардың бірі

– Сәкен Сейфуллин Түркістандағы қазақ зиялыларының Ташкенттегі «Бірлік туы» газеті арқылы «Алаш» қозғалысына қолдау көрсетіп, кеңес өкіметінің саясатын сынағандықтарын айтады [5]. Ал, Француз ғалымдары А.Беннигсен мен Ш. Лемерсье-Келькеже М.Шоқайдың «Бірлік туы» газеті өзінің идеялық бағытында бұл басылымның «Қазақ» газетіне еліктегені жөнінде жазады [6].

Шоқай 1921 жылдың жазында Парижге барғаннан кейін Түркістанның саяси және экономикалық жағдайы туралы мақала жазуды жалғастырды. Шоқайдың мақалалары орыс, түрік, француз және ағылшын тілдерінде әртүрлі газет-журналдарда жарияланды. Шоқай орыс тіліндегі мақалаларын, бұдан бұрын жан-жақты айтылып өткеніндей, босқын орыс лидерлері Керенскийдің «Дни» және Милуковтың «Последние новости» газеттерінде жариялады. Дегенмен, оның «Түркі елі» идеясы орыстарға ұнамады, сондықтан да олардан алшақ кетуіне тура келді. Шоқай қай жерде жүрмесін, баспасөзден қол үзген жоқ. Өзінің ұлы идеяларын «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» арқылы жүзеге асыруға күш салды. Француз тіліндегі мақалаларының басым көпшілігі «Прометей» журналында, содан кейін «Ориен е Оксидан» журналында жарық көріп тұрды. Ағылшын тіліндегі мақалалары болса, «Азиятик Ревью» секілді журналдарда орын алды. Осылайша Шоқай әртүрлі журналдарда өзінің ұлт мүддесі үшін жазылған мақалаларын үнемі басылымдарда жариялап тұрды. Демек, оның журналистік қырының да мол екендігін атап өтуге әбден лайықты. Мұның өзі бізге оның мақалаларын жариялау, яғни Түркістанға байланысты пікірлерін тарату барысында ешқандай қиындыққа кездеспегенін көрсетеді.

М. Шоқайдың «Яш Түркістанда» жарық көрген еңбектерінің өзегін Түркістанның Кеңес Одағынан бөлініп шығып, өз алдына дербес мемлекет құру мәселесі құрайды. Тәуелсіздік алғаннан кейін ел егемендігін көздің қарашығындай сақтауды, «отарлық ауруына шалдыққан» халықтың ана тілін, мәдениеті мен тарихын қалпына келтіруді, сыртқы саясатта барлық елдермен тең құқылы қарым-қатынас орнатуды, өзгемен «шексіз достықтың» оша бермейтіндігін өсиет етіп қалдырды.

Қорыта айтқанда, кеңестік биліктің тоталитарлық тәртібіне қарсы күрескер ретінде мойындатқан Мұстафа Шоқай кемел саясаткер ғана емес, сонымен бірге қарымды қаламгер, публицист, редактор, қазақ журналистикасының негізін қалаушылардың бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Советская энциклопедия. 8-том. Москва. Издательство. БСЭ. 1972.
2. Советская энциклопедия. 30-том. Москва. Издательство. БСЭ. 1972.
3. В.А.Тишков. Исторический феномен диаспоры//ЭО. №2.С42-63. 2000.
- 4.РГВА. ф. 1358 к. оп.3.д,45 б. л.44
5. Қ.Алдабергенұлы. Ж.Нұсқабай. Ф.Оразай. Қазақ журналистикасының тарихы. Алматы. Рауан. 1996.
6. Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы. 12 томдық. 1 том. «Дайк-Пресс» ЖШС. Алматы-

МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ҰЛТТЫҚ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Рахметова Ж.С.

М.Шоқай атындағы 187 ақпараттық
технология мектеп-лицейінің
тарих пәнінің мұғалімі

Өткен ғасырдың 20-30 жылдарында қазақ мемлекетілігінің даму мақсатын тұжырымдап берген, халыққа қызмет етудің жарқын үлгісін көрсеткен тұлғалардың бірі Мұстафа Шоқай (1890-1941) болатын. Қазақ халқының аса күрделі «соқтықпалы да соқпақты» тарихының басты мазмұнын азаттық үшін, өзін этнос ретінде және өмір сүру кеңістігін сақтап қалу үшін күрес құраса, осы күрестің алдыңғы сапында тұрған да Мұстафа Шоқай. Сол себепті оның өмірі мен шығармашылық қызметін, шығармашылық мұрасын зерттеп, зерделеу біздің парызымыз.

Кеңес өкіметі тұсында М.Шоқайдың тарихи-публицистикалық жұмыстары саяси және идеологиялық тұрғыдан сынға алынып, негізсіз бұрмалаушылыққа ұшырады. Тек Қазақстанның Тәуелсіздік алуымен ғана М.Шоқай туралы тарихи деректерге негізделген еңбектер жарық көре бастайды. Солай бола тұрғанымен өзгенің мүддесін қазақ халқының мүддесінен басым санайтын авторлар бұрынғы үрдісті әлі де жалғастыра беруде. Олар М.Шоқайды «өте күрделі тұлға» ретінде сипаттап, Түркістан легионына жетекшілік жасады немесе оның бастауында тұрды деген кеңес идеологияның тұжырымдарын қайталаудан айнымауда.

Отарлық тоталитарлық жүйеге қарсы күрескен қайраткерлеріміз жөнінде сақталған мұндай психологиялық ахуалдың өміршеңдігінің басты себебі мінез-құлығының, әдет-ғұрпының тілі, білімі мен мәдениетіне, болмыс-бітімінен айыруға бағытталған Кеңес өкіметінің құйтырқы идеологиялық саясатының салдарына байланысты екендігі анық.

М.Шоқай жалғыз туған халқы емес, өзбек, қырғыз, тәжік, түркмен, эзербайжан, грузин және басы бодан халықтардың бостандығы үшін күрескен тұлға. Осы жолда өмірінің соңғы сәтіне дейін өзінің ой-қабілетін сарқа жұмсаған М.Шоқайдың қайраткерлік және шығармашылық болмысын жан-жақты пайымдаудың еліміздің ұлттық мұрат-мақсаттарын негіздеуге берері мол.

М.Шоқайдың он екі томдық шығармаларының толық жинағындағы 1000 -нан астам түрлі мақалалар мен мәтіндердің 200 -ден астам тек «Түркістан» атауымен тығыз байланысты еңбектер. Осы туындыларда автордың туған еліндегі саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық мәдени-рухани жағдайлар барынша жан-жақты зерттелген. М.Шоқайдың

еңбектеріндегі талданған мәселелердің бірі кеңес үкіметінің ұлттық саясатының отаршылдық мәнін көрсету еді. 1920 жылы жазылған алғашқы мақалаларының бірі – «Ұлт мәселесі және Түркістандық ұлтаралық қатынас» атты туындысында автор: «Ұлт мәселесі дәстүр бойынша халықтың азшылық бөлігін құрап отырған халыққа қатысты болып отыр», деп жазды және «Мұның әрбір халықтың өзін-өзі билеуге және әрбір ұлт өкілінің өз қалауынша өмір сүруге құқықтарының барлығы кеңестік деректер мен үндеулерінде айқын жазылған жағдайда болғандығында», деп атап көрсетілген. Бұған 1917 Ташкентте өткен Түркістан кеңестерінің өлкелік съезінде сайланған 500 солдат және жұмысшы делегаттарының ішінде ондаған ғана түркі халықтарының өкілі болғандығын дәлел етіледі»: [1.150бет] Кеңес кезіндегі саясаттың төркінін Мұстафа Шоқай патшалық ресейдің отаршылдығынан іздейді және оның басқа елдердің отаршылдық саясатын, айырмашылығын, қатыгездігін де көре алды. «Орыс бекінісіндегі Түркістанның ұлттық» қозғалыстарынан «Жеңілмес ұлтшылдық» атты мақаласында «большевиктер» біздің әлсіздігімізді пайдаланып Түркістанды Мәскеуге тәуелді етіп, ұлт орыс үстемдігін орнатқанын айтады.

Дүние жүзінде Түркістаннан басқа да көптеген елдер бар. Ол жерлерде де үстем ұлттың озбырлығынан жәбір шеккендер аз емес. Алайда, дәл орыстың отаршылдық саясатындай сұмдықтарды тарих әлі көрген жоқ деп нақты мысалдар арқылы большевиктердің ұлттық ағарту және әйелдер азаттығы мәселесі төңірегінде соңғы жылдың істеген сорақы қылықтарын әшкерелеп көрсетеді. М.Шоқай халқымыздың мәдени және рухани жақтың қол жеткізген жетістіктерінің бірі ұлтшылдық қозғалыстарына тән. Жадитшілдік атымен басталған бұл қозғалыстың бұл күнде орыс үстемдігіне қарсы күресте ықпалын кеңейтіп, қуатты ұлтшылдық ағымға айналып отырғанын қуанышпен жазады. М.Шоқай мақаланың соңында: «Қанқұйлы коммунистер халқымызға хайуандықпен зұлымдық істей отырып, ұлтшылдық идеясынан баз кештіре ала ма? Егер кімде-кім бұл өлмес идеяны Мәскеудің күнде өзгеріп тұратын түсі сияқты деп білсе, сөзсіз қателескен болар еді. Ұлтшылдық идеясы – халқымыздың жаны мен жүрегі. Ұлтымыз өмір сүрсе, ол да бірге өмір сүреді» дей отыра, ұлтшылдықтың мәнін дұрыс түсіну және оны «шовинизммен» шатастырмау қажеттігін /2-58 бет/ баса айтады. Бостандық күніміздің жақындап келе жатқанына шын жүректен сенім білдіреді. М.Шоқайдың бұл бағыттағы ой тұжырымдары ұлт-азаттық қозғалыстың мәнін шынайы тануға көмектесері сөзсіз. Қазақстанда отарлық саясаттың екі мақсатта жүргізілгені белгілі. Оның бірі – жергілікті халықтың материалдық және рухани өркендеуіне шек қойып, оны азып-тозып, құрып бітуге душар етуі, екіншісі – орыс мұжықтарын өлкеге көшіріп әкеліп, оны басымдыққа ие ете отырып Түркістанды нағыз орыс Түркістанына айналдыру болатын. Міне, осы шындық ұлы күрескердің саяси қызметінің

негізі мысалы болды. Ол Азия мен Қазақстандағы отаршыл саясат туралы әділ, объективті көзқарас қалыптастыруға барын салды. Дереккөздер ең алдымен өзінің басынан өткен жайлар болды. Кеңес үкіметінің екі жарым жылдай өмір сүрген Алаш үкіметін таратуға мәжбүр еткен тағдыры екі айдан астам ғана болған. Қоқан автономиясын күшпен таратқаны белгілі. Сондай-ақ Мұстафа Шоқай кеңестің жауапты қызметкерлерінің жазған мақалаларында сөйлеген сөздерін «Еңбекші қазақ», «Қызыл Өзбекстан», «Правда Востока», «Правда» т.б. бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған бұрынғы және кейінгі пролетарлық Ресейдің езгісіндегі отар елдердің объективті өмір шындығын тиімді пайдалана білді.

Мұстафа Шоқай кеңестік жүйенің тоталитарлық тәрбиенің кейін жеке басқа табынуға жалғасқан әміршіл-әкімшіл басқаруды жақсы болжады. Кеңестік жүйе ұлы державалық новаманизмен астасқан шет аймақтағы халықтардың ұлттық ерекшеліктері мен мүдделерін мойындамады. Жергілікті мәселелерді көтергендерді «буржуазиялық ұлтшылдар» деп есептеді, қудалады, түрмеге тықты, атты. Өзге халықтың адами қасиеттерін ескермей, «бұратана» атады. Олардың басқалармен тең құқықты екендігін ойдан шығарды. Мұстафа Шоқай Түркістандағы мерзімді басылымдар материалдарына сүйене отырып жазған «Идеология майданындағы күрес» атты мақаласында өлкеде күн сайын өсіп келе жатқан ұлттық идеологиядан большевиктердің қатты үрейлі екенін, оған қарсы бейбіт күресінен ештеңе шығара алмағаннан кейін оны жоюдың барлық террорлық тәсілдерін, яғни қорқыту, қамауға алу сияқты түрлерін пайдаланып жатқандарын атап көрсетеді. Сонымен қатар Түркістандағы кеңсе апаратының барлық тармақтарында «Түркістандағы пролетариат диктатурасы шын мәнінде орыс диктатурасы болып табылды. Демек, бұдан күллі Түркістанда билік орыстардың қолында» деген тұжырым жасайды. Кері төңкерісшілерінің идеология майданындағы күресі одан әрі жалғасатынына сендірді /3,128 бет.

Ұлт қайраткерлерінің бұл мақаласы кеңестік идеологияның шынайы келбетін ашуымен құнды. Мұстафа Шоқай Кеңес үкіметінің ұлт саласындағы қызметіне терең талдау жасап, тоталитарлық жүйенің ұлттардың саяси тәуелсіздігі мен әлеуметтік-экономикалық өркендеуін қамтамасыз ете алмайтындықтарын өз еңбектерінде атап көрсетті.

Мұстафа Шоқай 1930 жылы «ЯШ Түркістан» журналында жарияланған «Ұлт мәселесі төңірегінде» атты мақаласында «Ұлттық мәселенің маңыздылығына тоқтала келіп, большевиктердің бұл мәселені шешуде бірауыздылық танытпай отырғандығын айтады. Кезінде большевиктердің ұлттық мәселе жөніндегі бағдарламасынан орын алған «Ұлттардың бөлініп шығып өздерінің тәуелсіз мемлекеттерін құруға дейінгі құқықтары» ақыр аяғында «бос сөз» болып шыққанын дәлелдеп жазады. Пролетариат диктатурасы жарияланған елде ұлттардың өзін-өзі билеу мәселесі туралы сөз болуы мүмкін емес /4, 95 бет/ деген тұжырым жасайды.

Ұлт мәселесіне өзінің көзқарасын Мұстафа Шоқай былайша білдіреді. Түркістаннан, Ресейден бөлініп шығып, шын мәнінде тәуелсіз болуы үшін күресіп жатқан біздер бүгінгі Түркістандағы кеңестік республикалардан өзіміздің «ұлттық идеяларымыздың көлеңкесін де көре алмай» отырмыз. Бұлардың бәрі жәй әншейінгі мәнсіз, мағынасыз «іші бос» қораптардан «басқа ештеңе де емес». Сондықтан бүгін үкіметті қолдарына ұстап отырған Сталин мен орыс империясы ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын жақтаушылар болып қанша тырысқанымен іс жүзінде соның нағыз қас жаулары болып табылады деп түйіндейді. Мақаланың соңында «Біздің күресіміз, ең алдымен, атамекенімізді орыс пролетариаты үстемдігіне қарсы бағытталған». Біздің күресіміз тағы да ата мекенімізді орыс үстемдігінен құтқарып, өз тағдырымызды өз қолымызға алуымызға кедергі жасайтындарға қарсы бағытталады деп тәуелсіздігіміз үшін күресе беруге шақырады /5, 143-144 бет.

Орталық Азия кеңістігінде ұлттық -территориялық межелеу негізінде бірнеше кеңестік республикалардың өмірге келгендігін құптаған жоқ. Ол большевиктер бұл өлкеде «бөліп тастап, билей бер» саясатын ұстанып отыр деп түсінді. Кеңестік Орта Азия федерациясынан «Түркістан ұлттық тәуелсіз мемлекетіне» деп аталатын осы мақаласында М. Шоқайұлы жеке кеңестік республикалардан федерациялық одағын жоғары қоя отырып, соңынан мынадай қорытынды жасайды: «Біздің мұратымыз бөлінбейтін тұтас Түркістан. Біз келешекте Түркістанымызды бөлінбес біртұтас мемлекет ретінде көрігіміз келеді».

Ал пайда болған республикаларды «ұлттық емес» «ұлыстық» республикалар ретінде қабылдады. Шын мағасында орыс большевиктері Түркістанда ұлттық тұтастық пен ұлттық мемлекеттің құрылуынан қатты қорықты. Сондықтан қайткен күнде де мұндай тұтастықты болдырмауға тырысты. Жаңа ұйымдасқан «ұлттық республикаларда» большевиктер ұлыаралық ерекшеліктерді жеке ұлттық белгілер ретінде көрсетуге барынша тырысты. Қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен тәрізді түрік ұлыстары арасында орыстар мен түркістандықтардың арасындағы сияқты ұлттық өшпенділік тудыруға тырысты. Уақыттың өзі көрсетіп бергендей, Түркістандағы социалистік құрылыс оның қазақ және басқа халықтарына саяси тәуелсіздік пен әлеуметтік-экономикалық гүлденуді қамтамасыз ете алған жоқ. Кеңестер Одағының ыдырауы, социалистік құрылыстың жеңіліске ұшырауы соның айғағы. Міне, осы жоғарыда келтірілген фактілермен жасалған тұжырымдар Мұстафа Шоқайұлының өз заманында Түркістанда орнаған кеңестік биліктің отаршыл сипатын қатесіз тани білген және онымен ымырасыз күреске ғұмырын арнаған. Тәуелсіздік идеяларын ғұмырының соңына дейін насихаттаған ұлы қайраткер тұлға екендігін көрсетеді.

Мұстафа Шоқай Кеңес үкіметінің ұлт саясатындағы қызметіне терең талдау жасап, тоталитарлық жүйенің ұлттардың саяси тәуелсіздігі мен

әлеуметтік экономикалық өркендеуін қамтамасыз ете алмайтындықтарын өз еңбектерінде атап көрсетті. Кеңес үкіметінің ұлттық саясаты – басынан аяғына дейін ұлттық езу, қанау саясаты. Түркістандағы ұлттық республикалар дегеніміз сырты жылтырақ, іші қалтырап тұрған мәнсіз мағынасыз бірденелер деп жазды. Қорыта айтқанда, Мұстафа Шоқайдың кеңестік ұлт саясатының мол мұрасын түгел қамту мүмкін емес .

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М. Шоқай Шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық II том, – Алматы: «Дөйт-Пресс», 2012, – 640 бет
2. М.Шоқай Таңдамалы шығармалар I том, – Алматы: «Қайнар», 1998, – 512 бет
3. М.Шоқай Таңдамалы шығармалар үш томдық. I том, – Алматы: «Қайнар», 2007, – 352 бет
4. М. Шоқай Таңдамалы I том, – Алматы.1998, – 512 бет
5. М. Шоқай Шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық, V том, – Алматы: «Дала-пресс», 2013, – 540 бет
6. М. Шоқай Таңдамалы шығармалар I том, – Алматы: «Қайнар», 2007, – 352 бет

ӘОЖ 323.329:950 (574)

МҰСТАФА ШОҚАЙ ТҰҒЫРЛЫ ТҰЛҒА

Тухмарова Ш. К.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда Университеті
Тарих және Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының
аға оқытушысы ,с.ғ.к

Түркістан халықтары тарихында бүтін бір кезенді қамтыған ерекше ұлы құбылыс - Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметі. Ол ерекшелік бұл қайраткердің Түркістан халықтарының 1917 жылы Кеңестік билікке балама Түркістан (Қоқан) автономиясы үшін демократиялық қозғалысына басшылық жасағанымен шектелмейді. Тіптен оның басқа атқарған істерін былай қойып, тек осы биік мақсат үшін айтулы күресін атаудың өзі ғана Мұстафа есімін Түркістан халықтары тарихындағы мәңгі есімдер қатарына жатқызуға жеткілікті негіз болар еді. Бірақ оның өз елі үшін атқарған қызметінің мәні мен орны әлдеқайда күрделі һәм айрықша мазмұнды. Ол Мұстафа Шоқайдың демократиялық Еуропаның ортасында түркістандық саяси эмиграциялық қызметтің негізін қалап (20-шы жылдардың екінші жартысы), оған өзі көз жұмған 1941 жылдың желтоқсанына дейін басшылық жасауында, сондай-ақ осы кезеңде Түркістанда болып жатқан өзгерістерді жан-жақты терең талдауға алуында болатын.

Өз кезіндегі Ресейдің отаршылдық өктемдігі мен әділетсіздігі Шоқай отбасында баланың еркесі болып өскен Мұстафаның санасында терең із

қалдырады. Ресейдің отаршыл жергілікті шенеуніктері Шоқай әулетінің екі рет кірпіштен салынған үйін ақысыз-пұлсыз иеленген болатын. Сондай-ақ Мұстафа Ташкенттегі гимназияны өте жақсы бағамен бітіргенде оған тиісті алтын медаль орыс баласына жаздырылған еді. Осы гимназияда оқып жүргенде Ташкентке елден келген кісілердің әлеуметтік, құқықтық теңсіздік туралы жазған түрлі өтініш-арыздарын шешуге қатысқаны бар еді. Оның терең білім алып, саяси көзқарасының қалыптасуы және халқының азаттығы үшін қоғамдық қозғалысқа қатысып шындалуы Петерборда өткізген жылдарына тұстас келеді. Мұстафаға алғашқы жүктелген қоғамдық жұмыс – оның 1914 жылы Әлихан Бөкейхановтың ұсынысымен және елдегі ақсақалдардың қолдауымен Төртінші Мемлекеттік Думадағы Мұсылман фракциясындағы жұмысы болды. Бұл бағыт Мұстафа Шоқайдың Ресейдегі қайраткерлермен, Дума депутаттарымен араласуына, іс жүзінде жалпы тәуелсіздік, жалпы мемлекеттік идеяларды қолдауына алып келді. Азаттық алу үшін езілген барлық халықтардың тізе қосуы қажет екендігін Мұстафа сол кезде анық түсініп, өмірінің соңына дейін бұл пікірден әсте айныған емес.

1916 жылғы Түркістандағы ұлт – азаттық қозғалысты патша үкіметі аяусыз басып – жаншыған кезде демократиялық топтар үкіметке қарсы оппозиция құрып талқылағаны белгілі. Осы мәселе бойынша ресми баяндама дайындау үшін Түркістанға арнайы сапармен келген комиссия құрамында депутат эсер А.Ф.Керенскиймен бірге М.Шоқай да болған еді.

1917 жылғы Ақпан революциясын М.Шоқай өзінің пікірлес досы, башқұрт қайраткері Зәки Валидимен бірге Петерборда зор қуанышпен, үлкен үмітпен қарсы алады. Бірақ олар сол кездегі Ресей топырағында өздеріне қол ұшын береді деп сенген демократиялық бағыттағы орыс саяси қайраткерлерінен үмітін үзуге мәжбүр болады. Өзінің ескі танысы Петроград жұмысшы және солдат депутаттар советін басқарып, саяси билікте отырған Н.Чхеидзе Мұстафа Шоқайдың Түркістанда (Ресей құрамынан шықпай) автономия құру идеясын «сеператистік» пиғыл ретінде бағалайды. Ал ұлттық тәуелсіздік жолын орыс демократиясының көмегінсіз Түркістан, жалпыресейлік, түркі халықтары болып іздеу жеңіл желпі нәрсе емес-тін. Ондай саяси күштер әлсіз және бірауызды бола алмады, ал оларды қолдайтын бұқара тәжірибесіз, саясаттан алыс, бейжай күйде еді. Бәрінен қиыны саяси сахнаға үшінші бір қауіпті күш – большевиктер шыға бастады. Олар 1917 жылы күзде күш алып, Октябрь (Қазан) төңкерісінен кейін елдегі саяси билікке қол жеткізді. Қалыптасқан саяси ахуал, елдегі экономикалық күйзеліс, соғыс ауыртпалығы, түстік аудандарда 1916 жылғы ойраннан кейін жарты миллионға жуық қазақтар мен қырғыздардың Қытай асуы, ал олардың жерін орыстардың басып алуы, ондаған мың түркістандықтардың орыс жазалаушы отрядтарының қолында құрбан болуы, кемі 300 мыңдай түркістандық жігіттердің орыс қалаларына, төрт бірдей майдандарға, тыл жұмыстарына, окоп қазуға жіберілуі, елдегі бас көтерген еңбекке

жарамдылардың орыс поселкелерінде әртүрлі жұмыстарға жегілуі т.б. – міне, Түркістан жұртының жалпы жағдайы осындай болатын. Дегенмен, Ақпан революциясы берген басты жетістік – патша үкіметінің құлауы – түркістандықтар үшін бостандыққа жол ашқандай сәуле болды. Соны пайдаланып жарық күнге жету мақсатында қазақ және басқа да халық зиялылары жатпай-тұрмай еңбек етті.

Осындай қиын жағдайда Мұстафа Шоқай өз халқының бостандық жолын іздеді. 1917 жылы қарашада Түркістан автономиясын орнатуға белсенді қатысады. Бас Министр болып Мұхаметжан Тынышбаев, ол оставкаға кеткеннен кейін (бұған дейін Сыртқы істер министрі болған) Мұстафа Шоқай бекітіледі. Бұл кезде ол Өлкелік Қазақ кеңесінің төрағасы болатын. Оған қоса Мұстафа Шоқай 1917 жылдың шілде айында Орынборда өткен I Бүкілқазақтық Құрылтайдан соң құрылған «Алаш» партиясына да мүше еді.

Кеңестік тарихнамада Мұстафа Шоқай басқарған Түркістан автономиясының мән-мағынасы төмендетіліп, қала деңгейіне түсіріліп, «Қоқан автономиясы» атады. Сонымен бірге, бұл автономия жергілікті халықтың қолдауын таппай құлап қалды, ал оның басшылары қашып кетті деген пікір қалыптасты. Шындығында олай емес. Ташкенттегі жұмысшы-солдат депутаттарының үкіметі өзін бірден-бір билік иесі деп есептеп, 1918 жылдың қаңтарында Қоқандағы автономиясына қарсы қанды қырғын ұйымдастырды, өйткені оны контрреволюцияның ошағы деп санады. Мұны Түркістан халықтары Совет үкіметінің өздеріне қарсы жасалған шовинистік акциясы деп қабылдады. Бұл шара жалпыхалықтық қарсылық туғызып, ол кеңестік тарихнамада «басмашылық», яғни бандалар қозғалысы деп теріс бағаланды.

Мұстафа Шоқай қазақ автономиясын құру әрекетіне де ат салысты. 1917 жылдың шілде айында Бірінші жалпықазақ құрылтайына қатысып, «Алаш» партиясын құру туралы шешімге дауыс берді. 1917 жылғы 5-13 желтоқсандағы Екінші жалпықазақ құрылтайы барлық қазақ облыстары өкілдерін қамтыған 25 адамнан тұратын Ұлт Кеңесі – Алашорда өкіметінің құрамына Мұстафа Шоқай да енген болатын.

Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы өмірі мен қызметі қиыншылыққа толы болды. Жат елде қаржы-қаражатсыз тұрмыс құрып, оның үстіне тынымсыз саяси публицистикалық һәм баспагерлік жұмыстармен айналысу қанша күш-жігер мен табандылықты талап еткенін түсінуге болады. Бұл кезеңдерді, яғни 20-30 жылдарды, Мұстафа Шоқайдың өз халқының тәуелсіздігі үшін тау төңкерерлік қуатпен білек түріп, ымырасыз күреске шыққан шағы еді деп айтуға толық негіз бар.

Сол кездері Польшаның маршалы Иозеф Пильсудский тарапынан құрылған «Лихие прометеи» ұйымы арқылы қаржыландырылған «Яш Түркістанның» 1929-1939 жылдар аралығында Париж бен Берлинде 117 саны жарық көрген болатын. Ал журналдың 1939 жылдан бастап шықпай қалуы да, әрине,

екінші дүние жүзілік соғыстың басталып, қажет қаржының түспей қалуына байланысты екендігі түсінікті.

«Яш Түркістанның» алдына қойған міндетін «Біздің жол» атты алғашқы мақаласында Мұстафа Шоқай: «Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздік жолындағы талаптарының мән-мағынасын бұзбай, күшін әлсіретпей, «Жас Түркістан» беттерінде көтере алсақ, онда бәріміз үшін қасиетті және аса ауыр жауапкершілік артқан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік» деген оймен білдіреді. Жалпы «Яш Түркістан» журналының басты мақсаты түркістандық ұлт-азаттық қозғалыстың үні бола отырып, оның жақын арадағы және стратегиялық міндеттерін белгілеу болатын.

Мұстафа Шоқайдың белсенді саяси қызметте болған кездеріне зер салсақ, әрине «Тұтас Түркістан» идеясының толық негізді болғандығын айқын аңғарамыз. Мәселен, 1924-1925 жылдары іске асырылған Орта Азия республикаларын территориялық-әкімшілік межелеуге шейін олардың біртұтас кеңестік Түркістан өлкесі болғаны мәлім. Территориялық-әкімшілік тұрғыдан оған Қазақстанның қазіргі Қызылорда, Шымкент, Жамбыл және Алматы (бұрынғы Талдықорған облысын қоса алғанда) облыстары да енген болатын.

Мұстафа Шоқай Орталық Азия кеңістігінде ұлттық-территориялық негізде бірнеше кеңестік республикалардың өмірге келгендігін құптаған жоқ. Ол большевиктер бұл өлкеде «бөліп тастап, билей бер!» саясатын ұстанып отыр деп түсінді. «Кеңестік Орта Азия федерациясынан Түркістан ұлттық тәуелсіз мемлекетіне» деп аталатын мақалада жеке кеңестік республикалардан федерациялық одағын жоғары қоя отырып, мынадай қорытынды пікір жасайды: «Біздің мұратымыз - бөлінбейтін тұтас Түркістан. Біз келешекте Түркістанымызды бөлінбес біртұтас ұлттық мемлекет түрінде көргіміз келеді».

Уақыттың өзі көрсетіп бергендей, Түркістандағы социалистік құрылыс қазақ және басқа халықтарға саяси тәуелсіздік пен әлеуметтік-экономикалық гүлденуді қамтамасыз ете алған жоқ. Кеңестер Одағының ыдырауы - социалистік практиканың тарихи жеңіліске ұшырауы соның айғағы. Олай болса біздің бүгін Мұстафа Шоқай мен оның серіктері өз өмірлерін арнаған мемлекеттік тәуелсіздік үшін күресінің мәні арта түседі.

Осылай Мұстафа Шоқай өз заманында Түркістанда орнаған кеңестік биліктің қатесіз отаршыл сипатын тани білген және онымен ымырасыз күреске ғұмырын арнады. Сөйтіп ұлы қайраткер бұл күреске бұрын Түркістан халықтары тарихында болмаған жаңа мазмұн беріп, оны қажырлы еңбегімен жаңа интеллектуалдық көкжиекке көтерді. Бүгінгі еліміздің егемендегі мен мемлекетіміздің тәуелсіздігіне жағдайында аса ірі саяси қайраткердің өмір жолы мен қажырлы қызметі айрықша айқындала түсіп отыр.

Әдебиеттер

1.М.Чокай Туркестан под властью Советов.Алма-ата,1993 с.78

- 2.М.Шокай Таңдамалы. 1 том Алматы, Кайнар.1998 512 б.
- 3.Яш Түркістан,1931, № 16 4-9 б.
- 4.Яш Туркистан 1931 № 60 6-11 б
- 5.М.Шокай Біздің жол ЯШ Түркістан 1929 № 1

ӘОЖ 329.73:950 (574)

**АЛАШ МҰРАСЫ
(АЛАШ ПАРТИЯСЫНЫҢ ҚАЙРАТКЕРІ ХАЛЕЛ ҒАББАСҰЛЫ
ТУРАЛЫ)**

Садықова .Т.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті,
аға оқытушы Семей қ.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында «Алаш» қозғалысының айтулы тұлғаларының қызметі мен артында қалған мұралары ерекше қарқынмен зерделене бастады. Қалың қазақтың саяси көсемі Әлихан Бөкейхан, ұлттың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы, табанды күрескер Мұстафа Шоқай, дауылпаз ақын Дулатұлы Міржақып, жыр мәйегі Мағжан т.б. сынды қайраткерлер туралы том-том зерттеулер, толымды, танымды еңбектер жарияланды. Сондай ізденістердің арқасында Алаш зиялыларының қалың шоғыры ортамызға ерекше екпінмен орала бастады. Әйтсе де, қалың шоғырдың ішінде зерделік шырақ жұлдызы жанбай, зерттеуші-жоқшысын таппай тұрған Алаштың көрнекті қайраткері бар еді. Ол - Халел Ахметжанұлы Ғаббасов. Замандастары оның тегін ресмилік сипатта ұлттық нақышқа бейімдеп «Ғаббасұлы» деп атап кеткен.

Халел Ғаббасұлы - Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің студенті кезінен-ақ әділетсіздікке қарсы шерулерге қатысқан, алдымен заң мамандығына түсіп, одан кейін сол оқу орнының физика-математика факультетіне ауысып, оны алтын медальмен тамамдаған, Алашорда үкіметінің төрағасы Ә. Бөкейханның орынбасары, өзі ұйымдастырған кредиттік кооператив арқылы «Абай» журналының қаржылай демеушісі және «Сарыарқа» газетінің шығарушы редакторы болған, Алашорда үкіметінің атынан Сталинмен Қазақ автономиясы туралы келіссөз жүргізген көрнекті тұлға.

Халелтану турасындағы ізденістердің азаттықпен қатар келген Алаштану толқынынан шет қайырлап қалу себебінің бірі – оның ОГПУ тергеушілеріне берілген жауабындағы өзінің шыққан тегі туралы дерек еді.

Онда ол былай дейді: «Менің ата-анам мал шаруашылығымен айналысты. Семей губерниясының Шаған болысында олардың әуеліде дәулетті жеке шаруашылығы болды, кейін тәркіленіп, кедейге айналды. Арғы ата-тегім – татар, ұста болған. Осыдан 200 жыл бұрын Шаған болысына көшіп келген. Ғаббасовтарды тобықты руына қарайтын адамдар төлеңгіт есебінде кірме етіп алған. Төлеңгіт – бұл қоғамдық жік, сұлтандар мен төрелердің қызметшісі ретінде қалыптасқан. Менің ата-бабам сондай кірме дәрежесінде өмір сүрді» [1].

Халел Ғаббасұлы 1888 жылы Семей қаласында ауқатты отбасы шаңырағында дүниеге келген. Арғы аталары - Семей өңіріндегі тобықты руы ішінде тұрған тарақты сойынан. Бірақ белгілі бір себеппен (сірә, саяси) тегін «татар, кірме төлеңгіт» деп көрсеткенін де білеміз.

Қазақы жөнмен келгенде Х. Ғаббасұлының сүйегін қайраткердің немере інісі, бүгінде Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы, Қарақол ауылында тұратын зейнеткер Берікбол Баязитұлы аузынан жазып алғанбыз («Ғаббас атамыздан Ахметжан, Баязит туады. Ахметжаннан – Халел, Баязиттен – Берікбол. Сойымыз – Тарақты, оның ішінде Әлі»). Міне, осы дерек жоғарыдағы мұрағат мәліметіне жарық түсіреді.

Энциклопедиядан бастап, өзге көпшілік әдебиеттерде жалпылама мәнде ұлты – қазақ, Семей уезінің Шаған болысында шаруа отбасында дүниеге келген деп жазылып жүр [2, 318 б.]. Алайда, бұл жай нақтылық үшін керек демесек, алаш арысы ғұмырбаянының тағылымды мәнін тануда маңызды рөл атқармасы анық.

1848-1909 жылдар аралығында ол алғашқы бастауыш білімді приходская школадан алып, кейін орыс-қазақ (русско-тюземная школа) мектебінде, одан соң Семей ерлер гимназиясында оқыды. Жалпы Халел Ғаббасұлының 1901 жылдың 15 тамызынан 1909 жылдың 2 маусымы аралығында Семей ерлер гимназиясында оқып, оның 8 класс курсы толтырып оқып біткені анық. Бұл орайда Халелдің мұрағаттық ресми құжаттарында және Марат Әбдешевтің жинағында [2, 26 б.], – нақты жазылған.

Семейдегі гимназист кезінен бастап Халел Алаш қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейханұлымен танысып, соның арқасында саяси санасы ояна бастаған.

Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатындағы 1922 жылдың өзінде-ақ ОГПУ жемдеттері қазақ интеллигенциясын: «1922 жылдың 15 қыркүйегіне біз Кирреспубликасында аяғына нық тұрған негізгі үш ағым немесе топтарды атай аламыз: 1-топ құрамында бұрынғы белсенді Алаш-

Орда мүшелері. Олар Алаш-Орда үкіметінің негізін қалап, құрушылар. Ұлт өкілі – Мұстафа Шоқай. Топтың негізгі базасы Семей губерниясында, яғни үзіліссіз басқару ұйымдастырылған Қарқаралы уезінде орналасқан. Құрамында Әлихан Бөкейханұлы, Райымжан Мәрсеков, Халел Ғаббасұлы, Міржақып Дулатов, Жақып Ақбаев және Қозбағаров бар. 2-топ мүшелерін Ахмет Байтұрсынұлы бастатқан болса, 3-топ мүшелерін Мендешев бастаған..» [3], – деп үш топқа бөліп, олардың ішіндегі Әлихан Бөкейханұлы бастатқан күрескерлерді атап көрсетулерінде шындық негіз бар. Расында да қазақ оқығандарының ішінде Алаш қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейханұлының «шекпенінен шықпағандары» некен-саяқ, тіпті жоқ екені тарихи факт.

Соның бірі – Халел Ғаббасұлы десек, бұл жайында оның өзі де: «Мен 1908 жылы Выборг үндеуіне қатысқаны үшін түрмеге қамалып, Семейге мерзімді кесімін өтеу үшін келтірілген Ә. Бөкейханұлымен осында таныстым. Мен оған өз еркіммен бардым. Ал түрмеден босағанша барлық шәкірттер онымен кездесуге барып тұрды. Ол біздің дайындығымыздың төмендігіне реніш білдіріп, саяси әдебиеттерді көп оқуға кеңес берді» [1], – деп айтқан.

Осы орайда Алаш қозғалысын дүниеге әкелген, XX ғасыр басындағы Алашорда автономиясының іргетасын қалаған ұлт көсемі Әлихан Бөкейханұлының ұлт тәуелсіздігі жолындағы күрескерлік қызметіне қысқаша шолу жасау орынды болар деп ойлаймыз. Себебі, біріншіден, Халел Ғаббасұлының көсемсөздік, әлеуметтік-саяси еңбектерінде Әлихан Бөкейханұлының ұстаздық үлгі-өрнегі танылса, екіншіден, Әлихан бастаған ұлт ісінде «Алаш бекзаты» (Халелді замандастары осылай бағалаған) оның сенімді ізбасары ретінде тізе қосып бірге еңбек етті.

1908 жылы Петербургке оралған Ә. Бөкейханұлы ондағы меньшевиктік «Товарищ», кадеттік «Речь», «Слово» газеттерінде редактор болды. Сол жылы қуғындау кезінде тұтқындалып, Семей түрмесіне қамалды. Халел Ғаббасұлының Әлихан Бөкейханұлымен алғаш танысуы осы кезде болған.

1912 жылы Халел Ғаббасұлы Әлихан Бөкейханұлымен екінші рет Санкт-Петербургте кездескен. Ол жайлы Халел Ғаббасұлы былай дейді: «Бөкейхановпен келесі кездесуім 1912 жылы өтті. Онда ол Петроградта еді, Ақбаевты сонда шақыртты, ал мен студент едім. Бөкейханов Мемлекеттік Думаға қазақ халқының өкілін жібермеу туралы 1908 жылғы 6 маусым күні заңның күшін жоятын қарсылық құжаттарын дайындау үстінде болатын.

Бөкейханов студенттерге Петроград архивтеріндегі құжаттарды жинастырып, жүйеге келтіруді тапсырды. Менің Әлихан Бөкейхановпен ұзақ мерзім бірге жұмыс істеуімнің сәті түскендігінің себебі осындай» [4, 39 б.].

Бірінші дүниежүзілік соғыс басталған кезде Ә. Бөкейханұлы сол замандағы саяси-әлеуметтік жағдайға, яғни қазақ халқының артта қалған ауыр қорғансыз күйіне, патша өкіметінің күллі мемлекет өндірісін соғыс жағдайына бейімдеуіне, соған орай елде толқу болған жағдайда, патша әскерінің халықты аяусыз басып-жаншуға даяр тұрғанына, ел азаматтарының майданға барса, өзге жұрт тіршілігін көріп, басқа халықтармен араласып, саяси санасы оянып, техника, өркениет жетістіктерін көзбен көріп, көңілге түйерін ойлап, амалсыз самодержавияның соғыс саясатын қолдауға мәжбүр болды. Осы себепті де ол 1916 жылдың күзінде кадеттер билеп тұрған Бүкілресейлік земство одағымен Батыс майданға – майдан ставкасы жанындағы «Одақ» бұратана бөлімінің меңгерушісі қызметіне барып, ақпан төңкерісін сонда, Минскде қарсы алды. Осы кезде құрылған Уақытша өкіметті қолдап, сол арқылы ел тәуелсіздігін алу жолындағы саяси істерге белсене араласты. Сөйтіп, 1917 жылдың көкегінде ол Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің құрамына алынып, Торғай облысына комиссар болып бекітілді. Осы жылдың мамыр айында кадет партиясының VIII съезі оны көпшілік дауыспен партияның Орталық Комитетінің құрамына сайлады.

Алайда, 1917 жылдың жазында Уақытша өкіметті, оны басқарып отырған Кадет партиясының саяси істерінен қазақ еліне қажет көкейкесті мәселелердің шешілмейтініне көзі жеткен Ә. Бөкейханұлы ұлттық партия құрып, ұлттық мемлекет орнату ісіне бет бұрады. Сөйтіп 1917 жылы шілдеде өткен I жалпықазақ съезінде Кадет партиясы бағдарламасынан жер, ұлттардың өзін-өзі басқаруы және дін мәселелеріне қатысты түбегейлі басқа тың көзқарастағы өз позициясын айтып, жаңа партия мен оның бағытын ұсынады. Бұл жайлы Әлихан Бөкейханұлының «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» атты «Сарыарқа» газетінде саяси мақаласы жарық көрді.

Сөйтіп, Алаш көсемінің 1917-1919 жылдар аралығындағы өмірі Алашорда автономиясының тарихымен бірлікте өтті. 1920 жылы қазақ елінде большевизм жеңіске жетіп, ҚазАССР-і құрылғаннан соң Ә. Бөкейханұлы өмірінің соңына дейін Мәскеуде тұрып, ғылым, әдеби шығармашылық қызметпен айналысты. «Кеңестік билікті сүймеген, бірақ

оны мойындауға мәжбүр болған» [5, 124 б.] ұлтжанды арыс 1989 жылы 14 мамырда КСРО Жоғарғы сотының қаулысы бойынша ақталды.

Жоғарыда айтылғандай, Халел Ғаббасұлының қоғамдық, саяси және публицистикалық қызметі Ә. Бөкейханұлының қайраткерлік іс-әрекеттерімен өзара тығыз байланысты. Енді Халел Ғаббасұлының ғұмырбаянын жалғастыра отырып, бұл жайды да өз кезегінде назардан тыс қалдырмаймыз.

Сонымен, Халел 1909 жылы Семейдегі ерлер гимназиясын бітірген соң, 1909-1910 жылдары Сейтен болысында ауыл мұғалімі болып қызмет етті. 1910 жылы күзде М. Ломоносов атындағы Ресей империялық Мәскеу университетінің Заң факультетіне оқуға түседі. Оның I курсына оқып жүрген жылында 1911 жылы көктемде студенттер ереуіліне қатысқаны үшін және шет аймақтардағы патша шенеуніктерінің жергілікті бұратана халық өкілдерінің құқықтық, жалпы жоғары білім алуына қарсы жасалған әрекеттерінің кесірлі кеселінен оқудан шығарылады. Бірақ, Халел ізденіп жүріп, студенттік құқығын қайта қалпына келтіргенмен, заң факультетінде оқуға рұқсат берілмегендіктен, физика-математика факультетіне ауысуға мәжбүр болған. Бұл турасында Халелдің шығармашылық, қайраткерлік ғұмырбаянына қатысты әдебиеттерде тарихи деректер негізінде таратылып жазылған. Сол бойынша Х. Ғаббасұлының басқа факультетке ауысуының себебі – заң саласы бойынша оқитын қазақ студенттеріне Семей облысының губернаторы жергілікті Земстводан бөлінетін стипендияны төлеуді тоқтатқан еді. Ал империялық мемлекет үшін революциялық ахуал шиеленіскен кезеңде оның тәуелді аймақтарында білімді әрі саяси көзқарасы шындалған азаматтардың көбеюіне мүдделі болмауы заңды құбылыс болатын. Губернатор Тройницкийдің қазақ жастарының жоғары білім алуына кедергі жасауы бұл бір ғана емес. Ол Томск технология институтына түскен Әлімхан Ермековтің де төлемақысыз оқуын «қамтамасыз» еткен болатын. Осындай әкімшілік тарапынан жасалған кедергілерді жеңе отырып, Халел Ғаббасұлы 1915 жылы университетті алтын медальмен бітіріп шығады.

Сол жылғы 27 мамырдағы сынақ комиссиясының қорытындысы бойынша оған 2 дәрежелі диплом беріліп, ол дипломды Халел 1916 жылы 30 наурызда алған. Дипломдағы мамандыққа сәйкес ол Санкт-Петербургтегі Империялық Орталық ұсақ кредит Басқармасында есепші (статист) қызметін атқарады. Кейін Мемлекеттік банктің Семей бөлімшесінде есепші, инспектор болды.

Өмірінің осы кезеңі жайлы Халел Ғаббасұлының өзі былай деген: «1912 жылы күзде Мәскеуге барып, алғашында Мәскеу университетінің заң факультетінде, содан кейін физика-математика факультетінде оқыдым. Ауысуымның себебі, заң факультетіне түскендіктен де жалпы заңгер атаулыға күдіктене қарайтын губернатор: революционерлердің ықпалында кетеді деген қауіппен мені стипендиядан айырды. Бұл негізсіз де емес еді. Сол жылдары Жакып Ақбаев революциялық қозғалыстарға белсене қатысып жүрген. Сонымен қатар Мәскеуде балаларды оқуға дайындаумен де шұғылдандым. Ауысқаннан кейін қазақ балаларына берілетін стипендияға ие болдым. Айтпақшы, 1914 жылы муровшылар мен толстойшылардың шеруіне қатысқаным үшін университеттен шығарылдым да, 1914 жылы күзде қайтадан түсіп, оны 1919 жылы бітірдім. Ақпан төңкерісіне дейін Семей қаласында кредит саласында істедім» [1].

Халелдің тергеушіге берген жауабындағы осы айтылған сөздердегі жылдардың жалпы қазіргі әдебиеттердегі деректерден кейбір өзгешелігін Алаш арыстарының түрмедегі жағдайына байланысты қарау орынды болар. Өйткені 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісі кезінде, одан соңғы Семейдегі уақ қарыз серіктестігін ашып, «Абай», «Сарыарқа» сынды басылымдарды қаржыландыруы Семей қаласында өткені белгілі.

Сонымен, Алаш қозғалысы – қазақ халқының отаршылдыққа қарсы жүргізген күресіндегі ең маңызды кезең болғаны анық. Қазақ қоғамы дамуының күн тәртібінде қазақ халқының ұлт ретінде жоғалуы, не өзін-өзі сақтауы үшін күреске шығу мәселесі тұрған тұста ұлт зиялылары халқына жол көрсету бағытында айтуға оңай, шешімі күрделі мәселелерді орындау жолына білек түре кірісті. Әсіресе 1916 жылғы ұлт азаттық көтеріліс кезінде 19 бен 43 жас аралығындағы ер азаматтарды майданның тыл жұмысына алу туралы жарлығы онсыз да отаршылдықтың қамытын киіп жүрген бұқара халыққа оңай тимеді. Бұл жолы қазақ баласы қорлыққа көне алмай шалшауқанға дейін ұрпағының амандығы үшін отқа қонды. Мыңдаған қазақ сарбаздары патша әскерлеріне қарсы шайқасты, жүздеп оққа ұшты. Сол кезде қазақ зиялыларының бір тобы көтеріліске шыққан халықты аяусыз жазаға ұшырайтындықтарын ескеріп, көпшілікті қарсылық көрсетуге шақырды.

Халел Ғаббасұлының қоғамдық-саяси қызметінің шарықтау кезеңі 1917-1920 жылдарға сәйкес келеді. Бұл, әрине заңды құбылыс еді. Өйткені сол кезеңнің саяси оқиғалар толқыны оны пікірлес серіктерімен бірге саясат майданына алып шықты. Бұл кезеңде оның азаматтық болмысы қалыптасып,

қайраткер тұлға ретінде кең таныла бастады. Ол Семейдегі қазақ зиялыларының үркердей тобындағы серкелердің бірі ғана емес, Алаш қозғалысы жетекшілерінің сенімді серігі, іскер ізбасарына айналды. Ол алған білімі мен кәсіби қызметінің ерекшеліктеріне сәйкес әлеумет ісінде де әрекетшіл адам ретінде көзге түсті. Оның бұл қасиетін қоғамдық-саяси қызметіндегі атқарған жұмыстары да дәлелдей түседі. Сондай-ақ ол әдеби-шығармашылық, қоғамдық-мәдени істердің де алдыңғы санында жүрді. Жинақтап айтқанда, 1917-1920 жылдар аралығында Х. Ғаббасұлы ұлт қайраткері ретінде саяси істерде, халық қамқоры ретінде қоғамдық жұмыстарда, шығармашылық тұлға ретінде әдеби, саяси көсемсөздерімен Алаш қозғалысының белді қайраткері ретінде елге еңбегін сіңірді. Сол бір алмағайып заманда қазақ елдігін қалай аман сақтау жолында еңбек еткен басқа да алаш арыстарымен бірге Халел Ғаббасұлы 1918 жылдың қазан айында өткен жалпы Сібір съезіне қатысады. Съезде Сібір автономиясы мәселесі қаралған болатын.

Халелдің келесі бір атқарған үлкен ісі төраға Әлихан Бөкейханұлының тапсырмасымен 1918 жылдың 20 наурызында автономия жөнінде И.В. Сталинмен телеграф арқылы келіссөз жүргізуі болатын.

Әлихан Бөкейханұлының арнайы тапсырысымен «Алаш» партиясының Семей облыстық комитетінің төрағасы Халел Ғаббасұлы 1917 жылдың 5-13 желтоқсан күндері аралығында Орынборда өткен ІІ Жалпықазақ съезінде қазақ-қырғыз ұлт автономиясы милиция, Ұлт Кеңесі туралы баяндама жасап, ондағы ұсыныстар мен пікірлердің негізінде арнайы қаулы қабылданды. Мәселен, Қазақ-қырғыз автономиясы «Алаш» деп аталсын деген ұсыныс жүзеге асып, Алашорда өкіметі өмірге келді. Алашорда үкіметінің уақытша тұратын жері – Семей қаласы болып белгіленді. Алаш соты мен милициясын құру міндеттелді. Алашорда үкіметінің ең жоғарғы атқарушы органы – Ұлт Кеңесі құрамын сайлау мәселесі шешілді. Ал, Халел Ғаббасұлының өзі Ұлт Кеңесінің мүшесі болып сайланып, Алашорда үкіметінің Семей облыстық кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындалды. Сондай-ақ оның Алаш милициясы туралы заң жобасын дайындап, «Алаш» атты әскер полкын құрудағы сіңірген еңбегі де ерекше болды. Өйткені, дәл осы кезде Семей – бір-бірімен билікке таласып қырқысқан ақ пен қызыл соғысының қанды ошағына айналды. Міне, 1918 жылдың басындағы осындай аумалы-төкпелі кезеңде Алашорда басшылары жер-жерде Алаш әскерінің шағын қарулы жасақтарын құру жұмыстарын жеделдете бастады. Атап айтсақ, 1918 жылдың мамыр айында Алаш

қаласынан 15 шақырымдай қашықтықтағы Сор деген жерде отыздан астам офицер мен үш жүздей сарбаздан құрылған Алаш әскерінің алғашқы қарулы отрядының жасақталу тарихы басталды [4]. Семейдің көнекөз қарттары Сор деп аталатын сайдың қазіргі Жарқын ауылы бағытында жатқанын айтады.

Сөйтіп жедел түрде милиция (әскер) жасақтаудың басты себебі, азамат соғысы кезінде халықты қорғап қалу болды. Осыған орай ұлт зиялылары жедел түрде алаш әскерін құрудың қажеттігін түсінді. Мысалы, сол бір кезеңде алаш жұртының рухын көтеру мақсатында «Қазақ», «Сарыарқа» газеттері мен «Абай» журналы тәрізді мерзімді басылымдарда Ә. Бөкейханұлы, М. Дулатұлы, Ә. Ермеков, Х. Ғаббасұлы, Ж. Аймауытұлы, Ғ. Қараш, Б. Майлин, Н. Наушабаев, т.б. мақалалары мен өлеңдері жиі жарық көріп жатты. 1918 жылдың қаңтарында «Абай» журналында жарияланған Ж. Аймауытұлының «Алаш ұлдарына арналған ұран» атты өлеңі, кейінде I Алаш атты әскер полкінің Әнұранына айналды.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі кезеңде де Халел Ғаббасұлы мемлекеттік, саяси-қоғамдық қызметтерден қол үзбеген. Семей қаласындағы қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығында Семей губерниялық халыққа білім беру бөлімінің қызметкері Халел Ғаббасұлының 1923 жылы 11 маусымда өз қолымен толтырылған №258 тіркеу карточкасы (орыс тілінде) сақталған[6].

Сонымен Халел Ғаббасұлы 1917-1919 жылдар аралығында Алашорда үкіметінің баянды болашағы жолында аянбай еңбек етті. Алайда Кеңес өкіметі түбегейлі орнаған соң, 1920 жылдардан бастап ол өз білімі мен еңбегін осы өкімет құрамында жүріп, туған халқының болашағына арнады. Бұл кезеңде Халел Ғаббасұлы Семей Облыстық Кеңесі төрағасының орынбасары, Семей облыстық Земство жанындағы Жер комитетінің төрағасы, Қазақ революциялық комитетінің мүшесі және оның Сібревком жанындағы уақытша өкілі болды. 1921-1923 жылдары Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төтенше комиссиясының мүшесі болды. Ол осы кездерде Сібревкомға қарсы күресе жүріп, Ақмола, Семей облыстарын Ресей құрамына кетіп қалудан сақтап қалды.

Осындай қоғамдық-саяси істерді атқарумен қатар, ол осы жылдарда мәдени істерден де қалыс қалған жоқ. Мәселен, 1924 жылы 29-желтоқсанда Семейдегі Луначарский атындағы клубта Орыс география қоғамының Семей бөлімшесі ұйымдастырған Абайдың қайтыс болғанына 20 жыл толуына орай Абайды еске алу кеші өткізілген. Онда Мұхтар Әуезов Абайдың қазақ әдебиетіндегі орны жайлы баяндама жасаса, Халел Ғаббасұлы «Абайдың

өмірбаяны» деген тақырыпта қазақ тілінде баяндама оқыған. Бұл жылы Халелдің өзі Семей педтехникумында математика пәнінің оқытушысы болатын.

Сөзіміз дәлелді болу үшін мұрағат қорынан алынған орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесінің 1924-1925 жыл І жартыжылдығының есебімен танысайық: «...В декабре месяца отдел провел юбилей выдающегося поэта, уроженца Семипалатинского уезда и губернии Ибрагима (Абая) Кунанбаева. По поводу 20-летия со дня его смерти, отделом было устроено торжественное заседание, посвященное Абаю, с прочтением докладов. Степной певец – киргиз исполнил несколько песен-стихотворений Абая и частью его напевами, так как Абай был не только поэт, но и композитор. Отделом был устроен вечер на киргизском языке в честь Абая, на котором члены отдела, киргизы Х.А.Габбасов и М.О.Ауэзов сделали на киргизском языке доклады о поэте...» [7].

1926 жылдың ақпан айында Халел Қазақ АССР Жоспарлау комитетіне қызметке шақырылады. Онда ол төралқа мүшесі, ғылыми қызметкер, сектор меңгерушісі болған.

Х. Ғаббасұлының үстінен жалған жала ұйымдастырып, қудалау осы кезде басталған. Алғашында 1926 жылы бала-шағасымен елге демалысқа келген Халелді Семейде бір рет тергеуге алып, дәйекті деректердің жоқтығынан амалсыз босатқан. Екінші рет 1928 жылы кезекті демалысын алып, Семей өңіріне Медеу болысындағы туыстарына барып, қайтарда жол үстінде тұтқынға алынып, Қызылордаға әкелген соң, 10 қарашада Қылмыстық істер кодексінің 58-бабының 13, 17 тармақтары бойынша жауапқа тартқан. 1928 жылдың жазында Халел Ғаббасұлы Қазақ АКСР Жоспарлау комиссариатында қызмет істеп жүріп, Шыңғыстаудағы ағайын-туғандарына демалысқа келгенде «халықты бай-кулактарды тәркілеуге қарсы үндеді, шетел агентурасымен астыртын байланыс жасады» деген жаламен тұтқындалып, қамауға алынады. Қиыннан қиыстырылған «қарулы көтеріліс» ұйымдастыруға талпынды деген айып та – Халел Ғаббасұлының Алашорданың милициясын құрудағы еңбегін Совет өкіметіне жаулық әрекетімен байланыстыру мақсатын көздегенін танытады. Алайда: «Жүргізілген тергеу жұмыстарының ішінде қарулы көтерілісті дайындағандықтарын айғақтайтын бір де бір нақты дерек табылмаса да» [8, 253 б.], 1929 жылы 27 қаңтарда үштіктің қаулысымен оны айыпты деп таныған айыптау қорытындысына Халел Ғаббасұлы өз қолымен: «Мен өзімді айыптымын деп санамаймын» [8, 285 б.] деп жазғанына қарамастан,

барлық адамдық, құқықтық, моральдық қағидаларды белден басып, тоталитарлық мемлекеттің жазалау органы ОГПУ Коллегиясының Кеңесі 1930 жылғы 4 көкекте: «№78754 іс бойынша айыпталған Ғаббасұлы Халелге – ҚЕ 58/2 бабы бойынша айып тағылып, атылсын» [9], – деп қаулы қабылдаған.

1931 жылы «үштіктің» шешімімен Жүсіпбек Аймауытұлы, Дінмұхамед Әділов, Ахмедсана Юсуповтармен қатар бір мезгілде Мәскеудің Бутырка түрмесінде атылып, құрбандыққа ұшырады.

Ұлтым, елім деп туған Алаш қайраткері Халел Ғаббасұлы 1990 жылы ақталды. Алаш қозғалысының белді қайраткері, «Алаш бекзаты» Халел Ғаббасұлының қайраткерлік, күрескерлік ғұмыр тағдыры осындай.

Алаш арысы Халел Ғаббасұлынан тікелей ұрпақ қалмаған. Әйелі Рәмиадан туған Зәбен және Қадыр атты ұлдары болды. Забен соғыс кезінде қайтыс болған, отбасын құрмаған. Ал екінші ұлы Қадыр соғыстан бір қолы кем болып келген. Үйленген, бірақ бел баласы болмаған. Шамамен 1980 жылдары қайтыс болған. Біздің қолымызға Халелдің әйелі Рәмиа мен ұлы Қадырдың фотосуреттері түсті. Оны Бәтима ападан алдық. Батима - Молдабайдың ұлы Исатайдың келіні. Дәлірек айтсақ, Ахметжанның қызы Жәмкеден туған Әнуарбектің бәйбішесі. Батима апамыз Алматы қаласында тұрған. Жасы 80-нен асқан. 2016 жылы көктемде дүниеден өтті. Жәмке - Халелдің қарындасы, Исатайдың әйелі. Жәмке апамыздың Әнуарбекен басқа Қайша деген қызы болған. Осы Қайшадан туған 70-тен асқан Манел де Алматы қаласында тұрған, 2016 жылы қазан айында дүниеден өтті.

Манел апамыздың берген деректері бойынша арғы аталары Ғаббастың Батырша деген ұлынан Мұхаметжан туған. Мұхаметжан Шыңғыстаудағы Шаған болысында белді адамдардың бірі болған. Қажылыққа барып келген. Елі оны Мақа қажы деп атаған. Осы Мақа қажының 3 әйелінен 33 перзенті болған. Бәйбішесінен туған тұңғыш ұлы Ахметжаннан алаш арысы Халел туады. Халелдің Араб деген інісі, Жәмке, Рабиға атты қарындастары болған. Інісі Ғаббасов Араб Мақаұлы (1903-2002) – ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы, 1946 жылдан Қазақстан академиясының корреспондент-мүшесі, шөлді игеру институтының директоры болған.

Бүгінде Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы, Қарақол ауылында Алаш қайраткері Халел Ғаббасұлының немере інісі

Берікбол Әділхасенұлы Баязитов тұрады. Берікбол ақсақалдың жасы 80-ге келіп қалды. Өртүрлі қызмет атқарған ақсақал қажылыққа барып келген, Қарақол ауылында өз қаржысынан мешіт салдырған. 4 ұл, 2 қызды жан жары Әнибала апамызбен бірге тәрбиелеп, өсірді. Қазіргі таңда балалары бір-бір қызметкер.

Берікбол Әділхасенұлының әкесі Әділхасен Баязитұлы - Халел Ғаббасұлымен бір атадан тарайтын немере ағайыны. 2016 жылы Берікбол ақсақалмен кездесіп, әңгімелесудің реті туған еді.

Берікбол атамыз былай дейді: Менің әкем Әділхасен Ғаббасов саяси қуғын-сүргіннен қашып, жан сауғалап Қытайға өткен. Өйткені әкемнің бір атадан туған ағайыны, Қазақстанда Алашорда атты жаңа мемлекет құрамыз деп бар білімін, күш-жігерін, қайратын жұмсаған қайраткер азамат Халел Ғаббасов 1930 жылы «халық жауы» деп Мәскеу түрмесінде атылады. Әкемді «халық жауының ағайыны» деп түрмеге жабады. Түрмеден шыққаннан соң, ол үрей-қорқыныш жетегімен шетелге ауады. Осылайша, мен, Берікбол Баязитов, 1939 жылы (құжат бойынша 1940 жылы) Қытайдың Шыңжан өлкесі Шағынтоғай деген ауылында дүниеге келгенмін. Әкем Әділхасен – Халел Ғаббасовпен бір атадан тарайтын немере ағайын. Оның айтуынша, Ғаббастан – Ахметжан, Баязит дүниеге келеді. Ахметжаннан – Халел, Баязиттан – Әділхасен, Ғаббастың бір ағайыны Мақыдан – Араб туады. Сүйегіміз – Орта жүздегі Тарақты, оның ішінде – Әлі. Ата-бабаларымыздың қонысы – Шыңғыстау, Ақбұлақ, Дегелең [10, 3 б.].

«Әулетімізге байланысты қай шежіренің дұрыс-бұрыстығына, анық-қанығына менің ой көзім жетпейді, ақиқаты - біздер Халел Ғаббасұлының жақын туысқанымыз. Мен әкем Әділхасеннен естігенімді ғана айтқым келеді. Әкем 1903 жылы дүниеге келіп, 1974 жылы 73 жасында дүниеден озды» -дейді Берікбол ақсақал [11, 2 б.].

Сонымен, қарастырылған мәселелерге орай мынадай тұжырымдар жасаймыз:

Бірінші, Алаш арысы Халел Ғаббасұлының ғұмыры елдің жарқын болашағы, Алаштың тәуелсіз мемлекетін баянды ету жолындағы қайраткерлік, саяси-көсемсөздік күреспен өтті.

Екінші, Халел Ғаббасұлының ұлтжанды күрескер болып қалыптасуына Әлихан Бөкейханұлы бастаған Алаш арыстарының тікелей әсер, ықпалы болды.

Үшінші, 1917-1920 жылдардағы саяси-әлеуметтік істерде оның ұлтжанды тұғыры мен азаттық жолындағы нық идеялық ұстанымы қалыптасты.

Төртінші, Абай шығармашылығы, Абайдың ақын ізбасарларының саяси-әлеуметтік лирикалары мен өзекті тақырыптарды көтерген көсемсөздері – Халел Ғаббасұлының әдеби, саяси публицистикасының рухани тағылымды өзегі болды.

Бесінші, Халел Ғаббасұлының өмірбаяны – ұлт бостандығы жолындағы күрескер тұлға ғұмырының ғибратты үлгісі.

Алтыншы, Халел Ғаббасұлының барша қоғамдық-саяси қызметі оның күллі ғұмырының ұлт тәуелсіздігі, ел мүддесі, халық бостандығына бағытталғандығын айғақтайды.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің мұрағаты. 1494-іс, 315-316 парақ.
2. Ескендірұлы (Әбдешев) М. «Алаш Орда» министрлері. - Алматы: А.Сәрсенбайұлы қоры, 2008. -114 б.
3. ҚР Президентінің Мұрағаты 718-қор, 01-тізбе, 114-іс.
4. Алаш-Орда: Сборник документов // Сост.: Н.Мартыненко. - Алма-Ата: Малое издательство «Айкап», 1992. - 185 с.
5. Қойгелдиев М. Алаш партиясы. - Алматы: Алаш, 1996. - 288 б.
6. ШҚО ҚЗТҚО 415-қор, 01-тізбе, 495-іс.
7. ШҚО ҚЗТҚО 415-қор, 1-тізбе, 32-іс, 162-көшірме.
8. Жұртбай Т. Ұраным-Алаш (Түрмеәфсанасы). - Алматы: Ел шежіре, 2008. - 378 б.
9. ҚР ҰҚКА № 011494-іс, 7-том, 365-парақ.
10. Халел Ғаббасов әулеті. // «Айқын» газеті. 01.04.2017 ж.

ӘОЖ 342.728:950 (574)

МҰСТАФА ШОҚАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТШІЛДІК, БІРЛІК МӘСЕЛЕСІ Сүйінтаева Қ. Е.

Гуманитарлық ғылымдар магистрі, Қорқыт ата атындағы ҚУ-дің оқытушысы

А.Байтұрсынұлы айтқандай: «Тарихтың қызметі бүтін адам баласының, яки бүтін бір жұрттың, я бір топтың өткен өмірін болған күйінде айнытпай айту» [1]- дегенін ескерсек, М.Шоқайдың шығармаларының

қаншалықты құнды екендігін, және тарихи жағдайларға баға беруде сілтеме жасауға әбден болатындығын да білуіміз қажет.

Отаншылдық, елдік үлгісін көрсеткен Мұстафа Шоқай сынды ұлттық тұлғамызды дәріптеу, еңбегіне баға беру аса маңызды. Алаш арысы, қазақтың зиялысы, қоғам қайраткері, заңгер, публицист Мұстафа Шоқай мақалаларындағы туған елге деген жанашырлық, сағыныш, сүйіспеншілік арқылы жас буынды тәрбиелеудің нәтижесі оң болары сөзсіз.

Тарихи тұрғыдан қарастырғанда ұлт үшін, халық үшін орасан маңызы зор, тарихи мәні терең іс-әрекетке барған, немесе аса жауапты тарихи сәттерде халық тағдырында айрықша орны болған адамға халықтың өзі осындай ұлттық, тұлғалық деңгейге көтеретін бағаны беріп отырған. Міне, қазақ тарихының әрбір белесінде осындай орасан зор халықтық мәні бар тарихи оқиғаларға араласқан немесе басқарған, ұйымдастырушы болған, ерлік көрсеткен азаматтар – халықтың сүйіспеншілігіне бөленген. Осындай тұлғаның бірі Алаш қозғалысының белсендісі – Мұстафа Шоқай.

Жалпы Мұстафа Шоқай туралы зерттеу еңбектердің басым бөлігі оның өмірі мен қайраткерлігіне, Ресей билігіне деген көзқарасына бағытталған. Тарих, әдебиеттану салалары бойынша М.Шоқайдың өмірі мен саяси қызметі туралы К.Нұрпейісов, М.Қойгелді, К.Есмағамбетов, Ә.Қара, Ә.Бәкір, Д.Қыдырәлі т.б. зерттеу еңбектерін жазды. Аталған еңбектерде М.Шоқайдың саяси көзқарастары көбіне оның атқарған қызметтерімен байланыс-бірлікте айтылды. Сондықтан М.Шоқайдың күрескерлік жолы көбіне оның саяси көзқарасы тұрғысынан ашылды. Ал оның жарық көрген мақалаларындағы туған жерге деген сүйіспеншілік, патриотизм тақырыбын арнайы қарастыру арқылы тәуелсіздік үшін жүргізген қиын күресін де баға беруімізге болады.

Туған жердің қадірін білмеген, оны құрметтемеген, қадірлемеген адамды ел азаматы деп айтуға болмайды. Ата-бабаларымыз туған жердің бір уыс топырағын жау қолына бермес үшін талай қасық қаны қалғанша күресті. Сол себепті де, әркімге туған жері, кіндік қаны тамған жері ыстық болатыны сөзсіз. Өз елінің шынайы патриоты М.Шоқайдың шет елде жүрсе де туған жердегі, елдегі оқиғалардан хабардар болып, ол туралы өзгелерге шынайы ақпарат берген ерен еңбегін ерекше атауымыз керек. Мерзімді басылым беттеріндегі жарық көрген оның мақалаларынан тарихи оқиғалардың деректік негізін қалыптастыруға болатындығы туралы да көз жеткізуімізге болады.

Халық жады міндетін атқарып, өскелең ұрпаққа тағылым берерліктей мағыналы тарихты өзіңнің тума төл деректеріңнің негізінде, және сол деректерден шынайылық деңгейі жоғары мәліметтер ала білгенде, яғни деректермен жұмыс істеу теориясы мен методикасын толық игергенде ғана қол жеткізуге болады.

Кезінде Украина Халық Республикасының бұрынғы сыртқы істер министрі қызметін атқарған А.Шульгиннің «Егер Түркістан тәуелсіздік

алып, Мұстафа Шоқай тірі болса, ол Ататүрік сияқты қайраткер болар еді» деп пікір білдірген. Бұл дегеніміз өзінің елін, жұртын шексіз сүйген, халықтың жақсы өмір сүруін армандаған М.Шоқайға берілген шынайы баға.

Бүкіл ғұмырын халқының бостандығына арнаған Мұстафа Шоқайға тағдыр талқысымен туған елінен кету оңайға соқпағанын, жанының соншалықты күйзелгендігін кейінгі кездері жарық көрген естеліктерден көруге болады. Оның 1922 жылы Берлиндегі Трокадеро этнографиялық мұражайына барғанда көзіне жас алғандығын, еліне деген сағыныш қара домбыраны көргенде еріксіз көзден жас болып аққандығын білеміз. Осы сәтті өмірлік серігі Мария Шоқай былай деп суреттейді: «Мұражайда тұрған тамаша домбыраны көріп, ол өзін-өзі ұстай алмай, қызметкерден инструментті қолға алуға рұқсат сұрады. Сол бойда оны бабына келтіріп, ғажап қырғыз (қазақ. – К.Е.) сазын ойнап берді. Ол домбырамен өте қамығып қоштасты, көзі жасқа толып кеткен екен» [2]. Сонымен бірге ол үнемі Қазақстанда жарық көрген туындыларды алдырып, танысып отырған. 1927 жылдың 5-шілдесінде Ташкентте оқып жатқан туыс інісі Байдәулет Дабыловқа жазған хатында Бейімбет Майлиннің өлендері мен «Ер Сайын» атты кітапты алдыртқанын білеміз. Сондай-ақ «Тар жол, тайғақ кешу» атты кітаптың жарық көретінін айтып, егер мүмкіндігің болса, осы кітапты салып жіберші деп өтініш білдіреді. Сәкен Сейфуллиннің бұл кітабы сол жылы араб графикасымен басылып шыққан болатын.

Өзбек тілінде жазылған «Кеңестік Түркістанда» атты мақалада «түркістандық шындық» дегеніміз не деген сауалға нақты оқиғаларды сипаттау арқылы жауап береді. Мақала 1920 жылы 19 шілде мен 2 тамыз аралығында жергілікті газетте (19 шілде, 26 шілде, 2 тамыз №45-47. Вольный горец. Тифлис) жарық көрген.

Мақала: «Трудно жить в «красном» Түркестане» деп басталып, өзгенің үстінен мәлімет беру, шпионаж дендеген, бірлік жоқ елде өмір сүрудің қаншалықты қиын екендігін сипаттайды.

Сонымен бірге партияға деген соқыр сенімнің соншалықты дамығанын, тіпті сол партия «Өгіз бұзаулады» десе сенуіңе тура келетіндігіне күйінеді автор. Партия құрамында жоқ адамға міндетті түрде буржуазиялық тап өкілі ретінде қарау көзқарасының қалыптастып қойғандығы мен жеке адам пікірі мен еркіндігіне деген құрмет атаулының мүлдем жоқтығына қынжылады. Діндар адамдарға бұл елде мүлдем орын жоқтығын да айтады.

Қызыл Түркістанда өмір сүру дегеніміз, - дейді, - шаштың бір талынан да жұқа аспан асты баспалдағымен күнделікті өту деген сөз дейді. Егер сен большевик, не қызыл армия өкілі болсаң бұл жолдан қиналмай өтесің, ал егер жақсылығың мен жамандығың тең болса тайғанақтасаң да әйтеуір өтесің, құламайсың (советтік режимге қызмет етушілер туралы), ал жамандығың жақсылығыңнан басым болса онда төменге қарай, тозақтың отына құлдиладым де (жоғарыда аталғандардан басқаралдың барлығы осы

топқа енеді). Тіпті, қызыл Түркістанда өмір сүргеннен гөрі, тозақтың отына күйіп, ыстыққ алақанды қарпыса да сол қызыл шоқтармен атысып ойнаған жақсы. Бірақ адамдар өмір сүріп жатыр, олар тозаққа түскен күнәһарлар секілді барлық қинауларға дайын, еті үйреніп кеткендер... Міне, астарлы ой!

Шынында да саяси ахуалдың дәл осылай болғандығынан басқа да тарихи шығармалар мен зерттеулерден таныспыз. Сонымен бірге мақалада тек қазақтардың жағдайы ғана емес, өзбек, қырғыз ұлттарының ашаршылық кезіндегі ахуалы баяндалады. Түркістандық большевиктер мұсылман халықтарына нан алудың құжатын да ендірді, құжаты болмаса аштан өле беруге болады. 1918 жылы Ташкентке келген қызғыздар елдің шеткі қиырынан алдын ала белгіленген жерден ғана тамақ, нан алуға рұқсаты болды, ал бір қаладан екінші қалаға қоныс аударып жүргендер бұл мүмкіншіліктен мүлдем айырылған. Бұл жағдайлар түркістандық большевиктердің Түркістан Кеңес республикасының негізін қалауу сәтінде орын алып отырғаны тіпті, күлкілі еді. Олардың өзбек, қырғыз халқын аштан қатыруға бағытталған саяси ұстанымдарын кешіруге мүлдем болмайтындығын, әрі бұл ешқандай да адамгершілік қағидаларына жатпайтындығын сипаттайды. Түркі халықтарының бірігуін осы себептен де көкसेген.

Мұстафа Шоқайдың: «Қазақпын деп мақтануды ар көретін, қазақтың тілінде сөйлеуді масқаралық көретін салт қайдан шығып отыр? Балалардың көбі не қазақ, не орыс болып тәрбиеленбей, шөре-шөре бірдеме болып өсіп жатқанын неге көрмейсіңдер?», «Атамекенді сүю – оның тұтас мүддесіне қызмет ету, осы жолда әрқашан қызмет етуге, керек болса жанпида қылуға дайын тұру болып табылады», «Ей, менің елімнің, Түркістанымның сүйікті ұландары! Мұны бір сәт те естен шығармаңыздар. Әрбір қадамдарыңызды ойланып басыңыздар!» деген сөздері қазірдің өзінде мағынасын жойған жоқ.

Жас ұрпақтың бойына ұлттық рух пен патриоттық жалынның ұшқынын дарыту үшін Мұстафа Шоқайдың осындай өсиетті сөздері ауадай қажет. Ол, әсіресе, ұлттық мүддеге ерекше көңіл бөлген. Оның «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігінің болуы мүмкін емес» деген қағидасы бүгінгі біздің ел ұстанып отырған бағыт екендігін де ерекше айтуымыз керек. Отан алдындағы борыш, мемлекетшілдік сияқты азаматтық парызды орындау үшін алаш арысының шығармаларындағы түйінді сөздер мен идеяларды насихаттаудың тәрбиелік мәні зор екенін айтқымыз келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы, 2000-2006жж
2. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. – А., «Дайк-Пресс» ЖШС, 2012. - 12 томдық. 1 том.

ҰЛТ- АЗАТТЫҚ ИДЕЯСЫН ҰСТАНУШЫ - МҰСТАФА ШОҚАЙ

Смағұл А.Т.

Е. Әуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған
№4 облыстық мектеп-интернаты тарих пәні мұғалімі,
білім магистрі Қызылорда қаласы.

Мұстафа Шоқай қазақ тарихында саяси қайраткер, түркі халықтарының біртұтас идеясының авторы және сол үшін күресуші ретінде аты қалды. Ол Кеңес Үкіметі кезінде халық жауы атанып, қуғынға ұшыраған, күні кеше ғана есімдері ақталып, халқына оралған Алаш қайраткерлерінің бірі.

Қазқстан мемлекетінің ХХ ғасыр басындағы қоғамдық-саяси және қазақ дүниетанымындағы тарихи құндылықтардың сан ғасырлар бой зерттеліп келген тұтастық идеясын М.Шоқай өз тұжырымдарында кеңінен қолданды. Тілі бір түркі халықтарындағы тұтастық дүниетанымын қалыптастыруды өарастыра отырып, бұл орыс мемлкетіндегі отаршылық саясатқа қойылған алғы шарттың бірі екенін халық санасына ендірді.

М.Шоқай тұжырымдарында ұлт-азаттық идеясымен бірге өмір сүрген ұлт менталитетіне тән патриотизм болды. Ұлттық мүддеге негізделген мақсатымыздың бірлігін ұран ететын маңызды философиялық болмыстың идеясы өмір сүрді деуге болады. М.Шоқай көзқарастарында адамзат тағдырының жаратылысы бір болған мен олардың ерекшеленетін қасиеттері саясатқа тән өзгеретінін атап кетті. «Көне демократиялық биліктің әсерімен қалыптасқан қағидалары мен қасиеттері түркі дүниетанымында рационалдық сипат алып, діни-мистикалық сипаттардан аулақ болған және олардың ең бастысы халықтың моралдық- этникалық қасиеттерінен нәр алғанын ескеруіміз қажет» деп көрсетті философ Бурбаев Т. [1,136 б]

Ұлттың азаматтығы әр халықтың заңды құқығы. М.Шоқай осы ұлттық азаматтық идеясында былай деп жазды «Халқмыз енді ұлттық мақст-мұратымызға тек өз тағдырымызды өз қолымызға алғында ғана шешілетінін түсінді. Ұлттық азаттылық бізді бүкіл әлемнен айырып, опырып тастаудың бір Қытай дауалы болмайды. Ұлт азаттығы-халқымыздың ең заңды мәселесі. Ұлт- азаттығы залымдардың зұлымдығынан, өз мүддесін ойласатындардың тасасынан жұрты және халықты сақтайтын қорған » [2,24 б.].

М.Шоқай дүниетанымы қазақ әлемінің болмысын кеңейтіп қуаттандыруидеясын түркі әлемінің тұтастығына сәйкес қарастырды.

Ұлы дала философиясының өмірге келген көзқарасы болмыстың кеңістік, уақыт, категорияларымен аса тығыз бірлікте қалыптасты. Қоғамның сатылы дамуымен тайпаның тарихи есінде қалған жекелеген құбылыстар мен белгілі бір уақиғаларға байлансты адамдарда уақыттың сезінуі ояна бастады. Осы тұста көшпенділер философиясының басқа халықтарға қарағанда уақыт

категориясының мзмұнын аса құндылық етіп бағалаумен байқаймыз. Уақыттың алғашқы бағдары ауа райы болды. Күн мен түннің теңелуі, жаңарған орта тынысы, табиғаттың жандануы халықтың өмір сүру ортасының рухани қуаттылығын арта түскендей болды. Ослай көшпенділер қазақ философиясының дала ареалы бойынша «уақыт» категориясына сәйкес оның қозғалыс ырғағын қалыптастырды. Тарихи деректер бойынша бұл цикл үш жүз жылдықпен санады. Әлеуметтік институттар формасы халықтың тұрмыстық шаруашылығына сәйкес әр бір жеке жағдайда: тіл, дәстүр, идеология, материалды және рухани мәдениеттердің ауысып, ауқымының кеңейіп отыруын қарастырды.

Қазақ халқы өз дамуында әлеуметтік сатылардың бірнешеуін басынан кешірді. Сонау хандық дәуірден, патшалық ресейдің бодандығында, одан қанды советтік дәуірде, тіпті бүгінгі заманда қазақ дүниетанымы өзінің дәстүрлі тұтастығын сақтай алды деп ата алмайыз. Себебі сыртқы әлеуметтік мәдени факторлардың ықпалының әсері соншалықты күшті, қызық халқы үнемі «өзгерістер әлемінде» қашанда бейімделу процесін басынан, кеңпейілділік, бауырмашылдық қасиеттерін пайдалана отырып, сыртқы күш ықпалын сәл де болса жеңілдетіп, ұлттық, «түркі тілдес» тұтастықты сақтауға мүдделі болды. Хандық дәуірдің басты мақсаты өз теориясы елі, жері үшін күрес, үнемі ат устіндегі жаугершілік халықтың санасындағы ұлтжандылыққа, отансүйгіштік категориялардың жандануына дәйекті арқау болды. Осы жерде кез келген идеяның сабақтастық идеясымен тұтас байланысты екенін байқай алмайыз.

«Ерте түркі тайпалық әлемнің мәдениеті мен философиясы, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы қазақ философиясының қылыптасуына өз ықпалын тигізді. Көшпелі қазақ философиясының экзистенциялық мотивін сөз қылғанда бізді қоршаған ортадағы құбылыстың, іс-әрекеттінің әуелден белгіленген өлшем-мөлшері бар, қаншама өз деңгейінен асып түскен мен сол бір шамада қала бермексің. Исламға дейінгі және ислам діндері де көшпенділер философиясының рухани күш жігерін арта түскендей болды. Халқының қаны бір, діні, тілі, мәдениеті мен әдебиеті етене жақын түркі тілдес халықтардың бірлігін бауырмашылдылығын етене жақындастырды» деп көрсеті М.Шоқай [2,52 б.]. Түркі әлеміндегі ұлттық идеяның, азаттық идеясымен астарласа тәуелсіздіктің ұранына айналғанын байқаймыз. М.Шоқай тәуелсіз ұлттық мемлекетті бүкіл түркі халқы болып, бірлесіп құруға шақырды. Орыс пролетариясының орталық саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалысты ұйымдастырудың басты мақсаты болатынын халық санасына жете түсіндірген идеясы болды. Саяси теңсіздіктен бастау алатын халықты сауаттандыру тұжырымдарын арқау етті. Шығыс философтарларының антропоцентризм батыс философтарымен салыстырғанда үлкен ерекшелігі ұлттық менталитетке сай қалыптасатынын Фарабидің «Тәрбиесіз алған білімнің адамзат баласына апат әкеледі» деп қарастырған ойынан байқалатынын айта кеткен жөн.

Ғылыми дүниетаным өзі адамның болмысына тән тәрбиесі деп айтсақ-та қателеспес едік. Дүниетаным негізі- әлемді түсінуғ яғни ұоршаған болмыс жөніндегі білімдер тобы. Түркі дүниетанымындағы ұлт- азаттық идеяны қалыптастыруға сәйкес күркі тілдес халықтарының ұлттыұ ойлау жүйесін қалыптастыру қажеттілігі туып отырғанын халықтың тұтастық идеясын М.Шоқай тұжырымдарынан көре аламыз.

Ал, бүгінгі күн талабында рухани дүниені жандандыру үшін тіл, дін, менталитет немесе дін қоғамының негізігі өзегіндегі басты мәселесі болып табылады. Адамның рухани дүниесінің қалыптасу факторлары ұлтжандылығы, діни идеялогиясы- сенімі, қанымен берілген- менталитеті, тілдің жоғарғы дәрежеде меңгерілуі деп білемін. Адамға тән рухани құндылықтарды қалыптастыру барысында –ғылым мен білімнің адамзат болашағына қызымет ететінін айтқан жөн. Индивидтің даму жолында адам тұлға болып қалыптасады. Тұлғаны рухани құндылығы- адамгершілікпен этникалық нормалар, ақыл ой рационализмінің үйлесімділігі. Жалпы адамзаттық құндылықтар арасында ұлттық құндылықтар шегерілмейді. Керісінше, осы ұлттық құндылықтар арқылы халықтың тұтастық идеясын көре аламыз. Әлеуметтік ортаның қабылдауы және сол ортаға қабылдануы болып табылады. Бұл фактордың барлығы интегративті жүйе арқылы өзара байланыс тұтастықпен мойындалады.

Мұстафа Шоқай бейнесі ұзақ жылдар бойы тарих күлінің астынды көміліп келді. Қазақ интеллигенциясын, қазақтың атпал азаматтарын Голощекин бір қырса, оның алдындағы жүйе бір қырды. Қазір жаһандану деген шықты. Мен зерттеу барысында байқағаным, М.Шоқай сол өткен ғасырдың 17-18-ші жылдары-ақ жаһанданудың келе жатқанын біліп, жасыл тудың астына бүткіл түркі тектес халықтарды жинағысы келген. Өкінішке қарай, ол Түркістан мемлекеті 62-ақ күн өмір сүрді де, ұлы арман іске аспай қалды. Шетелге эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. Әйтсе де, ол күресті шетелде жүргенде де тоқтатқан жоқ. Парижде жүрген кезде ол «Яш Түркістан» журналын шығарды.

Мұстафа Шоқай тұлғалық ерекшеліктері көп жылдардан бері зерттеп келе жатқан ғалым, Стамбулдағы Мимар Синан университетінің профессоры Әбдіуақап Қарадан қайраткердің пікірінде- (Мен өзім зерттеулерде бейтарап болуға, М.Шоқайды жан-жақты көрсетуге тырыстым. Дегенмен «бұл кісінің олқылықтары, кемшіліктері жоқ па» деп, өзім зерттеулер барысында бұл жағына да салмақ салып іздедім. Бірақ зерттеуші ретінде, өкінішке орай деймін, ондай мәліметтер таба алмадым. Бірақ ұлтымның перзенті ретінде, қуанышқа орай деймін, М.Шоқайдан бір кемшілік те таба алмадым. Адамгершілік жағынан ешқандай кемшілік жоқ. Былайша айтқанда, М.Шоқай – түркі мұсылман халықтарының асыл қасиеттерін бойына сіңірген ұлы тұлға. Онымен қалай мақтансақ та болады».

Ғалымның айтуынша, Мұстафа Шоқай бейнесін 21-ші ғасыр биігінен қарап отырып та әлі толығымен тани алған жоқпыз.

Қортыа келеОсыған қарамастан 2012-2014 жылдары М.Шоқай шығармаларының 12 томдық толық жинағы жарық көрді. Ол түркі халықтарының рухани өміріне қосылған сүбелі үлес болып табылады.

Түркі дүниетанымындағы тұтастық, бірлік, идеялары айтылды. Ұлт аралық ынтымақтың адамзат болашағына және оның қазіргі қоғамдағы маңызды құндылықтары жөнінде баяндалды. Осыған орай М.Шоқай тұжырымдарындағыдіні, тілі, менталитеті бір түркі дүниетанымы туралы айтылған ойлар қарастылды. Түркі әлеміндегі ұлттық иеяның, азаттық идеясымен астарласа тәуелсіздіктің ұранына айналғанын байқаймыз. М.Шоқай тәуелсіз ұлттық мемлекетті бүкіл түркі халқы болып, бірлесіп құруға шақырды. Орыс пролетариясының отарлық саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалысты ұйымдастырудың басты мақсаты болатынын халық санасына жете түсіндірген идеясы қарастырылып, саяси теңсіздіктен бастау алатын халықты сауаттандыру тұжырымдарын арқау етті

Ташкент қаласында 1917 жылдың 24 маусымынан 1918 жылдың сәуір айының ортасына дейін М.Шоқайдың редакторлығымен шығып тұрған «Бірлік туы» атты елшіл бағыттағы газеттің көтерген негізгі мәселелері мен тақырыптарыноқып таныстық. Бұл басылым Ақпан революциясынан кейін қалыптасқан елдегі қоғамдық-саяси жағдай, сондай-ақ, ел ішіндегі әлеуметтік-экономикалық ахуал туралы хабарларды жариялап, халықты бірлікке шақырып, азаттық жолындағы күрестің жаршысы бола білді. Еліміздің егемендік алуымен коммунистік идеология ықпалынан арылып, мерзімді басылымдардың гуманитарлық, демократиялық қағидалар мен жалпыазаматтық құндылықтар бағытында дамуы мәселені жаңа көзқараспен бағалауда кең мүмкіндіктерге жол ашқандығы, «Бірлік туы» газетінде бостандық, теңдік мәселесі әрбір жарық көрген санында сөз болғандығы да айтылып, нақты мәліметтер келтіреді. Әсіресе, уақытша өкіметтің өткізген съездер, жиындар, онда қаралған мәселелер туралы толыққанды ақпараттар беріп отырғандығы да дәлелденеді. Мұстафа Шоқай зираты Еуропа мен Азияның арасындағы рухани көпір іспеттес.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1.Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. VII том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2013.
- 2.Қыдыралиева Д. Мұстафа Шоқай. –Астана, 2007 ж.
- 3.Қара А. Мұстафа Шоқай. -2004 ж.
- 4.Шоқай М.Таңдамалы –Алматы: Қайнар, 1998 ж.
- 5.Шоқай М. Таңдамалы. –Алматы, 1999, -Т.1. -109 б.
- 6.Қазақстан тарихы. Очерктер. –Стамбул, 1997. -108 б
- 7.Қазақстан тарихы. (Көне заман бүгінге дейін) бес томдық. Алматы, 2010. Т.4. -752 б.
- 8.Шоқай Мқстафа, Шоқай Мәрия. Естеліктер. –Ыстамбұл, 1997. -265 б

9. Назарбаев Н. Келешкетиң алтын кілті. – Алматы, 2002. -18 б
10. Қазақ газеті -1917. 3 маусым.
11. Бөкейханұлы Ә. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1918. -40 б
12. Тоқсанбай Қ. Шоқұайдың соңғы құжаттары Егемен Қазақстан. -2012 - 29 желтоқсан

УДК 341.231:950 (574)

MUSTAFA SHOKAI- FAIRNESS AND INDEPENDENCY

Abadildaevna Sh. K.,

Qydyrbay A, Mukash A.

The Alash movement is a national liberation movement against the colonial policy of the Russian Empire in the first quarter of the twentieth century. At the beginning of the last century, most of the territory of the Kazakhs became the property of the Russian state, the number of immigrants increased sharply, and the indigenous population was forcibly displaced from the inhabited lands. The struggle against the policy of tsarism was led by the national intelligentsia, which formed the Alash movement after the 1st Russian revolution. The program document of the Alash movement was the Karkaraly petition of 1905. At the end of 1905 in Uralsk, a "delegate Congress" of representatives of five regions of Kazakhstan was convened, at which a preliminary decision was made to create the Kazakh national party, on the basis of which the Alash party later emerged. After the October revolution, the life of the people deteriorated, and the political forces were divided. Under these conditions, the leaders of the Kazakh liberal democratic movement, taking into account the rapidly changing revolutionary situation and the directly opposite goals of political forces, decided to speed up the holding of the all-Kazakh Congress.

Each of these personalities, which was considered the previous wave of the Alash intelligentsia, was able to lead the state. Alash arys occupies a special place in the history of Kazakhstan. One of them is Mustafa Shokay. **Mustafa Shokay** was born in 1890, in Akmeshit and died in 1941. He was Kazakh social and political activist, publicist, thinker, scholar, statesman and public figure, ideologist of the struggle for freedom and independence of the Common Turkestan. He is the grandson of the ruler Torgai son begs Yer Shokai, maternally derived from the Kazakh Khanate of Khiva.

What kind of person was Mustafa Shokay? Mustafa Shokay was a bright, fierce and brave politic. During his student life, in fact during his all life, Mustafa was not involved in any political party. He was a democrat, with big heart without the slightest hint of socialism, who loved his homeland and his nation. Mustafa never spared himself in the name of the future of his people. There were

politicians for peace or for the war and Mustafa belonged to the politicians for peace. Mustafa's character was soft and easily vulnerable. He knew that to work in the State Duma he had to be a strong person. He never tired of studying; solving his mistakes and works on building his character. Shokay admired and highly valued Mustafa Kemal. Shokay considered that Turkestan needed a political reformer like himself. Although Mustafa Shokay did not have any hostile emotion to bigots or to representatives of other nations. He loved to make discussions or argue with person, who has different political opinion. In arguments he was calm and ever respected his opponent's standpoint. The big mistake of Mustafa in all his life was that he trusted others because of that he had a lot of trouble. He always took any inhumane acts to his heart. He was able to find the way to heart of people throughout honesty and the ability to empathize with others. Sometimes he stood really heatedly, defending his position, but in all cases did not hurt the feeling of his opponent. Mustafa was the enemy of narrow-minded nationalism. He defended his interest for position of Turkestan's people union. However, the Russian nationalist recognized Mustafa's position, but they did not want to regard with interest of Turkestan's nation, also with non-Russian nations. These principles of Russian democracy really hurt the feeling of Mustafa Shokay and for this reason he severed good relations with the Russian periodical press in 1923. During study in St. Petersburg, Mustafa was trying to protect not only the interest of his countryman, but the whole Kazakh nation. However, on 3 July 1907, Tsar Nikolai II issued a decree depriving the electoral rights of the indigenous peoples of Siberia and Central Asia. They lost their way with little representation in the State Duma of Russia. But the Kazakh politicians and intellectuals continued to fight for the interests of the people.

Going through difficult times in a foreign land, Mustafa Shokai constantly reflected on the fate of his native land, did not stop fighting for the liberation of Turkestan. Traveling through the Kazakh steppe and the Caspian Sea, Mustafa Shokay manage to safely arrived in Baku, Azerbaijan, then Tbilisi, Georgia where he lived with his wife of two years. Shokay in Istanbul wrote articles in English for "The Times" and for publications like "Şafak", also for "Yeni Dünya"- "New World". Then he found that Alexander Kerensky, who also emigrated to Paris from Russia. Kerensky helped Shokay to get a French visa and in the summer of 1921 Mustafa with Maria moved to Paris. He was writing articles for the newspaper of Kerensky "Days" and Milyukova's "Last News". he time during the exile it was the most darkness period for both of Mr. and Mss. Shokay. Mustafa Shokay was trying to write books, newspapers, magazines; held meeting with his speech for whole world to submit and to hear about the problems in Turkestan and Central Asia. These editions was published in Istanbul, Paris, Berlin, London, Warsaw, he published articles about Central Asia, theoretical studies, historical and political review. Mustafa Shokay created newspaper in Istanbul:"New Turkestan" in 1927 and it was existed till 1931. In 1929 he settled in Berlin edition of the magazine "Yash (Young) Turkestan" and became its editor in chief.

The magazine last until the outbreak of World War II in 1939, was released 117 editions. Mustafa Shokai spoke foreign languages such as English, French, Russian, German, Turkish, and Arabic.

The Works Of Shokai

The works of Mustafa Shokai revealed to us the meaning of nationalism and chauvinism, the national liberation struggle and separatism. As well as exposing the policy of nationalization of the Soviet government

He wrote the book "Turkestan, where the Soviets ruled", in which he analyzed the dictatorship of the proletariat, which became the motto of the political system of the Soviet government.

He worked in the Newspapers "Days" and "Latest news". Since 1927, he participated in the publication of the magazine "Ieni Turkestan" in Paris, led the organization "Türkistan Milli Birliđi".

In the history of the Kazakhs, there are many personalities who devoted themselves to the struggle for the independence of their people. We owe everything to them for the current independence of our country. Mustafa Shokai was one of the brightest stars in the country's history. Unfortunately, we are still not able to properly convey his image and merits, to replicate them in all available ways. The current generation should know the people who gave their lives for the sake of our future.

References:

1. Әбдіуақап Қара, “Мұстафа Шоқай” 2012 ж.- [2 ,22-496.]
- 2.<https://kitapkhana.kz/mustafashokai/1086-mshoaydy-ebekter.html>
- 3.http://alash.semeylib.kz/?page_id=561&lang=ru Апсалямов Н. «Алаш-Орда», 2007 ж.- [1,46.]

ӘОЖ 329.73:950 (574)

ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВТИҢ АЛАШ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Оразалиева Г.И.

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі,

Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы

Досмұхамедов Халел Атырау облысы, Қызылқоға ауданында 1883 жылы дүниеге келген. Алаш зиялыларының бірі Х.Досмұхамедов – қоғам қайраткері, дәрігер, ұстаз әрі ғалым. 1894 жылы Орал әскери-реалдық училищесінің даярлық сыныбына қабылданып, студент атанады. Досмұхамедовтің студенттік өмірі империяның саяси толқуларға толы кезеңімен тұстас келіп, саяси білімін жетілдіруіне ықпал етті. Осы жылдар ішінде үгіт-насихат жүргізіп, "Уральский листок" газеттеріне мақалалар жазып, болып жатқан саяси толқулар жайлы халыққа түсіндіріп отырды.

1909 жылы академияны үздік дәрежелі дәрігер атағымен бітіріп, әскери міндетін Пермь губерниясында жұмыс жасап, кейіннен 2-ші Түркістан, 2-ші Орал казак-орыс атқыштар батальонында әскери дәрігерлік қызметтерін, 1913-1918 жылдары Орал облысы Темір уезінің учаскесінде дәрігер қызметін атқарады. Сол кезден бастап "Пікір", "Қазақ" газеттеріне әртүрлі тақырыпта мақалалар жазды. Х.Досмұхамедов 1917 жылғы ақпандағы буржуазиялық төңкерісінен кейін қазақ зиялыларымен бірге нағыз бостандықтың таңы жолында "Алаш" партиясын құруға атсалысты. Орынборда өткен жалпы қазақ-қырғыз съезіне қатысып, онда өлкелік автономиясының жариялануын қолдады. Бірақ, кешегі кеңес заманының 30-жылдарында орын алған зорлық-зомбылықтың заңсыз құрбаны болып, жазықсыз жазаға ұшырады. Әйтсе де, оның бұл әрекеті із-түссіз қалуы мүмкін емес еді. Мұның үлкен майданға кірер алдындағы тәжірибе жинақтау кезеңі болғанын Халелдің кейінгі ғұмыры анық көрсетті. Жоғарыда атап көрсеткендей, Алаш қозғалысының жалпы жұрт мойындаған көсемдерінің біріне айналып, "Алаш" партиясын алғаш ұйымдастырушылардың және оның тұғырнамасын идеялық жағынан негіздеушілердің бірі болды [1, 89 б.].

Архив материалдары Х.Досмұхамедовтің қоғамдық, ғылыми педагогикалық және шығармашылық тұрғыдан жемісті еңбек еткен жылдары Ташкенттегі кезеңі екенін дәлелдейді. Бұл кезеңде ол өзінің дәрігерлік мамандығы бойынша әр түрлі емдеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында, Түркістан республикасының Денсаулық сақтау халық комиссариаты мен халық ағарту комиссариатының жауапты жұмыстарында ерен де ерек еңбегімен танылды. Алашорда таратылғаннан кейін қазақ зиялысы Х.Досмұхамедов жаңа үкіметтің жаңа жұмысына тартылды. Атап айтқанда, 1920 жылдың 28 маусымынан сол жылдың шілдесіне дейін Ташкент қаласындағы емдеудің физикалық әдістері институтының ординаторы қызметінде, 1921 жылға дейін Орта Азия университетінің хирургиялық клиникасының ординаторы қызметі бойынша жұмыс істеді. Сол жылдары Қазақтың халық ағарту институтында (бұрынғы Казинпрос) санитарлық дәрігер және ағартушылық қызметтерді қатар атқарады. Қазан төңкерісінен кейін Ташкент қаласы Түркістан автономиялы Республикасының орталығы болған еді. Мұндағы партия кеңес басқару орындарында, мәдениет ошақтарында бір шоғыр қазақ зиялылары еңбек етті. Солардың арасында Халелдің алатын орны ерекше. 1923 жылы Ташкентте қазақ-қырғыз халқына мәдениет жарлығы шешуді мақсат еткен "Талап" қоғамы құрылды оның толық мүшелері болып, Халелмен бірге профессор А.Шмид, Ә.Диваев, К.Халенов, М.Жұмабаев, Д.Архангельскийлер сайланды.

1923 жылғы "Шолпан" журналының 67 санында жарияланған "Диоани лұғат ат түрік" атты мақаласында туған халқын әдеби, тілдік жағынан аса құнды көне жәдігермен таныстыруды ойға алған.

Х.Досмұхамедов 1924 жылы Россия академиясының орталық өлкетану бюросының мүше-корреспонденті болып сайланады. 1926 жылдан проректор болып қызмет атқарған Қазақ педагогика институты халқымыздың ең алғашқы шаңырақ көтерген жоғарғы оқу орны болды. Алайда ұлттық университет ашу мәселесі көптеген қарсылықтарға тап болды. 1924 жылы Ташкенттен "Қазақ-қырғыз сингорманизм заңы" деген атпен жеке кітап бастырылып шығарды. Халелдің фольклортану саласындағы еңбектерінің ішінде оқшау тұратыны – 1928 жылғы "Қазақ халық әдебиеті". Мұнда ол ауыз әдебиетінің түрлерін жіктеуді мақсат етті. 1929 жылы қазан айында Ташкенттегі мединституттың негізінде Алматы қаласында қазақ мемлекеттік университетін ашуға мүмкіндік туды. Халел осы оқу орнын ұйымдастыруға белсене араласады. Оның бірінші проректоры болып тағайындалады. 1927 жылы доцент 1929 жылы профессор атағы берілді. Педагогтық қызметімен бірге Қазақ АССР халық денсаулығын сақтау комитетінде жоспарлау, ұйымдастыру басқармасының меңгерушісі қызметін қоса атқарады. Сондай-ақ ол өзінің педагогикалық ағарту жұмыстарын қазақ тіліндегі оқулықтар шығару ісімен шебер ұштастыра білді. "Табиғат тану" /1922/, "Оқушылардың саулығын сақтау" /1925/, "Адамның тән тірлігі" /1927/, "Сүйектер туралы" /1928 жылғы/ кітап басылымдарының авторы. Сондай-ақ, қаламы жүйрік журналист болғанын қазақ тілінде "Еңбекші қазақ", "Шолпан", "Сәуле", "Ақжол" сияқты газет-журнал беттеріндегі мақалалары дәлел бола алады. Халел еңбектерінің бірі – тіл мен әдебиеттану саласы. Негізгі мамандығы дәрігер бола тұра, бұл салада тер төгуі уақыт талабынан туған қажеттілік болатын. Мұндай әмбебаптық сол кездегі қазақ зиялыларының барлығына тән қасиет десек те артық болмас. Ғұлама ғалым, ағартушы-педагог, қоғам және мемлекет қайраткері, профессор Х.Досмұхамедовтың Қазақстандағы жоғары педагогикалық білім берудің қалыптасуы және дамуы тарихында алатын орны ерекше.

Түркістан республикасының ұлттық-территориялық бөліну кезеңінде Халел Досмұхамедов Қазақ республикасының Орта Азия мемлекеттік баспасымен басқа да ғылыми мекемелерінің ұлттық бөліну комиссиясының төрағасы болып тағайындалды. Қазақтың мемлекеттік баспаларға жауапты бола жүріп ғылыми - педагогикалық, әдеби, тарихи-этнографиялық еңбектерін жазды. Осы уақыттарда бірнеше мектеп оқулықтарын жазуға өзі белсене араласуымен бірге қазақтың белгілі ғылым қайраткерлерін А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, М.Дулатовтың т.б оқулықтарының жарыққа шығуына мүмкіндік жасады [3,79.б].

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ресейге бодан болып келген қазақ халқының азаттығы мен теңдігі, бостандығы мен елдігі үшін күреске шыққан алаштың айтулы азаматтары, Алаш қозғалысының ту ұстаушы көсемі Әлихан Бөкейхановтың сенімді серіктері Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, М.Шоқай және солардың қатарында

Халел Досмұхамедов те еліміздің тәуелсіздігі жолында аянбай, қажымай еңбек етті. Жан-жақты терең білім алған ғалым ғана емес, сонымен бірге саясаткер, ұлағатты ұстаз, жігерлі жазбагер ретінде де танылды. Осындай аса күрделі тарихи кезеңде тек ұлттық тұтастықпен саяси дербестік қана қазақ елін отарлық құлдықтан құтқарады, ал кеңес өкіметі мұндай толыққанды тәуелсіздікті қамтамасыз етпейді деп сенген алаш қайраткерлерінің бір тобы кейіннен контрреволюцияшыл Дутов күштерімен одақтасады. Осы арада есімі Халелмен үнемі қатар аталатын Жаһанша Досмұхамедов туралы бір ауыз сөз айта кетсек. Көпшілік қауым оларды көбінесе ағайынды адамдар деп ойлайды. Бірақ олай емес. Олар елдес, жерлес, пікірлес, пиғылдас достар болған. Алаш майданында Жаһанша да аянбай тер төккен, тар заманда халқы үшін тартынбай еңбек еткен, сол жолда жанын құрбан еткен аяулы арыстарымыздың бірі [1,89.б].

Х.Досмұхамедов Оңтүстік Шығыс темір жол санитарлық бөлімшесінің дәрігер-эпидемиологі болып қызмет жасаған. Соңғы бір жыл келісімді мерзімі бітсе де елге оралмаған. 1938 жылы 26 шілдеде жалған саяси айыппен екінші рет тұтқынға алынып, Мәскеуге, кейіннен Алматыға әкелінді. 1939 жылы 24 сәуірде әскери трибуналдың үкімімен ату жазасына кесілді. 1939 жылы 19 тамызда түрме ауруханасында өкпе туберкулезінен қайтыс болды деген хабар келген. Амал қанша, есіл ер ілінген бұғалықтан босамай, сол Воронеж жерінде НКВД-нің қанды шеңгелінде майып болды. Соңынан 1958 жылы 11 ақпанда ақталды [2, 88.б].

Х.Досмұхамедовтің ұлы Әділхан Сыр өңірін жағалап еңбек еткен. Шиелі аудандық ауруханасында, кейіннен Қызылорда қаласындағы республикалық лепрологиялық /алапес/ ауруханасында қызмет жасаған. Қызылорда қаласында тұрғанда өзі туралы тіс жарып ешкімге айтқан емес. Себебі, "халық жауының" баласы деген жаман атақтан әбден арып-ашқан уақыттың сарқыншағы әлі де қоғамда көшіп жүрген-ді. Баламыз ғой, сезінсек те, түсінбейтінбіз. Әкем 1968 жылға дейін осында еңбек етіп, демалысқа шықты. Ол - кезінде Қазақстан Компартиясы Орталық комитеттің бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаевпен Алматыдағы №14 мектепте, кейін КазМу-дің дайындық бөлімінде бірге оқыған... "Ертеректе атамыз "халық жауы" болып ұсталып, Воронежге жер аударылғанда, оның ықпалы әкесіне тиіп, ол да оқудан шығарылған көрінеді. Кейін Астраханда дәрігерлік институтта оқиды. Әрине, әкеміз амалын тауып, Қонаевпен жеке кездесіп, өз жағдайымен таныстырыпты. Осыдан соң көп ұзамай әкем Алматыға шақырылып, осында үй беріледі[сурет-1]. Артынша әкеміздің ескі сырқаты меңдеп, аурухана төсегіне тартылды да, біраз уақыт салып, өмірден өтті" -деп немересі Марат Х.Досмұхамедовтің туғанына 125 жыл толуы қарсаңында көптеген газет-журналдарға "Елімдеп өткен ер еді" атты "Алматы Ақшамы" газетінде жарық көрген "Әкемнің өмір бойы аңсағаны" атты мақаланы немересі Марат сағына отырып жариялаған [1,2.б].

Халел Досмұхамедовтің Сыр өңірінде де Қызылорда қаласындағы тарихи-өлкетану музейінің қорында сақтаулы.

Қазіргі таңда көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Халел Досмұхамедоватындағы Атырау университеті бар. Сонымен қатар, туған жері Атырау облысы, Миялы кентінде оған ескерткіш қойылған. Алматы және Атырау қалалары көшелеріне қайраткеріміздің есімі берілген.

Жан-жақты ғалым, педагог, қоғам қайраткері ретінде Халел Досмұхамедов - халқымыздың тарихы мен мәдени өмірінде өзіндік із қалдырған біртуар перзенттерінің бірі. Күні бүгінге дейін кейінгі ұрпақ оны "Алашорданың" көрнекті қайраткерлерінің бірі ретінде ғана білген болса, оның ғылыми-ағартушылық, педагогикалық мұрасы тұралы білмей келді. Кезінде жеке адамға табыну мен заңсыздықтың құрбаны болған Халел Досмұхамедов аз өмірінің ішінде артына орасан зор сарқылмас мұра қалдырды [3,79.6].

Енді келер ұрпаққа әмбебеп ғалымның ғылыми мұраларын жан-жақты зерттеп, кеңінен насихаттап, сол мұраның асылдарын халқымыздың рухани мүддесіне жаратуға тиіспіз.

Сыр өңірінде дәрігерлік қызмет жасаған, қайраткердің ұлы Әділхан Халелұлының облыстық музей қорына өткізген әкесі туралы құжаттары, фотоқұжаттары "Кеңес Өкіметі" экспозициядан орын алған.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. "Абай" журн. 1996 ж №4 88-90 беттер
2. Алматы ақшамы. Газет 2007 ж. 23 тамыз 2 бет
3. Қазақстан мектебі 1994ж № 6 77-79 беттер
4. Алаш. Алаш Орда энциклопедиясы. Алматы, 1995 ж

ӘОЖ 325.8:950 (574)

ТҮРКІСТАНДАҒЫ ЖӘДИДШІЛДІК ҚОЗҒАЛЫС ЖӘНЕ МҰСТАФА ШОҚАЙ

Тайман С.Т.

т.ғ.к., доцент. Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университеті

Кеншінбай Т.И.

ф.ғ.к, доцент. Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университеті

Қазіргі кезде ұлттық тіл, ұлттық сана, ұлттық намыстың жоғары болуы білімді ұрпаққа байланысты. Мұны ХХ ғасыр басындағы алаш қайраткерлері жақсы түсіне білген және заман талабына сай жастардың зайырлы білім алуы үшін әлеуметтік маңызды өзгерістерді жүзеге асырған.

Жәдидшілдер атқарған ағарту салсындағы реформалары білім беру мекемелері мен ағарту ісін ғана емес, сонымен қатар түркі халықтарының әрқайсысының ұлттық саналарының қалыптасуы, олардың саяси өмірі және рухани мәдениет салаларын да қамтыған. Олардың баспахана, кітапхана ашу, баспа ісін, ана тілі мен әдебиетін оқытуды дамыту сияқты қызметтері қазірде де ұлттық әдебиет, мәдениет пен өнерді дамытуда танымдық және тәжірибелік мәнге ие болып отыр. Мақалада ХХ ғасырдың басындағы жәдидшілдік идеясының Түркістанның әлеуметтік-мәдени және саяси даму үдерісіне ықпалы мәселесі Мұстафа Шоқай көзқарасы тұрғысынан зерттеліп отыр. Алаш қайраткері Мұстафа Шоқайдың тұтас Түркістан идеясының маңына топтасқан түркі халықтары зиялыларының ұлттық бірлікті сақтау идеясын жандандыруы және соңғы кездегі ұлттық сана-сезімнің оянуына арналған зерттеулердегі пікірлердің әрқилы болуына байланысты тарих ғылымының тұлғатану саласындағы мұстафатану тұрғысынан зерттеу мақаланың өзектілігін нақтылай түседі.

Ғасырларға созылған отаршылық саясат нәтижесі ХХ ғасырдың бас кезінде де, Қазан төңкерісінен соң Ресейдегі мемлекет нысаны өзгеріске ұшыраған кейін де жалғасын табуы 20-шы ғасырдың басындағы түркістандық ұлтшылдардың биік шоғырын өмірге әкелді. Бұл жөнінде Мұстафа Шоқай: «Халқымыздың орыс тепкісіне деген ашу-ызасы, орыс империализмінің бұғауынан құтылуға деген ұмтылысы – қарусыз Түркістан халқын көтеріліске алып шыққан күш, міне, осылар болатын» деген болатын[1. 109].

ХХ ғасырдың бас кезінде Повольже, Қырымнан бастау алған мәдени реформаторлық, саяси-қоғамдық қозғалысы ретіндегі жәдидшілдік қозғалысы Орта Азияға да келген болатын. Жәдидшіліктің даму тарихын зертегенде оны шартты түрде екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, 1880-1905 жылдары бұл қозғалыс өзінің жұмысының бағытын дәстүрлі конфессионалдық білім беруді реформалауға, яғни ортағасырлық схоластикаға қарсы балама ретінде оқытудың жаңа тәсілдерін ұсынды.

Жәдидтік қозғалыс ықпалымен түрік дүниесінде үлкен өзгеріс болды. Жәдидтер түріктердің руханият пен өркениеттік, тарихи тұтастығын басты мақсат - идеология деңгейіне көтере білді. Осылайша біртіндеп кең көлемде, яғни түрік елі масштабында ойлайтын жәдидтер тобы қалыптасты.

1905-1912 жылдар аралығында Түркістан өлкесі бойынша жәдидтік қозғалыстың ықпал етуімен 57 жаңа тұрпатты мектептер ашылды. Олар: Ташкентте – 12, Түркістан қаласында – 2, Жетісу облысында – 17, Қокан уезінде – 13, Әндіжан уезінде – 3, Перовск уезінде – 1, Самарқанд қаласында – 2, Бұқара қаласында – 5 мектеп болған [2.45 б.].

Сондай-ақ, жер-жерлерде еуропалық үлгідегі медреселер мен мектептерді ашу қолға алына бастайды. Қазандағы – «Мұхамедия», Уфадағы – «Ғалия», Орынбордағы – «Расулия» секілді жәдидтік медреселер бой көтерді.

Жәдитшілдіктің алғашқы кезде тар мағынадағы мәдени-ағартушылық ағым ретінде көрінгендігін қазіргі заманғы зерттеушілер де растайды. «Шындығында да, жәдит қозғалысының бастапқы кезеңдегі идеологиясы ұлттық күрестің міндеттерімен тікелей байланысты болған жоқ» деп жазады өзбек тарихшысы С. Агзамходжаев[1.102 б.].

Қозғалыс жетекшілері И. Гаспралы, Ш. Маржани, А. Ибрагимов, М. Абдурашидханов, М. Бехбуди, А. Фитрат түркі халықтарының өміріндегі әлеуметтік-экономикалық және рухани даму жағынан артта қалушылықты, әсіресе, білім беру саласының уақыт талабына жауап бермейтіндігін сынға алады. Сонымен бірге олар мұсылман қоғамының бүкіл моделін, ортаазиялық мәдениеттің құндылықтары мен құрылымдарын қайта қарау жөнінде үндеу тастайды.

Мұстафа Шоқай өзегін прогресшіл идеялар құраған жәдиттік қозғалыстың бел ортасында болды, оның жетекшілерімен жиі араласты, мұраттас болады, олардың ой-тұжырымдарын, жеке еңбектерін жан-жақты зерттейді. Өз кезегінде Мұстафа Шоқайда жәдиттер қозғалысының пайда болуы, дамуы және қоғамдық ой-пікірдегі орны жөнінде арнайы зерттеу жүргізді. Франциядағы жеке мұрағаттық қорында сақталған «Жәдитшілдік» деген қолжазбасында М. Шоқай оның алғашқы кезде мектеп ісімен ғана шектелгендігін, «тек оқиғалардың даму барысында және императорлық Ресейдің шет аймақтардағы саясатының өзіндік ерекшеліктері арқасында ғана жәдитшілдік белгілі бір саяси ағымның синониміне айналғандығын айтады. Үкіметтің мектеп ісіне саяси мән беруі нәтижесінде көп ұзамай жәдитшілдіктің өзі саяси ұранға айналады. Бірақ Мұстафа Ташкентте оқып жүрген уақытында жәдитшілдіктің кең өріс ала қоймағандығын, мысалы, мұнда үш мектеп қана болғандығын ескертеді.

1912-1917 жылдары жәдитшілер еуропалық типтегі ұлт ағартушылары ретінде саналып, әрекет етті. Бүкіл Ресейді дүр сілкіндірген 1917 ж. саяси сілкіністердің ықпалы Түркістан өлкесін де қамтыды. Ақпан буржуазиялық төңкерісінің демократиялық бастаулары өлкедегі саяси күштерді жаңа бастамаларға ынталандырды. Жәдитшілдік көзқарастағы «Шуро Ислами» мен С.Лапин жетекшілік еткен «Шурои Улема» партиялары арасында келіспеушіліктер көп болды. Жәдиттердің прогресшіл қанатына сүйенген Түркістан ұлттық қозғалысы мемлекеттіліктің бұхаралық не хиуалық нұсқасын қабылдай алмады. Оған қоса 1917 жылдың жазында қалалық және облыстық думаларда «Шура-и-Улеманың» соңына ерген консервативтік күштер жеңіске жетеді. 1917 жылы 28 қарашада құрылған, Түркістанда ұлттық-демократиялық күштердің басты жеңісіне айналған Түркістан мұхтариятының жариялануы «Шурои Улема» тарапынан қолдау таппады. Осылайша, басқа ешбір одақтастардың жоқтығы жағдайында Түркістан прогресшілдері үшін орыс революциясынан тәуелді болудан басқа жол қалмайды.

Ақпан төңкерісінен кейін билік басына келген Уақытша Үкіметтің патша өкіметінің бағытынан бас тартып, саяси іс-қимылға жасаған кеңшілігі өлкенің жергілікті халықтары арасындағы саяси қозғалыстардың өрбуіне қолайлы ықпал жасады. Өлкеде бірінен соң бірі құралып жатқан еуропалық үлгідегі саяси құрылымдар мен ұйымдармен ұлттық күштердің бастамасымен жаңа үлгідегі билік құрылымдары қалыптаса бастады. Ол алғаш рет 1917 жылы 13 наурызда жәдитшілердің бастамасымен Ташкенттің «ескі қала» бөлігінде болған жиналыста көтерілді [4,169б]. Ақпан төңкерісінің өлке халықтарының еркін дамуына жол ашқан мүмкіндіктерін пайдалану үшін жәдитшілердің бастамасымен Ташкент қаласы қоғамдық ұйымдарының атқару комитеті құрылды. Бұл органның алғашқы мәжілісі 14 наурызда өтіп, оның басшылық құрамына өзбек, қазақ, татар ұлтының өкілдері енген 61 мүшеден құралды. Жаңа ұйым «Шуро Исламия» деген атаумен тарих сахнасына шықты. Алғашқы отырыстардың бірінде қабылданған Уақытша ережеде «Шурои Исламияның» басты мақсаты реформалық идеяларды тарату және Түркістанның мұсылман халқының бірлігін нығайту екендігі жарияланды [4, 226].

Түркістан жәдитшілерінің саяси ұстанымдарында Ресейден бөлектенуге ұмытылған жоқ, мәселе - отаршылық бұғауын бұзудағы мұсылмандық ынтымақтастық туралы болып тұр. Ортаазиялық мұсылмандар үшін Ресейдің басқа аймақтарындағы және дүниежүзіндегі мұсылмандармен өздерінің рухани және мәдени тұрғыдан біртұтастығын сезінуде ислам факторы - олардың саяси сана сезімінің индикаторы болды.

Жәдиттер Орта Азия мұсылмандарының дәстүрлі мәдениетін модернизациялауға ұмтылса, зайырлы интеллигентер еуропалық ой-пікір негізінде саяси өзгерістер жүргізуге бағыт ұстайды. Ал, Мұстафа Шоқай көзқарасы отарлыққа қарсы күрестің барлық бағыттарын – жергілікті халықтың өмір сүру кеңістігіне славяндарды әкеліп орналастыруды тоқтату, оқу-білім, дін салаларын реформалау, жергілікті басқару жүйесіне қол жеткізу секілді мәселелерді қамтыды[1, 109б].

Бұл мерзімде жәдиттер «орыс Түркістаны» шеңберінде «дәйекті демократтар» деп есептелген социал-революционерлермен бір бағытта қимылдайды. Бірақ көп ұзамай түркістан жәдиттері мен орыс социалистері ажырасып, әрқайсысы өз даму жолдарына түседі. Жәдиттер дербес саяси күшке айналып, Түркістанның өз заң шығару мекемесі бар автономдық құрылым ретінде жариялануын талап ете бастайды. Осы мәселелерге тоқтала келіп, М. Шоқай «Жәдитшілдік» атты қолжазбасында былайша қорытындылайды: бұрынғы уақытта, революцияға дейін жәдиттер бейбіт ұлттық прогресс, мұсылман қоғамының Ресей мемлекеті шеңберінде эволюциялық дамуы жөнінде ғана ойлады. Бұрын олар азат ұлттық мектеп прогреске жетудің бірден-бірі жолы деп есептеді [1, 102б].

М. Шоқай жәдиттердің бұл бағыттағы талап-тілектеріне толықтай қосылады, тіпті, алғашқы кезде қоғам қайшылықтарын танып-білуінде

олардың көзқарастары мен үгіт-насихат жұмыстарының белгілі бір рөл атқарғандығын да жоққа шығаруға болмайды. Түркістандағы өзінің саяси қызметінде жәдиттерге, оның прогресшіл қанатының жетекшілері М.Бехбуди, Мүнәуар Қари, Убайдолла Қожаев секілді халық арасында беделді қайраткерлерге иек артқаны белгілі. Дегенмен 1917 жылы ішкі талас-тартыстар Түркістан халықтарының ұлттық мүдделеріне қатты қауіп төндірді. Бұл мәселе туралы Мұстафа Шоқайдың 1917 жыл естеліктерінен үзінділер еңбегінде: «Мүнәуар Қари басқарған «Шораи исламия» жаңа дәуір талабы мен басқыншылыққа ұшыраған елдің жағдайын ескеріп, реформа жасау жоспарын ортаға салды. Түркия, Ауғанстан, Иран, Мысыр мен басқа да араб елдері сияқты азат, тәуелсіз, жартылай тәуелсіз ислам елдерінде жинақталған тәжірибе ұлттық қозғалысымыздың қайсы жолмен жүріп, қандай тірлік жасау қажет екенін айқын көрсетіп еді. Аға ұрпақтың талай шабуылына ұшырап, сөгісін алса да, әлі де бұрынғысын жалғастырып келе жатқан жәдитшіліктің жолы мен бағыты осындай болатын»-деп жәдитшілдікке баға да берді[5, 206].

Жалпы Мұстафа Шоқайды жәдиттердің идеялық платформасында тұрды деуге негіз жоқ. Ол, әсіресе, дін мәселесінде және оның қоғамдық дамудағы орны жөнінде жәдит жетекшілерінің біразынан өзге пікірді ұстанады. Жәдит басшылары теорияда, философия мәселелерінде фидеизм жағына ойысып, дінді ғылыммен ынтымақтастыруды көздейді.

Түркістан жәдитшілерінің көсемдері М. Бехбуди мен А. Фитрат Құран мен ислам дәстүрін өз идеяларының дереккөзі ретінде санайды. Олар исламды халық мәдениетінің ажырамас бөлігі, тіпті негізі, оның сақталуы мен дербес өмір сүруінің басты құралы санайды. Сонымен бірге олар, басқа елдердің мұсылман қайраткерлері секілді, дін мен ғылым арасында ешбір қайшылықтың «жоқтығына» сенеді.

Осыған қарамастан саяси күресте, қоғамда діннің өз орны барлығына, бірақ бұл мәселеде асыра сілтеушілікке жол берілмеуіне жәдитшілдердің көздерін жеткізуге тырысады. Мұстафаның дінді қоғам дамуында басым фактор ретінде ұсынудан бас тартуы, бір жағынан, орыс қоғамының демократиялық бөлігінен қолдау табуға ұмтылуынан да туындаса керек. Әрине, жәдиттер қоғамдық ой-пікірдің, жергілікті халықтың сана-сезімінің, азаттық қозғалысы идеологиясының қалыптасуына алғышарттар қалағаны рас. Дегенмен кейін Мұстафа Шоқайдың кеңестер билігінің мән-мазмұнын ашып беретін, большевиктердің отарлық саясатын әшкерелейтін еңбектерінде жәдитшілдердің бағдарламасының большевиктер бағдарламасынан әлде қайда озық, прогресшіл болғанын айтады. Жәдитшілер туралы Мұстафа Шоқай XX ғасырдың бас кезіндегі Түркиядағы ұлт-азаттық күрес Түркістан жәдитшілеріне қатты әсер еткенін айта келе, «ұлт-азаттық күреске және ұлттық рухқа негізделген Түркия Парламенті Үкіметі Түркістан жәдитшілеріне үлгі болды. Анадолыдағы жеңіс жәдитшілдердің үмітін оятты. Олар Түркиядағыдай ірі жеңіске Түркістанда

да қол жеткізе алар едік деген ойда қалды»-деп жәдитшілердің саяси көзқарастары туралы айтса, «Яш Түркістан» журналы, 1930 ж., №2 санында жарияланған «Орыс тепкісіндегі Түркістанның ұлттық қозғалыстарынан. Жеңілмес ұлтшылдық» атты мақаласында «Халқымыз бен атамекеніміздің өркениетінде көрнекті рөл атқарған Түркістанның алғабасар жәдитшілері өз ретінде әйелдер мәселесін де ұмыт қалдырмаған еді. Олар өз басылымы – Түркістандағы бұқаралық ақпарат құралдарында әйелдер мәселесінен туындайтын міндеттерін де көре білді. Жәдитшілер заманға бағып, діни және рухани негіздерге сүйеніп жазған мақала, өлеңдерінде халық ағарту мен әйелдер теңдігі мәселелерін ылғи да көтеріп отырды. Үлгілі қыздар мектебін ашу, өз ішімізден мұғалімдерді және басқа да қызметшілерді дайындау туралы салиқалы пікір айтты.

Үйлену тойы, мораль мәселелері төңірегіндегі айтыс-тартыстар жәдитшілер мен қара ғылым баспалары беттерінде ғана көрініп қалмастан, халқымыздың отбасы әңгімелеріне де арқау болған еді. Жәдитшілер идеясы қысқа ғана уақыт ішінде халқымыздың қолдап-қуаттауына ие болды. Қара ғылым бұқара арасындағы беделінен айрыла бастаған еді.» - деп баға береді[6. 165б].

Мұстафа үшін жәдит идеясы қоғам дамуы заңдылықтары, тарихи процестің қозғаушы күштері туралы дүниетанымдық көзқарастары қалыптасуының бір бұлағы рөлін ғана атқарады. Түркістан өлкесіндегі түрлі қоғамдық идеялар мен көне дәстүрлер арасындағы тайталастар оны бодан халықтардың тұрмыс-тіршілігіне назар аударуға, олардың әлеуметтік, шаруашылық және мәдени салаларда артта қалуының себептерін іздестіруге итермеледі.

Өлкеде Кеңес өкіметінің орнауы жергілікті халықты қырып-жою арқылы жүзеге асқаны белгілі. 1918 жылы большевиктердің Қоқан қырғынынан кейін Түркістан Халық Комиссарлары Кеңесі «Қоқан автономиясының» барлық басшыларын заңнан тыс деп жариялап, олардың мүлкін тәркілейді. «Шура-и-Исламия», «Шура-и-Улема» т.б. ұлттық ұйымдар таратылады. Құлаған үкімет пен қырғынға ұшырағандардың орнына дүниежүзіне «басмашылық» деген атпен белгілі болған, кеңестерге қарсы кең көлемдегі халық қозғалысы келеді. А. Халид ол туралы «жәдиттердің ұлт мүддесі жөніндегі түсініктерін қала тұрғындарының көпшілігі қолдамады, ал енжар ауыл тұрғындары мұсылман зиялыларының саясатына ықпал ете алмады. Осылайша жәдитшілер тарих мүмкіндіктерін өз мүдделеріне орай пайдалана алмады, ұлт тағдыры большевиктердің қолына көшеді» деп көрсетеді[1.156]. Қорыта айтқанда, Түркістан тарихында Мұстафа Шоқай айтқандай жәдитшілдік – адамдардың жеке басын алаламайтын, таптарға бөлмейтін жалпыға бірдей саяси еркіндік пен бостандықты мұрат тұтқан, ұлттық салауатты, алға басар қозғалыс болды.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.12 томдық/ Р.Б. Сүлейменов атын. Шығыстану ин-ты; құраст. К. Есмағамбетов.-Алматы, 2012.-1-ші том. -544б.
- 2.Қазақ жәдитшілдігі (Сыр бойы материалдары негізінде): ұжымдық монография. Алматы - 2018 ж.
- 3.Абдуллаев Р.М., Агзамходжаев С.С., Алимов И.А. Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости. - Ташкент: Шарқ, 2002. -169 с.
- 4.Чокай М. Отрывки из воспоминаний о 1917 г. С. 20.
- 5.Мұстафа Шоқай, 1-том, Алматы, «Қайнар» баспасы, 2007 жыл.
- 6.М.Шоқай. Таңдамалы. Алматы:Қайнар. Екі томдық. 2т.-520 бет.

ӘОЖ 07:82-4894.342:950 (574)

МҰСТАФА ШОҚАЙ – ЖАЛЫНДЫ ЖУРНАЛИСТ ЖӘНЕ ПУБЛИЦИСТ

Мусабаева А.Н.

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қызылорда қаласындағы Абылай хан атындағы
№140 қазақ орта мектебінің директоры

Мұстафа Шоқай Ақмешіттің (Қызылорда) перзенті, атасының арғы тегі қыпшақтардан тарайтын Торайғырдың белді ақсүйектеріне жатады. Ол атақты Торғай датқаның немересі, беделді Шоқайбектің бел баласы, нағашы жұрты Хиуаны билеген қазақ хандарының әулетінен өрбиді. Осының өзі-ақ оның ата шаңырағының астында айта қаларлық тәлім-тәрбие алғанын, «Жеті жарғыны» жадында тоқып өскенін айғақтаса керек. Мұстафа ауылында жүріп хат таниды. Әліпті ата-анасынан үйренгенге ұқсайды. Содан кейін маңдайалды болып Ташкент гимназиясын тәмамдап, кейін Петербор университетінің заң факультетін үздік бітіреді. Уақытша үкіметтің басына тұрған А.Ф.Керенский Мұстафа Шоқайұлына өз кабинетіндегі министрдің портфелін ұсынады, ал Мұстафа одан бас тартады.

Түріктер елі – Түркістанның тарихын бес саусағындай білген ол мәдениеттің, саясат пен заң ілімінің дамуына деген дара көзқарасын түркі ғана емес, сонымен бірге тәжік, орыс, ағылшын, француз, неміс тілдерінде шырғасын шығармай баяндап беруге шебер еді. Түркістан халықтарының бірінші, әрі белгілі бір мерзім ішіндегі бірден-бір өкілі болуының өзі де әбден табиғи, әрі заңды.

Қазақ ұлттық зияды қауым көшбасшылары, Думаның мүшесі болған Әлихан Бөкейханов және Ахмет Байтұрсынов, сондай-ақ Петерборда танысып, жақын тартып кеткен Түркістанның басқа халықтарының марқасқалары да дәл өзіндей елім деген ерлер еді. Шоқ жұлдыздай шағын

ғана осы шоғыр күш біріктіріп, патшалықтың Шығыстағы жазалаушы саясатына қарсы шайқасты.

Думаның зорлық-зомбылық пен жүгенсіздікті тоқтату шараларын белгілеуіне де, қазақ-орыстар мен жазалаушылардың 1916 жылғы көтеріліске қатысушыларға көрсеткен айуандығын тексеру үшін тергеу комиссиясын құруға да шешуші ықпал жасаған – Мұстафа Шоқай.

М.Шоқай Петербордан Түркістанға жүрер алдында өзінің төңкерістен талай уақыт бұрынғы ежелгі танысы Петербордағы солдат және жұмысшы депутаттары кеңесінің төрағасы, IV Мемлекеттік Думадағы социал-демократтар партиясының жөн сілтеушісі Н.С.Чхеидзеге кіреді. Чхеидзе оның алдағы жоспарының жай-жапсарын сұрағанда Мұстафа Түркістанға автономия әперуге күш салатынын, соның әзірлігімен айналасатынын айтқан. Сонда Мұстафаның жауабынан Чхеидзе ыршып түседі: «Құдай үшін, Шоқаев жолдас, отандастарыңызға автономия жайында айта көрмеңіз, себебі, біріншіден, бұл туралы айту әлі ерте, екіншіден, халқының мәдениеті мен заты мүлде басқа, тілі мен діні басқа сіздің Түркістан сияқты елдегі автономия – түп-тура оқшаулыққа бастайтын жол, ал төңкерісшіл демократияшыл Ресейден тысқары оқшаулықтан сізден халыққа пайда жоқ».

Ақпан төңкерісінен кейін большевиктер мен солшыл төңкерісшіл социал-демократтар офицер, солдат, көпес пен патша әкімшілігінің шенеуніктерінен тұратын жергілікті орыстар қауымының табан астында көрсеткен қолдауына сүйеніп, Ташкентте жаппай қуғын-сүргін ұйымдастырған болатын. Жаппай қуғын-сүргін Орта Азия мен Қазақстанның барлық шаһарларын шарпыды. Орыстарға қарсылық сезімі қайтадан белең алды. Жойқын қысымның күшіне қарсы тұру қамымен мұсылман саяси ұйымдары: ғалымдар ассоциациясы (Үлем жамиғаты) мен Мұсылмандар кеңесі (Шұра-и-Исләми), сондай-ақ қазақ ұлттық «Алашорда», партиясы құрылды. Олар күш біріктіре келе 1917 жылғы наурызда Ташкентте Түркістан мұсылмандарының конгресін шақырып, онда Орталық комитет сайлап, Мұсылман орталығын құрады.

1917 жылы Қазан айынан кейін большевиктер Ресей мен Шығыстың мұсылман еңбекшілеріне Үндеу жолдады: «Уақытты өткізіп алмандар, ғасырлар бойы жерлеріңізді жаулап алып келгендерді серпіп тастаңыздар! Ендігі жерде күлге айналған жерлеріңізді олардың тонауына жол бермеңіздер! Өз елдеріңіздің қожайыны өздеріңіз болуға тиіссіздер! Тұрмыс-тіршіліктеріңізді Сіздер өздеріңіздің салт-дәстүрлеріңізге сай, өз қалау-ықтиярларыңызға орай құруға тиіссіздер!» Автономия алуды көксеген түркістандықтардың арман-мүддесін осыдан артық қолдау бола ма! Бостандық деген осы емес пе?

Большевиктер ұранымен көңіл демдеген Мұсылман орталығы енді шыға бастаған өз газеттері «Ұлы Түркістан» Орталықтың Мұстафа Шоқайұлы бастаған мүшелерінің қанатының астында шығып тұрса, «Бірлік туы» болса «Алашорда» қазақ ұлттық партиясының органына айналып, оған осы партия

басшыларының бірі Міржақып Дулатов редакторлық етті. Орыс, бұрынғы патша әкімшілігіне және жер-жердегі оның сойылын соғушыларға қарсылықтың күшеюіне байланысты Түркістан ұлттық саяси партиялары тегіс біріге бастады.

Қазан төңкерісін Түркістан жұрты теңдікке қолым жетті деп зор ілтипатпен, ынта-ықыласымен қарсы алды. Алайда Ташкентте 1917 жылғы 16 қарашада құрылған Түркістан халық комиссарлары кеңесі үміт отын су сепкендей өшірді. Халком кеңесінің 17 мүшесінің ішінде бір де бір түркістандық болмай шықты.

Орынборда 1917 жылғы желтоқсанда «Алашорда» басшысы Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ автономиясы құрылды. Сөйтіп, Түркістан жұрты өз тағдырына өздері қожалық ету қамымен өз мемлекеттігін жаңғырту жолында тұңғыш қадам жасауға талпынды. Алайда, Ташкент халықкомкеңесі 1918 жылдың қаңтарында «қосарлас мұсылман үкіметін» құртуға шешім қабылдайды. Қолдағы барлық зеңбірек пен пулемет есептері, Ташкент гарнизонының қызыл гвардияшылары, милиция бөлімдері, қарулы отрядтары, қазақ-орыс атты әскерлер жасырын да жедел жасақталды. Қаңтардың 5-нен 6-на қараған түні Қоқан жан-жағынан тығыз қоршауға алынады да, таң ата шабуыл басталады.

Ақыры екі жүз мың қала тұрғынының төрттен бірі ғана аман қалады. Орталықтың келісімінсіз ендігі жерде Түркістанда ешкім де, ешқашан да автономия құруды ойға алмауы үшін осындай қорқыту шарасы қолданылған-ды.

Тблсиде Мұстафа Шоқай Социалистік интернационал делегациясымен жолығып, делегация басшысы Пьер Ренодельмен әңгіме үстінде Орта Азия мен Қазақстандағы саяси ахуалды толық айшығымен бүкпесіз баяндап береді. «Ол өз елінің ең бір мәдениетті адамдарының санатына жатады. Шоқаев бізбен социалист тұрғысынан емес, демократ тұрғысынан сөйлесті, егер орыс төңкерісіндегі большевиктік аударысты құшақ жая қарсы алар еді», - деп, сөзін нақтылай түседі Пьер Ренодель.

Мұстафа Шоқай шет елде жүрген кезінде Түркістан халықтарының тіршілігін әмбеге әйгілейтін журнал-газеттер ұйымдастырып, шығаруға қатысады. Ол Мәскеу, Ташкент, Алматы, Орынборда басылатын большевиктік газет-журналдардан алынған нақтылы мысалдар мен деректерге негізделген Кеңестік Ресей мен Орталық Азия жайлы сұңғыла мақалаларын, теориялық зерттеулерін, тарихи һәм саяси шолуларын Стамбул мен Парижде, Берлин мен Лондонда, Варшавада жариялап жатты.

«Ойы мен ісіндегі, табан тірер тұғырының беріктігі мен бекемдігі, мосқал тарта қоймаған жастығана қарамастан, оны қалың елдің батагөйі дәрежесіне дейін көтерді», - деп жазады Түркияның аса көрнекті ғылымы һәм қоғам қайраткері Тахир Шағатай доктор.

Мұстафа Шоқай Түркістанда болып жатқан оқиғалардан шындығын газет-журналдарда басып отырды.

Мәселен, Түркістан халық комиссарлары кеңесінің кезекті төрағаларының бірі К.Сорокин былай деп ашығын айтқан: «Мұсылмандардың барын тартып алуда, алып қана қоймай, өздерін өлтіруде. Біздің әскерлер қорғаудың орнына тонап, қанға бөктіруде... үрейі кетіп, берекесі қашқан халық босып жатыр.

Ақ-қарасын ажыратып жатпай, дүние-мүлкін, қатын-баласын құртып жатқан біздің отрядтардан мұсылман кедейлерінің соры қайнауда... осыншама қорлық-зорлық көре тұра, олардың бізге қандай достық сезімде болары айтпаса да ұлтшыл етудеміз...».

Түркістан Компартиясы басшыларының бірі болған, өзі партияның VII съезіне делегат болған Иван Тоболин сынды атан жілік большевиктің өзінің аузынан: «Маркстік тұрғыдан алғанда экономикалық жағынан әлсіз қазақтар бәрі бір құрып-бігіп жоғалуға тиіс» деп айтқан сөздерін сынап отырды.

Мұстафа Шоқайдың есімі халқымен қайта қауышып жатыр. М.Шоқайды ақтап, адал еңбегін ардақтау жөнінде президент Н.Ә.Назарбаевқа 1993 жылы ақпан айында қазақ зиялылары Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев, Б.Қойшыбаев, Ә.Әлімжанов, Ж.Әбілдин қоғамның көрнекті өкілдерінің атынан Ашық хат ұйымдастырды. Стамбул университетінің профессорлары Мұстафаның үш томдық еңбегін сыйлады (шағатайша жазылған). М.Шоқайдың хаттары мен қолжазбалары елге келіп, сарапталып, Мұстафатану жұмысы жанданып жатыр. Стамбулда Әбдуқап Қара «М.Шоқай – Тәуелсіздік күрескері» атты кітап жазып, докторлық диссертациясын қорғады. 2009 жылы Францияда М.Шоқайдың үлкен ескерткіші қойылды.

М.Шоқай үлкен ағартушы, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының бай мәдениетінің, Орталық Азиядан ғұлама ғалым-кемеңгерлерінің еңбектерін уағыздаушы болды. Ол тыным таппай Батыс әлемін Түркістанмен таныстырып, табыстырумен болды.

2008 жылы Санкт-Петербург гуманитарлық қоры «Петербург тұлғасы» деген марапат берді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұстафа Шоқайұлы. Кеңестер қол астындағы Түркістан. Англия, Оксфорд, 1986. 31б.
2. Бәкіров Ә.Мұстафа Шоқай. Алматы, 1997.
3. Бакиров А.Приговорен к расстрелу. Астана, 2009.
4. Серікбайұлы Б. М.Шоқай. Түркістанның қилы тағды. –Алматы: 1992.
5. Мұстафа Шоқай мырзаның рухына. //Жас Түркістан, Париж: 1949-1950.

ТАРИХИ ТҰЛҒА - МҰСТАФА ШОҚАЙ

Мусабаева А.Н.

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қызылорда қаласындағы Абылай хан атындағы
№140 қазақ орта мектебінің директоры

Мұстафа Шоқай өнегесінің құндылығы - халқымыздың жүріп өткен жолын, әсіресе ХХ ғасырдағы тағдырын жаңа тарихи контексте қорытуға, сол арқылы бүгінгі жағдайымызды, ұлттық мүддемізді тура және жаңа сапада түсінуге түрткі болуында.

Ұлы қайраткер Шоқай есімін тек қазақ жұртына ғана таңып, оның қызметін бүгін тәуелсіз Қазақстанның тарихи мүддесімен ғана байланыстырар болсақ, онда Мұстафа Шоқай феноменін, ол көтерген мәселені дәл басып түсіндіре алмаушылыққа ұрынған болар едік. Себебі, Шоқай көтерген мәселе Түркістанның тұтастығы мен Түркістанның еркіндігі. Бұл екі ұғым Мұстафа Шоқай үшін егіз ұғым болды. Шоқай көтерген мәселелерден елдің еркіндігін, Түркістанды көне замандардан бері атамекен еткен басқа ұлттардың тәуелсіздігінен бөліп алып қарамағанын көруге болады. Бұл туралы шоқайтанушы ғалымдар К.Есмағамбетов: «М.Шоқай - туған халқының ғана емес, өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен, әзірбайжан, грузин және басқа да бодан халықтардың бостандығы үшін күрескен тұлға» [3, 7 б.], - десе, Ә.Бәкір: «Мұстафа Шоқай өмірінің 20 жылдан астамын жат жерде өткізді. Бірақ 1941 жылдың аяғында көз жұмғанша жас кезінде таңдап алған туған халқының, Түркістан аймағының саяси егемендігі, рухани бостандығы, бүкіл түркі тектес халықтардың азаттығы, еркіндігі мен тәуелсіздігі үшін күресі бір сәт толастамады. Бұл оның бүкіл ғұмырындағы берік ұстанымының мәні мен мағынасы, арманы мен мұратына айналды» [4, 87 б.], - деп жазады.

Бұл М.Шоқайдың өз ұлтына араша түсудің бірден-бір жолы - түрлі партия, уақытша үкімет және жұмысшы солдат кеңесімен түсінісу керек болады. Осының бәрі Орта Азияда өз тағдырын өзі шешетін Түркістан автономиясын құру мақсатында жасалған еді.

Мұстафа Шоқай Түркістан жамғатының келешек өз тағдырын өзі анықтайтын жеке мемлекет болуын мақсат етіп қойды. Осы мақсатта ептеп уақытша үкіметтің аз айлық билігін пайдаланып қалғысы келді. Бірақ «ұлттың өзін-өзі билеу мүмкіндігін береміз» деген бір де бір орыс демократтарына сенген жоқ. «Олар үкімет басына келген соң сөзсіз айнып» кетеді деген пікірін сөз арасында түсіндірумен болды. Сондықтан Ресейден енші алуда қызбалыққа, үстірттікке, асығыстыққа ұрынбай, жан-жақты ойластырылған саясат жүргізу керек еді. Ресейдің «демократ» билеушілері іш тартып алмас үшін М.Шоқай «ұлттардың өз-өзін билеуін», Ресеймен

шекаралық, қаржылық және сыртқы саясатта бірлігін жоққа шығармайтынын дәлелдеп береді.

«Қоқан автономиясының» келешегіне М.Шоқай күмәнсіз сенді ме, күмәні болды ма, бірақ ол адам қолынан жасау мүмкін емес тарихи төтенше оқиғалардан үміттенеді. Адамды үміт жетелейді, үміт апатқа да соқтырады. Осы жолда Мұстафа бастаған ұлтжанды азаматтар басын қиып өтті.

М.Шоқай Түркістан халқы арасындағы қоғамдық белсенділіктің, сауаттың, ұйымшылдықтың, рулық жіктелудің қандай деңгейде екенін жақсы білді. Жаңа автономияда сот жүйесін қазылар алқасы немесе шарифат жолымен жүзеге асыруды ұсынған кезде руластық тамыр белең алып кетеді» деп бірден қарсы болған.

Мұстафа түркі тектес халықтың психологиялық дәстүрлі ерекшелігін жақсы білетін. Сондықтан жалпы мемлекеттік сот құруын ұсынды.

Мақала көлеміне М.Шоқайдың тарих бетіне таңбалы із болып қалған барлық қызметін түгелдеп беру мүмкін емес. 1918 жылы Грузияда, одан Түркияда, кейін Париж бен Берлинге ұласқан қоғам қайраткерінің өмір жолы бүгінгі ұрпақ үшін өнегелі жол.

М.Шоқайға коммунистік қоғам идеологтарының күллі Түркістанға жасап отырған зорлық-зомбылығы, қарапайым алаңда берген ақыреті оның өмірінің кайғысы, мұны болды.

Осылайша М.Шоқай Кеңес үкіметінің шет елдегі басты дұшпанына айналды. Білімі терең, ақылы асқан қазақ перзенті түрік жамиятының бірлігі мен коммунистік қоғамның халыққа тигізер ықпалы жөнінде ондаған мақала жазды. Мақала дерегі талдау мен таразылаудан тұрды. 1936 жылы КСРО Конституциясындағы логикалық қайшылықтарды дәлме- дәл түсіндірді.

Ол Түркістан халқын орыс диктатурасынан корғауға күш салды, бірақ озық және адал ойлы славян халқының өкілдері Я.Газовский, И.Пильяудский, В.Чайкин, В.Наливкинге деген құрметі ерекше еді. Өмірлік досы Мария Яковқызы да орыс ұлтынан болатын.

Ел тірлігі, отырықшылыққа қараған көшпелі қазақтың тұрмыс-тіршілігі кішкене Мұстафаға бала кезден таныс. Осының бәрін алтын зердей санасына құйып өсті. Қазақ дәстүрінде бар өлең-жырға әуес болды. 1919 жылы Тбилисиде бой тасалап жүріп, елді аңсап кеткенде, яғни тазалық пен пәктік тұнған балалық шағын еске ала отырып, кейінгі ұрпақтың келешегі жайлы өзегі өртеніп жазады.

Мұстафа жанының тазалығы мен өршілдігінде өнерден алған тағылым да жатыр еді. Бес жасынан домбыра тартуды үйренген. Мұстафа жайлы «Естелігінде» Мария Шоқай қызық дерек келтіреді: «1922 жылы Франциядағы этнография мұражайын аралағанымыз есімде, дейді Мария - Мұстафа сол жерде бір домбыраны көріп қалды да, тағатынан айырылды. Сол жердегі қызметкерден рұқсат сұрап, аспапты қолына алып, құлақ күйін келтірді де, әсем қазақ әуенін орындап шықты. Сөйтті де аспапты орнына

қойды. Жабырқау болатын жанарлары жасқа толы еді. Мен алғашқы және соңғы рет Мұстафаның көз жастарын сонда көріп едім».

Мұстафа Шоқайдың көшпелі қазақ халқы мен түрік туыстас ұлттарға деген сүйіспеншілігінің іргетасы осылайша бала кезден қаланған.

Мұстафа Шоқай осынау таза табиғи қалпымен, көптің көзі жетпейтін шың басындағы Шынар секілді еді. Тамырын тасқа жайған шынар жалғыз өседі, жүзін күн сүйіп, жапырағын жел тарайды, діңі қатты болады. Шыңдағы шынар секілді Мұстафа Шоқай да ХХ ғасырдан өтіп, асыл ой, азаматтық қалпымен ХХІ ғасырға келді.

Мұстафа Шоқайдың өмірі өнегеге толы болды. Бүкіл түркі әлемінің тарихи тұлғасына айналған. Мұстафа Шоқай ХХ ғасыр кезеңінде адамзат баласының айтулы бір перзенті болды. Оның бойында біз біліп үлгермеген, тарихымен таныспаған талай рухани қазыналар жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сүлейменов П. Мұстафа Шоқай: көзқарас эволюциясы. // Ақиқат, 1997. № 11.
2. Есмағамбетов К. Әлем таныған тұлға - Алматы: Дайк-Пресс, 2008.
3. Бәкір Ә. Қазына: Мұстафа Шоқай мұралары туралы // Егемен Қазақстан: Жалпы ұлттық республикалық газет. 2015. 17 қаңтар.
4. Оқтай А. Мұстафа Шоқай және түркішілдік. // Түркістан. 1997. 26 наурыз.
5. Садықов Б. Түркістан легионы мен Мұстафа Шоқай феномені // Дипломатия жаршысы. 1998. №4.
6. Нүсіпхан А. Мұстафа Шоқай А., 1998. 57-67 бб.
7. Мұстафа Ш. Отаршылардың мәдени қаруы. // Жас Түркістан. 2001. №1.
8. Серғазинов Б.М. Шоқай еңбектерінде Кеңес үкіметі саясатының бағалануы. // Абай., № 2.
9. Арғынбаев Ә. М. Шоқайұлының Түркістанның біртұтастығы идеясы. // Қазақ тарихы, 1997. №2.

ӘОЖ 323.329:950 (574)

МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ТАРИХИ ТҮЛҒАСЫ

Токтамуратова М.Ж.

Қызылорда қаласындағы Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары,
тарих пәні мұғалімі

М.Шоқай 1890 жылы Қызылорда облысы, Сұлутөбе станциясында дүниеге келіп, әуелі ауылдағы мектепте, кейін Ташкентте, Петерборда білім алған. Бірқатар шетел тілдерін жетік меңгерген білімді заңгер кісі болған.

1917 жылы қарашада Қоқанда болған IV бүкілтүркістандық мұсылмандар съезінде Түркістан автономиясы жарияланғаны мәлім. Жалпы Қоқан автономиясы атанған бұл үкіметтің бірінші Президенті Мұхамеджан Тынышбаев болды. Кейін оның орнында М.Шоқай сайланды.

Кеңес үкіметі Түркістан Қоқан автономиясын күшпен таратты. Осыдан кейін М.Шоқай шет елге кетуге мәжбүр болған. Шет елде жүрсе де большевиктермен идеялық күресін тоқтатпады. 1917-40 жылдары аралығында Ыстамбұлда және Берлинде жаңа Түркістан мен Жас Түркістан журналдарын басып шығарып, онда кеңес өкіметінің әділетсіз саясатын бүкіл Батыс елдеріне жария етті. М.Шоқайға зерттеушілік, ағартушылық қызметін уақытша доғаруға тура келді, себебі 1941 жылғы 22 маусымда гитлершілдер Кеңес Одағына шабул жасаған күні әскершілер оны тұтқындаған еді. Сол кезде Францияда жүрген М.Шоқайды Париж түбіндегі Компьен концлагеріне қамайды.

Мұстафанның зайыбы Мария Шоқайдың айтуына қарағанда, ол фашистердің КСРО-ға шабул жасағанын естіп, қатты қапаланған. Мұстафа концлагерде екі аптадай отырған. Ол кезде немістер Мұстафа Шоқайды тұтқындағы Түркістандықтармен жүздестіреді. Гитлершілдер оны өздерінің жағына шығарып алуға тырысып бағады. Оның беделін өздерінің насихаттық мақсаты үшін пайдаланып қалуға әрекеттенеді.

Алайда М.Шоқай фашизмнің Еуропаның ғана емес, Ресей мен Түркістанның да барлық халықтарына құлдықтың қара бұғауын әкелетінін жақсы түсінген еді. Сондықтан олармен ынтымақтаса, ауыз жаласа алмауы керек. Ол өзінің үлкен Отанына адалдығын сақтап қалды, концлагеріндегі әскери тұтқындармен кездескенде де олардың рухын көтеруге, болашақ жеңіске деген сенімін шыңдауға күш салады. Ұзақ уақыт М.Шоқайға немістерге қызмет еткен, немістің генералы шеніне дейін көтерілген, «Түркістан легионын» құрушы деген айып тағылып, жалған лақап таратылды. Ал шын мәнінде М.Шоқай «Түркістан легионын» құрушы көсем емес, себебі: ол жайлы қазір көз көрген қариялар, кезіндегі легионерлер анық айтады. Солардың қатарында кезіндегі легионер, кәзірде, ақын Хамза Абдулла, жұбайы Мария Яковлевна Шоқай т.б. бар.

Олардың айтуынша М.Шоқай тұтқындарға жағдай жасап, оларды Қызыл әскерге қарсы майданға жібермеуге күш салған. Тұтқынға түскен Түркістандық солдаттардың ауыр, адам аярлық халін көрген М.Шоқай оларды азық-түлікпен, киіммен қамтамасыз етуге көмектескен. М.Шоқайдың ауыртпалығы да, азабы да мол қысқа ғұмырында аузынан тастамай кеткен мұңлы да, нұрлы сәттері Әміре Қашаубаевпен кездесуі еді. Алғаш рет олар адал достардың көмегімен Мұстафаның пәтерінде кездескен еді. Мұстафа Әміре даусына тәнті болды. Бұл оның туған жерге деген сағынышы жан жүрегін қатты сыздатқан сәттер еді. Әмірені тындап ол алпыс екі тамыры иіп, сайын-сахарасын, оның жұпар иісін, жазира-жазық

шалқар көлін сезініп, шерін тарқатты. Бұдан біз кейінгі ұрпақ М.Шоқайдың нағыз патриот, Отанын, ұлтын, сүйген азамат болғандығын сезінеміз.

Елін азаттыққа жеткізу, іргелі мемлекет құруға ұмтылыс күллі қазақ зиялыларының ортақ мақсаты еді. Тек оны жүзеге асыру мәселесіне келгенде олар екіге жарылды. М.Шоқай Алаш қайраткерлерімен бір ғана мәселе бойынша келісе алмады. М.Шоқай күллі түрік халықтарының басын біріктірген тұтас Түркістан автономиясын құруды ұсынды, оны жақтаушылар орыстың отаршылдығынан құтылу үшін Орта Азия елдері бірыңғай бірігуіміз керек деп түсінді. «Кеңестік Қазақстанның он жылдығына орай» деген мақаласында жалпы алғанда Кеңес үкіметінің «жеке өлкелер мен

халықтар мүдделерінің» Одақ мүддесіне бағындырылуына негізделген саясатының қазақ, өзбек, қырғыз, басқа да халықтарды есепсіз құрбандықтарға әкелетінін, ақыр аяғында олар ұлттық болмысын жоғалтып, тілінен де, ділінен де айырылатындығын болжап. көре. білген. Мұстафа Шоқай ХХ ғасырдың бас кезінен-ақ білгір халықаралық сарапшы ретінде корінеді. Ол, әсіресе, Түркістан мен шекаралас аудандарға, тіпті араб елдеріндегі жағдайларға да назар аударады. Мұның өзі Түркістан ұлттық қозғалысына, оның Жетекшілеріне үлкен қолдау болады.

Шоқайдың саяси күресінің басты мақсаты - Түркістандағы кеңес билігінің орнына тәуелсіз ұлттық басқару жүйесін орнату еді. Сол себепті Шоқай кеңестер үшін режим қарсыласы еді. Сондықтанда Мәскеу оның өмірімен идеялары туралы мәлімет таратуға тиым салды. Кеңес идеологиясы бойынша Шоқай «халық жауы» деп жарияланды.

Шоқай туралы қатаң тиым-шектеулердің қажала бастауы Кеңестер Одағы құлауға бет алған 1990 жылдардың басына дөп келеді. Бірақ бұл процесс бірден жүзеге аса қоймады. Шоқайды халық жауынан халық қаһармандығына көтерген процесс қазақ зиялыларының өте сақ және батыл әрекеттерінің арқасында жүзеге асты.

1917 жылы қарашада Түркістан автономиясының Уақытша үкіметін бектіледі. Бас министр болып М. Тынышбаев сайланды. Бірақ, Заптадан кейін М.Тынышбаев оставкаға кетіп, М.Шоқай бектіледі. Украина халық республикасының бұрынғы сыртқы істер министрлігі А.Я Шульгин осы кезеңді еске алып, «Мұстафа Шоқайдың белсенділігі мен ел арасындағы беделі аса зор еді. Жастығына қарамастан ол қайта өрлеген Түркістанның нағыз көсемі бола білді» деп жазды.

Дегенмен, кеңестік тарихнамада М.Шоқай басқарған Түркістан автономиясының мән-мағынасы төмендетіліп, «Қоқан автономисы» аталып келеді. Кеңес үкіметі тұсында Мұстафа Шоқай есімін атау қылмыспен парапар болды. М. Шоқай бейнесі ұзақ жылдар бойы тарих күлінің астында сақталып келді.

Қазір жаһандану дәуірі. Бірақ Мұстафа Шоқай сол өткен ғасырдың 17-18 жылдары-ақ жаһанданудың келе жатқанын біліп, жасыл тудың астына

бүкіл түркі тектес халықтарды жинағысы келген. М.Шоқай Түркістан жамиятының келешек өз тағдырын өзі анықтайтын жеке мемлекет болуын мақсат етіп қойды. Осы мақсатта ептеп уақытша үкіметтің аз айлық билігін пайдаланып қалғысы келді. Өкінішке орай, Уақытша үкімет қауқарсыз орган болғандықтан, М.Шоқай халық мүддесіне орай жоспарланған жұмыстарын жасай алмады. Қоқан автономиясы қанды қырғынға ұшырады. М.Шоқай сол күндер жайлы тарығып жазған бір мақаласында: «Қоқан ұлттық үкіметінің большевиктерге қарсы күресі кезінде, яғни 1918 жылы ақпанда, осыдан бір жыл бұрын Ақмешітте 1917 жылдағы мамыр айында орыс жұмысшы солдаттары қолынан өліп кетсемші деп өкінгенім бар», - деп жазды. Ал, 1932 жылы 26 наурызда «Прометей» ұйымының жиналысында оқыған «Түркістандағы революция» атты баяндамасында «Түркістанның ең осал жері бізде келісілген іс-қимылдың жоқтығы болды. Әркім өз алдына, өз аумағы шеңберінде әрекет етті. Егер бұқарлықтар, хиуалықтар, түрікмендер, қазақтар, т.б. «облыстық патриотизмнен» арылып, «түркістандық патриотизм негізінде біріккен кезде біз өз тәуелсіздігімізді сақтап қалар едік, тағдыр Түркістанды ұлттық қорлау мен қанаушылықтан құтқарар еді» деп жазды.

Мұстафаның ұлы арманы іске аспай, шет елге эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. Ақтау-Грузия-Түркия арқылы Еуропаға ұласқан сапарында М.Шоқайдың көрген қиыншылғы өте көп болды. М.Шоқай қай елге барғандада бас сауғалап, жан бағып жүрмеді, саяси күрестің мүмкін жолдарын іздестірді. Еуропадағы 20 жылда түрік-мұсылман халықтарының ұлт-азаттық жолындағы қозғалыстары оның төңірегіне топтасты. М. Шоқай ел ауғанда жүргенде ұлт-азаттық күресте ақпарат құралын ең басты қару ретінде пайдаланды. Ол қай жерде жүрмесін, баспасөзден қол үзген жоқ. Өзінің ұлтшылдық, түрікшілдік идеяларын мерзімді баспалар арқылы жүзеге асыруға күш салды. 1918 жылы Грузияда «Волный Горец», «Борьба», «На рубеже», Стамбұлда «Жаңа Түркістан», кейіннен Германияда «Жас Түркістан» баспалары арқылы күллі өмірін азаттық үшін күреске жұмсады. «Жас Түркістан» журналы М.Шоқайдың публицистік-редакторлық, ұйымдастырушылық қабілетін танытқан ең көрнекті туындысы болды. Бұл журнал 1929-1939 жылдары Германияда үздіксіз шығып тұрды. М.Шоқай «Біздің жол» атты бас мақаласында журналдың басты ұстанымы туралы айта келіп, большевиктердің Орта Азия мен Қазақстанда «түрі - ұлттық, мазмұны -социалистік» республикалар құруды мақсат ететіндігін, ал оның түрлі ұрандармен бүркемеленіп отырғанымен, бұрынғы патшалық отарлық жүйенің, орыстық шовинизмнің жалғасы екендігін ашық айтады. М.Шоқайдың ұлтжандылық сезімнің оянуына алдымен, осы орыс шовинизмі ықпал еткен болатын. М.Шоқай көзқарасында орыс эмигранттарының басылымдарында Германияға оқуға келген түркістандық жастарды «Түркістан түйелері мен Бұқара есектері» деп әжуалауы да үлкен әсер етеді. 1931 жылы 13 қаңтарда жарияланған «Жәдидшілдер» атты

еңбегінде: «Мемлекеттің ұлттық мүддесі мен болашағы тұрғысынан алғанда, отаршылдың ең қорқынышты түрі жергілікті халықтың жерін тартып алу болып табылады. Түркістанның «жанашыр орыстары» дәл осындай тартып алу саясатын жүргізіп отыр. Осы озбырлықтың салдарынан қазақтардың өз жерінде азшылықта қалу мүмкіндігін болжаған да – М.Шоқай болатын. 1930 жылы «Яш Түркістан» журналында «Керенский және Түркістандағы ұлттық қозғалыс» деген мақала жариялап, А.Ф.Керенскийдің түріктердің ұлттық ар-намысына тиіскен шовинистік көзқарасына ашық қарсы шығады. Мақала орыс тіліне аударылып, Керенскийге жіберіледі. М.Шоқай Керенский секілді орыс «демократиясы» өкілдерінің ұлттық өктемдікке толы басылымдарын үнемі сынға алып отырды. Кеңес үкіметінің ешқандай демократиялық қозғалыстарға жол бермейтіндігін түсінген М.Шоқай «ұлттың өзін –өзі билеу мүмкіндігін білеміз» деген бір де бір орыс демократына сенген жоқ. Орыс демократтарына үміт артуды үзілді-кесілді тоқтатты. Тіпті, сенімді деген Сұлтанбек Қожановтың «Қоқан автономиясының мүшелеріне Кеңес үкіметі кешірім береді» деген хабары жеткенде де, компартия басшыларының екіжүзділік саясатын күн ілгері біліп, елге оралмады. Бұл шын мәнінде Шоқайдың көрегендігі болатын. М.Шоқайдың күдігі расталды. Кеңес одағында қалған Алаш арыстарының барлығы 1937-1938 жылдары қуғын-сүргіннің құрбаны болды.

Немістер М. Шоқайды 1941 жылы жазда Франциядан Берлинге Гитлердің бұйрығымен алып кетіп, өз мақсаттарына пайдалануды ұйғарды. Мұстафаны тұтқын түркістандықтардың тізімін жасауға, білімін, мамандығын анықтауға жұмсаған. М.Шоқай алғашқы 2-3 айдың ішінде қыруар жұмыс атқарады, жүздеген түркістандық тұтқынның жағдайын жақсартуға көмектеседі. Түркістан легионы жайлы, ондағы М.Шоқайдың рөлі жөнінде зерттеулер баршылық олардың кейбіреулерінде, әсіресе кеңес дәуірінде жазылған еңбектерде М.Шоқайды қаралайтын кезеңдер кездеседі. Ол легионды құрушы емес, оны нақ құрушы өзбек ұлтты Вали Каюм. В.Каюм Шоқайдың көзі тірісінде оның тіршілігіне көп кесірін тигізіп, қайтыс болғанан кейін де Шоқайдың атын жамылып, немістерге біраз қызмет еткен. Ал М.Шоқай болса 1941 ж. 27 желтоқсанда Берлиндегі немістердің ауруханасында қайтыс болады. Шоқайдың қазасы туралы да түрлі деректер кездеседі. Шындығында, «Түркістан легионына» Мұстафаның қатысы жоқ және легион Мұстафа Шоқай өлгеннен кейін 1942 жылы жазда құрылған.

Мұстафа өз елін қорғады, оны Кеңес отарынан босатпақ болды. Сол үшін өмірін сарп етті. Сондықтан, М.Шоқайдың тұлғасы осы Түркі елі тұтастығы идеясымен шын қымбат. Мәселен, 1932 жылы «Жас Түркістан» журналының 32-санындағы «Түркістан тіршілігі» Түркістан және Түркістандық сезімін жоғалтпаған жерлестерімізбен бір пікірдеміз. Түркістан біртұтас ұлттық бірлікке және сол көріністе отыр. Түркістанның рухани саяси болашағы – Түркістан түріктерінің бірлігінде жатыр». Ұлт

мүддесімен, халық арманымен біртұтас саясат – Мұстафа жолы, Мұстафа таңдауы. Сол себепті ол «Большевизм – түрікшілдіктің қас жауы» атты еңбегінде былай дейді: «Большевиктер атамекеніміз Түркістанда ұлтымыздың өзіне тән рахани әлемін суалтып, оның орнына орыс пролетариатының рухын орнатпақ болды. Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де».

Қорыта айтқанда, Мұстафа Шоқай Отанын сүйген, оның тұтас мүддесіне қызмет етіп, сол жолда жан пида болған қайраткер. Бүгінгі таңда ол ғаламдық көлемдегі қайраткер болып табылады. Түркістанның бірлігі мен тәуелсіздігін ту етіп, оны өмірлік мұратына айналдырған, сол жолда құрбан болған Мұстафа Шоқайдың тұлғасы күн өткен сайын биіктей бермек. Саналы ғұмырын ұлт мүддесі мен ел мұраты жолына арнаған қайраткер тұлғаның тағылымына арқау еткен еңбектер жаңа, тың деректерге жетелемек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Ибрашұлы С. Мұстафа Шоқай. Тасбөгет, 1993
- 2.Абдуллин Х. Мұстафа мен Мағжан – Тұран елінің даналары. Алматы, 1993
- 3.Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. Алматы, 1992.
- 4.Есмағамбетов К. Әлем таныған тұлға. Алматы: Дайк-Пресс, 2008.
- 5.Атабаев Б. Халық жадында қайта жаңғырған ұлы есім. Қызылорда, 2015.

ӘОЖ 323.329:950 (574)

МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІ

Ахметова Г.П.

Қызылорда қаласындағы Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебі директорының ғылыми-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары, бастауыш сынып мұғалімі

Мұстафа Шоқай – Алаш қозғалысының қайраткері, Түркістан өлкесі халықтарының азаттық күресі жетекшілерінің бірі, публицист. Әлемдегі ең тәуір деген білім ордасынан тәлім алған. Оқымысты заңгер. Бірнеше шет ел тілін еркін меңгеріп, бөтен тілде сөйлей де, жаза да білетін тамаша публицист. Табиғатынан дарынды тұлға.

Мұстафа Шоқай 1890 жылы 25 желтоқсанда Сыр бойындағы Наршоқы деген жерде дүниеге келді. Отбасында бес ағайынды еді. Бала кезінен оқу-білімге құштар болды. Мұстафаның сауат ашуына үйде сақталған ескі қолжазбалар түрткі болыпты. Атасы Торғай датқа Сырдария

болысын басқарған кезде, кітап жинауды әдет еткен. Әкесі Шоқай болса, өз ортасына сыйлы, қара қылды қақ жаратын би болған. Бес баласын бірдей оқытса да, ерекше ұғымтал, зерек Мұстафаның орысша білім алуын қалап, Перовскідегі орыс мектебіне жібереді. Кейін Мұстафа Шоқай Ташкенттегі ерлер гимназиясына оқуға қабылданады. Аз уақыттың ішінде қатарластарынан оқ бойы озып шығады. Осыдан кейін Санкт-Петербургтегі императорлық университетке заңгерлерді даярлайтын факультетке түседі. Бұл сол замандағы ең үздік оқу орындарының бірі болатын. Бірнеше тілді жетік меңгереді.

Мұстафа Шоқай саясатқа Санкт-Петербург университетінде оқып жүрген кезде араласа бастады. Университет қабырғасында жүріп, Шоқай баспасөз бетінде патша өкіметінің ислам діні жөніндегі саясатына қарсы үндеу жариялайды. Бұл үндеуге қазақ, башқұрт, татар және өзбек студенттері қол қойған.

Петерборда Мұстафа Шоқай ұлттық мұсылман қозғалысының өкілдерімен танысады. Мұстафаның үлкен саясатқа араласуына ықпал еткен бірден бір адам Әлихан Бөкейханов еді. Бөкейхановты Шоқайдың саяси ұстазы деуге де болады. Ол Мұстафаның бойындағы қажыр-қайраты мен ұлтжандылығын байқап, жас Шоқайды сол кезде Петербордағы саясаткерлермен, қоғам қайраткерлерімен, мемлекеттік Дума депутаттарымен, оқымысты ғалымдармен және жазушылармен таныстырды. Мұстафаны Ресей мемлекеттік думасы мұсылман фракциясының хатшылығына ұсынған да Әлихан болатын.

1917 жылғы революция нәтижесінде патша өкіметінің құлауы Мұстафа Шоқай үшін үлкен қуаныш еді. Ол түркі халықтары сол төңкеріс кезінде Ресей бодандығынан құтылып, автономия алады деп үміттенді. Алайда 1917 жылы Қазан төңкерісінен кейін Ташкенттегі жұмысшы және солдат депутаттары кеңесі жергілікті халықтың өзін-өзі басқару құқығын мойындаудан бас тартты. Сөйтіп, өлкедегі барлық билік еуропалық нәсілділерден құралған Түркістан халық комиссарлары кеңесіне көшеді деген қаулы қабылдады. Мұстафа Шоқай мұны барып тұрған әділетсіздік деп бағалады.

Балқан соғысына байланысты 1912 жылы Санкт-Петербургтағы қазақ, татар, өзбек, башқұрт және әзірбайжан студент-жастары арасында Түркияның қолдау қозғалысы өріс алған кезде оның арасында Мұстафа Шоқай да болады.

Ол 1915 жылы түркі-мұсылман халықтарының азаттық қозғалысына іріткі салу мақсатында орталық билік орындары құрған «Сират-ул-мустақим» («Тура жол») партиясына алғаш қарсылық танытқандар қатарында болып, студент жастар тобымен бірлесе отырып, зиялы қауым өкілдеріне «Сират-ул-Мустақим» партиясын қолдамау жөнінде үндеу тастады.

Бұл үндеу сол кезде татар тілінде жарық көріп тұрған «Сөз» газетінде жарияланды. 1916 жылы Ә.Бөкейхановтың ұсынысымен Мемлекеттік думадағы Мұсылман фракциясы жанындағы бюроға мүше болып, онда хатшылық қызмет атқарды. Түркістандағы көтерілістің себеп-салдарын тексеруге Мемлекеттік Дума Ташкентке арнайы комиссия аттандырғанда, оның құрамына депутаттар А.Керенский, Тевкелевтермен бірге Мұсылман фракциясы жанындағы бюро мүшелері Ш.Мұхамедияров пен Мұстафа Шоқай болды.

Жергілікті халықтың жағдайымен терең танысу мақсатында Мұстафа Шоқай Ташкентпен ғана шектелмей, Самарқанд пен Әндіжанда болып, жергілікті жағдаймен танысты. Петроградқа оралғаннан кейін өзі жинаған материалдар негізінде 1916 жылғы көтеріліс кезінде билік орындарының Түркістан халқын аяусыз қуғын-сүргінге ұшыратқаны туралы Мемлекеттік Думадағы Мұсылман фракциясы атынан жасалатын мәлімдеме мәтінен қуанышпен қарсы алып, қалыптасқан саяси ахуал Ресей империясында ұлттық езгінің тауқыметін тартқан түркі-мұсылман халықтарының бостандыққа жетуіне мүмкіндіктер туғызады деп үміттенді.

1917 жылы сәуірдің 16-21-і аралығында Ташкентте өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының 1-ші съезіне қатысып, оның төралқасына мүше болып сайланды. «Бірлік туы» газетінің негізін қалап, оның алғашқы редакторы болды.

Түркістан өлкесінде жергілікті халқының мүддесін қорғауды мақсат еткен қоғамдық-саяси ұйымдардың қызметін үйлестіру үшін құрылған «Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесіне» төрағалық етті. Бірінші жалпықазақ съезіне қатысып, Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды.

1917 жылы Қазан төңкерілісінен кейін Ташкенттегі жұмысшы-солдат депутаттар кеңесі жергілікті халықтың өзін-өзі басқару құқығын мойындаудан бас тартып, қарашаның 15-22-інде өткен кеңестердің 3-ші съезі қабылданған «өлкедегі барлық билік еуропалық нәсіл екілдерінен құралған Түркістан Халық комиссарлар кеңесіне көшеді» деген қаулысын Мұстафа Шоқай нағыз әділетсіздік деп бағалады.

Ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдарды кеңестердің қырына алуына байланысты Мұстафа Шоқай жетекшілік еткен «Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі» Ташкенттен Қоқанға көшіп, онда өлке мұсылмандарының төтенше съезіне тез арада өткізу ісін қолға алды.

1917 жылы қарашаның 28-інде өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының төтенше 4-ші съезінің төралқасына басшылық етті. Осы съезд шешімімен құрылған Түркістан (Қоқан) автономиясының 54 адамнан тұратын Уақытша Халық Кеңесі құрамына сайланды және жаңа Уақытша үкіметтің Сыртқы істер министрі болды.

Уақытша үкіметінің төрағасы М.Тынышбаев қызметінен кеткеннен кейін оның орнына Мұстафа Шоқай сайланды.

Ол сондай-ақ 1917 жылы желтоқсанда Екінші жалпықазақ съезіне қатысып, Алашорда құрамына сайланды. Съезд аяқталғаннан кейін Мұстафа Шоқай біртұтас автономия құру мәселесін қарау үшін Сырлария қазақтарының құрылтайын шақыру туралы тиісті қайраткерлерге жеделхат жолдады. Онда : «Сырдария халқына өз тарапымынан айтарым, тегінде Алаш баласының басы қосылатын кезі осы бүгін.

Мұстафа Шоқайдың Сырдария өңірі қазақтарын Алаш автономиясына қосу жолындағы әрекеті нәтижесіз болған жоқ. 1918 жылдың бас кезінде өткен Сырдария облысы қазақтарының съезі «Алашорда өз алдына автономия жариялап, Түркістан (Қоқан) автономиясына кіреді» деген қаулы қабылдады.

Қоқан қаласын большевиктер жауап алып, Түркістан (Қоқан) автономиясын құлатуына байланысты Мұстафа Шоқай шетелге эмиграцияға кетуге мәжбүр болды.

1918 жылы мамырда зайыбы Мария Горина Шоқаймен бірге Ақтөбеге, одан Екатеринбургке жетті. Онда кеңестік билікке қарсы күрес жүргізудің жолдарын қарастырды. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының Самарадағы комитеті мәжілістеріне қатысты. Осы комитеттің ұйымдастыруымен 1918 жылы қыркүйекте Челябинскіде шақырылған съезге қатыспақ болып барғанында өзге делегаттармен бірге Колчак әскерлері тарапынан тұтқынға алынды. Сәті түсіп, тұтқыннан босап шыққан соң 1919 жылы көктемде Маңғыстау арқылы Бакуге, одан Тбилисиге келді. Мұстафа Шоқай онда 1921 жылғы ақпанның 25-іне дейін болып, өсетіндік белгілі қайраткер А.Цалыковтың редакторлығымен шығатын «Вольный горец» және Грузия меньшевиктерінің «Борьба» газеттерінде істеді. 1920 жылы Тбилисиге украиндықтармен бірлесе «На рубеже» журналын шығаруды жолға қойып, оның редакторы қызметін атқарды.

Мұстафа Шоқай Орталық Азия кеңістігінде ұлттық-аумақтық межелеу негізінде бірнеше кеңестік республикалардың өмірге келуін құптаған жоқ. Ол большевиктер бұл өлкеде бөле отырып билеу саясатын ұстанып отыр деп түсінді. Ал республикаларды «ұлттық» емес, «ұлыстық» республикалар ретінде қабылдады. Түркістанда кеңестік биліктің орнауы және оның қызметі, іске асырылған жер-су реформасы, мемлекеттік мекемелерді жергіліктендіру, байлар меншігін тәркілек, көшпелілерді отырықшы тұрмысқа көшіру, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мәселелерін талдауда нақтылы мәліметтерге жүгіне отырып, тоталитарлық жүйені сынға алды және оның солақай саясатын әлем жұртшылығына паш етті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Амантай К. Түркістан легионы. Астана. 2000.
- 2.Шоқай. Түркістанның қилы тағдыры. Алматы «Жалын» 1992.
- 3.Сәрсенбаев Ә. Ұлт тұлғасы – Мұстафа Шоқай. Алматы.2013.
- 4.С.Әбдрайымова, И.Н.Буханова, Е.

**МҰСТАФА ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ӘДЕБИ МҰРАМЫЗҒА
ҚОСҚАН ҮЛЕСІ**

Ержанова А.А.

М.Шоқай атындағы 187 ақпараттық
технология мектеп-лицейінің
тарих пәнінің мұғалімі

Биыл берсі Түркістан өңірінің, арысы бүкіл түркі халықтарының бостандығы мен асқақ мұраттарын аңсаған Мұстафа Шоқайдың туғанына 130 жыл толып отыр. Тәуелсіздік жылдары есімі елге оралған Мұстафа Шоқайдың аты кезіп жиі айталып, мұрасы бірте бірте туған халқының иелігіне айналып отырғанын біз кино түсіріліп, оның өмірі мен қайраткерлік қыры зерттеліп еңбектері жарық көруде. Мұстафа Шоқай өзінің бар күш жігерін қабілет қарымынақтық демі қалғанша саяси жүйесімен келісе алмаған және өзін шетелге кетуге мәжбүр еткен кеңес өкіметімен, оның халыққа саясаты туралы әділ, объективті көзқарас қалыптастыруға жұмсады. Дерек көздер қызметін ең алдымен өзінің басынан өткен жағдайлар атқарды. Кеңес өкіметінің екі жарым жылдай өмір сүрген Алаш үкіметін таратуға мәжбүр еткені, тағдыры екі айдан астам ғана болған Қоқан автономиясына қару жұмсағаны белгілі. Сондай-ақ Мұстафа Шоқай кеңестің жауапты қызметкерлерінің жазған мақалаларын, сөйлеген сөздерін, «Еңбекші қазақ», «Қызыл Өзбекстан», «Правда Востока», «Правда» т.б. бұқаралық ақпараттық құралдарынан алынған бұрынғы патшалық, кейінгі пролетарлық Ресейдің езгісіндегі отар елдердің объективті шындығынан мол мәліметтер алынды. Әрине, бұл шындық өз иелеріне жақпады. Бұл сонау Мәскеу, кеңестер басшыларына да жетіп жатты, дегенмен Мұстафа Шоқай көтерген проблемаларды елдегі басқа алаш жетекшілері білмеді емес, білді. Алайда қатал цензура олардың ой-пікірлерін баспа беттеріне жіберілмеді. Кейін Әлихан Бөкейхан бастаған Алаштың маңдай алды шынай зиялылары айдалды, атылды. Ал Мұстафа Шоқай елден жеткен материалдарға кеңестанулық ғылым тұрғыдан талдау жасап, баға беріп, бұл бағытты жана интеллектуалдық көкжиекке көтерді. Сондықтан да оны белгілі Мұстафа танушылар кеңестену ғылымының негізін салушылардың бірі деп атайды. [1,607]. Бұл жайдан – жай емес. Оған шығармаларының он екі томдық толық жинағындағы 1000–нан астам түрлі мақалалар мен мәтіндердің 230- дайының тек «Түркістан» атауымен тікелей байланыста болуы өзі толық дәлел бола алады. 1920жылы Грузияда тұрғанда жазылған алғашқы «Ұлт мәселесі және Түркістандағы ұлтаралық қатынас» атты мақаласында автор дәстүр бойынша ұлт мәселесі халықтың азшылдық бөлігін құрап отырған топтар туралы айтылатын болса, түркістан тәжірибесі оған кері, өлкеде көпшілігі құрап отырған халыққа қатысы болып отыр деп жазды. Әрбір халықтың өзін-өзі билеуге және әрбір ұлт өкілінің өз

қалауынша өмір сүруге құқықтарының барлығы кеңестік декреттер мен үндеулерде айқын жазылған жағдайларда болып отырғандығы атап көрсетіледі. Бұған 1917 жылы Ташкентте өткен Түркістан кеңестерінің өлкелік съезіне сайланған 500 сотат және жұмысшы делегаттарының ішінде ондаған түркі халықтарының өкілі болғандығын дәлел етеді. [2,150]. Ал осы жыллы Грузияда жазылған «Совет өкіметі және қырғыздар» атты еңбегінде ол қазақ халқының Ресей Ревалюциясы кезінде басынан кешкен сөзбен жеткізудің қиындығын, мұны түсіну үшін оны өз көзімен көрудің қажеттігін атап көрсетіп, бостандық өмірдің орнына қазақ даласы жүздеген мың бейттер жамылып, социалдық туыстық орнына большевиктік саясаттың салдарынан халыққа ұлттық жеккөрушіліктің тұқымы шашылды, соңынан ру- тайпа аралық жаулық өрбіді деп жазды. [2,154-158].

Таталитарлық қатаң жүйеде өмір сүріп жатқан Кеңестер отадығы жөнінде жеткілігі материалдардың сыртқа шыға бермегені белгілі. сол себептен Мұстафа Шоқайдың кейбір мәселелері терең барлай алмай, қателесткен жерлері, шалыс басқан кездері жоқ емес шығар. Сондай-ақ ол кеңестік шындықтың кейбір оң жағын жоққа шығармады, «Кеңес үкіметінің» 16-шы жылдарына орай» деген мақаласында; «Кеңес үкіметі өмір сүрген 16 жыл ішінде бір оңды істер болмады десек, ол да дұрыс болмаған болар еді. табыстарда жоқ емес» деп жазған болатын. [3,371]. Дегенмен ол Еуропаның қақ ортасында тұрып, сонау Түркістан аймағында болып жатқан саяси-әлеуметтік және экономикалық оқиғаларды жіті бақылып, соған дер кезінде шыншыл да, сыншыл үн қоса білді.

Мұстафа Шоқай кеңестік жүйенің тоталитарлық тәртібін, кейін жеке басқа табынуға жалғасқан әміршіл- әкімшіл басқаруды жақсы таныды. Осындай кеңестік жүйе ұлы державалық шовинизммен астасып, шет аймақтағы халықтардың ұлттық ерекшеліктерімен мүдделерін мойындамады.

Мұстафа Шоқай Түркістандағы кеңестік саясаттың мазмұнын барынша егжей –тегжейі ашып берді. Өзінің «Түркістан бақытсыздығы және одан құтылудың жолы» атты мақаласында Қоқан үкіметі большевиктер тарапынан қарулы күшпен құлатылған күннің ертесіне қарсылық пен көтерілістер басталғанын, оның ұлттық және саяси себебі бар екенін атап көрсетті. Сонымен қатар большевиктік жүйеге адам құқығы, демократия мен ұлт бостандығы секілді жалпы адамзаттық асыл құндылықтардың жат екендігі жөнінде бұлтартпас қорытындылар жасап, әлем жұртшылығына түркі халықтарының тәуелсіздігі үшін күресінің заңдылығын, әділеттілігін ұғындыру үшін барсын салды. 1931 жылы жазылған «Ақ-Қызыл» атты мақалада большевиктердің әлеуметтік әділеттілік пен теңдікті, бостандық пен азаттықты ту етіп көтерген социализм сынға алынды. Ұлы саясаткер «социализм- экономикалық» теория болумен бірге, ұлттық теория да болып табылады. Барлық ұлттардың барлық жағынан теңдігі қамтамасыз етілмейінше, нағыз социализм туралы сөз болу мүмкін емес» деп кесіп айтты [3,154]. Кеңес үкіметінің экономикалық саясатыда сынға алынды, оның

әлеуметтік астары Түркістанның тәуелсіз өмір сүру мүмкіндігін біржола жою екенін, оны Ресейдің шикізат көзіне айналдыруға бағытталғанын көре білді. «Мақта төңірегіндеші күрес», «Патшалық Ресей министірі Кривошейннің Түркістандағы мақта шаруашылығына көзқарасы» және т.б. мақалаларында Шоқай жергілікті дихандарды дербес жұмыс жүргізу мүмкіндігінен айрып, Өзбекстан мен Түркістандағы ашашылықтың ең басты себебі- дәнді дақылдар егетін жерлердің мақта егісіне берілгенімен түсіндірілді. Мәселенің негізгісі Түркістандағы мақта саясаты «отырқышылықтың ең бір жарқын мысалы», аймақты орыстандыру арқылы Кеңес үкіметі өзінің үстемдігін нығайта түсуді көздеген болатын.

Мұстафа Шоқайдың кеңес шындығынығына құқылған еңбектерін оқи отырып, қорытай ой да, аллар тағылымда мол. Бұл әсіресе, бүгін тәуелсіз еліміздің шаңырағын көтеріп, уығын қадап жатқандар үшін маңызды болып отыр. Мұны ұлы тұлғаның шығармаларының он екі томдық толық жинағын парақтаған оқырман ұғынып, оның саяси санасын серігіп, тәуелсіздікті тұғырлы етуге құлшына түседі. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді. [3,187]. Шынында да, ұлттық рух тамаша қасиеттерге ие етумен бірге өз ұлтыңды шынайы тануға, өз халқыңның алдындағы өз боршыңды жоғары сезіне түсуге көмектеседі. Мұстафа Шоқай Түркістанда ұлттық үкіметтің үстемдігінен басқа ешбір күшті мойындамау негізіне құрылған ұлтшылдық идеясына түсініктеме бере келіп былай дейді: «Ол (ұлтшылдық-автор)-халқымыздың жаны мен жүрегі. Ұлтымыз өмір сүрсе, ол да бірге өмір сүреді» [3,62]. Мұстафа Шоқайдың кеңестік шындық туралы мол мұрасын түгел қамту мүмкін емес екені белгілі. Көп қырлы да сон сан сырлы бұл мәселе-үлкен іргелі еңбектің тақырыбы. Энциклопедиялық деңгейіндегі білімдар, дүниежүзінің бірнеше жетекші тілдерін білген қайсар күрескер Мұстафа Шоқайдың бұл бағыттағы ой- тұжырымдары тәуелсіз еліміздің шынайы табиғатын тануда таптырмас рухани қазына болып табылары сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. Алматы Даик- Пресс, 2009.-704с
2. Шоқай М. Таңдамалы.- Алматы: Қайнар.-Т.1.-1998.-512 б.
3. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық.- Алматы Даик- Пресс, 2013.-Т.6.-524 бет.
4. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық.- Алматы Даик- Пресс, 2013.-Т.5.-540 бет.
5. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Үш томдық.- Алматы Қайнар баспасы. 2007.-Т.3.-384 б.
6. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық.- Алматы Даик- Пресс, 2013.-Т.7.-640 бет.

МАЗМҰНЫ

Кәрімова Б.С.	
Алғы сөз.....	3
Қойгелдиев М.Қ.	
Советтік биліктің М.Шоқай әулетіне жасаған қиянаты туралы.....	5
Қамзабекұлы Д.	
Мұстафа Шоқай және Смағұл Садуақасұлы: сабақтастық тағылымы.....	13
Әбдіуақап Қ.	
Мұстафа Шоқайдың Еуропа елдеріндегі Қазақстан тәуелсіздігі жолындағы күресінің негіздері мен бағыттары.....	21
Раджабов К. К.	
Мұстафа Шоқай еңбектеріндегі Түркістандағы кеңестік жүйеге қарсы қарулы күрес мәселесі (1918-1935жж).....	27
Saralidze L.	
Mustafa Shokay and the Democratic Republic of Georgia (1919-1921).....	36
Dilgam A.	
Mustafa Çokay ve Azerbaycan Siyasi Muhacereti.....	41
Бәкір Ә. Қ.	
Мұстафа Шоқай - Түркістан халықтарының азаттығы мен бірлігінің қайсар күрескері.....	48
Тұрсұн Х. М.	
Мұстафатану ғылыми бағытының өзекті мәселелері.....	56
Тұяқбаев Ғ.Ә.	
Мұстафа Шоқай - эмигранттық журналистиканың негізін қалаушы.....	58
Ахмет А.	
Қазақстандағы ашаршылық және Мұстафа Шоқай.....	65
Белгібаев Д. Т.	
Мұстафа Шоқай түркі әлемінің ұлы перзенті.....	69
Вахдет Т.	
Мұстафа Шоқай шығармаларындағы түркістан қозғалысының тарихы.....	77
Джумалиева Л.Т.	
Алаштың зиялысы - Мұстафа Шоқайдың тәуелсіздік жолындағы саяси қызметі.....	83
Жансейтова Ш.И.	
Мұстафа Шоқай - Түркі халықтарының ұлы перзенті.....	88
Қайықбаева Ж.Ж.	
Мұстафа Шоқай еңбектеріндегі түркістандықтардың бірлігін нығайту мәселесі.....	95
Сәтбай Т.Я.	
Жаһандасу жағдайындағы М. Шоқай идеялары жаңғыруының кейбір аспектілері.....	99
Серікбаев С.К.	

Түркі әлемінің алып тұлғасы.....	106
Абжаппарова Б.Ж.	
Мұстафа Шоқайдың ұлттық зиялылар жайындағы концепциясы.....	110
Абишева Ж.Р.	
Соғыс тұтқындары және Мұстафа Шоқай.....	116
Абасилов А.М.	
Мұстафа және Мария Шоқай естеліктерінің когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық ерекшеліктері.....	122
Аңсатова М. Н.	
Мұстафа Шоқай және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі.....	128
Бәкірұлы Ә.	
Мұстафа Шоқай және алаш қозғалысы.....	134
Абдразахова А.Қ.	
М.Шоқайдың «Халықаралық өмірден» тақырыбындағы мақалаларының маңызы».....	140
Баймбетов Ұ. М.	
Мұстафа Шоқайдың тұлғасы мен тағдыры.....	145
Байменова Г.Б.	
Мұстафа Шоқай мұралары-отан тарихының дерек көзі.....	153
Бектұрғанов Қ.Б.	
Мұстафа Шоқай хаттары – тарихи дерек ретінде.....	159
Әбікенова С.М.	
Мұстафа Шоқайдың идеялық стратегиясының мазмұны.....	164
Беккулиева Ә.С.	
Қоңырқожа Қожықовтың алаш жолындағы мәдени-ағартушылық және қоғамдық-саяси қызметі.....	171
Еркебаева К.М.	
Мұстафа Шоқай (1890-1941).....	176
Жанабергенова Ж.С.	
Ұлт мүддесін ойлаған –ұлы тұлға.....	185
Жәрімбет Ғ.А.	
Қос Мұстафаның тәуелсіздік жолындағы күресі.....	193
Жәрімбет Ғ.А.	
1916 жыл: М.Шоқай көзқарасымен.....	198
Жусупбекова Б.А.	
Мұстафа Шоқай еңбектеріндегі халықаралық жағдай.....	203
Мусаева Н.Ә.	
Түркістан Мұхтарияты қалай құрылды.....	210
Омаров Д.К.	
Мұстафа Шоқайдың ХХ ғасыр басындағы Шығыс Түркістан хақындағы ойлары.....	215
Отешова А.О.	
Ел еркіндігін іздеген ер: Мұстафа Шоқай.....	219

Утегенова К.С.	
Мұстафа Шоқай еңбектеріндегі Түркия мәселелері.....	223
Утегенова К.С.	
Мұстафа Шоқай еңбектеріндегі жастарды ұлттыққұндылықтар рухында тәрбиелеу мәселесі.....	227
Абенов Е.М.	
Алаш автономиясын құрудың саяси сипаттары.....	233
Байтанатова А.Д.	
Мұстафа Шоқай мұрағаты және рухани жаңғыру мәселелері.....	237
Абдразакова А.У.	
Мұстафа Шоқай қазақстандағы халық санағы мен ел демографиясы туралы.....	241
Абуова Р.Ә.	
Тәуелсіздік және Мұстафа Шоқай тұлғасы.....	246
Аңсатова М.Н.	
Мұстафа Шоқай және оның «Яш Түркістан» журналынан кейбір деректер.....	250
Айтбаева А.Е	
Р.Отарбаевтың «Мұстафа Шоқай» драмасындағы тарихи тұлға.....	256
Айтимов М.К., Айтимов Ж.М.	
М.Шоқай еңбектеріндегі ашаршылық ақиқатының қазіргі қазақ романдарында бейнеленуі.....	264
Апенев Б.М.	
Мұстафа Шоқайдың саяси және құқықтық сана идеясы.....	273
Жусупов С.	
Мұстафа Шоқай және кеңестік тоталитаризм.....	276
Караманова М.С.	
М.Шоқай и установление советской власти в туркестане.....	280
Байтанатова А.Д.	
Мұстафа Шоқай мұрағаты және рухани жаңғыру мәселелері.....	283
Енсепов Б. Б.	
Қоңырқожа Қожықовтың өмірі мен қызметі.....	283
Жолмаханова А.Б., Сейдахмет Г.С.	
Мария Шоқай естеліктеріндегі Мұстафа Шоқай бейнесі.....	294
Жусупбекова Б.А.	
Ұлт тәуелсіздігі үшін күрескен тұлға.....	300
Жусупбекова М.К.	
Правовые взгляды Мустафы Шокая и понятие государственности.....	302
Жұмаділдаев М.М.	
«Талап» қоғамын ұйымдастырудағы алаш зиялыларының рөлі.....	307
Елемесова Ш.М.	
М.Шоқай публицистикасындағы саяси тақырып.....	317
Көшербаева Х. Қ.	

Мұстафа Шоқай – алаш қайраткері.....	320
Қамзаева К.С.	
Тәуелсіздік – Мұстафа Шоқай мен алаш арыстарының басты арманы.....	328
Қасымова С.К.	
Түркі дүниесінің көшбасшысы шығармаларындағы ұлт мәселесі.....	333
Кудайбергенова К.Т.	
Алаш қайраткерлері М.Шоқай мен Ә.Бөкейхановтың ғылыми-зерттеу еңбектерінің өміршендігі.....	337
Құрманәлі А.А.	
Мұстафа Шоқайдың публицистикасын оқытудың маңыздылығы.....	341
Рахметова Ж.С.	
Мұстафа Шоқайдың кеңес үкіметінің ұлттық саясаты туралы көзқарастары.....	346
Тухмарова Ш.К.	
Мұстафа Шоқай тұғырлы тұлға.....	350
Садықова Р.Т.	
Алаш мұрасы (Алаш партиясының қайраткері Халел Ғаббасұлы туралы).....	354
Сүйінтаева Қ.Е.	
Мұстафа Шоқай шығармаларындағы мемлекетшілдік, бірлік мәселесі.....	365
Смағұл А.Т.	
Ұлт- азаттық идеясын ұстанушы - Мұстафа Шоқай.....	369
Абадильдаевна Ш. К., Кыдырбай А., Мукаш А.	
Mustafa Shokai- fairness and independency.....	373
Оразалиева Г.И.	
Халел Досмұхамедовтің алаш жолындағы қызметі.....	375
Тайман С.Т., Кеншінбай Т.И.	
Түркістандағы жәдидшілдік қозғалыс және Мұстафа Шоқай.....	379
Мусабаева А.Н.	
Мұстафа шоқай – жалынды журналист және публицист.....	385
Мусабаева А.Н.	
Тарихи тұлға - Мұстафа Шоқай.....	389
Токтамуратова М.Ж.	
Мұстафа Шоқайдың тарихи тұлғасы.....	391
Ахметова Г.П.	
Мұстафа Шоқайдың өнегелі өмірі.....	396
Ержанова А. А.	
Мұстафа Шоқай еңбектерінің әдеби мұрамызға қосқан үлесі.....	400

**МУСТАФА ШОҚАЙ - ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ
АЗАТТЫҒЫ МЕН БІРЛІГІ ЖОЛЫНДАҒЫ
ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ КӨШБАСШЫСЫ**

**МУСТАФА ШОҚАЙ –ЛИДЕР ДВИЖЕНИЯ ЗА СВОБОДУ И
ЕДИНСТВО ТЮРКСКИХ НАРОДОВ**

**MUSTAFA SHOKAI - A LEADER OF THE FREEDOM
MOVEMENT AND UNITY OF THE TURKIC PEOPLE**